

Ғаббас ҚАБЫШҰЛЫ

ҚУЛКІМ –
ҚЫМБАТ БІР МҮЛКІМ

Әзіл-сықақ әңгімелер



«Тоғанай Т»

Алматы

2017

ӘОЖ
КБЖ
Қ

*Карикатуралардың авторы -
суретші Нұрлан ТАЗАБЕКОВ.*

Қ **Қабышұлы Ғ.**
Күлкім – қымбат бір мүлкім. Әзіл-сықақ әңгімелер / Ғаббас
Қабышұлы. – Алматы: «Тоғанай Т», 2017. 352 бет.

ISBN

Автордың бұл жаңа жинағына енгізілген әзіл-сықақ әңгімелері:
тақырыбының талай түрлі, оқиғаларының ойпырым-ой болуымен,
күлкі құнарымен тартымды.

ӘОЖ
КБЖ

ISBN

© Қабышұлы Ғ., 2017
© «Тоғанай Т», 2017

ҚИЯЛДАЙЫНШЫ!

Бастың амандығы үшін бәрін де о баста сұрап алу керек. Аланда бес-алты кісі ошарыла қалса ойқастап он-онбес полицей жетіп баратынын, сұрақтан өрмекшінің торын құрып жіберіп: «Кімсіңдер? Аланның тынышын кетіріп, слушайте, қайдан, неге келдіңдер?..» деп қыспаққа алатынын жиі көріп жүрміз, ендеше абайлау керек. Мен соны ұйықтап жатқанда да есімнен шығармай, тіпті көшеде түшкіргім келгенде де рұхсат алу үшін полицей іздейтін әдет таптым. Қиялдасам қалай болар екен деп қиналып отырғаным да сондықтан. Мен де доптай домалақ басы бар, Қазақстанның азаматы делінген қағаз құжаты бар көптің бірімін, бірақ ешбіреудің ізін сипаламай, өзімше қиялдағым келеді, оның салдары қандай болса да, ешкімді іліп кетпей, өзім ғана көрейінші деймін! Полицейлер пәле бола қоймас, а?

Ең бірінші қиялым. Есігімнің алдында екі-үш метрлік ескерткішім тұрса!.. Алматыдан бір мың шақырымдағы Өскеменіме орнатқаннан не пайда, ондағылар тоқтап, ойланып қарар уақыт таппас та, ал мұнда бала-шағам, пәлен жылғы таныстарым, келімді-кетімді дос-жолдас-жораларым, туған-туысқандарым, көршілерім, поштабай келіншек бар, бірі ай сайын, бірі апта сайын, бірі күн сайын көріп жүреді! Ниеті түзулер, мәселен, туған күнімде гүл шоғын әкеліп қояр. А?.. Бұл қайсысың?.. «Тірі кісіге»?.. Өй, сен біртүрлі екенсің, тірі кісіге ескерткіш қойылғанын көрмей, немене, Алатаудың арғы жағында жүр ме едің? Айтпақшы, онда да ескерткіш бар! Сен өзі... «Саған ескерткішті кім қояды?» десең, оның бірсәрі. Кім қоюшы еді, ешкім де қоймайды. Не сол, не оң жағымда, не алдымда, не артымда миллионер-миллиардер біреуім жоқ. Швейцариянікі, Американикі... тұрғай, өзіміздің ықшам аудандағы шағын банктің қай жерде екенін білмеймін. Қоластымда қалталары қампайған, алды ұшақ, соңы қосарлап тұлпар «Тойота» мінген, ертенді-кеш қабағымды күзетіп, түшкіріп қалсам: «Сіз аман-есен болыңызшы! Жүз жасаңызшы!» деп жыларман болуға кезек алып жүрген жалбақайлары бар нән бастық та емеспін. Зейнетке шығарымда балаларым ақша қосып, «қиналмандар, маған қымбат силық керек емес!» дегеніме қарамай алып берген «Жигули» мәшінім де жоқ. Яғни...

Екінші қиялым. Жекеменшігімде зауытым болса! Мысалы... бізге

немене шығаратын зауыт тиімді, а? Біреуіне еліктейін, қосылайын десем, Қазақстанымда көзге көрінер бірдеңе шығарып жатқан зауыт жоқ, не керектің бәрін қарызданып-қауғаланып шеттен алып омалып отырмыз. Әйтседе, әйнек жасайтын зауыт артық болмас еді, өйткені Алматыда, Астанада, өзге қалаларда да сорайған көкала, қоңырала, бозала әйнек үйлер шыбын-шіркейден де көбейіп барады, олар шытынамай ма, сынбай ма?! О, эне, сол кезде менің әйнектерім соңғы жылдары қыз-қырқын, кемпір-кепшек жарыса киіп жүрген әлгі ышқыры бар ауы жоқ жарғақ шалбардан да өтімді болады! Үш бөлмелі үйімді доллар-евро басып қалады! Содан соң мен балаларым мен немерелеріме Медеу мен Шымбұлақтың сай-саласына хан сарайларын салып беріп, уәй, аспандаймын-ау!.. Бірақ сыңсыған алма бағы оталып, сығылыстыра алтын-күміс сарайлар салып тасталған маңда менің итіме үйшік тігер жер табылса десеңші, - вот проблема қайда?! Но, тіпті солай болған күннің өзінде, мен өкінбеймін! Біздің өмірдің бүгінгі қожайыны кім, не? Ол – ақша! Олай болса, әйнегімнің арқасында Айқасқа боламын да, ұлдарым мен келіндеріме, қыздарым мен күйеубалаларыма Англияның, Францияның, АҚШ-тың, Ресейдің, Түркияның, тағы қайсысы бар, - бәрінің кезкелген курортты жерінен вилла сатып әперемін!..

Үшінші қиялым. Экономикасы екпінді, табиғаты тамаша бір облысқа әкім болсам деймін! Тәуелсіздік жағдайда бірінші басшы болу ақ моншадай рахат ахуал ғой, шіркін! Бір өзіңсің! Ойда да, қырда да, жайлауда да, қыстауда да – сенсің! Ойыңа не келеді, соны істейсің. Сенімен жағаласатын әлгі партия, кәсіподақ, комсомол дейтіндердің комитет-самитеті атымен жоқ. Партиялық бақылау, халықтық бақылау дегендей анау да мынау бытықы-шытықы комиссия-мәмиссияның қарасы өшкен. Алдың – ашық, артың – тұйық! Облысында сенің батаңмен саудасын ашып, тиынын санап жүрген бизнесмен кулардың башайын басып-басып қалсаң, олардың кассасы орталанып, сенің кассаң тола түседі. Бәйбішеңе облыстың бас санаториін, тоқалыңа – бас мейрамханасын, балаларыңа, аға-інілеріңе, туыстарыңа, құда-құдағиларыңа, өзі де, көзі де жақсыларыңа қалаған «ханасын» алып беріп, өй, күн сайын бір көсілесің!..

Төртінші қиялым. Кім-кімнің де абырой-беделі еңбек-бейнетпен пайда болатын кеңестік заман келмесе кеткен бүгінде ол мәселені

насихат шешеді. Жаңа ғой, мен облыс әкімі болсам дедім. Ал солай бола қалғанда облыстық гәзет-жорнал, теле-радио, қысқасы – барлық бұқаралық ақпарат құралдарының дізгін-шылбырын бір өзің ұстайсың. Әрқайсысының басына өзіңнің балаларыңды, немесе өте сенімді кадрларыңды қонжитып қойып, ауыздарына түкіріп кеп отырсаң, олар облыста сенен өзге есі дұрыс ешкім жоғын жазады да отырады. Өздерін жарылқаушы сені мақтаумен оразаларын ашып, ұйқтарда өзінен бұрын сенің тілеуінді тілейді. Кәрілер айтатын еді ғой: адамның оң иығында періште, сол иығында сайтан отырады екен деп, ә? Қазірде, періштені былай қойып, сайтанның өзін бұлбұлға айналдыру оп-оңай, «ақысын берсең, боқысын шығарады». Мәселен, мен оң иығыма Мырзырды, сол иығыма Олпасты шоқитып қойып, жұмақтың төрінде отырғандай етсем, ол байғұстар мені алқап сайрамағанда не бітіреді?! Облыстың бас реформаторы, бас демократы десін мені! Облыстың экономикасы, мәдениеті, саудасы, құрылысы, өнеркәсібі, білім-ғылымы, әдебиеті мен өнері... менің арқамда алға басқанын әнге бергісіз етіп сайрап айтып, өздері де желпініп, өзгелерді де желіктіріп жүрсін! «Пәленшекеңнің арқасында біздің облыстың заң орындары Қазақстандағы ең заңды орындарға айналды!» дейтін болсын! Иә, «Пәленшекеңнің басшылығымен біздің облыс бүкіл әлемге танылды! Американың дүние жүзіне атағы айдай Техас штатының өзі біздің облыстың өкшесін жалап қалды!» десін! «Пәленшекеңнің даналағы, кемеңгерлігі және әулиелігі арқасында біздің облыс алдағы жылда Біріккен Ұлттар Ұйымына мүше болады!» десін!..

Бесінші қиялым. Өткен ғасырларда кім қалай ойлаған болса да, қазіргі ғасырда кім не деп жүрсе де, алдағы ғасырларда кім қалай кесіп-пішсе де, меніңше, не ақын, не жазушы, не күйші, не әнші болуда бір гәп бар. Көрші облыстағы әнеу бір домбырашы ақын жігіт жылда біресе Астанаға, біресе Алматыға ақындар айтысына жаяу барып, джип мініп қайтып жүр. Өткен айдағы айтысы гәзетте шыққан екен, бұ пәленің тілінде не сиқыр бар деп, әдейі алдырып оқып едім, өй, өсиет болар дәнеңесі жоқ: өзімен айтысқан әйелдің отырысын жақтырмай, жөтелгенін ұнатпай, езуінен алтын тісі көріне беретінін кекеп, содан кейін: «Балаң нешеу? Күйеуіңнің салмағы неше кело?» дей ме, әйтеуір, сөзі екеуі отырған сахнадан ұзамапты. Талай шаруасы шатылып жатқан облыстан бармай, көктен түскен

тұлдыр сияқты. Өйтіп ақын атанғанша... жо-жоқ, маған ондай болу жараспайды! Болады екенсің, болу керек! Мысалы... мен, әрине, жазудай-ақ жазармын-ау, бірақ... оны оқып, оны-мұны ұйқас-қисынын келістіріп, мен байқамай ұмытып кеткен мәселелерді қосып, ойымды байыта түсетін, бір өлеңімді екі өлең ететін, ұзақ-қысқа өлеңдеріме ән шығартып беретіндім болса, шіркін! Менің басымнан не өтпеді?! Бұл баста неше том кітап жатқанын бір құдай біледі, ал соларды жазып, шығарып, облысыма, республикамызға, тіпті шет елдерге таратып жіберетін таланты көмекшілерім болса, уа, шіркін! Мен де аянбас едім, қарны тоқ, көйлек-дамбалы көк олар да аянбас еді!..

Алтыншы қиялым. Біздің республикада бір көтеріліп, бір басылып, тығылмақ ойынындай болып келе жатқан халықаралық маңызды проблема бар. Ол - әйел алу. Бір әйелді кім болса сол алып жүр ғой, оны қойшы, проблема онда емес, проблема екі-үш әйел алуда! «Қазақтың санын көбейту керек!» дейміз. Қайтіп, қалай көбейту керек? Бір әйелмен ешқашан көбейтіп жарыта алмайсың. Қаладағы әйелдердің мәдениеттілігі күшейіп, бір баладан кейін к черту, таппайтын болып кетті, ал көбейт қазағыңды! Бұл халықаралық мәселені парламентімізде бір естияр депутат жақсы көтеріп, екі әйел алуға рұхсат берілетін қаулы шығару керектігін айтып еді, ол дүп-дұрыс ұсынысы мәжілісте екі күн талқыланып, үшінші күні бұрыс делініп қаулы шықты. Алпыс еркек депутаттың арасында тоғыз ұрғашы депутат бар екен, солар: - Ендеше бізге екі күйеуге тиюге рұхсат болсын! - деп айғайлапты. Ұятсыздар! Оның үстіне шүйделі депутат жігіттерді үйдегі шүйкебастары да көкелеріне танытқан ғой!.. Әйтседе, үлгілі болар ұсыныстарын өткізе алмай, залды текке толтырып, ненің түзу, ненің қисық екенін білмей былшиып отырған сол еркексымақтардың орнына мен депутат болсам, шіркін!..

Жетінші қиялым...

Қой, әзірше осы да жетер. Тіл бар, көз бар. Проблема болса, азайғаны қайда, күн сайын көбейіп барады. Ауланы сыпыратын жігітке түтін басы айына 100 теңге төлеуші едік, енді 200 теңге төлеуге тиіс болдық. Так что...

ДЕДІ... ДЕСІН

Дейін

Біздің ауылда қар жаумай-ақ аяз ақырып тұр. Ал мұның алдында жел соқпай-ақ дауыл болған. Ықтағы жалғыз атым ер салғызбай шыбжыңдайды, себебі арқасы шиедей, ер қажап тастаған. Ер-тоқымы алынса-ақ сауысқанмен сайысып әлек. Ал бір сиыр мен бір бұзаудың қорадан шыққысы жоқ, қайтсін енді, күнде танертең тістері шөпке тигенше сегіз шақырым жер жүреді, башайлары сыртылдап. Жарымқұрсақ болып кеште қайтар жолы—тағы сегіз шақырым. Ауыл маңындағы жайылымды көпіршік ауыз әкіміміздің қайын жұрты Астананың жерді сату туралы жарлығы шықпай жатып-ақ иемденіп, кинодағы концлагерьше тікенек сыммен қоршап қойған да, біз малымызды солардың шекарасын жанай әуірімдеп өткізіп, әзірше бос жатқан алқапқа апарып жайып жүрміз. Ол алқапты облыс әкімінің екінші әйелінің бірінші күйеуі сатып алады деседі, егер өйтсе, онда біз қай лагерьге барамыз?.. Оны білмеймін.

Е-е-е, бұл да тұрыпты-ау, желсіз дауылдан кейінгі мынау қарсыз аязды айтсаңшы!.. Жездеlep балдызым жетті бір кеште. Палицей болып жүрген Науанбайды айтам. Әу баста шапыраштау көзі мүлде шашырап кеткен. Базарсымақтың маңында ине-түйме сатып шоқиып отыратын кемпір-кешекті сәуірікше барқырап қуалай беруші еді, солардың әбден ығыр болған біреуі: “О, көзің көз болмай қалғыр!” деп қарғыс арқалатқан шығар.

-Иә, не боп қалды? –дедім, ептеп жаным ашып.

-Ой, жездеке, жағдай қиын!

-Қырғызстандағы жағдай ма?

-Ойбай-ау, өз жағдайымды айта келдім! Біздің байғыз көз бастығымыз бағана бәрімізді қидай сыпыртып жинап алды да: “Сөз қысқа! Ертең сайлауда “Ошак” партиямыздың кәндіматына дауыс беріңдер! Кім бермейді, ол жұмыстан қуылады! Всө! Тараңдар!” деді.

-Десін...

Сәлден соң қарындасым жетті. Көкелеп. Ауруханада медбике болып жүрген Жасбикені айтам. Оң жақ қасын шала бояпты, жарты қас сияктанып тұр.

-Иә, не болды? –дедім, оған да жаным ашыңқырап.

-Ой, көке, таңертең бөлім бастығымызды бас дәрігер шақырып алыпты да: “Ауданнан қатаң нұсқау түсті, ертең сайлауда бәрің “Ошақ” партиясының кандидатына біркісідей болып дауыс беріңдер! Бермегендер кетсін, кететін жақтарына!” депті. Бөлім бастығымыз бізді иіріп алып соны айтты да: “Әне, егер жан сақтағымыз келсе, сол нұсқауды орындауымыз керек! Басқа партия-сартияның бізге бір қасық көже ғұрлы керегі жоқ!” деді.

-Десін...

Одан кейін күйеу балам жетті. Облыс орталығында үй салатын бір жерде бірдеңе істеп жүрген Мақан. Таңертең қырынуды ұмытып кеткен-ау, иегіндегі жиырма шақты неменесі отыз шақты боп ербиіп-сербиіп тұр.

-Е, балам, не хал? –дедім, күліп жібере жаздап.

-Халымды сұрап қинамай-ақ қойыңыз, езуін қармақ жырған балықтаймын...

-Не дейд?!

-Дорба ауыз бастығымыз кеше бәрімізді қойша иіріп алып: “Бірінші и ақырғы рет ескертемін: ертеңгі сайлауда “Ошақ” партиясының кандидатына дауыс бергілерің келмейтіндерің қызметтен ерікті түрде, өз өтініштеріңмен дереу босау туралы арыздарыңды маған бүгін тапсырыңдар да, анау аппазисияға қарай тайыңдар!” деді.

-Десін...

Алдыңғы күні қызым жетті. Папалап. Әлгі қығыбы ма... түһ, атың өшкір, қазір қалай еді, соның аудандағы кеңсесінде қызметте. Олар не істейтіндерін бізге айтпайды ғой... Инекүлім ше?.. Байғұс баланың көзі кіртііп кеткен.

-Иә, қызым, көңілсізсің ғой?- дедім, қалайда секемденіп.

-Екінші бастық шақырып алып: “Инекүл Иірбаевна, ертең сайлауда сен қай кандидатқа дауыс бермекшісің?” деді. Мен: “Білмеймін” дедім. Иә, шынымды айттым. Ешқайсысына дауыс бермей-ақ қояйын деп ойлап жүрген едім. Ол айтты: “Сен “білмеймінді” қой, “Ошақ” партиясының кандидатына дауыс бер! Біз бәріміз соған дауыс беруге міндеттіміз! Өзіміз ғана емес, барлық туыстарымызбен, көршілерімізбен жеке-жеке сөйлесіп, бәрінің соған дауыс берулерін қадағалауымыз керек. Егер өйтпесек, жоғарыдағылар, өзің де білесің, бізді оңдырмайды”, - деді.

-Десін...

Ұлым келді. Шетелдіктермен біріккен фермада, мен ол фермасын білмеймінгі атына тілім де келмейді, ағылшынша бірдеңе, иә, сонда бір қызмет істейтін Төкенім ше?

-Қызық, -дейді, жымыып.

-Не қызық?

-Фермадағы қазақтардың бәрін вице-президент Тезекбаев тезекше тергізіп жинап алды да: “Ертең мына мен бастап, бәріміз сайлау участогына ұйымдасқан түрде барамыз да, бәріміз “Ошақ” партиясының кандидатына ұйымдасқан түрде, без бокусов, біркісідей дауыс береміз, ұқтыңдар ма?!” деді.

-Десін...

Қаладағы студент немерем Сіргежан келді.

-Иә, көгершінім, қалайсыңдар? “Ләбораториялық жұмысымды тезірек қабылдап, жақсы бағалап бере қойсын десең, зачетқаңның арасына мың теңге салып кел!” деп оңашада жүйкелерінді кеміріп жүрген әнеубір оқытушыларыңды әлі айдағып жіберген жоқсыңдар ма? – дедім.

-Ол жалмауыз тіпті аспандап кетті. Кеше үшінші, төртінші курстың студенттерін аудиторияға қамап алды да: “Ертең сайлау, ә?! Сайлау! Естіп отырсыңдар ма?! Естіп отырсыңдар! Таңертең глалбный корпустың алдына төрт аутобус келеді, сағат сегізде! Сендер сағат жетіжарымда келіңдер! Ол төрт аутобусқа он екі мың теңге төлеу керек, знашит, сол он екі мың теңгені сендер төлейсіңдер, соны есептеп алып келіп, маған тапсырасыңдар! Сайлау участогіне түп-түгел барамыз да, “Ошақ” партиясының кандидатына түп-түгел дауыс береміз! Ректордың тапсыруымен. Бұрын да айтқанмын, бәріңе! Ещо тағыда айтамын, ректордың тапсыруымен! Басқа партиялардың кандидат-сәндидаттарында шаруаларың болмасын! Понәтні?! Понәтні!” деді.

-Десін.

Кеште кемпірім кіржиеді.

-Әй, пенсия кінешкенді ұрлатып алғаннан саусың ба? –дедім.

-Сен бармай қойдың ғой, барсаң, сені де көрер едім, -дейді.

Таңертең: “Ауданнан үлкен өкіл келді, зейнеткерлер аулаға жиналсын деп жатыр, тез шықсын дейді!” деп бір балалар үй-үйді аралап “жарапазан айтқан”. Әй, сен кереметсің деп мақтап-мақтап кемпірімді жібергенмін.

-Келген жігіт аудандық сайлау ушәскесінен екен. Безгегі ұстағандай

тісі сақ-сақ етіп сөйлейтін, оқыралаған тайыншадай адыраңдаған бір пәле көрінеді. Үйбай-ау, жағың қарысқыр сол: “Ал, құрметті қыздар мен жігіттер, кіресілі-шығасылы естерінде болсын: егер сендерден кімде-кім біздің сүйікті “Ошақ” партиямыздың кандидатынан өзгеге дауыс беріп дурәшитсә етсе, өз обалы өзіне, ол пірәмі жарты жыл пенсиясыз қалады!” деді.

-Десін...

“Десін” демегенде, не дейін оларға?! Тәй-тәйләп жүрген бала емес, төсек тартып жатқан науқас емес, бәрі де -- бір-бір үйдің босағасындай кісілер. Иә, кемпірімнен басқалары. Әйтседе, “деді... деді...” деп демігеді. Естігенін елге жаймай-ақ, көкейіне тыға салмай ма?! “Ошақ” партиясының кандидаты, тіпті бар-ау, сайлаушылардың 80 пайызы қарсы дауыс берсе де, 90 пайыз дауысты санамай-ақ “алатынын” қашанғы түйсінбейді бұлар, а?! Сайлауды жаңа көріп жүр ме?!

Кейін

Теледидарларымыз бен радиоларымыз бір тілді екі ауызбен:

-“Ошақ” партиясының кандидаты Дәлу Бәлуович жүз бір бүтін оннан жеті пайыз дауыс алды-ы-ы-ы-ы-ы!!! – деп жатыр, күндіз-түні.

Бұдан елу жыл бұрын саппас Мікита Хрущев уәде еткен “коммунизм нышандары” әрбір бетінен бадырайып “көрініп тұратын” әнәу саудыраған гәзеттер:

-Біздің бай да сүйікті “Ошақ” партиямыздың кандидаты Дәлукең жүз он үш бүтін оннан тоғыз пайыз дауыс ала білді-і-і-і-і-і!!! –деп гәпіруде.

Ой-хой-хой о-о-о-ой!..

Пай-пай-пай а-а-а-ай!..

“Біздің сайлау - әлемдегі ең әділ сайлау!” («Ересектер гәзетінің» басмақаласынан).

ДҰҒАЙ-АЙ...

«Уа, менің: ата-апам, әке-шешем, аға-інім, апай-қарындасым, нағашы-жиенім, бөлем, қайынжұртым, құдандаларым! Уа, менің: жалғыз әйелім, бала- немере-шөберелерім, дос-жолдас-жораларым, арғы-бергі қызметтестерім, көршілерім, тілеулестерім! Уа, менің: бастықтарым, бағыныштыларым, басқаларым! Уа, бәрің боп мына маған қарандаршы, торсық шекемді тоқылдақша тесуге тақалған құрып

қана біткір бір оңбаған ойым бар, өзіме де, өзгеге де бағынбай барады, соны қаумалап тоқтатып, құрықтап ұстап, байлап-матап, буындырып, қылғындырып бір көрейікші, қайтер екен?! Ол оңбағанның айтары мынау (азаннан ақшамға дейін): «Бұ дүние не боп барады?! Оң көздің көргенін сол көз көрмейтін, оң құлақтың естігенін сол құлақ естімейтін болғаны қалай? Әй, Дұғай, сен осыны сезесің бе, жоқ па? Көріп, естіп жүрсің бе, жоқ па? Төңірегінде тірі жан жоқ бір оңашада тырп етпей отырып, қалған-құтқан ақылыңның қасығына салып таразылашы! Жанталаса жанасып үйренген бұзауға ұқсамай, аспай-саспай, ұшып-қонбай, өзіңнің кім екенінді, өзгелердің кім екенін бағдарлап бақшы!» - дейді. Ол қиқуы қиқу ма, одан арғысын тыңдаңдаршы: «Өзің - кәдімгі Дұғай Дүрбеңовсың. Жазушы-журналистер одағының, Орман қорғаушылар қоғамының, одан соң Өрт өшірушілер компаниясының, Теарт тресінің, Жер-суқору корпорациясының бастығы болдың, тағы басқалардың онысы-мұнысысың. О, ең мықтысы – Жемқорлықпен күресу комиссиясының жұтынған мүшесісің. Аянып жүрмегенің әлемге аян. Өзгелер өйтпейді, бірақ өйтетіндер сені қара мылтығының қарауылына іліп жүр. Әнеу бір күні Бадырақтың: - Дұғай көшке қашан ілеседі? Көштің алдынан да, ортасынан да, соңынан да көре алмай жүрміз. Қайда ол? - дегенін естіген шығарсың. Шынында сен қайдасың?! Бадырақты Қосорай қостай кетіп: - Дұғай әлемдік дамудың мәнісін әлі түсінбеген! - демеді ме?! Сені бір сауатты кісі білсе, сол Қосекең білуге тиіс еді, сірә, ол сенің соңғы очеркінді оқымаған ғой. Тым құрыса соныңды ойбайламай оқыса, сенің біздегі әлемдік дамудың несінің... әлгі Қыз Жібек апамыздың көшінің көкесінің көкесіндей боп жиырма бірдеңе жылдан асқан пәтуәсіз процесінің паровоздан кейінгі вагонында екенінді білер еді», - деді ол оңбаған ой шіркінім.

Ол шіркін аты-жөнін атамаған очеркім өзіме қатты ұнаған. Онда мен нені айттым? Нені аңғарттым? Нені түсіндірдім?.. Қайта даму лап қойған сонау жылы анау әйгілі «Ақтас» бірлестігінің президенті Қаратасов қалайда орнынан түсірілді. Редакторымыз мені шақыртып алды да: «Сен давай бар да, жаз бәлемді! Жоғарғы жақтан задания бар, көзінің жасын құлағынан шығар!» деді. Задания болса, зарлатпағанда ше?! Көзінің жасын құлағынан ғана емес, денесіндегі тесіктерінің бәрінен саулатып беру оп-оңай!.. Қаратасовты қатырып келген тексерушінің құжынаған

құжаттарын үш күнге сұрап алдым да, жалпақ үстеліме жайып салдым да, ары ақтарып, бері ақтарып, отырып көшіріп, тұрып көшіріп, екі күн екіленіп, үшінші күні шүкшиып, үш сағат отыз жеті минутта зымыратып сүйкеп-сүйкеп тастадым. Редактор фельетонимның да же «Асқанға - тосқан» деген тың образный тақырыбына да қалам тигізе алмады, газетіміздің келесі күнгі санына шұғыл шығарды. Ал оқыған таныстарым: «Маладессің! Қаратасовты қара тасша үгітіп тастапсың!», «Қаратасовты айдың арғы бетіне қуып тығыпсың!» - десіп, бәрі өзімнен сүйінші сұрады. Әрине, ол президентті сөйттім! Ортамыздан аласталған, билікке керек болмай қалған Қаратасов маған керек пе еді?! Әрине, аянбадым да аямадым, үгіттім, қуып тықтым!

Ә, мен фельетонимды айтып кеткен екенмін ғой. Оқасы жоқ. Енді очеркімді айтайын. Да, оқасы жоқ, өйткені фельетонимның кейіпкері де - Қаратасов, очеркімнің кейіпкері де - Қаратасов. Сол бір пәле, тойыст, сол бір адам. Қаратасовтың да, менің де әлемдік дамудың дәл ортасында жүргенімізді Бадырақ пен Қосекең біле білмеген; біле білсе, бықсымас сөзді бықсытпас еді. Е, мейілдері. Ал енді очеркімді айтып берейін.

Иә, сонымен, бір күні әлгі Қаратасов әбден ақталып шығыпты деп естідік. Біреу: «Дұрыс болды!» - деді; біреу: «Масқара!» - деді. Е, жарайды. Қазір кімнің не айтам десе де еркі ғой. Демократиямыз гүлдеп тұр. Сонсоң Қаратасов сол баяғы орнына қайтадан барып, сол баяғы президенттігіне қайтадан тағайындалыпты деп естідік. Біреу: «Бәрекелді!» - деді; біреу: «Мәссаған!» - деді. Е, мейілі. Қазір кім кімді, қайда, неше рет тағайындаймын десе де еркі ғой. Демократия! Сонсоң бір күні редакторымыз мені тағыда шақыртып алды да: «Сен, Дұғай, давай, «Ақтасқа» барып қайт, Қаратасов мырза туралы қатырып тұрып, знашит жақсы очерк жазып кел!» - деді. Әрине, жоғарғы жақтан задания барын ескертуді ұмытқан жоқ. Түсінікті, ал «жақсы очерк жазып кел!» дегені білген кісіге жетіп жатыр. Мен Қаратасов мырзаға барып қайттым, жақсылап жазып қайттым. Рас, Қаратасов мырза мені өзі қабылдай алмады, бір маңызды мәжілісте екен. «Керек фактісін тауып беріңдер» деп бас бухгалтеріне тапсырыпты. Ол тауып берді, мен таңдап алдым. Редакторымыз очеркімнің «Білгір басшы, асыл азамат» деген әдемі тақырыбына қалам тигізбей, да же арғы жағын оқымастан газетіміздің келесі күнгі санына шұғыл шығарды. Ал очеркімді оқыған

таныстарым: «Қаратасовты алты қабат аспанға шығарып, айға мінгізіп қойыпсың. Анау жылы Есіктен табылған әлгі алтын адамды да ешкім бүйтіп жаза алмап еді!», «Қаратасовты бірге туысқан ағаңнан, тіпті әкеңнен де артық көретін адамша кереметтеп жазыпсың-ау?!» - десті. Әрине, сөйттім! Билік керек еткен ардақты адам, асыл азамат, білімді басшы маған керек емес пе екен?! Менің торсық шекемді тоқылдақша тесуге тақалған оңбаған ойым дұрыс айтады, егер әлгі Бадырақ, әсіресе Қосорай менің соңғы очеркімді оқыса бар ғой, онда: «Дұғай қайда?.. Дұғай әлемдік дамудың мәнісін әлі түсінбеген», дегендей нені... сандыр... бос сезді боратпас еді, Оқымаған. Оқымайды да».

Мен Дұғайдың бұл дарасөзін, тіл мамандарының тілімен айтқанда, - монологын кеше тыңдадым. Көшеде кездесіп, есен-саулық сұрасқан соң-ақ бастады да, «дем алмастан» айтып шықты; мен «дем алдырмастан» тыңдадым. Ол: «Оқымаған. Оқымайды да», дегенді басын шайқай айтты да, кенет тіптен жуасып, алдында ғана екіленіңкіреген екпінінен бірден айрылып, маған енді қатты шаршап-шалдыққан жанша қарады. «Түсіндің ғой, құдайшылығын айтшы!» дегендей. Мен не дейін: «Саған жаным ашиды!» дедім де, бұрылып кете бардым.

ЕКЕН де ЕКЕН

Біздің елде демократия мықтап орнығып қалды, құқықтық, зайырлы мемлекет дәрежесіне жетуіміз ертең-ақ, ә?! Әрине! Әлбетте! Бір арбаға парлап жеккен екі аттай екі нән газетіміздің әрбір санынан мұны оқып біліп, төбеміз...

Олардың уағызына құлақ қоя білсең: демократиямыз ертең ұзатылар қалыңдықтай үлде мен бүлдеге оранулы; құқығымыз ұрын келген күйеудей миығынан күлулі. Пай-пай-пай-ай, неткен білгірлік, неткен тапқырлық, неткен жазғыштық! Ояуыңды былай қойып, ұйықтап жатқаныңды сендірерлік қой, шіркін! Бізде кімнің болсын ой-пікірін ашық айтуына, өзіндейлермен бас қоса шеруге шығуына шек қойылмаған екен. Конституциямыз қадағаланады ғой! Кімнің болсын талап-тілегін батыл білдіре сөйлеуіне, жазуына еркіндік берілген екен. Конституциямыз жасасын! Өкімет пен Үкімет, Бас прокуратура

мен Әділет министрлігі, Жоғарғы сот, Ішкі істер министрлігі, тағы қайсысы бар - бәрі де оппозицияны алақандарына салып, жұмыртқадай шайқап, балапандай мәпелеп жүр екен. Демократияға адалдық қой! Тәуелсіз газеттердің редакцияларын тапа-талтүсте ойрандау, жорналшыларын сабау, соттау, тұрған пәтерлерінің есігін сыртынан цементпен шегендеп тастау, кеңселерінің есігін де шегелеп, өлі иттің басын іліп кету, газеттің таралымын тәркілей салу тәрізді сұмдықтар Қазақстанда болмақ тұрғай естілмеген де екен. Полицейлеріміздің қырағылығы ғажап та! Айтпақшы, біздің полицейлер: «Бастығым бұйырды» деп қарапайым жұртты төкпештей жөнелу сияқты жәдігөйліктен ада. Иә, иә, жазықсыздан жазықсыз әрі төкпештеп, басын жарып, аяғын мыжып жіберу, әрі соттау сияқты масқаралық бізде болуы мүлде мүмкін емес екен. Құқық мәселесі шешілген ғой! Ел мен жер байлығын тулақша дырылдатып шайнап жүргендерді шашбаулау бізде әдетке айналмаған екен.

Өкімет пен үкіметке, тағы қайсысы бар —бәріне «ләппәй!» дейтін партияларға, бұқаралық ақпараттарға қазынаның қаржы қазанының қақпағын ашып, қолдарына шөміш беріп қою, олардың жиын-жиналыстарын кешегі Компартияның құрылтайынша ең көркем ғимараттарда ас та төк тойдан тойға ұластыру, ал құрылтайын өткізбек оппозициялық партияларды қаланың шет- шетіндегі қора-лашықтарға қуалап тастау дегендей бетсіздік бізде болмапты да, болмайды да екен. Бәрекелді! Ал сайлау атаулының бізде әділетті өтетіні соншалық, оның бәрібір әділ өтетініне өте сенімді көпшіліктің көбі дауыс беруге барып әуреленбейді екен, сонсоң керек кандидаттар сайлана салады екен. Дұрыс-ақ!

Өкімет пен үкіметтің өкілдері ел аралауға, жұртшылықпен жүздесуге шыққанда жолдары сыпырылып, гүл себіліп, қай-қайсысын болсын қабағында кірбеңі жоқтармен қауыштырып, қашан қайта кеткендерінше әкем-үкем деу сияқты дімкәс-далбаса дәстүр бізде қалыптаспаған екен. Оппозиция өкілдері жер-жерге барғанда жүрер жолдарын қазып тастау, құжаттарын қырық рет тексеріп діңкелету, мейманханаға жолатпау, кірген үйлерінің электр сымын сымпиту, немесе үйін делқұлдарға қоршатып қойып таспен атқылату тәрізді арсыздық әрекеттер бізде кездеспейді екен. О не дегенің?!

Жүдә жақсы енді! Демократиямыз орнығып қалған, құқтық,

зайырлық мемлекет дәрежесіне жете жаздап отырған елміз ғой?! Әрине!.. Әлбетте!..

Ал егер бізде мұның барлығы керісінше болса ше?.. Астапыралла-а-а!.. Олай болса, - тағыда астапыралла-а-а! - онда біз, кешегі ата-бабаларымыз айтқандай, «ағаш атқа теріс мініп» жүрген жетпегірлер болып шықпаймыз ба?! Құдайды ұмытқан қу жүгермектер болмаймыз ба?! Бері қарап мақтайтын, ары қарап боқтайтындар... астапыралла-а-а!..

А, Құдай, бір өзіне сендік!.. Ондайлардан сақтай көргейсің біздің Қазақстанымызды!.. Төбеміз... тақырлап қырып, ерітіп тұз құйғандай бола көрмесін!.. Бетпақтардың, безбүйректердің қара табан құлына айналып кетуден сақтай көр бізді! Бір өзіңнен басқа сенеріміз жоқ!..

АУЛАМЫЗДЫҢ «АЖАРЫ»

Е-е-е, не көп дерің бар ма, Алматыда көп нәрсе - көп. Бәрін санап беруге, мысалы, біздің «Тамаша» шағын ауданымызда тұратын екі мың жұртшылықтың бүгегі саусақтары, әй, жете қоймас. Иә, жете қоймайды. Яғни, қарадай қалжырамай, бір-екеуін айтып берейін.

1. Шетелдік автокөлік ырғын. Терезе атаулысы - қап-қара түнек. Жүрістері - зу-зу. О жағыңнан да, бұ жағыңнан да сайтанша сап етіп шыға келеді. Жол жоқ жерге жол салып алды. Ауланың көгалды жерінде солар тұрады. Балаларға арналған ойын алаңшаларымыз солардың «құйықтайтын орындарына» айналып кеткелі қашан!. Әсіресе түнде «ғажап» көп. Мәселенкі, «П» әрпі сияқты етіп салынған бесқабатты үш үйіміздің ортасына қағынған қаратерезелілердің отыз шақтысы «түнеп» жүр. Қысы-жазы. Есік алды тегін ғой, тегін, «иен»! Бірінің үстіне торғай қона қалса, бірінің бауырына мысық сүйкене қалса, бірінің дөңгелегіне күшік кішш ете қалса, өй, «концерт» басталады-ау бағана. Біреуі шиқылдайды, біреуі бажылдайды, біреуі барабан соғады, біреуі автоматын, біреуі пулеметін сақылдатады... «Ойбай, маған тиісті!» деп дабыл қағатын тетіктері шарқая кісіден бетер шамкөс... Таң атып, төрт дөңгелектердің қарасы батып біткенше тегін «концертті тамашалап» жүрміз. Осындай «рахатты» бірге көрейік деп өзіміздің ауданының, немесе қаланың әкімшіліктеріндегі ірілі-ұсақты шенеуніктерді шақырамыз-ақ, бірақ қала сыртындағы тып-тыныш коттеждеріне «қамаулы» олар аяқты

бері баспайды. Ал аудандық, қалалық МАИ-дағылардың ауыздарында бар жетім сөз - «көреміз». Рас, алдыңғы жылы әлгі техникалық тексеріс айлығында қалалық МАИ-дың бір подполковнигі (аты-жөні жадымда сақталмапты): - Автокөліктердің қап-қара терезелерін ертеңнен бастап жұлып тастатып, мөп-мөлдiрiн орнаттырамыз! - дедi де, оның «ертеңнен бастабынан» кейiн қап-қара терезе еселеп құжынап кеттi. Қалай екен?! Терезелерiне айна салдыртып қойса да мейiлдер, тек көпшiлiкке тым құрыса түнде тыныштық берсiншi!

2. Ит дегенiң ию-кию. «Иномаркадан» кейiнгi екiншi орын, яғни «күмiс медаль» осылардiкi. Күн ұясынан шыға олар да үйлерiнен шығады. Ұзыны, қысқасы, өңкигенi, тәйтiгенi, сабалағы, сидiғаны. Абалап, қыңсылап, ал ары-берi шапқылайды аулада. Олар «дымқылдамайтын» бұта қалмайды. Балалар ойнайтын алаңды да «тыңайтып» бiтiрдi. Ере шыққан иелерi бала-немерелерiнiң асырсалғанын көргендей мээ-мәйрәм боп қарап тұрады. «Оу, тым болмаса балалар алаңына жiбермесендершi!» деп ауыз ашсаң, орысы: - Ну и что?! Ничего страшного!- деп, қазағы: - Ештеңе етпейдi, жұғатын ауруы жоқ! - деп ырсияды...

Сөйтiп, шырағым, бiздiң, яғни бiз мекендеген Алматы қаласының аула атаулыларының «ажары» балалар емес, «иномаркалар» мен иттер болып тұр.

ӘЛӘУ!.. ӘЛӘУ!..

Екеуiмiз есiк алдында тоқайласа қалдық. Танертең. Есен-саушылықты сұрасқан соң:

-Иә, Бұқаш, сайлауды өткiзiп тындыңдар ма? - дедiм оған. Ол күлдi де:

-«Мерседесiм» келгенше саған... - деп қолсағатына қарап алып: - бiр қызықты айтайын, тек iшiнде жатсын, - дедi. Сол «қызығының» орта тұсы былай едi:

-Өздерi бар-ау, соңғы кезде көбейiп кетiптi, панимайш?! Кiм байқаған? Е, өзiмiз сияқты пенде ғой, жұтқаны жұмырынан өтiп, жұрнағы жерге түсiп жүрген; өз үйiнде көсiлiп отырғанында Елбасыларын сыртынан iреп-сойып, тұздап, қақтап, терiсiн керiп тастап,

ал билiктiң шенеунiктерi алдында сол Елбасыларын сыртынан сылап-сипап, искеп-жалап, алты қабат аспанға сидыра алмай айналайындап, егер Елбасылары қатысатын жиын-тойға құдайы сәтiн берiп бара қалса, тоқсан тоғыз тосқауылдан болсын амалын тауып өтiп, мiнберге тырнағы iлiнiсiмен, уәй, бұлбұлша сайрай жөнелiп, Елбасыларын мақтауға мықты сөз таба алмай сасқалақтап, шошайған төбесiнен шойтиған табанына дейiн қара терге малшынып, ақырында тiлi аузына симай қалатын, иә, өзiмiз сияқты кәдiмгi пенде ғой деп ойлайтынмын. Жо-жоқ, олай емес екен, безабраз! Парламент мәжiлiсiнiң сайлауын әдейi тосып жүрген, ну, просто пәлелер екен!.. Облысымыздың ой-шұңқырынан оймақтай жер қалдырмай тексерген болса керек, өнебойы көз бен құлаққа айналған көрегендер мен саққұлақтар да таба алмастай етiп құрдымға жiберген кем-кетiктерiмiздi базаршыша жайып салып: «мынау былай болуға тиiс едi, анау алай болуға тиiс едi, мынаны әкiмдер бүйткен, ананы жақындары сүйткен!» деп, өй, саныпдайды-ей, атаңа нәлеттер! Онымен қоймай, әй, бiздiң облыстан тура төртеуi депутат бола қоюды көздептi, панимайш?! «Кандидатпын!» деп, оппозицияның кiсiсi болса да, қалайда тiркелiп алып, аудандарды аралап, әлгi... қазақша айтқанда, әлгi... ауыздарына бiр ит кiрiп, екi ит шығып, просто Мария, кешiр, просто көп сөйлей бастады. Мен де ойлана бастадым, кәнешнi, «бұларға қарсы не iстеу керек?» деп. Шiркiн-ай, менiң қолымда үлке-е-ен билiк болса, кө-ө-өп күш болса, бәлемдердiң жартысын түрмеде шiрiтiп, жартысын Африкаға айдап жiберер едiм!.. Айтпақшы тура сол кезде жоғарыдан Жәкең телефон соқты. Шұт қиналуға тура келгенде, әрине, бiзге, сонда Жәкең әрқашан бiле қояды да, көмектесiп жiбередi, жоғарыда текке отырған жоқ қой! Жәкең айтты: - Бұқаш, мұнда бiз отырғанда, онда сендер саспандар!- дедi. Сонсоң оппозицияның өкiлдерiн омақастырудың он бiр амалын: - Сен, давай жазып ал! - деп түсiндiрдi. Өте жақсы болды! Өзiм де бес-алты амалын бұрынғы сайлауда-ақ бiлген едiм, просто мала... кешiр, просто дұрыс болды! Ал ендi мен ол амалдарды, кәнешнi, ешкiмге айтпаймын, себебi... даже әйелiме де айтқан жоқпын. Да, әлгi төрт «кандидаттың» бiреуi әйелiмнiң бөлесi болатын. Бiздiң әйелдер, просто Ма... менiң әйелiм: - Көкендi депутат етiп жiберiңдер, әншейiнде үндемейтiн одан сендерге келiп-кетер дәнене жоқ, депутаттарың айына екi мың доллар алатын көрiнедi, Көкен де алсын, қызғанасың ба, бала-

шағасы бір қарық болып қалсын! - дейді, сматри какой ақылды, а?! Мен оған айттым: - Ол проблеманы сайлаушылар шешеді, мен кіріспеймін и сен де кіріспе! - дедім. Ал ол: - Бәсе-е-е... сендер кіріспеуші едіңдер! - деді, понимайш! Шәші де қысқа, ақылы да қысқаларға өздерінше қысқа айту керек, мен білемін, сол себепті мен оған: - Әй, саған кім керек: әкім байың керек пе, әлде анау оптывай... опты... оппы... оппозиция керек пе? - дедім. Тура осылай дедім. Менің қатты ашуланғанда сөйтіп сөйлейтінімді білетін қатыным просто Ма... кешір, просто шошып кетіп: -Сен елімізге, халқымызға, өзіміздің үйге керексің, жаным, әкім бола бер, жаным! - деді. А как же?! Жәкең айтты - бітті! Бөле-сөленің бәрін шетінен қырып салдық! Қалай қырып салғанымызды, кәнешні, айтпаймын, жаңа ескерттім, ну, аздап қана айтуға болады. Тойыст, мен, бұрынғы сайлау алдындағыша, өзіміздің қалалар мен аудандардың әкімдерін дереу жинап алдым да, барлық кандидаттардың тізімін дереу жасауды, піритом кімдердің облысымыздан депутат болулары керектігін дереу анықтауымыз керектігін тапсырдым. Мәжіліске кімдерді өткізу міндетіміз екенін Жәкең айтып, мен жазып алғанмын, ол маған анау он бір амалды түсіндірген жолы. Так што, біз сайлауға өте ерте и өте дұрыс дайындалдық. Сайлау комиссияларының бәріне өзіміздің өте тәжірибелі мүшелерімізді тағайындап алдық. Қазірде қағаз да деписит емес қой, бұллитөндерді көп запас жасадық, ал электронмен дауыс беруді Жәкең жіберген мамандар басқарды, просто Ма... кешір, просто жақсы басқарды. Тойыст, оппозицияның кандидаттарын тура қырып салдық! Біздің «Атан» партиямыздың астанадан келген арнаулы дәу өкілі Өгізбай Бурабайыш бізге қатты риза болды. Біздің үйде, менің үйімде оңаша отырғанымызда ол маған: - Сені скоры наградтайтын шығармыз, әднәкі сен ол туралы әйеліңе де айтпай тұра тұр!- деді. Мен: -Кәнешні!- дедім. Бірақ, вот қандай пәлекет болды - Өгізкең оңаша айтқан ол сөзді, дәжі әйелім ести алмаған секретті кеше описымның алдында, «мерседесімнен» шыққан кезімде как так сразу жолыға қалған анау, тойыст, «Жасар» партиясының біздегі өкілі Шөңге сөзбе-сөз қайталап айтып, ырсыып күлді! Ол: - Әй, сендер оппозицияға қоса біздің кандидаттарды да қырып салдыңдар ғой, ұятты мүлде ұмытқан екенсіңдер?! - деді. Мен оған: - Слушай! Не балтай! - дедім де, описыма кіріп кеттім. От так!..

* * *

Әрі көптен таныс, әрі құдайы көрші болған соң ба, әйтеуір, маған анда-санда сырын ақтарып қоятын Бұқаш «от так» деп бір тыныстаған сәтте қалтателефоны әндете қалды да, сонысына «әләу-әлеу!» деп құлағына дереу жапсырып, сырт айналып, менен ұзай берді. Сірә, Жәкеңі тағы іздеп жатқан болар.

«Қырып салдық» деді. Қырып салу... Баяғыда, ауылда тұрғанымызда, бізде Қырыпсал деген көк төбет болып еді. Қырыпсал. Қазекемнің итке ат қойғыштығы қызық қой. Көршілерімізде: Қырыпсал, Бөрібасар, Бассал. Аяма, Алыпсок, Құтқарма, Шайнаптаста, Жепжібер, ... деген иттер болды.

БАЖЕКЕ, НЕ ЗНАЮ

Шын айтам, бас тырнаса жаздадық. Қазекемнің: «Төрт аяқтыда бота тату, екі аяқтыда бажа тату» дегенін біле тұра әжептәуір бажылдастық. «Бажалар ашуланса, бас тырнасады» деген де бар. Айтпақшы, біреулер «бажа» демейді, «бөле» дейді, ал мен тағы шынымды айтайын, бұлардың қай нұсқасы оң екенін білмеймін. Білейінші деп бір ойладым да, былтыр ғой деймін, адамға керек ғылымның бәрін үйіп-төгіп жинап отырған Ғылым академиямызға әдейілеп бардым. Баяғыдан таныс ғимарат төрт жағынан түгел қоршап тасталыпты. Күрделі жөндеу жүріп жатыр екен. Бізде өйтіп жөнделіп жатқандарды біреулер сатып алған болып шығушы еді, мұны құдай сақтасын! Шевченко көшесі жақтағы уақытша қақпа аузында құрылысшы төрт қазақтың ортасында екі қолын кезек-кезек сілтегіштеп сайрап тұрған орыс жігіт, сірә, «төбесі тесік» болса керек, менің қазақтарға қарата:

-Ғылым академиямыз мүлде жабық па? Әлде ішінде қызмет істеп отырғандар бар ма? - деген сауалыма қазақтарым асықпай жауап тапқанша орысекен:

-Академии наук ведь давным-давно нет. Вот закончим ремонт, будет вам не Академия наук, а Храм науки, - деп лып етті.

-А Храм когда будет? - десем, ол:

-А вот это я не знаю! - дейді. Орыстардың да білмейтіні болады екен.

Бажам екеуіміздің бажылымыз соның «не знаюынан» басталды.

Бажекем ғылымның болмаса да, білімнің бір офисінде бірдене істейтін. «Кеңсе» деген атауымыз да әктісіз «списать» етіліп, орнын «офис» олжалады ғой.

Ертеңінде жолыққан бажекеме кешегі көргенімді айтып бергенімде ол:

-Соның «не знаюы» дұрыс, - деді.

-Е, неге?

-Жалпы бар ғой, менің білуімше, кімге, қашан болсын «не знаю» дегеннен артық жауап жоқ.

-Қызық екенсің.

-Не знаю.

-Өйдөйт!

-Гзет оқымайды екенсің ғой, - деп бажекем мырс етті.

-Ай орбитасынан тайып кетіп пе? - дедім, бас тырнасуға әзірлігімді аңғарта әдейі мырс етті.

-Біз далада қалдық, - деді ол, саудасы тоқтаған бақалшыша баж етіп.

-Үйінді біреу сыртыңнан сатып жіберіп пе?!

-Үйді айттың ғой?!

-Айтпағанда ше? Ондай сұмдық болып жатыр!

-Біз, оқулық жазатын мамандар, далада қалдық!

-Кеңселерінді біреу тартып алды ма?

-Ойбу!

-Әй, бажеке, оның несі «ойбу»? Алматының іргесінде тұтас ауылдар шабуылға ұшырып жатқанда сендердің кеңселерің «ойбу» емес, «пшту» ғой?!

-«Ауылдар»!.. Міне, гзет оқымайтындығың! Біздің Білім министріміз: «Қазақстанның оқулықтарын жазуға көрші мемлекеттерден мамандар қатыстырылады» деп жазды емес пе? Вот так. Өзімізде маман жоқтай!

-Солай ма?.. Демек, Қазақстанда дені сау оқулық жазатын дені сау мамандар жоқ болғаны.

-Сен де!..

-Біздің білім салаларымызда бір полкке жуық академик, ғылым докторлары мен кандидаттар бар шығар. Соларың қазағының оқулықтарын жазып жарытпай жүр, ендеше.

-Ойпырым-ау!..

-Жә, бажылдамағын. Аспирант болсаң да, әлі шикілеу екенсің. Бізде алыс-жақын шет елдерге бас шұлғығыш «демократизм» бар емес пе? Атазаңымыз деп жүрген Конституциямызды жаздырарда шет елдерге жүгіндік. Газымызды, мұнайымызды, тағы басқа байлығымызды толайым игеруді, алып-сатуды шетелдіктерге бердік. Азық-түлікті шеттен тасып жүрміз. Құрылысымызды өз білгендерінше жүргізіп жатқандар да – шетелдіктер. Қылаяғы, бажекем-ау, киномызды да шетелдіктер қым-қуыт қылып жүр ғой! Анаусы келіп алай дейді, мынауы келіп былай дейді. Сен отыз күні ойыны, қырық күн тойы болып, бір вагон долларға түсірілген әлгі «Көшпенділер» деген кинофильмді көріп пе едің?

-Көрдім. Американский боевик сияқты.

-Әне, соны «Оскар» силығын алған деп бір азірбайжанға ма, башқұртқа ма, біреуге жаздырып, түсірттіріп, ол қазаққа оқырына қарап, бас рольдерге әртистерді Америкадан шақырып, ақыры боевик-соевик етіп тынды емес пе?! Сенің министрің де Қазақстанның оқулықтарын қазақ еместерге жаздырса, оның ақыры да «Көшпенділер» болады.

-Мен де осыны айтпақшы едім, - деді бажекем маған бажырая қарап.

-Онда бажылдамай, бірден «осылай да осылай» деуің керек еді.

-Сен дегізбедің.

-Мен?! Қалайша?

-«Үйінді» деп, «кеңселерінді» деп...

-«Не знаю», бажеке.

БАЙҒҰСТАР

Телеарнаның екі тілшісі көше аралап келеді. Бірінің қолында теле-таспаға түсіріп-жазып алатын аспап, екіншісінің қолында Мұхтар Омар-ханұлы Әуезовтің фото-суреті. Үй кітапханасының алдында отырған сәті бейнеленген. Оны көтере ұстаған тілші қарсы ұшырасқан қазақ жастардың қайсыбірінен сәл кідіруді өтініп, оған Мұхтарның фотосын ұмсынтып:

-Мына кісі кім, білесіз бе?- дейді.

Жауап шіркін әртүрлі:

-Партия қызметкері болған кісі шығар...

-Оқымысты сияқты...

-Білмеймін...

-Кітабы көп екен, ғылым кандидаты ма, докторы ма...

-Әртис... жо-жоқ, оларға ұқсамайды...

Жауаптың көкесін шашын жайып тастап, сары қынатонының өңірін ашып тастап, мойнына қос-қостап салған жарқ-жүрқ моншақтары омырауын ұрғылап, қап-қара шалбарының кеп-кең балағы үшкір тұмсық қып-қызыл төплиін (Алматыда сол күні 8 градус жылы еді) ысқылап, өзі цирктің атынша қазандап келе жатқан қыздан (жасы 16-17-нің о жақ, бұ жағы болар) естідім. Ол:

-Кешіріңіз, сәл бөгеле аласыз ба? - деген телетілшіге соқтығып қала жаздай қалт тоқтап:

-Ну что?! - деді де, неге екенін өзі біледі де, қып-қызыл еріні жайыла күліп жіберді. Моншақтары сытыр-сытыр етіп алып тыншыды.

-Мына фотодағы кісіні танысыз ба? - деді телетілші жымыып. Қазекемнің қызы ерінін жиыңқырап, жіп-жіңішке қырынды қасын біреп секіртіп, жалғамалы ұзын кірпіктерін фотоға қарай тіктеп тұрды-тұрды да, тағы күліп жіберіп, шалқая қарап:

-Бұл... меніңше... Солженицын... Иә, Солженицын! Гулагты жазған! - деді де, қолындағы ұзын баулы жалтылдаған сап-сары сөмкесін тербелте көтеріп қолтығына қысып алып, қайтадан қазандай жөнелді. «Білемін. Таныдым. Айттым» дегені. Келесі бозбала фото-суретке қарап тұрып-тұрып:

-Бұл ма?.. Бір кезде ауыр салмақтағы боксшы болды ғой деймін... аты, фамилиясы есімде қалмапты... - дегені!..

Байғұстар-ай! Сендерді «сорлы» деуге аузым бармайды, кімсіңдер?! Қайда, не бітіріп жүрсіңдер?!

КӨКЕМНІҢ АРҚАСЫНДА

Қазақстанның арғы-бергі тарихындағы айта қалсын абыройлы бір іс менің Шөң көкемнің бізге тәуелсіздік бұйырысымен аудандағы ең ауқатты, ең күш-қуатты «Дым» деген ұжымшарды дереу жекеменшіктеп ала қойғаны болды. Әлгі Борис Ельцин бастаған үш славян Беловеж

қорығында түнделетіп төңкеріс жасап, КСРО-ны күресінге лақтырып тастап, «әке-шешелерінен» қалған дүние-мүлікті үлеске салып кеп жібергенде КСРО-ның бір пұшпағындағы «Дымды» иіріп отырған Шөңкекнің мұндағы табақтастарынан бұрын тұра ұмтылып, ұжымшарды дымын шығармай басып қалғанын тарихымыздағы абыройлы іс демеу, саяси тілмен айтқанда – сауатсыздық, ал ғылыми тілмен айтқанда – безобразие болмас па еді?! Әрине, болғанда қандай!

Менің Шөң көкемнің арқасында біздің «Шам» ауданымыз, «Маң» облысымыз ғана емес, біздің Қазақстанымыз бүкіл әлем алдында шетсіз-шексіз абыройға ие болды. Бүкіл әлем біздің елге көз тігіп, назар аударып: экономикамыздың екіленіп нығаюына, демократиямыздың делебесі қоза дамуына, мәдениетіміздің молодец бола гүлденуіне, адам құқығымыздың құдайдай құрметтелуіне, білім мен ғылымымыздың, әдебиет пен өнеріміздің тізіп айтып тауысқысыз асып-тасып жатқанына, қысқасы: бізде, космический коммунизм, яғни ғарыштық коммунизм орнап, Қазақстанның қып-қысқа мерзімде адамзат үшін тарихи үлгі-өнегеге айналғанына есалаң бола жаздап қуанып отыр. Ну как же?! Осыны ойлаған сайын менің де маужырап ұйықтай бергім келеді. Бірақ өйтуге болмайды, өйткені менің Шөң көкем өйтпейді. Ол кезкелген ішкі-сыртқы мәселені кадр шешетінін бастауыш мектептің үшінші сыныбында екінші жыл отырғанда-ақ түсініп: «Шіркін-ай, тым құрыса мектепке директор болсам ғой!» деп қарындашының ұшын қаршылдатып шайнаған. Енді, міне, мектептің директорын қолбала етіп жұмсап жүр.

Иә, көкем ұжымшарды жауапкершілігі шектеулі акционерлік «Жал» қоғамына айналдырып, кадр мәселесін мәңгі-бақиға шешіп тастады. Осы «жауапкершілігі шектеулі» деген, істеген құйтырқыларың үшін көңілің былғары болса жауап бере сал, көңілің көң болса жауап бермей-ақ қой дегенді ұқтыратын ғажап атауды да біздің Дөңкеміз ойлап шығарды-ау деймін, бірақ, бекер сөйлеп қайтейін, соны өзінен әлі сұрап алмаппын ғой. Ничего, бір реті келер. Оған дейін көкемнің кадр мәселесін шешудегі шеберлігін айтып берейін. Тоқ етері былай: Шөңкекнің ЖШ «Жал» АҚ-сында өзіне тікелей бағынышты он бір кадр бар: үш көмекшісі, төрт орынбасары, бес басқарма бастығы. Басқалары – басқаларының алақандарына қарағандар. Сонымен, Шөң көкем өзінің ол он бір кадрын үміткер отыздың арасынан «биографиясына» емес, «географиясына» қарап

КЕЙБІР АҚЫН

жинап, шекелерін шерткілеп, қалталарын қаққылап отырып таңдап, іріктеп алды. Олар болса, өздерін жарылқаған жалғыздарының не айтқысы, не істегісі келгенін шырт ұйқыда жатып-ақ сезеді. Қашан түшкірерін де алдын ала біліп, жәрәкімалларын алдын ала айтып жүреді. Кейбіреулерінің: «Шөңкемнің бетіне қонар шаң менің өкпеме қонсын!» деп жыларман болып отырғанын талай көрдім.

Кадр мәселесі сонау хандық дәуірімізде оңай болмағанын оқып өстік, кешегі кеңестік кезеңде бытықы-шытықы болғанын естідік, ал енді, міне, көріп отырмыз. Көкемнің кадрлары тастүйін: қайсысын болсын Шөңкең қай орынға отырғызса, онысы сонда, қашан Шөңкең қозғағанша, креслосына желімдеп жапсырып қойғандай жалпып отыра береді. Ал Шөңкең оларын... енді... қарапайым көпшілікке түсінікті болу үшін қалай десем екен... е, мысалы, Дөкеңнің қолында дорба бар, дорбада асық бар дейін. Түсінікті ғой, ә?... Күндердің бір күнінде, дорбасы есіне түскенде, Шөңкең оны алдына қояды, аузын ашады, қолын салады, асықтарды бір-бірлеп алады, жымып қарайды. Неге жымиятынын сұрамай-ақ қойыңыздар, ішкі ісіне араласуға болмайды, сондай заң бар. Иә, жымия қарап, иіріп-иіріп көріп, дорбаға қайта салады. Содан кейін дорбаның аузын буып, бір қолынан екінші қолына әуелете қақпақылдап ойнайды. Кеше ғана тағы сөйтті: сауда жөніндегі орынбасары Сәкенді пошта бөліміне бастық етіп, пошта бастығы Бөкенді аяқкіім жөндеу шеберханасына меңгеруші етіп, полициялық участоктың бастығы Пөкенді моншаға меңгеруші етіп, аяқкіім жөндеу шеберханасының бұрынғы меңгерушісі Мәкенді сауда жөніндегі орынбасары етіп, әлеуметтік істер жөніндегі орынбасары Орекенді азық-түлік супермаркетіне директор етіп... не керек, оң жағындағысын артқы жағына, сол жағындағысын алдыңғы жағына, алдыңғы жағындағысын оң жағына, артқы жағындағысын сол жағына шығарды, яғни анаусын мынауына, мынауына сонауына, сонауына анаусына айналдырып, өзінің білімі орташа ғана бола тұра, облыс әкімінің қолынан келуі екіталай мәселелерді мықшындамай-ақ шешіп тастады. Айтпақшы, - астафыралла, ұмытып кете жаздағанымды қарашы! - Шөңкең, ойпірім-ау, тірі жанның ойына келмес жаңалық жасады ғой! Әкімдікте Аудан тарихын жазу департаментін ашып, орталық базардың бастығы Жөкеңді соған бастық етіп отырғызды!

Менің Шөң көкемдей қайраткері бар біздің аудан бақытты! Біз Бақыттымыз!

Ақ өлең
Біздің елде ақын көп,
Санап әуре болмайық, ол – бір бейнет.
Жазушылар одағына
Мүше емес те, мүше де
Шетінен кілең керемет.
Бір жинағы шыққаны – жас пері!
Екі жинағы шыққаны – танымалы!
Үш жинағы шыққаны – көпке белгілісі!
Төрт жинағы шыққаны – көрнектісі!
Бес жинағы шыққаны – аса көрнектісі!
Алты жинағы шыққаны – классигі!
Жеті жинағы шыққаны – ұлысы!
...15-20 жинағы шықса, ол ақын,
Құдайға жетпесе де, пайғамбарға жақын!
Орта есеппен бізде олар 500 десек,
Мөлшермен 499-ының
Төбесінен табанына дейін қып-қызыл есеп!
Әнші апамыз үкілеген
«Ақ патшадан» бастап... құлдилап...
Жол-жөнекей оның бас уәзірін,
Жай уәзірін, басқасын,
Бұйрабасын, қасқасын,
Еркегін, ұрғашысын...
Қолындағы билігін,
Банктердегі ақшасын,
Өзін,
Көзін,
Сөзін құдіреттеп,
Қызыл тілін – ішек,
Отыз тісін – тиек етіп,
Жанталаса мақтап, ақтап, жақтап...
Қақсап жүргесін
Олар да жібіп, жіпсіп, жұмсарып,

Аузын ашқан, төсін тосқан
Алаөкпе ақындарына көз салып,
Ақшалай – силық,
Қағаздай - грамота,
Темірдей – медаль, орден беріп,
Басынан сипап, арқасынан қағып,
Жаңалап нөмір тағып,
Қампайтып, қойқайтып қояды.
Бірақ:
-Желдеген көңіл, жыбырлаған құлқын, -
Демегін, - оған тояды!
Яғни
Біздің тісті, тырнақты ақындар,
Көш басында:
Көрнектісі,
Аса көрнектісі,
Классигі,
Ұлысы бар
Жан-жақты шолады:
«Тағы қандай майшелпек болады?»
Атаққұмар пысықай жас ақындар
Атақты ағаларына жабысып,
Қызыліңірде табысып,
Ар-ұяттан алыс-беріс жасайды,
«Інілері» аянбай асатып,
«Ағалары» аянбай асайды.
Содан кейін кикүға басады:
О, энеки, «Бір өлең – бір әлем» дей ме?!
«Айтыс», «Мүшәйра» дей ме?!
Әйда, кеттік!»
Алқынып жетті,
60 – 80 жас арасындағылар,
Өлеңнің майын ішіп,
Жұлынын сорып,
Кемігін мүжіген «ағалар».
Шырт ұйқыда жатқандарында

Башайына шертіп қалсаң,
Ұйқысын үзбей-ақ
Ұйқасты кірпішше қалап жөнелетіндер,
Үш-төрт ой түйінін
Өлең сайын өңдеп, майлап,
Тарқатып, қайта өретіндер.
Әуелі өсиет үлестіріп,
Өтірік күліп, алдап-сулап,
Аты-жөнін, атағын пұлдап,
Сақалын өлшетіп,
Азаннан ақшамға дейін
Тіленуден талмайтындар.
Баласымен, немересімен жасты
Соңындағы арлы жас талаптарға
Көз қырын салмайтындар,
Оларды есепке алмайтындар.
Солардың алдын бөгеп,
Аяғынан шалып,
Жолын да, орнын да бермей,
Алдына шығармай... гүр-гүр:
«Ассалаумағалейкүмді»
«Ақша үлестіремін» деп естіп жүр.
Иә, үлестіретін жерлерге
Күні-түні шапқылап жүр.
Айтысты, мүшәйраны басқарып,
Бір қалтасына мың доллар түссе,
«Теңеспей тұр-ау!» деп,
Көзін қысып,
Қутындап,
Жорта күліп,
Екінші қалтасын қаққылап жүр.
Тіпті:
«Бір өлең – бір әлем»,
«Айтыс», «Мүшәйра» болмай қалса,
«Ертең туған күнім еді...» деп,
Өз-өзінен күлміңдеп,

Сөзін мақамдап суырылып,
Бір жылда екі-үш туылып,
Әншейінде керек емес
Жас ақындарды қинап-қинап алады,
«Қолжазбанды оқимын!
Батамды беремін!» деп,
«Пітір-садақа» жинап-жинап алады.

БҰЙРЫҚ пен ҚҰЙРЫҚ

«Ел құлағы...» нешеу екені екінің біріне белгілі болса да, «естімеген елде көп», яғни:

Шапанның етегіндей газетке есектің құлағындай хат келді. «Нұртау» облысын жемқорлар иемденіп алды. Жердің асты-үстін жалмап жатыр, жалмап жатыр. Облпрокурорымыз кісі өлтірген Нұршәйді қорғап, жазасын жеңілдетті. Өйткені Нұршәйдің әкесі Нұрсама оның құдықтай құлқынына он мың долларды топ еттіріп тастап жіберді. Осыны тексерулерінді талап етеміз. Куәләріміз дайын, екі жерде екі төрт етіп береміз!» депті. Шапанның етегіндей газеттің құлағын ұстап отырған Нұрсұт мырза аудан деңгейінен жоғары шатаққа араласпайтын әдетінен жаңылмай, есектің құлағындай хатты Бас прокурордың кеңсесіне қарай домалатып жіберді. Ондағылар он күн толғатып: «Жемқорлыққа қарсы күрес бөліміміздің бастығы Нұрноқай барып, бәлемді қайқайтып келсін!» деген «ұл тапты». Қайқайтқыш бастық барды да, облпрокурорды оңашалап алып: «Өй, көке! Сен не, он мың долларды жан-жағыңа қарамастан өңешіңнен өткізіп жіберіп, не, басың айналып жүр ме?!» деді бәлемге. Облпрокурор басының айналмағанын әпсәтте дәлелдеп беру үшін үстелінің астындағы темір жәшігін сыңғырлатып ашып, ыржиып күле отырып, «Жемқорлыққа қарсы күрес бөлімінің» қожасының алдына көк конвертті шертіп жіберді. Пәлен күнге созылуы әбден мүмкін тексеру жұмысын жарты сағатта пісіріп-түсірген Нұрноқай бәтіңкесінің тұмсығын келген жағына бұра салды. «Сигнал не подтвердился. Облпрокурор действовал в рамках закона» деп шимай-шиыр салып кетті (өздерінде іс қағаздары мемлекеттік тілде «жүретінін» көрсетіп).

-Ну, қалай екен, доложи! - деді Нұрноқайдың үстінен қарайтын Нұрбашай, қажыға барып келген әкесін қарсы алғандай жымыңдап.

-Нормально, - деді «қолбаласы» кутындап, қожасының алдына сары конвертті сырғытып жіберіп.

* * *

Облсот Нұртемір екі орынбасарына көзінің астымен қарап отырып:

-Ал, мырзалар, не деп шешуіміз керек? - деді.

-Екі жыл условно болсын, - деді бірі.

-Өзі ішіп-жеп қойған ештеңе жоқ екен, мектеп құрылысының жағдайы екі миллион теңгені мемлекеттің бір қалтасынан алып, екіншісіне салуға мәжбүр етіпті. Екі жыл емес, бір жыл условно да жетер, - деді келесісі. Сол сәтте Нұртемірдің қалтателефоны қақсай қалды. Дереву тыңдай қойған облсот «әллә» дегеннен ары қарай аузын аша алмай омалып, басын изектетіп отырды. Телефоны тынған соң, тер шіп-шіп шыға қалған маңдайын жеңімен сүрткілеп:

-Тоғыз жыл түрмеге жіберуіміз керек, притом строгий режимге, бұйрық солай, естідіңіздер ғой... – деді, ернін жалап қойып.

ҒАЛЫМДАРДА ЕС АЗДАУ

Бұл пікірім - «Ғалымдарда ес аздау» дегенім - нелеу-немене болып кетіп жүре ме... бұның орнына «Кейбір ғалымдарда ес аздау» десем, әлде сол жөн бола ма?.. Жә, қойшы, бәрібір емес пе, бір сөзді қосқан-қоспағанда тұрған не бар, осылай бола берсін. Әгәрәки, ғалымдардың біреуі жетіп келіп: «Мына менде ес аздау дегенді саған кім айтты?!» деп кеудесін тоқпақтап, бассалып сотқа сүйресе де, мейлі, көріп алдым енді. Екінің бірі жазықты-жазықсыз сотты болып жатқан заман емес пе?.. Ал олардың өздеріне де обал жоқ. Білмейтінін білетініндей етіп неге айтады?! Мәселенки, Ақлай деген көршім академик дәрігер басымен: «Любой кісі бір ай аштыққа шыдайды, жарты ай шөлге шыдайды, ал үш күн ұйқы көрмесе, жынданып кете жаздайды» деген. Былтыр. Мен онда сенгенмін. Академик адам ақымақ болмайды ғой деп ойлап. Сөйтсем, біздің сардарлар гитлершілдердің көздерін кеңсіріктеріне түсіріп жіберген кешегі соғыстың қандай болғанын кинодан көріп білген кейбіреулердің бүгінде Халық қаһарманы

болып жатқанындай, академик алжасса, алыпсатар саудагерге ұқсап кеткендей болады екен. Мұны Ақлайдың (атын, сірә, аппақ лайды «көрген» біреу қойған-ау!) әлгі «үш күн ұйқы көрмесіне» бағыштап айтып отырмын да.

Шынында академик алжасты ма, әлде мен, әлде басқалар алжасты ма, обшым, оңаша емес ортақ мәселе мынада. Өткен аптада біздің қалада әкімді сайлау болып өтті. Өмірімізде бірінші рет. Ақырғы рет те шығар. Ал қаланың атын әзірше айта алмаймын, өйткені ескі аты біреулерге ұнамай, оларға ұнар жаңа аты табылмай тұр. Оның үстіне мәселе онда емес, проблема осы өткен сайлауда.

Мені қалалық сайлау комиссиясының хатшысы еткен. Сайлануға дап-дайын бір кандидат - өзіміздің ескі әкім Оңбай Сорбаев. Төрт-төрт жылдан төрт рет тағаланған... ә, жоқ, тағайындалған неме. Төрт қабатты оңаша үйі қаладан он төрт шақырым Ақтаудың қуысында, ал үш қабатты оңаша үйі қаладан отыз шақырым Бақакөлдің жағасында тұрса да, ол соның кезкелгенінде жатып-ақ қаланың төрт бұрышында кімнің кімді қалай мақтағанын, кімнің кімді қалай боқтағанын жетім әрпін де жоғалтпай-жоғалттырмай естіп, қойындөптеріне түртіп қойып жүреді. Мәселенки, демократтардың бұл тұңғыш сайлауды сайранға айналдыратынын білді. Әйтседе, төрт-төрт жылдан төрт мезгіл пәрменді болса да, көпшіліктің аузын буып қоюға жеткен зиыны қолын байлап тастауға жетпеді. Сөйтіп, онымыз сайлаушылар дауысының 21 пайызын ғана алып, албасты басты да қалды! Баяғыда әкелеріміз карта ойнағанда: «Міне, 21 очко керек болса!» деп айқұлақтанып отырушы еді, ал бізге сол 21 тажал болды. Дауыс беруге барша сайлаушылардың 21 пайызы ғана қатысып бір құрыстырса, Оңбай Сорбаевты солардың 21 пайызы ғана жақтап екі құрыстырды. Онымен бәсекелескен оппозиционер Ыбырай Тоқанұлын жақтағандар – 58 пайыз! Вот деге-е-ен!..

Комиссиямыздың бастығы Ипсан Татонов кабинетінің есігін тарс жауып алып: «Сорлаған деген – осы! Өзіміз де, үрім-бұтағымыз да құритын болды! Көрейін дегенім осы ма еді, ойбай! Мынау үйіліп жатқан пәле бұллитөн емес, бүйі болды ғой, ойбай!» деп бақырып, тап-тақыр басын қос қолдап тырналағанда дар-дар айырылып жатқандай болған оның құйқасы құрысын, менің құйқама түрен түскендей болды. Басқалар да айлас-мұңдас қой, бәріміз жамырай сөйлеп, Ипекенді жұбата бастадық. Күңіренген күйі көз алдымызда

жүріп кетсе, обалын текке арқалаймыз ғой?! «Ипеке, сабыр етіңізіші!.. Ипеке, тоқтаңызшы!.. деп әлек-шәлек болдық. Біріміз қолорамал ұстатып, біріміз валејдол ұсынып, біріміз бір стақан су, біріміз жарты стақан коньяк құйып беріп...

Ипекенді бәріміз білеміз, пәленбай жыл қызметтеспіз. Табанының біраз бүрі барлау жігіт. Бастық атаулыға берілгендігі шексіз, кезкелгеніне жаны пида. 21 пайыздың аза жырын ағылтып отырғаны сондықтан, қайтсін енді... Біркісідей дауыс беріп... ә, жо-ға, біркісідей жабылып жұбата алмасақ, онда ертең Оңбай Сорбаев оны ғана ма, бәрімізді сорлатады.

-Ойбай-ау, айтсандаршы, енді қайтеміз?! Не істеу керек?! – деді Ипсан тілге келіп. Сап-сауында сап-сары жігіт еді, енді қаракүрең болып қалыпты.

-Өзің айтшы, не істе дейсің? – деді орынбасары Бұтбай Шұтбаев, ышқына сөйлеп. Бастығы бірдеңе болып кетер ме екен деп қатты шошыса керек.

-Иә, өзіңіз не істе десеңіз, біз соны істейік! – дедім. Хатшымын ғой. Көпшіліктің атынан сөйлеуге хақым бар. Бұтекенді қолдау бірінші міндетім болса, қалған мүше жігіттер мен келіншектердің қысылтаянда теріс айналып кетпейтініне сену – екінші міндетім. Ертең-ақ тағдырлас боларымызды олар да біледі, бәрінің жоғары дәрежелі білімі бар, тәжірибелері де жеткілікті.

-Айналайын достарым! – деді Ипекен, кеңірдегі кени бастап. – Оңбай Сорбаевичті осы аман-есен отырған барлығың жақсы білесіңдер. Ол әкімдіктен ешқашан айырылмайды. Жоғарғы жақта кімі барын да жатқа білесіңдер. Так что, достарым, біз, айналайындарым, дәл қазір өзімізді ойлайық, бала-шағамызды, қаламыздың келешегін ойлайық. Дұрыс айтып отырмын ба?

-Дұрыс!

-Айтқаның орынды!

-Жөн сөз!

-Сонда не істеуіміз керек?

-Біздің қолымыздан не келеді?..

-Біздің қолымыздан бәрі де келеді! – деді Ипекен, нықтап, кеудесін көтере сөйлеп, бәрімізге қамқоршымызша жылы жымия қарап. – Бізде мыналардың, - деп бұллитөндерді иегімен нұсқап өтті, - иә, бұлардың

орнына дұрыстап сала қоятын жаңаларымыз жоқ. Издесек, әрине, табуға болады, бірақ өйткеніміз пәле іздегеннен де жаман болуы мүмкін. Так что, достарым, біз бұларды жөндеуге тиіспіз.

-Қайтіп?

-Қалай жөндейміз?

-Қолымыздан келе ме?..

-Жаңа айттым емес пе, біздің қолымыздан бәрі келеді! – деді Ипекен, тыңайып үлгіргенін танытып. – Мен Оңбай Сорбаевичпен онаша сөйлесем, как следует доложить етем. Ол бәрін ойлай біледі, келесі сайлауды да кесіп- пішіп отырғаны сөзсіз. Так что, достарым, мына бұллитөндерді түзетпейінше ешқайсысымыз осы кабинеттен шықпаймыз. Осында тамақ ішеміз, осында ұйықтаймыз.

-«Осында ұйықтаймыз»? – деп қалды мүшелердің біреуі.

-Да! – деді Ипсан ежірейіп..

-Ұйқышылын! – деді тағы біреу.

Сонымен біз «қару-жарағымызды» сайлап алып, мыңдаған бұллитөнге лап қойдық. Ішіп-жеміміз әкелініп, ұйқымыз әкетіліп жатты. Аса жауапты саяси науқанда ұйықтау деген не?! Ол – қылмыс! Біз қылмысқа біркісідей қарсы тұрдық. Бұллитөндерді әкелеп-көкелеп, сылап-сипап, жөнге келтірдік. Оңбай Сорбаевичтің пайызын қолтықтап 78-ге көтеріп, ал әлгі Ыбырай Қоқанұлының пайызын желкелеп 2-ге түсірдік! Үш күн, үш түнде. Академик Ақлай болса: «Кісі үш күн ұйқы көрмесе, жынданып кетеді» дейді! Еше академик! Еше ғалым! Жарайды, академиктігін былай қойшы, кім академик болмай жатыр, ғалымдығы қайда?! Какой он ғалым, а?!.

БІЗДІҢ ҚАЗАҚ ҚАНДАЙ ӨЗІ?

Қай ұлттың қайсы баласында болсын, бәрінің де өз әке-шешесін таныған күннен бастап өз ұлтына үйірсектігі байқалады. Мәселен, қазақ сәби құлағы ашылысымен бесік жырын тындайды, домбыраның дауысын естиді. Содан соң, аяғын тәй-тәй басар-баспасында күшікті, құлынды көреді және мектеп табалдырығын аттасымен солар туралы өлеңді жаттайды. Сөйтіп сезім-таным санасының өрісі кеңіп, туған елі, жері, қазағы жайындағы өлең-жыр-дастандарды, әңгіме-хикая-

романдарды оқып, ұлтын, халқын мақтаныш ете білу сезімі ұлғаяды, қалыптасады. Халқыңды өзің ғана емес, өзге жұрттың мақтағанын естісең, соны кімнің қалай айтқанын білуге, қайда, не деп жазғанын тауып алып оқуға құлшынасың.

Ал біздің қазақ жайында өзге: грек, араб, парсы, неміс, чех, словак, орыс, поляк, мадияр, еврей, өзбек, қырғыз... халықтарының саяхатшы, тарихшы, әдебиетші, ақын-жазушы ұл-қыздары айтқан, жазған жылы, ыстық лебіздер қаншама?! Бәрінің пікірлері түзу: қазақ – жаужүрек, батыр, қаһарман, талантты, ашық-жарқын, қарапайым, кешірімді, көп өнерлі, мейманқос, досқа адал, жолдасқа әділ көне халық. «Бүкіл даласы ән салып тұрғандай». Бұған сенгісі келмейтін өзіміздің жарандарға, өзге тіл-дінділерге «Қазақтар» деп аталған көптомдық жинақты оқуға ақыл-кеңес беремін.

Осындай ғажап халықтың жаратылысында, мінез-құлқында мін жоқ деп білуші едім, өкінішке қарай, кімді болсын ренжітетін кінәраті бар екен. Иә, бар! Бұл сөзіме астаң-кестең ашулансаңыздар, дәлел талап етсеңіздер, әмірлеріңізге құлдық, дәлелдің дөкейін көлденендетейін, көріңіздер:

Бізде мерзімі ұшы-қиырсыз президентті мерзімінен бұрын сайлаудың өткізілгені кеше ғана, ә? «Мен президент боламын!» деп жұлқынып шыққан кандидаттардың саны ә дегенде жиырма шақты болды-ау деймін, дәл қазір есімде жоқ. Анау да мынау сын-сынақтан аман-есен өтіп, ең соңғы шайқасқа шыққандары ақырында төртеу болғанын білемін. Әрине, «Он миллион қазаққа төрт президент не керек, біреу де жетіп жүр!» дестік те, бірақ жазулы заңды қастерлейтін жақсы әдетіміз бар, жалғыз жеңісті біреуіне ғана беру үшін төртеуін жарыстыра насихаттап жөнелдік. Бұқаралық ақпарат атаулы тәулік сайын: төртеудің біріне 3 сағат, біріне 1 сағат, біріне 30 минут, біріне 10 минут уақыт беріп сайратты. Жоғарыдан жеткен нұсқау солай екен. Көше атаулының бойына: төртеудің бірінің 50 суреті, бірінің 10 суреті, бірінің 5 суреті, бірінің 2 суреті іліп қойылды. Төртеуінің үй-үйді, кеңселерді, жоғары оқу орындарын аралап сәмпылдар үгітшілерінің саны да солайша «тәртіптелді».

Сонымен солай сөйтіп, көмбеге үздік-создық жеткен төртеудің қанша дауыс алғандары арифметиканың қосу амалымен есептеліп кеп жіберілгенде, былайша жарқ етті:

Қазіргі президент - 95, 55 пайыз.

№2 үміткер - 1, 74 пайыз.

№3 үміткер - 1, 36 пайыз.

№4 үміткер - 1, 35 пайыз.

Орталық сайлау комиссиясы тік көтерген бұл цифрлар не дейді? Төрт үміткердің біреуіне дауысының үйіп-төгіп 95,55 пайызын беріп, соңғы үшеуіне қалған 4, 45 пайызды әрең қиған халыққа... әлде Орталық сайлау комиссиясындағылар нетіп жіберіп... соларға: «Есі дұрыс ешкім сенбейтін бұларың не сикыр?!» дей алмаған қазаққа не дейсің?!.

ЕШҚАЙДА ЖОҚ СИЛЫҚ

Мұратхан інім жасының 30-ға, ақындығының 15 жылға толған тойына шақырды. Шақырмаса да баратын едім. Бізде тойға да, асқа да жиналған жандарға шетінен шірентіп сөз беретін және жарты сағатқа дейін тежемейтін «ғажап дәстүр» пайда болды. Демократияның жарқын көрінісі! Сондықтан маған да сөз берілді. Берілгенді қайтаруға болмайды: дәстүр бұзылады. Сөйледім. Былай дедім:

-Құрметті Мұратхан! Өзің шақырған соң өңмендеп, тойыст, елпілдеп жеттім. Ақын-жазушы іні-қарындастарымның мұндай мәнді сәттерінен сирағым сау кезде құр қала қоймайтын және екі алақанымды жайып келе салмайтын әдетім бар. Сонау бала күнімнен. Кеше сенің жап-жаңа жыр жинағыңды оқыдым, ақындардың алдында ақынға ақыл айтып алжаспай тоқ еткізсем – толық ұнаттым. Бітті! Ал айтарым: біз, қазекендер, мұндай көзбе-көз жағдайда кімді болсын жер-суға сиғыза алмай әлек-шәлек болып, шешініп тастап мақтауға шеберміз, тәңір тілеуіңді берсін, сен осыны әсте ұмыта көрме! «Сен данышпансың!» деп сәмпылдаған, күмбілдеген көбік сөзді ертеңді-кеш ести берсе, миғұла да: «Е, мен шынында данышпан екенмін!» деп сандалып кетеді, бүгін саған да біраз көпшік қойылар, байқа, мастана көрме!

Енді саған қандай силық әкелгенімді баяндайын. «Апырым-ау, не апарсам екен?» деп отырып та, тұрып та, жатып та ойландым. Автокөлік силағым келіп еді... сен бір өлеңінде Алматының көшесінде құжынап, ауасын әбден ыстап жүрген автоларға «атаңа –

нәлет!» депсін, жөн-жөн, сол пәлекеттерден аулақ!.. Олай болса, ұшақ силайын деген «арам ой» сап ете түсіп еді... алыс-жақын банктерде қапшық-қапшық, вагон-вагон доллар-евроң жатпаған соң қиын болады екен, қалай санағанмен теңгем жетіңкіремей қалды. Өй, одан кейін қатты ойландым. Ұйқы көрмей ойлана берген адам оның түбіне жетпей қоя ма, мен де жеттім – керекті таптым! Тапқанда қандай?! Айқайы аспанға жетіп тұрған анау Американың, е-е-е... Франция, Англия, Алмания, Қытайдың да, бүкіл Еуропа мен Азия-Африканың да дүкендерінде жоқ силық әкелдім, міне, құрметті інім! Бұл - менің әзіл-сықақ әңгімелерімнің жинағы!- дегенімде жұрт жамырай күлді. Неге өйткендерін әлі түсіне алмай жүрмін.

ЖЫЛЫНА 2 РЕТ ТОЙЛАУ КЕРЕК!

Шіркін, бізде жаңбыр мен жел тұрғай, қолтығында атом бомбасы бар жаудан да шошымайтын ұшақ болса ғой, Астанаға алты сағат кешікпей, әуелде айтылған он сегіз нөл-нөлде барып конатын едік. Жарайды, өтті – кетті, артта қалғанды аласапыран қылмай, алдағыны айтайын. Мәрсен екеуіміздің «алдағымыз» таңғы сағат алтыда басталды. Жаңа мейманхананың ескі төсек-орнынан жарыса тұрып, жағаласа киініп, шала-мала жуынып, кісі басы бір пияла шаймен оразамызды ашып, суырылып сыртқа шықтық. Ол жұмыстың бәрін жастыққа бас тигізерінде Мәрсен жоспарлаған. «Әй, біз мұнда өліп қалғандай ұйықтауға келген жоқпыз. Қу бастай домалап жеттік екен, енді мұндағы барлық қызықты басқалардан бұрын көруіміз керек, ұқтың ба?» деген. Өзімнен екі-үш жаялықты бұрын тоздырған құрдасымның өсиетін сау-сәлемет оң құлағыма құйып алмағанда, не, тарс бітеліп қалған сол құлағымды тосайын ба оның аузына?

Сонымен сөйтіп, Мәрсеннің жоспарын жүзеге асыруға кірісіп кеттік. Көшеге табанымызды тигізе бере Мәрсен:

-Сен қашан келіп едің? - деді, сағына күткендей ызындап кеп қолақпандай май мұрнына қона қалған шыбындай мазалы масаны шертіп түсіріп.

-Кеше бірге келдік емес пе? - деп, оның оң жағына шықтым.

-Тфу! Астанаға соңғы рет қашан келіп едің деймін!

-Түкірме, көшені былғайсың. «Соңғы рет» дегенің сұмдық екен?!
-Өй, сен де... Мұнда, Қазақстанның астанасы – Астана қаласына, мына жерге бүгінге дейін, бұдан бұрын қай жылы келдің? Енді түсінікті ме?

-Түсіндім, жауап беремін: Қазақстанның астанасы – мына Астана қаласына бүгінге дейін, бұдан бұрын қай жылы келгенім есімде жоқ, оның есесіне Астананың астана болғанына бес жыл толған тойына қатысқанмын.

-Дұрыс. Официально келдің бе, кімдер шақырды?

-Мен мұндағы шенеуніктер шақырмайтындардың тізіміндегі құрметті мырзамын, - деп күлкінің ырымын жасадым.

-Е, иә, испан бұқасының жүйкесін жұқартатын қызыл шүберек сияқтысың, білемін, - деп Мәрсен мырс-мырс етті.

-Мәрсен, ей, «шүберек» демекші, осы бізде «нұр» деген тәп-тәуір сөздің көрінген жыртыққа жамайтын шүберекке айналғаны қызық, ә? «Нұр Отан» деп бастап, «Нұр банк», «Нұр Астана», «Нұр саяхат», «Нұр маркет», «Нұр тау», «Нұр төбе», «Нұр бұлақ», «Нұр сай», «Нұр жол», «Нұр сұңқар»...

-Жә, қойшы, тас тергендей тақылдатпай. Үйге қайтқан жолда түгендеп айтарсың, керек болса. Ал «Нұр ломбард» деген де бар, кәйт дейсің? «Нұр сыра», «Нұр шашлық» та бар шығар, кім біледі, әйдә, аяқты жебей басайық, әне, полицейлер көріне бастады, жұрт та қаптар енді!

Құрдастардың бойында бірінікі бірінікін аңдыған шайтан-қойтан бола береді емес пе, Астанадағы үш күн бойы біздікілер де шап-шұп ұстасып қалып жүрді. «Кіріспесін», мінеки естідіңіздер, енді оларды моншақша шетінен тізбей, қайнауға айналған еттің көбігінше қалқып алып тастап, жанымда Мәрсен болған жоқ деп, өзімнің көрген-білгенімді қысқаша былай баяндайын:

Жылы орнымыздан ертелетіп шықсақ та, жұрттан оза алмадық. Олар да біз сияқты, тойыст, мен сияқты ерте кіріскендер екен, ығы-жығы болдық. Естуімше, шет елдерден шақырылғандар да аз емес деседі. Әлгі әртис-мәртис, клоун-слоуын дегендер. Өзімізді қойшы, шеттен көптеп шақыру сыртқы саясатымызға да дөп қой, келсін бәлемдер, елдерінде жоқты көрсін. Елдерінде бар болса да көрсін. Біз жер шарының түкпір-түкпірінен қонақ шақыру дегенге

кәмпитке құмар баладай болып алғанбыз, шығын-пығынды есептеп жатпаймыз. «Мен Қазақстан үкіметі қиылып шақырған соң барып, оның астанасы Астана деген қаласының онұшжылдық тойына қонақ болып қатысып келдім!» дер артынып-тартынып барғандары керек бізге. Өзімізді өзгелерге танытудың төте жолы оларды кезкелген той-жиналысымызға шақырып алып, арғы-бергі жолақысын төлеп, апта жатса да, ай жатса да жамбасақысын, ішіп-жемін өтеп, басына қалпақ кигізіп, иығына шапан жауып, саусағын жүзікке толтырып, қолына қобди ұстатып жіберу екенін жатқа білеміз!

Мәрсенге мағлұмат бергенімдей, Астананың бес жылдығын тойласқан едім, содан беріде жеті той өте шығып, міне, сегізіншісіне қатыспақпын. Кеше соны көңілдене айтқанымда мейманхананың бұғалтыры: «Бізде жылына мұндай сегіз-тоғыз жиын-той болады!» деп шалқайғаны ғой, өй, дарақы неме!..

Астана керемет өзгерген, Ақмола-Целиноград-Ақмоладан белгі жоқ сияқты, егер болса, биік үй-ғимараттардың көлеңке жағында, бояп қойылған биік дуалдардың артында бар сияқты. Е, мейілі, оларды іздеп қайтем?!.

Көргендерімді көлденендетейін.

Көбіңіз, тойына жылда барып жүргендеріңіз, қаланы менен әлдеқайда артық білесіздер. Біздің Астана, анау мадиярлардың Будапешті тәріденіп, Дунайдың, - тфу! - Есіл өзенінің екі жағына қоржындай тең етіліп салынып жатыр екен. Оң жақ бөлігінің бас алаңында Керей мен Жәнібек хандардың ескерткіші тұр. Басымды идім. Сонау жылы қаланың қоқысынан табылғаны емес, әрине, мүлде басқаша. Мәскеудегі Минин мен Пожарский ескерткішіне төтеп берерлік. Одан арырақта, неге екенін білмеймін, жұрт «Сыпыртқы» деп жүрген сәл қисайыңқы дәу тамның оң жағында «Қазақстан ғалымдары» атты сәндіжол (аллея) бар екен де, оның екі бойына Қаныш Сәтбаев бастаған тарихи тұлға қазақ, орыс, еврей... ғалымдарымыздың биік тұғырлы қызғылт теміртас (гранит) кеудемүсіндері қойылыпты, ал сол жағында «Біздің өнер саңлақтарымыз» деп аталған сәндіжолда Қорқыт бабамыздан, Шәкен Айманов ағамыздан Затаевич құдамызға дейінгі тарихи тұлғаларымыздың түрлі-түсті майбоюмен салынған портреттері іліп қойылыпты. Ғажап! Аруақтары риза болсын-ай!..

Қаланың сол жақ бөлігінің бас алаңында Абылай ханның

Бұқарымен, батырларымен бас қосып, кеңес құрып отырғанын бейнелеген топескерткіш (ансамбль) бар екен. Шет елше «Конгресс-холл» дегендерінің алдында. Көре сала жүгіре басып барып, екі қолымды қусыра иіліп сәлем бердім. Бәрін айнала жүріп, дізелерін, етектерін сипалап мәз болдым. Мүсіншінің шеберлігі ғой, бәрі де құдды тірі кісідей көркем. «Қолынан айналайын қай мүсіншіміздің еңбегі екен?» деп аты-жөнін алай іздедім, былай іздедім, - жоқ, жазылмапты, ал, оның есесіне, ескерткішті жасауға демеуші болған бизнесмен бес кісінің аты-жөндері алтындап бадырайтып жазылыпты. Е-е-е...

Жә, Абылайлардың оң жақ қапталындағы «Алаш арыстары» атты сәндіжол бойларында Әлихан Бөкейханов бастаған ағаларымыздың ақшыл тастемірден қашалған кеудемүсіндері көз тартып тұр. Тамаша! Ал сол жақ қапталда ақын Сәкен Сейфуллиннен жазушы Иван Шуховқа дейінгі қалам қайраткерлеріміздің шыныланған түрлі-түсті фотопортреттері ілулі. О, бәрекелді!..

Қайсысын қалай айтып тауысарсың, мен жеті жыл көрмеген Астана асқақтапты-ақ. Көргім келгеннің бәрін таба алдым. Көруім міндет еместерді де кездестірдім, мәселен: Парижде, Лондонда, Берлинде, Вашингтонда, Тель-Авивте, Абу-Дабиде, Токиода, Стамбулда... көрген ғимараттарымның біразы бар.

Астананың үш күнгі тойында көпке ілесе: мұражай, мешіт, көрме, театр, супермаркет, дүкен, шеберхана, мейрамхана, базар... атаулыны түгендеумен өкшем қажалып, сілікпем шығып, сілем қатты. «Өлең төсегім, қайдасың?» деп үйді аңсап, пойыздың купесіне кіре Мәрсен екеуіміз де сұлаппыз. Әйтеуір, Алматыға жете ес жидық-ау!

-Мәрсен, ей! Ұйқым қанғандықтан болар, менің басыма бір тыптың ой тақалып тұр, - дедім.

-Сөйлеші! - деді ол. Сірә, құлағы қаңси бастаса керек.

-Сөйлесем: Астана күнін жылына бір-ақ рет үш күн тойламай, жылына екі рет – алты айда бір рет, жиыны алты күн тойлау керек. Сонда жұртқа да жеңіл болады, екі бөлініп келеді, сен екеуіміз де екі есе аз шаршайтын боламыз!

-Өй, мұның... гәзетке жазатын нәрсе екен!..

ЖІГІТТЕР-АУ, ҚЫЗДАР-АУ!

*Сазгер Әсет Бейсеуовтің «Армандастар» әніне
ақын Нұрсұлтан Әлімқұловтың ізімен жазған
әзіл өлеңім*

Біз ауылдың әлем-жәлем жастары едік,
Өмір жолын өршеленіп бастап едік,
Мектепті де тез бітіріп тастап едік,
Алматыға асығып...

Қ а й ы р м а с ы:

Лекцияға бір күн барар, бір күн бармас,
Староста деген қудың тілін алмас,
Театрға безер,
Паркті де кезер
Студентің болып шықтық, уа, заман!

Дипломды алған, «жуған» дәурен болды,
Қызметке құлшынысқан әурең болды,
«Сүйдім!» деген, «Күйдім!» деген сәулең болды,
Не болмады, ә, шіркін?!

Қ а й ы р м а с ы:

Жолдамамен ауылдарға тартып кеттік,
Үйлендік те, ұйқылы-ояу тірлік еттік.
Пәтерсіз де жүрдік,
Бәтерсіз де жүрдік,
Бойдақ кезді, боздап қойып, еске алып.

Сан кезеңнен сапалақтап өттік сөйтіп,
Талай-галай мақсаттарға жеттік сөйтіп,
Алматыны ұмытып та кеттік сөйтіп,
Ұмытылмас не бар-ау?!

Қ а й ы р м а с ы:

Бала сүйдік, немере де жетектелді.

Көйлек-шалбар жылына бір үтіктелді.

Шәшті қырау шалды,

Зейнет тақап қалды,

Но нешауа, әйда, кемпір, билейік!..

ЗӘРЕ ЖОҚ

Біздің бүгінгі Алматымыз – баяғы Алматы. Орнында. Өзі де, екі өзенсымағы да, Көктөбесі де, Көкбазары да, саябақтары да, ағаштары да, гүлдері де, Медеуі де, Шымбұлағы да, Алатауы да. Алайда, айтпақшы, баяғысынан біраз өзгерісі бар. Мәселеңки: анау жері мен мынау жеріне тоқал тамның мұржасындай сорайған көкала, коңырала шыны үйлер самсатып салынып жатыр. Он қабаттан отыз қабатқа дейін. Тіпті отыз бес қабаттысы да бар деседі. Ақсұр шыныдан тұтас аудан салынып, сұрықсыз болса да «Нұрлы-Тау» деп аталды. Бізде аты «Нұр» деп басталатын бірдеңелер нөпір. «Нұр» деген әжептәуір сөзді көзіміз шалып қалған жыртқыққа жамай салатын қиықшүберекке айналдырдық.

Ал сорайғандардан ертегідегі хан сарайындай коттедж дегендерің қалысар емес, - Алматының ішінде орын таусылған соң сыртын енжайлап, кеңестік социалистік жарысты қайтадан ашқандай-ақ, сонау Шымбұлақ пен Медеудің о тұсы мен бұ тұсының орманы ойып-ойып оталып, бәсекемен орнатылып жатыр. Жолайғы қырық-елу гектар ай-хой апорт алма бағын сол «хан сарайлары» бұйырған тәуелсіздігіміздің алғашқы «бесжылдығында-ақ» жұтып алып, апорт жарықтықтан ырымға иіс те қалмады. Бірақ «орнында бар оңалар», қаланың етегінен Алатаудың төсіне дейінгі кеңістікті: жапон, американдық, неміс, француз аутокөліктерінің «жұпар» иісі жойқындана басып, соның «арқасында» бүгінде Алматымыз ауасының «мөлдірлігі» жағынан республикада бірінші орынды алып, «жеңіс туын» желбіретіп, кеңсірігіміз кеңіп жүрміз. Қаланың бір бүтін де оннан үш миллионға жуық халқы күндіз-түні риза: «тойота», «форд», «ауди», «рено»... дегендермен бірге тыныстап, түрлі-түсті түкірік тастап қарық. Бұл «жетістікке» бізге соңғы жылдары қуаңшылықтың қу сирақ шегірткесінше шеру тартып

келіп жатқан қытайлар жан-жақты қоса бастаған үлес «Қырғауылдың қырық тоғыз тарауы» деп жазсаң да таусылмас.

Осындай «ұлы дүбірге» куәгер мен болсам, - үкіметтің шөмішіне қараған көп зейнеткердің бірімін. Үкіметтің бізді жалғызындай «жақсы» көретінін көппен бірге мен де білемін. Миллионер мен миллиардерінің санын өсіруге өмешегі үзілулі Үкең қайтсін енді, өзіне жетпей жатса да, біздің зейнетақымызға жылара бірер мың теңге қосады, бірақ Үкеңнің қадір-қасиетінен хабарсыз дүкен де, базар да дүние-мүліктерін дереу пұлдап, ол қосымшамызды қолма-қол қылғып қояды. Содан кейін, мысалы, біз де – бәйбішеміз екеуіміз – балаларымызды жұмыстарына, немерелерімізді мектептеріне шығарып салып, шайымызды сораптап отырамыз. Жағамыз – жайлауда, етек-балағамыз – қыстауда. Тәулігіне неше сағат ұйқтаймыз, неше сағат ояу боламыз – еркіміз. Қайда, қашан, неге барамыз, қашан және қалай қайтамыз - онда көршілеріміздің де, аула сыпырушының да шатағы жоқ. Пәтерақымызға ай сайын алпыс-жетпіс теңге қосатын Жекеменшік үйлер кооперативіндегілер бізді тіпті танымайды да. Тек әлгі анау телефон стансасындағылар: «Телекомның айлықақысын төледіндер ме, жоқ па?!» деп айдың соңына таман тоңқылдап мазамызды алады.

Сонымен, ағылшындарша «о, кей!» деп жүр едім, міне, екі апта болды, құлағым түріліп, көңілім құбылып, тыныштығым бұзылды. Телефон стансасының тебітуі жайына қалды. «Таңертең сағат тоғыз нөл-нөлде келіп, кешкі сағат алты нөл-нөлде кетесің!» деген баяғы бұйрықты тағы еститіндей елегізіп, ес-ақылым есіркеу тілей бастады. Президенттің биылғы тамыз айында парламент сенатының сайлауын өткізу жайындағы жарлығы жарқ еткен күннен бері. Ойпырым-ау, ол кісі сенатқа өзі біліп тағайындайтын депутаттар тізіміне мені ойымда дәнене жоқта тіркей салып, қолымнан жетектеп апарып енгізіп жіберсе, қайтемін?! Олай болуы мүмкін бе?! Әрине! Бізде бәрі де мүмкін. Бозбаланың жұмысы кемпірге, шалдың жұмысы бойжеткенге тапсырыла береді. Агрономның орнына құрылысшы, дәрігердің орнына саудагер жіберіле салады. «Барахолка» деген атымен әйгілі пәленбай базарымызда қоларбамен жүк тасып: «Дорогу, дорогу! Жол, жол!» деп бұлкектеп желіп жүрген мұғалімдер түгленбай!

Өмір шіркін осындай өзгеріске лықа толып барады ғой. Соңғы

уақытта, мәселеңки, бізде ататегін атойлап іздеп ас беретін, жиналыс жасайтын бизнесші жігіттер бірінен бірі оза шығып жүр. «Шанышқылы, қайдасың?!» делінген жиын шақырылып, атжарыс, жаяубәйге, күрес болып, соңы бүкіл Орта Азия мен Қазақстанды мекендеуші аталастарының санын анықтау мәселесіне тірелді. Куә болдым. Шақырылдым ғой. «Біз - матайлар мұндамыз!» деген мәжіліске, сірә, «дәрежеміз басқалардан биік болсын!» деуден шығар, ата-бабасы ұйғыр премьер-министріміз шақырылып, ол атақты қобызшы матай Молықбайдың ұрпағы деп үкіленді. Куә болдым. Шақырылдым ғой. Одан соң «Төрелерді түгендейік!» деген ұранмен ұлы құрылтайға бергісіз басқосу болып, төрелер тұқымы атқа қонбайынша қазақтың оянбайтыны, ұйымайтыны туралы тұжырымдар айтылды. Оған да куә болдым. Шақырылған соң. Ал менің сондағы бір байқағаным: төретұқымдастардың көбі орыс тіліне жаясынан су төгілмес жорғадай екен. Сол «артықшылықтан» болар, қой бастар серкедей алтау-жетеуіне жанымдағы құрдасымды – исі қазақ білетін ақынды аты-жөнін атап таныстырып едім, ешбірінің көзінен «білем» деген белгі білінбеді.

Жә, ендігі қатысарым «Кіші жүздің кіші құрылтайы» сияқты. Қайда, қашан, қалай болатыны хақында келіссөз жүргізіліп жатқанын естідім. Ол жақтағы құдам Жұманғали мені шақырылатын меймандардың тізіміне жаздырып қойғанын хабарлады да. Бірақ...

Бірақ сенат депутаттарының тізіміне ілініп кете барсам... ойбу-у-у... онда осыншама қызықтан құралақан қаламын-ау, ә?! Мұндағы құдам Қызырбек сенаттың енді тарқайтын тобында төрт жыл болып, салмағы жетпіс жеті килодан сексен сегіз килоға жеткен. Сөйткен соның айтуына қарағанда, депутаттың күні күн емес екен. Жиналыстары сағат онда ашылып, сағат он сегізде жабылады. Күнде, не түске дейін, не түстен кейін, төмен жақтан – мәжілістен жеткізілген бірнеше заң жобасы сағаттап оқылады. Орыс тіліне о бастан шорқақ және оң құлағы істен шығып қалғалы жиырма жыл болған Қызырбек орыс тілінде жазылған заң жобасын орыс тілінде талқылауға қалай қатыса алсын, өзіндей депутаттарша не қалғып, не тәуелсіз гәзеттерді жасырып оқып отырады. Ара-арасында маңайындағыларға қосыла не ду қолшапалақтасады, не біркісідей қол көтеріседі. Күнде күнді солай өткізеді. Ойпырым-ау, ондайға мен, шіркін-ау, төрт жыл қайда, төрт күн де шыдай алмаймын ғой?!.

Не істесем, қайтсем екен?..

Әлде ертең ауылыма кетіп қалып, сайлаудың буы басылғанша сонда тырп етпей жатсам ба?.. Бірақ президент мырза тізіміне бір іліктірген кісіні Қазақстанның қай түкпірінен болсын тапқызып алады.

Әлде Қырғызстанға тайып тұрсам ба екен? Бірақ онда жұрт тағы толқи бастады деседі, өзіміздің тізімнен қашып барып өзгенің тізіміне оқыстан тап болсам ше?! Құдай сақтасын!

Әлде Өзбекстанға өтіп кетсем бе?.. Бірақ генерал Рахимовтың өзбек емес, қазақ екенін білген соң марқұмның аруағынан аттап, оның Тәшкендегі ескерткішін трактормен төңкеріп тастаған өз ағаларымыз ең болмаса ефрейтор атағы жоқ мендей зейнеткерді есігінен қаратпас.

Әлде... тоқтай қал, «қысылған қарсақ құлағымен ін қазар» деген, басыма бір тың ой тырс етіп тама қалды! О, жаратқан жақсы ием, осында ғылым докторы дәрігер құдағиым Балқия бар емес пе?! Сол жүз жасағырымызға барып, балқыта сөйлеп-сөйлеп, одан: «Журналшы, жазушы Ғаббас Қабышұлының денсаулығы бір орында бір сағат жылжымай отыруға жарамайды» деп жазып, қол қойып, мөр басып берген құжат алсам, сонда мені Алматыдан Астанадағы парламентке полициямен алдыра қоймас, а?!.

Кім білсін...

Әлде: «тірідей тіркедім – тірідей көресің!» деп жүре ме?..

ҚАЛЛАЙ?!

Әрқайсысымызға он екі мүше берген құдай әлде неше тал, әлде неше бума, әлде неше қадақ жүйке бергенін кім білсін. Зерттеген, зерттеп жүрген ғалымдар бар деседі жұрт, бірақ, әй, солардың не тауып бергенін де, не тауып берерін де білмеймін. Өзім әдебиет ауылынан болған соң сып еткен сөзге сол жақтан дәлел іздеймін де, «ішің білсін, алуа-ай» деп тынамын. Өйткені біздегі ғалымдардың көбі жүйкенің қадіріне жетік, дайын мақаладан мақала, дайын кітаптан кітап «тудыра салады». Онысын өзінің мақаласы мен кітабынан «тудырса», әлбетте, құдайшылық болар еді, гәп басқаның мүлкін өз иесі де танымай қалатындай уфілеп-суфілеп, ухиттап-сухиттап меншіктеп ала қоятын албастылықта. Әдебиеттегі ғылымдардың кандидаты

сатысынан басталып, ғылым докторы, мүше-корреспондент, академик тұғырына алып баратын һәм біреуге ұзақ, біреуге қысқа жолда ондай «лабораториялық жұмыс» бықып жатады. Қай әдебиетші ғалым қандай жаңалық тапты, қайсысы не таба жаздап жүр, - ол туралы жетім сөз де ести алмайсың. Себебі: олар – ол «еңбексүйгіштігімен» анау мақала, кітап авторларының жүйкесіне тұз бен қара (қызыл) бұрышты қоса себетінін ойламай, өзінің жүйкесін маймен, балмен сылап-сипауға ғана дағдыланғандар.

Бірде мынадай «тарихи» оқиға болды. Әдеби гезет редакциясында Әдеби сын бөлімін шырқ айналдырып, күндегіміше бір «мықтынын» сын мақаласын үшінші рет оқып отыр едім (алдыңғы екі ретте іліп алары аз болған), Бас редакторымыз шақыртты. Ол маған пәлен бет мақаланы жымия ұсынды да: «Осының анық-танығына көзіңді жеткізгін» деді.

Мақала мәшіңке көлемімен жиырма жеті жарым бет екен. Тақырып шіркіні «Қазақ ауыз әдебиетіндегі алғашқы қаһарман» деп шіреніп тұр! Жүрегіме өкпем қосыла екеуі де бірден тоқтап қала жаздады. Қуаныштан. Қазекемнің «Қуанған да – бір; қорыққан да – бір» дегенінің рас екенін бірінші рет сол сәтте сөйтіп бастан кешкенім ғой. Оқыс қуану да өміріңе қатер екен. Оң құлағым дыңылдап, сол құлағым шыңылдап, оң көзім өткірленіп, сол көзім бұлдырап кетті. Ал ауызым мен мұрынымның нендей халге ұшырай қалғаны дәп бүгінге дейін есімде жоқ. Өйтіп қуанғаннан гөрі сол жолы ептеп қорыққаным дұрыстау болар ма еді деп ойлап қоямын кейде.

Қазақ ауыз әдебиетіндегі алғашқы қаһарманның кім екенін, өлі қазақ былай тұрыпты, тірі қазақ айтып көрмегенінен хабар-ошарым бар ғой, енді соның табылғанына неге қуанбайын! Анау жылдары бір академик сыншы көне ауыз әдебиетіміздің әуелгі кейіпкері Қожанасыр дегенді көсілтіп жазып, оған басқа бір академигіміз: -Құрметті әріптесім, сен адаспа! Көнеден де арғы ауыз әдебиетіміздің бірінші кейіпкер – Алдар көсе! – деп есілтіп жауап қайтарып, ал үшінші академигіміз: - Екеуің «Ақтабан шұбырынды, Алқакөл сұламаны» көксемей тыныш жүріңдер! Тұңғыш кейіпкеріміз – Тазша бала! Такеңнен Қожекен бір мүшел, Алдекен екі мүшел кіші! – деп, екеуінің де енесін ұрып жіберген. Әдебиет гезетіміздің бетінде әлгі кандидат, доктор, академик аралас айқас-шайқас дереу басталып,

дабылы аспанды жаңғыртып, ақырында, ары тарт пен бері тартқа құмар да шебер қазақ емеспіз бе, үш академикті үш жаққа қуып тастап, алғашқы кейіпкерсіз қалғанбыз. Енді оны мынау мақаланың авторы тауып беріп отырса, уа, ақсарбас! Өзі кім екен ол айналайынның?! Ақырғы бетін ашып қалдым да оқыдым:

Ағаштай ТАСТЕСКЕНОВ, әдебиетші, тілші, тархшы, философия ғылымдарының кандидаты, доцент.

Бәрекелді! «Сегіз қырлы, бір...» болмағанмен төрт қырлы екен!

Кесек мақаланы кеңседе жіліктеу мүмкін болмайтындықтан үйге алып қайтып, бала-шағамды күйсетіп, жусатып тастап шұқшиятын әдетім бар, соны істеп, көзәйнегімді кеңсірігіме қондырдым. «Алғашқы қаһарман» кім екенін біліп ала қою үшін соңғы беттеріне «ауыз салғым» келсе де, әдеби әдепті сақтап, мақаланы бірінші сөз-сөйлемінен бастап тізіп оқуға кірістім.

Оқып отырмын... Екінші бетіне көштім... Көшеде келе жатып көзтаныстарым мен жүзтаныстарымды кездестіргендей күй кеше бастадым. «Мына сөйлем... Мына бір сөйлем де...» деймін іштей. Жылы ұшырайды. «Иә, мынау сөйлемдер де...» деп дауысым шығып та кетті. Ары қарайғысы құдды күнде мініп жүрген аутобусымдай таны! Қайдан кездестірдім, тойыст, кімнен оқыдым? Еріксіз ойландым. «Тезірек ойлан, біз күтіп тұрмыз!» дегендей-ақ жүйкемнің бір тұсы желпіне қалды.

Шынтуайттап іздесең шайтанды да тауып алуға болатын шығар, ойланғаным оң болды. Ауыз әдебиетімізді зерттеудің бастау көзін ашып, бұлағын ағызған марқұм ағаларымыздың сын мақалалар жинақтарын мен де біраз жинап алып, анда-санда көзімді жұмсап жүруші едім, соларға мынау Ағаштай Тастескеновтің қол жұмсағанын сездім. Жүйкем буылып-түйіле бастады. Жүкеңнің жинағын ашып, қазақ ауыз әдебиеті жөніндегі мақаласын шолып едім: Ағаштайдың «адасқан» сөйлемдері сонда жүр! Жо-о-оқ, Жүкеңнің сөйлемдері доценттің мақаласында маңып жүр! Біреу-екеуі емес, қос-қостап, үйдек-түйдегімен. Ұшығын тапсаң, суырылмайтын жіп бола ма, кандидаттың мақаласын сол жағыма, жинақтарды оң жағыма қойып, ал, кәне, «екі шоқып, бір қарайын», тойыст, суыртпақтап отырып салыстырайын. Кешегі Мұхаңның, Төкеңнің, Жәкеңнің, Кәкеңнің, Нығаңның сөйлемдерін бүгінгі Тастескеновтің жиырма бірдеңе

бетінде кәдімгі сап түзеп келе жатқан жауынгерлер дерсің. Оны көрген менің жүйкем де «сапқа» ұмтылды: -- Бір екі, үш! Оң аяқ! Бір, екі, үш! Сол аяқ!

Ой-хой! Қайран: «әдебиетші, тілші, тарихшы, философия ғылымдарының кандидаты, доцент»! Марқұм ағаларымыздың ойларын опырып-опырып әкеліп, қалай беріпті, қалай беріпті! Жиырма жеті жарым беттің жиырма бесі – солайша қалау. Алдыңғы бір беті мен ақырғы бір жарым беті - өзінің штукатуркасы, тойыст, сылағы. Қалллай екен?! Соншама «тапқыр, батыл» болу үшін неше тал, неше бума, қанша қадақ жүйке керек, а?! Түйсік емес, жүйке!..

Ең «қызығы»: Ағаштың мақаласынан «қазақ ауыз әдебиетінің алғашқы қаһарманын» таба алмадым. Не Қожанасырдың, не Алдар көсенің, не Тазша баланың ізі жоқ. Әлде «опырмалардың» арасында, әлде «сылақтың» астында қалған шығар.

«Анық-танығына көзімді жеткізген» жиырма жеті жарым беттің соңына «Редакциядан бір ауыз сөз. Бұл мақаланың авторы асығып-үсугіп жүріпті де, марқұм Жүкеңнен, Мұхаңнан, Төкеңнен, Жәкеңнен, Кәкеңнен, Нығаңнан, әлбетте, әрқайсысынан неше сөйлем алғанын айтуды, яғни сілтеме жасауды және үзінділердің алды-артына тырнақша қоюды ұмытып кетіпті. Оқырмандарымыздан үзінділерді өздері тауып, тырнақшаларды өздері қойып оқуды өтінеміз!» деп жарты бет жүйкемді қосып, есепке түзу жиырма сегіз бет етіп, Бас редакторымызға алып бардым.

Мақала гәзетте жарияланды...

Бүгінде А. Тастескенов мырза - әдебиетші, тілші, тарихшы, философия ғылымдарының докторы, декан. Қалллай екен?!

99-дың ТӨРІН ЖАЙЛА!

60-пен аударыспақ ойнауға кіріскен

Алпысбай ініме бір сәлем!
Пойыз деген көлік барын білеміз,
Оған жылда талайымыз мінеміз.
Мінген сайын қызық жәйт көреміз:
Вагондарды аралап:

Сақалсызды інілеп, сақалдыны ағалап,
Бет-ауызын өрнектеген күлкімен
Келіншектерді жаралап,
«Уа, шіркін!» деңіз,
«Кітап сатып жүреді бір семіз».
Семіздің де, әрине, семізі бар:
Бірі тойған жерінде отырады,
ықылық атып.
Бірі қорылдайды,
қарынын құшақтап жатып.
Ал пойыздағы семіз...
Мұрыны тершең, көзі қысық.
Қимылы шапшаң, яғни пысық.
Сәлемдескенде-ақ қолыңды қысып,
кітабын өзің сұрап аласың,
неге өйткенінді білмей де қаласың.
Бағасын кесіп айтпайды,
Ініге: «Өзің білсейші!»,
Ағаға: «Сізге не дейін...» деуінен қайтпайды.
1 теңге ұсынғанға да,
100 теңге ұсынғанға да,
1000 теңге ұсынғанға да разы.
Кітабындағы күлкіге баға жетпесе де,
сыр беретін жоқ назы.
Көзі де, көңілі де – таразы.
«Ол семіз, апырым-ау, кім?!»
дегенге нұсқарым
Ол – мына Алпысбай інім!
Сатса, өз кітабын сатады,
өзгелерде жоқ шатағы.
Ақшамен шықпаса, шықпай-ақ қойсын,
Әзіл-сықағымен асқақтап жүр атағы!
Ал, құрметті інім!
Тілегім менің:
Отбасың аман-есен болып,
99-дың төрін жайла!

Аржағында 1 жыл қалды ма?
Сен оны менен даулама,
Одан бір өлеңің ғұрлы жоқ пайда.
Кітабыңды көбейтуді ойла.
Пойыздар да кетпейді ешқайда!
2010 ж.

СЕГІЗ ЕМЕС, СЕКСЕН «ҚЫР»

Кейбіреулерде аузын аша қалса болды: ағайын-туғандарын, аталас-руластарын мұрнынан тізіп тұрып мақтайтын «мода» бар. Ал «мода» дерті дегеніңіз — обаның өзін де он орап жүрген алапат. Оның үстіне тұмаудан да тез тарайтыны бір сұмдық қорлық: мұрныңа ілікті дегенше төбең мен табаныңның арасын «түгендеді» дей бер! Яғни, ол «дерттің» мені де баяғыда-ақ бұғалықтап алғанын өздеріңіз сезіп отырған шығарсыздар. Ендеше, сөз модасынан шет қалып қайтем, мен де біздің қаланың жігіттерін сорпасын сел қылып тұрып мақтап берейін.

Біздің қаланың жігіттері бүгінде қызмүсіндес. Көшеде қыз бен жігіт қатар кетіп бара жатса — қайсысы жігіт екенін тусыртынан танымын деп әсте ойлай көрмеңіз. Білте-білте болған, немесе түте-түтесі шыққан бір құшақ шаш бүкіл жауырынын жауып тұрса — көзіңізге рентген орнатып алып қарасаңыз да танып қарық болмайсыз! Айырып білгіңіз келіп, төзіміңіз таусылса — жүгіріп жетіп, айналып өтіп, алдарына түсіп, тұра қалып қараңыз. Қайсысының бет-ауызын жүн басып, құдайдың бергеніне шүкір, көзі ғана жылтырап тұрса — эне, біздің жігіт сол!

Ой-хой, біздің қаланың жігіттері-ой! Шылым шеккендерін айтсаңыз-шы! Ешкінің кәрі жілігіндей сигарет-папиростарды езуге қыстырып қойып, екіленіп сорғанда түтінді кішігірім паровоздан кем будақтатпайды. Онысын ұнатыңқырамай қалғаныңды байқаса, «Сені сюда кім звал?! Курить етуге полный правом бар!» деп бұл дүниеде біраз оқығанын дәлелдейді. Көзі ашық, көкірегі жабық болған соң сөйтеді. Көйлек орнына кеудесіне желқом жамылып, мойнына галстук орнына басорамал байлап, беліне жалпақтығы біржарым

қарыс, қалыңдығы екі елі белбеу буынып, борбайына шалбар орнына ышқыры жоқ, екі балақ қана киіп келе жатса: «ағайын-ау, мұның қалай?» деп арамтер болмаңыз: «Слушай, қандай отсталый адамсың, пони-маешь!» – деп көз салған алтын жүзікті сұқ саусағын безеп, өзіңді бір-екі ғасыр кейінге апарып тастайды...

Біздің қалада не көп — сыраhana көп, солардың сәні мен көркіне айналған сырашыл сылқым жігіттер көп. Сылқымдар сырахананың алдына таң ата жымыңдасып, жиналады да, әке-шешесі ұшып келе жатқан самолетті тосқандай сарылып отырады. Сырахананың есігі сықыр еткен соң-ақ, ата-бабасының қасиетті сусыны аузына әрең тигендей, көбігі жын атқан сыраға бас қояды. Өліп өшіп, көзін жұмып, сапты-аяққа сақал-мұрты малынып, ал сімір, ал сімір! Сыраға қосып шалаптап ішер портвейн-сортвейндері де болады. Сонымен күн батып, біздің жігіттер ақшам әлетінде өзінің атын да, затын да ұмытып, төрт аяқтап, тұмсығымен жер жыртып келе жатады.

Пай-пай-пой! Біздің жігіттерде сегіз қыр емес, сексен «қыр» бар ғой!

МАЙЛЫБАЙДЫҢ БЕТІ

Шақар екеуіміз шүңкілдесіп отырғанбыз. «Жетпіс жас, қайда-сың?!» деп желіп келе жатқан, сол жетпістің ауласына кіргенде жетісе қалатындай болып жүрген екеуіміз іңгәдән ыңқылға дейінгі алпыс бес жылымызға шолу жасап, жадымызды ақтарып, «айтпақшы» десіп қойып, иә, жып-жылы отырғанбыз. Шағи кіріп келді де:

-Шал, әй, анауыңның тоғызыншысын аш, тез! – дегені.

-Не боп қалды?! – деп Шақар шақ-шақ етті.

-Аш тез, қос тез! – деп кемпірі бақ-бақ етті.

Мен «анауы» не, «тоғызыншысы» не екенін екшей алмай таң-қалдым.

Қырық бес жыл бойғы қатынының сырына қанық Шақар: «әй, тоғызыншыңды...» деді де, қарсы бұрышта быттиып тұрған телевизорының бірер түймесін тырс-тырс «ағытып» еді, арбаның дөңгелегіндей боп бір бет шыға келді. Тайқазанның қақпағындай, экранға әрең сыйып тұр.

-Әне! Көршілер айтты ғой! - деді Шағи, күте-күте күдерін үзгені табылғандай қуанып.

-Көрмегелі көп болып еді, былшиып кетіпті бәтшағар!- деді Шақар, шылқа майға малып алғандай жып-жылтыр беттен жиіркен-ген кісіше тыжырына сөйлеп.

-Бұл кімнің беті?—дедім, бала кезімнен бар білмекке құмар әде- тіммен.

-Майлыбайдың беті! – деді Шақар, онысын жер жүзі білетін-дей-ақ нық мағлұмат беріп. Облыс орталығынан тым шалғай біздің жақта электр «марқұм» болғалы, телевизор «жесір» қалғалы бес жыл екенін қаланың шалы қайдан білсін!

Бет шегініп, кішірейіп, Майлыбайдың тұрқы түгенделді. Бордақысы қапысыз тайыншадай неме екен. Қоңыр пенжактың екі өңі-рін екі жаққа «тепкен» қарыны ақ көйлекті қақырата жаздап, дәп жартысы алдындағы аласа үстелде жатыр. Баланың балтырындай бұғақтың астыңғы жағында қызыл шүберек қылтияды, сірә, галстугының ұшы шығар.

-»Сұхбат» деген хабарлары бұл. Анау—соны жүргізетін Құндыз деген келіншек, - деді Шағи, Майлыбайдың қарсысында қымтанып отырған әйелзаттыны мегзеп. Соны тосқандай-ақ, құнтіған келіншек бізге жымия қарап:

-Құрметті теледидар көрермендері, міне, біз Майлыбай Қырыққабатов мырзаны таныстырып өттік, енді Майлыбай ағамен сұхбатымызды одан ары жалғастырамыз, -деді де, оған да жымия бұрылып: - Майлыбай аға, сіз заң органдарында отыз жылдан астам уақыт қызмет істеп келесіз, қатардағы қарапайым тергеушіден прокурор, соттың төрағасы дәрежесіне жеттіңіз, енді бүгінде біздің парламентіміз коррупцияға қарсы күресті күшейту керек деп қаулы қабылдағанын білесіз, ал сіздің практикаңызда, мысалы, сонау жылдарда коррупция болды ма, болса, онымен күрес қалай болды? – деді.

-Кәне, айт, айт! – деп Шақар тағы шақ-шақ етті. Шағи екеуіміз, неге екенін білмеймін, жарыса күліп жібердік. Ал Майлыбай үй жығардай жөткірініп алды да:

-Коррупция дегеніңіз, жаңағы, ол кезде де болған, но, ол кезде коррупцияға қарсы күрес, жаңағы, кәзіргідей бүкіл халық болып күрескен күрес болмады, жаңағы, онда бізге күресу сәпсем қиын болды,- деп тағы жөткірінді.

-Иә, иә! Талдысай ауылының малын қақшып жүрген ұры Тыраңқұл

ұсталғанда оны төрт ай тергеп, ухиттап-сухиттап құтқарып жіберу саған оңай тимепті деп естігенбіз!- деді Шақар кекесінмен.

-Қой, ойбай! – деді кемпірі.

-Әй, ауданда сот болып жүргенінде май зауытының директоры жемқор болып шығып, тұтқындалып, сен оны « на два года условно» деп қорғап қалғансың, соныңды айт!

-Қой деймін!

-Қала прокурорының орынбасары болып жүргенінде, әй, ит, «Рыбтрест» бастығының қылмысын жуып-шайып жібергенінді де ұмытпай айта отыр!

-Ойбай, мына шалға не болған, қойсаңшы!

-Қоймаймын! Облсотта қонжиып отырып, әлгі... кім еді, әй, Сырықтың ұлын пышақтап өлтірген сұмның аты кім еді?!

-Жарықбайдың Толясы емес пе?!

-Иә, сол атаңа нәлетті небары төрт жылға жіберттіріп, біржарым жылдан соң шығарып берген осы Майлыбай, көрінеу осы! Онысын бүкіл облыс біледі! Облыстың қазақ, орыс гәзеттерінің екеуі де айғайлатып жазған!

-Шал-ау, қырық жылғыны жаңғыртып қайтесің? Талай гәзет талай рет айғайлағанда да пішту демеген пәле емес пе бұл?!

-»Қайтесінді» көрсетейін!—деп тұра ұмтылған Шақар телевизорының бір жерін түртіп қалып, Майлыбайын мүрдем кетірді.

-Мәссаған! Осекең көріп отыр ғой?!—деп далырған Шағи маған қарады. Мен не дейін, иығымды кужың еткізіп, күлкінің ырымын жасадым. Шақар қолын сілтей салып:

-Майлыбайдың май-май кеспірін көргенше Оспан екеуіміз шахмат ойнамаймыз ба, қайда еді, әкеп берші! –деді. Кемпірі бірдеңе деп күңкілдеп кете барды.

-Шахматыңды, ойнамақ тұрғай, ұстап көрмегеніме неше жыл болды десеңші! – дедім, кемпірі екеуінің Майлыбай себепші болған «шағын шайқастары» өршімей өшкеніне іштей шкіршілік етіп.

-Жаңағы Майлыбай бар ғой, кеспірін көрдің, ә? Баяғыда сотталып-қатталып құрып кететін имансыздың нақ өзі! Бірақ арамнан асаған сайын шошқаша жұмырлана түседі, қандай албасты қорғай беретінін ит білсін! –деді Шақар, дойбы ойнап ұтылып қалған кісіше кіжіне сөйлеп.

-Шал, ей, шаршама, Шағиың шахмат әкеле жатыр, - дедім, шын жұбатқым келіп.

-Мен шаршады екен деп майлыбайлардың майы еріп кетер дейсің бе, кетсінші, құрысыншы! –деді Шақар, екі қолын бірдей сермелеп.

МЕН – ОЙМЫН

Сахналық бір көрініс

Сахна. Бос. Орта тұста бір дәу кресло тұр. Басқа безендірілуін режиссер мен суретші біледі.

Ұйтқыған жел дабысы, орманның шуылы естіледі. Сәлден соң ол тынып, өзеннің ағысы естіледі. Құс сайрайды. Ол да тына бере майда қоңыр дауысты сөз басталады. Байыпты.

-Мен – Оймын. Баршаңызға таныс, баршаңызға тән кәдімгі Оймын. Бұл әлемге қашан, қайдан, қандай сыбайластықпен келгенімді білмеймін. «Сенің ататегің пәлен, әке-шешен түглен, жүзің анау, руың мынау!» дегенді бір де бір мафиядан, жемқордан естіген емеспін. Ал өзімнің топшылауымды сұрасаңыздар, онда: - Мені «сен кәрі мен жас, ақылды мен ақымақ адамдардың кәдесіне қажет боласың» деп жаратқан бір құдырет-күш бар сияқты, - дегеннен басқа дәнеңе айта алмаймын. Яғни, мен баршаңызға күндіз-түні тегін қызмет етуге әрқашан әзірмін. Кәне, кімге қажетпін?

Сөз тынады. Сахнаға жігітағасы жасындағы сыпта кісі ойлы кейіпте шығып, асықпай барып креслоға жайланып отырады. Ойға шомған кейіпке енеді. Басқа (екінші) дауыспен сөз басталады:

-Ректорды әке, деканды көке деп жүріп жалғыз қызымды күрежолға салып жіберіп едім, тәубә, шүкір, университеттен құтылуына, тойыст, қанатын сарт-сұрт қағып ұшып шығуына бір-ақ жылы қалды. Бірақ проректор оларға: - Қайда, қандай қызметке баратындарыңды бүгіннен бастап іздеуге кірісіңдер, қалғып-шұлғып жүрмеңдер! - депті. Өзіміз институтты бітірерде: - Сен анау зауытқа барасың, сен мынау фабрикаға барасың, ал сен сонау колхозға не совхозға барасың! - деп қолымызға жолдама ұстатып, бата беріп қоятын еді. Барғанымызда: жұмыс орынымыз, жатақханамыз бен жалақымыз «ләппәй!» деп дайын тұратын еді. Енді ол зауыттар мен фабриктердің қаңқасы ғана бар,

колхоз-совхоз мүлде жоқ. Жалғыз қызым ол енді қайда барып қарық бола алады? Анау компанияның қожасы – қытай. Мұнда жұмыс істей алар қазақ жоқтай-ақ, қытайларын шұбыртып алып келіп, өздері айына 100 мың юань айлық алып, азынаулақ қазақты 40-50 мың теңгеге теліп қойды. Мынау фирманың қожасы – кәріс. Ондағы кәрістердің қалтасына ай сайын түсетіні 1500 доллар да, қазекемнің маңдайына жапсырып қойған жалақысы – 400 доллар. Әлде ой мен қырымызға жыпырлатып үй-жәй салып жүрген түріктерді аға-інілесем бе екен? Бірақ олардың да алақандары тым шұңқыр көрінеді: «бұйырған тәуелсіздігіне байғазым болсын, бұл қазағымды бір жарылқап тастайыншы!» деп келгені шамалы. Өздері бүтін алып, қазекеме жарты береді.

Бизнестің дізгін-шылбырын ұстап отырған нағашымыз Оңсолбайға барып, қызымнан бұрын, қызым әлі жас қой, өмірі алда ғой, иә, өзімді айтып:

-Мені қазақ фирмасының біріне тыға аласың ба, шетелдіктерден шертпек жегенше қазағымның-ақ құқайын көріп жүрейін! - деп едім, ойыны ма, шыны ма:

--Ойбай-ау, жиен-ау, оңашада өзіңе бар-жоқ шынымды айтайын, есті де ұмыт, тісіңнен шығарма! Менде билік жоқ қой, биліктің басында былшып Қожабай отыр ғой! Ол иегінің астына өзінің аталастарын ғана жинап алды, өзгелерді жолатар емес! Құдай ондағанда балдызы болып жаным қалып жүр, әйтпесе баяғыда-ақ менің де қалдық құйымшағымды қақсатып қоя беретін еді! - деп заржақтанды. Енді қай сайды өрлеп, қай жылғаны жағалауым керек?

Кресло иесі орнынан созалаңдап тұрып, аяғын сүйрете басып кете бергенде сахнаның оған қарсы жағынан ақшулан шашты, семізше, егделеу ер адам шығып, ырғала аяңдап, басын бірер шайқап қойып, креслоға шалқая жайғасады. Залға қарамай, анда-санда алдыңғы жағына, төбеге, сахна жаққа баяу бұрыла көз тастап қойып отырады. Басқа (үшінші) дауыс сөйлейді:

-Та-а-ак... Жәкемнің жәрдемі көп болды ма, жоқ, Көшекемнің көмегі дөп болды ма, но это не важно, әйтеуір, депутаттыққа қолым жетті. Қалтамның күшті болғаны да бар, конечно. Ол үшін Мөкеме мың бірдеңе рахмет! Прихватизацияның кілті Мөкемде болмағанда маған привет қайда?! Молодессің, Мөкем, жүз жаса! Та-а-ак... Енді Тәкем үйреткен тактикадан тайғанап кетпеуім керек.

Тәкем не деді маған? «Әй, свежий депутат мырза! Сен осы жасқа келгенге дейін сағатына сексен сөзден артық сөйлеп көрмеген жолдассың, «мәжіліске депутат болдым» деп, мырзам, басқа жол іздеп әуре болма. Менің екі сезон депутат болғанымды білесің, так что жанашырлық өсиетімді өнешіне түсіріп жіберме, қай құлағың түгел естуші еді? Оң құлағың ба? Ендеше соныға құйып ал: онда ешкім сенің тіліңді созып сөйлетпейді де, ешқайсысы сені сабап сөзін тыңдатпайды. Кім сөйлесе де маужырап тыңдап отыра бер. Но байқа, телевидениеге түсіретіндерден сақ бол, қалғып кетіп, бірдене етіп жүрме, өйтсең бүкіл Қазақстанға көрініп те естіліп, салют боласың. Әрине, спикер жарықтық ұйықтап, нетіп отырғаны үшін ешкімді мәжілістен мәңіретіп қуып шықпайды, тек сайлаушыларыңның бәрі болмағанмен біреуі көріп, естіп қалса: - Мәссаға-а-ан!.. Мемлекеттік мәселелерді шешуге қатыссын, ара-арасында біздің жағдайымызды ойлай жүрсін деп сайлаған депутатымыздың сиқын қара! Түні бойы казино-мазино дегендерінде болған ба?! - деп ысылдайды, сен соны ұмытпа, ұқтың ба? Ал егер бір қаулы-маулыны не ұнатып, не ұнатпай қол көтеру керек болған кезде, сен елден бұрын ұмтылма, әуелі жан-жағына қара, көтерілген қол көп пе, көтерілмеген қол көп пе - соны ойша санап үлгір де, көп жаққа қосыла сал. Азға қосылып жұмаққа барғанша, көпке қосылып тамұққа барған дұрыс, әй, свежий депутат! Баяғыда бір ғұлама айтыпты: - Жұмақ жайлы, бірақ жым-жырт, ішің пысады, ал тамұқ жайсыз, бірақ ырду-дырдуы көп, көңілді, - депті. Менің позициям да солай, сен де солай бол, сандалма!» деді Тәкем. Жанашырлық сөз айтты. Бұл күнде жаны ашитын жақсылар аз, оған сайлау кезінде өзімнің де көзім жетті емес пе? Жеткенде қандай!

Ол орнынан сүйретіле тұрып, ақырын керіліп алып, аяғының басына қарап, теңселе басып кете барады.

БАЗАР

Парламент мәжілісінің сайлауын сақадай сай қарсы алып, асықтай алшысынан түсіріп өткізуге біздің ЖПК (Жекеменшік пәтерлер кооперативіміз) бір жыл бұрын жыпылдап әзірленді. Құзырындағы үйлерді қайткенде таза сақтау, ішкі-сыртқы есіктерін, дәліздерін қандай

түске бояу, неше күнде бір сыпыру, жуу дейсің бе, ескерілмеген мәселе қалмады және ол мәселелердің мән-жайын әбден анықтауға, қиыстырып келісуге арналған жиналысты жеті ай бойы жалықпай өткізіп, сегізінші айда қапысыз қаулы қабылдады. Кооперативіміздің төрағасы сонау Кеңес дәуірінде Тау-кен институтын тәмәмдаған, сонда пәленбай жыл үлкен-кіші инженер болып істеген, тәуелсіздігімізден кейін, институт жабылып қалған соң, «Барахолка» деген базарда әжептәуір міндет атқарған, бірақ, өзінің айтуынша, базар бастығының аузы-басын майлап-сипап жарыта алмағаны себепті ол жақтан қуып тасталған, обалы кәні, өңі жып-жылы, сөзі түп-түзу Сүлеймен деген сүп-сүйкімді жігітағасы еді, фамилиясын ұмытып отырмын, сол Сүкең ғажап құшырланды. Тау-кен инженері болған соң есік алдын ары қопартып, бері қопартып, ірі-уақ тас атаулыны аластады, төңіректі түгел тегістетіп, айнаға бергісіз асфальт төсетті. Есіктерді жасылмен боятып, жалтыратып қойды, дәлізді көкпен бояп көркемдеді. Сөйтіп, -Па шіркін!- сайлау науқанын найқалуға жол бермей қарсы алдық. Үй басы екіден, үштен шығып жатқан кандидаттардың үгітшілері де мылтықты сен оқта, мен атайын екен, әй, бастады-ау! Біздің подъездің есігіне біреуі қызыл-жасыл сурет желімдеп кетті. Ә деген бірінші күні. Бұғағы білектей жігіттің портреті. Портреттің астыңғы жағына: «Мен—бәріміздің «Отан» партиямыздың кандидатымын, Орманқұл Тоғайбаймын, маған дауыс бергенің - елім, халқым дегенің!» деп жазылыпты. Биіктігі жыртақарыс қызыл сиямен. Өй, азамат-ай! Сөзі қандай, өзі қандай! Жүз жасағыр кандидатымыздың бейнесін бірінші болып мен көр-дім, енді екінші болып бәйбішем көрсінші, айта қояйыншы деген озық оймен үйге кіріп, сондай да сондай деп дереу ертіп шықтым. Мінеки, көріп ал дей бере саусағымды шошайтсам... Орекең жоқ! Орнында қасын керген сұлу әйелдің суреті тұр.

-Жаңағы айтқан жігіттің осы ма?- дейді бәйбішем, бағжиып қарап.

-Әлгінде ғана тұрған!..

-Мынау көркем әйел екен, ә? Кім дейді? «Жәмила Сексенқызы. «Асар» партиясының кандидатымын. Болашақта бай болғың келсе— дауысыңды маған бер!» - деп бәйбішем оқып шықты.

-Әй, менің жігітім жаңа ғана тұр еді, мынауың үстіне шығып кетіпті,-- дедім, зерттеуімнің нәтижесін тез хабарлап...

Зерттеу жұмысыма жол ашылып жүре берді. Көршілерім де көмек

көрсетуге кірісті. Ортақ есігіміз бір қызық ойынның орнына айналды. Ойын да ортақ болған соң қайызғақша қаптаған партиялардың өнерлері де алуан-алуан. Бір күні біреулер «Аистың» қырандары» делінген алабажақ алты портрет іліп кетіп еді, ертеңінде оларының үстіне «Халықтық Коммунистік партия» кандидаттарының портреттері жата қалды. Келесі күні олардың үстіне «Патриоттар» партиясының қалаулылары қонжиды. Одан соң олардың орындарын «ҚКП мен ДТП» кандидаттары басты. «Өрлеуият» дей ме, «Руханият» дей ме, «Ойбу, ұят!» дей ме... әйтеуір портреттер кейде күніне бір рет, кейде күніне екі рет айтшылайтын болды. Алматы жұртының қақ жартысы кандидат па дедім: әлем-жәлем портрет, сәлем хат, үндеу дегенің төрт қабатты үйіміздің көше жақ қабырғасын түгел басып алды. Бірақ дені дұрыс боп біреуі бір күн тұрсайшы: бәрі де ертеңінде жырым-жырым жыртылып, айқыш-ұйқыш сызылып, анау-мынау жазылып, алқам-салқам болады. Үйіміздің есіл есігі мен қайран қабырғасы алапестің денесіне ұқсады да қалды.

Сайлауды сол «ерекше белсенділік» жағдайында қарсы алып, дауыс беретін участоғімізге бардық қой. Онда ию-қию. Қолдарына қырлы тоқпақ тәрізді бір құралды шошайтып ұстаған шал-кемпірлердің бір тобы:

-Мынаны қайтеді?..

-Бұл немене?..

-Электрон деген дауыс бергіш!..

-Кобра деген жыланның басындай екен!..

-Қай түймесін түрту керек?..

-Қайда апарып қой дедің?!.- деп жарапазандап жүр. Ал екінші тобы қолдарындағы бюллетеньдерін аударып-теңкеріп:

-Мына қырық шақты кандидаттың қайсысы қай партиянікі?..

-Иә, онысы неге жазылмаған?..

-Маған керек партияның кандидаты қайда?..

-Есік-тереземізге жапсырылған жұлқа-жұлқа портреттердің есебінен жаңылдық, кандидаттарымыз кім екендерін біле алмай қор болдық...

-Біз де ауданнан кім-кімнің кандидат болғанын естіген жоқпыз...

-Қайдан естисің, үгітші дегенді көрген жоқпыз!...-деп әлек. Тағы бір топ:

-Мәссаған! Компьютерлері көз жұмды!..

-Онысы енді қашан тіріледі?..

-Ит-шошқа білсін!..

-Электрон-селектрондарыңды тосып отырар уақытым жоқ, бюллетень-деріңді беріңдерші!..

-Бәсе! Бюллетень алғандар қарық болып тұр, әне!.. – десіп жақ-жақ

Бір қария «қызыққа» қарап тыныш тұрмай, таяғымен еденді тоқ еттірді. Жұрт жалт қарады. Қария аппақ сақал-мұртын бос қолымен бір сауып алып:

-Е, бұл бұл ма?! Бұл былықпайдың ақыр-аяғы қым-қуыт соттасу-хатта-суға барып тіреліп, біз екінші, үшінші рет өстіп дауыс беріп жетісерміз!- деді де, бұрылып жүре берді.

Компьютерлері «көз жұмған» соң бюллетеньдерін алып, беруге міндетті дауысымды беймәлім партия мен беймәлім кандидатқа беріп, сыртқа шығып, үйге беттедім. Он шақты кісі оқшаулау тұр еді, солардан бір жігіт көлденеңдеп келіп сәлем берді де:

-Ағасы, бюллетеньдердің біреуінде кандидаттардың тізімі бар деседі, солардың қайсысы «Боз тайлақ» партиясының кандидаты екенін айтып жібермейсіз бе?- деді.

-Шырағым, тайлағыңды да, ботаңды да білмеймін, өзім де «бұйырған» біреуін түрте салдым, - деп шынымды айттым. Ал анау:

-Бастығымыз: «Боз тайлақ» партиясы мен оның кандидатына дауыс бермегенің қызметтен кеттім дей беріңдер!» деп еді, қиын болды-ау, - деп күмілжіді.

МЫРЗЫР

Мырзыр әрқашанғы әдетінше «ерте» оянып, кіртиген көзін моншаға түскенінде де білегінен айрылмайтын алтын сағатына жұмсады. «9 сағат 52 минут» деді онысы. «Дұрыс», деп жымыды Мырзыр. «Осы... «дұрыс» дегенді кімнен естідім, кім айта беруші еді?» деп оқыс ойланды ол. Тым «ерте» оянғанның есін тез жия қоюы екіталай: мыж-мыж Мырекең жып-жылы төсегінен тыртыған кеудесін әупірімдеп көтеріп, тұра қашқысы келген кісіше жан-жағына ақырын қарады. «Дачаның бір пайдасы – оңашалығы. Менше ерте оянып, менше емін-еркін ойлануға жақсы» деп бір тұжырды. «Бике мен немерелерім үйде

әлі ұйқтап жатқан шығар» деп екі тұжырды. Шүріш ерінді шұңғыл ауызын аямай аша бір есінеп алып, қалың құстөсегіне қайта көмілді. Мамық көрпесін сүйір иегіне жеткізе жамылып, неге екенін ит білсін, әйтеуір, жымыды. Содан соң екі қолын желкесіне жастап, әрқашанғы әдетінше естелігін жадына шиыра бастады. «Құдайдың мені басқалардан мүлде ерекше етіп жаратқаны, ал жазатындарымды бір күн бұрын ойлап, миымда әбде пісіріп алатын талант бергені дұрыс болды» деп үш тұжырды. Сөйтіп, ойша естелігінің «есігін ашты»:

«Тәээәк... дұрыыыыс. Е, Бөкем еді-ау: «Сәбит Мұқанов «дұрыс!» деген сөзді жиі айтады екен» деген. Бөкемнің топырағы торқа болсын! Мен Бөкемді мазаламай, өз естеліктерімді өзіме сүйеніп есіме шоғырлайын. «Дұрыс». Иә, Бөкем, бұл – аса атакты жазушы Сәбит Мұқанов жақсы көрген сөз. Жұрт ол кісіні «Сәбе» дейтін. Мен оны бір рет көрдім. Студент кезімде. Менімен, төртінші курс студенттерімен кездесу өткізді. Әңгімешіл кісі екен. Ара-арасында мені, студенттерді ду-ду күлдіріп қойып, көп әңгіме айтты. Сонда не айтқаны... есімде жоқ, одан беріде отыз жыл өтіп кетті емес пе? Алайда Сәбенің менімен, студенттермен қоштасарда менің қолымды қатты қысып, жымыып тұрып: «Сенің кірпіктерің ұзын екен, мұндай кірпігі бар қыздар күйеуге тез тиеді, ал жігіттер ақылды болады!» деді. Айтқаны келді. Маған ұнаған ұзын кірпікті Шикетай бесінші курста-ақ бөтен күйеуге тиіп кетті. Ал мен – филология ғылымдарының докторымын!

Ғалым болу... Грек Галилей деген бе, әлде араб Сократ деген бе... қайсысы болса да, бәрібір қазақ емес, қазақтан ондайлар шықпайды, соның біреуі: «Білім алу – инемен жер қазу» депті. Қалайша біліп айтқан, а?! Күрекпен емес, инемен! Әлде ол заманда күрек болмады ма екен? Ол да мүмкін. Алайда мұндай сөзді нағыз ғалым ғана айта алады! Мысалы, мен «Бастауыш пен баяндауыштың өзара байланысы» деген тақырыпта кандидатский қорғағанда маған сол тақырыпты берген және өзі менің жетекшім болған марқұм нағашым Шөкең де керемет айтты: «Барлық сөйлем бастауышпен басталып, баяндауышпен бітеді. Адамның бұл дүниеге бала болып келіп, қырт... жоқ, қарт болып кететіні сияқты заңдылық!» деді ол. Вот философ, а?!

Ал мен докторскийді қорғағанда ше?.. Мен өзі тоғызыншы класта оқып жүріп-ақ үлкен ғалымдармен араластым. Мысалы: Әлбек Маусымхан, Бекбай Кәрібаев, Қазбек Жұмабаев, Хайназар

Сүйтәлиев... мен бәр-бәрімен пікірлес болдым, мен үлкен жиындарда олармен қатар отырып, еркін сөйлеп жүрдім. Қай жиында болсын баяндамашыға сұрақты бірінші боп мен қоятын едім. Сондайда бір күні, мен оныншы класты бітіретін жылы, қазақ тілі мен әдебиеті пәніміздің мұғалімі, класс жетекшіміз Зейнәбіл Қабікенов мені арқамнан қағып: «Мыреке, сенен үлкеееен филолог шығады!» деді. Құданың күдіреті, мен университеттің филфагын бітіріп, диплом қорғап шыққан күні әйгілі жазушы Мұқан Әуесбеков менің бір қолымды екі қолымен сипалап тұрып: «Сен облысқа кетпе, Алматыда қал, сен бізге, университетке, әдебиетке, халыққа керексің!» деді. Мұқан әулие екен, айтқаны екі жерде екі екідей, тойыст, төрттей келді ғой!

Мен ақын-жазушылармен де, тарихшылармен де ерте араластым. Бірінші курстың студенті кезімде-ақ үлкен-үлкен кітаптарға пікір жазып, оларым үлкен-үлкен гәзеттерде үлкен-үлкен мақала болып шығып, жұртты керемет елеңдетті. Мұқаң мені сол еңбектерім бойынша таныпты, оны кейін өзі мені үйіне қонаққа шақырып алып, маңызды әңгіме үстінде айтты. Мен докторлығымды қорғардың алдында. Ал менің докторлығымның тақырыбын кафедрамыздың меңгерушісі, ғылым докторы, профессор жиен ағам марқұм Бөкенжан, менің «Бөкем» деп отырғаным – сол кісі, өзі таңдап: «Тіл мен тіл ғылымдарының өзара байланысы» деген өте жауапты тың тақырыпты бекіттіріп беріп, менің жұмысыма өзі жетекшілік етті. Докторлық – кандидаттық емес, оның сөзі көп, мәселесі кесек, жауапкершілігі күшті. Соны білмейтін екі-үш ғалымсымақ защита үстінде менің жұмысымды сынамақ болып сөйледі: «Пікірлері оңай екен, өзара байланыстары осал екен, қорытындысы босаң екен» деп қиыстырып тыраштанды, бірақ, қалай кемірсе де, профессор пісіріп берген проблемаға тістері батпады. Солай болды. Содан кейін мен, Мұқаңның өтінішін ұмытпай, Оқу министрлігінің өтінуімен Алматыда, университетте қалдым.

Менің кезімде біздің кафедрамыз әдебиеттің орталығына айналды. Оқытушылардың бәрі - Мұқан Әуесбеков, Сәбит Дөнентаев, Сәкен Сейфуллин, Ілияс Жансүгіров, Бейімбет Майлин, Сәбит Мұқанов, Ғабит Мүсірепов, Ғабиден Мұстафин... ой-хоооой, қандай адамдар еді!.. Бүгін бірде-біреуі жоқ. Бірі ерте, бірі кеш кете барды. Мен – солардың

шәкіртімін, ізбасарымын, орынбасарымын!.. Жоқ, мен шәкірттік те, ізбасарлық та жастан өтіп кеттім, мен – олардың орынбасарымын! Мен орындарын басып та жүрмін! Мен «Сегізінші ғасырдағы қазақ әдебиеті мен тілі» деп аталған тарихи еңбегімді жазып бітірген соң, иә, ертең-ақ академик боламын! Мен егер уақыт тауып, шынайылап кіріссем, мен зерделеп зерттеуші ғұлама ретінде алтыншы ғасырдың да төріне шыға аламын. Соноооу ата-бабаларымыздың орыс, монғол және қытай жерлерінде тасқа, терекке жазып қалдырған әдеби мұралары бар, мен солардың бәріндегі көне жұмбақ жазуларды қазіргі қазақ тіліне аударып қойдым, тек мына тәуелсіз мемлекет пен үкімет қаламақымды дұрыстап төлесін. Совет Одағы кезінде менің зор еңбегім бағаланбады, менің ол зор еңбегім қаламыздың қақ төрінде тұрған ескі тас бағандағы тым ескі жазуларды студет жылдарымда-ақ жұртқа тез оқып бергенім болатын. Ол тасты Гоби шөлінің аяқталар, Сахара шөлінің басталар тұсынан көрген, нендей тас екенін бірден білген, оны өзімнің еліме қалай, қашан әкелу керектігін түсіндіріп берген және әкелуін, қойылуын қадағалаған – менмін! Құдай ерекше қарапайым еткен соң амал бар ма, сол ғажап еңбегімді осы бүгінге дейін ешкімге айтпай келдім, әлі де айтқым келмейді. Айтар едім, бірақ сөз түсінетін жұрт бар ма бізде? Жоқ! Ұлылар, әулиелер, кемеңгерлер, данышпандар азайып кетті. Қалғандары менің деңгейіме жете алмай діңкелеп жүр. Жете алғандары: Әкбар Көрікбаев, Нырхан Берісбаев. Осы екеуі-ақ. Олар да менің жазғандарым мен аударған еңбектерімді маған сілтеме жасамастан пайдаланып жүреді, е, мейлі, мен - бас терісі кең пішілген кешірімді кемеңгермін!

Менің екінші ме, үшінші ме, шынайы тамаша еңбегімнің тағы біреуі - тарихи тұлғалардың сүйектерін анықтауға кіріскенім. Біздің әдебиетте, мысалы: Абайтану, Жамбылтану, Мұхтартану, Шәкәрімтану дегендер бар. Ал олардың бәрі – жекешелік сала. Әрқайсысының тақырыбы әрқалай. Ұжымдық жұмыс емес. Мен болсам, алдағы үш-төрт жылда бүкіл қазаққа ортақ болып кетер Сүйектануды негіздеудемін. Мен Сүйектануағы алғашқы табысты жұмысым деп баяғыдан бері найза руының батыры, ақыны, жырауы, қолбасшысы делініп келе жатқан Самрұқұлы Айбалтаның сүйегі ошпа екенін, яғни Айбекеңнің менің ошпа руымның түлегі екенін жан-жақты айғақтап айтып, жақсылап жазып жүрмін. Ошпалар иланып, маған алғыс жаудыруда. «Жоқ! Самрұқұлы Айбалтаның сүйегі –

найза! Оның ата-бабасы найза руынан!» деп қарсы шыққандар қандай дәлел келтірсе де, мен құлаған жағымнан тұрмай жатырмын. Әлі де тұрмаймын, жата беремін! Олар Айбалта туралы пәлен академик, түглен профессор, анау доктор, мынау кандидат жазған кітаптар бар дейді, ал мен: «Айбалта атамның ұлы бабасының кіші бабасының әкесі біздің бір ханмен араздасып, содан өзі туып-өскен біздің, яғни ошпаның жерінен көшіп, найзаның жеріне барып, сонда сіңіп кеткен. Ол тарихи оқиға сендер білетін онекінші ғасырда емес, сендер білмейтін тоғызыншы ғасырда болған. Тиісті құжаттар Америка Құрама Штаттарындағы Оренбергаун университетінің, сондай-ақ, Ұлы Британиядағы Менояхома академиясының, Франциядағы Солбырижак институтының мұрағатжайларында мұқият сақтаулы тұр. Солардан көшірме алдырып, кітап жазуға дайындалу үстіндемін!» деймін. Менің бұл ғажап сөзіме олардың бірі сенеді, бірі сенбейді. Сенбейтіндері – шалдары. Олар менің қулығыма құрық бойлатамыз деп жүріп ертең тырапай асады да, сенгіш жастары қалады. Ал жастарға не керек, арқаларынан қағып, айналайын деп, кандидатский қорғауларына көмектессем, тағы бір оны-мұны жәрдем жасап жіберсем, пожалыста, көкелеп соңымнан қалмайды, көріп жүрмін ғой.

Тәээк. Енді не? Біздің филологияда, әдебиетте мен естелігіме тақырып етер тағы не бар? Әй! О кім, ей?!» - Мырзыр көрінбейтін қол желкесінен ұстап жұлып алғандай атып тұрып, ол қол қайтадан тастай салғандай жалп етті де, жастығының астынан орыстың «Ой, мороз, мороз!» әнін боздата бастаған қалтателефонын ала сала құлағына жапсырды: - «Әлө! Филология ғылымдарының докторы Мырзыр Жұлынбеков тыңдар тұр!.. Кім?.. Әй, Бике, сен қызық екенсің, осынша ерте звандап не болды сонша?.. Ну и что, бір сағаттан кейін звандамайсың ба, понимайш, менің ойымды бөліп жібердің... А?.. Дұрыс, келсін. А?.. Жоқ, жалпы звандағаның дұрыс болды, маған тіс щеткасын ала келсінші, мен мұндағыны таба алмадым. А?.. Дұрыс!.. Мен, иә, өзін әперген сұры пижамамды киіп жаттым. А?.. Дұрыс, дұрыс!..

Дұрыс... Мен де «дұрыс» дей бастадым, ә?.. Бұл сөз бұдан былай мен ғана айтатын сөз болуы керек! Тошка!».

Мырзыр телефонын жауып, жастығына тастады да, әдеткі ұйқыашар жаттығуын жасау үшін шалқасынан жата қалып, керіліп-созылып тырғандай бастады.

НЕ БІТІРДІК?

-Иә, қалайсың? Кәнікүлің бітті ме?- деп Секең шокша сақалын секірте қарады.

-Бір аптасы қалды,-деді Күрекең, жағы түсіп кете жаздап есінеп алып.

Көршілес Сексенбай мен Күрекбай күндегіше ауладағы орындықта табысып, әдеттерінше сұрақ-жауаптасып, содан соң қолдасып амандасты.

-Жә, депутат жолда-а... астапыралла, депутат мырза, көңіл күйің қалай? Кемпірің көрінбейді ғой, ауылға кеткен бе?- деді Секең.

-Кемпір үйде, отыз грәдіс ыстықта суық тигізіп алып, жатыр ыңқылдап.

-Бәсе, сенің өңің неге қошқылданып кеткен десем.

-Қойшы, әй, бұра тартпай,- деп Күрекең кеңк-кең күлді.

-Жетпіс төрт жастағы нән жігітке жетпіс екі жастағы келіншегінің ыңқылдап теріс қарап жатып алғаны азап шығар деп отырмын да!

-Өйдөйт деген! Әй, оның ыңқылынан бұрын қыңқылы азап болып тұр маған. Сенен не жасырушы едім, салпы қарын құрдасың құйқамды тағы шабақтай бастады, - деді Күрекең, Секеңе бағжия қарап.

-Енді бес бөлме керек дей ме, немене?

-Жо-ға! Мені, сақалымды сапситып, тағы депутат қылмақшы!

-Сақалшылын... бетің тұрғай бүкіл басыңда ырымға сыңар қыл жоқ немесің...

-Әй, сөздің салты ғой енді?!

-Жә, кандидат болып тағы тіркелдің, естідік. Тағы өтесің. Тағы төрт жыл ұйықтап отырасың. Шынымен жалыққан жоқсың ба, әй?!

-Әй, менде ерік бар ма, сен қызықсың осы!

-«Ерік бар ма...»! Еркінді кемпірің еміп қойып па еді?- деп Секең са-қалын тағы секірте мырс-мырс күлді.

-Пәле сонда ғой!- деді Күрекең, шолақ тілі шығып кете жаздап есінеп.

-«Сенен не жасырушы едім» дедің жаңа, ә?.. Бірақ қалайша депутат болғаныңды айтып көрдің бе маған? «Құрдастың құдайы бір» дейді ғой, құ-дай десен, кәне, бір рет айтшы шыныңды! -деп Секең құрдасына күле қарап, бүйірге нұқып қалды.

-Айтайын ба осы?! - деді Күрекең, жорта ежірейіп.

-Басқалардан естігенің - өсек, өзіңнен естиін, айт, егер еркек болсаң, -деп құрдасы егей түсті.

-Біздің күйеу баланы білесің, әмірі күшті, құдайға шүкір. Өткен жолы мені депутаттыққа сабағандай етіп өткізді, салпы қарын құрдасың құлағына құйған соң. Кемпірге айттым, тыныш отыр деп, болмады ғой, қайдағы-жайда-ғыны теріп: «Ойбай-ау, қызыңа қалың алып қарық болған жоқсың, соның есе-сі қайтсын да! Күйеу баланың аты жүріп тұрғанда сен көткеншектеме! Мен оған айтамын, өткізеді ол. Депутаттың айлығы алпыс мың теңге дейді, сенің пенсияңнан он есе көп, немене, көп ақша алсаң алжасып кетем дейсің бе?! Дәп бүгін тілімді ал, қашанғы қиқая бересің?! Ақша керек, ойбай!» деді.

-«Ахау, кемпір. Кемпірді өлтір. Өлтірмесең, кемпірді жөнге келтір!»

-Солай. Ол мені... «жөнге келтірді». Содан ақырында депутат болып-ақ кеттім емес пе?!

-Рахатқа баттың баяғы? Айлықтарыңды жыл сайын созғылап, былтыр жүз отыз мың теңгеге жеткіздіңдер. Тоқсан сайын силыққа бір айлықты және аласыңдар, сонша ақшаны қайда тығып жүрсіндер, а, Күреке? Швейцария- ның банктеріне жытыртып жүргеннен саумысың?

-Әй, ақшада көз бар ма, кете береді екен, балаларға үй алып, мәшине алып дегендей...

-Тоқал алмайсың ба?

-Қойшы, әй, қайдағы-жайдағыны айтпай...

-Депутаттарыңның кейбіреулері кәрі қатындарын Алматыда қалдырып, Астанада жасырып жас қатын алып, онысына үй сатып әперіп, әләуләйға басып жүрген көрінеді, анау төрткөз Тарақбай сөйтіпті, мәселенкі.

-Ол рас. Өйткендер бар. Шет елдердің қара терезелі мәшіндерін күжіл-детіп мініп жүрген жасырын тоқалдар жоқ емес.

-Әне, көрдің бе?!

-Ондайды айтпа, құрысын, оның беті аулақ!

-Сен бүйтіп безектеме, ойлан. Бұл жолы тағы депутат боласың, айлық-тарың тағы пәленбай есе өседі, оны сүрлейсің бе, таңдап тоқал алып...

-Кетші, әй, шатпай! – деп Күрекең қолын сілтей қарқ-қарақ күліп, орны-нан тұра берді. Секең оны білегінен ұстай тартып, қайтадан отырғызды:

-Шатпасақ шатпайық, депутат мырза, мақұл, ал енді менің саған сақтап жүрген бір сұрағым бар, соған дұрыс жауап ұстат та, жөніне тая бер. Жаңа сайлауда жай депутат қана емес, сенатқа төраға болуыңа тілектеспін!

-Әй, сайрай бермей, сүрлеп сақтаған сұрағыңды әкелші!

-Ендеше, депутат мырза, шыныңды айтшы: төрт жылда мәжілісте нендей мәселелерді көтердің? Неше рет сөйледің? Нені айттың? Сен тура-лы ешбір гәзеттен ештеңе оқи алмай құса болдық, әлде сенің сөзіңнің бәрі құ-пия пәлелер жайында болды ма?

-Бір рет те сөйлеген жоқпын. Атаң қазақ: «Сөзіңді біреу сөйлесе, тыныш отыр, аузың қышып бара ма?!» демеді ме, соны да білмейсің бе? – деді Күрекең, ұпайын түгендегендей көтеріңкі күліп.

-Айтам ғой, салпы қарның екеуің біріңнен бірің асып туғансыңдар!- деді Секең, мырс-мырс күліп.

-Шынында бір рет те сөйлеп көрген жоқпын, не деп сөйлеуім керек? Мен тарихшымын, ал парламентте тарих мәселесі талқыланған жоқ, беталды не деймін? Оның үстіне күйеу балам: «Көке, оны-мұны сөзге араласам деп жүйкеніңді жұқартпай, шаршамай отыра беріңіз. Анау-мынау мәселеге дауыс беру керек болғанда төрағаны компас қыл, ол қолын көтергенде сіз де көтері-ңіз, ол көтермегенде сіз де көтермеңіз, сонда бір грамм қателеспейсіз» деп ке-нес берген. Кемпірім де:«Ақшанды көбірек етіп ал да, ештеңеге қыстырыл- май жайыңа жүр, денсаулығыңды ғана ойла!» деп шегелеген. Ең жанашыр екі кісім солай деген соң, есім дұрыс қой, дәнеңеге кіріскен жоқпын. Ал енді, Секе, шынымды айтсам бар ғой, осы жолы өтпей қалғым келеді,- деді Күрекең, үнін өшіріңкірей сөйлеп, үй жаққа қарап қойып.

-Е, неге?

-Шынымды айтсам бар ғой, ұялайын дедім. Пайғамбар жасынан асқан-нан кейін балаңдай жастармен жағаласып жүру тіпті ұят екен. Өзің білесің, біз, он шақты шал, мәжілісте де, сенатта да отырдық, сен гәзетті көп оқисың ғой, кәне, айтшы, біз не бітірдік?

-Иә, айтып бол.

-Түк бітірген жоқпыз. Баяғыда менің әжем: «Не мұңлық бұл

дүниеде, қыздар – мұңлық. Көп мұңлық топ көбейтіп неге тудық?!» деп өлең айтушы еді, сол сияқты, топ көбейттік те отырдық. Ішіміздегі ең бабайымыз - жасы жетпіс сегіздегі Махаң, пәлен жыл министріміз болған, оны өзің білесің, сол ә дегенде бізді жиып алып ескертіп қойған: «Қашан болсын дауыс беру керек болғанда маған қарандар, мен қол көтерсем—сендер де көтеріңдер, егер мен көтермесем, сендер де көтермеңдер!» деген...

-Күйеу балаң екеуінің сөзі бір жерден шықты деші, иншалла, күйеу ба-лаң да көп кешікпей министр болады екен.

-Айтқаның келсін! Мен... не айтайын деп едім?

-«Ұялайын дедім» дегенсің.

-Кімнен?- деді Күрекең, абыржығаны анық аңғарылып.

-Салпы қарын кемпіріңнен!- деді Секең, әжуалағанын жасырмай.

-Қой?!

-Қой емес, ешкі!

-Шын ба?!

-Шын емес, өтірік!

-Әй, сенімен шындасып сөйлескім келген мен де ақымақ екенмін, тфу!-деп Күрекең атып тұрып, кете барды.

Секең сылқ-сылқ күліп қалды.

НЕСІНЕ ҚИНАЛА БЕРЕМ

Дүние шіркіннің өзі тұз бен қант болып қақ жарылып жайрап жатқанда ненің ащы, ненің тәтті екенін іздемек тұрғай, ойлау да - бекершілік. Алайда, жуан жұдырығың барда жұмсап қал деген сияқты, уақыт барда миыңның күндіз о тұсын, түнде бұ тұсын бұлкілдете жүру де керек. Менің тәтті туралы толғануым сондықтан. Жазушыларға сыншылар айтады екен: «Өмірдің өзегінен өкіртіп ойып алып жазсаң, өкінбейсің» деп. Мен сол данышпандық ақылды малданып, ненің тәтті екенін айраннан бастағалы отырмын, себебі біз, ауыл баласы, айранға, оның көкесі - қатыққа тойып өстік. Айналайын әжем: «Балапаным, оразанды ақпен ашып жүруді ержеткенде де ұмытпа» деп, қатықты сырлы тостағанға төңкеріп беретін. Әй, жарықтық-ай!.. Әжемді айтамын. Қатыққа да айтуға болар, өйткені Американы сүт

пен майға тұншықтырып өлтіруге серт берген, бірақ өзі тұншығып кеткен әлгі әбілет Хрущевтің тұсынан бергі ұрпақ, қатық қайда, дәмі дұрыс айран ішіп көрген жоқ. Біз ғой, беті білем-білем болып тұратын аппақ қаттыққа жарып өскен! Тәтті еді-ау жарықтық, тәтті еді-ау!.. Көк сүттің айранындай бірдеңе ішіп жүрген бүгінгі күні оны армандауды мүлде ұмыттық та. Бірақ бізде басқа арман... ас та төк, яғни кісі басы... пәленбай данадан. Мысалы, мына менде... ойпырым-ау, менің сол пәлені бүгінге дейін ең болмағанда бір рет санап көрмегенімді қара! Алайда да, қалайда да, әлі кеш емес шығар, бастайын:

Миллионер болсам! Жоқ, миллиардер болсам! Бізде миллионер болу етікші болудан да оңай, ал тіпті миллиардер болып жүргендердің менен несі артық? Бойы ма? Дауысы ма? Артығы болса: арыда – қулық-сұмдығы; беріде – тамыр-таныстығы. Мойшалайдікіндей. О, Мойшалай!.. Тәуелсіздікке дейін тәулігіне жарты тонна қорғасын өндіріп, бүкіл КСРО-ның көзірі болған зауытымызды үш мың жұмысшысымен бірге үш жүз мың долларға сатып ала салды. Біз білетін заңды құнын - үш жүз миллион долларды адыра қалдырды. Құдамның құдасының құдасы Мойшекеңе: «Не істедің? Қалай болды?» десем, ол мысық мұртын секірте күліп: «Зауытты сатуға қаулы шығарып, мөрін басып берген дөкейлерінді - Нұқайды миллионер қылдым!» дейді. Ай, зәлім! Мойшалайды айтам. Оны сығып алған түйетабан мөрлі Нұқай да зәлім, ә? Бірақ сығылғандардың бәрі, мәселен, Ишбай да, Шойынбек те, Мысыққұл да қаусап-қаңсып қалмады, үш-төрт жыл өтер-өтпесте мынау жер бетіндегі миллиардерлерді әйгілеген халықаралық тізімнің төріне шығып алды. Айтпақшы, Мойшалайдың жымымен жүрген олар да Нұқайды қойқитып миллионер қылды деседі, - ә, солайы даусыз ғой, даусыз! - сонда Нұқай неше кратный миллионер болды?..

Облыс әкімі болсам! Бізде не көп, кім көп? Не көп екенін әлгі миллиардерлердің санына қарап-ақ біле бересің, ал кім көп дегенде... біреулер: «Қара қытай көп, олар 2030-жылы қазақты сары орыспен жылап көрістіреді» деп ақырын ғана жөткірінеді. Екіншілер: «Қажы көп. Қазіргі қарқынмен кете берсек, 2030-жылы қазақтың қақ жартысы қажы болады» деп басын изектетеді. Үшіншілер: «Бізде Нұқай көп» деп тыжырынады. «Оу, Нұқай жалғыз емес пе?» деп таңдансам, үшіншілердің әрбір үшіншісі түсін де, дауысын да тоңазытып: «Әкім

атаулының бәрі – Нұқай!» деп ежірейеді. Е, ежірейе берсін! Немене, жан білмейтін жаңалық ашты ма?! Мен әкім көрмей жүр ме екенмін?! Жиенімнің бөлесінің жездесінің өкіл атасы Қалмақхан - әкім! Туған күндерімізде тост көтерісіп жүрміз! Нұқайдың тура өзіндей деп күпір сөйлемейін, бірақ білем ғой, облысты оң жамбасына келтіріп алды. Біздің Майшелпек облысымызда Қалмақхансыз аузын ашып, көзін жұматын бірде-бір мақұлық жоқ! Онсыз тіпті этеш те шақырмайды. Рахат! «Рахат» деп біреу-міреудің атын айтып адасып отырған жоқпын, Қалмақханымыздың жағдайын ымдап отырмын. Шынында рахат. Баяғы бірінші басшылардың төбе шашын санаған партия, алды-артын ораған кәсіподақ, комсомол да, саптыаяқтың сабында отыратын партиялық бақылау мен халықтық бақылау да тәуелділікпен бірге кетті ғой?! Ендеше, солардың бәрінің міндетін бір өзі атқарып отырған Қалекенсіз, кәне, сінбіріп көр, қайтер екен! Мұрныңның жобасын орнында қалдырып, тесіктерін желкеңнен шығарып берсін! Мен де, сен де, анау мен мынау да көріп-біліп жүрміз...

Министр болсам! Бірақ министрдің қызметі, әй, қиямет пе деймін. Мысалға Ауылшаруашылық министрін алайық. Ауыл азайды, қартайды, түтіні сиреді. Етектен төскейге шығатын, төскейден етекке түсетін малы қалмады. Ұжымшар мен кеңшар көкпар болып, әміршінің құшағында, ақшалының қалтасында кетті. «Миллиард пұт астық», «жиырма бес миллион қой» деген сөздер қырық бірдененші өтірікке айналды. Олай болса, осының бәрінен айырылған министр не істеп, не қоярын білмей, ертеңді-кеш креслосын сықырлатып, портфелін сипалап отыр-ау. Адамды от пен суға қатар салғандай-ақ қинайтын пәле – жұмыссыздық. Құзырында қылаяғы не тышқак тоқты-лақ, не тоқымдай жер, не бір литр-кило жанар-жағар май қалмаған Ауылшаруашылық министрінің көрген күні... Зауыт-фабриктен жұрдай Өнеркәсіп министрі, шыбын-шіркейше қаптап кеткен шетелдіктердің қайда, не салып жатқанынан мақрұм Құрылыс министрі, дәрі-дәрмексіз қалған Денсаулық сақтау министрі, аттестат-дипломы саудаға түскен Білім министрі... заңнан безінген анау заң жағындағылар... қайсыбірін айтайын, құдай сақтасын, солайша тотиган жұмыссыз министр болуды армандамай-ақ қояйын!..

Депутат болсам! Парламентке не партияластарым сайлап, не президент тағайындап, қалайда тырнағымды бір іліктірсем, шіркін!..

Бірақ министрлері әләуләй, өзі хәләуләй мемлекетте депутат болу дегенің депутат еместердің Алатаудың тасы неше тонна, Ертістің суы неше шелек екенін өлшегені жанында... Сенаттың да, Мәжілістің де күйін анда-санда байқатып: қай депутаттың сканворд шешіп шекесі тершіп, қай депутаттың тәуелсіз гәзеттерді жасырып оқып көзі талып, қай депутаттың түні бойы жұмысбасты болып келіп қалғып отыратынын, қай депутаттың төрағаның аузын күзетіп шұлғып отыратынын, қай депутаттың аптасына мөлшермен неше кило салмақ қосатынын көрсетіп қоятын телеарна құрыған соң (әрине, құртқан соң) депутаттың дардай ісін біле алмайтын болдық қой. Тек кейбіреуінің президентті атамаса аузының дәмі келмей, атай қалса – оның «атын анау әуежайға, мынау қалаға берейік, еліміздің көкесі, халқымыздың әкесі дейік!» деп шырылдамай отыра алмайтынын көріп үлгірдім. Қайтсін-ай, сенімін ақтау керек. Ал депутаттың айлығы 3000 доллар екен («Естіген құлақта жазық жоқ» және әркім-ақ алуға жанталасатын сома!). Ол көп пе, аз ба? Кім білсін. Мәселе неменемен өлшеп білуде. Топ ортаға таразы қойып, оның бір табағына бір ғана депутаттың айлығын салып, шошығандай шошаң етіп көтерілген екінші табағын төмендету, яғни анаумен теңестіру үшін оған не 15-20 дәрігердің, не 25-30 мұғалімнің айлығын тұтас салу керек. Маған мұны парламенттің бухгалтериясындағы балдызым шимайлап шығарып берді. Әне, депутат болсам деген айрандай арманымның қағынуына сол себеп болды. Оның алдында ойлантқан бір факт бар еді. Бір гәзеттен оқығанмын. Біздің кәдімгі парламентіміздің кәдімгі бір депутаты өзін сылқитып сынаған бір журналшымен быт-шыт соттасып, біздің дүние жүзіндегі ең «әділ» соттың қамқорлығы арқасында дереу жеңіп шығып, он жыл ұйықтаса да түсіне кірмейтін байлыққа бұйырып (ол байлыққа бұйырды не, байлық оған бұйырды не, - әдин шорт емес пе?!), 30 000 000 теңге кіріс кірізіпті! 30 000 000 теңге!.. Шіркін-ай, қағаздай алды ма екен, темірдей алды ма екен?! Қағаздай алса, неше қапшық болды екен, темірдей алса, неше вагон болды екен?! Ақылы жетсе, темір теңгемен алған шығар. Темір жолды төңіректеп жұмыс істеп көрген жоқпын, не керек, әйткенмен, университет дипломын маған да текке бермеген болар, егер ол депутат, бәтшағардың аты-жөні есімде қалмапты, әлгісін темір теңгемен алған болса, неше вагонды толтырғанын есептеп бере аламын. Мәселен, 100 теңгелік

темірдің салмағы 3 грамм десек, мен оны ойша есептеп жіберсем: ананы аншаға көбейтем - анша болады, мынаны мыншаға көбейтем - мынша болады, оншаны оншаға көбейтем - онша болады, соншаны соншаға көбейтем - сонша... ой-бо-о-ой... көп, сұмдық көп! Бір пойыз!.. Қал-л-лай екен?! Мен де сөйтіп бір қарық болсам ғой?! Депутаттық айлығымды алмай-ақ қояр едім, халыққа қайтарып берер едім, бірақ... сонша ақша ұстап көрмеген халық оны қайтеді?!

Премьер-министр... өй, соны қойшы! «Қажеке-ау, күні құрысын ұрғашының, билігі болмаған соң бір басының!» деп ақын апамыз Сара марқұм айтқандай, президенттің түшкіруін күтіп, ұйықтағанда да «жәрәкімалла!» деуге дайын жататын ол бардақты... оданша... о!..

Президент болсам! Әп, бәрекелді! Арманымды содан бастауым керек еді, ә?! Тәуелсіз республикада президент болу деген!.. Ел де сенікі, жер де сенікі, халық та сенікі, қазына да сенікі. Тәуелсіз кездегі төрелеріміз – тышекенді аңдыған мысекеңдей мыстан Мәскеу мен Кремль жоқ, сыбыр-күбірінді естіп қоятын паразит партия мен саяси бюро, КГБ жоқ! О, шірке-е-ен! Көрпе өзіндікі! Анау да мынау себеп-салдармен ауа райың бұзылған күні жұмыссыз үкіметті сілкілеп-сілкілеп алып, қырда отырған министрің ойға түсіріп, ойда отырға министрің қырға шығарып, ухх!.. алақаным қышып кеткенін қара! Бірақ ол ұсақ-түйек ермек қой, маған кесек-кесек қимыл-қозғалыс керек. Ну, канешни, халықаралық деңгейдегі! Мәселен: Ойпат облысының орманын Анголаға, Тәйке облысының таскөмірін Австралияға, Маңдай облысының мұнайын Люксембургке, Қиыр облысының газын Мавританияға, Өкпе облысының өзен-көлдерін Гренландияға, тағы-тағы басқаларымды тағы-тағы басқаларға 99 жылға жалға беріп, бәлемдерді қақтап сауып, үрім-бұтағымды майға бөктіріп қойсам, ә?! Содан кейін дәрігерлеріме жасымды 100-ге жеткізудің амал-айласын таптырып, сонымды тойлап, орныма кешеуілдеп туған ұлымды отырғызып кетсем!.. Бірақ заман біртүрлі бола бастады, анау жақтан, мынау жақтан тіл алмайтын айқай-ұйқайшылар шығып: «демократия керек!», «жұмыссыздық жойылсын!», «сыбайлас жемқорлар жазалансын!» дей ме-ау, қайдағы-жайдағы бірдеңелерді айтып жүр, өздері еше көбейіп барады... соларды тепкілеп тауысу керек, ә?!.

Жо-жоқ, бұның бәрі арырақ тұра тұрсын, менің Жағымды Жазғыш болғым келеді! Тура кіріп-шығатындардың көршісіне жақпайтынын,

сыбырламай сөйлегендердің қайын жұртына жақпайтынын біле тұра ашық айттым, мінеки! Оның үстіне бұл өзі – оқумен келетін мамандық емес, миыңа, ол арқылы қолыңа туа даритын мамандық. Тек үстей, дамыта, еселей білсең болғаны. Ол мамандықтың иесінің тұлпары тұрсын, тулағы да бәйге бермей жүр. Бізде. Мысал дегенің... Облысымыздың олжасы - әкім Қалмақханды қарық қылып бес дастан жазған Томпай одан силыққа бес бөлмелі пәтер алып, ойнақтап шыға келді. Жербауырлап жатқанды көкке шығарып жіберу жүз грамды жұта салудан қиын емес екен. Ал Қомпай: «Біздің бақытымызға қарай, Қалмакеңнің қызыл жолбарыс киесі бар!» деп бес жүз бет хикая жазып еді, таудай «Гойотоға» қонжия салды. Қомпакең сол жолбарыстың құйрығынан ұстап өскен сияқты. Шомпай болса: «Біздің облысымыздың іргетасын тұңғыш қалап, шаңырағын тұңғыш көтерген көсеміміз - Қалмакең!» деп жартысағаттық кинофильм түсіріп еді, жарты тәулік өтер-өтпесте облыстық мәслихатқа сайланып, ертеңінде мәслихаттың төрағасы бола салды. Құрылғанына 80 жыл болған облыстың іргетасын 65 жастағы Қалмақханның неткені... енді... әлгі... неменелеу. Ал Дүмпай Қалмақханның қырқынан шыққаннан бері қарайғы «ғаламат тарихи» қылықтарын моншақша теріп эпопея жазатынын мәлімдеп, бірінші томын шығара қойып еді, өй, Қалмакең де көзсіз неме емес пе, Дүмпайының басына – коттедж, астына – «мерседес», әйеліне – алтын сәукеле, ұлына – ферма, қызына – ресторан силап дегендей... А как же?! Ал Қалмақханың құлағы боп естіп, аузы боп сөйлеп, бір баяндамасын бес баяндамаға, бір кітабын он кітапқа айналдырып беріп жүрген Әмпей мен Омпей болса, екеуі аяқ-қолдарының тырнағын алмастан тарихта қалатын болды! Қалмакең біреуіне «Еңбек Ері», біреуіне «Халық қаһарманы» атағын алып беруге кірісіпті деген қауесет бар. Бізде қауесет шықпасын, шықты екен – пажалыста!..

Міне, осы армандарымның бәрін бір қосып, бір алып, бір көбейтіп, бір бөліп, яғни арифметиканың төрт амалынан түгел өткізіп көрдім де, әрине, алгебраға о бастан жоқпын, сонымен, Жағымды Жазғыш болуға бел байлап отырмын. Несіне қинала беремін?!

«О, К Е Й!»

«Қайран капитализм, қайдасың? Жетпіс жыл бойы «құлағынды таза-лап» текке тыраштаныппыз ғой?!» деп дауыс салып, қасқа жолға қасқып шығып, түп-тура тартып бара жатқан біздің Қазақстанда не көп десең, уа, көп нәрсе көп! Парламентімізде ілгерілі-кейінді қаралуы да мүмкін, қа-ралмай қалуы да мүмкін, қаралып қаулыға айналдырылғанмен ешкімге ке-ресіз боп қала беретін мәселелердің тоқсан тоғыз түйінді тізіміне үңіліп отырып айтар болсақ, мысалы, бізде (ауызша-жазбаша мағлұматтардан жи-налғаны да) мыналар көп:

1. Ж ұ м ы с с ы з. Зауыт-фабригі қаңтарылып, кеңшар-ұжымшары ұшынып, екі аяғында бәтінкенің бір сыңары, екі қолында биялайдың бір сыңары қалған арғымақтай жігіт пен керегедей келіншек көп. Биылғы ресми есеп олардың саны миллионның о жақ, бұ жағында дейді. Жұмыс-қызмет шығар орындарды оңашалап, яғни жекеменшіктеп алған алпауыттар оларды, егер беріде етжақын ағайыны, арыда құдандалысы болмаса, қалталарында қанша дипломы жатса да, ғылым кандидаты... тіпті академик болса да, ма- найларына оқ жетер жер жолатпайды, себебі: бөтен ауыз—ас та төк асына обал; бөтен көз—алтынмен аптаған коттеджіне, өсімдеп мініп жүрген «То- йотосы» мен «Мерседесіне» қиғаш; бөтен дауыс—жөргегінде сымсыз (әлгі «сотовый») телефонмен ойнап жатқан бөбегіне, дискотекада жүрген шәкірт баласына, казинода жүрген студент баласына жақпайды. «О, кей!»

2. А у р у. Бұдан 15-20 жыл бұрында аты өшуге айналған туберкулез (өкпе ауруы) кеңестік өкімет тырапай аса сала ол да тәуелсіздік алса керек, бүгінде ауыл-селоны адалап, қаланы жағалап, алас-күлес «балалап» жатыр. Ағзаның қантсыздануы (диабет), жүйке, жүрек... бәр-бәрі қиқулаған шаб-уыл үстінде. Балалар ауруының өршуі өрттей. 1990-жылғы он емхана-ауру-хананың орнында біреу ғана қалды, ауыл-село бауыр басқан медпункт шір-кін қазір «дефицит». Қайызғақша қаптап кеткен жекеменшік дәріханадағы дәрі-дәрмектің бағасы удың бағасына шаң қаптырды. Қалтаңда 5-10 мың теңге болмаса—көдедей көп ақылы емханаға жолама, 40-50 мың теңге болмаса—ауруханадан аулақ жүр, шыдап бақ! Саны азайған ақысыз дәрігер сенімен бірге санын соққаннан басқа ештеңе бітіре алмайтын болып қалды. «О, кей!»

3. Б а с п а н а с ы з. «Жетім бұрыш» деген пәле Алматыда кеңестік кезден бар-ды. Қазақтардың еншісіндегі сол «базар» тарқаудың орнына қы-зып жөнелді. «Қыздырушылар»— ондаған жыл бойы шарасыздықтан жатақ-ханада тұрып, сонда үй болып, келін түсіріп, қыз ұзатып, немере сүйген-дер. О, алла солардың да көбі қазекендер еді. Нарықта тағы «қарық» болды. Ішкі есебі шарбақша тоқылған пайдакүнем қожалары жатақханаларды не өзіміздік, не шетелдік қалталыларға сатып, тұрғындарын сенделтіп жүр. Барар жері жоқтықтан шықпауға бел байлағандарын сотқа сүйреп, полицияға желкелетеді. Шеңбірек ата шіренген билікшіл шенеуніктер жатақхананы тым болмаса сонда тұрғандардың өздеріне сатуды ойламайды. Обал деген сезім өңештерінен өтіп кеткен. Ондайларға балалы-шағалы тесікқалталы-лардан не пайда?! Сусылдаған доллары қисапсыз дөкейлердің қиын терген олжа емес пе?! Соны біле қойған алпауыттар «Элитстрой» дегенді көкке шапшытып, әрбір шаршыметрі пәленжүз доллар тұратын көкшіл шыны үйлерді, мәселен, Алматының оңтайлы тұстарына, тіпті орманын отап тастап, тізіп салып жатыр. Кеше Кеңес одағына, одан арыға да аты әйгілі болған Алматы дендрарии (сирек кездесетін ағаштарды өсіріп тарату қорығы) дал-дұл. Зәулім үйлерге жем болды. Медеу мен Шымбұлақта да каттедж де-генінің, тағы басқаның құрылыс қарқыны сонау бесжылдықтардағыдай. «Элитстройдың көкала, қоңырала бір үйіне жұмсалған қаржыға анау «жетім бұрыштағыларға» арнап жиырма үй салуға болатын көрінеді, демек, шүйде-сін май басқан он «жана қазақтың» орнына еңсесін ауыртпалық басқан мың «ескі қазақ» пәтер алып, бала-шағасын бір қуантар еді!.. «Ескі қазақты» ке-рек етер «естілер» жоқ. «О, кей!»

4. А л а д о р б а. Қалалықтар бір кезде екі бүйірінде ала белдігі бар такси дегенге әуес еді, енді көздері ала дорба арқалаған әйелдерге сүрінетін болды. Темір жол, автокөлік вокзалдары толы аладорбалы әйел. Қала базар-ларындағы көпшілік те—солар. Бір кезде ауыл-село көшелерінде бала мен мал жол бермеуші еді, қазір ары да, бері де дедектеген ала дорба. Айнала-йын әйел қауымы «тәуелсіздік алған» заман болып тұр. Керек киім-кешекті алыс-жақын шет елдерден арзаныраққа алып, ала дорбасына нығарлап са-лып, арқалап-сүйрелеп әкеліп, тиыннан шет айырып, кемпір-шалы мен бала-ларын киіндіріп,

ішіндіріп тәубәләп жүр. Күйеулері болса, әу баста сыбай-ластық бөліске, талапайға түскен қайран халықтық қаржы қат-қабат шөккен, «іскер» деген атағы бар ерлері казиноға әуес, шашы мен қасын, тырнағын киер киімінің түсіне қарай боятатын әйелдері «Сұлулық салонына» әуес қалалардағы «жана қазақтардың» хансарайларын салып, саяжайларын сылап-сипап, өздерінше «табыскер». Кеңестік өкімет әйел теңдігін көбінесе сөзбен қолдайтын еді, бізде қазір «іс жүзінде теңдік» алған әйел ырғын. Ала дорба-лы. Соны «білмей, көрмей» жүрген дөкейлеріміз 2015-жылы қазақтың са-нын 20 миллионға жеткізу «мәселесін алға қойып» отыр (Л. И. Брежневтің талабына орай қой санын 50 миллионға жеткізуді еске салып). Көбейгеніміз-ге қарсы емеспін, ондай кәрауыздықтан құдай сақтасын! Көбейелік, сол жы-лы 30 миллионға жетелік! Ол үшін ең әуелі анау ауылда отырған айналайын келіндерімізді «ала дорбаның» езгісінен азат етуді ойлау керек! Шетелдік банктерге жасырын тыққышталған миллион-миллиард доллар қаржымызды заң жолымен ашық қайтарып, тыққан ұрыларды әшкере етіп беттеріне түкі-ріп, халықтың қыруар қаржысын халыққа жұмсау керек! Бәтінкесіз жүрген әйелдерге қандай шұлық жарасады деп далбасалаған деген не?! «О, кей!»

5. С ө з. Безене беретін тіл байғұсты кейбіреу: «тілде сүйек жоқ» деп жазғырады. Сүйегі болса тырп етпейтіндей-ақ. Тілдің кінәсі не? Бағынышты болғаны ма?.. «...күні құрысын ұрғашының!» деп ақын Сара апамыз айтқан-дай, тіл-екеннің халі мүшкіл, жоғарыдан жеткен жарлықты жайып салмасқа шарасы жоқ. Жалғыз өнімі—сөз. Соны ғана береді. Мидың маңайындағы-лар, мәселенки: кедейді «Бай де!» десе—дейді; білімсізді «Ғұлама де!» десе —дейді; арсызды «Арлы де!» десе—дейді; арамды «Адал де!» десе—дейді; жемқорды «Сүттен ақ, судан таза де!» десе—дейді; паракорды «Күнәсіз де!» десе—дейді; кінәсізді «Қылмысты де!» десе—дейді; жалақорды «Әділ де!» десе—дейді. Дей береді, дей береді. Сабындай көпіршіген, құмдай су- сылдаған, желдей жұлқынған, дауылдай бұлқынған, жауындай себелеген, қардай бораған, өрттей өршеленген, судай сарқыраған сөз... сөз... Құлақты сарсытқан, жүректі лоблытқан, жүйкені кемірген сөз... сөз... Сталиннің тұ-сындағыдай бесжылдық, Хрущевтің тұсындағыдай жетіжылдық жоспар бол-са, біз бесжылдықты төрт жылда, жетіжылдықты алты жылда, өзіміздің отыз үшжылдықты

(1997-2030) он жылда сөзбен-ақ асыра орындап, егер социал-листік жарысқа шақыра қалғандар болса, бәлемдердің төбесіне түкіріп, құй-қасын шірітер едік! «О, кей!»

ОБАЛ БОЛАР

Біздің Қожекең бе, Алдекең бе... әйтеуір, баяғы өткен замандағы бір әпендіміз: - «Түс» дегенін, шырағым, дүздегі әйелің сияқты, оның алай-былайын түсініп ала қоюың қиын, - деген екен. Сол «деген екеннен» беріде неше ғасыр өткенін кім біледі, сірә, қазақ халқы есін жиып, етегін жауып, мемлекет болғалы 550 жыл, деп жүрген «тарихшыларымыздың» сұрапкесі мен әктісіне сенсек, кеше ғана айтылғанға ұқсайды. Е, мейлі, қазақтың осы бүгін жайлап отырған жерінде ырымға мемлекеті де болмаған «деген екенді» де естіп жүрміз ғой, қызыл тіліміз жауыр болмасқа жарғақ құлағымызды қаудырлатып қайтеміз, әрқайсысымыз басымызда барымызды базарлай берейік те. Десем де, әй, сонау әпендіміздің бір сөзі есіме түсе қалғанын қарашы! Қалайда қызық сөз: «дүздегі әйел». Біртүрлі, ә?.. «Басы ашық тоқал» емесі бірден түсінікті. Қонды шенеуніктерде заңды, некелі әйелінен өзге заңсыз, некесіз әйелі, тіпті кейбіреуінде біреу-ақ емес, келісаптай-келісаптай екеу-үшеу болатын көрінеді, тегі әлгі әпенді атқа мініп жүргенде «тоқал» деген сөз болмаған да, «дүздегі» деген шығар. Екінші рет «е, мейлі» дей салайық, мәселе онда емес, «түсте»! Ал өткен аптаның сәтті күні – сәрсенбінің «түп етегінен ұстаған» түнінде мен бір түс көрдім. Сол немені айтсам ба екен, айтпасам ба екен?.. Айтқанмен, әй, соған сену етпеп нелеу... бірақ мен түс көрмегелі көп болған, яғни, айтпасам: өзіме де обал, естуге тиіс жұртқа да обал. Жұртты қоя тұршы, өзіме обал болмағаны керек. Айтайын.

Парламентіміздің сайлауы сақылдап әділ өтіп, депутаттықтан үміткер 3000 жұмырбастының 300-і шетінен 80-90 пайыз дауысқа ие болып, мен өзіміздің «Нұр-Село» партиямыздан сенатқа депутат етіліппін. Ешбір шетінеу болмай, бәріміз түп-түгел аман-есен жиналып, алғашқы мәжілісімізді бастап кеткен екенбіз деймін. Бір депутат (аты-жөнін білмеймін, танысып үлгірген жоқпыз ғой) орындығын өрт шалғандай-ақ ұшып тұрып:

-Құрметті мырзалар! Менде бір өте жақсы ұсыныс бар. Осы отырған бәріміздің аса құрметті премьер-министріміз Түглен Пәленович алдағы айдың соңғы числосында елу алты жасты толтырады, яғни, Түкенді дер кезінде туған күнімен құттықтауды ұйымдастыратын арнаулы комиссия құрайық, сол себепті менде комиссия тура отыз депутаттан құрылуы және олар кім-кімдер, комиссияның төрағасы мен орынбасары және хатшысы кімдер болуы керектігін қамтыған тізім бар, соны оқып беруге рұхсат етіңіздер! – дегенде о тұс пен бұ тұстан мырс-мырс естіле бастаған күлкі, тырс-тырс тамып тұрып тасыр-тұсыр жауып жөнелген жанбырға ұқсап, қалың қарқылға айналып-ақ кетті. Ха-ха-ха... хо-хо-хо... Мәжілістің төрағасы ғана ішін баса бүктетіліп, кеудесін үстеліне салып қойып: хи-хи-хи... деп, қызылшақа шөжеше шикылдап жатыр. Ұсынысшы депутат төңірегіне адырая қарап:

-Иә, не болды?! Неге күлесіңдер?! –деп, рауағаштың айғырынша қоқиып жалғыз тұр. Оның жарықшақтана қатты шыққан дауысы күлкінің дізгінін тартыңқырай бастағанда депутат бір жігіт қолын соза түрегеліп:

-Мен қарсымын! Премьер-министр болмақ тұрғай президент болса да, комиссия құрып құттықтаудың қажеті жоқ! Жағымпаздық деген пәледен мүлде аулақ болуымыз керек! – дегенде 125 депутаттың 124-і біркісідей қол көтеріп:

-Дұрыс!

-Бәрекелді!

-Жағымпаздыққа жол бермеуіміз керек! – десті. Ұсынысты дауысқа салу міндетінен оп-оңай құтылған төраға бір қолымен ішін сипалай, бір қолын көтере түрегеліп:

-Оқыс ұсыныс оңбай омақасты! Депутаттардың тоқсан тоғыз бүтін оннан тоғыз қарсы дауыс берді! – деп хабарлады. Дәл сол секентте мен оянып кеттім де, еріксіз таңдандым. «Бұндай да батыл сенат болады екен-ау, ә?!.» – дей бердім.

Ертеңіндегі түнде екінші түсімді көрдім. Жақсылық шіркін бір басталсын де, бір басталған соң тоқтамайды, бірінен соң бірі... пойыздың вагоны сияқты.

Бұл түсімде Қалалық құрылыс департаментінің (өзімізше – басқармасының) қабылдауына барыппын. Үйімде тып-тыныш қана

жатқан зейнеткер мені Бастықтың өзі шақырып, өзі қабылдаған екен.

-Жәке, сізге жеке үй салып беруді ұйғардык. Алпыс пәтерлі ортақ үйде қашанғы отырасыз, енді оңаша отыратын болыңыз. Неше бөлмелісі керек? – дейді, қайынағасымен сөйлескен келінше қиылып.

-Қарағым, мен... үй сұраған жоқ едім...

-Сіз сұрамасаңыз да, біз салып беруге міндеттіміз. Қаланың тап ортасындағы он гектар алма бақтың тең жартысын списать еттіріп, ағашын түп-тамырымен қопартып, тазалатып, құрылыс алаңына айналдырдым да, сол жерге жетпіс коттедж салдыруға кірістім, соның біреуін сізге бермекпін!

-Обал болды ғой?! – дедім,

-Сізге ме? – дейді.

-Алма ағаштарына...

-Е, ақсақал, ағаш адамнан кеше де қымбат болған жоқ, бүгін де қымбат емес, ертең де қымбат болмайды!

-Не үшін? – дедім, таңданысым жалғасып.

-Ағаш болғаны үшін.

-Кесілері кесіліп кеткен екен... оны емес, өзімді айтамын...

-Сіз кесілген... – дейді бәсекең, сөзінің арғысын жұта жымың-жымың етіп. О қу неме! Сезе қойдым:

-Ол үш жасымда болған.

Бәсекең бақаша барқылдап күлді.

-Шырағым, маған не үшін үй салып бермекшісің? Бұйырған зейнетақымы алып, үйімде бұйығып жатқаным ертең жиырма жыл толады...

-О! Сол жиырма жылыңыздың құрметіне силаймыз! Қазіргі үйіңіз неше бөлме? Кімдермен тұрасыз! Бәйбішеңіз тірі ме? – деп бәсекең бастырмалатып жөнелді.

-Бәйбішем тірі, жетпіс тоғыз жаста. Өзім сексен бірдемін. Кенже ұлымыздың жалғыз ұлының қолындамыз. Бір шөбереміз бар. Қаланың әйелдері бір баладан артықты таппайтын болып кетті ғой.

-Ақсақал, мәселе онда емес! – деді бәсекең, дауысы суи қалып. Тегі өзінің де келіншегі тіл алмай қойған болды білем.

-Маған жеке үй керек емес, айналайын, әуре болма. Біз енді қанша жасайды дейсің... басы артық үйлерің болса, сонау жылғы бізше баспанасыз сенделіп жүрген жастарға беріндер.

-Олар сіздердің жастарыңызға жеткенге дейін алады әлі. Мәселе сіздерде. Сонымен, ақсақал, неше бөлмелісі керек?

-Керегі жоқ, айналайын!

-Айналмай-ақ шыныңызды айтыңыз, төрт бөлмелісі дұрыс па?

-Бір бөлмелісі де керек емес!

-Керек!

-Керек емес!

-Керек!

-Қанша керек?

-Немене?! – Бәсекең қабағын түйіңкіреді.

-Ақы.

-Ақы?!

-Иә, ақы.

-Кімге?

-Саған.

-Не үшін?

-Мені тізіміңнен сызып тастауың үшін.

-Ақсақал, олай болмайды! Тектен тек сызып тастай салатынды тапқан екенсіз! – Бәсекең басын шайқай ежірейді.

-Текке сызбасаң, айлық зейнетақымың жартысын берейін.

-Болмайды!

-Бір айлығың тұтас берейін.

-Болмайды, ақ-са-қал!

-Онда бір жарым айлығың...

-Болмайды дедім ғой мен сізге! Бол-май-ды! Сен... сіз маған пара бермексіз, ә?! Вот қандайсыз, а?! Кім айтты, что мен пара алады деп?! Біздің қалада даже дворник те пара алмайды! Бізде ондай правила жойылған! Баяғыда! Біздің республикада взятка алу дегенің кеше де болған емес, бүгін де жоқ и ертең де болмайды! Вот какой, а?! – деп бәсекең бұрқ-сарқ қайнай жөнелген секөнтте мен оянып кеттім де, қатты өкіндім. Біздің елде пара алатын тірі ақымақ жоқ екенін қалай ғана ұмыттым екен?!.

Ал мына бір түсім... ых-х-хы-хы-хы... ГАИ -- МАИ-дің ала таяқты адамы екенмін деймін. Иығыма жапсырулы төрт елі погонда бөгелектей-бөгелектей төрт жұлдызым бар. Автокөлік қойдай өрген даңғылдың бір көшемен қиылысында жолдың жағдайын бақылап тұрмын. Терезесі қап-

қара иномаркалар о жақтан, бұ жақтан ұры итше сумандап шыға келеді де, дауыл айдаған қаңбақша зымырай жөнеледі. Солардың тайлақтай біреуі тасырандап келе жатыр. Өте асығыс секілді, өзіндейлердің бірін оң жағынан, бірін сол жағынан басып озып, қағыла жаздап, соғыла жаздап, етиаумайт болып-ақ келеді. Бәтшағарды тоқтатып, біраз ақыл айтып, жөнге салмасам, өй, мынау сиқымен шатаққа шатылатын! Бастықтарым ұстатып қойған ысқырықты аузыма салып жіберіп, ал қышқырайын. Ала таяғымды, әрине, безеп тұрдым. Әлгі «тайлақ», дегенмен естияр екен, тұсыма жете қолқ-солқ етіп тоқтай қалды. Ереже бойынша байсалданып барып қарасам: шопыр келіншек (әлде қыз ба, ит білсін) оң қолын рульге асып тастап, сол қолымен сол құлағын баса шалқайып отыр. Ереже бойынша ала таяқты қолымды шекеме тірей сәлем берейін десем, салған сурет дерліктей сұлу шіркінім маған қарар емес. Сол қолымен сол құлағын басқаны --қалтателефонымен сөйлесіп отырғаны екенін кештеу болса да аңғардым. Ол да мені аңғарып, әйтеуір, бетін бұрып қарады-ау! Сөйлесіп болған екен, телефонды қолы құлағынан ажырады. Сәлем беріп:

-Капитан Айдосовпын. Сіз көше көліктерінің жүріс тәртібін өрескел бұздыңыз, оныңыз не? Сіздей аса сүйкімді адамға өйту жараспайды ғой, егер ренжімесеніз, құжаттарыңызбен танысуыма рұхсат етіңіз! – дедім, жымия жылы сөйлеуім жөн боларын ұмытпай.

-Сіздің бұл жерде тұрғаныңызға неше жыл болды! – деді ол, жана туған айдай қасын кере жымып.

-Ә, джипыңыз жүріске жүйрік, өзіңіз әзілге жүйрік екенсіз, өте жақсы! – дедім, ұтылғым келмей. Сол сәтте белбеуімдегі рациям бебеулей қалды. Маған әлі де жылы қараулы шопыр келіншекке (қыз болуы да мүмкін) мен де мейілімше жымия қарап: --Кешіріңіз! – дедім де, рациямды дереу алып, тыңдай қойдым:

-Әй, Айдосов! Андағы әйелді дереу қоя бер! Бұдан былай оның маңына жолаушы болма, ұқтың ба?!--дейді. Тікелей бастығым подполковник Тұтқыш Сарықұловтың дауысы. Әншейіндегі жып-жылы үні мүлде суып кеткен. Еріксіз таңдандым. Тұтқыш былайда қалжыңымыз жарасқан жақсы құрдасым болса да, мынау бейтаныс сұлудың көзінше, қызмет бабында ресми сөйлеспей болмайды ғой. Сондықтан сабыр сақтап:

-Подполковник мырза, бұл әйелге шара қолдану керек, жол жүру

тәртібін өрескел бұзды, -- дедім. Әйелге қарасам, ол маған жоғарыдан: «Ә, бәлем!» деген сиықпен салқын қарай қалыпты, -- тиісті шара қолданбай болмайды.

-Дереу қоя бер!

-Подполковник мырза...

-Құжаттары қолыңда ма?

-Әлі берген жоқ.

-Тіпті жақсы, дереу қоя бер!

-Бұл бүгін жол апатына ұрына қалса...

-Әй, Жәкібай, – деді Тұқан, үні жұмсарта сөйлеп, -- құдай тілеуінді берсін, андағы пәледен аулақ кетші! Астанадағы Бөкенді білесің ғой, андағың – соның осындағы «штаттан тыс» қатыны, ұқтың ба? Андағың сенің ала таяғыңды көрісімен дереу Бөкеңе телефон шалыпты, ол дереу маған телефон соқты. Так что, Жәке, пәледен тезірек құтыл!

-Жарайды, - деп рациямды жаптым да, есінеп отырған сұлуга: -Жүре беріңіз, тек абайлағайсыз! – дедім. Ол маған қазмойынын бұрмастан қаттырақ мырс етті де, джипын жұлқындыра жөнелді. Тек екінші қиылыстан өте бере «тұлпары» өзіндейлердің бірімен «тебісіп» қалды, -- тарс-тұрс, қиқ-шиқ! «Ойбу!» деп... оянып кетіп... түстің «дүздегі әйел сияқты» екеніне көзім жетіп, қатты қуандым.

БҰЛБҰЛ

Бұл өмірде сен көріп, өзгелер көре алмай, өзгелер біліп, сен біле алмай жүрген нелер көп, өте көп. Сондай нені мен де өткен аптада басымнан өткізіп, әйтеуір, несін салғанда, өкінішке жем болмайтын жол тауып кеттім. Маған бұлбұл керек болған. Айтқан нені ұғар жасымда-ақ бұлбұл дегеннің барын естіп, кейін нелерде көріп жүрдім. Сонсоң, қашанғы көре берейін, біреуін сатып алып, үйде ұстағым келді. Қаланың қақ ортасында жоғарғы табалдырығына... тоқта, олай емес, жоғарғы емес, төменгі... жоқ, просто несіне... маңдайшасына «Зоодүкен» деп не ілген дүкенге бармақ болып, ақындарша айтқанда, «күнмен бірге көтеріліп», көшеге нетіп, аутобус келе қалып, мініп алып, бір бос орындыққа жалп етіп едім, біреу желкемнен нетті. Жалт қарасам... о-о-ойба-а-ай... Ожарбай!

-Өй!

-Әй!
-Сенсің бе?
-Сен ше?
-Мен ғой, Ожеке!
-Мен ғой, Божеке!
Екеуіміз қол алысып, қол берісіп, нетістік те қалдық.
-Тише! - деді жұрттан жолақы жинап жүрген дәу жігіт, біздің жанымызға келіп, менің екі алақанымдай бір алақанын жайып.
-Мен бергенмін, - деді Ожарбай.
-Мен беремін, - дедім мен.
Дәуден құтылдык.
-Екеуіміз кездеспегелі неше жыл, а? - деді Ожекем.
-Сегіз жыл бір үйде неттік қой, сен қай жылы көштің осы? Қай микрорайонда тұрасың? - дедім мен.
-Мен бе?.. Мен сендерден көшкелі... обшым мен 1997-жылы көштім. «Көксай-19» деген микрорайондамын.
-Қаскелеңге нетіп қалған екенсің ғой?
-Сен қайда кетіп барасың? - деді Ожекем.
-«Зоодүкенге». Бұлбұл сатып аламын! - дедім мен.
-Әй, сен дүкенді қой! Қазірде дүкендерде дұрыс тауар жоқ, барының бәрін екі есе, үш есе қымбаттатып қойған, бәрі жекеменшік пәле емес пе?! Құдай біледі, бұлбұл онда бұзаудан да қымбат. Сен тура «Барахолкаға» тарт! «Барахолка» деген базарды білесің ғой? Онда адамнан басқаның бәрін сатады. Адамды да сататын шығар, оны кім біліп жатыр?! Онда әрі таңдап жүріп аласың, дүкендегідей арық-тұрақ онда болмайды, әрі арзанырақ, любой бұлбұл примерно тауықтың бағасындай болатын шығар, - деп Ожекем бастырмалатып жөнеліп еді:
-Әй, шал! Алтынсаринада түсуім керек деп едің, қазір Алтынсарина болады, бұлбұлша сайрамай дайындал! - деп күжілдеді ақша жиғыш дәу, біз жаққа мойнын соза қарап.
-Ә, мен келіп қалған екенмін ғой, ал, Божеке, аман бол! Бір қалада тұрып кездесе алмайтын, дұрыстап сөйлесе алмайтын заман болды, ал сау бол! - деп Ожекем ұшып тұрып, ол маған қолын нетті.
-Аман-есен жүр! - деп мен оның қолын неттім. Қайтсін-ай, тіл мен жағына тыныштық таба алмай, іші әлі пысып жүр екен ғой!..
Үгіт-насихат түзелгенде тыңдаушы да түзеледі емес, Ожекеңнің

өсиеті ішіме қона кетіп, келесі аялдамада нетіп, басқа аутобусқа ауыстым да, тура «Барахолкаға» жетіп бардым. Сұрай-сұрай бұлбұлдарды тауып алдым. «Павильон певчих птиц» деп тұр екен. Бұлбұлдан басқа да неткіштер бар екен-ау, ә?!.

Павильонға кірсем, - концертный зал! Жоғары-төменді сатыларда быжынаған құс. Әр құс өзінше нетіп отыр. Ондаған құстың арасында сатушы келіншек сыңар екен, мені сарыла сағынып күткендей ол да сайрай жөнелді, сайрай:

-Хош келдіңіз! Келіңіз! Сізге не керек? Таңдаңыз. Міне, фотоальбом, көріңіз. Осында отырған құстардың бәрінің аты-жөндері, өмірбаяны мұнда жазылған, қәне, не керек, айта қойыңыз!

-Сәлеметсіз бе? Маған бұлбұл керек еді.

-Нешеу?

-Біреу жетеді.

-Кәрісі, жасы?

-Әрине, жасы.

-Еркегі, еркек емесі?

-Әрине, еркегі. Ұрғашысы керек емес.

-Бізде бұлбұлдың, тотықұстың, шымшықтың, қараторғайдың және көкектің группалары бар, сізге қайсысы, қандайы, не дейтіні керек? Қатты сөйлеңіз, мыналардың дауыстары естіртпейді, -деп келіншек нете түсті.

-Мен бұлардың бәрін білем, маған тек бұлбұл керек. Шымшық, мысалы, нете береді...

-«Нете бередісі» немене, қалай?

-Ол шикылдап отырып перерыв жасап, қасына береді. Қараторғай биікке шықса ғана нетеді, сайрайды, әйтпесе мылқиып отырады. Тотықұстар жалқау, өзі біліп ештеңе айтпайды, үйретсең ғана нетеді...

-Неткенді қойыңызшы, а?!

-Хорошо. Көкек төбесін ойсаң да түк түсінбейді, сұратпай-ақ өз атын өзі атауды ғана біледі, - культ личности. Мен бұлбұлды не... жақсы көрем.

-Жақсы көрсеңіз жақсы. Бізде, әнеки, ең жоғарғы орында үш түрлісі отыр, ең ақылдысы - ортадағы көкала. Дүние жүзінің байлары баратын Канары аралынан әкелінді. Оның әкесі... - деп келіншек маған біртүрлі қарады.

-Әкесі қайтыс болды ма?

-Жок, что вы?! - деп келіншек сылқылдап күліп алды да: - Оның әкесі - Ява аралының Тото деген тотықұсы, шешесі - сол Канарының Какава деген бұлбұлы.

-Қызық екен!

-Әрине! Ал ең қызығын айтайын: ғалымдар бұл породаны зерттегенде бұлардың жеті жүз жетпіс жеті сөзді жаттап алатын таланты барын тапқан.

-Анау қазір соны нете ала...

-Тфу! Неткенді қойыңыз дедім ғой?!

-Ә, иә, кешіріңіз, қойдым, міне, қойдым, сонда ол не айта алады?

-Нені үйретсеңіз, соны. Бірақ секреті бар. Біз ештеңе үйретпей сатамыз, инструкциясы солай. Сатып алған адам үйіне алып баруы керек те, үйрететін сөздерін оңашада оң құлағына сыбырлап айтуы керек. Қатты айтқанды қабылдамайды және сол жақ құлағы ештеңе ұқпайды.

-Вот кызык!

-Породасы сондай. Айтып бергеніңді қатесіз қайталайды, мен білем ғой, бізде бар.

-Сыбырлап айту керек, ә?

-Иә. Еше бір секреті: үйреткеніңді айтқызу үшін тұмсығына екі рет ақырын шерту керек.

-Ол оңай. Аты қалай?

-Ат керек емес...

Атсыз бұлбұлымды үйге алып келдім. Үй оңаша. Рахат. Әйелім мен балаларым қайын жұртымда. Сенбі-жексенбіге кеткен.

Сатушы келіншек атсыз бұлбұлымның ақ күрішті жақсы көретінін айтып еді, рас екен, бір уысын шайнамай-ақ қылғытты. Мен де сөйтіп, екеуіміз іске кірістік. Алғашқы ыстық лебізім жиырма жылғы баламасыз жалғыз бастығыма арналуы керек. Атсызымның оң құлағына екі ернімді астылы-үстілі тіреп қойып, сайрап жөнелдім: «Аса ардақтының ардақтысы Нойсырттан мырза! Сіздің арқаңызда пицца жеп, кока-кола ішіп жүрген он мың оқымыстының ортасындағы тарихшы ғылым докторы, профессор - мен - өзімді бақытты ғалым деп санаймын! Сіздің қоластыңызда ертеңгі академик емес, мәселен, аттестатсыз ауласыпырушы болсам да, мен ең бақытты

қазақтың бірі болар едім, өйткені сіз феноменсіз, ғажап адамсыз, данасыз, кеменгерсіз, әулиесіз! Мен сіздің атадан арыстан боп туған батырлығыңызға, анадан данышпан болып туған ақылдылығыңызға қайран қаламын! Бізге әлі де жиырма жыл көсем болып, жүз жасасаңыз екен! Айналайын Нойеке, Сіз - аспандағы жарық жұлдыздардың сұлтанысыз! Сіз - Петр первыйсыз, Вашингтонсыз, Черчилльсіз, Аденауэрсіз, Рузвельтсіз, Ататүріксіз! Сіз - үш қанатты қырансыз! Сіз - маңдайымызға біткен данышпан перзентсіз! Сіз - просто Иса пайғамбардың сөзісіз! Сіз - почти Нұх пайғамбардың өзісіз! Сіз Мұхаммед пайғамбарға ұқсайсыз! Сіз... садағаңыз болып кетейін Нойеке, сіз... мен күнде ұйқыдан ояна сала умоляю бога, чтобы вы были вечно в отличной деловой и спортивной форме! Сіз... біз... сіздей ұлы адам барда - біз бармыз! Өзіңізге арналған бұл асыл тілектің авторы - өзіңіздің құлыңыз, өзіңіздің үмбетіңіз Мырзыр Жиынтықов».

Сайрап болып, атсызымның қанат-құйрығын тарай сипап отырып, еңтігімді басып, есімді жидым. Нойекеңе арнау сөз айту дегеніміз, құрметті мырзалар мен ханымдар, Есіл мен Іле өзендерінің орындарын ауыстырумен бірдей дей аламын! У-у-ух!..

Атсызымның оң құлағын құшырлана иіскедім де, инструкциясы бойынша тұмсығына ақырын ғана екі рет шертіп едім, бұлбұлым бір сілкініп алды да, сайрай жөнелді. Ауыз-мұрнымды бос алақаныммен қымтай қойып, ал тыңдайын. О, жаратқан жақсы ием! Әкесі Тотодан, шешесі Какавадан айналайын атсызым менің тарихи жолдауымды сөз-сөйлемдерінің бір үтірін де, бір нүктесін де қалдырмастан қайталап шықты!..

Уэй-уэй-ай! Менен бақытты кім бар екен, ә?! Шіркін-ау, кім көрді, кім естіді?! Не десем екен, не істесем екен?! О! Алдымыздағы сенбіде Нойекеңнің үйінде ұлы той болады! Немересі Миллиардерболаттың жасы алтыға толады! Сол айналайынды сәтін келтіріп шақырып алайын да, мына бұлбұлымды: «Жаным, Миллиардым! Сенің туған күңіңе силығым!» деп құшақтатып, мұны қалай сөйлету керегін құлағына құйып берейін. Нойекем тыңдап, ақ моншада отырғандай бір рахаттансын! Оның рахаттанғаны - біздің рахаттанғанымыз!

ӘДЕБИ ЖАНР

Мұсахан - көптен бергі құдайы көршім. Қатар есікке қатар кіріп, қатар есіктен қатар шығып, бір автобуспен қызметке барып, бір автобуспен қызметтен қайтып, қатар тіршілік етіп жүргенімізге енді тура пәленбай жыл толмақшы. Қашан толатынының тарихын қазір айтып берейін: так значит, қай жылы, қай айда еді, так, мың тоғыз жүз, әрине, мың тоғыз жүз алпыс... алпыс тоғызыншы жылы, яғни... жетпіс бестен бесті алсаң - жетпіс қалады, значит жетпісінші жылы, мың тоғыз жүз жетпісінші жылы... Май мерекесінің алдында осы үйге кіргенбіз, содан бері көршіміз. Ғажап, ә? Әрине! Ал бұдан да ғажабы мынау: екеуіміздің түріміз ұқсас болмаса да, тағдырымыз өте ұқсас, тура кинодағыдай! Мұсахан да үшінші әйелімен тұрып жатыр, менің де әйелім үшінші. Ол да бұрынғы әйелдерін үш-төрт баласымен тастаған, мен де үш-төрт баламен тастадым. Значит жетімақыны да бірдей төлейміз. Жалко, конечно... Үшінші әйелінен оның бір қызы бар, менің де бір қызым бар. Екеуіміз де жазғышпыз. Екеуіміздің де әкешеміз ауылда, қарындастарымыздың қолында тұрады. Екеуіміздің де соңғы әйелдеріміз қызмет істемейді, екеуінің де дипломдары қолдарында, бірақ балалы болғаннан кейін қызмет істегілер келмеді; көзі ашық, правосы тең кісіге күш жұмсай аласың ба!

Екі үй ә деп көрші болғаннан-ақ қалайда қатты араласып кеттік. Пәтер жуудан бастадық та, содан жалғап жүріп бердік. Той да ортақ, мейрам да ортақ, мейман да ортақ... қысқасы: бала мен әйелден басқаның бәрі түгел ортақ.

Сөйтіп, 1974 жылдың жазы шықты. Бір күні, жо... күн емес, түнде, ұйқының алдында, менің әйелім... бір кітәптағы ма, әлде кинодағы ма, әйтеуір, әлгібір таныс маймылша мені бүйіріме түртіп қалып:

-Әй, мен саған бірдеңе айтайын ба? - деді.

-Ертең айтарсың, - дедім. Ұйқы әкетіп бара жатқан.

-Жоқ, қазір айтамын! - деп әйелім басын көтерді. Сақыш бас көтерді дегенше мәселе шешіліп, бұйрық жазылып, қол қойылды дей бер.

-Айтсаң, айта ғой, - дедім, еріксіз былп етіп.

-Айтсам: Мұсаханнның былтырғы романы сыйлыққа ұсынылыпты!

-«Жасыл жайлауы» ма?! Оны кім айтты?

-Қатыны айтты.

-Кімнің?

-Кімнің болушы еді, өзінің қатыны!

-«Өзінің»? Мұсаханнның ба?

-Әй, сен ояусың ба, өлісің бе?!

-Түсіндім, қойдым.

-Оның ол кітәбі соншама жақсы кітәп па? Сен оқып па едің өзін? Сенің «Ұзақ сонарыңнан» артық па? - деген Сақыштың дауысы құмығып, егер мен бірдеңе сезсем, асқазанының артқы жағынан естілгендей болды.

-Дауысыңа не болған, тамағыңа суық тиген бе? - дедім. Күз бен қыстың өліарасындағы көңілін көктемге жақындатқым келгенін сіздерден не үшін жасырайын.

-Сенің романың неге ұсынылмайды ол сыйлыққа?!

-Е, мен қайдан білейін?! Ондай ешбір сыбыс жоқ еді, мен кеткенде.

-Ендеше, сен командировкада жүргенде Мұсахан жолын тапқан. Сен болсаң, уақсыз-уақта шақырған тауықша, командировкаға мезгілсіз кете бардың, тіпті тым-ақ пысықсың!

Әйелім ойымда жоқ сойқан статьяларды тауып қажай бастағанда ептеп ереуілдейтін әдетім болушы еді, сол дәстүріме бағып:

-Үйде болғанда, немене, кітәбімді силыққа өзім ұсынушы ма едім? Біз, құдайға шүкір, Америка емеспіз ғой, ондай жойдасыздық жасайтын, - дедім, саясаттан хабар-ошарым барын батыл аңғартып қалдым.

-Америка не теңің?! Ең алдымен еркек екенінді ұмытпасаңшы!

-Ұмытып жүрген жоқпын ғой?!

-Иә, ағаш қиып, үй салып жүрсің! Өй, шіркін! Мұсахан ғұрлы болсаң-шы, тым құрығанда!

-Ол не істепті?

-Ол, әне, романын мемлекеттік силыққа ұсындырыпты! Еркекте, асай-мүсейінен басқа, намыс деген болуы керек! Сенің намысың қайда, намысың?!

-Ары қарай айта ғой.

-Мұсахан бөртіп, жортып жүрген көрінеді. Енді ше? Романының силыққа ұсынылғаны ертең газетте жазылады дейді. Жаман қатыны айтты, оның да буы бұрқырап жүр! Өй, сенде еркектік намыс болмаса да, жазушылық намыс болмаушы ма еді?!.

Ештеңе деп қорғана алмадым. Ұйқым жел қуған бұлттай ыдырап кетсе де, ұйқы басып бара жатқандай баяу есінеп, іштей тыныштық тіледім. Сақыш та қашанғы таң күзетсін, сәлден соң қатты күрсінді де қайта қисайды. Содан қимылсыз біраз жатты. Сосын:

-Әй, сонда сол силықтың ақшалай құны қанша? - деді. Енді бүйіріме түртпей-ақ. Ұйқымның қаңғып кеткенін біліп жатты ғой, қатынның білмейтіні екі дүниеде де жоқ шығар. Ұйқы жоқта ұйықтап қадірімді кетіре берейін бе:

-Он мың доллар, - деп ақпар бердім. Естігенімді айттым да.

Сақыш ыңқ етпеді. Естіді ме, естімеді ме?.. Талып қалғаннан сау ма?! Дұрысырақ еститін оң құлағымды соған қарай бұрып, демімді ішіме тартып, тың тыңдап едім, тәубә,тәубә, оның демі сыртына шығып жатыр екен!..

Сонымен, ол түнгі айтысымыз сап болды.

Бірақ мен сол түні таңның бір жеріне дейін ұйықтай алмадым. Он мың доллардың қаншама қаржы екенін, оған нендей дүние-мүлік сатып алуға болатынын алғаш рет ойлай-ойлай, кәдімгідей алжаса жаздадым.

Таңертең төсектен тұра бере:

-Он мың долларға... – деп аузымды адамша аша бергенімде:

-Күйісханның екі этажды дачасын және спальный гарнитур мен широкоэкранный «Самсунг» телевизорын сатып алуға болады, - деді Сақышым, сразу іліп әкетіп. Әйел байғұстың ойлайтыны отбасының қамы емес пе, қайтсін-ай, түні бойы шот қағып жатыпты-ау!

«Жасыл жайлауы» сыйлыққа ұсынылған Мұсаханды біз қайтадан тани бастадық. Бұрын қалай байқамағанымызды албасты білсін, Мұсахан дегенің барып тұрған... қамытаяқ екен. Оның үстіне көзі қылилау ма, шапыраштау ма, қалайда аяғының да, көзінің дені дұрыс емес екен. Оң жақ ұрты салбырап, аузының қисықтығы тағы бар. Неткен сөзшең десеңші! «Аузы қисық болса да, бай баласы сөйлесін» баяғы. Күннен күнге көсілген көбік әңгімесінен ығыр болып, ақыры баласына баламды жұмсап төбелестіріп, әйелдеріміз ұйымшылдық көрсете шаш жұлыса жаздап, өзіміз де кеңірдек керісіп, әрең дегенде ажырасып, шекарамызды жауып тындық. Қатар есік әдірем қалды. Мұсахан екеуіміз екі көшемен жүреміз, екі автобуска мінеміз. Сөйтіп, бетім безеуленіп, көңіл мұздап, әбден құрыстандым да, «Жасыл

жайлауының» үстінен ақпан арызды ал борат! Оқиғасы сұйық, идеясы тұйық, тілі кібіртік, бас кейіпкердің пікірі ірімтік, жалпы кейіпкер өте көп, бірақ әдебиетке де, қазіргі оқырман қауымға да, әсіресе жас жеткіншектерге, сонсоң, әрине, үкіметке де ешқандай пайда жоқ, қайта: көрсеқызарлықты, арамтамақтықты, қулық-сұмдықты дәріптейді! - деп Мұсаханның алды-артына, қатыны екеуіне ғана емес, бүкіл ата-бабасына жетерлік пәле-жаланы үйдім кеп, үйдім кеп. Алдын ала араздасып алғанымыз керемет көрегендігіміз болды, оппозициялық ашық күреске әйелім де менімен иық тірестіре шығып, ай-хай, көсілттік-ау, көсілттік! Өз атымыздан да жаздық, жолдастар мен достарымыздың да, қастарымыздың да, нағашыларымыз бен жиендеріміздің де, көрші-қоландарымыздың да аттарынан жаздық. Адам бір іске шынайы беріліп, жан-тәнімен сүйіп, творчестволық ынтамен істесе, талантының қайнар көзі сонда ғана жарқырап ашылады екен. Бұған дейін арыз жазып көрсекші! «Ештен кеш жақсы»! Шабыттын шалқарында еркін жүздік те, кеш қалғанымыздың есесін қайтардық. Небір оқиғалар, тың фактілер, тосын кейіпкерлер селше ақтарылды. Өз басым бір де бір кітабымды мұншалық серпінмен, мұншалық екпінмен еркін жазып көргем жоқ. Бұрындар жазып отырған қағазымның бетіне бір әріп жаңсақ түссе, немесе сиямның қою-сұйығы біркелкі болмаса,- қаламым жүрмей қоятын. Сөйтсем, ол өзі шабытқа байланысты екен. Мұсахан бас кейіпкерім болғаннан кейінгі жерде оның бәрі былай қалды, тіпті көк сия, жасыл сия, қызыл сия, қара сияларыңды кейіпкерімнің психологиясын суреттеу тәсіліме сай қолданатын әдеби-техникалық жаңалықтар да аштым.

Жаза білсең, арыз да өнер екен! Айызың қанып жазып, поштаға апарып салып келгеннен кейін арқа-басың кеңіп, ақ моншадан шыққандай рахаттанып қаласың. Келесі арыздың сюжеті де оп-оңай орайласып, сапырылысып, әлгі, көне ауыз әдебиетімізден сусындағанымыз сияқты, «бақсының жынындай буып» бара жатады. Творчествоның рахаты мен азабы бірдей деген рас екен, өмірдің өз шындығы екен.

Тартынбай талмай ізденудің, табандылығымыздың, творчестволық тынымсыз еңбегіміздің нәтижесі ойлағанымыздай болып, атқан оғымыз көздеген нысанаға дәл тиіп, Мұсаханның «Жасыл жайлауы» силықтан қағылып, тақыр жайлауға айналды! Мен танымайтын

тағы бір жазушының романы ұсынылған еді сол сыйлыққа, тегі, мен сияқты достары ол романның да шаңын қақса керек, - оған да сыйлық бұйырмады.

-Сен арызқой екенсің? - деді кеше маған Далай. Әлгі сйлық комиссиясының хатшысы.

-Қазіргі кезде арыз дегенің - әдеби жанр! Анау көкелеріміз бірінің үстінен бірі дилогия, трилогия жазып жүргенде менің, тым болмаса, новелла жазбауым азаматтыққа жата ма?! -деп едім, Далай жарылуға жақындаған шиканша сызданды. Афоризмге бергісіз асыл сөздің авторы өзі болмағанына күйінді ол.

СОЛ ҚУ АЙТҚАНДАЙ

Ой нөпір, ақша нету. Жоспар толып жатыр, ал ақша тағы нету. Уақыт қымбат, ал мен... Қожанасыр әпендінің ғана басына келуі мүмкін бір іске кірістім. Бізге тәуелсіздік бұйырудан қырық жыл бұрын «прихватизациялап» алған «үйдегі прокурорымның» бауыры Жексенбай жеті жыл бойы дізгіндеп жүрген «Жамбас» банкінен өсім-ақысыз қыруар доллар алдым да, «34 омыртқа, 46 қабырға» деп атап корпорация аштым. Прокурорым заңның асық жілігі мен орган жілігін қатар мүжіген болатын, «корпорация» деуді сол тапты. Мен «бірлестік» демекші едім, прокурорым бой бермеді:

- «Корпорацияны» қазақ тіліне аударғанда «бірлестік» болатыны рас, бірақ қазір, біріншіден, шет елдердің тілдеріне ерекше мән беріліп жатыр, екіншіден, есіңе тұт, бірдеңеге айдар таққанда ол қазаққа неғұрлым түсініксіз болса, соғұрлым авторитетті болады! - деді ол. Түсініп жарымадым.

-Ал корпорацияма мен өзім ойлап тапқан атқа қалай қарайсың? Оны сенімен ақылдасқан жоқпын, өкпең өсіп кетпесін, - дедім, баяғыда қаймықпай сөйлейтін әдетімді бір жаңғыртып.

-Бүгінде кім не десе де, не істесе де ерікті емес пе? «Хайль Гитлер!» демесең болды, кім қарап жатыр! - деп жүрегімді бір жұлқынтты. Үндемедім. Үлкен іске кірісерде жүйкені сақтай білу керек.

Корпорация немен шұғылданады және қалай шұғылданады, штатында неше кадр, неше «джип» болуы керек, оларға айына неше

мың доллар жұмсалады дегендей маңызды-маңызсыз мәселелерімізді аударып-төңкеріп, Жарғымды жазып тастап, жан-жаққа көз де, ой да жібердім, яғни көз бен ойымның бірлескен алғашқы мәжілісінің күнтәртібінде бірінші кезекте штат проблемасы тұруға тиіс.

Та-а-ак... Бірлес... тфу!.. Корпорация! Оның басында президент отыру керек. Бізде жарты омыртқа, жалғыз қабырға мекемелердің бәрінің де пілдей президенті бар, жер мен көктің арасы толған президент. Яғни мен - өзімнің корпорациямның өзінің президентімін!.. Ал вице-президент... вице... вице... бұл өзі «ертеңгі президент» деген сөз емес пе?! Яғни менен кейін президент болатын кісі. Уәй, соның керегі не? Мені мен сен үшін, тіпті ол үшін де отқа түсетін дос жоқ заманда «вице» дегеніміз біздің қашан сүрініп кетуімізді күбірлеп күтіп жүретін, мұрттай ұшуымыз бен қылжия салуымызды сыбырлап тілеп жүретін әбілет қой, а?! Әрине, сол! Дәл өзі!.. Тогда долой!

Жалпы кадр мәселесін дұрыс шеше білу керек. Ортақ ісіңнің оңға басыуына, шығысыңнан кірісіңнің асып түсіп жатуына ынталы, білімді, әділ, адамдарды танып, тауып, іріктеп, жинап алмайынша ешбір іске кіріспеу керек. Шын айтам. Ал кірісерден бұрын кадрларыңның сенімді-сенімсіз екенін біліп алмасаң, айлы түнде адаспақ тұрғай, алжасасың. Ендеше, кәне, қосылып ойланайық: сіз бен бізде сенімді кісілеріміз бар ма? Бар! Олар кімдер? Олар: ақ тер, көк теріңнен жаралған балаларың, олардың шешесі, аға-інілерің мен апай-қарындастарың, келіндерің мен күйеубалаларың, құдаларың мен құдағиларың. Корпорацияның қаңқасы осылардан құралуы керек. Қалғаны штатыңның шама-шарқына қарай кейін келіп-кетіп жатады. Айтпақшы, ол қалғандардың мәселесі ру мен жүзіңнің рухына қарай шешілуге тиіс.

Міне, замандық маңызы заңғар корпорациям осылай жасақталғанда ғана мен жарқырай аламын. Ал заңғар корпорацияда ең мықты бедел, абырой кімде болуға тиіс? Менде! Заңғардың ең биігінде, басында мен отырамын, мен бәріне ие боламын, ендеше бәрі менде болуға тиіс! Есі барлардың есінде болсын: бір ұжымжа мен де, сен де, ол да бір ғана МЕНГЕ айналмайынша жаңбыр да, қар да жаумайды, жел де соқпайды, бұлт көшпейді. Адамзатқа жаңбыр да, қар да, жел де, бұлт та ауадай қажет. Менің сеніп, іріктеп, тандап, жинап, құрап алатын ұжымым мұны түсінбейінше, мені МЕН деп білмейінше ешбір мәселе шешілмейді. Ал Мен (бұдан ары бас әріппен жазбай

болмайды) ертеңгі ұжымыма бүгін-ақ сеніп отырмын, себебі: келетін кадрларымның Менің жолымнан өлсе де қия баспайтындарын он саусақ, он башпайымдай жатқа білемін.

Мысалға Мәсәлімді айтайын (оның да, басқаларының да фәмиле-сәмилесін айтудың қажеті жоқ, бірімізді біріміз баяғыдан білеміз, бәріміз – бір Шалаптың ұрпағымыз). Аузының үсті жүн, асты тақыр бұл жігіттің иі жұмсақ, «тұр, отыр» дейтінімді он, онбес минөт бұрын біліп жүреді. Анау-мынаудан біраз білімі бар, о жақ, бұ жақпен ілікшатысы бар. Жарықта жаңылыспайды. Қараңғыға, мен жұмсағанда болмаса, аттап баспайды. Менің кадрым ба? Менікі!

Енді Қасқабақты айтайын. Біртоға жігіт. Оқуы көптеу, тоқуы аздау. Ертеңді-кеш аузы аңқиып, менің аузыма қарап отырады, Мен былш еткізіп түкіріп жіберсем, - ол былқ етпей жұта салады.

Асамбайды айтайын. Мен оны пионер кезінен білем. Елпілдеген елкезектігі ерекше. Сол пионер қалпы. Мен түн ортасында телефон соғып: «Әй, Сиықтан сигарет алып кел!» десем, жазда бәтіңкесін, қыста пимасын киюге мұршасы келмей, бөденеше бұлтындап жөнеледі. Сиық – Менің біздің қаладан жеті шақырым жердегі Жота ауылында тұратын кұрдасым, темекіге құмарлығы теңдессіз ит неме, Менің темекім күнара таусылып қалады, ал оның күн сайын бір қорапты артық алып қоймаса, басы ауырады.

Мырышбекті айтайын. Әй, ол сөзге бай. Өте бай. Шіркін, оның сөзі сатылатын бағалы болса, әйелін былай қоя тұрғанда, бала-немересінің бәрі мектеп партасынан шығар-шықпаста-ақ миллионер болатын еді. Ол күніне он мың ауыз сөз айтпаса, Мырышбек болмай мылқиып қалады, ұйқысы қанбаған, іші бұрап ауырып тұрған байғұсша кіржиіп жүргені. Оның сүтке тойған мысықтай құнтиған, құлпырған сағатын көргің келсе, шаршы топқа шақырып алып: «Ал, Мыршеке, бүгінгі әңгіме былай, кәне, осы туралы ой-пікіріңді ірікпей бір көсіл!» деші, жоқ мұрты тікірейіп, жоқ сақалы шошандап жөнеледі бағана. Ең қызығы - Мыршекеңе өзінен бір елі жоғары тұрған бастығының мерейтойында сөз беру. Басекесінің алдына алты жастық, артына жеті жастық қойып, астына он көрпе салып сілтеп кет кеткенінде дариядағы кеме, әуедегі ұшақ өзі болады да, басекесін айдың арғы жағына, күннің бергі жағына апарып қойып шұлғығанда шілденің шіліңгірінде мәстек те өйтіп шұлғы алмас. Маған керек кадр ма? Әрине!

Арғы-бергі заманда бір оқымысты айтыпты дейді: «Жарық дүниеге жалғыз-ақ рет келесің, жалпағынан басып қал» деп. Сол қу айтқандай, Мен бұл дүниені ұзынынан да, көлденеңінен де басып жүріп, өзімді, өзімдікі атаулыны жарылқап өтуім керек. Өзгелер тесік өкпе боп жаралған өздерінен көрсін. Қоластыңда мақтарыңды, боқтарыңды күні бұрын біліп, соны мыңқ етпей, қыңқ етпей қабылдайтын, келесі жылы түшкіруіңе биыл жәрәкімалласын дайындап жүретін, жолыңды алақанымен сипалап, табаныңа тілін төсеп: «Аға-екем, басекем, қамқоршым, асыраушым, жарылқаушым, кемеңгерім, данышпаным, әулием!» деп көзіңше де, сыртыңнан да сиынып, ұйқтамастан ұшып-қонып жүретін кадрларың болмаса, онда сен басқаларды төменге тастап кететін аптаритет таба алмайсың.

О, ТОЛҒАҚБАЙ!

Біздің бұл Толғақбай түсінде не көрмеді десеңші! Тынысы тарылған тауқыметі де, жаны жай тапқан рахаты да толып жатыр. Ол жанбаған от, ол тұншықпаған су жоқ шығар. Ақпанда ақ бұлт үстіне шығып алып, күнге қыздырылған кезі де, бірде өзінен сынық сүйем аласа бір ағаштың бұтағына оң құлағынан ілініп қалып, Бикәмалының күміс сырғасынша салбырап тұрған сәті болды. Тіпті Шоқай нағашысының ақсақ құла биесі кіндігінен сынықсүйем төмен теуіп кеп жібергенде... төсегінен құлап түсіп: – О, тәңірім-ай, сақтадың ғой, сақтадың ғой! – деп ұшып тұрғаны да бар.

Бұл сияқты қым-қуыт, шым-шуыт түсті көп көріп, түн баласында шала ұйқы болып жүргенмен, Тоқаңның тобығы да орнында, бұғағы да қалпында. Қайта, тоқішектей жұмырланып барады. Өйтетін жөні бар, түн тыныштығын күні бұрын ойлап, көптен бері қызыл іңірден жантайып жүр.

Міне, Тоқаң бүгін де күн ұясына кіре көрпесін жамылып еді. Содан бір сағат шамасында тыныш жатты да, кенет... көршідегі қабаған күшіктің алдына түсіп жөнелгені. Өспей қалғыр қанденнің қайдан шыққанын ит білсін. Құйрығын қыбыжықтатып, көзін қысып қылмандап алды да, қуып берді. Аңғарбайдың шалбарын шешіп әккіленген жаман күшікке дауа бар ма? Бірақ Тоқаң ілестірмеді,

құдай жолын ондағанда Орталық стадионға тап келіп, «Қайрат» пен «Пахтакордың» ойынына араласып кетті. Ойынның екінші жартысы аяқталып қалған тұста... жеңгей келіп төсекке жатты. Тоқаң өзі торға түсірген екінші доптың қақпадан қайта шыққан-шықпағанын көріп үлгірмей оянып кетті. Масайрап, даурығып оянды.

– Не боп қалды? – деді жеңгей, бүйірден нұқып.

– А... ха. «Қайратқа» ...екі гол салдым!

– Жетісіңсің!

– Аһ... аһ. Әй, сен... түсім бе?..

– Өңінде «Қайратқа» тісіңді басып жүруші едің, есенді алған екенсің. Ары жатшы!

Толғақбай іргеге қарай аунап түсті. Жеңгейге бірдеңені күңк етті де, ұйқы тереңіне қайта сүңгіді. Біраз сүңгіп барған соң... Баспахананың жанында Секілтайға жолыға кетті.

– Е, інішек, анау газеттерінде менің мақалам шығып бара ма?

– Макетке ілініпті, ертең оқисыз.

– Көлемі қандай болыпты?

– Бір подвалдай көрінген.

– Подвал... ә, сызықтың астында де.

– Үшініші беттің соңғы үш бағанасы болатын, подвалға дейін.

Газет бетін ортадан сәл түсіңкірей екіге бөліп тұратын жуан қара сызық Толғақбайдың түсіне талай кірген. Сол сызықтың астына тұтас түскен мақаланың қаламақысы да молырақ деп естігені бар.

– Әй, ағайын, сызықтың астына неге салмадыңдар?!

– Мен әлгі оқысып қана қайттым, Тоқа, басқасын білмеймін.

Тоқаң үйіне тура тартып отырды. Телефонға жетіп құлап, редакцияның жауапты хатшысына құрық тастады. «Менің мақаламды боршалап, барлық дәнін алып тастап, суын ғана қалдырған сияқтысыңдар, өзін сызықтың үстіне шығарып... астына бір түсірмейсіңдер. Мен редакторыңа айтармын, өйте берсеңдер! – Осылай басталған оспақты түтіндей ұйтқытып оңға да, солға да бұрқатты. Хатшы да төтеп берді. «Е, Тоқа, бір-бірімізге сыралғы адамдармыз ғой, ақырын сөйлесеңізші. – деді. – Мақалаңызды бөлім бастығы оқыды, редактор да оқыды, қайта сол кісі мақалаңыздың үш-төрт бақыр суын төгіп тастап еді, дәмі кіріп қалды».

«Қап, мыналар тіпті басынып барады. Олардың жетесіз сөздері

маған қаламақы болады дей ме екен, соны неге ойламайды? Көздерінді ашып қараңдар! Міне, былай ашып қараңдар!». Түтігіп кеткен Тоқаң көзін ақшита қарады. О, жалған! Көршісінің қара құлақ көк текесі де көзін ақшитып, – «Толғақбай, қайдасың?» дегендей, құлағын едірейтіп, орғып келеді. Тоқаң жан-дәрмен тайқи берді, бірақ көк теке құйрығын дереу ұзартып, дұзақтап алды да, көршісінің мойнына тастап-ақ жіберді. Тоқаң қылғынып, тыпырлап, мойнындағы дұзақты сыпыруға тырысып: – Өлдім! Өлдім! – деп қыстығып... оянды. Жеңгей: – Өлімің бар болсын, шашымды жұлдың ғой! – деп оның қолын қағып жіберді. «Мен... әлгі... көк теке...» деп күбірлеп, Тоқаң ірге жаққа қайта аунап түсті.

ҚҰРТҚАЛЫ КЕТТІ

Біздің үйде әжем марқұмнан қалған бір сары кебеже болушы еді. Балконда тұратын. Біз өзі ірілі-уақты сегіз жанды семьямыз, осы бәріміздің үш-төрт жылғы ескі-құсқы аяқ киіміміз соның түбінде жататын. Бір күні кеңсемнің есігі айқара ашылып, әлгі сары кебеженің кіріп келе жатпасы бар ма! Балаларым кейде жасырынбақ ойнағанда бес жастағы қызым соған тығылып қалуға әуес еді, тегі сол тағы сүңгіп кетіп, кептеліп қалған екен, сосын кебежесімен көтеріп маған әкелген екен деп шошып, жүрегім төңкеріліп түсті. О, жамағат, құдай сақтайын десе қиын ба, әлгіміз біздің сары кебеже емес, біреудің сары портфелі болып шыққаны ғой. Тәубә, тәубә!

Біздің сары кебежені емес, өзінің сары портфелін алып кірген шикілтім сары жігітке шынайы риза болып: «жоғары шығыңыз, төрлетіңіз!» деп құрақ ұштым. Шикілтім жігітте сірә екі-үш адамның салмағы бар болса керек, ықыласыма елп ете қоймады. Ата қазша алшандап келді де, сары портфелін столыма теңкитте тастап:

– Редакция ма? – деді тілі енді шығып.

– Иә, редакция, әдебиет бөлімі.

Сары жігіт сары портфелінің айқыш-ұйқыш айылдарын ағытып, құрсағын ашты. Ықпыл-жықпылын ақтарып, бір қуысынан парақ-парақ қағаз алды. Содан кейін ғана бетіме қарап:

– Өңгіме керек шығар?! – деп, әлгі бар-ау, тойда қызға орамал тастағандай-ақ, алдыма борп еттіріп тастай салды.

– Аса бір жақсы әңгіме болмаса, басқасына зәру емеспіз, ағайын.

– Оқып көрген адам әбизәтіліні ұнатады, – деді де, сары жігітіміз қарсы алдындағы орындыққа жалпия жайғасты. Басындағы қаракүл құлақшынын милығына баса түсті. Мұнысы Алдакеңнің: «піс, қазаным, бес ай, отырайын он айы» тәрізді табандап жатқан тіршілік-ау деп ұқтым. Бас киімін біреу ала қашатындай кептеп қойғаны да сол тіршіліктің бір телімі ғой.

Бұл кім екен, ә? Мына сары кебежені сүйретіп жүргеніне қарағанда, сүбелінің сүбелісі шығар. Бірақ өңі жап-жас. Талант шіркін жас-кәріні талғар ма, иегіне ұстара тимегенмен, тірі классиктің біреуі болуы да мүмкін емес пе! Демек, сөзді ушықтырып алмайын.

– Ендеше оқып көрелік.

Автор орышдыққа шалқия отырды да, мен оның туындысын оқуға кірістім. Ғажап әңгіме болып шықса ғой, менің алдында ғажап таланттың да отырғаны. Ғажап талантты бүйтіп отырғызып қою ыңғайсыз-ақ. Тездетіп оқыдым. Әңгіменің, жо-оға, автордың кейбір әріптері, үтір-нүктелері жол-жөнекей түсіп қалыпты, бірақ оларды тере алмадым. «Мәсия апай» деп тілін жинай алмай тұрған тақырыптың тұсынан да өте шыққан болатынмын. Оның бәрін теріп-жөндер болсам, бір айымның жалақысын мына таланттан өндіріп алуға хақым бар сияқты.

Оқып отырмын. «Мәсия апай» ақыры апай да емес, қарындас та емес болып шықты. Әйтеуір біреу. Әңгіменің басында бір мектепте мұғалім сияқты еді, әңгіменің аяғында мектебінен де, өзінен де адасып қалдым. Көріп-біліп келген автор адасып қалған соң, маған не дауа! Сонда да, әлде тауып алармын деген үмітпен, о бастан қайта іздедім. Боранда ізін шиырлаған жолаушыдай болып шықтым. Жоқ іздеген оңай ма:

– Мәсия апай қайда кетті? – деппін ғой.

– Ауылына кетті, – деп авторым қасын керіп отыр.

– Неге?

– Каникул басталды емес пе!

– Басталса ше?

– Алматының газын жұтып, у-шуынан мең-зең болғанша, ауылға барып, таза ауа, тыныш жерде дем алғаны артық қой! – деп шикілтім сары жігітіміз қызғылттанып барады. Екеуміздің екі жаққа лағып кеткенімізді енді аңғардым да:

– Пәлі, жігітім, мен Мәсия апайды әңгіменің ішінен іздеп отырсам, сіз оны маған сыртынан тауып беріп отырсыз, – дедім.

– Немене, әңгімеде Мәсия апай жоқ па?! – Автор жолдас орнынан ежірейе тұрды. – Жоқ па?!

– Иә, иә, жоқ, бас жағында бар еді, аяқ жағы бірдеңе болып кетті.

– Жоқ қой, ә?! – Сары өңінен айрылған жігітім жаныма келіп, дірілдеген қолын созды. Е, тауып бермек екен ғой деп әңгімесін өзіне ұсындым.

– Шын жоқ па?!

– Шын жоқ.

– Әңгіменің ең соңында Мәсия апайдың орден алғаны айтылған. Ал орден адамның еңбегіне беріледі, ұқтың ба?! – деді ол, столды тоқ еттіріп. Қой, орден адамға көп қыдырғаны үшін берілетін шығар деп әзілдегім келіп, бетіне жымия қарасам – автор жазған қып-қызыл боп күлкілдеп тұр.

– Сенбесеңіз бірлесіп оқып шығайық, – дедім, өзі күлкілдеп тұрған байғұс жарылып кетіп жүрер деп ойлап.

– Оқымаймын да, бермеймін де! Аты-жөнің кім?!

Аты-жөнімді қайтеді-ей, әскерге алып кетпек пе деп іштей күлдім де, үндемедім. Қайран талант тарс жарылып түсті ақыры:

– Редактордың алдында сөйлесеміз!

Ол лақтыра жапқан есік қайтадан жайлап ашылып, жазушы Бөкең ақсақал көрінді.

– Е, Тоқан, аман-есенсің бе? Денсаулығың жақсы ма? Жігіттер орынша ма? – деп қаудырлай сөйлеп келеді. – Оқыра тиген өгізше тапырақтаған әлгі бір жігітін кім өзі, оң иығымды салдыратып кеткенін қарашы, көзі жоқтай...

Көзі сап-сау оның мені құртқалы кетіп бара жатқанын Бөкең қайдан білсін!

МҰРТСЫЗ САҚАЛДЫМ

Кітапханашы екеуіміз бір әдеби шығарма жайында пікірлесіп тұр едік, жанымызға мұрты жоқ, сақалы бар бір салпы иек бөгде адам келе қалды. Қолымдағы кітаптың мұқабасына қарап алды да:

– Андағының авторы біздің ауылдан. Қасқыр жігіт! – деп сақалын сипап қойды.

ОРНЫМ ҚАЙДА?

- Е, дұрыс бопты, жақсы жазған екен.
- Біздің ауылдан алты ақын, екі жазушы, бір инженер, үш бастық, жеті бригадир шықты. Бәрі де көкжал жігіттер! – деп енді бас бармағын көрсетті.
- Е, бәрекелді! Ауылыңыздың абыройы екен.
- Ауылды айттың ғой, олар - бүкіл руымыздың абыройы! Біздің ру, шырағым, бұ үш жүздің ішіндегі ең шариятты ру болып есептеледі, ежелден солай. Еркек-ұрғашыларының бәрі де іштен оқып туған, бәрі өз ауылымызды басқарып отыр. Шеттен біреу-міреу келсе – жылына жеткізбей айдап шығады!
- Мұртсыз сақалдымның мына сөзі тәп-тәуір пісіп келе жатып іри бастаған сүтке ұсады. Әйтеуір іритін шығар, дұрыстап ірімшік болсын деп ойладым да, астының отын қағыстыра түстім:
- Шеттен келгендерді жылына жеткізбей айдап шығатындарыңыз да абырой екен. Сонда ауылдастарыңыз жарықтық жылқы мінездес болғаны-ау, кейбір айғырлар бөтен үйірдің бие-байталын да сауырлап-сауырлап қуып тастаушы еді.
- Әбден тауып айттың, тура айттың. Біздің жігіттер шынында жылқы мінездес, сауырлағанда сақа айғырға бергісіз!
- Сақалы бар, мұртты жоғым шалқия тұрып, сақалын уыстап-уыстап қойды да, кітапханашыға бұрылды. Майлы шелпектей ерніне еміне төніп тұрған жоталы ұзын мұрнына, тайқия қалған тылсым маңдайды төменнен тіреп тұрған қабақсыз томпақ көзіне қырынан қарап: «ауылың толы айғырлардың арғы болмаса да, бергі атасы өзің емес пе екенсің?» деп ойладым.
- Мына бала да біздің рудан, – деді мұртсыз сақалдым, – бірақ бізге тартпаған, жеті атасын айырып айтып бере алмайды. Бұ, шырақтарым, былай ғой өзі: қанша оқығыларың келсе, сонша оқыңдар, ал жеті атаны жатқа білу керек. Тіпті пашпырттарыңда да пәмилә-өтшістібә деп екі аталарың жазылады ғой, арғы жағында қалған бес атаны есте сақтауға әбден болады.
- Кітапханашы мырс етіп, теріс айналып кетті.
- Ал, сен... сен айтып бере аласың ба, жеті атаңды? – деп сақалды мұртсызым маған жантия қарай қалды. Сен қай рудансың?
- Мұртсыз сақалдым көзіме енді сүт те емес, ірімшік те емес, құр көлкіген сары су сияқтанып көрінді.

- Талайдың тауын шаққан, талайдың бөркін оқшырайтқан Тағдыр!
Жарық дүниеге келе сала шыжалақтап, төңірегімді сипалап, өмірдегі орнымды өлермендене іздеген пенде едім. Міне, қырықтың қисық жілігін мүжіп, кемігін елудің етегіне түкіріп жүрмін, бірақ бұл өмірдегі орнымды әлі таба алмай келем.
- Бесіктегі балауса шағымнан бергіні теріп айтып берейінші, өзің таразына тартып көр де, көңіліндегіні көзіме айт, тек ақы тілемегін – қазір қалтам тесік.
- О, бесіктегі күнім күн-ақ еді ғой! Тісім жоқ болса да, аузыма түскенді талғап алатынмын. Одан кейінгі шаруам ұйқы болатын. Мені шешіндіретін, шомылдыратын, киіндіретін, тамақтандыратын, ұйықтататын.
- Некерек, бесікте аз жатқызды. «Отыр, тұр, жүр» деп жұлқылаушылар көбейді. Қолдарында билік барлар қоймады, бір жылға жетер-жетпесімде дедектетіп жіберді. Ол екі ортада бір жылбысқы неме бесігіме ие бола кеткені! Тамыр-таныстықтың әуелгі әлегін сол күннен бастап тарттым. Содан бері менің орнымды сағалаушылар азайып көрген емес, қайта тырнаша тізіліп, көбейіп барады. Бесіктен айрылып, сандалбай жолға түскен бетіммен салпақтап әлі келем. Рас, мектептен өзім кеттім, колхоздан өзім кеттім, тағы бірсыпырасынан да өзім... тек бір ілгешек табылады да. Мынаны қарашы: мал өскен ауылда тұру өкпеме зақым болар деп иіссуы мол қалаға келдім. Сыбайласым жоқ жерде сыбағадан қағылатын әдетім, жатпендесі көп қала маған контор бермеді. Қалтам тесіліп бара жатқаннан кейін бір үй салушыларға қосылдым. Шешеден туғанда тап-таза қолына батпақтың табы сіңгенге қай азамат шыдамақ, мен де төзбедім.
- Маған таза жұмыс беріңдер! – дедім.
- Үлкен бастықтарға барып айт, – деді бригадир.
- Білімің аз, мамандығың жоқ, қай қызметке қой дейсің? Біраз істе, сырттай оқуға түс, мамандық ал, әлі жассың, сосын күні ертең біздің орнымызды басатын боласындар, – деді бір бастық.
- Қызық-ей, өздері! Кемпірбайдың Халеліне деп кім маған мамандық сақтап отыр екен?! «Оқуға түс» дейді тіпті! Мен оқуға құмар болсам, олардан сұрамай-ақ оқи бермеймін бе! Соны неге ойламайды екен

десеңші! Әлгі бастыққа ызам қайнап, бір реті келгенде бригадирдің жеті атасын аунатып бердім. Жөн айтпақ болған басқалардың да тұқымын тазалап шықтым. Сол күні екі құты ақпен ораза ашқан едім, қояйын ба, кім екенімді таныттым! Қитығы қайнаған бригадир ертеңінде мені жұмыстан қуғызды. «Менің орныма үй салып ал!» дедім де, кете бердім.

Екінші жолы ет комбинатына орналастым. Онда да сол баяғы білім-сілімді көлденең тартып, көк езуленіп, таза орын бұйыртпады. Ет боршалаушы болдым. Былайда ол... жаман қызмет емес. Тауықтан бастап, түйеге дейін құлатамыз да, құдай жымдастырған мүшелерін құр ойнағандай дөңгелетеміз. Сөйтіп жүргенде енді еңбегіме, кешке дейінгі маңдай теріме бірдеңе алуым керек емес пе? Керек! Ауылда соғым сойған шалдарға со малдың ішек-қарыны мен жүрек-бауырын бермеуші ме еді? Беретін! Маған ішек-бауыр емес, одан гөрі дұрысырақ мүшесі тиісті ғой! Соны айтсам – ұқпайды. Ақыры болмағасын, бір күні семіз қойдың төсін – төсіме, бүйректерін – бүйрек тұсыма таңып алып, құйрығын қойныма тығып алып тайғанымда, сыртқы есіктегі күзетші неме тайраңдап келіп бассалды. Өзі ошаған сияқты жабыспақ ку еді, айрылмай-ақ қойды, мылтығын шошаңдатып, бастыққа тура алып барғаны!

– Мұның не? – дейді.

– Ет, – деймін.

– Неге ұрлайсың? – дейді.

– Адал еңбегім! – деймін. Несіне қорқам, еркек емеспін бе, тайынбадым.

– Сотталасың! – деді.

– Сотталмаймын! – дедім.

– Жұмыстан шығарамыз, – деді.

– Қиын бопты! – дедім. Сөйтіп, олар «а» десе, мен «два» дедім. Қорқайын ба! Біздің ауылда Жарғазы деген: «алты рет айдалып барып келдім, қатты болса – жетінші рет барармын!» дейтін, ал мен сол жаман шалдан кеммін бе! Сескенбедім.

Содан енді бір азық-түлік базасына бардым.

Айттың не, айтпадың не, бұл өмірде маған орын қалмауға айналды. Миында қайнатып, аузыңнан шығарып тұрған сөзіңді ұғатындар жоқ. Аузыңды ашсаң – ақылы шамалы екен дейді, аузыңды жұмсаң

– мұңғыл екен дейді, ашу шақырсаң – ақымақ атанасын, таза қызмет сұрасаң – жындарын ұстатасың. Енді не істерсің! Менің өмірдегі орным, өз орным, өз орным қайда? Басқалардың менен несі артық? Менің бойым быртық, бетім тыртық, бір аяғым ұзын, бір аяғым қысқа ма? Әлде менің миым суға бөрттірген күріштен істеліп пе? Әлде қатын-баласы жоқ деп кемсіте ме? Қерек десе, қатынның он бесін алып, он бесін тастап берейін!

Осының бәрін миымнан сүзіп өткізгенде қарағұсым қаусап, шекем шақылдап кетеді. Төбемнен бүрген бір пәле алқымымнан алып, жүрегіме барып жабысады. Сол кезде жан-дәрмен ақтың екі стаканын жедел-қабыл тартып жіберсем, көзім жайнап, тілім сайрап, басымның бар-жоғы ұмытылып, адам болам да қалам. Тағы бір-екі стаканды тастап алсам, өзім білетіндердің арғы-бергі аталарын аударыстырып, түгелдеп берем. Одан кейінгісі үй иесі – кемпір-шалдың есінде болмаса, өзімнің есімде қалмайды. Таңертең жік-жігі қақырап тұрған басымды құрастыру үшін шалдан қарызға үш сом алып, магазинге барсам – сатушы қатын маған көзін шатыната қарайды. Өзі бар-ау, маған жеке меншік арағын сататындай! Шашы ұзын, ақылы қысқа неме!

Ал, Тағдыр-еке, мені әлдекімше өмірдегі орнын араққа тойып алып іздейтіндердің бірі екен деп жүрме. Мен ол статьяңа жатпаймын!

ҰҚТЫМ

Құлағым сізде, Көке, айтыңыз.

– Құлағыңды көріп отырмын ғой, тек андағы темекінді тасташы шұбалтпай.

– Көке, әкемнің түтінін шығарып отырмын ғой?! Менің әкем кісі-ақ екен, не керек, бірақ мен оған тартпаппын.

– Тартар адамына тартқан соң, несіне өкінесің, оданда сөз тыңда, – деді де, Көкең әңгімесін бастады. – Мен қазір 47 жастамын. Мұның жиырма үш жарымы, әлгі басымыз жұмыс істейді деп жүрген оқымыстылар адамның жарты өмірі ұйқымен өтеді деген сияқты, ұйқымен өтті. Қалғанының жартысы қатын алу, балалы болумен және кетті. Бес ұлға ие болу бес ру елге билік айтқанмен бірдей шығар. Иттердің бесеуі бірдей

жұлынған ұл болар ма! Баяғы сойыл заманы болса, бесеуі де қыз боп туып, сорлатар еді, ә? - Көкеңнің көзі жайнап, мұрты жыбырлап алды да, сөзін жалғай берді: – Саналы өміріме қалған оншақты жыл ішінде оһо деген адамдардың қатарына қосылып отырмын. Әкем марқұм: «осы Көкішім он кісіге басшы болған күні өлсем, арманым жоқ» деуші еді, айтқанына жетті, жарықтық қасиетті жан екен, топырағы тозбағыр. Сенің әкең де сөйдейтін шығар? Оның да тілегі қабыл болар, асықпа. Бірақ әкең әлі тың көрінеді. Бүгін-ертең кете қояды деймісің. Қайта одан бұрын өзің кетіп қалып жүрмесең, сенің денсаулығың нашар ғой. О, жалған! Ауру бір ілінбесін, бір ілінген соң алмай қоймайды. Сен биыл тіпті жүдеп кеттің, жағың суалып, көзің шүңірейіп. Өстіп бір күні ажал жетсе, е дерің бар ма, ажалға ара тұрар мұрша қайда! Оған дейін жеке үстелің, жеке телефоның болатын бір жылы кеңсеге еніп алуың керек...

–Көке, сіз қай-жайдағы...

–Ойымды бөлме, бауырым, тыныш отыр. Мен осы өмірімде төрт бастықты кіргізіп-шығардым. Әуелгі үшеуі сәтті күні жаралмаған жарықтықтар еді, мына соңғы Рахаң олардан сынық сүйем артық. Қазір өзі тураішектер тез жоғарылайтын заман-ау. Қазағымшылық, таныстық, ағайындастық жасауды білмейтін, рауағаштың айғырынша айдын тұратындардың шымылдықтары желбірегіш-ақ емес пе! Әуелгі үш бастығым сондай болатын. Солардың үшеуі де жоғарылап кетті. Ал Рахаң... қайран Рахаң адам ғой, адамның асылы де. Оның тұсында өзіміз томағасыз сұңқар болдық. Аққуынды да, қазынды да, үйрегінді де, тауығынды да ілдік. Көп балалы қатындардың, пенсияшыл жаман шалдардың талайының шақпағын шақтық. Біздің қатынның қыртысын жазып үш сом алғанша ішегіміз ширатылатын әуреден құтылып едік, хы-хы!..Сөз тыңдап үйрен, бауырым. Саған әркім ақыл айта бермейді. Сол Рахаң керім еді-ау! Алғашқыда суына қармақ тастатпастай көрінді. Бірдене жақпаса – шырты етіп шатынай қалады. Бір күні маған сыңар мойындана бастады. Біреулер үстімнен қызыл су жүргізсе керек, бұ жылмақай жұрт өскеніңе қуанар ма! Соны сездім де, дереу қонақасы бердім. Ертеңінде мұрты жатып, құяңы жазылып қалыпты. Содан бастап қабағын бақтым. Таңертең есігін ашып кіргізіп, дауысының қайтіп шығарын шамалап отырам. Атымды атаған сәтте түлкінің құйрығынша лып етіп, сия сауытының іргесінен бір-ақ шығам. Сөзімді түсініп отырмысың? Сен мұны әлгі қырсыздар айтатын жағымпаздыққа жорыма,

шырағым. Ал бастығыңа жаға білгеннің аты – жаға білген. Бастықтың аты – бастық, оның тұзы ауыр. Аяқ басқан жағына алақаныңды төсеп, табанына бұдыр батырмағаныңды көбі-ақ жақсы көреді.

Сенің бастығыңның аты кім?.. Бақытхан? «Бақа» дейсіңдер оны, ә? Бәсе, мұрт қоя алмаған мұрнына өкпелейді. Есінде болсын, сен бастығыңды басқалардан өзгеше атауды үйрен. Ертеңнен бастап «Бақанды» естіртпе, қайта «Бақытты аға» де. А? Үш жас кіші деймісің?.. Өй, онда тұрған не бар дейсің? Жұрт сендердің тістеріңді санап жатыр ма, сірә! Сөзді қой да, онда «Бақыт аға» дейтін бол. Сонда өзіңнің де бақытың жанады, балақай. Ол бір тапсырма берсе: – Хұп, хұп, жақсы, дұрыс, маған сенгейсіз, – деп иіл де тұр. Ал біреумен сөз таластыра қалса, бастығыңның сөзін қолда да отыр, оның пікірі оң ба, теріс пе – шаруаң шатаспасын, айлы түнде адаспа, түсіндің бе?

Бақытты ағаңды мереке сайын қонаққа шақырып тұр. Жаңа жыл бәріне ортақ, бір дастарханда бол. Армия күні оны командирің тұтып күт, 8 мартта жұбайың қолқалап таста, Май мейрамының орны ежелден өз алдына, о күні жақын-жақпайларын қоса шақырғаның жөн. Ал 1 июньде балаларына оны-мұны бір жылтырақтар апар, «берсең – кәрі мен балаға бер» деген ғой, олар екі сөзінің бірінде сені айтып отырады. Одан арғы мейрамдарды өзің білесің, календарыңа қарап жүр. Бақытты ағаң су ішкен топырақша жібіп, анда-санда статьясын келтіріп, саған сыйлық-милық беріп қалса, бауырым, сезесің бе... барлық шығыныңның орнасы толып, кіріс-шығысың шарбақша тоқылып шыға келеді, хы-хы-хы! Бақытты ағаң жиналыста сөз сөйлесе – жетім әрпін де жерге түсірме, осы сөзіне қол соққанды теріс көрмес деген сәтіңнің бәрінде де алақаныңды аяп қалма, басқалар сені еріксіз қостайтын болсын. Мұның да бодауы боталап тұрып қайтады. Бақытты ағаң той-томалақта тост көтерсе – сен оған «мен әрқашан сіздің денсаулығыңыз үшін ішем» дегенді сездіруге тырыс. Жақын отырып, рөмкенді жанастыра біл. Бірақ одан бұрын төңкеруші болма және одан бұрын тілінді шайнама, шырағым! Егер ебін келтіре алсаң, бастығыңмен дастархандас жерде ешқашан масайма – ол далада қалмағанмен, сен далада қаласың. Ертең оған пәле-жала жұға қалса, сен қыз бен күйеу арасында қаласың, содан сақтан. Кетсе – өзі кетсін! Ол кеткенмен орны жұтамайды, тағы бірі келеді, соның ығын көзде, соның тілеуін тіле! Қалқам, сен енді содан хайыр күт! Кеткендер

кебек жұтсын! Бақытты ағаң егер жоғарылар болса, онда, әрине, сен...

–Қөке-ау, сіз әдісті тым көбейтіп жібердіңіз ғой, бәрін ұға алар ма екем, ұққанмен бәрін істей алар ма екем?

–Бәрін ұқ та, бәрін істе! Әйтпесе ғұмыры өспейсің!

–Сіз сөйтіп өстіңіз бе?

–Сөйтпегенде ше?!

Ұқтым.

ТӨКЕСІНІҢ КӨЛЕҢКЕСІ

–Е, інішек, өзіңбісің?

–Қайран Төке, құдайым-ау!..

–Опырай, ә! Сонау...

–Сонау қырық алтыншы жылдан бері көріспеппіз ғой, Төке! Денсаулығыңыз қалай, денсаулығыңыз?

–Өзің ше, өзің? Өстің бе, жоғарыладың ба?

–Қайран Төке, бір әкеден болмаса да, бір шешеден туғандай едік, қайтейін!

–Сен сол жылы ферма басқарып қалып едің, қалай енді?

Автостансаның алдында кездесе қалған екеу бесті айғырдай шұрқырасып қалысты. Содан сәл басылып, біріне бірі ыржия қарасып алды. Бас-аяқтарын шолысып, бірін бірі дүкеннен сатып әкелгенінген бұйымдай тамашаласты. Төкесі – тұтас бір дүние: тұрғызып қойып қара, отырғызып қара, жатқызып қара, шырайналдырып қара – бәрібір, жұп-жұмыр жаратылыс, екі аяққа қондырылған нән тұлға. Төкесінің інішегі – мұның талтүстегі көлеңкесі дерсің.

–Қайран Төке, – деді інішегі тағы да. «Қайран» ол үшін құрттың малтасы сияқты болды, бір ұртынан екінші ұртына жүгіртіп жібереді. – Бәрін өзіңіздей деп білесіз ғой, қайда! Сіздің орныңызға сонда келген директор бір дінсіз болып шықты.

–Мен де байқағам.

–Басынан айтайын, Төке. Асығыс болмасаңыз. А? Иә, сол директорды ертеңінде шай-суанға шақырдым де. Сыпайы ғана отырып қайтты. Ананы... әлгі... татпай кетті. А? Қош, енді үй ішінің қашан көшіп келетінін күттім.

–Е, е.

–Келді, сіздің үйге енді. Ерулікке шақырдым. Сый-сияпатыңызға рахмет, жиылып-теріліп ала алмай жатқанымызда қайте қоясыз деп жоласашы.

–Қап!

–Туған күніндегіні айтайын, ойбай. Рапкооптегі Қайырбай, рабөшкөмдегі Дайыржан үшеуміз кешке үйіне бардық, құттықтап. Өзіңіз білесіз, құр қол жүрмейміз. Жақсылап тұрып күтті өзімізді. Бірақ дәл кетерімізде: «құрметтеріңізге құлдық, ал мына бұйымдарыңыз ретсіздеу болар» деп, апарғанымызды шып-шырғасын шығармастан өзімізге қолтықтатып жібергені ғой.

–Иә, не апарып едіңдер?

–Не болушы еді, сіздің елу жылдығыңызға дегеннің жанында түкке де тұрмайтын.

–Әй, қу, сондағы кілем мен алтын сағаттарың...

–Қайран Төке! Жаңағының тағы бір қызығы бар. Кейінде, бір әредікте, әлгі шофер Сиырбай қайда, содан үш-төрт қаптай ғана қауын беріп жібермеймін бе. Ол барған кезде анау да үйіне сап ете түсті деңіз.

–Сонымен?

–Түсі бұзылып кетті дейді, Сиырбай айтады. Сиырбайға: «мұндай жеңгелік саған жараспайды, жігітім. Басқарушыңа да сәлем айт, балалықты тастасын» депті.

–Мәс-с-с-саған директор!

–Не керек, сол директорға сұқаным жақпады, Төке. Бас қисайған соң мойын да майысты, бәрі мына ініңізді қарауылға алды. Жағымпаз, қарадүрсін, принципсіз десті ме, әйтеуір, көді-сөдиді басыма үйіп-төгіп, ақыры мені құртты. Сіз төрт жылда бір қабақ шытып көрмеп едіңіз, сіздің кеткеніңіз маған сор болған соң, амалым бар ма!

–Қазір де сол немелерің бе?

–Директор сол. Ал ініңіз, міне, поштабай болып жүр, Төке. Қайран Төке! Басшыға жаға алмағаннан қиын ештеңе жоқ көрінеді ғой. Ал, өзіңіз ше, Төке?

Төкесі оған жауап ұстатқан жоқ. Уақтысында қырылмағандықтан қырық тұстан қылтиып, бірінен бірі шошып тұрған иек қылтанақтарын оң бармағымен үйкелеп, үнсіз қалды. Түсі суып, сағатына қарады...

БӘСЕ

–Жезде, ә, жезде! – деген дауысқа көк жал бөрі бұрылып караса, бұрала басып түлкі келеді. Көкшулан ұлпа құйрығын біресе оңға, біресе солға көтеріп тастап, қылмың-жылмың етеді. Қап-қара мөлдір түйме тұмсығын жылп-жылп жалап қойып, қабағын кербездене керемді.

–Қайдағы жезде, әй?! Қай апайыңды беріп едің?

–Апырым-ай, сіз тіпті ашулана қалады екенсіз. Аю мінез емес едіңіз ғой. Қазір жезде болмасаңыз да, кейін боларсыз, кім біледі. Маған «аузыңа май» десеңізші одан да, бір жақсылық хабар әкеліп тұрмын.

–Майшылын қара бұл неменің! Тышқанмен тұқымың бір ғой. Әуелі әлгі жүзімді алып жеп көр, піспепті деп тағы сандалып жүрме, жақсылық хабарыңды сосын тыңдармын.

–Зерегіңіз-ай, жезде. Бір естігенді ғұмыры ұмытпайды екенсіз. Қағаз кітапқа не жазылмайды, сене қаласыз-ау. – Түлкі тырбықай алақанымен аузын басып сылқ-сылқ күлді. – Сіздей тектілердің құйрығын суатқа батырардай опасыздық, жүзімнің шикі-пісісін айырмастай білімсіздік біз тектілерде болған емес.

Бұдан кейін түлкі шұбатылған құйрығын қар үстіне төсей отырды да, бөріге қылымси қарады. «Әзілді білмейтін ақымақ, бассалып жүрмегей», деп ойлап та отыр. Бөрі ажырая шоқиған қалпынан қозғалған жоқ, осы тұста сонау адырға қаптай шыққан қалың қойға еміне қарады ол. Желке жүні күжірейіп, кеңірдегі сарқ-сарқ етіп жұтынып, құнығуы күшейіп барады. Мұны аңғарған түлкі жыбыр-жыбыр тірілген қыл мұртын бір жалап, жездесіне майыса сырғып жақындай түсті. Сүп-сүйір астыңғы иегін ұмсына қасып, тағы да қабағын керді.

–Жезде-еке! – деді тұмсығын тағы жалап қойып, – Кеше әлгі қойшы Кәрібай шалды көрдім. Өзі бар-ау, қартаятын емес. Тым-ақ қотыр тіл және. Сізді сұрады: «батырың біз жаққа жоламай жүр, менің төбеттерімнен ұялады білем» деп күлді.

–Соқ өтірікті! – Бөрі тыжырынып күж етті. Түлкіге көзі қанталай қарады. Түлкі мүләйімсіп, көзін жыпылықтатып, алыстап барып отырды, қипақтап, құйрығының ұшын жалады. Бөрі одан сұстанған

көзін айырап емес. «Топалаң ниет әзәзіл, боршалап-боршалап ішіме тастап алайын ба!» дегендей, екі қарыс езуін кәрлене тартып, сойдақ тістерін ашып қойды. «Мына омыраумен соққанда тайыншаны да домалатқанмын!» дегісі келгендей, сом тұмсығын төстиген жүн омырауына тыға, тісін сақ-сұқ еттіріп қасынды. Шабына тығылған сабаудай тақыр құйрығының тұкыл ұшы дір-дір.

Момақанси қалған монтаны балдызы еркелене күліп, сәл жақындап, былай деді:

–Жезде, ә, жезде, әлгі қойшы Тоқтамыс шал сізге талай-талай жала жапқанын айтып едім ғой. Сол тағы да талақ ұра бастады. «Керегетасты мекендейтін көкжал өткен айда төрт қойымды жеп кетті» дегені. Оның сөзін сол фермадағы мал дәрігері Шыныбай растапты.

Бөрі орнынан ұшып тұрды. Түлкі де шоршып түсті. Бөрі қарды төрт аяқтап бұрқырата тырнап-тырнап жібергенде, жердің топырағын да шығарды.

–Мен, мен өткен айда оның бір қойын да жегем жоқ! – деді ол құйрығымен жер сабап. – Бұл неткен жалақорлық! Теренсайдағы Шәкінің сиырын тартып кеткенім рас, оны жасыра алмаймын. Жасыратын қорқақ мен емес, ұқтың ба!

–О, жезде! Сізге тәңірімдей сенем ғой. Оныкі – жала. Төрт қойын да өздері жепті. Мұны менің көрші сауысқанымның жиені айтыпты. Тоқтамыстың қырғын келгір төбеттері қан жегенде, көршімнің жиені олардан қалған жұғым-сұғымды шоқыса керек.

–Қорлығын-ай! Тоқтамысты қырыма бір алсам!

–Оның төбеттері, қанға тойған немелері сізді түтіп тастап жүрер, жезде-еке, жоламаңызшы!

–Төбеттері дейсің бе?! – Бөрі қарды тырнап-тырнап, айналып барып шөкесінен жатты. Жуаси сөйледі: – Қанға тойып алсам, мен де..., сен де...

–О не дегеніңіз! Әрине, мен де..., – түлкі күлімсірей күрсініп, жездесіне тағы жақындады: – Әлгі менің көршім...

–Жап аузыңды! Көршіңмен, қойшыңмен қосып тұрып қылғырмын! – деді бөрі арс етіп. Ал түлкі бұл жолы шоршыған жоқ. Сықылықтап күліп:

–Қасқырды құдай неге жаратты деп жүр қойшылар. Ертеңнен бастап іздеріңе ит ертіп түспекші, – деді.

–Ә, сайқал! Өсеңді де, өзінді де жоқ кылайын!

–Ойбай, жезде! Мен жақсылық хабар әкелгем жоқ па, соны тындашы! Жаңағы айтқандарым қалжыңым, ойбай! Ол айтқандарым баяғыда болған жайлар емес пе еді, ұмытып қалдыңыз ба? Тоқтамыс пен Шыныбайлардың қулықтары әбден әшкере болды. Сіздің бұрынғыдай қиырдан қаға алмайтыныңызға да көптің көзі жеткен. Әлгі өткен айда деген төрт қой Тоқтамыстың және Шыныбайдың мойнына қойылыпты, актілері жалған делініпті. Бұл – анық, жезде! Шүйінші!

–Қалағаның – сенікі!

ИӘ, ОҢАЛМАССЫҢ

Есік аз-кем сықырлап ашылды да, ала киімді нән қара кіре берді. Аяғын сүйрете басып, бірталай ыңқыл алып келеді. Төрт текше тұрықты басып, түсіріп алар ма екем дегендей, әупірімдеп шайқап қойып, ыңқылдайды. Шегір көзін ашып-жұмып, қалың бетін қапталдай тұрған қоңқақ мұрнының жотасынан қарайды. Бейсенбай мұны байқап жатыр. Өне, нән қара қайырлаған кемеше теңселе сырғып тоқтады. Сан ұстарадан сыбаға алған көк иегін ұмсына тұрып ыңқылға басты да, «уаһ-уаһ-лап» қатты есінеді. Оған: «Мен оңалмаспын!» деп ауыр бір болжамды қосып қойды. Ұртын қолп еттіріп ышқына күрсінді. Осы «қонаккәделерін» тәмәмдаған соң:

–Медицина! – деді, өзін қолтығынан демеп тұрған медбике Жәмилаға салқын қарап. – Менің төсегім қайда?

–Сіздің төсегіңіз өне, – деп Жәмила оны қолтығынан демей түсті.

Нән қара төргі терезеге жақын төсекке, одан Жәмилаға, қайта терезеге қарап алып, ыңқылын күшейтті.

–Кешіріңіз, медицина, кешіріңіз, кешіре көріңіз. Мен ол төсекке жатпаймын. Солай, медицина, солай. Жатпаймын. Суық тиіп қалады, суық!

Нән қара тағы қатты күрсінді, «мен оңалмаспынын» тағы қосты.

–Сіз мұнда жатыңыз, ол төсекке мен барайын, келіңіз мұнда, – деп тесеніштерін жинай бастады Бейсенбай.

–Дұрыс. Үлкендерді сыйлау керек. Уһ! Мен оңалмаспын!

...Басқалар оңала бастаса да, Шаланин оңалмады. Ауру адам ғой.

–Сіз оңалып келесіз, – дейді дәрігер.

–Жоқ, мен әлі оңала қоймаймын! – дейді Шаланин.

–Ыстығыңыз басылды, тамырыңыздың соғуы түзелді, – дейді дәрігер.

–Тамырым түзелгенін қайтем, жүрегім бұзылды! – дейді Шаланин.

–Жүрегіңіз оңды болған соң тамырыңыз дұрыс соғып тұр ғой! – дейді дәрігер.

–Жүректің өзі болмаса да, осының төңірегінде бір пәле жүр! – дейді Шаланин. Ауру адам ғой.

Дәрігер медбикеге: «Шаланинді ертең кардиограммаға тағы түсіріңіз» деп нұсқау беріп кетті. «Дәрігер не үшін дәрігер, жалақыны не үшін алады? Бізді дұрыстап емдеу үшін алады!» деп Шаланин қалды. Өстіп заңды жамбасына басып жатқан Шаланинді емдемей көрсінші! Жүрегінің төңірегінде бірдеңенің жүргені рас шығар, қайдан білесіз? Мүмкін, жердің жасанды серігі сияқты бірдене жүрегін айналып жүр де!

Шаланиннің бар әрекеті Бейсенбайдың көз алдында. Ертенді-кеш Шаланинге назар салып жатады. Шаланин таң алакеуімде оянады да, төсегінде жатқан күйі тумбочкасына қол созып, салдырлатып сипалай бастайды. Іңірден қалған айраны болса сарқып ішіп, оны-мұны тамақтарын жеуге кіріседі. Ақырында іңіргі шайдан қалған шақпақ қантты қытырлатып кеміреді. Сөйтіп жатып ұйқыға кетеді. Ауру адам ғой, ұйықтап кеткенін байқамай да қалады! Ауру адамда жазық бар ма, қатты қорылдап ұйықтайды. «Қайырлы таң!» деп медбике кіргенде де оянбайды, медбике әрең оятып, қолтығына градусник қоярда ыңқылы күшейіп кетеді. Ұйқы жолы қиын, қайтсін. Бірақ, обалы кәне, медбике шығысымен қайта қорылдайды. Градусник шіркін көбінесе төңкерілген қарнының астынан табылады.

–Градусникті дұрыстап қою керек! – деп Шаланин медбикеден бұрын қамшылайды.

–Өзіңіз қоймайсыз ба, қолтық сіздікі, – деп әзілдейді медбике.

–Әкеліңіз бері! – деп Шаланин ашу шақырады. – Ыстығым бар, түні бойы ұйықтай алмадым.

Медбике градусникті қайта беріп, көзінің қиығында күлкі ойнап кете береді. Бейсенбай да көрпесімен аузы-мұрнын бүркеп күледі. Шаланиннің ыстығы күн сайын үш қайтара өлшенеді, сонда да

отыз алты жарымнан асқан емес. «Градусниктері де өздері сияқты, дәнеңеге жарамайды!» деген күңкіл естиді Бейсенбай. Шаланиннің күңкілі. Ауру адам ғой.

Қай жерінің қалай, қашан, қайтіп, неге, не себепті ауыратынын білсе, Шаланин дәрігерлермен ұстасар ма! Білмей діңкесі құрып жүр. Оның бойында құйрығынан ұстатпас бір шайтан бар. Әуелде жүрегі айнитын тәрізді еді. Одан кейін басы ауырлап, тамағы қышып, мұрны тас бітіп қала жаздады, көзі жасаурады, құлағы шыңылдады, содан сырқаты мойынды құлдырап, қайта төмен қашты: бауыры солқылдады, өкпесі тулап, асқазаны ашыды, бүйрегі бүлкілдеді, дізесі дызылдады... Дәрігерлер анализ атаулының бәрін адалап болды, енді Шаланиннің өтін алып тексермесе!

Үшінші апта басталғанда емдеуші дәрігер күндегі уақытында келіп:

–Халыңыз қалай, Шаланин? – деді.

–Тісім қақсай бастады. Уһ! Мен оңалмаспын!

–Солай ма?

–Енді ауырмаған тісім еді, уһ!

–Иә, енді тісіңіз ғана қалды. Қалай ауырады өзі?

–Кеміріп...

–Қант кеміргендей, – деді Бейсенбай, күлімсіреп.

–Иә, жо-жоқ! Олай емес! Жоқ!

–Кәне, аузыңызды ашыңызшы. Дәрігер көріп, тамақ ішіліп, ұйқы қанып, Шаланин төсегінде «ыңқылдасам ба екен, ыңқылдамасам ба екен?» деп ойланып жатыр еді. Ауру адам ғой. Палатада жалғыз жатып ыңқылдау да онша қызық емес. Дәрігер, сестра келсе – бір сәрі. Бірақ, ыңқылдамау тағы ыңғайсыз. Қалай болғанмен, ыңқылдай білгенге не жетсін! Біреу-міреу кіре қалса, аяқ астынан дұрыстап ыңқылдай қойсаң жарайды ғой, әйтпесе шатасып, әндетіп жүрсең!

Палатаға Бейсенбай кірді. Шаланин, әрине, оны кісі келді-ау деп елемеді де, ыңқылдамады.

–Ертең үйге қайтамын! – деді қуанышты Бейсенбай.

–Сенің өкпең ауырушы ма еді?

–Е, суық тиіп қалып.

–Үйге қайтқаның дұрыс, мұнда жағдай жоқ қой!

–Әрине! – Бейсенбай күлімдеп барып, Шаланиннің төсегіне

отырды. – Ауруханада жату көңілсіз емес пе, сіз, мысалы, зейнеттегі адамсыз...

–Зейнет қайда! Жасым елу екіде, жұмыс істемегелі он жылдай болып қалды, маған зейнетақы беріп..., маған оның қажеті не! Төрт балам бар, асырайды солар!

–Немерелеріңізді ермек етіп үйде жатсаңыз...

–Өй, оларды баққанша, осында жатсамшы!

–Онда курортқа немесе демалыс үйіне барып...

–Курорт-сурортқа ақша шашар ақымақ мен емеспін. Ол ақшаға кілем, оны-мұны алсамшы! Бір түркпен кілем керек-ақ болып жүр.

–Одан бұрын денсаулық...

–Мен денсаулығымды осылай жатып-ақ түзеймін! У-шу жоқ. Жағдай жақсы. Тамақ тоқ. Кәрі кісінің ыңқыл-сыңқылы таусыла ма, бір күні ана жерім, бір күні мына жерім деймін де, жата берем. Дәрілерін үйіп-төге берсін! Оның бәрін ішіп, асқазанын бұзатын мен емес, қайда жіберуді білем. Ал уколын неге салдырайын! Өзің көріп жүрдің ғой, бәрін салдырдым ба?

Бейсенбай үндемеді. Шаланиннің «сырқатын» жете түсінгелі қашан!

Шаланин:

–Уһ! Мен оңалмаспын! Өстіп кететін шығармын! – деп Бейсенбайға көз астымен қарап қойды да, ыңқылдай бастады. Ауру адам ғой.

СЕН ДЕ БІР ИТ ЕКЕНСІҢ

–Бұл кім? Не деді? «Келмей қалма» деді ме? Келмей қалма... Қап, қу қырсық-ай, кішкене ертерек шықпағанымды қарашы! Тым құрыса әлгінің төбесін көріп қала алмадым-ау!..

Өкініш өрті жүрегін жалаған Сақып табалдырыққа жалп етіп отыра кетті де, ойлана бастады.

–Бұл Атан кімге «келмей қалма» деп жүр екен? Онысы әлгі шағи көйлегі көлбеңдеген неме ме? Қой, оның байы бар ғой, айтпақшы. Әлде мына жердегі көзілдірікті бұраңбел шығар? Болса болар. Бірақ ол төркінінен әлі келмеген сияқты еді, әлде мен көре алмадым ба келгенін? Бәрін бағып жүретін уақыт та жоқ қой менде, өл деймісің. Оның арғы

жағындағы бадырақтың да түбі шикі-ау осы, энеугүні пырдабеспен қылмындасып тұр емес пе еді. Әлде әлгі Биғайша ма? Байының жылын берді ғой, енді басы бос, тұрмысы түзу. Оның дүние-мүлкіне қай еркек қызықпайды дейсің. Бірақ ол салпыаяқ қатынның қолынан қулық келуші ме еді, құдай-ау. Енді кім болды екен жаңағысы? Жар қабақтағы бізөкше шығар сол! Өзінің байы бір сумұрын, жаман қатынының етегіне намаз оқығаннан басқаны білмейді...

Сақаң оң қолын қолтығына сүңгітіп жіберіп, ойды-қырды біраз шарлап алды.

–Мына шыбардың пәлесін қарашы, ей! Бәнуді бәлеске өткізіп тастап, емін-еркін бір бұлғақтайын деген екен! Екі баланы ұйқаттып, басжіпсіз кетпек қой! Оның бола қоймас. Бүгін ізінді мықтап шалып, ертең ел бетіне қарай алмастай етпесем, менің атымды өзге қой. Айран базарындағы шапыраш қатынның құлағына бір жеткізсем, ол – өсектің туы, арғы жағын өзі-ақ өңдеп әктер. Ол саған Сақып емес!

Сақып орнынан тұрып, жан-жағына құлақ түріп еді, күдік шымылдығы сусылдаған көңіліне көз қысқан ештеңе көрінбеді. «Бері жығыл десе, ары жығылып, бетінен басып тұрғанын көрдің бе!» деп аймен іштей жауласып, күбірлейді. Сол сәтте Атан үйі жағынан бір сыбдыр естіді. Көзін уқалап-уқалап, үздігіп қарады.

–Сыбырласып тұр ма, әлгісі келіп қалды ма бұ?

Өз-өзінен шала бүлінген Сақып қабырғаны жағалап ұмтылды. Тағы сыбдырлады бірдене. Сақып асыға түсті.

–Қап, мына айдың... – Сақып әлденеге шалынып, мұрттай ұшты. Маңдайы бірденеге соғылып еді, шылапшынның ернеуі екен, бос шылапшын даңғыр етіп, басына төңкеріліп түсті. Бағана кірдің суын төккен соң, қоя салғаны есіне келді. Шылапшын астында тың тыңдап біраз жатты да, ешкім үн қатпағаннан кейін, төңіректе тірі жанның жоқтығына көзі жетіп, орнынан қайта көтерілді.

–Өзім де ұмытшақпын, құрып қалғыр!.. Мына шыбар шамын жағып, шымылдығын түсіріп қойыпты ғой, әлгісі келген ғой, сірә?! Өй, залымдар-ай!

Сақып бәтенкесін шешіп тастап, шұлықшаң жөнелді. Қақпадан шыққан соң еңкедеп, Атанның үйін орағыта жақындап, енді еңбектеуге кірісті. Дізесін екі қадап, бір тоқтап, тың тыңдайды. Екі қолы мина іздеген сапердің аспабындай, сипаланып келеді. Әудемде

Атан үйінің көше жағынан терезесіне жақындап та қалды. Әлі еңбектеп келеді, жақындаған сайын жерге жабыса түскен. Өйтпесіне бола ма... «жау» қауіпті. Өне, шам да сөнді. Терезенің арғы жағында неше «жау» жатқанын Сақып қайдан білсін, сақтанғаны жөн. «Жау» мұны аңдып жатуы да мүмкін емес пе? Сақаң оларға тірі тұтқын болса, бітті ғой. Ертең анау айран базары «Атан пәленмен сөйтіпті» дегеннің орнына: «Сақып сөйтіпті» деп жатса, не болғаны? Ақиретсіз қалғаны да! Ауыл үйлеріне таңертең бір, кешке бір кіріп шығатын кәсібіне нұқсан келеді ғой бейшараның.

Сақаң асыға түсті. Сол қолы дымқыл бірденеге батыңқырап та кетті. «Өй, қарасан жегір!». Бөгелмеді бірақ. Терезеге аман-есен жетіп, жақтауынан ұстай бере... «ойбай!» деп шыңғырып қалды. Оның ойбайынан Саққұлақтың өзі де шошып кетті. Үнсіз келіп сирағынан жақсылап-ақ тістеп еді, амал бар ма, айрылып қалды. Енді соған ызасы келіп, Сақыпқа өршелене ұмтылды. Ырылдап-ақ бассалады, бірақ ойбайын үдетіп, тыпырлап отырған Сақыпты жөндеп тістей алмайды. Қай жағынан келсе де, аяқ-қолымен сабалап, шыңғырып отырған әйелді қайтіп тістесін. Тіпті болмаған соң, тап қойып өте беріп, бөксесімен соғуға кірісті. Сөйтіп, қашан Атан шығып арашалағанша, Саққұлақ Сақыбын әлденеше төңкерді...

–Өй, Саққұлақ, Саққұлақ! Сақыбыңның жазығы не сонша? Көрші хақысы – тәңір хақысы емес пе? Бағана үйлеріңе Қапардың келгенін көрсең – сен көрдің. Оны шығарып салып тұрып Атанның: «Ал жақсы, сәлем айт келін балаға» дегенін естісең – сен естідің. Сақып «келін балаға» дегенді «келмей қалма» деп естіді. Жазығы сол ма? Сол үшін өзіндей саққұлақ көршінді түн ортасында сап-сау сирағынан тістеп... әй, Саққұлақ, Саққұлақ, сен де бір ит екенсің.

«БҮЙЕНБАЙ ПҮШПАҒЫНДАҒЫ» БІРЕР КҮН

Өздеріңізге мәлім, «Қазақ әдебиеті» газетінің редакциясына Бүйенбай деген бір қызметке алынып, талайдың құлағын түрмеді ме?! Сол түрілген құлақтардың арасында сіз бен біздің құлақ та қыбырлап тұрған шығар-ау. «Бұл Бүйенбайы кім болды екен? Қай бағыттың баласы? Қай рудың айқайшысы? Кімнің әскері? Кіммен

сыбырласады екен?» Осы сияқты небір сиықсыз сұрақтар алды-артымызды орап, түлкінің құйрығынша бұлаңдамады ма! Тамыр-таныстықтың асты-үстіндегі азын-аулақ ақын-жазушыларым бар еді, Бүйенбайдың қай планетадан келгенін солар хабардар шығар, барып білейін деп жеттім ғой бір күні. Пернелерін басып көрсем – бірнеше бригадаға бөлініп алыпты, бірі мен бірі ұпай санасып, бірінің үстінен бірі арыз сырғытып жатыр. Олардан қайыр болмаған соң, қағаз-қаламымды арқалап, Бүйенбайдың тура өзіне тарттым. Басыма құлар бейнет болса, көріп алмақпын.

Бүйекең, түсі суық болғанмен, іші жылы пақыр екен. Жымыңдап, әлгі анкета дегеннің сұрағы такілеттес екі-үш сауал қойды да, әңгімені әдебиеттің ауылынан бастап кетті.

Әрине, Бүйекеңнің маған не айтқанын, менің Бүйекеңе не айтқанымды білгілеріңіз келетін-ақ шығар. Бірақ оны сіздерге кейін айтам. Бүгін-ертең емес, Бүйекеңнің бір юбилейінде айтам, егер ақылым бар болса. Пәлен жылы Бүйекең маған солай деген, мен Бүйекеңе былай дегем деп сөз сабасын күрп-күрп піссем, иланбасқа шараларыңыз қалмас!

Ал бұл жолы сіздерге Бүйекеңмен бірге өткізген екі тәуліктің ішіндегі қызметімді, Бүйенбайға жасаған жақсылықтарымды баяндайын, - біреу-міреудің диссертациясына керек болуы мүмкін ғой!

Бірінші тәулік, немесе қаламымның ұшы қалай сорайды

Бүйенбайдың «Қазақ әдебиетінің» төртінші бетіне қоныс теуіп, бір пұшпақты тұтас иемденгенінен бері де қыстың бір айы, көктемнің үш айы және жаздың екі ай он бес күні өткен екен. Бұлардың бас-аяғын қайырып әкеліп санасақ, әжептәуір уақыт болатын сияқты. Бірақ қайтеміз соны? Талтүсте қағаз бастылыққа салынғанмен не пайда? Бүйекең батасын да бермес. Өзі сол қағазбен алысып, көз майын тауысып жүрген көрінеді. Мұнда пәленбай контейнер қолжазбасын ала келгені есімізде ғой. Малдың сойғанша мал, сойылған соң ет болатынындай, қызметке орналасқаннан кейін ол басбостандығынан айырылып, өзінің қолжазбасын жарыққа шығарудың қамынан қалып, ертеңді-кеш көпшіліктен келіп құйылып жатқан хаттарды оқудан көз ала алмай, қысылыңқырап жүрген жайы бар екен. «Бауырым, – деді маған. Сол сәтте иығыма қолын салып тұрғанын айтпай-ақ қояйын. – Сен маған көмектеспесең болмайды...».

Қиылып сөйлегеніне сүйегім жұмсап кетті. Өйткені, қызметке алғаш келгенінде газетке шыққан суретіндегі Бүйенбай жоқ еді. Желкесіне жиып-терген за-пасы таусылыңқырап, саусақтары сидаланып, май мұрыны қырланып қалған. О баста костюмнің елу алтыншы размерін киетін Бүйенбай бұл күнде елу екінші размерге түсіпті. Оның төрт размермен қоштасқанын естіген жан жолдасы Халил Мұхаммед (ол Жазушылар одағының жанындағы әлгі Көркем әдебиетті насихаттау бюросының командировкасымен облыстарды аралап, күніне үш жерде лекция оқып жүрген көрінеді. Кейбіреулер күніне жеті-сегіз жерде лекция оқып, ақшаны ұшақпен тасып жүргенін естігенбіз, Халил де сөйтпей тынбайтын шығар) жуықта Бүйекең:

«Біреу қадақ салмағыңның артық екенін айтуға аузым бармаушы еді, бауырым, – деп хат жазыпты. – Енді жөн болған екен, естіп жатырмын, бәрекелді! Сыртқы сиқынды қойшы, достым, ішкі құрылысың түзу болсын! Өзіңнен бұрын қаламың күйлі болсын!»

Бүйекеңнің ішкі мүліктері түгел. Қаламы бауырынан жараған. Бар уақыты көпшіліктің хатын оқып, талғамына татығанын пұшпағына жапсырумен өтіп келеді. Бірнеше фельетон, сықақ әңгімелердің, сәлем хаттардың кіндігін кесті. Көп ұзамай контейнерлеріндегі қолжазбаларының қарасы да көрініп қалар.

Мен Бүйекеңнің шаруасын біраз шабақтауды ойлап, оның поштасындағы хаттарды шолып шығуды жөн көрдім. Көмектес деп қолқалап, өтініш жазған өзі ғой.

Ал Бүйекеңнің поштасы тоқ екен. Хат тіркеуші тарғыл бет, тіркеулі кірпік қарындастың кибернетикалық есебі бойынша, Бүйенбайды газетке қызметке алу жөніндегі бұйрыққа қол қойылған күннен бері оның атына үш жүздің баласынан үш жүзден астам хат келіпті.

Хаттардың бәрі-ақ: «Қымбатты Бүйеке!» деп ып-ыстық боп басталатынын іштеріңіз сезіп отырған болар, қазақ емессіздер ме. Бір ғана ескерте кетерім: әр жеті хаттың біреуінде ғана автордың аты-жөні заңға сәйкес жазылады екен. Басқаларының етегінен: «Көрген», «Білген», «Естіген», «Адайғали», «Арғынбай», «Шапырашбек», «Найманжан», «Қыпшаққұл»... сияқты ыздифан сөздерді көрдім.

Кім жазса да, әйтеуір, Бүйекеңе бірер жылға жетерлік үміт артып, қалт етпей сенетіндерін айтып, өздері де Бүйекеңе еліктеп бағады екен. Тоғышарды, жалақорды, арызқойды, паракорды, көзбояушыны,

бойкүйезді, маскүнемді, жалқауды, мансапқорды... – құрып қалғырлар мұнша құжынамаса қайтушы еді! – тағы басқаларының қай қолға түскенін Бүйекеңше шықпыртқылары келетін көрінеді. Бәрі-ақ «қаламымның ұшы сорайып, жазғым келеді де тұрады» дейді.

Тегінде, біреуге еліктеп жазу, соның сүрлеуімені саржеліп отыру оңай болушы еді, бірақ, Бүйекеңнің «қандас-сүйектестерінің» көбіне тәңірім ондай тірлікті бүтін бермеген екен. Кіріспесін қыздырмалатып-ақ алып кеткенмен, кірісер жердің өзіне келгенде қыр асуға мұршасы болмай, ентігіп қала береді. Қаламдары табандап жатып алады. Оның бәрін қиюластырып отыруға Бүйекеңде уақыт қайда, әр минөгі сатулы ғой! Уақыт тапқанның өзінде де пәленбай жылдан жинап келе жатқан қымбат сөздерін жұртқа үлестіріп бергені жөн емес. Онысы, Бүйекеңнің өзі айтқандай, «біреудің басымен кандидаттық диссертация қорғағандық» болып шығар еді.

Жария жазбағанда жаңалық болуы екіталай. Дегенмен, хаттардың біразында теріп алар дерек баршылық. Қырық жетіге татымағанмен, бір жетіге бергісіздерін кездестірдік.

«Бүйенбайдың сары сүйек құдасы» деп қол қойғанның жазғанына құлағыңызды түре отырыңызшы, кәне. Сары сүйек құдасы сары тіс те болып шықты. Көз алдында көк мәшинесі, шынтағының астында көк телефоны бар екен. Өзінің айтуы солай, әйтпесе сырттай өсек тасып не сорымыз. Сол құдасы өзі билеп отырған мекемесінің төңірегіне руластарын шоқайтып қоймаса, кеңірдегі көң саситын сырқатқа шалдыққанын мойындап, - дәті барған, ә?! - енді соған ем-дом іздеп, Бүйекеңнен ереже сұрапты. Бір жұмыр басқа өсиет айтар шамам барын өзім де сезуші едім, тілім қышып, әлгі сары сүйегіне сәлем хат жолдадым. «Аруағың ақ табан болмасын десең, жарықтығым, – деп жаздым, – мекемедегі бөтен рудың күшіктерін түріп шығып, үстелдеріңді өзіңнің сарқыттастарыңа бөліп бер. Еденді сыпырып, есікті күзететіндерге дейін өз ауылыңның әумесері болсын, олар басқа ауылдың ақылдыларынан ит жеп кетсе де артық», – деп басымда барымды хатқа салып жібердім.

Ал Бүйекеңнің бірге оқыған сырласы тісін көрсетпей тістейтін бар болғыр көрінеді. «Жазушы» баспасынан биыл шыққан он романның тоғызын қырық жамаулы тон тәрізді, қияғы тозған қобыз тәрізді деп «списатьқа» жатқызып, сынау жоспарын тоқсан тоғыз пайыз

орындапты. Жүз пайыз орындайтын да екпіні бар екен, бірақ, оныншы романның авторы өзі болған соң көңіліне қарапты. Бүйекеңнің бұл сабақтас досының хатын ақтарып отырғанымда есіме көршім айтқан мына бір әңгіме түскені:

Қожанасыр бір үйге келіп, мейман болып отырыпты. Біраз кісілер сәлем бере жетіп, әңгіме қызыпты. Көп ішінен бір пұшық қайта-қайта суырылып шығып, басқалардың алдын орап сампылдай беріпті.

–Мына жігіт кім болады? – деп сұрайды Қожакең үй иесінен.

–Мен хан сарқытын ішкен асылдың қияғымын! – деп пұшықтың өзі желпіне жауап қайтарады.

–Рас па? – дейді Қожакең.

–Рас, – дейді пұшық. – Хан ием сырқаттанып, көп күнге дейін нөкерлері кезек-кезек күзетіп басында отырды. Нөкердің бірі менің жездем еді, сол бір жаққа баратын болды да, хан күзетіне өзінің орнына мені жіберді. Түн ортасында хан сусын сұрады. Сусынның жартысын ішіп, жартысын маған берді!

–Ханның жанында сенен басқа біреу бар ма еді? – дейді Қожа.

–Жоқ, ешкім болған жоқ, мен ғана болдым! – дейді пұшық ежірейіп.

–Е, сарқытын саған бермегенде итке берсін бе?! – деген екен сонда Қожанасыр...

Бүйекеңнің поштасы.

Хаттар... Хаттар...

Оқып отырмын. Бүйекеңнің кейбір авторлары оны-мұны кемшіліктерді сынапты. Бірсыпырасы, сынағанның жөні осы деп, ақыр заманды жақындатып қойыпты. Баласын бақшаға орналастыра алмаса, дүкеннен кілем таба алмаса... айтып-айтпай не керек, әйтеуір, сондай сәтте аспанды аласартып, күнді батырып жазады-ақ. Тіпті көршісінің қатты түшкіргеніне саяси мән беретін «сауаттылар» да барын айтсаңшы!..

Оқып отырмын. Бірін оң жағыма, бірін сол жағыма қойып та отырмын. Оң жағыма түскендер Бүйекеңнің билігіне берілмек. Сол жағыма түскендер менің төрелігімді арқалап қайтпақ. Оң жағыма біреуі орын тепкенше сол жағыма оны орын тебеді. Бүйекеңнің жүгі жеңілдейтін болды, әйтеуір. Қаламымның ұшы сорая түседі...

Екінші тәулік, немесе көзі тірі «классиктер» туралы хикая

«Қазақ әдебиетінде көзі тірі классик бар ма, жоқ па?»

Осы бір бітеу сұрақ әдебиет ауылымен аралас-құраластығы бар бірсыпыра сақалды-сақалсыздардың жамбасына батып жүргелі көп болған. Дарын дастарқанынан қара кеміктеу сыбаға тигендердің қайсыбірі кімге бас лайық, кімге жамбас, төс лайық деген дүмбілез пікірді ертеңді-кеш екі ерніннің арасына салып сорып, әмәнда басқаларды өзінен бірер ұршық бойы төмен қоюға тырысатын. Сөйтіп, өзіне бұйырмаған бастың мипалауын көкसेп, «қазақ әдебиетінде классик бар, ол – «мына менмін!» дейтін.

Ал, дарын дастарқанынан сыңар сирақ та тимегендердің көбі ақшам мен екінтінің арасында үйінің төбесіне шығып алып, төрт құбылаға төрт түкіріп, «клас–сик жоқ! Уа, қазақ әдебиетінде классик жоқ!» деп сұңқылдайтын.

Жуықта осыған орайлас бір оқиғаға тап болдық. Бұл Бүйенбайға көмекші болған екінші күні кездесті.

Бүйенбайды өздеріңіз білесіздер, ол шыбын жанын алты қабат сандыққа салып сақтайтын Шойынкұлақ емес, шілдеде шекесіне көлеңке іздейтін сиқырлы Шынашақ та емес. Әбден жұмыс басты болып, төрт размерінен көз жазғанын бағана айтқанмын. Сөйтсек, жыл он екі айдағы жиырма төрт күн демалысын ұмытқалы жеті жүз он сегіз күн болған екен. Жеті жүз он тоғызыншы күні төзімі тақыр таусылған кәсіподақ ұйымының бастығы оны таңсәріде төсегінен тұрғызбай ұстап, әйелі мен екеуіне Сочиге деп екі жолдаманы қалталарына салып беріп, ұшаққа апарып отырғызды да жіберді. Қапы қалған Бүйекеңнің (оны сезгенде үйге қонбауы да мүмкін еді): «пәлен институтта пәлен күні әдеби кеш болатын еді, оған классиктер қатысуы да мүмкін, барғайсыңдар!» деуге ғана мұршасы келді. Ширығып тұрған самолет ала жөнелді.

Осыдан бір ай шамасы бұрын бір әңгімесінде Бүйекең: «бар классикті бар дейік, жоқ классикті жоқ дейік. Көлденең көк аттыға көкпар болмайық» деген. Жөн сөз. Береке тілеу. Сол сөзі есімізде және мына аманаты да қымбат, айтқан әдебиет кешіне бала-шағамыз болып түгел бардық. Кештің шамын жағып, шымылдығын түріп жүрген ағайындар қолымызға әрі тегін, әрі қос алақандай ақпар хат ұстатып, бір-бір орындық еншілетті. Ақпар хаттың айтуына қарағанда, жиналған жұрт бұл жолы сын туралы сырласпақ екен.

Сырласқан деген жақсы ғой, шіркін! Жасыл жабулы мінбеге кезек-

кезек шығып, сынның күрек тіс, азу тісін саусағымыз жеткенше түгендеп, басымызға жиғанымызды аузымыздан ақтаруға кірістік. Әркімнің аузы өзіне меншікті. Қашан ашам, қалай ашам, қашан жабам, қалай жабам десе, тіпті жаппай қоям десе де еркі. Ал басты зерттеу үшін жаралған ғалымдар: жаһан толы ауыздың арасынан біріне-бірі егіздей ұқсас екі ауызды табу мүмкін емес дескелі қай заман! Иә, әрқилы ауыздан әрқилы сөз шығатыны сондықтан. Әдеби кеште де солай болды.

Әжептәуір сыр ақтарылып, біраз отын жағылып қалған тұста мінбеге шайқала барып бір шикіл сары жігіт шықты. Өзінің басы қызық екен. Тақымға салып сығымдап-сығымдап қойғандай. Қарағұсы үшкіл. Сол басына үрке өскен бір шөкім сұйық шашын сипап тастап, жігітіміз аузын ашты:

–Жжжолдастаррр! Мммен өзім... бұл жжжиынға... әдейі келдім... Ооосындай маңызды... мағналы... проблемееема жайында... беесінші болып сөйлесем де...

Ол осылайша екі толғап бір жұтып, жұртты жұқартып бақты. Әдейі келгені рас екен. Өсиет айтуға келіпті. Әдебиет қандай болуы керек, жазушы қандай болуы керек, шығарма қандай болуы керек, оқырман қандай болуы керек, кітапты қалай оқу керек, кімнің кітабын бұрын оқу керек, кімнің кітабын мүлде оқымау керек?.. деген мәселелерді иіріп қойып, жал-құйрығын күзеді бағана!

–Ал бұл жігіт кім болды? Жазушы ма, сыншы ма? – дедім көршімнің өзім жақ құлағына сыбырлап.

–Бұл екеуіміз университетте бірге оқимыз, екінші курсында. Мұның бүгін жастар газетінде тұңғыш очеркі шығып еді, – деп көршім ептеп күліп отыр.

Тұңғыш очеркі бүгін шыққан жігіт жиналыс ағасы өлшеп берген он минуттың орнына жиырма жеті минутті қалтасына басып алып (он жеті минутті артық әкеттің десең, мінбеден түспей қоятын түрі бар), мінбеден әрең түсті. Екі қолын мықынына артып тастап, атақазша алшандап қайтып барады. Орындығына жетіп, бір жамбастап жайғасып, көзін жұма желпінгені бір кіші-гірім көрініс болды. Қазақ әдебиетінің аспаны жалғыз өзінің үстіне ғана төңкеріліп тұрған тәрізді.

Бірақ, шикі сарымыз жалғыз емес екен. Серігі мінбеге шығып

үлгіріпті. Шапшаң сөйлейді екен. Пулеметті құрып, тас түйін бекініп, алай-дүлей ағытып жөнелді:

– Бізде жақсы жазушы жоқ, бізде жақсы сыншы жоқ, бізде жақсы кітап жоқ, жазушының бәрі – Хлес-таков, кітаптың бәрі – халтура, сыншының бәрі – аспирантурада оқитындар...

– Уә, пірім-ау, бұл кім еді?! – дедім тағыда көршімнің ығынан сая тауып.

– Бұл осындағы бір газеттің әдеби қызметкері көрінеді. Сірә, өзінің адамнан туғанына да күмәнданатын шығар, түрі жаман, – деп көршім түңіле жауап қатты.

«Түрі жаманы» қалай? Имантаразы өңі бар жігіт қой. Қара бұйра шашы, қиылған қасы, қыр мұрны бар. Ал ауыз бітімі... сіз осы «о» әрпін айтып тұрып айнаға қарап көрдіңіз бе? Көрген болсаңыз, аузыңыздың ошарылғаны қызық, ә? Мына жігіттің ауыз бітімі тап сондай. «Жоқ» деген жалғыз сөзді айту үшін жаралған сияқты.

«Жоқ» деген жесір сөзбен үш жүздің қалың қазағына қамшы үйіріп тұрған әлгі әдеби қызметкер:

– Мен бұл ұлағатты сөзімді тұжырымдай келіп, осындай ортада Жұқалтаңов, Түрекенев, Жөргембаевтай зиялы жандар, жарықжұлдыздар барын атамай кете алмаймын, – деді. – Бұл жолдастардың біріншісі биыл «Қайнар» баспасынан бірінші кітабын шығарды, екіншісінің тұңғыш кітабы алдағы айда шықпақ, үшіншісінің тұңғыш кітабы «Жазушы» баспасының келер жылғы жоспарында тұр. Ол кітаптар қазақ әдебиетінің алтын қорына қосылады! Біздің бүгінгі көзі тірі классиктеріміз – осы аса талантты үш жазушы! – деп Алатаудан аттап-ақ кетті.

Жөргембаевты танушы едім. Жай-күйі қалай екен деп көзіммен іздесем, бесеу-алтауы үркердей болып оқшау отыр. Жөргембаевым самай сақалын ширатып, шалқиып қалыпты. Оң жағында – сықпа қара жігіт. Сол жағында – жалпақ бетінің жарымын қара көзілдірікпен қымтап тастаған жирен жігіт. Бағанағы шикіл сарымыз да сонда екен. Жіпсіп отырған кілең жайсаңдар. Өз алдарына отау тігіп, төңіректерінен текті ешбіреуді көре алмай, тағдырға сес көрсеткен сиықтары бар.

Жаңағы «жоқты» құрттың малтасынша сорған бұйра шаш жандарына барып, қызыл ала орамалмен езуін құрғата жайғасып еді, Жөргембаевымыз оған иек қағып:

– Мммалладессс! – деп ысс етті. «Сен біліп айттың» дегені

болар. «Жми, старик!», «Вива!» деп тағы бір-екеуі орындарынан сәл қозғалысып қойды. «Классик» екендерін қимылдарымен ұқтырғандары болар.

Бүйекең сәуегей екен! Бұл әдеби кешке мұнша «классиктің» жиналатынын қалай сезген десеңші. Соңғы кезде «классиктердің» енді-енді жаза бастағандардан шығып жүргенін байқаған-ау!

БЕЙНЕТСІЗ де ЗЕЙНЕТСІЗ

Таңертең келіп іске кірісе бастаған сәтіміз еді. Бөлмедегі төрт қызметкердің үшеуі орнымызда отырғанбыз. Тек бастығымыз Бәкеңнің бірер тайлақ терісімен қапталған тай қазан тақылеттес креслосы ғана бос тұр. Ол кісінің жеке меншігіне бөлінген бөлмесі Жаңа жыл карсаңында әктеліп, едені сырланып, есігі қызыл былғарымен қапталып, бұрынғы қара телефон орнына қызыл телефон қойылып, не керек, ұзатылатын қыздай жасауланып жатқан. Содан бері біз бір бөлменің ауасын Бәкеңмен төртеуіміз бөле-жара жұтып жүргенбіз. Өйткені біздің бөлмеміздің жөндеуі шиырылмай, осында сығылысуға мәжбүр болғанбыз. Бәкең курортқа кетіп, міне, өзінің орны да, құнан қойдың еті сыйып кетерлік жарғақ портфелінің орны да опырайып олқы тұр.

Сөйтіп, бөлмеміздің бір жақ қабырғасы жұлып әкетілгендей болып жұтап отыр едік, есік сәл ашылып:

– Кіруге рұқсат болар ма екен? – деп сыңғырлаған дауыс естілді. Үшеуіміз жалт қарап, есік көзінде жымыып тұрған қара торы қарындасты көрдік.

– Рұқсат, рұқсат!

– Келіңіз, төрлетіңіз!

– Сізден аяған бөлмені қалалық совет бізден қайтарып-ақ алсын да! – деп үшеуіміз де құрақ ұштық.

– Есен-саусыздар ма? – деп қарындасымыз жымия жақындады. – Бөлім бастығы осында деген еді, қайсыларыңыз бастық ағайсыз?

– Бәкең демалыста еді, – дей қойдым.

– Жолым болмағанын-ай, – деді қарындас, – бір шаруам бар еді. Әлде... сіздер жәрдемдесе аласыздар ма?

Үшеуміз тағы бәйек болдық:

–Айтыңыз, көрейік!..

–Не шаруа еді өзі?!

–Әуелі отырсаңызшы... әне, Бәкеңнің креслосы бос...

Қарындасымыз қайран Бәкеңнің креслосына жайғасып еді, қазан түбінде қалған жалғыз жілік сияқтанып кетті. Біз соған жымыып қойдық. Ол да жымыды.

–Менің аты-жөнім Қарлыға Сарыбаева. Сонау қиырдағы облыстың редакциясында қызмет істеймін. Біздің біраз малымыз жоғалып, соның ізімен келіп отырмын, – деді.

–Е, иә?

–Мал дейсіз бе?

–Ол неткен мал? – деп үшеуміз бірімізге біріміз қарап күлістік. Сосын үшеуміз ұйымшылдық көрсете жымыысып, мал иесіне қарадық.

–Ертеде бір ұрылар болыпты ғой, – деп сөзін сабақтады ол, – күншілік жерден алған мал сінбейді дейді екен де, малды айшылық жерден ұрлайды екен. Бүгін де сондайлар бар болып шықты. Қолды болған малымыздың ізі бізді осы маңға алып келді.

–Қойыңызшы, қарындас, қалжыңыңыз қызық екен, – деп қалдым.

–Қоятыны жоқ, міне, өздеріңіз көріңіздер, көз жеткізіңіздер.

Жоқшы қарындас қол сөмкесінен бір буда газет алып ұсынды. Облыстық газеттің үш-төрт саны және біздің республикалық газеттің бір саны.

Үшеуміз газеттерді үстелге жайып жіберіп, үстіне ошарылып түстік. Біздің газеттің жанындағы мерекелік бір нөміріне жас ақын Шаянбай Шәйімовтің бес-алты өлеңі топтап бір-ақ берілген болатын. Өлеңдері жап-жақсы. Бұрын да қаламының жорғасы бар ақын жігіттің талабын сөйтіп демеп, келешегіне қуана көзжіберіп алғанбыз. Сөйтсек, Шаякең облыстық газеттің осыдан төрт жыл бұрынғы нөмірлерінен жергілікті бір ақындардың өлеңдерін тауыпты да, алдына салып ап қуалап, құрықтап әкеліп, біздің газетке тоғытып-тоғытып жіберіпті. «Арада төрт жыл өткен болса, оның үстіне ит арқасы қияннан әкелген болсам – кім даулайды?» деп ойлаған ғой, төрт автордың алты өлеңін жалғыз өзі иемденіп, алшысынан түсе қалыпты. Арзан қалжа, мол олжа! Бейнетсіз еңбек, зейнетсіз атак!

–Шіркін-ай, әйтеуір барымталаған соң, тым болмаса із жасырып, тақырыптарын өзгертсеші, ә?! – деп Қарлыға күйіп отыр.

–Шамасы жетсе өзгертер еді, соған шамасы жетпеген де шығар, – деп біз күмілжідік.

Десек те, ауылымыз бір болған соң ба, Шаякең үшін ұялып барамыз. Өлеңдерді салыстырып оқимыз. Қанша салыстырсақ та, Шәйімнің баласынікі деуге бір жетім тармақ табылсашы! Бар болғаны «Кездесті қисық көз қоянға» деген бір тармақта: «Кездесті бір қоянға» деп, қоянның көзін «түзеп», батасын алыпты. Әй, Шаянбай-ай, «қоянның бойын көріп, қалжасынан түңіл» дейтін нақылды аталарың надандықтан айтты ғой дейсің бе, мына қоянның батасын алғанда жеткен көмбең осы ма?! Ауылдастарың сені «біраз жерге барып қалған ақынымыз» деп жүр еді, енді не дейді? Барымташы екеніңді естіген соң, жағаларын ұстар ол пақырлар.

–Малыңыздың ізін шалып келгеніңіздің еш сөкеттігі жоқ, – дестік біз жоқшы қарындасқа, – ендігі кесікті сөз иесі редактор болар. Ол малыңыздың тұяғына тұяқ қосып қайтарып бергізеді. Бәкеңсіз де шешілетін мәселе екен ғой, келгеніңіз жөн болған.

–Иә, келгеніңіз жөн болған.

–Редакторға жолықтырайық, ол түпкі бөлмеде, жүріңіз.

Қарлығаны өстіп жұбатпасқа болмады. Әй, Шаянбай!..

НАМЫС-ҚАМЫС

–Тұрыңыз, тұрыңыз! – деген дауыстан оянып кеттім. Бірақ, көзімді ашқаным жоқ. Тәтті ұйқы балқытқан бойыма, тамаша түс шалқытқан ойыма ие бола алмай жата бердім. Төңірегім жым-жырт. Сірә, күнде таң бозынан қиқулайтын ұлдарым әлі тырайып жатса керек. Жексенбі ғой. Тек әйелімнің қай қырлануы екенін ит білсін, бүгін тіпті басқаша сызыла қалыпты:

–Тұрыңыз, тұрыңыз! – дейді.

–Саған бүгін не болған?! Не көрінді?! – дедім көзімді ашпастан зекіп, көңілімнің ояулығын дәлелдеп. – Жамбасың жұқара бастады ма? Жатпайсың ба? Өзің жатпасаң, басқаға тыныштық берсеңші, шықылықтамай!

– Тұрыңыз, Сыпаев жолдас, тұрыңыз!
– Әй, сен өзі... – деп сыздана сөйлеп көзімді ашып алдым да... тілімді тістей қойдым: терезе алдында менің әйелім емес, басқаның әйелі тұр.
– Мәс-с-саған! – дедім басымды көтеріп.
– Қайырлы таң! – деді ол, Сосын сырт айналды да, терезені ашты.
– Киініңіз, қазір дене шынықтыру басталады, өзен жағасында, соған барыңыз.
Түзу жүрген әйелге қисық сөйлемесек жолымыз ұзарған ба:
– Курортқа раз-два ойнау үшін келген жоқ шығармын, – деп салмақтанып, басымды жастыққа қайта салдым.
– Тіл-жағыңызға сүйену үшін де келген жоқ шығарсыз, – деп әлгі басқаның әйелі менен де салмақтана түсіп, бөлмеден шығып кетті.
Бұған дейін ұсақ-түйек демалыс үйлерінің тәртібінен де дертемнің бірер қайырылғаны бар еді, үлкен курортта тәжікелесіп көсегем тіпті көгермес деп ойланып аз-маз жаттым. Сосын киініп, сыртқа шықтым.
– Е, көрші, қош келдіңіз! – деді есік алдынан өте берген бір тақыр бас тапал сары.
– Анау раз-двасына бару міндет пе, жоқ па? – дедім амандаспастан бұрын.
– Өз еркің. Бала-шаға емес көрінесің ғой.
«Келіннің бетін кім ашса – соған ыстық» деген де, тапал сарымен сол секундта табысып, бір-біріміздің тамырымызды тап басқанымыз.
– Сызұға қалайсың? – деймін.
– Бірер курсың бітірдік қой, – дейді.
– Құйысқаны беріктер бар ма? – деймін.
– Ел емеспіз бе! – дейді.
Азамат екен, айтқан сөзінде тұрды. Таңертеңгі тамақтан соң дәл өзіндей екі саңлақты ертіп келді.
– Палатада сызуға болмас, – дедім мен, тәжірибемнің мөлшерін байқатып.
– Жайлау мен қыстауымыз жайлы, – деді тапал сары, сауаттылығын сездіріп.
Жайлау мен қыстаулары бір оқшау теректердің түбі екен. Дөңгелек стол, белдеу орындықтар. Отыра қалып, сыза жөнелдік.
– Бәке, жиырма-отыз тиыннан ба? – деді тапал сары.

– Көңілді жүдетпейік, елу тиыннан! – дедім.
– Нысана сексен бе? – деді екеудің бірі.
– Жүз жиырма болсын, уақыт өзіміздікі ғой, – деді екіншісі.
Сөйтіп, жүз жиырмадан құлдауға кірістік. Ә дегеннен-ақ айым оңымнан туды. Қолыма жеті ойын келген екен, соның сегізіне дейін саудаласып, көндегі екі картаны алсам – әй, өзім-ай! – қолым тоғыз болды да кетті!
Қол жүргенде дауа жоқ-ау, карта иесі қара сайтанның көзі түзу болды да, жеті-жетіден ебей-жебей үш жол ойнадым. Қарсыластарым біріне-бірі күреңіте қарайды, бас терілері тарыла бастаса керек. Е, мейлі! Бас терілері жырттылып кетсе де, менің шаруам не?!
Сөйтіп, шықпаған мұрттым соқпаған желмен желбіреп отырғанымда желкеме албасты мінгені ғой. Мінді де шаужайлап алды. Темный жағдайда мизерден мойным бұрала құлап, аяқ-қолымды жинаудан қалдым...
Айту да ауыр, айтпау да ауыр, не керек, сол күні түскі тамаққа тәбетім шаппады. 401 теңге 65 тиынды қолынан санап берген кісіде тәбет болушы ма еді!
Ертеңінде тағы сыздық.
– Бәке, он тиыннан болсын, ә? – деді тапал сары.
– Жоқ, онбес тиыннан! – дедім. Жігіт емеспін бе, намысым бас имеді.
Ол күні таза олжалы болмасам да, 80 теңгемді қайтарып кеттім. Ұйқым жаман болған жоқ.
Бірақ, келесі үш күн бойы бір түспестен әлгі албасты желкеме жайдақ мініп алып, кәне, тақымын жазсашы! Жүйке атаулымды тулақша тоздырды. Бұл жарық дүниеде қолыңа дені дұрыс карта келмеген қорлық екен! Қалтам жұқарғанды қойып, тесілуге айналды. Күніне жүз сомнан ұстағанның өзінде сендерге бір айға еркін жетеді деп үйдегі әйелім мен бес балама үш мың теңге тастап, өзге жиып-тергенімді түгел жамбасқа басып жылыстағаным қайда? Енді, міне, соның... «Ерді намыс өлтірер, қоянды қамыс өлтірер!» Айқасқа тағы аттандым. Тым құрыса итжығыс түспей, қашанғы талана беремін!.. Бірақ... қырсық қой, қырсық... шаңым тағыда қағылып, қолсағатым тапал сарының білегіне тағылып келіп отырмын... Енді не істе дейсің? Демалысымның әлі он сегіз күні қаттаулы тұр. Ертең әйеліме хат

жазамын. Қайтар жолдың қамын жасамай бола ма? Қарызданып-қауғаланып көрсе де... ол мені жерге қаратуға тиісті емес! Ал, оған дейін маған бір мың теңге бере тұрар біреу табылар ма екен?..

БЕС МІНЕЗДЕМЕ

I

«Дайрабайұлы Дамылбайды көп уақыттан бері білем. Бірақ, «Даудың басы – Дайрабайдың көк сиыры» дегендегі оқиғаға, немесе ондағы кейіпкерлер қауымына, немесе Дайрабайға, немесе көк сиырға қаншалықты жақындығы, қарым-қатынасы барын ешбір фактімен бұғаулап бере алмаймын. Менің білетінім: Дайрабайұлы Дамылбайдың бұл жарық дүниеге келгеніне жарты ғасыр болып қалды. О баста дені дұрыс, күнәсіз нәрестеден қалайда мінезі бұрыс, қызылкөз даукес өсіп жетілді. Қалтасына әупіріммен диплом түскен 1960 жылдан бергі жерде жеті мекемеге емініп-сұранып қызметке кіріп, жетеуінен де соттасып-қаттасып шықты. Бүгінде он сегізінші мекемені торып жүр, есігі ашыла қалса – сып етіп сүңгіп кетпек. Сүңги алар күн туса, қажет болар мінездемені менен сұраған. Сол үшін ағымнан жарылып отырмын.

Дайрабайұлы Дамылбай о баста комсомол қатарында еді. Пай-пай-ой, дипломын «жуып» жүрген күндердің бірінде көршісінің үш тісін бірден қағып түсіріп, содан соң комсомол билетінен көз жазған. Кейін бір де бір одақтың есігін қаққан пенде емес, тым болмаса кәсіподақты маңайлап көрген жоқ. «Денсаулығым тастай, маған кәсіподақ ұйымы масыл болмасын!» деп тура кеткен. Денсаулығының тастай екені рас, әйтпесе, жеті мекеме тұрғай, бір мекемемен соттасқан кісі жындана жаздар еді. Ол болса, жеті мекеменің, орта есеппен үштен деп санағанда, жиырма бір адамын сотқа сүйрегені анық. Сот орнындағыларды су ми еткені өз алдына. «Денсаулық – зор байлық» дейтіннің бір дәлелі осы-ау!

Дайрабайұлы Дамылбайдың басындағы бар-жоқ қасиет не? Ол ма, ол – «қырағылығы». Бұл «қырағылыққа» оны кімнің тәрбиелегені, қашан, қалай тәрбиелегені әзірше жұмбақ (кейін зерттеушілер мен тергеушілер анықтай жатар деген сенімдеміз). Мысалы, Дайрабайұлы Дамылбай мекеме бастығының таңертең үйінен не-ше сағатта, неше

минутта шыққанын, машинаға неше минутта барып отырғанын, қайда барғанын, кіммен жолыққанын, кеңсесінде күніне қанша уақыт болатынын, кіммен шүйіркелесетінін, кімнің үйінде қонақта, тойда болатынын, қай келіншекке көз салатынын, кімге пара беретінін, кімнен пара алатынын – қылаяғы қандай түс көретінін, оны кімге жорытатынын жатқа біліп жүретін «қырағы». Бұл мәліметтердің бәрін ақ қағаздың бетіне қара сиямен қондырып, ертелі-кеш не оң қолында, не сол қолында салақтап жүретін қара портфелінде сақтайды. Сосын қазанның қақпағындай ол қара портфелін сүйреген күйі жоғары орындарға барады. Бір бармайды, он барады, табалдырығын тоздырады. Қашанда: «Сау-сәлеметсіздер ме?» деп жаңа түскен келіндей сызылып кіреді де, сөзі сұйылып, дауысы бұзылып, «Қособаның басында кездесерміз!» дегенді қанталаған көзімен айтып, кердендеп шығады. Сол бетімен суыт барып, поштаға еңтігіп енеді де, күнілгері дайындап қойған арыз-шағымды (тәжірибе бар ғой) әрқилы адреспен алыс жолға аттандырып-аттандырып жібереді.

Дайрабайұлы Дамылбайдың бұған дейінгі жеті мекеменің үстінен жаудырған арызы Алматының көк базарына төрт қабат етіп тесеп тастауға жетеді. Мұндай төсенішке зәру болса, сегізінші мекеменің басшылары Дайрабайұлы Дамылбайды қызметке дереу алғандары жөн...»

II

«Сықпаұлы Малтаны көп уақыттан бері білем. Әйелім кітап магазинінде сатушы болып орналасқан 1961 жылдан бастап-ақ Сықпаұлы Малтамен сырттай да, іштей де жақсы таныспын. Ол – мал табудың маңдай терлемес бір соқпағына түсіп алып, табанын тілдірмей, тұяғын ілдірмей, митың жорғамен келе жатқандардың бірі. Кірпігін секундына сегіз қағып, қысық көзі төңірегін түгел шолып, һәманда сауысқандай сақ. Жирен мұрты жыбырлап, күндіз-түні кітап жазады. Биыл повесі шықса, келесі жылы романы шығады. Қазірдің өзінде пәленбай «туындысы» бар. Атақты Сары сыншының айтуынша, Сықпаұлы Малта «ведущий романист» болып алды. Баспадағы қайсыбіреулердің жүрегіне жол тапқан сол кітаптары ойдағы-қырдағы дүкендердің сөрелерінде жылды-жылға жалғап сіресіп тұрып-тұрып, ақыры әйгілі «Списать» өлкесіне жер ауады. Мысалы, 1964 жылдың ортасында Сықпаұлы Малтаның «Өкіл» деген

романы шығып, республикамыздың төрт бұрышына 60 000 дана тиражбен аттанған еді, ал 1965 жылдың басындағы ақпарға қарасақ – 60 мыңның 59 932 данасы жамбастары тиген жылы орындарын суытпай әлі жатқан көрінеді. «Көз алдыңнан мәңгі-бақи кетпейтін көркем шығарма» деп, міне, осындайларды айтсақ керек! Әлбетте, Сықпаұлы Малтаға бұл мінездемені бере отырып, «Өкіл» авторының бертінгі «Алақай», «Құрсау», «Тоң жер», «Ақ қар», «Көк мұз», «Қызыл су», «Жылымшы», т. б. повестері мен романдарын оқымай қойған халайықтың талғамына риза болып, олардың мұндай «құрметтеріне бөленген» Сықпаұлы Малтаға: «әкең еккен ағаш жоқ, қағазды ысырап өткеніңді қоятын жасқа жеттің емес пе?» дегіміз келеді...».

III

«Ақпақұлұлы Төкпеқұлды көп уақыттан бері білем. Алдын ала хабарлап қояйын: мұндай ақын бір елде бар, бір елде жоқ. Себебі: ол өзі пәлен жыл бойы бір ғана мәселені жырлап жүр. Әдебиет зерттеушілерінің тілімен айтқанда: «бір ғана тақырыпты таңдап алып, соны меңгеріп, игеріп, бүге-шігесіне дейін қырғыштап, әрлеп-нәрлеп, жетілдіріп, дамытып, жүгендеп, ауыздықтап, ерттеп, төс айылын да, шап айылын да нық тартып, өмілдіріктеп, күйысқандап мініп жүр. Тырп еткізбейді. Содан да болар, әйтеуір, Ақпақұлұлы Төкпеқұлдың өлең жинақтарында: «Далам, сені сағындым!», «Қайран далам, қайтейін!», «Сағындым мен даламды!», «Ей, далам, сені қашан көремін мен?», «Дала мені шақырады күн сайын», «Уа, кең дала, мен сені аңсап жүрмін», «Даламды ойлап ұйықтап, даламды аңсап оянам», «Дала әні құлағымнан кетпейді», «Дала көркі көз алдымда көлбейді», «Дала сұлу, көкейімде суреті қалған тұнып», «Дала деп жылаймын, дала деп уанам», «Қайран далам, еш қалаға айырбастамақ емеспін!», «Айхой, далам, қашан жетем өзіңе?!» деген тәрізді сағынышты, мұңлы, зарлы, зерігулі, жабығулы, торықпалы, қамықпалы, жылымшы, тұзсыз, дәмсіз, сәнсіз сөздер-сөйлемдер-тармақтар аяқ алып жүргісіз. Шумақтан шумаққа, өлеңнен өлеңге, кітаптан кітапқа шұбыра көшіп, есте бір тынбайды. Бұлардан басқа лебізге ұятты. Базарда жоқты қайдан тапсын, бірақ!

Ал осыдан аңғаратынымыз: Ақпақұлұлы Төкпеқұл қалаға қалай, қашан, қай жақтан, неге, не үшін келгенін түсіне алмай, даладан алып кеткен тағдырына қарғыс айтып жүріп жатыр. Бұл байғұсты

милиционер ағайындар жыл-он екі ай қаумалап, қақпалап қайырып, қаладан шығармай жүрген тәрізді. Сөйтіп, ол күніне сегіз сағат қызмет істеп, театрға, ресторанға барып, күнара преферанс ойнап, коньяк ішіп, содан кейін... даланы енді қайта көрер-көрмесі неғайбыл пендеше көз жасын сығып, түнере тіл безеп, рахат жағдайда, мәдениеті мол қалада тұрып жатыр. Тұңғыш ұлы медицина институтын тәмәмдап, ауылды жерге дәрігер боп бармақшы еді, Төкпеқұлдың әйелі бір жақтан аһылап, өзі бір жақтан уһілеп, «қу далада ізің өшіп қалады!» деп жібермеді. Сірә, бұл «қу дала» Ақпақұлұлы Төкпеқұл аңсап жүрген даладан басқа бірдене болғаны ғой.

Ақпақұлұлы Төкпеқұлдың кім екені көкейіме қонбайды...»

IV

«Бірғытпаұлы Сырғытпаны көп уақыттан бері білем. Студент сәтінен бастап сын ауылына ат басын бұрды. Кейінде қаламы қарымды сыншыға айналды. Әділ сөйлейтін, тауып сөйлейтін. Мақалалары өткір сынға, пікір таласына құрылып жазылатын. Тек бәрі де бірақ сап болды. Әншейінде өзі келіп жүретін адамды енді іздеп таба алмайтын күн болды. Газет-журнал беттерінен аты-жөні көрінбейді, астыртын әрекетке көшкендей.

Айлардың бір айында Бірғытпаұлы Сырғытпаны әрең жолықтырдым. Сөйтсем, сынның ауылын айналып өтетін әдет жұғыпты оған. «Бұрын сынағандарымның қайсыбірімен танысып, табысып жатырмын, өйткені, аспирантураға түсуіме кедергі келтіретін түрлері бар. Аспирантураны тәмәмдап алайын, сосын сын семсерін қолға қайта аламын!» деді.

Бірғытпаұлы Сырғытпа аспирантураны тәмәмдады. Сынға оралмады. «Кандидатскийді қорғап алайын, сосын көреміз!» деді. Хұп! Кандидаттық диссертациясын қорғады. Сынға оралмады. «Докторскийді қорғап алайын, сосын көреміз!» деді. Хұп! Докторлық дәрежені алды. Сынға оралмады... Бірғытпаұлы Сырғытпаның қазірде жазып жатқан мақаласы да көрінбейді, шығып жатқан кітабы да көрінбейді, тым құрыса сөйлеп жүрген сөзі де естілмейді. Әдебиеттің ауа райын бақылай-бақылай, «әлде қандай заман болады» деп бұға-бұға, ақыры бұта басын шалудан да қалғанға ұқсайды. Ендеше, оның осы күйінде қала бергені дұрыс. Қайта түлеп қарық қылмас...».

V

Үшбу бұл мінездеме берілді Токсан қарттың тұлабойы тұңғышы Торсанға. Тоқаңның тұңғышы біздің «Береке» колхозымызға бұдан бір жыл бұрын бастық бола келді. Қысқа мойны қырық қыртыстанып, алқымы күрең бұғаққа тола келді. Танысарда май мұрынын тұқырта тұрып, көзәйнегінің үстінен төңіректі шолады екен. Шелпектей жылтыр ернін жымқырып, самса саусақты қолының ұшын ұсынады екен, онысын қос қолдап ұстап, сипаңқырап амандасқанында шықшыты шығыңқы төрт текше беті былымықтай балбырап, көңілі әжептәуір тұшынады екен.

Әбісімдәсі – кеңседегі креслоға көрісіп табысқандай көсіле орнықты. Шалқайып отырған сайын айбатты шығармын деп ұқты. Тығыз-таян шаруасы бола келгендерді: «тауық қозы табатын заман туған жоқ!» деп орынбасарына, бас зоотехникке, бас инженерге, тағы тағыларға ысырды. Қадалыңқырағандарға (ондайлар бар ғой) қабағын түсірді.

Сөйтіп жүріп бір күні, келгеніне бес ай шамасы болып қалғанда, Торсекеңе тосын әдет тарс жабысқаны. «Волганы» бұрынғыдай кеңсе алдына тұсап тастайтынды қойып, мінеді де шабады, мінеді де шабады. Қала кетеді, дала кетеді, бәйбішесін сала кетеді. Облысқа бір жиынға шақырылдым деп іссапарды жиілегіп, о жақтан апталап оралмайтынды шығарды. Әрбір айдың отыз күнін өстіп ірітіп-шірітті.

Токсанов жолдас әбден жайсаңданды. Көп-көп шаруа шөгіп қалды. «Берекенің» берекесі бітті. Жұмыс атаулыда қарқын төмендеді. Бастық оны көрмеді, көргісі де келмеді. Басқаға билік бермеді. Қыспаққа түсе бастағанда: – Мен но-о-менклату-у-радағы кадрмын! – деп шегіртке көздене қалады. Оның қол қоюын күткен жетім нұсқау мен жесір мәлімет колхоздың тағдырын торлап алды. Бұған ақыры ашынған көпшілік Токсановты келесі есеп беру-сайлау жиналысында креслосынан да, «Волгасынан» да сыпырып, ыстық күлге отырғызды!

Лауазымның жылуына қарнын тосып үйренген Токсанов құрыққа ілінген құр аттай тулады. Жоғарыға арыз артынан арыз жаудырды. Сан комиссияны сабылтты. Бәрінен: – Өзіңе де обал жоқ! – дегенді естіп түңілді, тыншыды. «Өзімнен болыпты, қайтейін, енді... бұйырған бірдемесі табылар... маған... көз көрген жақсы жандар едіңдер, бала-шағамның көз жасы үшін ептеп жұмсақ мінездеме берсеңдер екен...» деп еденге қарады.

Біз сол себепті бұл мінездемені бере отырып, Т.Токсановтың сан салада көп жыл жұмыс істегенімен тәуіршіліктен тапшы екенін, көріп-білгенінен көңілінде қалғаны тамшы екенін, оның сылтың сауыққа әбден әккіленіп алғанын, бұқараның көңіл күйін түйсіне білмейтінін, ой еңбегіне орайы келмейтінін атап көрсетеміз...».

Е-е, деген! Мұндай мінездемені біздің ауылдан мың бір күн, мың бір түн іздесең де таппассың. Токсановтың «Бірліктен» шындығында тоңқалаң асып... көршілес «Алакөл» совхозына директор болып кеткені бұған керісінше жазылған, жарылқағыш мінездеменің арқасы шығар!

* * *

Жарық өмірдегі бірсыпырамызға өзіміздің нақты кім екендігімізді ашып айтқан мінездеме жазыла қалса: қайсыбіріміз әкемізден қалған торы шолақтай меншіктеп алып, әйеліміз екеуміз жарыса мініп жүрген мекеме мәшинесінен айрылар едік, есігі қабат-қабат кабинеттен, қатар-қатар телефоннан айрылар едік; қайсыбіріміз күніне екі сағат қағаз аударыстырып, бес сағат анекдот айтып жүрген қызметтен қуылар едік; қайсыбіріміз қоластымыздағы адамдарға тиесілі жолдаманы жылда қақшып барып жүрген курортымыздан қағылар едік; қайсыбіріміз «Ешкінің құйрығы неге қысқа?» дегендей тақырыпта кандидаттық диссертация қорғап мал табудан қалар едік; қайсыбіріміз тірі пенде сүйсініп оқымайтын күлді-көмеш кітап жазудан тиылар едік; қайсыбіріміз...

Оу, неменеге томсара қалдыңыз? Мұндай мінездеме сіз бен бізге жазылғалы жатқан жоқ, уайымдамаңыз!

ӨҢ мен ТҮС

Қақпа алдында Оразқұлды Шынтайкүлдің өзі қарсы алды.

– Ауыл шетіне шығып, менің көрші келіндеріме көз салып жүргеннен саусыз ба? – деп аузын баса қырылдап күліп, Оразқұлды қолтықтап алды. – Шіркін, жастар-ай, сіздерге өмірдің күзі де – көктем, қысы да – көктем ғой. Жастарға сөгіс бар ма. Ойын-күлкілері де орынды. Сөйтіп жүріп от басып алса да сөгіс жоқ оларға. Жастық! Алды-артыңа қаратпайтын қайран жастық-ай!

– Қырыққа ілініп қалдық қой, енді бізге жастық қайда?
– Қойыңызшы. Шынымен қырыққа келіп қалдыңыз ба?
Шынтайкүл күле жүріп есік ашып, Оразқұлды бір бөлмеге енгізді:
– Жоғары шығыңыз, анау диванға отырыңыз. Сіз қырыққа келді дегенге кім сенеді. Өңіңіз әлі жап-жас. Сіз... әрі кетсе отыз бір, отыз екі шамасында боларсыз, таптым ба?
– Көріпкеліңіз бар екен, таптыңыз. Сіз де кәртейіп тұрған жоқсыз ғой, Шөке, солай ма? – деп қызыл қоңыр кілем жабылған диванға отыра берген Оразқұл жымындап, Шынтайкүлдің бас-аяғына көз жүгіртті.
– Ал сіз маған қаншаны берер едіңіз? – Шынтайкүл оның жанына барып отырып, көзі күлімдей қарады бетіне. «Көзі жапалақтың көзіндей дөп-дөңгелек екен, ашқарақ шығар», – деп ойлап та үлгірді.
– «Қаншаны берер едіңіз» дейсіз бе? – Оразқұл оның бет алдын көзімен тінтілеп, ыржиып отыр. – Мен сізге... отыз бес, отыз алтыны берер едім.
– Қырықты қимадыңыз ба? – деді Шынтайкүл, қонағының иығына қолын салып, қасын керіп.
– Қимадым қырықғы, қимадым, Шөке! – деді қонағы, оның қолының үстіне қолын салып, қысыңқырап.
Екеуі де мәз бола күлді.
«Азу тісінің бәрі алтын екен ғой!» – деп іштей таңданысын жасыра күлді Оразқұл.
«Айтам ғой, ашқарақ пәле көрінеді!» – деп өз пікірін өзі іштей құптап күлді Шынтайкүл.
– Қалай, Шөке, таптым ба? – деді Оразқұл, оның қолын қос қолдап ұстап, сипалап.
– Таптыңыз, Ореке. Сіздің де көріпкеліңіз бар екен, – деді Шынтайкүл. – Биыл отыз алтыға шықтым. Он алтымда тұрмыс құрып, он жетімде Шорам дүниеге келіп, он сегізімде күйеуден ажырасып, содан бері ұлымыз екеуіміздің өз тіршілігіміз өзімізде, ептеп тұрып жатыр едік, аяқ астынан мына бір пәле жабысып,.. – деп дауысы дірілдеп, төмен қарады. – Жарайды, Ореке, сіз жайланып отырыңыз, мен оны-мұныны қамдайын, Нүкең де жуынып болған шығар.
Шынтайкүлдің соңынан қарап қалған Оразқұл: «Тым семіз, бірақ калайда өңі ескірмеген... Нүкең деді ме? Нұғыманқожа осында екен

ғой. Бағанағы машинадан түскеннің бірі сол болды. Ал екіншісі кім?»
– деп ол өзінен-өзі күбірледі де, үй ішіне көз сала бастады.

Үй іші жиһазды. Диванның қарсысында ішкі қабырғасы айналы қызыл күрең сервант; ішіндегі фарфор ыдыстары көздің жауын алады. Серванттан жоғарырақта бұрын-соңды бұл көрмеген трюмо: қаптал-қаптал айна әлемі. Одан арғы бұрышта қырындап дәу телевизор тұр: оның үстінде аппақ ваза – бетіне Шынтайкүлдің фотосуреті құймалап салынған. Телевизорға қарсы бұрышта қызыл қоңыр қос шабадан қойылған. Одан беріде, диванмен аралықта, магазиндерде «журнал столшасы» деп айдар тағылып сатылатын столша, бірақ оның үстінде кілең күміс құтылар, темекі күлін салатын кіп-кішкене жез башмақ, атлас карта, тағы басқа ұсақ дүниеліктер. Диванның екі жағында қызыл қоңыр кілемшемен жабуланған екі кресло. Еденде де – қызыл қоңыр кілем. Қарама-қарсы қос қабырғаға да шашақты қызыл қоңыр кілемдер ілінген. «Шынтеке, жарайсың!» – деп Оразқұл үй ішін тағы шолды. Айлық еңбекақысы жүз жиырма сом Шынтайкүлдің мына тұрмысына сүйініп отырғаны да, күйініп отырғаны да беймәлім. «Шынтеке, жарайсың!» – деген күбірі қандай сезіммен айтылғанын бет әлпетіне қарап та, дауыс мәнерінен де айыру қиын еді.

Оразқұлдың көзі трюмоға екінші рет тоқтаған мезетте бөлмеге Шынтайкүл кірді. Киімін ауыстырыпты. Бағанағы ұзын жеңді сары жібек көйлегінің орнына қысқа жеңді ақ жібек кеудеше, қара мақпал юбка киіпті. Мойнына янтарь моншақ салған.

– Оу, Шөке, танымай қала жаздадым ғой! – деп Оразқұл орнынан екі қолын жая, «жапалақ көзі» жайнай тұрды. – Дәл қазір мен сізді... мен сізді қарындас деуге әзірмін!

– Жомартсыз-ау, Ореке!

– Базарына қарай нарқы демей ме?!

– Біз келісе жатармыз, ендеше. Сіз «жә» десеңіз – болды!

Оразқұл кілт мүдірді. Шынтайкүлдің бетіне аңтарыла қарады.

– Жүріңіз, Ореке, ас үйге барайық, Нүкең тосып қалар. – Шынтайкүл күлміндеп, оны қолтығынан деменкіреді. – Жүріңіз, Сыбағаңыз әзір.

Ас үйі кең бөлме екен. Төр төбесінде, стол басында бір қырын шалқиып Нұғыманқожа отыр. Бунақтаған биік арқалықты арабы орындықтар қоршалаған ұзын стол үсті тағамға толы. Нүкеңнің дәл алдында буы бұрқыраған табак. Тұмсығы Нүкеңе қараған қойдың

басы бейнебір өзеннің арғы жағасына жүзіп жетіп қалған қойдың басындай елестеді Оразқұлға. Оразқұл соған күлкісі келіп жымығанын аңдамай да қалды.

– Е, шырақ, көңіл күйің жақсы ма? – деп Нұғыманқожа дұрысталып отырды. – Жоғары шық, бері кел, мұнда отыр. Өзді-өзімізбіз ғой, мұнда кел, – деп оң жағынан орын ұсынды.

– Нүке, қашан келіп қалдыңыз, сау-сәлеметсіз бе, үй ішіңіз есен бе? – Оразқұл төпелеп амандасуын амандасса да, кенет тілін тістеп алғандай жым болды: ұсынған орындықтан бір орын төмен отырды. Шынтайкүл Нұғыманқожаның сол жағына жайғасып, табақтағы басты тәрелкеге салды да, Нүкенің алдына қойды. Майы төңкерілген жамбасты Оразқұлдың алдындағы тәрелкеге салды. Сосын:

– Шама-шарқымыз осы, әйтеуір, риза болғайсыздар, – деп күлміндеп отырып, екі қонағына бір-бір қарап қойып, төрт жұлдызды грузин коньягының тақиясын сыпырды. – Қазір қымыз жоқ, совхоз биені ағытқан. Енді қымыздың орнына «Сарыағаш» ішесіздер.

– Өй, Шәукежан-ай, бізге осылар жетіп жатқан жоқ па! Сенің пейіліңе-ақ тоймаймыз ба! – деп Нұғыманқожа бір желпініп, басты қолға алды.

«Тілін кәлімәға қашан келтіріп қойды екен. «Шәукежан» деуін байқадың ба?!» – деп ойлады Оразқұл. Ол жамбасты қолға алды...

Бесінші тост кезегі жеткен тұста Нүкең Шынтайкүлдің қолын мысық сипағандай сипап отырып, былай деді:

– Оразқұл шырағым, саған біздің Шәукежан бір тілек айтып, қолқа салған екен, сен соған қалай қарайсың, бізге соны айтшы!

Үй ішінде үнсіздік орнай қалды. Оразқұл көзін төмен салып, дастарқан бетін қолындағы қасықтың сабымен сызғылап, сабағын оқымай келген шалағай шәкіртше тұқырып отыр. Ешкі сауым уақыттан беріде хабар берер түрі жоқ. Шынтайкүл күні бойы булығып отырып енді ғана тыныстағандай «ууһ» деп, тыныштықты дар-р айырып күрсінді де, Нұғыманқожаның сипаланған қолын көтеріп апарып өз бетіне басты. Нұғыманқожа оң қолын босатып алып, Шынтайкүлді иығынан құшақтап, бауырына тартты. Сөйтті де, сөз тиегін тағы ағытты.

– Шырағым Оразқұл, сен біздің сөзімізге құлақ сал. Мәселе былай: мертігер қыз мертікті, ол кеше тілге келіпті, бірақ өзін кім қаққанын,

кімнің мотоциклі қаққанын білмейтін көрінеді, түн ішінде, ойламаған жерде, әрине, қиын емес пе? Подругасы екеуі тойдан келе жатты, өзің білесің, тойдан келе жатқан қыздар анау-мынауды сөз қылып, күлкіден ауыздары босамай келе жатқан шығар, оның үстіне «дәл мына көшенің бұрышында бізді мотоцикл қағады» деп ойлай ма? Ойламайды. Ал, мотоциклист, айтайық, асығып келе жатты дейік, ол да пенде емес пе, «мына бұрыштан бір қыздар тап болады, мен соларды қағып кетем» деп ойлай ма? Ойламайды. Мотоциклінің екпінін тоқтата алмады да, қақты да кетті. Иә, ол тоқтауы керек еді, қайырылуы керек еді, қызды ауруханаға өзі апаруы керек еді, ал оны істегенде, қылмысының қаншалықты жеңілденетінін, ісі қай статъяға жататынын ол қайдан білсін, солай ма?

Нұғыманқожа Оразқұлдан жауап күтіп тоқтады. Оразқұл үндемеді. Дастарқанды қасығының сабымен сызғылаған қалпы. Мертіккен қызды өзі қағып кеткендей мүләйім отыр. Шынтайкүл тағы бір күрсініп алып:

– Бістық сорпа әкел дейін, – деп орнынан тұрды.

Шынтайкүл шығып кеткен соң Нұғыманқожа Оразқұлға қарай тез еңкейіп, оны иығынан ұстап шапшаң сөйлей жөнелді.

– Қызды қағып кеткен кісі мынаның Шорасы екенін өзің де сезіп жүрсің, оны мен де білемін, маған жаңағы қатынның өзі айтты оны, баласынан қиылып сұрап біліпті бұл. Ендігі мәселе мынаның Шорасын арашалап қалуда тұр, саған әлгі қатын алты жүз сом деген екен, мен оған тағы бір-екі жүзді қос деп отырмын, қосады, мұның қазынасы шіріп жатыр, демің ішінде болсын, шырағым. Ал анау қыз өле қоймас...

Шынтайкүл екі кесе сорпа алып кірді.

Нұғыманқожа еңсесін жазыңқырап, салмақтана сөйледі:

– Иә, жағдай солай, сен – адвокатсың. Қызды мертіктіріпті деген күдікпен ауданда тергеуде жатқан Нұрлыбаев Мұқаштың адвокатысың. Бұл ауылда не көп – мотоцикл көп екен. Қызды сол Нұрлыбаевтың мотоциклі қаққан болар. Бірақ біздің мына Шәукежанның Шорасы қақты дейтіндер де бар көрінеді. Көпшілік не демейді?! Сен солардың біразымен сөйлесің. Сөйлесу – сенің правоң. Мен сенің бастығың емеспін, Ореке. Мен саған аға, туыс ретінде бір-ақ сөз айтам: жалғыз басты болса да, азаматтай тіршілік құрып отырған мына өзіміздің

Шәуке-жанды жылатпайық, Шорасын әурелемейік. Шора биыл мектепті бітіреді, содан кейін институтқа түсер, қызметке ілігер, сенің жақсылығыңды ұмытпас.

Шынтайкүл орнына отырып, Нүкеңнің иығына бетін басты. Оразқұл мен Нұғыманқожа сораптап сорпа ішуге кірісті. Одан кейін үшеуі бесінші тосты көтерісіп, оны Оразқұлдың денсаулығы үшін деп ішті. Ол ұсынысты Шынтайкүл жасады. Оразқұл да қарыздар боп қалмады, алтыншы рюмкені «Шөкеңнің денсаулығы үшін!» – деп төңкеріп салды. Жетінші тостың алдында Шынтайкүл тағы да ыстық сорпа әкелуге кетті. Нұғыманқожа Оразқұлдың жанына жылжып отырып, көптен көрмей сағынып қалғандай құшақтап:

– Оразжан! – деп тілі күрмеле сыбырлады. – Сен ойландың ба? Мына қатын шіріген бай, көрдің ғой. Бұл – менің... әлгі... лю-любовым, хы-хы-хы... Сен үндеме, ұқтың ба? Әлгі Нұрлыбаев под подозрением екен, пусть сол кетсін, ұқтың ба? Сен оны қорғаймын деп жүр де, олардан да ал, содан соң мынаның Шорасын жайына тыныш қалдырайық та, сен бұдан да ал, сонда екі жеп биге шығасың, ұқтың ба?..

– Қыздың подругасы мен күзетші кемпірдің сөзін қайтеміз? – деп Оразқұл ақыры тілге келіп, Нүкеңнің қылилана бастаған көзіне ұзын кірпігін дірілдете қарады.

– Ол екеуін... екеуін де менің Шуражаным обработкадан өткізеді. Так что сен апшыма! Сен екеуін куәлардың қатарынан шығар, ретін келтір! – деп Нүкең саусағын безеді. – Шурочка содан кейін өзі біледі! Магазинге бастық болсаң, Ореке, сен де білер едің! Ұқтың ба?

– Ұқтым.

– Ендеше... Нұрлыбаевың кете берсін! Оның іздеп алар ешкімі жоқ. Сен оны өліп-тіріліп қорғамай-ақ қой!

– Тергеуші бар ғой? Ол бізді...

– Ол жоқ, ол басқа ауданға ауыстырылып жіберілді, хы-хы-хы... – деп Нүкең Оразқұлды кеудеге сұқ саусағымен бір нұқып қойды. – Басқа тергеуші келеді, оның бізге зияны болмайды. Сенің бұрынғы тергеушіден алған бір-екі қағазың, әлгі... копиялары менің... хы-хы-хы... лю-любовымның алақанына салынса болды, ал сенің... сенің қалтаңда...

– Жеті... сегіз жүз со-сом! – деп Оразқұл орнынан жұлқына тұрды. Ол да теңселіп қалған екен. Рюмкасын жоғары көтеріп, «жапалақ

көзін» жұмып, коньякты өңешіне құя салды да, сылқ етіп отыра кетті. Айтқан пәлен сомы қай қалтасына түсетінін білгісі келгендей, үсті-басын сипалап, қалталарын түгендеуге кірісті.

Ыстық сорпа алып Шынтайкүл кірді. «Қ-қайда жү-жүрсін?..» – деп Нүкеңі жауын құртша созыла тұрып, күпшегі қираған доңғалақша қираландап барып, Шынтайкүлдің қолындағы екі кесені алып столға қойды да, бұлғақтап қайта бұрылып барып Шәукежанын құшақтады, оның бет-аузын тұз жалаған сиырша сулап болып, құлағына бірдеңені сыбырлады. Шынтайкүл оған құлай сүйенген күйі қырылдап күліп, басын изеді. Оразқұл ол көріністен махрұм еді. Қалталарын сипалаған қалпында қалғып кетіп, маңдайы тәрелкесіне тіреліп тынған. Сол қалпында жатып түс көрді ол. Бұл тарихта тірі жанның түсіне кірмеген ғаламатты көрді. Ол адвокаттықты қойып, би болған екен. Бір бұлақтың жағасында үлкен мәжіліс өткізіп отыр. Оң жағында – Нұғыманқожа, сол жағында – Шынтайкүл. Қарсы алдында көзінен сорасы ағып сабалақ ит тұр. Ол: «...қызды мотоциклмен қағып кетіп мертіктірген де – менмін; анау жолы сіздің қолыңызды жалаған да – менмін; – қайтейін, ағеке, айыптымын, айыптымын, басымды мүжісеніз де көндім, ағеке, көндім... бір өзіңізге сендім...» – деп еңірегенде көз жасы кеудесін жуады.

– Жыламашы, қойшы! – деп Оразқұл оған өзінің қол орамалын ұсынды. – Жыламай, дұрыстап айтшы!

– Нервім жұқарған соң қайтейін! – деп ит-екең өзіне ұсынылған орамалды ұстай берді де, Оразқұлдың қолын жалап-жалап алды. Бірақ Оразқұл бұл жолы шошымады. Ашуланған да жоқ.

– Жаласаң жала. Тек мың сом берсең болды! – деді...

РАС-АУ!

Бөлмеге «түрткі көрген» бильярд тасынша зымырап кірген бөдене пішінді ақ сұр жігіт сол домаланған бетімен тіпті Аяз атаның столына шығып кете жаздады.

– Қалқам, қайдан келдің, қайда кетіп барасың? – деді Аяз ата, оған таңырқай қарап.

– Ассалаумағалейкүм, Аяз-еке!

– Уағалейкүмәссәлем! Отыр, сөйле!

Жігіт терең креслоға көміле отырды да, сөйлеп кетті:

– Сіз жаңажылдық әңгімеге бәйге береді деп естісімен мына кең кеудемдегі жұдырықтай жүрегім желөкпе шофердің қолына тиген «Жигулише» жұлқына жөнелді. Ерте туып кеш қалмас үшін бассалып таксиге звандадым, – «жылы киініп шыға беріңіз, қазір барады!» деді. Телефонымның тұтқасын орнына қойып, есігімнің кілтін екі бұрап суыра бергенімде таксиді келіп те қалды: шофері қос қолдап амандасып, әйелімнің денсаулығын сұрап, тонымның түймелерін салысып, биялайымды кигізіп, қолтықтап апарып тура өзінің жанына отырғызды да, «Садағаныз кетейін, тәңір тілеуіңізді берсін, қайда баратыныңызды айта қойыңыз!» – деп жатып жалынды. Мен айттым. Жайлап жүріп кеттік...

Алмалының ауасы-ай, шіркін! Желтоқсан туа жауған алғашқы қар көз қарықтырған кіршіксіз күйінде әлі жатыр!..

Алмалының әсіресе шеткі көшелері-ай, шіркін! Тұсауы кесілмеген балдырғанды тәй-тәйлатып қоя берсең де сүрінбейтін асфальт жолдарымыз жаңа ғана сабындап жуғандай жалтырайды: көрмеге қою үшін қырық кісі комиссия құрып күні бойы іздесең де, не бір темекі тұқылын, не бір шырпы сынығын, не бір қағаз қиығын таба алмайсың!.. Уәлиханов, Алтынсарин, Торайғыров, Дөнентаев, Көбеев, Жансүгіров, Майлин, Исаев, Жүргенов проспектілерін қиып өтіп едік, пай-пай-пай-пай-ой, әрқайсымен бір тайпа ел көшсе де, емін-еркін сыятын-ақ шығар дедім! Проспекті емес, Қастеевтің полотнолары дерсің!

– Кешіріңіз, туысқан, сізге бір сұрақ қоюға бола ма? – деді таксист бір шамада.

– Әрине, болады! – дедім.

– Сіз қалай ойлайсыз, біздің «Қайрат» футбол командалық келер жылы қола медаль үшін таласа ала ма?

– Егер бірінші топқа түсіп қалмаса, таласа алады.

– Кешіріңіз, туысқан, ол бірінші топқа неге түседі?

– Оны жоғарғы топ пен бірінші топтың екі арасын шандатып жүрген «Қайраттың» өзінен сұраңыз.

– Сіздің бұл жауабыңыз Орталық магазиндегі ет сатушы Шоқабайдың жауабына ұқсап кетті-ау! – деп таксист жымыды.

– Е, ол не деп еді?

– Оған қашан барсам да, «әй, жылқы етін қоя тұр, мә, бұзау етін ал, бұл қуырдақ пен шашлық жасағанға қандай жақсы! Нанбасаң бұзау өсірушілерден сұрашы!» деп сеп-семіз бұзау етін жатып кеп тықпалайды.

– Оның тықпалайтын жөні бар. Соңғы жылдары барлық колхоз-совхоздарымыз 100 сиырдан 100 бұзау алып жүр. Олардың бәрін өсіре берсе Қазақстанның қай жеріне сыяды?!

– Рас-ау! – деді таксист.

– Аяз-еке, өзіңіз білесіз, Сәкен Сейфуллин ескерткішінің бергі жағында, бұрышта, жаңадан кітап магазині салынған еді ғой, соның алдынан өте бергенімізде:

– Кешіріңіз, туысқан, көркем әдебиетке қалайсыз? Үйіңізде кітапханаңыз бар ма? – деді таксист.

– Әрине, бар. Жақсы кітап – жан азығы.

– Жақсы кітап жан азабы болатын да қалалар бар екен, олардың жанында біздің Алмалымыз жұмақ қой. Анау көрші қалаларда жақсы кітап сатып алуың үшін магазинде бір жақын-жақпайың болуы керек, тым құрыса кітап тасып жүрсе де. Ал Таңдамалы шығармалар жинағы дегенге жазылу үшін магазинге таң бозынан барып кезекке тұратын кемпір-шалың болуы жерек.

– Құдай оның бетін ары қылсын. Біздің магазиндерде бұдан он жыл бұрын шыққан Таңдамалылар да тұр. Сіз айтқан қалаларда, сірә, кітапты мазмұнына бола жинамай, суретіне бола жинайтындар көбейіп кеткен де!

– Рас-ау! – деді таксист.

Медеоға (!) апаратын проспектідегі «Балақай» магазинінің жанынан өте берген екенбіз, таксист оған бір қарап қойды да:

– Кешегі газеттен оқыған шығарсыз, мына магазин балалардың қай киімін қашан сұрасаңыз да, тура үйіңізге апарып беретін тәртіпке көшті, – деді. – Балаларға рахат-ақ, не кием демейді, жазғы-қысқы киімдері түр-түрімен толып тұр! – деп сүйсінді ол.

– Рас-ау! – дедім мен.

Содан мен, Аяз-еке, бір көше жаяу жүріп құрыс-тырысымды жазып алайын деп ойлап, мына жердегі әлгі Министрліктер үйінің арғы бұрышында машинадан түсіп едім, одан бергі бұрышта жыпырлап

тұрған жұртты көрдім. «Не болып жатыр екен?» деп бармаймын ба! Барсам, сол жердегі жарнамалар тақтасына үніліп тұр бәрі. Мен де мойнымды созып көз салып: «Бүгін, 31 декабрь күні, кешкі сағат 6-да Министрліктер үйінің мәжіліс залында жеңіл және жергілікті өнеркәсіп орындарының, аяқкиім фирмасының басшыларымен, өндіріс озаттарымен салтанатты кездесу кеші өткізіледі. Салтанатты кеш бұлар шығарып жатқан өнімдердің барлық түрлерінің 99, 99 процентіне сапа белгісі берілуіне арналады. Жолдастар! Салтанатты кеш соңынан «Төрт танкист пен бір ит» туралы фильмнің жаңа сериялары көрсетіледі! Келгендерге – есік ашық!» деп алтын әріппен жазылған хабарландыруды оқыдым. Сонсоң: «мен осындай салтанатты кешке қатысамын, үйге сәл кештеу қайтармын» дегім келіп қызметтегі келіншегіме телефон соқсам, оларда да салтанатты кеш болғалы жатыр екен. Менің сәулем ерлер мен әйелдердің ішкі-сыртқы киімдерін тігетін жоғары разрядты ательеде айтулы шебер, Аяз-еке, солар ательеде «кезек», «брак» деген сөздердің ұмытылғанына алты жыл толуын атап өтуді ұйғарыпты! Керемет оқиға емес пе?!

– Рас-ау!

Осы жақында ғана біз де сондай бір керемет оқиғаны атап өттік. Біздің мекемедегі жүз жетпіс тоғыз қызметкердің бір де бірі не арақ ұрттап алмағалы, не аузына темекі салмағалы тура екі жыл он ай болыпты. Бұл дегеніңіз, айналайын Аяз-еке-ау, нағыз, кәдімгі нағыз фантастиканың көкесі!..

– Рас-ау!..

– Қалқам, аты-жөнің кім? – деді Аяз ата, төргі бұрышта сүйеулі тұрған қанар қапқа бір қарап алып.

– Аты-жөнім Тақай Тақырбасов! – деді бөдене пішіндіміз, Аяз атаға бір, қанар қапқа бір қарап қойып.

– Қай баласың?

– Аталарымнан құлдап айтайын ба, әлде өзімнен өрлеп айтайын ба?

Аяз ата сәл-пәл ойланды: «Егер бұл жетпіс жеті атасын тізіп түгендеуге кіріссе, Алмалының тышқан атаулысы түйе жарықтықтың үстіне түгел шығып кетер. Ал егер өзінен бастаса, онда мұны Қосбадан асыра қоймаспын!».

– Қалқам, өзіңнен өрлеп көрші.

– Ендеше: әкемнің әкесі – Қасқабас, оның әкесі – Бақырбас, оның әкесі – Қазанбас, оның әкесі – Шаштыбас, оның әкесі – Түктібас, оның әкесі, – Самайтас, оның әкесі – Тазша...

– Бәсе, бәсе! Енді тоқта! – деп Аяз ата орнынан ұшып тұрды. – Қызметің қайда, кәсібің не?

– Мен Ақпарлар мен рапорттар басқармасының баяндама жазу бөлімінде мәлімет дайындаушымын. Айлығым...

– Е, қалқам, айлықта тұрған не бар, тек алименттен аман бол! – деді Аяз ата, қанар қабына қарай бет түзеп.

– Рас-ау! – деді Тақай, тақыр басын бір сипап...

АЛДЕКЕҢ мен ҚОЖЕКЕҢ КЕЗДЕССЕ...

Қожекеңнің де, Алдекеңнің де қай ғасырда ғұмыр кешкенін, қайсысы аға, қайсысы іні екенін дәлелдеп берген дерек әзірше жоқ. Ол деректің қайдағы архивте жатқаны да беймәлім. «Қазақ» деген сөздің қайдан, неден шыққанын түсіндіріп бере алмай естері кетіп жүрген ғалымдар қауымымызға қосымша сұрақ жаудырып, Алдекең мен Қожекеңнің ата-бабасын, үрім-бұтағын жіктеп диссертация жазып шығындар деуге де болмайды. Ғалымдар тобындағы тарихшылар мен әдебиетшілерді асықтырудан келер пайданың шамалы екені және аян. Айналайындар-ау, өз тұжырымдарыңды айтатын уақыт жетті емес пе деп асықтырып байқашы, қайтер екен! Қожекең мен Алдекеңді әрқайсысы өз ауылына қарай алып қашып, өзімен жерлес, рулас етіп шығарсын! Көзі жетпегенді көсілтіп, дерегін біле алмағанды дедектетіп тұрып баяндайтын білгірлер бізде баршылық қой. Оған да шүкіршілік, бірақ. Ондайларға да зәру болсақ, не істер едік? Крыловтың маймылы айтқандай, өзімізге өзіміз пышақ салып өлер ме едік?! Астапыралла-а-а!.. Ендеше, іздеген – табады, сұраған – алады деген, асықпайық, асықтырмайық, – бәрі де болады, бәрі де орнын табады. Оған дейін әрқайсысымыз өз білгенімізді місе тұта тұрайық. Мысалы, Алдекең мен Қожекең жайынан не білеміз? Білетініміз көп. Олар шет елдердегі миллионерлердей шіріген бай болмағаны былай тұрсын, мынау өзімізге де астар бола алмайтын хал кешкен. Қожекеңнің немесе Алдекеңнің пәленбай бөлмелі үйі болыпты, үйі

кілем мен хрустальге толы болыпты деп, көргені – түрлі-түсті телевизор, барғаны – Қырым мен Карловы Вары екен деп естідіңіздер ме?.. Тіпті, тым құрыса, анда-санда көңіл көтеретін ашынасы болып па?! Жоқ. Ондайын білмейміз.

Біздің білетініміз: Қожекеңде қара лашық болған. Әйелі болған. Жалғыз есегі болған. Бітті. Санауға үш саусағымыз-ақ жетіп жатыр. Ал Алдекеңде шолақ таяқ пен жыртық шекпеннен басқа дәнеңе де болмаған. Шолақ таяғының өзін түнеп шыққан жерінде ұмытып кетуі жиі болған. Ел аузындағы аңыздың ақпары осы. Аңыз түбі – ақиқат.

Біздің білетініміз: Алдекең де, Қожекең де «Алланың құлы, Мұхаммедтің үмбеті» болмапты, Әділеттіліктің құлы, Ардың үмбеті болыпты. Кәдуілгі мына өзіміз сияқты. Газеттеріміз «Жақсы адамдар жанында жүр» деп жазатын сіз бен біз сияқты.

Міне, кейде осыны ойлап отырамын да, оңашада миың да елгезек қой, «япыр-ау, Алдар Көсе мен Қожанасыр дәл қазір арамызда болса, екеуі кездесе, біріне бірі не әңгіме айтар еді?» деп қиялдаймын... Шынында не айтар еді?.. Біздің балаларымызға, немерешөберелерімізге ол екеуі туралы нендей аңыз қалар еді?.. Бізде қараны шырылдатып жатқан хан жоқ; оңды теріске шығарып, терісті оңға шығарып жүрген төре жоқ; кедейді өкпеге тепкілеп жүрген бай жоқ; төлегендердің қанын жүктейтін бекежандар да, қодарларды жардан лақтыратын құнанбайлар да жоқ; жалмауыздар да, мыстан кемпірлер де жоқ. Яғни Қожекең мен Алдекеңе ешқандай «жұмыс» жоқ. Енді қайтпек керек?.. Біз, әрине, «жұмыс» тауып бере алмағанымыз үшін ол әулие шалдардан кешірім сұрауға мәжбүр боламыз да, ол екеуі сіз бен біздің құдайдың құтты күні айтып жүрген әңгімемізге ортақтасуға мәжбүр болады. Демек, мысалы, Алдар Көсе ақсақал Қожекеңе:

- Қазіргі халайықтың бес уақ намазы не? – дей қалса, Қожекең:
- Жұмысқа барып келу үшін ертеңді-кеш автобуска, трамвай мен троллейбуска жармасып ақ тер, көк тер болатыны, – дер еді.
- Жүрек жұтқан жігіт деп кімді айтар едіңіз?
- Ешкімнен именбей арақ сасып жүретін Жүгермекті айтар едім.
- Хордың қызы деп кімді айтар едіңіз?
- Шашын жайып жіберген, көзінің іші-сыртын бояп тастаған, кеудесіне қолорамалдай ғана шүберек іліп, борбайына бит терісі шалбар кептеген Керімайды айтар едім.

- Еркектің ең пысығы деп кімді айтар едіңіз?
- Бастығының үстінен домалақ арыз боратып жүрген Бұқпабекті айтар едім.
- Әйелдің ең пысығы деп кімді айтар едіңіз?
- Дені дұрыс күйеуінен дәмкес құл жасап алған Айбикені айтар едім.
- Екі дүниеде ем қонбайтын аурудың аты не?
- Рушылдық.
- Елді де, ерді де, жерді де көгертпейтін дерт не?
- Жікшілдік.
- Осымен байланысты шыққан су жаңа мәтел қалай еді?
- «Биографиясы – дұрыс, географиясы – бұрыс».
- Ер жігіттің үш жұрты бар ғой, ал ез жігіттің неше жұрты бар, Қожеке?
- Оның да үш «жұрты» бар: өз үйі – кеңесі – сыраhana...
- Жә, жә, жә! Осымен қиялымызды кідірте тұралық.
- Қожекең мен Алдекеңді арамызға әкеліп әуре етпейік, өзіміз айтып жүрген өзексіз сөзімізді олардың аузына салмайық, өнімсіз тірлік әрекеттерімізді ол Ақсақалдарға таңбайық. Бүйтер болсақ, – Қожекеңнен де, Алдекеңнен де айрылып қалармыз, оларды ұсақтатып алармыз. Алдекең де, Қожекең де аңыздағы әулие қалыптарында асқақ тұра берсін! Жадымызда алыс та болса жақын күйінде сақтала берсін! Әумин!

ӨРЕЛІ ӨСИЕТ

- Шікесі-ау, дефицит үнді шайындай боп көзге көрінбей кеттің-ау!
- И-иә? Койғаның суып қор болдың ба?
- Е, бір ақыл сұрайын деп едім де.
- Өзінде жоқ ақылды сұрағаның дұрыс.
- Қатындардың қайсысынан сұрасам да, бәрі саған сілтейді.
- Білмейтіндерін білеміз деп көкісін бе. Не боп қалды?
- Күйеуім тіл алмайтын болып жүр.
- Күйеу деген кәпірлерді бірінші күннен бастап тура түрмеде ұстағандай ұстау керек!

– Оны мен қайдан білейін...

– Ендеше біліп ал!

– Ол: «сен таяз ойлайсың» дейді.

– «Сен-ақ терең отта!» де.

– «Менің туыстарымды, жолдастарымды сыйлай алмай жүрсің» дейді.

– «Олардың бет-ауызын өзің-ақ жала!» де.

– Жалақысын алған сайын кітап сатып алады. Өйте берсе, ақша шақ келе ме?!

– Өйте берсе, ол күні үйге кіргізбей қой. Тұрсын, кітабын құшақтап!

– Ойбай, Шіке...

– Иә-иә? Одан қорқасың ба?! «А» десе, аузына бір қой! Ол қойып қалса, «өлтiрдi, өлтiрдi!» деп өкіріп көршілеріне қарай жүгір. «Түні бойы төмпештеп шығады!» деп шырқырап тұрып шыңғырып жыла. Көз жасыңды аяма. Көз жасын көкбазарға апарып сатқан қатынды көрген жоқпын!

– Ол...

– Ол қызметінен, айлығынан, астындағы жаман мәшинесінен, қолтығындағы жаман портфелінен айрыла алмай жүр дейсің бе?! Оныңды біздің үйдегіден мықты дейсің бе?.. Ол үйде кір жуып жатыр, ал мен, міне, киноға кетіп барамын!..

ҚОШҚАР

– Бөке, жеңешеме туған күніне не силап жүрсіз?

– Ретіне қарай.

– Жеңешем риза бола ма?

– Кейде балаша қуанып қалады, кейде ептеп ренжіп қалады.

– Неге ренжиді, неге қуанады?

– Гүл, иіссу апарғанымда қуанады, ал киім-кешек, ыдыс-аяқ апарғанымда ренжиді.

– Қызық екен. Сонда: қуанғанда не дейді, ренжігенде не дейді?

– Әй, сен де қызық екенсің, не деуші еді; қуанғанда «шалым менің!» деп бетін омырауыма басады.

– Ренжігенде ше?

– Онда: «шалым-ай, бала боп кетер ме екенсің!» деп шашымды ұйпалақтап күледі.

– Қызық екен...

– Ал келін қайтеді?

– Ол ма?..

– Иә.

– Кімді айтасыз?

– Келінді айтам.

– Ол ма?..

– Ол да кейде қуанып, кейде ренжитін шығар?

– Кім?

– Келін ше?!

– Ол ма?.. Ол қуанғанда: «Біздің күйеуің қалай екен!» деп мұрнымды қысып-қысып қояды. Ал ренжісе... ренжігенде... «дурак!» деп бетіме бес саусағын былш еткізеді.

– Қой?!

– Қой емес, Бөке, қой емес! Қошқа-а-ар!..

САУДА

Бөлмеде екеу отыр (екеуі де – кісі, әрине).

Біреуі – төсекке айырбастағысыз жалпақ үстел басындағысы – селдір қара шашы сиыр жалағандай жылтырап жабысып жатқан шойын қара.

Екіншісі – үстелдің есік жақ ығында жетімсіреп жалғыз тұрған көнелеу көк креслода отырғаны – қалың жирен шашы дудыраған шикіл сары.

Екеуінің де ес білгеннен бері ішіп-жегендері оншама көп рәсуа болмапты: баланың білегіндей бұғақтары, төңкерген тегенедей қарындары бар.

Шойын қара жігіт арқалығы биік орындығында шіреніп, екі қолын айқастыра кеудесіне салып, қоламтадан жаңа ғана аршылған шоқтай жайнаған шегір көзін өзіне қырын отырған шикіл сарыға қадаған.

Шикіл сары да шалқиып, екі қолын креслоның екі жақтау-таянышына салып, екі аяғын айқастыра созып жіберіп, қарсысындағы

сығыр көз терезе арқылы сыртқа қараған. Қалың шашы соңғы жылдары не сабын, не тарақ көрмегендей болса, оның есесіне аяғындағы қысқа қоныш қоңыр былғары етігі көрмеге қойғандай жалтырап-ақ тұр.

Екі жігіт отырғалы бір қазан ет пісіп, бір самаурын шай қайнайтын уақыт болды, екі ауыздың біреуі ашылатын мерзім де баяғыда өтті, бірақ төрт еріннің төртеуі де иесіз қалғандай тып-тыныш. Қызық екен! Сонда сап-сау бұл екі дәу үндемес ойнап отыр ма?! Е, мейлі. Біз де үндемей байқайық, қайда асығып барамыз; бұл екеуінің шыдамы –шыдам да, біздің шыдамымыз шыңылтыр мұздақ па екен сонша!..

Ә, бәсе! Шойын қара есінеді. Есінеген адам, әйтеуір, бір дыбыс шығарады ғой. Е, әне: «У-уа-аһһа!» – деді. Деді де, мырс етіп күліп, үстелге кеудесінің салмағын сала итініп, екі қолын кең созып тастап, әлхисса, шикіл сарыға бағыштап:

– Әй, сен Бекем десе Бекем екенсің! Азан шақырып атыңды қойған қудың аузының құлпы болған шығар, ә?! – деді даусы ойнақылау болып естіліп. Анау жақ аспады, иығын құнжың еткізді де қойды. Онысы: «Атымды қойған адамның аузына қарау ойыма келмепті!» – дегені сияқтанды.

Тауық қанып су ішер уақыт тағы өтті.

Шикіл сарының кескіні ала көлеңкеде көрінбеуге айналды, ал шойын қараның көзі мен тісі ғана жылтырайды.

– Әй, сен Бекем, Бекем деген сайын сіреспей, бері қарашы, бері!..

– Дәл саған қарағаннан жақсылық табатын болсам бар ғой, Топайбек, үш жыл бойы қарап келемін, енді не қыл дейсің, кісі өлтір дейсің бе?! – Бекем қыбыр етпеді: көкейінде қыжыл бар-ау, қыжыл бар!

– Үш жылың не, екі жыл десеңші!

– Екі жыл десем екі жыл дейін, мейлің!

– Беке-ау, үш жылың мың пәленбай күн де, екі жылың бар-жоғы жеті жүз отыз ғана күн емес пе, хе-хе-хе!..

– «Ойбо-о-ой, сені көрмеге жіберем, медаль тағып келесің!» – деп бір сыдырттың. Көрме де жоқ, медаль да жоқ, қалдым ба? Қалдым! «Ойбо-о-ой, саған биыл сыйлыққа «Жигули» береміз!» – деп екі сыдырттың. «Жигули» де, мигули де жоқ, қалдым ба? Қалдым!

– Әй, сен қызық екенсің! Ең әуелі түсініп алсаңшы...

– Екі жыл бойы түсіндіргеніңді түсініп болдым ғой, тағы неше жыл түсіндіргің келіп отыр?

– Тух! Бұ адам деген бір қикайса, тіпті құлап жатып алады екен-ау! Егер анау көршің Мұстақ сенен екі қозы артық алмағанда, көрмеге де сен баратын едің, медальді де сен тағатын едің, «Жигулиді» де сен алатын едің! Осыным өтірік пе? – Қолын оркестр алдындағы дирижерше сермей сөйлеп орнынан тұрып кеткен шойын қараның даусы да бұзыла бастады.

– «Жүзінен 144 ал!» дедің – алдым. «Жүзінен 155 ал!» дедің – алдым. Енді нешеден ал дейсің?! Әлде қойынды шошқаға айналдырып шұбырт дейсің бе?! – Шикіл сарының даусы да оңбайын деді. Бірақ ол орнынан тұрып кеткей жоқ; тіпті көсілген аяғын да жимады.

– Әй, сен... – Шойын қара орнына отыра кетті. Орындығы шик етті. – Егер Мұстақ...

– Тура телевизордағыдай! – Шикіл сары шыр ете қалды. – Ермек Серкебаев айтады ғой: «Фигаро здесь, Фигаро там, Фигаро здесь, Фигаро там!» деп, тура сол сияқты: «Мұстақ көрмеге кетті, Мұстақ медаль алды, Мұстақ «Жигули» алды!»

– Өйткені: сен – жүзінен 144 алғанда, ол – 146 алды, сен жүзінен 155 алғанда, ол – 157 алды. Мен не істеймін оған?! Өзің айтшы, кәне, сол сенен неге асып түсе береді?

– Ол ысқыртқанның жөні сол деп. – Бекем тілін тістеп алғандай кілт жым болды...

– Бекесі, ә, Бекесі, былай істесең қайтеді?

– Қалай?

– Сен биыл жүзінен 166 алатын бол!

– Сонсоң?

– Міндеттемең нешеден еді?

– 160 дегенсіңдер.

– Сөйт, сен биыл жүзінен 166 ал!

– Иә, сонсоң?

– Саулығың қанша еді?

– Бес жүз.

– Жүзінен 166 аласың ғой!

– Сонсоң?

– «Сонсоңынды» қойшы, ей, тәңір тілеуінді берсін! – Топайбектің кеңірдегі күңгірлей қалды.

– Жарайды, қойдым, ашуланба.

– Қайдан білейін, тіпті... – Топайбектің кеңірдек күңгірі басылды. – Әлгі анау-мынауыңды, өзіңнің қорандағыны қосқанда. – Топайбектің даусы ойнақылана шықты, – бәрін қосқанда жүз алпыс алтыдан айналдырсаң...

– Кім білсін.

– Бәрін қос, түгін қалдырма! Жыл аяғында былтырғыша қосымша ақың үшін өз малың тағы да маңырап өзінді табады, ал сен... сен «Волга» мініп, шекеңнен қарап шыға келесің. Мұстақ шаңыңды жұтып, жын ұрып, айдалада адасып қалады!

– Кім білсін...

– «Кім білсіні» жоқ, мына сен білесің, мына мен білемін! Көмекшің – баяғы өзіңнің сылқым сары қатының! Әлде қатыныңды ұшықтап берейін бе, әй, батыреке? – Топайбек хы-хы-хылап күлді.

– Оны ұшықтаймын деп жүріп өзің ұшынып кетіп, өзіне қоса мені де ұшындырып...

– Кетші, ей, қайдағыны айтпай! Мені миғұла, ақымақ дейсің бе? Ақымақ ферма басқара ала ма?

– Көрмесек көрерміз деймін де...

– Қой, қой оныңды, қой! Біз туған жылы, сен екеуміз туған жылы ақымақтар да, қорқақтар да тумаған, жолдас! Есінде болсын! Ал, жарайды, сары майдай сап-сарыңа сәлем айт, оның күрең шайын кейін ішем, сен «Волгаңды» жуасың ғой, сонда ішем!

– «Қашпаған қара тайыншаның уызы...»

– Әй, сен тағы!..

– Қойдым, қойдым! Айттық – бітті! Бастығыма қарсы шығып, мен де, әйтеуір, әй, бейнет-ай десеңші!..

Екеуі мәз бола орындарынан тұрды.

ӘЙ, ЖАПОНДА-А-АР!..

Тәуелсіздіктің тәуіршілігі ғой, менің де немерелерім дүниенің төрт бұрышында оқып жүр. Америкада, Қытайда, Жапонияда, Шығыс Қазақстанда.

Әлі есімде, бесінші сыныпта «глобус» дегенді алғаш көріп, жағрафиядан сабақ беретін мұғалімнің: «Балалар, міне, мынау –

жер шарының көшірмесі. Жер осындай домалақ», деген дәрісін таңдана тыңдап, үйге келген соң апам айттым. Иә, қауашағыма құйылғанды ақтара салдым. Глобус дегеннің доптай екенін резеңке добымды көрсете отырып «түсіндірдім». Жасы сексенге жақындаған апам «дәрісімді» үн-түнсіз тыңдады. Сабырлы адам еді. Содан соң: «Балапаным, добыңды бере тұршы, - деп алып, алақанына қойды да, бүйірінің бір тұсына сұқсаусағын тіреп, маған біртүрлі қарап: - Егер жер осындай доп-домалақ болса, мынау бүйіріндегі өзен-көлдер төмен қарай ағып кетпей ме? Ормандар мен таулар опырылып құламай ма? Соны білмеген мұғалімдеріңнің ақылы сенің ақылыңнан артық емес екен, қой әрі, қайдағы-жайдағыны айтпасын!» деп допты еденге тастай салды.

Сөйткен апам жарықтық бүгін тірі болып, шөбересі Ғалидың - менің Жапонияда төртжарым жыл оқып келген немеремнің не істегенін көрсе, не дер еді?.. Кім білсін. Мысалы, мен білмеймін. Олай болса, Ғалиымның не істегенін сіздерге айтып берейін, не дейтіндеріңізді өздеріңіз білерсіздер.

Жапонияның аутомәшін, электроника, кибернетика істеріндегі ғажап жаңалықтарының бірінен соң біріне көзім жеткен сайын еріксіз таңданып: «Сірә, Жапон үкіметі үлкен-кіші, ер-ұрғашы жапөкендердің бәріне айына бір жаңалық табу-ашуды қаулысымен міндеттеп қойған шығар», деп ойлаймын. Шынында олар біздің біраз шенеуніктерше: бәсекелесіп аутомәшін алу, қабаттап коттедж салу, далитып дача жасау, казино мен түнгі клубта таң атыру, о жақ пен бұ жақта, шет елдерде үлде мен бүлдеге орап тоқал ұстау дегендей шерменделікке ұрынбайтын, күндіз-түні ойланып, әйтеуір, бір жаңалық, жақсылық жасайтын сияқты. Бізге солар жақтан айына бір жаңалық келетіні сондықтан-ау!.. Менің немерем де біреуін әкеліпті. «Жапондардың әзірше соңғы ғажап құралы» деп көрсетті: екі басы мен орта тұсына оймақтай бірденелер тағылған, ұзындығы үш қарыстай, жуандығы марқаның жілігіндей коп-қоңыр темір, о тұсы мен бұ тұсында оралған сарғыш сым бар.

Содан үш күннен кейін таңертең немерем: «Менің осындағы, Орталық радиокomiteеттегі журналшы досым бүгін бірнеше мықтымен сұхбаттасады екен, соған қатысып келемін», деп кетті де, кешке бір-ақ келіп, маған жымия қарап:

-Ата, жүр, менің бөлмеме барайық, - деді.

-Тамақ ішпейсің бе? - деді апасы.

-Апа, алаңдама, ішіп келдім, - деді Ғали.

Бөлмесіне бардық. Немерем мені диванға отырғызды. Өзі үстелінің суырмазынан тостағандай ғана қызыл-жасыл бірденені алып, жаныма келіп жайғасты да, әлгі қоңыр темірін шығарып, сымын тарқатып, екі ұшын «тостағанның» екі тұсына сұқты. Маған тағыда жымия қарап: «Мынау қазір сөйлейді, мұқият тыңдайық» деді де, «тостағанның» бір жерін түртіп қалып еді: «Бәрекелді, құрметті мырзалар, біздің студиямызға қош келдіңіздер! - деген жігіт дауысы естілді. - Мына дөңгелек үстел басына, кәнеки, жайғасалық та, әңгімемізді басталық. Мені біріңіз білерсіз, біріңіз білмессіз, осы комитеттің бас жобашысының орынбасары Мұхит Сақанұлымын. Бүгінде біздің елде арзан дәнеңе жоқ екенін бек жақсы білесіздер, уақыт та қымбат, мен соны ескеріп, сіздердің әрқайсыңызға дайындалған бір сұрақ қоямын, соған жақсылап жауап бергейсіздер. Ал, кәне, қайсыңыздан бастайық? - деді. «Жүкең бастасын, жасы да үлкен, жолы да үлкен!», дей қойды әлдекім. «Ендеше, құрметті радиотыңдармандар, біз бүгінгі сұхбатымызды Қалалық орталық құрылыс компаниямыздың президенті, медицина ғылымдарының кандидаты Жүктібай Шәбеков мырзадан бастаймыз. Жүке, сізге сұрақ: «Сіздің компанияңыз жиырма бес, отыз, тіпті қырық қабат үй салумен айналысқалы он жылдан асып барады. Сіздердің ондай шешім жасауларыңызға не себеп болды? Үйлеріңіз жер сілкінісіне төтеп бере ала ма, неше балға шыдайды?». Жүкең жөткірініп алды да, көтеріңкі үнмен сөйлей жөнелді: «Биік үй салудың, меніңше, екі артықшылығы бар. Біріншіден, жерді үнемдейсің. Мысалы, қырық қабат бір үй салған қандай, қатарлап бір қабат қырық үй салған қандай, ә? Ал, екіншіден, үй неғұрлым биік болса, оның ауасы солғұрлым таза болады. Ол ғылыми дәлелденген. Сіз «жер сілкінісі» дедіңіз ғой, біз одан қорыққан жоқпыз, бес жерде бес – жиырма бес етіп, бәрін есептеп, қатырып қойғанбыз. Елбасымыз атап көрсеткендей, 2030-жылға дейін өсіре, өсіре, обшым, сексен бес қабатты бағындыру ойымыз бар!». Мұхиттың дауысы: «Жөн, жөн, рахмет, Жүке! Ендігі кезек парламентіміздің Мәжілісіне үшінші рет сайланған депутат, тарих ғылымдарының докторы Сухан Кәкпір мырзада. Ал, құрметті Сүке, кезекті каникулдарыңыз болып,

ауыл-селолардағы, поселке мен қалалардағы сайлаушыларыңызбен кездесулер өткізіп келіп, мәжіліске тың күш-жігермен кіріскендеріңізге бір апта болды. Алайда, құрметті Сүке, сіз кешіріңіз, барған жерлеріңіздің тіршілігінен ешқайсыңыз ешқандай олқылық, кемшілік көре алмадыңыздар ма, министрліктерге, үкіметке бір ауыз сын айтқан жоқсыздар, ол қалай?». Сүкең жөткірінбей-ақ сөйлеп кетті: «Иә, көп жерлерді аралап, көпшілікпен кездесіп, сөйлесіп, білісіп қайттық. Каникул шәкірттерге ғана емес, депутаттарға да жалпы өте пайдалы. Каникул дегеніміз – біздің, яғни депутаттардың халықпен тығыз байланысу жолы. Елбасымыз айтқан. Ал кемшілік, қателік қай жерде, қашан болсын орын алып тұрады. Ленин айтқан ғой: «Ештеңе істемеген адам ғана қателеспейді» деп, бірақ ол кісі ештеңе істемеудің өзі қателік екенін білмеген. Так что, мырзалар, менің ауылымда іс бар, үлкен істер, конечно олқылық та бар, бірақ кішкене, айтуға да тұрмайды, ал анау тәуелсіз гәзеттегілер бізше аралап көрмей, бәрін білмей, кеңселерінде отырып жаза береді, «пәлен қалада үй құлап қалды... түглен ауыл ауызсусыз отыр, сонау ауданда су басып қалды..., анау - паракор, мынау - жемқор деп, ондай дәнеңе жоқ, оларға сенуге болмайды, бұл менің – нақты принципім!». Мұхиттың дауысы: «Солай ма? Әлбетте, әркімнің өз принципі бар, түсінікті, рахмет, Сүке! Енді... құрметті Арықбек Мауықбаев мырзаны тыңдармандарымызға таныстыру керек болмас, белгілі кісі, филология ғылымының докторы, көп ұзамай академик болуы мүмкін. Министр мырза, сізге сұрақ: Қай ұжымның болсын жұмыс жайы оның кадрларына байланысты екені белгілі, сондықтан кадр таңдау тәжірибеңізді жан-жақты айтып берсеңіз екен!». Арекең едел-жедел екі рет түшкіріп жіберіп және жанындағылардың «жәрәкімалласын» күтпестен жауабын шығара қойды: «Елбасымыз түсіндіргендей, менің министрлігімде ме, басқаның министрлігінде ме, кімнің министрлігінде болса, онда болсын, мәселенің бәрін кадр мәселесі шешеді, ол баяғыдан, тарихтан солай. Оны жоққа шығаруға болмайды. Кадр мәселесі шешілген барлық жерде қандай мәселе болсын шешіліп жатады. Мысалы, менің министрлігімде шешілмейтін мәселе жоқ, бәрін кадр шешеді, яғни кадрды таңдап алуға байланысты. Тәуелсіздіктің таңында жаңа тарихымызға жазылғандай, әркімнің командасы болуы керек, таңдап құрып алған командамен жұмыс істеу оңай, бірінді бірін баяғыдан

білесің, қандай мәселені болсын бірден шеше аласың, түсінікті ме? Кадрдың жастар болса, олар тіл алады, шаршамайды, тапсырмаңды қолма-қол орындайды. Менің министрлігімде солай. Кадр мәселесі – өте қиын мәселе. Бәрі де кадрға байланысты. Кадрдың сапасын білу керек. Мысалы, бір кадрда диплом болады, бірақ дұрыстап істей алмайды, ал бір кадрда диплом жоқ, бірақ керемет істейді. Мен соны министр бола сала ойладым да, практикада көрдім де. Содан кейін дипломға қарау-қарамау мәселесін тез шешіп, істі ілгері қозғауды дұрыстай білдім. Сондықтан Елбасымыздың айтқанын, иә, не айтса да, дереу іске асырдым және асыра беремін! Менің министрлігімнің жетістіктерге жетіп келе жатқанының себебі сонда. Алдағы уақытта да кадр мәселесін күнтізбесінен түсірмей, барлық міндетімізді мінсіз орындай береміз! Елбасымыз атап көрсеткедей, біз бұдан былай барлық мәселеде барлық жауапкершілікті өз мойнымызға алып, өзіміз шешім шығарып, өзіміз бұйрық беріп, өзіміз қаулы қабылдап, өзіміз кадр мәселесін жоғары деңгейге көтеріміз!». Мұхиттың дауысы: «Түсінікті, рахмет!».

Немерем жапондық «тостағанын» тағыда түртіп қалып, үнін өшірді де, маған күлімсіреп қарап: «Ата, Мұхит бұлардай бес мықтымен сұхбаттасты, қалғанын кейін тыңдармыз, ал мына үшеуі қалай екен?» деді. «Е, үшеуі де сөзшең екен, ә, жоға, сөзге шешен екен дегенім ғой. Кейбір жолдастарыңша үш сөзінің бірі «жаңағы» болған жоқ. Иә, бір шенеуніктер бар, «жаңағы» деген сөзді құрттың малтасынша екі ұртынан кезек-кезек жүгіртіп: «жаңағы... жаңағы» деп жалмандап отырады. Ал мыналар, өйтпесе де, оншама оң сөйлемеген секілді. Біріншісі үйді зауыттың тұрбасынша сораптып сала беретінін нығыздап айтты. Өне, соларының біреуі терезеден көрініп тұр, жиырма екі қабатты. Салынып біткелі жарты жыл болды. Жетпіс сегіз пәтер екен, мен әдейілеп сұрап білдім, соның жартысы бос тұр. Бағасы да, пәтерақысы да удай қымбат дейді, оған кімнің қалтасы шыдайды?! Үйсалғыштар оған қарап жатқан жоқ, «сексен бес қабат саламыз!» деп оттап отыр ғой, әне!» дедім. Немерем: «Ата, енді мынаны тыңдағын» деп «тостағанын» екі рет түртіп еді, біреу сөйлей бастады: «Мен ол құрып біткір компанияға өз еркіммен барған жоқпын. Көкеміз алып барды. «Айлық жалақың дәрігер болып алып жүргеніңнен жиырма есе көп болады. Қорықпа, төрт орынбасарың, тәжірибелі құрылысшы

инженерлер бар, жұмысты солар істейді, сен олардың үстінен қарап, жалпы басшылық жасап қана отырасың. Менімен хабарласып тұрасың. Мен тұрғанда сен саспа!» деді. Тілін алдым. Хабарласып тұрамыз. «Ұсақ-түйек расходыма ай сайын жүз доллар беріп тұр» деді. Тілін алып жүрмін. Үйді қай жерге, неше қабат етіп салуды да өзі айтады. Сонсоң сораптып жүрміз. Бір күні біреуі не қисайып, не құлап... бірақ көкем тұрғанда... да, көкем аман-сау болсыншы, басқасы чепуха!» деп тоқтады. «Әй, Ғали-жан, мынау жаңа құрылысын мақтап сөйлеген жігіттің дауысы ғой?!» дедім. «Иә, соның дауысы, ата, енді одан кейін сөйлеген, каникул туралы айтқан жігітті тыңда», деді немерем. Онысы да сөйлеп кетті. Соның дауысы. «Каникул депутатқа не үшін беріледі? Ауыл-селосына баруға берілмейді, дем алуына беріледі. Пәлен ай бойы бір орында күніне сегіз сағат тырп етпей отыру оңай емес, біркелкі тәтті сөз шаршатады, қалжыратады, ұйқыңды келтіреді. Сайлаушыларымыз сонда екен деп ауыл жаққа тұра жүгірудің түкке керегі жоқ, ондағылар не керегін осылай қарай хат айдап, бізді іздеп жазып жатады. Үйреніп, төселіп алған. Хаттарын бізсіз де оқитындар, жауап беретіндер бар. Сондықтан біз каникулды курортта өткіземіз, дем алуымыз, келесі мәжілістерге күш-жігер жинап келуіміз керек». Мен немереме: «Бұл қалай?» дедім. Ол: «Ата, енді кадр туралы айтқан жігіттің не дегенін тыңдайық» деп, оған да кезек берді. Мауықбаев, иә, фамиласы ерекше болғандықтан есімде қалған еді, сол сөйлей жөнелді: «Кадр, кадр... ей, кадр мәселесі шешілмейтін мәселе ме? Онсыз болмайтынын кім білмейді? Ал кадр таңдаудың не қиындығы бар? Ол - өз адамың. Оны мен де білемін, ол да біледі. Мен таңдап алған соң ол маған керек, мен оған керекпін. Ол маған сенеді, мен оған сенемін. Сондықтан менің кадрым - ең әуелі туыстарым, яғни ең сенімді кісілерім болды және бола да береді! Қызмет, жұмыс мәселесі екінші кезекте. Қазір әлгі: «Не істелді? Не істелмей жатыр?» дейтін қызылкөз профком да, партком да, қит етсе киліге кететін халықтық бақылау, партиялық бақылау деген комитет-самитеттер де жоқ, просто рахат!» деді. «Ғалижан, бұл не, дәнене түсінбедім. Андағылар тағыда қай жерде сөйлеген?» деп едім, немерем күлді де, қоңыр сымтемірінің ұштарын «тостағаннан» суырып тастап, «тостағанды» маған аударып-төңкеріп көрсетті де: «Ата, бұл – жапондар ойлап тапқан жаңа аспап. Сөйлеген адамның сөзін жазып алумен қатар оның сол сәттегі ойын да

жазып алады. Ғажаптың – ғажабы. Қалай, ата, аңғардың ба, түсіндің бе?» деді. Аңғардым, түсіндім. «Е, балам, мұның әлгі анау... сөзі мен ісі қабыспайтын суайттардың соры болатын аспап екен, бірақ... құдай сақтасын, тығып таста, біздегілерге керек болмайды, ешкімге айтпа да көрсетпе, Ғали-жан! Сенің ұлы атаң – менің әкем жарықтық «жапонның тыңшысы» деген жаламен Сібірге айдалып... жапон деген жұрттың барын білмесе де... сенің оқып, біліп келгенің бар, балам, айналайын, мынаны не бұзып, көміп таста, не өздеріне қайтарып жібер!» дедім. Шынында зәрем қалмады. Кісілерді: «анау екен, былай екен!.. пәленмен дос екен, түгленмен таныс екен» деп полицияға сүйрелеу, соттау жиілеп бара жатқан заманда... құдай сақтасын!.. Немерем менің кеспірімнен шошыды білем: «Ата, дұрыс айттыңыз, ұқтым, мұны маған силаған Токиодағы курстастарыма қайтарып жіберемін, ата, уайымдамаңызшы!» деп, «тостағанды» жерге қоя салып, алдыма жантая кетті. О, айналайын балапаным!..

ӨРТ

Әлі көз алдымда: Әбекеннің шарбақ қораны сықап толтыра үйген шөбі лап етіп жанып, жалын тілі қып-қызыл боп жылтындаған қою түгін будақтап ала жөнелді. Біз – бесінші класта оқитын үш дос: Тұрар, Сайлау және мен – мектепке бет алып, күндегімізше Әбілбайдың үйінің жанынан өтіп бара жатыр едік, от дүр-р еткенде жаман састық, сірә, өмірі көрмеген бір құбыжыққа тап болғандай-ақ үрейіміз ұшқан шығар! Сайлау: «Ойбай, өртенді!» деп шыңғырып қалған соң ғана ес жисақ керек, үшеуіміз: «Өртенді», – деген ойбаймен ауылды басымызға көтердік. Жұрт жиналып та қалды, бірақ егіс кезі болатын, қайраты бар көпшілік далада, жұмыста, Әбілбай да сонда.

Кемпір-шалдар бүгежектеп ары-бері жүгіріп:

– Әй, шелек әкел!

– Әй, су әкел!

– Әй, күрек әкел! – деп балаларды жұмсап әлек. Ал бірсыпырасы:

– Ойбай-ау, ойбай! – деп дауыстап үйді айнала шойнадап жүгіріп жүрген Сары кемпірді (Әбілбайдың кемпірін ауыл солай атайтын) қуалап ұстап, қаумалап жұбатып әлек. Өзінің онсыз да ойран-топыры

шығып, «ойбай-ау, ойбайдан» басқаға тілі келмей жүрген Сары кемпірдің жанын жағасынан алып:

– Әй, шелегің қайда?!

– Темір күректерің қайда?!

– Әй, Әбілбай қайда?!

– Бұл өрт қалай шықты?!

– Сен тегі пеш жаққансың ғой, мұржадан ұшып түскен ғой шөбіңе?! Баламысың, байқамайсың ба?!

– Ойбай-ау, пеш жаққан соң мұржаны қалқалап қоймайсың ба? – деп табан астында «тергеп» жатқандар да бар. Әрине, Сары кемпірде мүнкір-нәңкірдің тоқсаны келіп тергесе де дені дұрыс жауап берер хал жоқ. «Ой-бай-ау, ойбайдан» басқа мәліметі жоқ.

– Әй! Шелегі мен күрегін ол тығып қойды дейсіңдер ме?! Барып алмайсыңдар ма?! Ой, өңшең әбілет! Үйге от тиді, әне! – деп ақырды әлдекім.

Жұрт Сары кемпірді тастай салып, үйге ұмтылды. Шелек те, күрек те табылды. Әбілбайдың үйі өзеннің жағасында болатын: суды шелектеп әкеп шашып жатырмыз, қораның іргесін жанталаса қазып, күректеп топырақ лақтырып жатырмыз.

Бітті. Шарбақ қора да, шөп те жанып бітті. Үйдің шатыры сатырлап жана бастады. Сары кемпірдің «ойбайы» тіпті үдеді. Бағанағы дауыс:

– Токтандар! Тастандар! Үйдегі мүліктерді шығарыңдар! Енді үй жанады, бой бермейді! Үйдегі нәрселерді аман сақтап қалыңдар! – деп тағы ақырды.

Бәріміз үйдің ішіне ұмтылдық. Қағылысып-соғылысып, ырсылдап-күрсілдеп, қолымызға түскенді өзеннің жағасына тасып безектеп жүрміз.

– Әй, ананы ал!

– Әй, мынаны ал!

– Әй, таста андағыны!

– Тастама! Әкет! – деген сияқты қым-қиғаш әмір екінші жағымыздан өрт боп тиіп, тым-тым састыра түсті. Кемпір-шалдардың тыңтұяқтары да тасымалға жұмылған еді, солардың кейбіреулері бізге:

– Әй, жүгірмек, ақырын!

– Әй, иттің баласы, соқырмысың?! – деп күйіп-піседі, біз ойын ойнап жүргендей-ақ!

Үйдің бөлмелеріндегі, ықпыл-жықпыл қуыстарындағы дүние-мүліктерді далаға шығарып болған кезімізде есік-терезелерді де жалын шала бастады. Сары кемпір су жағасына үйілген нәрселерін айналып: «Ойбай-ау, ойбай! Не болдым енді, не болдым!» деп дауыс қылыл жүр. Өрт сөндіруге жиналғандар енді:

- «Өрт – тілсіз жау» деген осы!
- Қарағай үй ғой, жануын қарашы!
- Со мұржадан ұшқын шыққан болды!
- Е, бас аман болсын!

– Палуан шал шөпті жиған-ақ екен! – деп пікір алысып тұрды. Ал ақсақ поштабай Шойынбек өртке қолын бір сілтеп теріс бұрылып, Сары кемпірге барып:

– Жеңеше, сабыр етіңіз! Құдай ісіне дауа бар ма? Бас аман болсын! Екі-үш арба қарағай мен бір отау шөп – садақаларыңыз! Әбекең бір помыш жасап, арақ пен етке тойғызса, қатырып үй салып тұрмыз ғой, жеңеше, сабыр етіңіз, сабыр! – деп сәмпылдап жұбату айтып, оның ақырын: – Өй, мынау... – деген танданыспен бітіріп, үндемей қалды.

– Өй, немене, жеңешен құйрыққа теуіп жіберді ме? – деп Қамза ұста күле сөйлеп, поштабай Шойынбекке бұрылып қарады.

– Өй, мынау менің арқаным ғой! Жеңеше, әй, жеңеше, мынау менің арқаным! Міне, міне, бір ұшына қайыстан тұйық жасаған болатынмын, дәл өзі ғой, менің арқаным ғой! – деп Шойынбек танданып та, қуанып та шат-шәлекей бола қалды.

- Не дейді?!
- Өй, не дейсің?!
- Сенен басқада арқан жоқ па?!
- Танымаса, айтпайды ғой... – десіп көпшілік енді Сары кемпір мен Шойынбек жаққа аяндады. Өртенер үй мен қора-қопсы өртенді, айтылар пікірлер мен жұбатулар айтылды, енді әңгімеге басқа арна керек сияқты.

Сәлден соң жұрт үйме-жүйме нәрселерді түрткілеп, аударыстырып, мүлде қызық әрекетке кірісті. Біреу:

– Ей, менің былтыр жоғалған жүгенім мұнда қайдан жатыр?! – деп таңдана дауыстап еді, ол оң қолын ораққа түсіріп алып шолақ болып қалғандықтан орман күзетшілігіне қойылған Оқас екен, – түйіндеп жасалған қызыл қайыс жүгенді жоғары көтеріп, дәл бір сатып алатын адамша тамашалап қарап тұр.

- Мәссаға-а-ан! Қыста есік алдынан жоғалып кеткен жабуымды қара!
- Әй, атың қоса жоғалмап па еді, әйтеуір?
- Бәле, менің жоғалған жүгенімді қара! Өрме дізгін, дәл өзі!
- Өй, ана бір жылы әлгі самай таз жидашыдан сатып алған қанар қабымды білесіңдер ғой, міне, мынау сол! Менің қанар қабым!
- Ойбай құдай-ау, мына Әбілбай шалдың қолының жымқырмасы бар ма еді?! Мынау менің сүйек маңдай доғам ғой! Алдыңғы жылы жоғалған еді... Сұмдық қой...

Тұрар, Сайлау үшеуімізге естілетін сөздер осындай. Нәрселерін танып алып жатқандарға кезек-кезек қарап, бөтен жұртқа тап болғандай қалшып тұрмыз.

- Сонда Әбілбай ұры болды ма? – деп Сайлау күңк етті.
- Сары кемпірді қарандар! – деп қалды Тұрар.

Мен шытыралаған жалпақ қызыл-күрең былғары белбеуді шүберекпен сүртіп, басын шайқап тұрған Қамзаның қимылын бағуда едім, Тұрар «қарандар» деген соң қарасам, – Сары кемпір «ойбайын» доғарыпты, өзеннің жағасында бір дізесін құшақтап, күшікше шоқиып, суға қимылсыз қарап отыр, шашы қобырап, орамалы шошиған иығына сусып кетіпті...

«МЕН БАР... МҰХАҢ БАР...»

Жақыпбек автоқаламын қағазының үстіне қойып, ең-сесіи котерді. Үй іші тып-тыныш. Бала-шағасы түп-тү-гел ұйқтаған. Түн ортасыиан ауса керек, ойткені көше де жым-жырт екен, терезесінің алдынан салдыр-гүлдір етіп ары-бері өтіп жататын машиналардан «хабар-ошар» естілмейді. Жақыпбек ұйып қалған оң қолының саусақтарын жұмып-ашып, абайлап орнынан тұрды. Аздап керіліп-созылып алмаса болатын емес, бойы ауырлап қалыпты. Мұндайда жазу үстелі мен кітап сөресінің аралығындағы бір жарым метр «кеңістікті» ары бір-екі аттап, бері бір-екі аттап жасайтын жеке меншік жаттығуы бар еді, соған кірісе бере кітап сөресі үстіндегі қоңыр папкаға көзі түсіп, іштей: «Қолжазбасы шығар, оқып берейін, ұмытып кете жаздаппын ғой», – деді де, папканы алып, оралып орнына отырды. Жаттығудың жоспары орындалмай қалды.

Ол қызметінен келген бетінде, бағана, баласы Райымжан осы қоңыр папканы ұсынып қарсы алған: «Саған бер деп Дүйсебай аға жаңа ғана тастап кетті», – деген. Өзіне есіктен кірер-кірместе Дүйсебайдың қапқалың папкасын ұстата салғысы келген баласына ол кінәлай қарап, басын шайқап: «Балам-а, мені бір жаққа тұра қашады деп тұрмысың? Киім ауыстырып, жуынып-шайынып алайын да. Кітап сөресіне апарып қоя салмайсың ба?» – деген. Сол папка еді. Жақыпбек оны ашса, әу бісмілдәсі болып бірер сөйлем сәлем хат жатыр: «Жәке, менің мына естелігімді мұқият оқып, жазбаша пікір берерсіз. Жақсы дүние. Біздің баспаның сіздің сөзіңізді жерге тастамайтынын мен білем. Жәке, сау болыңыз! Пікіріңізді тездетерсіз. Ініңіз Дүйсебай», – депті.

– «Жақсы дүние» депсің, айтқаның келсін, – деді Жақыпбек ішінен. Сәл жымыып, сәлем хатты екінші рет оқып, содан кейін қолжазбаға үнілді. «Тарихи сапар. Естелік» деп тақырып қойылған.

Дүйсебай новелла жазатын. Ал оның естелік жазғанын Жақыпбек естіген де емес, көрген де емес. Новелла туған қаламнан естелік неге тумасқа?.. Тек бір ғана «алайдасы»: жасы отызға жете қоймаған жігіт естелікке ертерек кірісіп отырған жоқ па осы?

Жақыпбек оқи бастады:

«Осыдан он жыл бұрын, 1958-ші жылы, мен бар, Мұхаң - Мұхтар Әуезов бар он шақты адам «Рахат» совхозының орталығында бас қостық. Үлкен жазушы М.Әуезовтің біздің ауданға соңғы рет келген жолы. Ол кезде мен аудандық газеттің редакциясында қызметтемін. Қазақтың С.М.Киров атындағы Мемлекеттік университетінің журналистика факультетінде сырттай оқимын. М.Әуезовтің шығармаларын бес саусағымдай білемін. Соның алдында, 1957-жылы, Алматыға қабылдау емтиханын тапсыруға барғанымда оны университетте бірінші рет көргенмін. Жыға танымын. Маған жымыып амандасатын... Жалпы Мұхаңның жас талантты бірден танитын қасиетін мен сонда-ақ аңғарған болатынмын... Сонымен, мен бар, Мұхаң бар, – бәріміз совхоз кеңсесінде бас қостық...»

Жақыпбек ойланды: «Жөн, жөн. Болар бала неменесінен деуші еді?.. Мұрнынан тізген жылын санағанда, бұл он жеті, он сегіз жасында-ақ Мұхаңның алдына түскен болып шықты. Он шақты адамның ішінен өзі мен Мұхаңды ғана атап отыр. Арғы шағын шолайын, кім-кімдер болды екен, айтатын шығар.

Жақыпбек қолжазбаға қайтадан көз жүгіртті:

«...Мен аудандық партия комитетінің бірінші секретары Сақажановқа көз тастадым. Ол совхоздың мән-жайын әңгімелеп отыр. Совхоз директоры Кәдірғалиевке, совхоз парткомының секретары Түймешевке ара-тұра сұрақ беріп қояды да, шаруашылық жөніндегі мағлұматтарын жалғай түседі. Біз байыппен тыңдап, ойымызға тоқып отырмыз. Менің қолымда да, Мұхаңның қолында да блокнот пен қалам. Жазушының творчество қоймасы – блокноты. Ондағы қазына-жиһазыңды кейін қалаған уақытыңда аласың да, халқыңа ұсынасың...»

Дүйсекең өзі мен Мұхаңнан кейін кімдердің болғанын ақырында айта отыруды жөн көріпті. Естеліктің еншісі фактісіз олқы болатынын ескергені болса керек. «Мен көз тастадым», «Менің қолымда да, Мұхаңның қолында да...» деп анықтап атауында қандай астар бар десеңізші!

«...Мен совхоз директорының өз ісіне тиянақты басшы екенін, жоғары дәрежелі білімі бар маман екенін бірден түсіндім. Оны Мұхаң да түсінді...»

Бә-се!

«...Мен бар, Мұхаң бар – бәріміз сыртқа шықтық. Іңір үйіріліп қалған екен. Совхоз директоры бізді дәмге шақырды. Мен бар, Мұхаң бар – бәріміз директордың құрметті мейманы болдық. Өзіліміз, әңгімеміз жарасып, ол үйде үш-төрт сағат отырдық. Содан соң мен Мұхаңдарды совхоз мейманханасына жеткізіп салып, өзім үйге қайттым...».

Дұрыс!..

«Келесі күні таңертең мен бар, Мұхаң бар – бәріміз совхоз фермаларын аралауға аттандық. Совхоздың жоғарғы жақтан, немесе шеттен біреулер келсе, дереу алып барып көрсететін үлгілі шаруашылығы № 3 ферма еді, – мен бар, Мұхаң бар – бәрімізді әуелі сол фермаға апару ұйғарылған-ды, біз соған бардық. Онда жүз саулықтан қалайда жүз сексен қозы алып жүрген орденді шопап Шақарбек Шалқыжанов тұратын. Сол күмен таныстық. Мен де, Мұхаң да оны соншама ұната қоймадық, өйткені ол суторғай сияқты суылдаған біреу екен. Шалқыжановтың үйінде жақсылап түстеніп алдық та, мен бар, Мұхаң бар – бәріміз одан әрі аттандық...»

Әрине. Одан әрі аттанбай болмайды ғой. О бастағы ойдың өзі

аудан шаруашылықтарын аралау емес пе! Мұхаң бастаған, ә, жо-жок, Дүйсекең бастаған топ ауданның барлық совхоздарында болыпты, еңбекші қауыммен кездесіпті, әңгімелесіпті, пікірлесіпті. Мұхаңа, ә, жо-жок... ә-иә, иә, Мұхаңа бірнеше совхозда ат мінгізіп, шапан жауыпты. Ал Дүйсекең, неге екені белгісіз, өзіне не мінгізіп, не жапқаны жайында ештеңе демепті. Аудан орталығында болғандарында атқару комитеті арнаулы қаулы шығарып, Мұхаңа ауданның ардақты азаматы деген құрметті атақ беріпті. Ал Дүйсекең, тағы да неге екені белгісіз, өзіне не атақ берілгені жайында тағы да ештеңе демепті. Неге өйткеніне Жақыпбектің «миы жетпей-ақ қойды» да, енді ол естеліктің ең ақырғы абзацтарына үнілді:

«...Мен бар, Мұхаң бар – жиыны жүз шамалы кісі аэропортқа бардық. Мен ол жерден үйге қайтпақпын, ал Мұхаң облыс орталығына ұшпақ. Бізді аудан басшылары шығарып салмақшы. Аудан басшылары түгел жиналған. Бір кезде аудандық партия комитетінің нұсқаушысы Мәрсен менің жаныма үкідей ұшып келді де: – Ойбай, зымыра! Мейманханаға жет! – деді. Мен шошып кеттім. Қазақта «ойбай» деген сөздің жаман сөз екенін білемін, сондықтан қалай шошымассың!

– Не боп қалды? – дедім Мәрсенге.

– Мейманханада Мұхаңның көзілдірігі қалып қойыпты! Өзі жатқан люкс нөмірде! Бар, зымыра! Тез алып кел! – деп мені машинаға итермелеп бір-ақ кіргізді. Мен жағдайды түсіне қойдым. Машинаға от алдырып жіберіп, мейманханаға тура тарттым. Машинам – жап-жаңа «Волга»! Алғанымызға төрт-бес ай ғана болған. Мұхаң келетін күні таңертең редакторымыз мені өзінің кабинетіне шақырып алып:

– Шофер жігітіміз ауырып қалғанын білесің ғой, бірақ машинаны мінбесек болмайды. Бүгін біздің ауданға Мұхтар аға Әуезовтің өзі келіп түседі. Көрші ауданның «Көк белесімен» іргелес «Рахатқа» келеді. Мә! – деп маған машинаның кілтін ұстатты. – Бір сағаттан соң Мұхаңды қарсы алуға аттанамыз. Сен машинаны тезірек баптай ғой! – деді. Менің шоферлік правом барын редакторымыз білетін...»

Дүйсекең көзілдірікті аэропортқа жеткізгенін, нұсқаушы Мәрсеннің: «ойбай-ау, болсаңшы!» деп тағатсызданып тосып тұрғанын, бұдан көзілдірікті ала бере асфальтқа түсіріп ала жаздағанын, сонсоң Мұхандардың соңынан самолетке қарай жүгіре жөнелгенін, Мәрсеннің физкультура институтын бітірген спортшы

екенін, жүгіруден екінші разряды барын желдіртіп жазып, екі парақты толтырыпты. Одан кейін ұлы адамдардың өмірінде неше түрлі қызық жәйттар болатыны табиғи заңдылыққа жатады деп біраз толғаулар жасапты. «Эмиль Золя бірде поезға билет алуды ұмытып кеткен. Бернард Шоу бірде өз пьесам екен деп басқа біреудің пьесасына барған, Қожанасыр бірде кешкі тамағын ішпестен ұйқтап қалған. Ал Иван Крылов, мысалы, бірде кітапханада өз әйелін танымай қалып: Кешіріңіз, қарындас, сіз князь Крайскийдің ортаншы қызысыз ба?» – деген. Мұндай фактілер толып жатыр» депті. Сөйтіп, естелігін аяқтап, «1968 жыл. Июнь. Сандықтас жайлауы» деп, одан сәл төменге қара сиямен қатырып қол қойыпты.

Жақыпбек екі жүз қырық тоғыз бет болып тамамдалған естелікті папкасына қаттап қайта салып, қатырма мұқабасын жауып, басын шайқап жымиды.

«Тарихи сапар. Естелік» Дүйсебай естеліктерінің бірінші кітабының қолжазбасы екенін, оның екінші кітабының да қолжазбасы барын, бірақ ешқайсысының әлі күнге дейін жарық көре алмай жүргенін білсе, әдеби баспаларымыз ондай жақсы дүниеден ат-тондарын ала қашатынын білсе, Жақыпбек әсте жымимас еді. Жымиса да, әсте басын шайқамас еді.

БАСПАЛДАҚ

Адамға баспалдақ не үшін керек?

Баспалдақ: аласа үйлі ауылды жерде қораның немесе үйдің үстіне шығып, ондағы оны-мұны ұсақ-түйек жұмыстарыңды бітіріп, содан кейін қайтадан жерге түсуің үшін керек; жерден қазған қоймаңа түсіп, одан керек-жарағыңды, азық-түлігіңді, қазыңды алып шығуың үшін керек; ал биік үйлі қалалы жерде жоғарғы қабаттағы пәтеріңе аман-есен кіріп-шығып жүруің үшін керек. Самолетке, поезға, пароходқа (кемеге) отыруың үшін керек. Содан соң... әйтеуір, баспалдақсыз күн жоқ екенін екінші бірі біледі деп нық тұжыра аламын.

Бұл «тарихи» тұжырымыма мынадай бір ғана мысал келтіруге рұқсат етіңіздер:

Бір аймақтағы ірілі-уақты құрылыс атаулының бүкіл тізгін-

шылбырын бір өзі ұстап отырған Ұранбай бір күні, сәрсенбінің сәтінде, өзінің оң қолы – орынбасары Орапкелді шақырып алды да, қарсысына отырғызып қойып, ойлана сөйлеп:

– Мен министрлікпен сөйлестім... Өзімен! – деді, «өзіменге» өзгеше мән бере даусын көтеріп, сұқ саусағын тікейтті. – Министрлік бізге екі инженер береді. Жас кадрлар. Дипломды мамандар. Институтты бітіріп келе жатқан ерлі-зайыпты екі құрылысшы-инженерлер. Біздің бірлестікке олар ауадай қажет екенін өзің де білесің, солай ғой, ә?

– Әрине. Келетіндері жақсы болды! – деді Орапкел орнынан бір қозғалып, екі инженер есіктен қол ұстасып кіріп келе жатқандай-ақ есік жаққа бір қарап қойып.

– Енді соларға пәтер тауып беруіміз керек. Жатақханадан ба, басқа жерден бе, қалайда орналастыру керек. Бұл мәселені сен өз қолыңа алатын бол.

– Құп, Ұр-еке, құп! Сөйтейін!..

Орынбасар Орапкел бірлестіктің тұрғын үй салатын басқармасының бастығы Барболды шақырып алды да, ойлана сөйлеп:

– Мен министрлікпен сөйлестім... – деп сәл үнсіз отырды да, қабағын кере сөйледі: – Бізге екі құрылысшы-инженер беретін болды. Басқа жақтан институтты бітіріп келе жатқан ерлі-зайыпты жас мамандар.

– Ореке, оларды бізге беріңіздерші! Бізде кадрлар жетіспейтінін айтып мен жылағалы қай заман! – деп Барбол қиыла қалды.

– Оны ақылдасып көрерміз. Мен ойланайын... Ал енді соларға не жатақханадан, не басқа жерден қалайда пәтер тауып беруіміз керек. Бұл мәселені өз қолыңа алатын бол.

– Жарайды, Ореке, жарайды! Құп болады!..

Басқарма бастығы Барбол трест басқарушысы Торсаңбайды шақырып алды да, ойлана сөйлеп:

– Мен Бірлестікпен сөйлестім. Өзімен! – деп сұқ саусағын тікейтті, жөткірініп қойды. – Бізге басқа республикадан институтты бітірген екі жас маман келе жатыр. Ерлі-зайыпты құрылысшы-инженерлер.

– Бар-еке-ау, оларды біздің треске беріңізші! Бізде инженерлер жетіспейді ғой! – деп Торсаңбай орнынан ұшып тұра жаздады.

– Оны ақылдасып көрерміз. Мен оны... ойланайын. Мен білем, білем. Ал енді сол екеуіне не жатақханадан, не басқа жерден бір

бөлме тауып беру керек. Бұл мәселені сен өз қолыңа ал, ұқтың ба?

– Құп болады, Бар-еке, құп! Мен қазір-ақ кірісейін!..

Трест басқарушысы Торсаңбай өзінің шаруашылық жөніндегі орынбасары Дыраушаны шақырып алды да, ойлана сөйлеп:

– Мен Бірлестікпен сөйлестім... Жаңа ғана сөйлестім, – деп баптанып темекі тұтатты. – Бізге, біздің басқармаға екі инженер бөлініпті.

– Ойбай-ау, Тореке-ау, оларды біздің треске беріңдер десеңіз еді! – деп Дырауша екі алақанын бірдей жайып салды.

– Мен дедім ғой, дедім! – деп Торсаңбай темекісін сорып-сорып жіберді. – Ал енді соларға не жатақханамаздан, не басқа жерден бір бөлме тауып беруіміз керек. Олар ерлі-зайыпты жас кадрлар көрінеді. Бұл мәселені сен дереу өзің қолға ал!

– Әрине, әрине! Өзім қолға аламын, өзім!..

Бас инженер Дырауша № 4 құрылыс-монтаж басқармасының бастығы Шөкімді шақырып алды да, ойлана сөйлеп:

– Мен сені мына мәселеге байланысты шақырдым, – деп шалқия түсіп, екі алақанын ысқылады. Шөкім оның алақандарының арасынан мәселе шыға келетіндей-ақ ұмсынып, шегір көзін тіге қалды. – Жақында бізге екі құрылысшы-инженер келіп қалуы мүмкін. Ерлі-зайыпты екі маман. Жас кадрлар.

– Дыреке, оларды құдай үшін бізге беріңіздерші! Өзіңіз білесіз!..

– Оны ақылдасып көрерміз. Мен... сөйлесейін, – деді Дырауша екі қолымен кеудесін сипалай есінеп. – Ал енді сол екі жас кадрға не жатақханадан, не басқа жерден пәтер табуымыз керек. Сен бұл мәселені дереу қолға ал, ұқтың ба?

– Дыреке, мен кеттім! Міне, кеттім! – деп Шөкім орнынан атқып тұрып, Дыраушаға екі қолын бірдей ұсынды!..

№ 4 құрылыс-монтаж басқармасының бастығы 96 пәтерлі үйді салып жатқан прорабы Байтоқты шақырып алды да, ойлана сөйлеп:

– Мен треспен сөйлестім... – деп үстелінің суырмазынан әлдебір қағаздарды алып, асықпай аударыстырып біраз отырды. – Сен жұмыс ауыр, жалғызбын дей беретін едің, енді жұмысың жеңілдеуі мүмкін. Бізге екі құрылысшы-инженер келетін сияқты.

– Мен өзі, шынында, әбден титықтап жүрмін. Екеу болмаса да, тым құрыса біреуі келсе екен!

– «Біреуің» не, ей?! Олар – ерлі-зайыпты адамдар. Екеуі де сен сияқты дипломды инженерлер!

– Шөке-ау, мен оған қуанбасам, Шөке-ау, жыламаймын ғой! Участок үлкен, тіпті үш прораб істеуіміз керек!

– Жә, жә! Сен шыда, – деді Шөкім оған жымия қарап. – Ал енді біз ол екі маманға пәтер тауып беруіміз керек. Жатақханаларыңның бірінен тауып бересің бе, әлде басқа бір жерден қарастырасың ба, – оны өзің біл, бірақ соған тікелей сен міндеттісің, кадр керек болса, ұқтың ба?

– Әлгі анау объектіміздің жанында жалға беретін бір үйлер бар... біз оны білдік, келесі жылы бұзылатын жаман үйлер ше...

– Әй, Байтоқ, мен – айттым, сен – естідің! – деп Шөкім «сөз біттіні» ұқтырып орнынан көтерілді. – Ертең кешке... – Шөкім қол сағатын көзіне көлденеңдетті, – сағат бесте осы жерде бол!

– Ә, мен кеттім, Шөке, кеттім, кеттім! Сау болыңыз!..

Байтоқ құрылыс басына барып, бригадирлеріне айтар өсиеттерін саусағын санап тұрып айтып, біраз қағаздарға сырғақтатып қолын қойып: «Мен треске кеттім», – деп жол тартты. Треске тартпақ жол оны «Азық-түлік» деген айдары бар дүкенге апарып кіргізді. Дүкеннің ішінде бір бөлмеге алып барды. Бөлмедегі тәйтиген кішкентай үстел басында шот қағып отырған нән қара жігіт Байтоқты:

– Ә, архитектор, төрлет, төрлет! – деп даурыға дауыстап қарсы алды. Шотын қаға түсіп: – Орындық алып отыр! – деді. Байтоққа қараған жоқ. Байтоқтың келгенін тіпті иіскеп білген тәрізді. – Сөйле, достым, сөйле. Екі құлағым да сенде! – деп жымиды. Шотын қағуы үденкірей түсті. Қою қасты қабағын түйіңкіреп, қалың ерні қайнап келе жатқан құрттың бетінше бүлкілдеп, нән қараның әлденені іштей есептей жөнелгені байқалды.

Байтоқ тәйтиген столдың оң қапталында итиіп тұрған тайпақ орындықты столдың сол жақ қапталына апарып қойды да, бұзауға мінгендей аттап тұрып отырды. Нән қара шотын шақ-шұқ қағып-қағып жіберіп:

– Дұрыс! – деді де, Байтоққа бүкіл денесімен қопарыла бұрылып, күректей қолын ұсынып: – Амансың ба? Хал қалай? Сөйле, кәне! – деп ыржиды.

– Бөлме керек, – деді Байтоқ, нән қараның екі сұрағына екі сөзбен жауап та беріп, келген шаруасын да түсіндіріп.

– Тағы да керек пе?

– Тағы да керек, Сөке, керек, керек. Екі инженер келеді. Күйеуі мен келіншегі. Екеуі де құрылысшы-инженер. Дұрысырақ үй тауып бер. Өткен жолғыдай шартыңның бәрін қабылдаймын, орындаймын. Тек тез тауып берсең болды.

Сөкең бір қолын қампиған қарнының үстіне, бір қолын тәйтиген үстелінің үстіне қойып, Байтоққа білеудей қабағының астынан қарап, қалайда ұзақ ойланды. Байтоқ қарсы бұрыштың бірінде ыңыранып тұрған дәу кейіпті тоңазытқышқа, екінші бұрышқа сәкілеп қойылған алабажақ қағаз жәшіктерге, төр жақта телміріп тұрған теледидарға жайбарақат қарап, әйтеуір, көзін Сөкең жаққа жолатпады.

– Неше айға? – деді Сөкең.

Байтоқ оның байтақ бетіне енді ғана қарап:

– Бес-алты айға. Қар түскенге шейін, – деді.

– Онда менің енемнің үйін ал. Екі бөлме. Төлеп жүргендеріңдей төлейсің. Бір ғана қосарым: есік-терезелерін жаңартып бересің. Еденіне паркет төсеп бересің.

– Ей, Сөке! Бір ғана қосарың біреу емес, екеу болып кетті ғой!

– Жә, ежірейме! – деді Сөкең дудыраған қалың шашын қос қолымен ұйпалай орнынан тұрып.

– Енді ежіреймегенде... – деп Байтоқ оның көлеңкесіндей боп ілесе тұрды.

– Шарт осы. Бітті! Әйтпесе ол үйге сегіз студентті тұрғызсам, жиырма сомнан, бар, есептен көр!

– Кемпір қайтеді?

– Ол онсыз да ала жаздай менің дачамнан шықпайды. Жүр, кеттік. Мені райторг шақырып еді.

– Сөке, паркет төсеп берейік, ал...

– Болмайды! Бір-екі нарядты артық жапсаң, тағыңнан түсіп қаласың ба, ей? Ха-ха-ха...

Бөлменің қабырғалары қақырап кеткен сияқтанды. Байтоқ Сөкеңе жасқаншақтау жымиып қарап:

– Тіпті!.. Е, жарайды! – деді, еңсесін көтеріңкіреп.

...Баспалдақ – жоғары шықсаң да баспалдақ, төмен түссең де баспалдақ. Біз ғой төмен түстік, ә?.. Енді жоғары шығайық.

– Мен екі бөлмелі пәтер тауып қойдым! – деді прораб Байтоқ, № 4

құрылыс-монтаж басқармасының бастығы Шөкеңе...

– Мен екі бөлмелі пәтер тауып қойдым! – деді Шөкең трест басқарушысының шаруашылық жөніндегі орынбасары Дырекеңе...

– Мен екі бөлмелі пәтер тауып қойдым! – деді Дырекең трест басқарушысы Торсекеңе...

– Мен екі бөлмелі жақсы пәтер тауып қойдым! – деді Торсекең құрылыс бірлестігінің басқарма бастығы Барекеңе...

– Мен екі бөлмелі жақсы пәтер тауып қойдым! – деді Барекең құрылыс бірлестігі бастығының орынбасары Орекеңе...

– Мен кең, еңсесі биік, жарық, әдемі екі бөлмелі пәтер тауып қойдым! – деді Орекең бірлестік бастығы Ұрекеңе...

– Мен сіздің тапсырмаңызды орындадым, Қаха, қолымнан келгенінше мұқият орындадым. Ауасы таза, у-шуы жоқ жерден өте жақсы екі бөлмелі пәтер тауып қойдым! – деді Ұрекең министрлікке... өзіне (!) барып.

ӘЗІЛ-СЫҚАҚ ӘЛЕМІНДЕ

КҮЛКІДЕН АЙЫРМАСЫН

Адамзат тарихындары аңыздардың бірінде: сонау көне гректер біздің жыл санауымызға дейінгі алтыншы ғасырда Дионис дегенді сауық-сайранның құдайы деп жариялапты да, оны төбелеріне тік көтеріп, кәдімгі той-томалақтың дізгінін соған беріпті деседі. Халайықты қос қолтығынан бірдей қытықтағандай етіп күлдіріп, Дионистің жанында улап-шулап жүретін шала мас жігіт-желендерді сатирлар деп атапты дейді. Сонда «сатираның» төркіні сықақ, әзіл-оспақ, әжуа-мысқыл болғаны.

Әрине, бұл тұста біз - адамдар - сол алтыншы ғасырдан бастап қана күліппіз дегелі отырған жоқпын. Адам адам болған күннен-ақ күлкі сезіміне ие болғаны шүбәсіз. Қуаныш пен реніш сезімдері сонда-ақ сыртқа шықпағанына кім кепіл?! Дионистің сатирларына дейін олардың, яғни сайқымазақ туын көтергендердің өздерінше ат-атауы болмағанына қол қоя аламыз ба?!

Біздің жыл санауымыздан бұрынғы алтыншы ғасырға дейін, тіпті

басқа халықтар тарихын қоя тұрғанның өзінде, сол гректердің өздері-ақ пәленбай ғасыр жасаған жоқ па? Әлде олар ол кезде сөйлемеген бе, күлмеген бе?.. Е, неге сөйлемесін?.. Неге күлмесін?.. Арғы жағынан нақты ақпар болмаған соң сатираны Дионистен бастаған ғой, әйтпесе, «қазақта қала болмаған!» деп жүргенімізде ғасырдан аса тарихын ұсынып Түрікстан мен Отрар шыққаны тәрізді, күлкінің «бісімлдәсі» көненің көнесінде, ежелгінің ежелгісінде екені даусыз! Түрік тілді халықтардың әрқайсысы өзіне тартатын Кожанасырдың жарық дүниеге Дионистен бұрын келуі де мүмкін!

Бұлай дегенде Анатолий Васильевич Луначарскийдің: «Этнография бізге мәдениеттің мейлінше жұпыны әуелгі сатысының өзінде-ақ бір рудың екінші руға, бір тайпаның екінші тайпаға қарсы қоятын ұйымдасқан күлкісі болғанын, екі тайпа бірін бірі күлкі жарысына шақырып отырғанын ұғындырады. Көршілердің өзара келемеж күлкі дәстүрі біздің заманымызға келіп жетті, күлкінің бұл түрі бірсыпыра жерлерде қазірде де бар...», дегені еске түседі («Литературный критик» журналы, 1935 жылғы 4-саны).

Міне, күлкі дегеніңіз халықтар рулық, тайпалық өмір кешкен кездерде осындай күдіретке ие болған, дәстүрлі көрініс тапқан. Ал әрбір дәстүрдің тамыры теренде жататыны ақиқат. Бұған қазақ тарихынан мысал іздер болсақ, күні кеше тіл өнері, сөз күші ғажап танымал боп бағаланған әйгілі айтыстар, жеке-дара шешендердің шенеулері, Кожанасыр хикаялары, Алдар көсе хақындағы әңгімелер, Тазша бала тапқырлықтары, тағы бақа аңыздар қай дәуірде, қай заманда, қандай ортада басталғанын дөр басып айта алмай келе жатқанымызды мойындаған жөн.

Айтыс дегенде, рас, біз одан айтысуш екі ақынның шабыт шалқарын айқындайтын сөз сұлулығын іздеуге бейім тұрамыз, ел байлығын, жер байлығын суреттеген тіл шеберліктеріне тамсанамыз. Ал айтыстың түпкі мақсаты екі ақынның бірін бірі қалайда жеңуге тиістігі ғой. Жеңу үшін мақтаннан гөрі сайқымазақ, әжуа, келеке, мысқыл керек. Яғни, қай ақынның шенеу, мінеу күлкісі басым болса, сол жеңеді. Алысқа бармай-ақ, күні кеше көз алдымызда болған, жүз жасаған жырауымыз Жамбылдың айтыстарына үңілейікші:

...Молда емессің, соқырсың,

Зікір айтып зарлаған,

Жаназа оқып өлгенге,
Педия алып жалмаған.
Шариғат жолы мынау деп
Қараңғы надан халықты
Көзді жұмып алдаған.
Кедей өлсе, үйіне
Күңіреніп бармаған.
Аттана шауып, бай өлсе,
Кирағаттап құранды
Күні=түні сарнаған.
Жақсы көрсе молданы,
Көз бояушы зұлым деп
Көпшілік неге қарғаған?!..
(Досмағамбетпен айтысы).
...Түлен түртіп отыр ма,таз Құлмамбет?
Керікүл мен Сақаудан аз Құлмамбет.
Алақандай басыңның бір қылы жоқ,
Боласың неменеңге мәз, Құлмамбет?!.
(Құлмамбетпен айтысы).

Жәкеңнің мұндағы келекелеу, масқаралау күлкісі - кәдімгі қазақы уытты күлкі. Классикалық сатирамен үндесіп жатыр деуге де болады. Классикалық сатираның қанаушы тапты, оның құлақкесті құлдарын өлтіре әшкерелеуді, жоюды мақсат еткені аян. Жәкең сол мектептен дәріс алмаса да, мәселен, төңкеріске дейінгі айтыстарында қарсыласын қатты тілдеген, ол заман ағымына сай күлкі еді. Мұндайда Жәкең: Асан Қайғы, Бұхар жырау, Марғасқа, Сүйімбай, Махамбет, т. б. жырлары әсер етті деу жөн болар.

Осы орайда мына бір жәйтті айта отырайын: биылғы жылғы 30 июнь - 4 июль аралығында Мәскеуде СССР жазушыларының жетінші съезі болып өткені аян. Съезд меймандарының арасында атақты түрік сатиригі Әзиз Несин де бодды. Сол қаламгермен болған сұхбаттасу сәттеріміздің бірінде Әзекеңнен сатираның қазіргі міндеті, сипаты жайында пікірін сұрадым. Ол классикалық сатираның әлі де сапта екенін, оған капиталистік қоғам «кінәлі» екенін айта отырып:

-Советтік әріптестерім, сіздердің қоғамдарыңыз - зиялы, тәрбиелі қоғам. Сіздер өз қоғандарыңызға ризасыздар, оны құрметтейсіздер.

Сіздер бұл қасиетті қоғамдарыңызға лайық емес кісілердің теріс қылықтарын әшкерелеп күлесіздер. Ал біз өзіміздегі капиталистік қоғамның бізге, кейінгі ұрпағымызға жасап отырған зұлымдықтарын, кесепаттарын әшкерелеп күлудеміз. Сіздер өз қоғамдарыңыз үшін өмір сүресіздер. Біз қоғамымызды құрту үшін өмір сүрудеміз. Сіздер күлгенде, - көздеріңізден жас ағады. Біз күлгенде, - көзімізден қан ағады! - деді. Әбден орынды сөз. Советтік сатираның тәсілі мен сипаты басқаша. Бізде сатира ең әуелі тәрбиелік міндет атқарады. Ол қоғам мүддесін, адамның ар-намысын құрметтейді, ашынып сынағанның, аяусыз күлгеннің өзінде сыпайыгершіліктің табалдырығынан аттап кетпейді. Оның күлкісі - қаншама уытты болғанның өзінде де - қоғамға жанашырлық күлкі. Қазақ кеңес әдебиетінің іргетасын қалаған, шаңырағын көтерген: Сәкен Сейфуллин, Ілияс Жансүгіров, Бейімбет Майлин, Мұхтар Әуезов, Сәбит Мұқанов, Ғабит Мүсірепов, Ғабиден Мұстафин, Асқар Тоқмағамбетов еңбектерінің елеулі бір қыры - олар жас әдебиетімізге, жана қоғамымызға қажет осы жанашырлық күлкінің үлгілерін жасап берді.

Аты-жөндері аталғая бұл «алыптар тобының» (Ғабит Мүсірепов) ішінен юмормен, сатирамен бірыңғай шұғылданғаны Би-ағаң болса, Ілияс Жансүгіров пен Ғабит Мүсірепов шығармаларындағы сатира арнайы әңгімелеуді керек етеді.

Жаратылысынан әзіл-сықақшы Би-ағаң творчествосында әсіресе Антон Павлович Чехов әсері айқын. Екеуі: қысқа, нәрлі, әрлі, ойлы, кейде уытты, кейде жұмсақ әзіл астарлы жазу қасиеттерімен өзара туысыш жатады. Прогресшіл шетел және орыс әдебиеті классиктерінен көп үйренген Би-ағаң әзіл-сықақ шығармада оқиғаны ойнатута да, тілді ойнатута да шебер. Сатиралық туындыларының өміршендігі сонда. Мысалға «Арыстанбайдың Мұқышы» әңгімесін алайын:

«... Төртпақ, теке көз, шалбар бет қараны көрсең, бұл Арыстанбайдың Мұқышы де де қой. Мұқыш екенін сездіруге өзі де құмар. Қызмет басындағы адамды көрсе, шырғалап соның маңынан шықпайды.

-Жақсы келдің, шырағым, сені көруге құмар болып отыр едік, - деп өзіңе жастық қоя, сені мақтай сөйлейтіні бар.

-Кеңес үкіметінің жұмысына қасық қаным қалғанша дайынмын! - деп белсенділік көрсететіні де бар.

Оны да түсіне алмай томырықтық істесең:

-Арыстанбайдың Мұқышы дейтін белсенді кедейің мен боламын!
- деп төсін қағып қоюдан да тайынбайды...»

Сатирик адамгершіліктен махрұм кейіпкерінің жаратылысындағы ықпыл-жықпылды осылайша іреп-іреп көрсетіп отырады да: «Баяндамадан кейін бірінші сұрауға Мұңыш жабысты» деген тұста еріксіз тіксініп қаласың, өзіңе бір пәле жабысқандай күйге түсесің.

Б. Майлиннен «сыбаға» алған кейіпкерлер тобына көз салғанда, олардың сан «сорттысын» ұшыратасың. Әрқайсысы әрқилы әрекет үстінде. Олардың тірлік бояулары да қанық. Бәрінен Би-ағаның қадам ізін, күлкі үнін бірден аңғарасың.

Меніңше, қазақ сатирасындағы тұңғыш роман – Би-ағаның «Азамат Азаматычы». Туындыда әзіл-сықақ әдемі өріліп отырған; құнарлы тіл сиқыры күлкі үйіріп, оқушысын құмарттырып, ынтықтырып жібереді. Азамат Азаматычтың, Мәриямиң, Рахымның, Жүністің, т.б. сөйлеу мәнерлері, мінез-қылықтары көз алдына киноленташа келіп, жанданып тұра қалады.

Бейімбет Майлиннің Мырқымбайға қатысты күлкісінің жөні бөлек. Жаңа замандағы жаңа адамның, енді өмірге өзі ие, жақсылыққа жанымен құштар адамның, халық үшін адал тер төгетін кедейдің мінез-құлқын суреттеу арқылы автор жағымды да нанымды бейне жасаған. Қайсыбір жолдас-жорамыздың сәл-пәл ағат ісіне зілсіз кейіген кезде: «Өй, сен де бір Мырқымбай екенсің!» дейтініміз сондықтан ғой.

«Жалпылама жағдайлардың негізінде күлкі жасалуы мүмкін емес; жазғаның күлкілі болуы үшін, оқырманды күлдіру үшін деталь керек», депті Стендаль. Б. Майлиннің әзіл-сықақ әңгімелерінде де, сатиралық поэзиясында да күлкіге арқау жәйт жеткілікті.

Күлкіге арқау болар оқиғаны, оның оңтайлы сәтін ойнатып әңгімелеу, оқырман мен тыңдаушы күтпеген қырынан оқыс та әсерлі суретпен күлкі тудыру - Илияс Жансүгіровтің юмористік, сатиралық шығармаларына да тән өрнек.

Дархан талантты төкпе ақын, лирик ақын Илияс Жансүгіров роман да, драма да жазды. Әсіресе кең тынысты, мейлінше көркем тілді дастандары ерекше бағалы. Ал осы бағалы мол мұрасының ішінде Ілекеннің сатирасы және елеулі. Көптеген әңгімелері уытты күлкімен көмкерілген. Солардың бірі - «Бақтың әдіс». Кейіпкер Төлембаевқа сөз берелік:

«...Өмірімде бақытты болу жолын іздеп таба алмай, «мандайы тайқы, алақаны қайқы құдай жазбаған екен» деп үмітсізденіп жүргенімде төңкеріс бола қалды...

Біреуі - ревком, біреуі - волком, біреуі - комиссия болып, мен қатарлының бәрі де іске ілініп кетті. Менде түк бақ жоқ. Бірақ, ой көп. Ертеңнен кешке шейін ойлаймын. Қайтсем бай болар екенмін деймін. Қолыма бір мылтық тисе, шашымның жартысын ғана қырықтырып, күжідетіп ылау мініп кетсем бе екен деймін. «Нарсуд» болып алып, есігімнің алдын кісіге қарақұрым топыр қылсам ба екен деймін. Кейде ел ішінен гөрі қалаға барып, үлкен бұйрықтарға «Төлембаев» деп қол қойып, фамилиямды жан-жаққа білгізім келіп қояды. Кей уақыттарда «апыр=ау, осы райсоюзға кіріп алып, ауқаттанып, расход айырар ма едім» деймін. Ой көп...»

Ілекең байи алмай жүрген Төлембаевты осылайша келекелеп, оны өзіне өзін күлдіріп, оған қоса бізді де күлдіріп отрады. Сөйтеді де, «қызым, саған айтам, - келінім, сен тыңда!» дегендей, кейіпкеріне көлдененнен өзі және күледі. Бір кейіпкердің көлеңкесінен екінші бір кейіпкердің сиқын көріп, бірінің бейшаралығына күлу арқылы екіншісінің бет пердесін сыпыру - Илияс Жансүгіров сатирасы мен юморының астарласып көрінетін ерекшелігі.

Көркем сөздің, көрікті күлкінің ұстасы Ілекең кейде бір ғана сөзге көп салмақ арта да білген. Ол қасиеті әзіл=сынақ әңгімелерінен де, фельетондарынан да «мен мұндалайды». Енді Ілекеннің «Құқ» фельетонынан бірер сөйлем оқылық:

«Жиылыс ашық...

Өкілдің мойнынан баяндаманың қарызы түсті. Сұрау да бола қойған жоқ. Бола қоймаса да, «сұрау тоқтатылсын» деген ұсыныс кіріп қалды...»

Осындаты «қарызы», немесе «кіріп қалды» сөздеріне, олардың күлкі үшін қандай қызмет атқарып тұрғанын аңдаңыз. Баяндамасын қарызынан құтылғандай болып бітірді деп әжуалайды. Ал болмаған сұрауды тоқтату жөнінде ешқандай ұсыныс енгізілмейтіні өзінен өзі анық. Бірақ, жиналыстың сиқына сай бұл детальдің - «кіріп қалды» сөзінің ойнағаны соншалық, ол нанымдылық қасиетке ие болып, күлкі шақырып тұр!

Сыршыл да талғампаз ақын, «қазақ поэзиясының Құлагері»

(Сырбай Мәуленов) Илияс Жансүгіровтің сатирик ретіндегі ролі қашанда жоғары бағаланары хақ.

Қазақ әдебиетіндегі юмор мен сатира әлемінде әрдайым шоқтықтанып көрінетін келесі бір тұлға - Ғабит Мүсірепов.

Бірден ашыш айтарым: Ғабен жасанды жәйтпен де, одағай сөзбен де, одағайлап сөйлеумен де күлдірмейді. Кейіпкерлерін сөзуарлыққа салындырып сықылықтатпайды. Өзі де, кейіпкерлері де байыпты, байсалды сөйдеп отырғыш-ақ әдемі әзілдейді, ащы сықақтайды. Ғабен арзан құбылыстардың төңірегінен күлкі іздемейді.

Өзім әзіл=сыңқақ ауылына ат ізін салыш жүретінім себепті, меи сатириктер мен юмористердің туындыларын түгел оқып жүруге тырысамын да, әріптестерімді өзімше «сорттап» байқаймын. Ғабенді, сөйтіп, Антон Павлович Чеховтың «сортына» қосқаным бар. Ал Антона Чехонтенің күлкісі қандай екенін білесіздер: ол - жаныңды жазғытұрымғы күншуақтай жылытатын сәулелі (әлбетте, оқырман үшін), ал кейіпкерін мақтамен ба= уыздайтын әзіл күлкі.

Ғабеннің «Екінші Би-аға» деген әңгімесінде мынадай жолдар бар:

«Дала жолының қатар жылжыған үш жыландай ирелеңдеп, екі жағына кезек ойысып отыратыны шоферімізге қатты ұнамай келеді Кейде машинаның оң доңғалағын, кейде сол доңғалағын жол табанынан шығарып алады да:

-Осындай жарықшақ борбастың ортасынан жол салады екен! - деп әлдекімдерге ұрсып қояды. Осы жолды салған түйенің қанқайған басын, аттың құлағын боқтап келеді. Өз ауданының жерімен келе жатқанымызда еріндері көп жыбырламайтын сияқты еді, көрші ауданның жеріне шыққалы үдетіп кетті. Сонымен бірге Дайырбек - әдепті жігіт. Оның боқтау айтып келе жатқанын сөз аяғын ысылдатып тоқтағанынан ғана аңғарасың...

-Сонау көрінген бұлыңғыр белеске дейін бір боқтамасаң, бір коробка «Сафо» темекісін силаймын, - дедім шоферге.

-Ол белеске жетсек, өзім де боқтамаймын. Арғы жағы құмайт, - деді ол. Темекіні алып, қасына қойды...»

Әзіл-мысқыл да, сурет те баршылық!

Әрбір шығармасы әзіл-әжуа күлкіге бай Ғабит Мүсірепов юморының тұнып көрінетіні осы әңгімесінде болса, меніңше, сатирик қарымы қуаттанып көрінетіні - «Этнографиялық әңгімесі». Оқылық:

«...Жыртық төбелерінен жүн жұлынып шығып тұрса да, тымақтарда бір тәкаппарлық бары андалады. Сөйлесіп қайтар адамдарымыз осылар болар деп, мен арбадан тезірек түсіп, бір шетінен бастап, отырғандарға қолымды ұсындым.

...Сонымен, Атекеннің екі жағында отырған адамдардың үлкен-кішілі ретін тауып, айқыш-ұйқыш қол беріп шыққанша, олар кезегімен сәлем алуды айтып болғанша бір ауылды көшіріп-қондыратын уақыт кетті...

Өзі сұрайды деген Атекесі бізден әлі бір ауыз сөз сұраған жоқ. Сықсырайған білте шамның шалағай жарығында, әлдекім бірін біріне сүйеп кеткен киімшең өліктер сияктанып, біреуі қыбыр етпей, ауыл иелері отыр. Таң қалыш біз отырмыз. Өлі ауыл тып-тыныш...» .

«Өліктердің» үлкені - Атекеннің, оның екі жағындағы қостаушы-шашбаушылардың, «елуі жиналып ешкі соя алмайтын» «пирақыло» кейіпкерлердің ұсқындары, тамтығы қалмай біткен ауыл тіршілігі жиіркенішті-ақ!

Енді Ғабит Мүсіреповтің тағыда бірер әңгімесіне көз жүгіртелік:

«- Жүрегім ауызға тығылып, ас батпай қойды, - деп жастықтай қампайған ішін басады. Жүрегім деп отырғаны кәдуілгі асқазаны екенін аңғармайды да» («Ананың арашасы»).

«- Ойбай, елік! - деп ғалым газет-дастарқанның үстіне бұға қалды. Мойны оқыс бұрылып, көздері «елік!» деген жағына қадалып қалыпты. Тырнақтының көзі, тістінің көзі ,аңшының көзі!.. Кесесі қисайып, қара қошқыл коньяк төгіліп жатыр» («Қасқырды атқан қайсысы?»).

«Жігіт мысқылдай жымыып маған қарады. Өлтіре жауап берген адам сияқты. Темекісінің күлі еденде жатқан кілемге түсіп кетіп еді, оған шіміріккен жоқ,табанымен тапай салды.

- Менің есімде қалған бір сенің фамилияң емес, ағалы-інілі, нағашылы-жиенді үлкен бір топ адамдарым бар еді, көптен білетін. Солардың бәрінің фамилиясы Сілекеев екен... Бұзау көздеу, бұқа бұғақтау, өнімсіз де болымсыздау... Талант-талабы таяздау, талап етуі шексіздеу... Солар жайында жазайын деп жүргенім бар еді... -деп мен жігіттің көзіне туралап карап едім, аңғармады («Сілекеевтердің кенжес і»).

Мұндай мысалдарға юморист, сатирик Ғабит Мүсіреов шығармалары кенде емес. Бәрінде де суретті, бейнелі күлкі бар.

Аз жазса да мәз жазатын, әрбір сөзін әрлеп, салмақтап қолданатын, күлкінің қадір-қасиетін асылына балайтын Ғабез творчествосы - өзінен кейінгі, бүгінгі һәм ертеңгі әріптестеріне, ізбасарларына өрелі өнеге.

Сатира сардарлары мен сарбаздары сапынан һәманда суырылып көрінетін, күлкі семсерін дөп сермейтін, жалтаңтамайтын жалаңтөстер деп: Асқар Тоқмағамбетовті, Садықбек Адамбековті, Балғабек Қыдырбекұлын, Оспанәлі Иманәлиевті, Жүсіп Алтайбаевты, Оспанхан Әубәкіровті, Үмбетбай Уайдинді, Есенжол Домбаевты, Шона Смаханұлын, Сейіт Кенжеахметовті, Қажытай Илиясовты, Көпен Әмірбековті айтар едім. Бұлардың қай-қайсысы болсын қазақ сатирасына тынымсыз ізденіспен келіп, қолтаңбасын тез танытқандар. Әрине, бұл тізімді созып, әзіл=сықаңшылар санын қырықтан асыруға болады. Бірақ, бірді=екілі ғана жинағы шыққан, сатира ауылына әлі орныға қоймаған қаламдас жолдастар мені айыпқа бұйырмас деп ойлаймын.

Асекеннің әдеби мол еңбегінің ішінде сатиралық дүниелері өз алдына бір төбе. Ол туралы баспасөз бетінде арнайы әңгімелегенбіз, әлі де әңгімелей береміз. Асқар - фельетонист, Асқар - сатирик есімі барша қазаққа мәшһүр!

Садықбек Адамбеков пен Есенжол Домбаев - сатиралық романдардың авторлары. Алғашқысы «Атылған қыз туралы аңызды» жазса, соңғысы биыл «Жаман Жәутікті» ұсынды.

«Атылған қыз туралы аңыз» - аңқау елдегі арамза молданың қара ниетіне камшы басқан, кейбір замандастарымыздың санасындағы шаңды қаңқан шығарма. Мұнда оқиғаның кереге-уығын ұстап, сатириктің сынына нысана болып тұрған бейне - Сыбан молда. Құранды құшақтап жүріп талай жауыздық жасайды. Көкірек көзі жұмулы Тасбикені, құлқын құлы Жаманқараны, есірік мінез кетік шалды, пәле күйттеген бүкір кемпір тәрізділерді уысында ұстағанымен қоймай, ауылдас ағайындарын, жастарды түгел тұмылдырықтауды көксейді. Айтқанына көндіріп, айдаған жағына жүргізіп, әмірші болып отырмақ. Келмеске кеткен заманын оралтпақ, өлгенін тірілтпек. Кәрі-жасты асықша иіріп, алшысынан түсіріп, қарақан басын байлыққа бөктірмек.

Романда сыбандардың пасық пиғылдарын әшкелеуші көпшілік бар.

Шынтас, Айнаш, Кәрім, Сайрамбай және басқалар. Адал, еңбеккер қауымның өкілдері. Олардың мерейлері үстем болады. Арамдық құриды.

Оқиғасы нанымды романды оқып отырғанда: отты, ойнақы, ұйтты сөздерді, ұтымды тенеу-суреттерді аз кездестірмейсіз. Сатира көркі тілімен толыспақ десек, Садықбек Адамбеков тілі – фельетонист-юморист-сатириктің тілі. Керегіне қарай жеңіл күлкі юморы да, зілді күлкі сатирасы да әзір. Ұнамсыз кейіпкерін ұтқыр сөзбен іштен шалып та, тобықтан қағып та шоңқайта береді.

Мұхтар Әуезов: «Күлкі сөздің шатысынан тумайды... Күлкі іспен аралас келсе, бір жағы шынға тіреліп, қысылшаң кезде ауыр мен жеңілдің жапсарында келсе, көбінесе оқыс қиындыққа ұшырап қалатын жерден туса, сонда дәмді болмақ» деген ғой. Осы негізде жазылған сатиралық роман - «Жаман Жәутік».

Оқырман қауымға сатиралық әңгімелерімен, повестерімен танымал Есенжол Домбаевтың бұл романын жазуға жетерлік дайындық жасағаны сөзсіз. Кітап атының өзі де көңілге шығарма оқиғасының шытырман қызықтығынан гөрі ойнақылығы басым болар-ау деген ой ұялатады. Өйткені, автордың сөз ойнатудан бұрын оқиға ойнатуға төселген сатирик екенін білеміз.

Шыныда, роман гротескке ұласқан оқиға суретінен басталады. Құм еліне әуелі қызыл жаңбыр шелектеп тұрып жауады. Содан кейін ақша жауады, бақа жауады... Содан кейін оқырман садақа жолы тартышқан Көкмешітке Нұралы байды шығарып салады да, шыжыған күнде ұйқысынан оянған Жәутікпен жүздеседі. Жәутік - адал адам. Өтірік-өсекті білмейді. Естігенін, түсінде көргенін өзінше топшылап, ерекше мән беріп айтатын мінезі бар. Білектілерден таяқты көп жеген жасқаншақ, қорғансыз байғұс. Басына іс түскен жан-жануарға жаны ашып, егіліп кететін ақкөңіл. Көк тұсағын жылап отырып бауыздайды. Жаралы большевикті жасырып, оған тамақ тасиды. Оны санасы оянғандықтан істемейді, «өзімдей бір байғұс қой» деп ұғады;

Шығарма оқиғасының шешімі - большевиктер үстемдігі орнай бастағаны. Большевик Ғабсәлем Ұлы жиынға Жәутікті тауып әкелуді бұйырады. Ол - Жәутік сияқтылардың теңдік алуы.

Романның басқа кейіпкерлері дегенде жаман Жәутіктен «көш ілгері» көптің бірі Паңгерей болса, ол - карта ойнағаннан өзге баянды

тірлігі, байсалды түйсігі жод пенде. Қышып жүретін жуан жұдырығы бар. Берекесіз.

Аққисым болса,- кәдімгі алаятардың бір түрі. Өтірк-өсек пен жалған мақтан күйттейді. Әйелі Күнся өзiне сай.

Дүйсебай, Балымзия, Сауытбектер де - бір шұңқырдың шалшығы.

«Жаман Жәутік» оқиғалары әлі аяқталған, тұжырылған жоқ. Ұлы жиынның арғы шешімі, қимылы белгілі болғанмен, нақты бедерленуі автордың жоспарында. Оқырман шығарманың жалғасын күтулі. Сондықтан тәмәмдап пікір түю ерте.

Әйтседе, кейбір «әттендер» айтуды тілейді. Сөз қадірін, күлкі нарқын білетін сатирик кейбір тұстарда: Жәутік - Катира, Аққисым - Балымзия әрекеттері, Паңгерей мен Аққисымның балалық қылықтары, құдалықтар, жеңгеліктер әңгімеленгенде шымыр суреттеу орнына шұбалаң баяндауға жол береді; әзіл-оспақ, сықақ әлсіреп, тіпті ұшыраспай да қалады. Оқиға жеңілдеп кете береді.

Қазақ сатирасында бүгін таңда бар сүйекті дүниелер – осы туындылар. Шағын да тартымды әңгімелердің, өткір күлкілі өлендердің, мысал түріндегі сатиралық дүниенің жөні бөлек. Олар бізде баршылық. Бізге керегі - сүйсінерлік сүйектілері. Шындыққа жүгінсек, бұл жағына әлі көңіл толмайды. Өнегелі мектептен өтуіміз, өрелі шығармалар беруіміз тым баяу. Театр сахнасына, киноэкранның лайықтала кететін әзіл-сықақ повесть, роман атаулыға ұяттымыз. Шетел, Одақ көлемінде тергіштеп айтпағанның өзінде, бізде: «Өлі жандар», «Ревизор», «Он екі орындық», «Алтын баспақ», «Нейлон тон», т. б. тәрізді оқиғасы салмақты, тілі уытты, күлкісі тұшымды, әлеуметтік сыни тағылымды еңбек жоқ. Арқаны кеңге салып, тоқмейілденіп жүріп жатырмыз. «Беу, сатирик ағайындар! Бұлардың қалай?!» деп сауал берер, қозғау салар, барымыз бен жоғымызды айырып айтып берер әдебиет сынымыз және көрінбейді. «Сын түзелмей мін түзелмейді» ұмытылған. Сатира кенжелеп қалды» деген жаттанды бірдеңені айта салады да, сонымен тынады. Бірер жинағы шыққан жас ақын, жас прозаиктер тым болмаса әлгі үйреншікті тізімге ілініп, анда-санда аталып жатса, он шақты кітабы жарық көрген, оқырман көпшіліктің іздеп оқитын жазушысына айналған сатириктер «тағы басқалардың» тобында қалып жатады. Жазушылар съездерінде, дәстүрлі жыл қорытындысы мәслихаттарында сатира ауызға алынбайды.

Өздеріңізге мәлім, А.П.Чеховтың шағын әңгімелерінің көпшілігі қысқа көлемді фильм болып шығарылып, көрерменнің көңілін суарып келеді. Қазақ кинематографиясы бұл жаққа бет бұрар емес. Киносценаристер күлкіге жоламайды. Сірә, олардың арасынан І. Жансүгіров пен Б. Майлиннің, Ғ.Мүсірепов пен С. Төлешевтің, С.Адамбеков пен Б. Қыдырбекұлының... әзіл-сықақ әңгімелеріне назар аударғандар кездеспейтін болғаны да. Ол «қолда барда алтынның қадірі жоқ» деген болса, - бір сәрі. Ал егер өзгенікіне өмешегінді үзіп, өзіндікіне мұрнынды шүйіріп жолортада тұру болса, одан өткен сорлылық жоқ дей бер.

Бұл олқылығымыз үшін де әдебиет сынымызға өкпе артамыз. Дәл қазір бізде сатира сыны жоқ. Сатираның қас-қабағын бағатын, бар-жоғын тауып бағдарлап отыратын ақылшы, жанашыр, маман сынға зәруміз. Профессор Темірбек Қожакеевтен басқа ешкімнің қалам тартып жүргені көрінбейді. «Жалғыздың үні шықпас, жаяудың шаңы шықпас».

Сатира - өткір қару. Қоғамымыздың рухани саушылығын көздеп жұмсалады. Ендеше, сатира семсерін нық ұстап, дәл сермеп, қоғам кәдесіне асар күлкіні туындата берелік!

ҮМБЕКЕЦНІҢ ҮНІН АЙТ

Адамзат тарихындағы аңыздардың бірінде: сонау көне гректер біздің жыл санауымызға дейінгі алтыншы ғасырда Дионис дегенді сауық-сайранның құдайы деп жариялапты да (оларда құдайды сайлау бүгінгі бізде әкімді тағайындау тәрізді болған-ау?!), оны төбелеріне тік көтеріп, кәдімгі той-томалақтың дізгін-шылбырын соған беріпті делінеді. Халайықты қос қолтығынан бірдей қытықтағандай етіп күлдіріп, Дионистің жанында улап-шулап жүретін шала мас жігіт-желендерді «сатирлар» деп атапты дейді әлгі аңыз. Сонда «сатираның» түп-төркіні «сайқымазақшы» болғаны.

Әрине, мұны айтқанда мен адамдар сол алтыншы ғасырдан бастап қана күлген көрінеді деп қостаудан аулақпын. Адамның адам болған күннен-ақ күлгені шәксіз. Қуаныш пен реніш сезімдері сонда-ақ, сол күлкі арқылы сыртқа шыққан болар. Дионистің сатирларына дейін

олардың, яғни сайқымазақ туын көтергендердің басқаша аталмағанын мақұлдай аламыз ба? Оларға дейін, тіпті басқа халықтар тарихын қоя тұрғанның өзінде, сол гректер пәленбай ғасыр өмір сүрді емес пе? Әлде дионистерге дейін сауық-сайран құрмап па, күлмеп пе? Е, неге ойнап-күлмесін! Арғы жағынан ақпар болмаған соң Дионистен бастаған ғой, әйтпесе, «қазақта қала болмаған» десіп жүргенімізде ғасырдан аса тарихы бар сан қаламыз табылғаны сияқты, күлкінің «бісімлдәсі» көненің көнесінде, ежелгінің ежелгісінде екені даусыз. Түріктілді халықтардың әрқайсысы өзіне тартатын Қожанасыр әпендінің өмірге Дионистен бұрын-кейін келгенін кім біледі? Бұлай дегенде ойыма ғұлама А. В. Луначарскийдің: «Этнография бізге мәдениеттің мейлінше жұпыны әуелгі сатысының өзінде-ақ бір рудың екінші руға, бір тайпаның екінші тайпаға қарсы қоятын ұйымдасқан күлкісі болғанын, екі тайпа бірін бірі күлкі жарысына шақырып отырғанын паш етті. Көршілердің өзара келемеж күлкі дәстүрі біздің заманымызға келіп жетті, күлкінің бұл түрі бірсыпыра жерлерде қазірде де бар...» деген онды тұжырымы оралады («Литературный критик» журналының 1935-жылғы 4-інші санында).

Міне, күлкі дегеніміз халықтар рулық, тайпалық өмір кешкен кездерде осындай дәстүрлі құрал болған. Ал әрбір дәстүрдің тамыры тереңде жататыны белгілі. Бұған өзіміздің, яғни қазақтың тарихынан мысал іздер болсақ, күні кеше тіл өнерінің, сөз күшінің нақты танымы болып бағаланған әйгілі айтыстар, жеке-дара шешендердің шенеу сөздері, Қожанасыр хикаялары, Алдар көсе, Тазша бала тапқырлықтары, тағы басқа аңыздарымыз қай ғасырда, қандай дәуірде басталды,--оны жете білмейтінімізді мойындаған жөн. Тарих құпияларының ашылғанынан әлі жабық жатқаны көп шығар десек ше? Соңғы онбес жылда араларына төрт-бес жылдан салып табылған бірнеше Алтын адамды көмбелеріміздің мезгіл-кезеңін археологтар тарихымыздың белортасы деп отырса, соншама байлыққа, алтыннан ерекше әсем бұйым жасаған ғажап өнерге ие болған қазақтың ол байлықты жолортада жинамағаны, ол өнерге жолортада төселмегені, оған дейін сан ғасырды өткергені ақиқат. Өне, сол дәуір-кезеңдерде қазақтың басқа өнерлері де болғанына қол қойсақ, олардың бірі—күлкісі. Демек, жарық дүниеге іңгәләп жылап келіп, кенеле күліп өтетін халықтардың біріміз. Яғни көшпенді тірлікте тым көпті көргендігінен бе, әлде жаратылысынан

солайша жарылқанғандығынан ба, құнарлы тіл байлығына сай қуатты күлкіге де жомарт біздің қазақ. Көне ауыз әдебиетіміздің бүгінге дейінгі қорында да, жазба әдебиетіміздің қоймасында да күлкіміз мол. Асан қайғы, Бұқар жырау, Махамбет, Дулат, Абай, Жамбыл... деп, Бейімбет Майлин, Ілияс Жансүгіров, Ғабит Мүсірепов, Асқар Тоқмағамбетов, Сәйділ Төлешев, Садықбек Адамбеков, Шона Смаханұлы... деп, Оспанхан Әубәкіров, Мыңбай Рәшев, Оспанәлі Иманәлиев, Балғабек Қыдырбекұлы, Сейіт Кенжеахметұлы, Үмбетбай Уәйдаұлы, Есенжол Домбаев, Еркін Жаппасұлы... деп буындап келтіріп (бәрін атау шарт болмас), ең жасымыз Қанат Ескендіровке жетіп аялдасақ, әзіл-сықақ қазынамыз менің де көзімді, көңілімді қуантады. Мен бұл қуанышымның бір себепшісі болып жүрген Үмбетбайдың шығарма шырайына дән ризамын. Әзіл-сықақ жазуға шындап талаптанушы іні-қарындастарымызға сырттай хал-қадари дәрісім болсыншы деген ниетпен Үмбекеңнің қалам қарымы хақында ой өрбітуді қалап, міне, қолыма қалам алғаным сондықтан. Екіншіден, талант таразысында проза мен поэзияның салмағы тең жатқан бұл құрдасымның шығармашылық жолы жайында тұщымды зерттеу әлі жоқ, болса—студенттің диплом жұмысы деңгейінде ғана. Мұны әдебиетші-сыншы ғалымдардың алдағы ісі дегім келеді. Ал менің айтпағым—жетпіс жастағы Үмбекеңнің жігіт күлкі мәнеріне көзқарасым. Соның өзінде де жазғандарын бастан-аяқ әңгімелеуді мақсат етпей, айтуым керекті ғана теріп алдым.

Оқырман қауымға оннан астам жинағын ұсынған қаламдасымның «Ендігісін айтпаймын» деп атаған жинағындағы «Ойық жара» әңгімесі аудан орталығындағы училищеде оқитын Дәйдәудің ауылына барып келіп, ол жолы орталықта қалып қойған құрбысы Әймішке ауылдың жаңалығын жеткізуінен басталады. «Құдайдың құрығы ұзын ғой... Түйенің жап-жалпақ табаны нағашымның сопақ бетімен қарама-қарсы кездеседі... нағашымның добалдай мұрны орнынан қозғалып, жайылып-жалпайып, құлақтың ылдиына қарай көшіп кетеді», деп бастайды Дәйдәу. Нағашысы - Әйміштің әкесі. Ендеше, Әйміш қалайша тым-тырыс тыңдай алсын, «... мұрнының дауысы бұзылайын деген сияқты. Дәйдәу одан ары естіртті... Әйміш көзіне жас алды:

-Сорлы шал-ай, сорлап қала жаздаған екен ғой?! Сол борша болғырды баяғыда-ақ етке өткіз деп едім, тыңдай ма...

-Өзі де сойып, үйді-үйге төбелеп сатып жіберіпті, - деді Дәйдәу.

-Ал ағайын не деп жатыр?

-Не десін, қатеге не шара. Нағашекемнің түйе тепкен күнгі бетінің сықпыты біразының түсіне кіріп, бір жетідей шошып шығыпты...».

Дәйдәу: «Медицина әкеңнің бетін оңдапты. Мұрнын да бұрынғы орнына эзер дегенде итеріп әкеліпті. Қазір үйде. Сәлем айтты», деп жұбатыпты Әймішті. Мұндағы: «Түйенің жап-жалпақ табаны нағашымның сопақ бетімен қарама-қарсы кездеседі», «нағашымның добалдай мұрны орнынан қозғалып», «нағашекемнің түйе тепкен күнгі бетінің сықпыты біразының түсіне кіріп, бір жетідей шошып шығыпты», «мұрнын да бұрынғы орнына эзер дегенде итеріп әкеліпті» деген сөйлемдер оқиғаны көз алдымызға алып келіп көрсете қойғандай шырайлы күлкі үйіреді. Құдды кинокомедия көре бастағандай көңілді күйге бөленеміз. Ал «Прокурор» әңгімесінде бір қызға қырындаған екі жігіттің бірі—Адыраспанов қызға «конкурстың қатты болғандығы» себепті оған сыр ақтаруын былайша баяндайды: «Алдағы жылы оқуға барамын. Бітіремін. Журналист-жазушы боламын. Жыл сайын топылдатып роман шығарамын да жатамын. Кемінде жеті бөлмелі үй болады. Есік алдында төбесі томпайып көгілдір «Волга» байлаулы тұрады... Ботаң болайын, құлының болайын, бұзауың болайын, әженді қолыма алайын... Өй, сыпылдадым кеп, сыпылдадым кеп...». Бұндай хал өз басынан өтпеген жігіттердің де мұны оқығанда еріксіз езу тартары анық деп білем. Басқасын жіліктемегенде, сол кездегі ең әйгілі «Волга» автомәшинінің «есік алдында төбесі томпайып байлаулы тұрадысы» қандай көрініс?!

«Келінім кетіп қалды» туындысынан мысал:

«Сол қу Қалкен бір күні:

-Біздің үйге біреудің арманы келіп отыр, көріп шығасың ба?- деді.

Еліріп еріп бардым. Терезенің алдынан өте бергенімізде менің құлағымна біздің ауылда жоқ бір нәзік дауыс таза бұлақ сыңғырындай естілді...

Бірде Қалкен кіріп келіп:

-Біздің үйге біреудің бұрынғы арманы келіп отыр,- деді.

Еріп бардым. Терезенің тұсынан өте бергенімізде іштен біздің ауылда жоқ бір тарғыл дауыс естілді...».

Аңғарған шығарсыздар, мұнда бірер сөз емес, бірнеше сөйлем

қайталанған. «Біреудің арманы» мен «біреудің бұрынғы арманы», «еліріп еріп бардым» мен «еріп бардым», «бір нәзік дауыс» пен «бір тарғыл дауыс» дегендер. Неге? Сыдыртып оқи салғанға ұқсас сөйлемдер болса, ойланып оқитынға астарлы сөйлемдер. Шебер қайталау арқылы екі түрлі жағдай байқатылады, оқиғамен өріле екі жүйе күлкі ұшырасады. Кейіпкер біреу, ол—«біреудің арманы» мен «біреудің бұрынғы арманы»; «таза бұлақ сыңғырындай нәзік дауыс» иесі мен «біздің ауылда жоқ тарғыл дауыс» иесі; қыз бен келіншек; биязы мен бетпақ. Қалкеннің жолдасы биязының биязылығын нәзік дауысынан таныды да, бетпақтың бетпақтығын тарғыл дауысынан таныды. Көзі көрмей тұрып-ақ бірінші жолы көңіл желпінісі күншуақ күлкі үйірілсе, екінші жолы көңіл күрсінісі тіксіністі келеке күлкі шақырды. Әлде автор: «Қыз кезінде бәрі жақсы...» дегенді солайша ишаралады.

Әзіл мен сықақ (юмор мен сатира) ағайындас. Мақсаттары өзектес, кәсіптері қанаттас. Екеуінің де еншісі—күлкі. Бөлінбес ортақ енші. Десем де, айырмашылық бар. Ол не? Бұл сұраққа жауап іздеген зерттеушілер көп болды, әлі де баршылық, бірақ әлі бәтуаласқан емес. Бір кезде одақтық «Литературная газетада», «Крокодил» журналында да жауап ізделді, әдебиетті зерттеуші ғалымдар, әзіл-сықақшылар пікірлерін ортаға салды. Әзіл мен сықақты бірі «жанр» деді, бірі «түр» деді, бірі «жанама сипат», бірі «қосымша реңк» деді... Сонымен тынды. Мен ғалым емеспін, зерттеумен шұғылданып көрмедім. Алайда, әзіл мен сықақты көркем әдебиеттің түрі дегім келеді. Жанрдың (проза, поэзия, драматургия...) шекарасы бар және берік шекара, ал әзіл-сықақта бір өзіндік шекара жоқ, ол басқа жанрларды өзі де қабылдайды, оларға өзін қабылдатады да. Тілшілерге еліктеп айтсам, әзіл-сықақ басқа жанрларды, олар қажет еткенде, үстейді, әрлейді, түрлендіреді.

Ағайындас екеуін жеке сипаттауға да болады. Меніңше, әзіл ақкөңіл адам сияқты, ол кейіпкерін аяйды, көңілін қалдырғысы келмей, жеңіл ғана ескертпе жасауды жөн көреді. Сықақ зілді адам сияқты, ол кейіпкерін аямайды, оның кемшілігін ойып-қазып, іреп-сойып, тез түзеп жіберуді көздейді. Терапевт пен хирург тәрізді. Менің пайымдауымша, Үмбекеңде әзіл басым.

«Әжең жақын ба, әйелің жақын ба?» әңгімесінде Қатираның күйеуі:

«Не түсінгенін қайдам, екі тындаушым да су ішкен тауықша төбеге қарап, қоймай күлді» десе, «екі тындаушының» екі тауыққа ұқсас кеспірлері елестейді. «Ақуланың азу тісі» әңгімесіндегі Түсекең: «Әдетте біз бастық атаулыны айыптағышпыз... Жұмыс талап етіп, тәртіп талап етіп кейісе, «ойбай, аналар қырылып жатыр!» деп тиражын көбейтіп жібереміз» десе, мұнда да сурет бар. «Күйіп-пісіп» деудің орнына «қырылып жатыр» деп оқиғаның бір сәткі көрінісін күшейту және «тиражын көбейтіп жіберу» орынды-ақ! Немесе «Тамада» атты туындысының бір кейіпкері - ақын жігіт: «Мен, атым аталғасын, ақын болмасам да ақынға ұқсап, орнымнан сыпайы ғана тұрып, көлемімді көрсеттім» дейді. «Көлемімді көрсеттім». Кісінің «көлемі». Әдемі айтылған. Әзілге тән әдемі сөз-сурет. Әзіл тіл қорымызға Үмбекен қосқан жаңалық!

Әзілдің мазмұн мен тіл құнарын үнемі қадағалап, сақтап отыратын, қымбатты арзанға телімейтін, ұсқынсыз сөздің ғұмырсыз күлкі тудыратынын жақсы білетін жазушы көп шүйіркелесуіміздің бірінде әзіл-сықақ жайында пікір өрбітіп отырып: - Құдайға шүкір, бұл кәсібіміздің қаймақ-қаспағын аз татып жүрген жоқпыз. Теориясы мен практикасын айтам да. Әлем әдебиетіндегі арыстандардың не дегендерінен де хабардармыз. Әйтсе де, өз басым ұлы жазушымыз Мұхтар Әуезовтің: «Күлкі сөздің шатысынан тумайды... Күлкі іспен аралас келсе, бір жағы шынға тіреліп, қысылшаң кезде ауыр мен жеңілдің жапсарында келсе, көбінесе оқыс қиындыққа ұшырап қалатын жерден туса, сонда дәмді болмақ» дегеніне ден қоя беремін, деді. Оның шығармаларындағы шырай осы ұстанымының да жемісі болар.

Үмбетбайдың талант таразысында проза мен поэзияның өзара салмағы тең дедім. Көзім жеткен соң айтқаным. Бұл қаламдасымыз әсіресе соңғы кезде әзіл-сықақ өлеңді басымырақ жазып жүр. 2001-жылы «Әумин!», ал 2003-жылы «Сен кімге күлесің?» атты жинақтары шықты. Екеуі—«екі қапшық» әзіл-сықақ өлең. Былтырғысының «бетін» автордың өзі «ашып», былай депті:

Ассалаумағалейкүм, құрметті оқырман! Өлең тиеген арбамды салдырлатып (әсіресе ауыл баласына таныс көрініс!- Ғ. Қ.), алдарыңызға тағы келіп қалдым. Енді мені тындап көріңіз:

Өлең—дауыл, құйын.

Өлең жазу—оңай,

Өлең жазу—қиын.

Мысалы:

«Күнім» деген сөзі-ай,
Күлімдеген көзі-ай,
Келемін деп келмеді,
Көктемегір қыз-ай!

«Күнім» деген сөзі-ай,
Күлімдеген көзі-ай,
Ендігісін айтпаймын,
Өзі білсін, өзі-ай!

Рубль, теңге, сом-ай,
Долларының зоры-ай,
Т. б. кете береді,
Әлгі «оңайың» сол-ай.
...Тер шықпаған өлеңнің
Мандайының соры-ай!
Солай!..

Астары қалың әзіл. Берірек түсінгенге «көктемегір қыз» бар, арырақ түсінгенге ол жоқ. Жеңіл қалқып қарағанға бәрі де оңай, қопара қарағанға «тері шықпаған өлең» де сорлы. Үмбекен «Лейтмотивінде» оны аша түскен:

...Жазып едім ойқастап
Құрдастарға наз,
Оқып берсем қол боста—
Қонақтарым мәз.

Жазып едім со-но-о-да
Нағашыма наз,
Оқып берсем, соған да
Бала-шағам мәз.
Өзімді өйстіп алдаймын—
Қарашығым мәз.
Уайымы жоқ жандаймын,
Қара шығыны аз.

...Арқа-жарқа болмақ кім

Ара шағып мәз?!

«Уайымы жоқ жандаймын» деген. Қайдағы уайымы? Мен білетін Үмбекеңнің қағанағы—қарқ, сағанағы—сарқ. Тәубә, тәубә!.. Десем де, уайымы бар. Ол—төңірегіндегі тірлікте кездесіп жататын келеңсіздіктер, қоғамның хал-ахуалындағы ақаулар, жолдас-жоралардың, туыс-тумалардың қайсыбірінің күйкі қарекет-әрекеттері.

Құлқынның іс-қимылы қырғын-сүргін,

Шикандай екі беті қылмысыңның.

Қырғыштай қазан қырған әнің анау...

Шалбары жамау-жамау тұрмысыңның!..

(«Қа-а-й-найды қаның...». Қоғамға көзқарас.)

«Ат қайда ақбақайдай шаппай желген...»

(Жүйрік пен көзді ақындар мақтай берген),

Бүгінде көз жыламай, сөз жылайтын

Барады індет тарап жаппай елге...

(«Індет».)

Өңештен ұрлық, пара барады өтіп

(Айттық қой, беті Ұяттың қара қотыр!),

Дүлей күш талап жатыр біреулерді,

Дүние бақырайып қарап отыр.

(«Ас-са-лау-ма-ға-лей-күм, телевизор!»

Жақсылықты шақыру.)

Кім, қашан уайымсыз болыпты? Құлқын құлдары ғана уайымсыз болмақ.

«...Білмеген соқыр,

Қайғысыз отыр,

Тамағы тойса, жатуға...»

демеді ме Абай атамыз?! Үмбетбайдың әзіл-сықақ өлеңдері—ұлы ақынның сол уытты сарынының жалғасы. Көкірек көзі жіті болған соң да осылай жазады, осылай жалғайды. Басқа да әріптестері тәрізді. «Қанша ойламайын десең де, еріксіз ойлантамын жәйттер бар-ау», деді бірде ол. Заманнан тыс өмір сүру жоқта заман тірлігі ойлантады. «Түймедейді түйедей етпейінші» деп қаншама көңілді жүргің келсе де, заманыңның түйірдей кінәратін де еріксіз көресің, «қайнайды қаның, ашиды жаның». Баяғыда бір нән ақын айтқан екен:

- Жер бетіне бір сызат түссе, ол ақынның жүрегі арқылы өтеді, - деп. Солай да шығар, ақындардың көңіліне көлеңке түсірмейін. Бірақ дәп сол сызат әзіл-сықақшылардың жүрегіне бұрын түседі де, қаттырақ батады. Қай заманда болсын қоғамның кем-кетігін үнемі қағытатын, мысқылдайтын, әжулайтын, ашына сықақ ететіндер—солар. Осы орайда, сонау нән ақын айтқандай, әзіл-сықақтың да бір нәні айтыпты деген сөз ойға оралады. Ол: -Бізде жайраңдап жүретіндер аз, ойлана томсарып жүретіндер көп,- деген сөз екен. Жаны бар. Үмбетбайды әзілге неғұрлым бейім десем де, сықақта да үлесінің аз еместігінен болар, көбінесе ой үстінде көремін, жайраңдауы сирек. Әлемге әйгілі түрік Әзиз Несинмен 1981-жылы Мәскеуде кездесіп, әңгімелесіп отырғанымызда одан Антон Павлович Чехов туралы пікір сұрадым. Сонда ол біраз ойланып барып: - Чехов... Чехов—біздің ұстазымыз... Чеховтың портретіне қарап отырып, кейде... шын жылағым келеді,- деп сәл-пәл жымиған еді.

Жайраңдап жүрмесе де, жаны жайсаң Үмбекеңнің күлкі оқшантайында әзіл мол. «Қақтығыс» деп атапты біреуін:

Кітапты жарық пен шаң жейді.

Кітапты жарық пен шаңға жегізіп

Бұ жұрт қалай нан жейді?!

Нағыз қылмыстыны көрмей лағып кетеді

Біздің осы заң кейде!

Кітаптың қадірін білетін кісінің қыжылы, наразылығы. Қабылдануы тез заңдарымыздың қимылы болмай қалатынын кітап тағдырына қатыстыра жанамалап қағытқан. Ал «Иттік» дегенінде ше?

Кімнен, неден туған сөз «иттік» осы?

Үндемейді, сұрасақ, иттің өзі.

Күле ме осы, күлмей ме иттің көзі?

«Ы-ың» демейді, сұрасақ, иттің өзі.

Өртеніп жат, күйіп жат—үндемейтін

Енді қашан құриды иттік осы?!

Сөз ойнату арқылы ой ойнату дегеніміз—осы! Өлеңді жалаң күйінде қабылдағанға ұйқасы қарабайыр, сөз қайталау орын алған олақтау дүние боп көрінуі оңай, бірақ әзілдің бағасын білгенге жап-жақсы олжа. Автор иттің «иттігін» мінеген сынаймен адамның иттігіне «енді қашан құриды?!» деп нәлет айтқан.

«Тұмау» нені меңзейді?
-Қалпақ ұшты аспанға, төрт бұрышты.
-Балпақ ұшты тұмсығы өткір, ұшты.
Ұстай алмай өкпем ұшты.
-Балық ұшты көп бұрышты...
(Жұмыс құрып қалғандай, осы ағайын
Қайдан тауып алады, ей, жоқ бұрышты?)
Тұмау жұкпай тұра ма,
Мына мен де
Байлап алдым жаныма, жоқ қылышты!
Бұл да—Үмбетбайдың бауыр басқан тәсілі: сөзді қақпақылдаумен ойды қақпақылдауы.
Өркімді айтып әр елдегі,
Анау өзін дәлелдеді.
Дәлелдеді цитат алып
Кітаптардан әлемдегі.
Арызын айтты Түгендегі,
Қарызын айтты Бәлендегі.
«Тыңдап отырмын» деп
Ыбекең ыңырсып ұйқыға кетті.
«Тыңдап отырмын» деп
Тұқаң да тым-тырыс ұйқыға кетті.
...Құтылды әрең, тегі.
Айтушысы ұмыт болған,
Оқырманы өліп қалған
Қайран әлем әдебиеті!
«Әлем әдебиеті» аталған бұл өлең шындықтың шымылдығын жұлқылаған ащы әжуа емес пе?! Әлем әдебиеті дегені—сыпайы себебі, «қазақ әдебиеті» дегісі келмегені. Шындығы ше? Біз, қазақ ақын-жазушылар, біріміздің кітабымызды біріміз оқымаймыз. Үмбетбайдың оған көзі жеткен. Менің де көзім жетті. Мәселен, соңғы жылдары шыққан үш кітабымды отыз қаламдасыма қолтаңба жазып силап едім, сол отыздың үшеуі ғана хабарласып пікір айтты, қалғандары менен кітап емес, көкбазардан картоп ала салғандай. Қайран... қазақ әдебиеті!..
Осы бір өкінішті ойының жалғасы іспетті және бір өлеңі бар. «Күлкінің қазасы» деп атапты:

Күлкі—біреудің сөзінде,
Біреудің аузында.
Біреудің көзінде,
Біреудің даусында.
(Күлкі... Күлкі, таусылма!)
Күлкі—біреудің үстінде,
Біреудің ішінде.
«Күлкіні күндеген күншілдер
Мінберден түссін де,
Күлкі қалсын деп күшінде»
Жүз грамм алсақ алайық
Күлкі үшін тек!
...Содан?
Содан жүз грамм сөз алып,
Күлкіні өлтіріп...
Тарқадық!
Сөз кезегі өзіңе,
Ау, халық!
Соңғы жылдары «қазақ әдебиетінде күлкі азайды, сұйылды, тіпті жоқ болды!» деушілер табылып жүр. Мүлде орынсыз ғайбат! Мұның алдында кітапқа байланысты айтылған ащы ойын автор тағы қайталаған. Заманның сиқына қарай көрермен мен тыңдарман (арзанқол теле-радио-театршылдар) көбейіп, оқырман азайып барады. Оқымағанына жалған бағаны жалп еткізіп жапсыра салатындар солардан шығады да, қауесетті қаулатады, ал жалқау құлақ қиналмай тыңдауға дайын, сүйексіз тіл соны, Үмбекең айтқандай, «тираждап», күлкінің жаназасын шығаруға дайын. Мынау өлең соны аңғартқан. Жұқалап әзілмен басталып, қалыңдап әжуамен аяқталған. Бұл да—Үмбекеңнің қаламына тән тәсіл.
«Күлкі азайдыға» тоқталып өтсем, бұл—күлкіні іздемей, күлкіліні оқымай, беталды сөйлей салатын әдетіміздің тағы бір дәлелі. «Егемен Қазақ-стан» гәзеті «Сөз сойыл» деп бұрыш ашып, өзінде жарияланған таңдаулы өлең, әңгіме, фельетон авторларына Балғабек Қыдырбекұлы атындағы бәйге беріп келе жатқалы жеті жыл! «Қазақ әдебиеті» гәзетінде «Қалжың қалта», «Ақ жол. Қазақстан» гәзетінде «Күлкі патшалығы», «Парасат» журналында «Күлеміз бе, қайтеміз?»

мүйістері, кейбір облыстық газеттерде де арнаулы бұрыштар бар. 2003-жылдан бастап «Ара» сын-сықақ журналы шығып келеді (Бас редакторы—күлкі ұстасы Көпен Әмір Бек ініміз), таралымы--он мың дана. Ол—тарихи «Садақ», «Шаншар», «Балға» журналдарымыздың мұрагері. Байырғы жүзмындаған оқырманының бүгінгі арасалмағы ескеріліп, бұрынғы «Ара-Шмельдің» тек қазақшасын шығару ұйғарылған.

Сонау бір кездерде әзіл-сықақ жете бағаланбайтын, күлкінің қоғамдағы пайдалы ролі еленбейтін. Бүгінде бізде оң өзгеріс бар. Мысалы, Қазақстан Жазушылар одағы былтыр танымал әзіл-сықақшымыз Еркін Жаппасұлына, биыл Көпен Әмір Бекке халықаралық «Алаш» сұлулығын берді!

Көркем әдебиетіміздің аса маңызды бұл түріне нақты назар аударып, жан-жақты зерттеп, сарапқа салып отырған жағдай болғанда, мәселен, Асқар Тоқмағамбетовке де, Шона Смаханұлына да, Балғабек Қыдырбекұлына да, Оспанхан Әубәкіровке де кезінде Мемлекеттік сұлулығы беруге болатын еді. Бірақ, амал не, «қолда барда алтынның қадірі жоқ». Осы бір өкінішті бүгінде «Жұлдыз» журналының, «Жас алаш» газетінің әдрістеріне айтуға болады. Әсіресе, ондаған мың оқырманы бар «Жас алаш» дәстүрлі «Сүзеген сөз» шошаласының түндігін жауып тастады, күлкі—тәрбиенің бірегей құралы екенін қалайда естен шығарды. Онысына ауызша да, жазбаша да наразылық білдіргенбіз. Алдымен ренжіген Үмбетбай бас шайқап: -Айттым. «Ескереміз» деп еді... Түсінбедім... түсіне алмай-ақ қойдым сол жастарды,- деген-ді...

«Жұлдыз» болса, күлкіні маңына жолатпай келеді, күлкіге жұлдызы қарсы.

Күлкі жоспарын қашанда артығымен орындап келе жатқан Үмбекенде кейіпкерді отбасынан таба беретін оңды әдет те бар.

Иманға іші-сырты толған әбден,
Уәйда деген молда болған екен.
Бір ауыз құран оқи алмаса да,
Уағызы Үмбетбайға қонған екен,-деп бір шолады да, дәрігер қызына:

Қызымын Үмбетбайдың—Құралаймын,
Қайрылмай, кім күрсінсе, тұра алмаймын.

Жүгіріп қантамырда өмір болып,
Инемен жел-құздарды қуалаймын!- дегізеді де, Ербол, Мұхтар,
Ардагер атты ұлдарын былайша таныстырады:

Ербол деген бала анау,
Шығыңқылау шықшыты.
Қос қолы—қос балға-дәу,
Бір ұрса, шығар быт-шытың.

(Сірә, бұл баласы боксшы болды.)

Жолдас қонақ, қараңыз:
Тұлабойы—тарамыс,
Мынау—біздің сорайған
Мұхтар деген баламыз.

Сірә, орта бойлыдан аздап төмендеу Үмбекеннің бұл баласы әрі арық, әрі бойшаң болды.

Ардагер ше?
Ардагерім ағып тұрған ақын ғой,
Жалғыз аяқ өлең жазды ұйқасы жоқ жақында ол.
Айналайын өлеңінен, асығынан, өзінен,
Мұрыны толған...
Кешіріндер, басы толған ақыл ғой!

Сірә, бұл баласы—кенжесі және әке жолын қуатын сияқты.

Қуанышына да, ренішіне де, бейнетіне де, зейнетіне де ортақ етіп тағдыр қосқан Мариямына арнаған әзілі, әй, өз алдына бір жинақ шығар-ау! Олай болмағанда ше?! Әдебиетіміздің классигі, әзіл-сықағымыздың бәйге бермес сәйгүлігі болған Оспанхан Әубәкіровтің «Ақынның әйелі неге арық болады?» деген әңгімесін оқыған боларсыздар, сонда айтылғандай, меніңше де, Мариямы—Үмбекеннің ең бірінші тыңдаушысы, оқырманы, сыншысы, редакторы, немесе—қосалқы авторы. Ендеше, Мәкеңінен аяған әзілін базарға апарсын ба?! Оқылық:

Біздің үйдің командирі—Алданова Мариям.
Ол бар кезде үй-ішіміз -- әрі айдын, әрі ұя.
Ол жоқ кезде бала біткен тасыр-тұсыр, ызы-шу,

Ол бар кезде, а,құдай-ау, бәрі момын, бәрі ұяң.

Біздің үйдің командирі—Алданова Мариям.
Ол бұйырса, балалардың сөздерінің бәрі—«иә».
Бірақ мықты адам емес оның «орынбасары»,
Ол кім өзі?

Ал табындар, болсын аты жария.

«Орынбасар» мырза Үмбекеңнің өзі екенін оқырман бірден біле алар. Қазағы таныған әзіл-сықақшыны кім танымасын?! Сонау 1985-жылда-ақ Оспанхан «Үмбетбайдың портреті былайша» деген:

Бір сөзіне қарасаң—
Аға айтқан ақыл секілді.
Бір сөзіне қарасаң—
«Средняя дальность» секілді.

Мінезіне қарасаң—
Қарындасың секілді.
Ерлігіне қарасаң—
Барымташың секілді.

Бір сөзіне қарасаң—
Тұтқиыл дауыл секілді,
Бір сөзіне қарасаң—
Туған ауылың секілді.

Жүрісіне қарасаң—
Палуандардың жүрісі.
Жұмысына қарасаң—
«Жалқаудың» ең ірісі.

Айтып-айтпай не керек,
Үмбетбай деген бұл кісі—
Қазақ деген халықтың
Құдай берген ырысы!..
(Аталған «Сен кімге күлесің?» кітабының 152-бетін қараңыз.
Ықшамдап алынды.)

Бұл—жай ғана әзіл емес, қаламгер Уәйдаұлының қарапайым, парасатты адам, батыл сөзді қаламгер екенін сипаттаған шығармашылық мінездеме. «Жалқаудың» дегеніне кідірсек, ол -- Үмбекеңнің тапылдатып жаза бермейтін қанағатшыл, талғампаз қырын меңзеу. Мұны кейінде, 1989-жылы, «Әзілің жарасса...» деген жинағында Жарасқан Әбдірашев та айтқан-ды:

Удай тілді Үмбетбай
таң атпай
не күн батпай
кездеседі алдыңнан,
домаланған күндақтай.

Болмаса да сынға олақ,
тұрмайды «менмұндалап».
Анда-санда қояды
сәби құсап «іңгәләп».

Аздың өзін мәз етіп ұсынатын сардар әзіл-сықақшы Үмбетбай, ініміз Жарасқан құлаққағыс еткендей, әдеби сынымызға да атсалысып жүреді. Адами парасаттылықты ту ете жазған «Инабат иірімдері» топтамасының «Жас алаш» гезетінде жарияланғанын білесіздер. Оның бәрі--өмірге, қоғам тіршілігіне, замандас келбетіне, жас ұрпақ тағдырына адами адал сын көзбен, достық, қамқорлық, жанашырлық ниетпен жолданған аталы сөз; әзіл-сықақ ауылына ат басын бұрғандардың да әдебиетке ғана емес, халыққа қызмет етуді бірінші парызы санайтынына дәлел. «Қазақ деген халықтың Құдай берген ырысы» дегенді Осекең ойланбай айта салмаған ғой!

Үмбетбайды лирик акын да дедім мана. Менің ғана емес, оқырмандары-ның «қаулысы». Лирикасында да әсем әзіл жүретіні де—шындық. Бір ғана мысал болсын дейік те, «Көктем, көктем!..» өлеңінен екі шумақ оқиық:

...Наурыз, көкек жаңбырымен жуынып,
Қара жерден ақ жіп, көк жіп суырып,
Көктем келді, сол баяғы мінезі—
Бұлақтарды сүйрей-мүйрей жүгіріп.

...Сөйле, көктем-- қызыл, жасыл, көк бояу.

Сөйле, көктем—көбелек түс көп бояу.

Сөйле, көктем, барлық бояу тілінде,

Онсыз қызық, онсыз дүние жоқ мынау!

Онсыз мен де жоқпын-ау!

Қалай екен?! Не дейік?.. Көктемнің келуі адамзатқа бір ғажап қуаныш, бір ыстық салтанат қой десек, мына екі шумақтан сол сезімдеріміз барша жа-расымдылығымен сұлу сурет болып көрініп тұр ғой?! Өмірге құштарлық се-зімді сергіте түскен көктемгі нұр-жаңбыр. Гүл-бәйшешекті бейнелеп суы-рылған «ақ жіп, көк жіп». Мәре-сәре бұлақтар. Көңіліңді көмкерген бояулар, көктемнің жалаушаларындай көбелектер. Көктем-дүние. Көктем-ғұмыр: ме-нің ғұмырым, сенің ғұмырың, оның ғұмыры. Бізге осынша ғажайыпты жазып силаған Үмбекеңе біз де көрікті, арайлы, сәулелі ұзақ ғұмыр тілейік!

2005 ж.

4 ТОМ КҮЛКІ

Адамның адам болуының алғы бір шарты, сірә, күле алатындығы шығар. Күлмейтін адам адам ба? Жоқ, адам емес. Ол—екі аяқты жануар. Әп, тоқтай қал! Соңғы «бесжылдықтарда» мұхиттардың о жағы мен бұ жағындағы зерттегіш ғалымдар төрт аяқты жануарлардың да өздерінше күлетіндерін көріп-біле бастапты. Илану қиын. Иланбау ыңғайсыз. Еріккен біреулердің өріссіз өсек-аяңы емес, кәдімгі ғалымдардың ғаламат мәлімдемесі. Ғалымдықта бір кесе шай ішкендей шаруасы болмаған өзіміздің Осекеңнің - Оспанхан Тұрәліұлы Әубәкіровтің - «Үретін ит пен күлетін ит» деп әйгілеп әңгіме жазып кеткені және бар. Ендеше, яки жануарлардың күлетіні иланымды іс болса, күлмейтін екі аяқтылар адам да емес, жануар да емес бірдеңе болып шықпай ма? Әлбетте! Ал ондай пәлелер ой мен қырдың ықпыл-жықпылдарының бірінен табылатын тәрізденеді де тұрады маған. Әлде, 4-5 жасымда ма екен, әжемнің әлдекімге: «Сол көкбет қатынға жоламаңдар дегенім қайда? Ол өзінің ішінен шыққан баласын да оңдырмаған», - деген суық сөзін естігендігімнен бе?.. Айтпақшы «сол көкбет қатынды»

кейінде көрдім: қалың шашын тастөбесіне дәп иттің басындай етіп түйіп алған; маңдайы қыртыс-қыртыс; қасы иір-шиыр; қабағы кедір-бұдыр; көзі шағыр-мағыр; шелпек ерін; жайын ауыз. Көйлегі тозған шекпендей. Дауысы қаңылтыр тесік шелектің қаңғырындай. Биіктігі белінен келген тал қашасының қылтиған қадасын қосқолдап ұстап, әлдекімге – кімге екенін білмеймін, әйтеуір, арғы жағындағы біреуге – «жалынды сәлемін» дымқылдап жолдап тұр екен... «Немене қарай қалдың?!» деп тілімен тілерсегімнен осып-осып жіберер деп шын шошынып, жарысқа қосылған желаяқша безе жөнелдім. Сол пәтшәғар өмірінде бір рет те күліп көрмеген шығар, күлмейтіндер дәл сондай болатын шығар деп ойлаймын қазірде.

Күле білмеу де—құдайдан бұйыратын жазаның бір түрі-ау. Ондайға бір жаза аз сияқты ма, қалай. Ал сол күлмейтіндерге күлу – сауап десем ше? Күлкі де - ем дегенді ғалымдар айтқалы қашан!

«Көкбеттерге» күлкі шипа болмайды деп кесіп айтуға да болмайды. Олардан «бергілерге» дауа болып жатқан күлкі қуаты «көкбеттерді» шыжж еткізіп қари алмаушы ма еді?! «Кім екен деп келіп ем түйе қуған...» деп (Абай) бастап кетсек, әй, туа кеше болса да, Осекеңнің «күлетін итіне» неге ұқсап тынбасын! Қайран Осекең «басының пошымы басқалардың» талайын тырайтты ғой! Ағаларының күлкі туын жоғары ұстап өткен Осекеңнің туын ұстап жүрген інілері де аянуды, аяуды білмейді, - қорасында тұрып, оның есік-тесігінен төңірекке жыртия қарайтындарды сықақшысы гүрзі-қаламымен есінен тандырса, әзілкеші шертпек-қаламымен жерге қаратып жүр. Екі қаламды қатар жұмсайтындары да, құдайға шүкір, баршылық. Сол әмбебаптың бірегейі – қазағы шүпір-шүпір Шымкент қаласының, «көктем сол жақтан басталатын» (ақын Сабырхан Асанов) Оңтүстік өңірдің, күллі қазақ даласының күлкі қаһарманы Мұхтар ШЕРІМ!

Бүгінде «50-ге келдім!» деп есіп отырған бұл 100 жасағыр жігіттің қайда екенін, кім екенін айттым ба? Айттым. Осы жалпы әдрісінен ары қарай аттап баспаймын. Не жазып, қалай жазып, жылына қанша күлкі егіп-орып жүргенін баяндауым қажет емес. Әгәрәки өйтсем, мың сан оқырманының: «Туылған күнінен бүгінгіне дейін не істеп, не қойғанын бес саусағымыздай білеміз, кесек-майдасы аралас шығармаларын жатқа соғамыз. Сіз тәптіштеп айтып, бекер шаршағансыз!» - дері даусыз. Тіпті олардың бірсыпырасы: «Мұхтан

50 жылдығына Төрттомдығын шығарғалы жатыр!» деп сүйінші сұрап жортып жүр. Ал керек болса! Тойыст, бәрекелді! Елуі де, төртеуі де құтты болсын!

Шіркін-ай, 4 томда неше қапшық күлкі бар екен, а?!.

ӨЗІМІЗДІҢ ЕРМАХАН

«Баяғы өткен заманда, дін мұсылман аманда», Кеңді Алтайдың төрінде, Шығыс Қазақстанның Өскеменінде, облыстық «Коммунизм туы» (қазіргі «Дидар») гәзетінің редакциясында Мәдениет бөлімінің ұзынтұра бастығы болып (құрдастарым «силаған лауазым» еді), қызметті қарағай отын жаққан пештей қыздырып жүрген кезімде бөлмеме қара мұртты жасамыс қазақ кіріп келіп:

-Кіруге бола ма? Сәлеметсің бе? - деді. Бастық атаулының көбі шамкөс болады ғой, оның «...сіз бе?» демей, «...сің бе?» дегеніне қитыға қалып:

-Кіріп, сәлемдесіп, содан кейін «кіруге бола ма?» дегеніңіз қалай? - дедім. Тығыршықтай бейтанысым тымп етіп шығып кетті де, есікті екі-үш рет тықылдатып, сәл ашып, мұрны мен мұрты ғана көрініп:

-Кіруге бола ма? - деді, нығыз дауыспен.

-Болмайды! - дедім, қайтер екен деген сынаймен. Есік жабылды. 15-20 секөнт өтті. Тым-тырыс. «Өй, анау қалжыңды қақпайтын бар болғыр екен ғой» деп іштей күліп, тұрып барып есікті ашсам, оным «сырттай» күліп тұр: дөңгелек көзі күлімдеп, екі езуі кетер жақтарына кеткен.

-Неге тұрсыз, кірмейсіз бе? - дедім, еріксіз еліге күліңкіреп. Ол бетін қалыбына келтіріп:

-Сені күтіп тұрмын, кірем ғой, - деп қолын ұсынды. Екеуіміз қалайда жадырай қалып, қатар күлдік.

«Әзілің жарасса, атаңмен ойна». Екеуіміз әзілдің «әмірімен» бейтаныстан кәдімгі танысқа айналып, әңгімеге кірістік.

Менің бұл естелігіме «тартқан» әзіл деректер көзі қарақты қазаққа танымал қаламдас інім Ермаханның (Шайхыұлының) ірі-шағын, өлең-қарасөз шығармаларынан жиі ұшырасады. Оқып отырып, не өз басымнан кешкендей, не өзгеден естігендей көңілденемін. Иә,

ауырлау ойға ерік беруім сирек, себебі Ермахан әзілге жомарт, сықаққа сарандау. Кешегі Оспанхан Әубәкіров пен Сейіт Кенжеахметовтің, бүгінгі Көпен Әмір Бек пен Мұхтар Шерімнің ендігі мен бойлығындағы (жағрафия тілімен айтқанда) жайдары жігіт.

Жасы 50-ге енді ғана толған Ермаханды «жігіт!» демегенде ше?! Ендеше: «Күлкі пішенің мен егінің еселене молайып, және бір 50-ді емін-еркін еңсеретін бол!» деп құттықтап, әлгі әзіл деректеріне оралайын. Мысалы, көп кейіпкерлері арасындағы екеуі былай десіпті:

«-Жұмыстан неге кешіктің?

-Бәрі де кемпір-шалдың кесірі.

-Неге?

-Автобуста отырсам, бір шал мінді. Орнымды қимай, көзімді жұма қойған едім, көзім ілініп кетсе керек, төрт аялдама өтіп кетіппін».

Жасанды әзіл ме? Жо-ға!..

«-Жасы үлкен адамның алдында мәдениетті болғаныңыз жөн шығар.

-Қызметі үлкен болмаған соң, бәрібір емес пе?».

Авторынша сәл «майыстырып» айтсам: бұл - ақиқаттың майынан суырылған қылшық әзіл.

Ермаханның осы екі мысал ойып алынған «Біртүрлі кітап» жинағы көп қабатты үйге ұқсайды. Оның «пәтерлеріндегі» тұрғындарды түріне, тіліне, дініне, шеніне... қарап айқындау, сірә, «Айқын» гәзетінің «Жатыпатар» бетінде жантайып жатқан Ермаханның өзіне де, әй, оңай болмаған шығар! «Мағынасы сайысқан мақалдар», «Халтуралық хабарландыру», «Коммерциалық кеңес», «Пародия», «Жыни-жұлдыз жорамал», «Түстен туған түйдек-түйдек тіркестер», «Ойалогия, пікіризм, көзқарасис», «Тың тәржімелер», «Sandalpan saual», «Перекур», «Шымшып алар шымшымалар», «Сатиралық жаңылтпаштар» деп топтауынан-ақ қаламының «қара терге малынғаны» байқалып тұр. Әсіресе, «Сандалған сауалда». Мәселен, Қожанасыр облысының Т. Қожекеев ауданындағы К. Әмір Бек ауылынан (қалллай екен?!) Әзіләлі САТИРИН мырза сонау бір жылдары жолдаған:

«-Екеуімізге, то есть Бауыржан үшеуімізге ортақ нағашы, жұрттың жиені, сатира арланы, «Тамаша» тарланы Құдайберген Сұлтанбаев ағамыз депутат болғалы да біздің қысыр сиырымыз екі туды. Ылғи да

«Хабардан» оның депутаттар арасында адам сияқты отырғанын көріп қаламыз. Енді оның шығарған күлдіртігі Заңдарын қашан оқ-е-е-п күліп отырамыз?» деген сауалына:

«-Мың болғыр Әзеке!

Біздің Құдекеңсіз-ақ «күлдіргі» заңның біразы шығып қойыпты. Бірақ, ол да қайтпады ғой. Сонда да болса, оны азсынып, Құдекең қазір «Күлетін жерде күлмей, күлмейтін жерде күлетіндер туралы» Заңның жобасын дайындап жатыр. Таяу арада бекітіліп қалады. Осы заңның сөзіне сазгер-депутаттар ән шығарады. Оны келесі сессияда әнші-депутаттардың орындауында тыңдап қаласыз», деп жауап қайтару «екі жерде екі – төрт» бола қойсын ба?! Немесе:

«Алдына қозы қарын байлап, қара басын күйттеген паракор, жемқор басшы көрсем, еңіреп жылағым келеді. О дүниеде тозақ күтіп тұрғанын қаперлеріне алар ма екен, шіркіндер?! Соны айтшы, қарағым!». Асан ҚАЙҒЫ.

Жер планетасы, Подвал ауданы,

Жеті қат жер бөлімшесінен, делініп келген тым ауыр сұраққа:

«-Жаның жәннатта болғыр, Асан ата! Бұл жалғаннан қайғы арқалап кетіп едіңіз. Обал-сауабы жоқ қайғысыздарға о дүниеде де қайғырып жатыр екенсіз-ау, жарықтық!..

Сауалыңызға оралсам, әлгі креслода туылған, ешкімге қайырымы жоқ басшылардың ішкен-жеген, жиған-терген мал-мүлкінде халықтың нақақ көз жасы бар. Соның әсері Сізге тиіп жүрген ғой. Арам дүние о дүниеде қоңызға айналары рас болса, тәубаға сонда келер. Дертке дауа Алладан болсын!» - деп жұбату айту үшін кім болу керек? Ермахан болу!

Оқырмандарына күлкі кілкіген бірнеше кітап берген әрі ақын, әрі жазушы Ермаханның «Эпиграмма» («Кәукен Кенжетаевқа», «Асанәлі Әшімовке...»); скетч; еліктеу («Ақтамберді жырауша», «Жүмекен Нәжімеденовше», «Тұманбай Молдағалиевша», «Мұқағали Мақатаевша...») еңбектері де ерекше тартымды. Эпиграммаларынан бірер үзінді оқылық:

Нұртілеу ИМАНҒАЛИҰЛЫНА

...Ток болушы ед айтқан әрбір сөзінде,

От болушы ед әшки үсті көзінде.

«Бақуатты болыңыздар!» деп жүріп,
Бай-билікті болып кетті өзі де.

Қайнар ОЛЖАЙҒА

...Кенде емес құрметтен де қадірден,
Ада емес жұрт көрсеткен жәбірден.
«Шарайнаның» ұстаса да құлағын,
Бірақ өзі көрінбейді кадрден.
Кенде емес иманнан да шырайдан,
Хабарлары жанған бейне шырағдан.
Бойында бар қасиеті жапонның,
Түр-әлпеті аумаса да қытайдан.

Мұхтар ШЕРІМҒЕ

...Арамызда жүр ғой оның Мыжбаны,
Сықақ жазса – емес шеке қызғаны.
«Барыспенен» күнде алысып жүрсе де,
Төрт том бопты жазғаны мен сызғаны.
Жазудан ол жалықпайды жерініп,
Жасауды да ұмытпайды серілік.
Ақын менен жазушыда Мұхтар көп,
Ал сатирик жалғыз осы – Шерімов.

Сағымбай ҚОЗЫБАЕВҚА

...Сөйлемейді тиісіп,
Көрген емес кейісіп.
Жігітпен де, қызбен де
Амандасар сүйісіп.
Ашық-жарқын жүреді,
Сөзге құлақ түреді.
Әңгіме айтып «от души»,
Аузын басып күледі.

Толымбек ӘЛІМБЕКҰЛЫНА

...Әжуасы жасындай,
Сөйлейді шынды жасырмай,
Жүрісі таудың биіктен
Домалаған тасындай.
Еріндері дүрдиген,
Арық та емес ілмиген.

Қыдыруға қырсыздау,
Табылады күнде үйден.
Сценарий жазып жүр,
Сатирасын «қазып» жүр.
Комедияға қол салып,
Киноға да әзір жүр.

Біздің әзіл-сықақшылар ауылында журналшы талантын да танымды ете түсіп жүрген қаламгерлеріміздің бірі – осы Ермахан. Оның «Ағынан жарылсақ...» деп аталған сұхбаттар жинағы – өз алдына бір әлем!

Кәукен Кенжетаев, Кәкімжан Наурызбаев, Мұзафар Әлімбаев, Серік Қирабаев, Қалмұқан Исабаев, Қадыр Мырза Әли, Тұманбай Молдағалиев, Қалихан Ысқақ, Үмбетбай Уайдаұлы, Марат Тоқашбаев, Нұрлан Өнербаев, Роза Рымбаева, Темірғали Көпбаев, Асқар Наймантаев... зиялы қауымның жиыны 47 өкілі Ермаханмен емірене сыр шертіскен. Көпшілік құлағына кезінде жетпеген қуаныш пен реніш, сүйініш пен күйініш тұнып тұр. Бір ғана дерек келтірсем, атақты мүсіншіміз, Қазақстанның Халық суретшісі, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты болған профессор Кәкімжан Наурызбаев басынан кешірген жағдаяттар – оқырманды толқытар, тебірентер романға жүк. Сұхбаттың «Абайдың ескерткішін алып тастауға дейін барды» деген тақырыбы-ақ бір төтенше, тосын оқиға болғанын бірден аңғартады.

Хакеңнің аса елеулі, тарихи еңбегінің бірі – Алматыдағы Ұлы Абай ескерткіші. Оның жасалуы, бүгінгі орнына қойылуы, ол орнынан көшіріле жаздауы... жә, тәптіштемей-ақ қояйын, тартымды хикаятқа бергісіз жәйт. Оқыңыздар, ешқайсыңызды өкіндірмейді!

Осы орайда мынадай бір пікірім бар: Абай ескерткіші Абай даңғылы басталған ұрымтал тұста жарасып тұр. Егер ескерткіштің тусыртындағы республикалық Мәдениет сарайымызға Абай аты берілсе, алматылықтардың да, Абайды білетін, аруағын ардақтайтын баршаның да көзі мен көңілін қуанышқа бөлейтін ғажап игі іс болар еді! Жүз жасаған Жамбыл атамыз: «Мынау тұрған Абайдың суреті ме, Ұқсаған өлең сөздің құдіретіне?!» деп шынай сүйінген Ұлы Абай атын Алматы көпсінбес деген ойдамын. «Абай атындағы республикалық Мәдениет сарайы, Абай ескерткіші, Абай даңғылы» – қиюы табылып, сұранып тұрған Үштоғыс емес пе?!.

Ермаханның мына жинағында Қадыр Мырза Әлимен сұхбаты бар. Танымпаз інісінің ақын Абай хақындағы сауалына Қадыр: «...Абай – ұлттың ақыны. Ал ұлттың ақыны сол өзінің ұлтына ғана тән болады да, басқа ұлтқа, қанша тықпаласаң да, сіңбейді. Дүние жүзінде ұлы ақындар көп, ал ұлт ақындары санаулы ғана» деген. Абай аруағын әспеттеудің тың үлгісі!

Түйін. Оқырман қауымды ойлы, оралымды әзіл-сықаққа кенелтіп жүрген Ермахан үлкен-кіші замандастарының: ел, халық, тарих, қоғам, адамгершілік, келешек жайындағы ғанибет ой-толғамдарын бек ынталы көңілмен қағаз бетіне түсіріп, бүгінгі-ертеңгі жас ұрпақтарымызға рухани сый етіп ұсынып, азаматтық парызын абыроймен атқаруда екенін анық көрсетіпті.

Бәрекелді, қадірлі қаламдас інім, өміріңнің күнгеі ұлғайып, жайлауы кеңейіп, 50 жасың еселенсін!

(20. 01. 2016 ж.)

«ҚЫЗЫҚ КІСІ»

Ассалаумағалейкүм, ақжарқын оқырмандар! Сіздерге айтылар әңгімені бәйбішем Заданың маған айтқан хикаятынан бастайын. Көкшетауға барған сапарымнан үйге танертеңгі сағат 10 шамасында оралып, жайғасып отырған соң Зада күле сөйлеп, былай деді:

«Кеше, дәл осы уақытта, есіктің қоңырауы шылдырлады. Барып аштым. Қоңырқай өңді кісі: - Ғаббастың үйі ме? - деді. «Иә» дедім. Ол сәлемдескен де, аты-жөнін айтқан да жоқ, абың-күбің кіріп, қолындағы сөмкесін қоя салып, бәтіңкесін аяғын сілке шешіп тастап, төрге бір-ақ шығып, диванға отыра кетті де: - Алматыға бір шаруамен келіп едім, күндерің қандай ыстық, терлеп, шаршап... уһ! - деп пенжағын шешіп, жанына қойды да: - Не қарап тұрсың? Шайынды қоя бер, мен бет-ауызымды сулап алайын, ванналарың қайда? - деп ұшып тұрып, бөлмеден шықты. Мен не дерімді, не істерімді білмей аңырып, оған ваннаның есігін нұсқадым. Ол кіріп кетті. «Бұл кім?» деп қатты таңданып тұрмын. Сенің атыңды атап келген соң, бөтені емес шығар, аты-жөнін айтар, танысармыз деп ойлап, шай қамдауға кірістім. Ол бес-алты минут мөлшерінде ваннадан: -Уһ, жаным жай

тапты, дұрыс болды, - деп сөйлей шығып, асүйдегі маған: - Енді шайыңды тездет, шөлімді басайын, - деп дауыстады. Мен үстел жасай бастадым. Ол диванда сенің монша орамалыңмен сүртініп, желпініп отыр. Іштей күлдім де, кесеге шай құйып ұсындым. Сол сәтте телефон шылдырлады. Үй басқармасынан екен. Ертең пәтер иелерінің жалпы жиналысы болатынын айтты. Мен жиналыстың қайда, қашан болатынын қайталап сұрап, анықтап алдым және сыртқы есік алдының ыбырсып жататынына реніш білдірдім. Сонсоң орныма отырып, кесеме шай құя бергенімде мәлімсіз менман мырс етіп: - Орысша сайрайды-ақ екенсің, орысша оқығансың-ау, ә? - деді. «Телефон соққан орыс әйел еді» дедім. Ол шайды тез-тез ішіп, шығуға беттеді. Коридорда сөмкесінен кітап алып ұсынып: - Саған рахмет, шайың тәтті екен, шөлім қанды, ал мынаны Ғабекен бер, - деп кітабын берді де, шығып кетті. Аң-таң болып қалдым».

Зәкең осылай деп күлді де:

-Қызық кісі екен, ол кім? - деді.

-Ол қызық емес, сен қызықсың. Танымайтын кісіні «кімсің?» деместен үйге кіргізіп, төрге шығарып... басыңа бір салып қылжитып, үйді тонап кетсе ше? – деп жорта ежірейдім.

-Сенің атыңды айтып тұрған соң сендім.

-Ваннадан шыққан соң: «жаным жай тапты, дұрыс болды» деген екен, ол - шынында дұрыс жігіт. Сенгенің дұрыс болды. Оның кім екенін, кітабын оқып, әбден біліп ал, сонда келесі жолы «бет-ауызын» өзің сулап беретін боласың, - деп күлдім (Төрежан силап беріп кеткен кітабына ең болмаса «Ғаббасқа» деп те жазбапты, - ай, «қызық кісі!»).

-Айтпақшы, Осекеннің бәйбішесімен, Нүрекенмен, хабарласшы, ол Нүрекенді де шошытыпты.

Біраздан соң Осекеннің, Оспанхан Әубәкіровтің, үйіне телефон шалдым. Нұрсұлу үйде екен.

-Нүреке, хал-ахуалың қалай? - деп едім, ол:

-А, Ғабекен, құдайға шүкір, бірқалыпшамыз, - деп әдетінше аңқылдай сөйлеп, күліп жіберді де: - Зада айтқан шығар, Төрежан Мәндібай деген өзі... қызық кісі екен, - деді.

-Саған да концерт қойып берді ме?

-Ойбай, айтпа, - деп Нүрекен күліп алды да, Төрежанмен қалай танысқанын айтып берді.

«Оспанханның үйі ме?» деп кірген Төрежан «концертін» сәл басқаша бастапты. Есіктен кіре ваннаға тура беттеп, Нұрсұлуға: - Сен шайыңды қоя бер, - деп ваннаға кіріп, есігін күршегін сырт еттіріп іштен жауып алыпты. Соңынан барып: «Сен кімсің өзі, шық, кәне!» деп есікті қаққан Нұрсұлуға: «Күндерің күйдіріп жібере жаздады, салқындап алайын, кім екенімді шай ішіп алған соң айтамын» депті. Ашуланған Нұрсұлу: «Шық, кәне! Шықпасаң, милиция шақырамын!» десе, Төкең: «Шақыра бер. Олар келгенше шомылып үлгірем» депті. Шарасы таусылған Нұрсұлу сәл-пәл ойланып, Задаша: «Осекеннің атын атап келді ғой» деп, шайын баптай бастайды. Жуынып-шайынып, рахаттанып шыққан Төкең төргі бөлмеге барып, Оспанханның кітапханасын көруге кіріседі. «Шайға жүріңіз» деп Нұрсұлу енген кезде: «Осеке-ай!» деп күрсінеді. Сонымен, шай үстінде қайдан, кім екенін айтып танысады. Шөлі басылған соң: «Нұрсұлу десе, Нұрсұлу екенсің, рахмет, аман-есен бол, мен енді Ғаббас пен Үмбетбайға барамын», деп шығып кетіпті.

Зада мен Нұрсұлуды тосын қылығымен таңқалдырған «қызық кісі» - әзіл-сықақтың Ақтөбедегі сардары Төрежан МӘНДІБАЙ бүгін Сексенді ерттеп мініп, Тоқсанға аттанбақ. «Ай, «қызық кісі», жолың болсын! Тоқсанға жеткенше әзіл-сықағыңды қаттап-қаттап жаза бер, жаза бер! Қадіріңді білетін қамқоршы інілерің том-том етіп шығара берер, шығара берер. Әгерәки томдарың тым көп болып бара жатса, қыңқ етпе, Жүзге де ала баруың керек қой?!»

Қадірлі оқырмандар, сіздерге Төрежан ағаларыңның нені, неге, қашан, қалай жазғанын баяндамадым. Менен гөрі өздеріңіз жақсы білетін қаламгер жайында қанша жазсам да, сіздерге жаңалық ашып бере алмасымды аңғардым да, сегіз қырының бір қырын ғана – «қызық кісі» екенін айтуға қаулы қабылдадым. Сіздерге бұл қыры да белгілі шығар, әйткенмен, Алматыдағы «концерттің» аты - Алматыдағы «концерт» қой!

Уа, құрметті, қадірлі, қымбатты, силы, салмақты, салауатты Төке! Өзің небір тың, жақсы ой ойлап, езуінде күлкі ойнап, Жүзе ыстықтамай, шөлдемей жеткейсің! Нұрсұлу мен Зададан дұғай-дұғай сәлем!

Сенен 1 жыл, 10 ай, 20 күн үлкен ағаң,

қаламдас досың – Ғаббас ҚАБЫШҰЛЫ.

(18. 03. 2017 ж.)

МАҚАЛА ТӘМӘМ. ӘНГІМЕГЕ ОРАЛАЛЫҚ

НЕМІС ТІЛІ

Кәмелеттік аттестат алысымен лып етіп студент бола қалған жоқпын. Қасқа бас Владимир Ильич Ленин өсиеттеген социализмнің не екенін еркін түсінбей, қаба сақал Карл Маркстың Еуропаны елесі кезіп жүр деген коммунизмінің бізді әйтеуір бір кезде қарық қыларына сенбей, содан соң, сөйтіп, «Өскемен қаласы, қайдасың?» деп тартып отырып, облыстық «Алтай большевигі» гәзетінің редакциясына (қазіргі «Дидар») корректордың көмекшісі болып жұмысқа орналастым. Әйгілі қызылкөз саясатшы болған Уинстон Черчилль «ең мылжың премьер» деп ен салған Никита Хрущевтің «диірменіне» тап болармын ба, ауызжаппас оның лақпа сөздері гәзеттің әдеткі 4 бетіне симай, 6-8 бетке жайылып кетіп, күндіз-түні дерлік баспаханада жүремін. Ұйқы қанбайды, күлкі жоламайды. Мен ғана емес, корректор, кезекші редактор атаулының «бақыты» сондай. Корректор, әдеби қызметкер, бөлім меңгерушісі, жауапты хатшының орынбасары, жауапты хатшы (жауапсыз хатшы болатындай-ақ, ә?!) болған жиыны 10 жылдың 8 жылын кәдімгі қара өгіз болып өткіздім. Тек Хрущев тоңқалаң асқаннан кейінгі 1964 - 1966-жылдары ғана өзіме өзім қожайын бола алдым. Мемлекеттік университетіміздің журналшылар факультетіне сырттай оқуға түстім. Курс емтиханын тапсыру үшін Алматыға жылына бір рет, бір айға ғана жиналсақ та, жатақханамен шатағымыз болмай, пәтер жалдап, бытықы-шытықы жүрсек те, бұл өмірдің қызық-шыжығын мектеп шәкіртінің партасынан студенттің аудиториясына сырғи салғандардан аз көрмегенімізге, яки «концертіміз» жеткілікті болғанына әлі күнге дейін ризамын. Айтарға мысал –нөпір. Біреуін ғана көлденендетейін.

3-нші курста неміс тілінен емтихан тапсырмақпыз. Төрт күнгі лекциядан ішіміз кеуіп кеткен. Емтихан басталар сенбі күні оқытушы Лидия Федоровнаның да хал-ахуалы анауский-мынауский болды-ау деймін, неміс тіліндегі бір қалың кітаптан бас-басымызғы бір-бір абзац (10-15 сөйлем) шүлен таратты да: -Осыны орыс тіліне аударып, таза паракқа жазып, аты-жөндерінді көрсетіп, ертең маған тапсыратын болындар, емтихан бағаларың соған қарай қойылады, -деді. Ра-хат!

Курстас, жерлес інім, жас ақын Тоқтарбек Қызықбаев екеуіміз әлгі меншіктеткен сөйлемдерін көшіріп алғанбыз, сол қағазымызды бүктеп-бүктеп, төс қалтамызға тоғытып жіберіп, тоқмейілденіп, сыртқа шықтық. Алматының көктемі көңілімізге сай. «Әй, Тоқа бала, Сағымбековтің үйіне кіріп шығалық, күн өзіміздікі ғой!» -дедім. Сағымбеков Рамазан –Шығыс Қазақстанның облыстық гәзеті редакциясында бес жыл қызметтес болған жолдасымыз. Енді Алматыда тұрады, Қазақ радиосында бөлім бастығы. Өзінің де, келіншегі Розаның да пейілі –жайлау. Үйлеріне апта сайын барып, өткен-кеткенді жырласып, бір жасап қаламыз.

-Емтиханның енесін ұрып жүрсіндер, ә?! –деді Рамазан, жымыңдап.

-Ұрмай қоямыз ба?! –дедім, шоқтықтанып.

-Бүгін де тапсырдыңдар ма? Қайсысынан?

-Неміс тілінен тапсыратын едік, оқытушы бір жаққа баруға асықты ма, әйтеуір, бізге орысшалауға бір-бір абзацтан үлестіре салып, тайып тұрды.

-Ол не абзац? –деді Рамазан, әдетінше мырс-мырс күліп.

-Мынадай бірдеңе, -деп Тоқтарбек алып ұсынды.

-Сенде жоқ па? –деді Рамазан маған.

-Неге жоқ?! –деп мен де алып бердім.

-Ай, Рухия, бері келші! –деп дауыстады Рамазан.

-О не, жездеке? –деді Рухия, екінші бөлмеден шығып келіп, бізбен сәлемдесіп. Рухияны жақсы білеміз. Розаның сіңлісі. Шет ел тілдері институтының неміс факультетінде, үшінші курста оқиды. Жездесі біздің абзацтарымызды оған ұсынды да: -Мына екеуін орысшаға аударып алып кел, тез. Ал біз жүз грамдатып жіберейік! –деп тұрып кетіп, бір жарты «ақанды» құшақтап оралды. Шаруаның шалқаймағаны қандай жақсы, шіркін!..

Ертеңінде емтиханға ентікпей бардық. Бірақ кешігіңкіреппіз, аудиторияға жұрттың ең соңы болып кірдік. Оқытушы неміс тілінде бірдеңе деді. Ұға алмадық.

-Кеш келдіңіздер ғой? –деді ол, орысшаға көшіп.

-Алыс тұрамыз, әуелі аутобусқа, одан троллейбусқа мініп жеткенше... –деп ақтала салдық. Оқытушы кеше кітаптағы абзацты көшіріп жазып алған қағазымызды, Рухияның аудармасын мұқият көшіріп, ныспымызды тіркеп әкелген парағымызды алды да, іштей оқып көрді.

Содан соң мені оң жақтағы шеткі орындыққа, Тоқтарбекті сол жақтағы шеткі орындыққа отырғызып, «меншікті» абзацымызды таза парак қоса өзімізге қайтарып, Рухияның аудармасын өзінде қалдырып, екеуіміздің де алдымызға «Словарь немецко-русских словты» қойып: -Осыны қайтадан аударма қойыңыздар. Жарты сағат жететін шығар? –деді. Дауысынан ойы сыбыс бермеді. «Құртты-ау!» -деді Тоқтарбек күнк етіп. Менің оны қостауға да мұршам болмады. Аударуға кірістік те... атаңа нәлет әлгі абзац пен сөздіктің арасында мөлшері қырық минөт айтшыладық. Бізде бар сөз –сөздікте жоқ та, сөздікте бар сөз –бізде жоқ па-ау... Тым құрыса бір сөйлемді жөнге келтіре алсақшы! Мектепте неміс тілінің уызына жарымаған басымыз-ай! «Рухияның аудармасын құр көшіре салмай, жаттап алмағанымды қарашы!» -деп қалдым.

-Маған сұрақ қойып отырсыз ба? –деді оқытушы. Қайдағы сұрақ?! Жасырынғанмен жан қала ма, бетбақ тәуекелге басып:

-Аударма алмаймын, -дедім. Көзі алақандай болған Тоқтарбек маған іштей ілесіп, оқытушыға жапақтап қарай басын изеді. Оқытушы салқын жымыды да:

-Өздеріңіз аударып келмегендеріңізді білгенмін. Зачеткаларыңызды әкеліңіздер, -деді. «Әбден құртатын болды-ау!» -деп Тоқтарбек тағы күнк етті. Амал не, қағаздарды да, сөздіктерді де, зачеткаларымызды да апарып беріп, үкімін күтіп сұлкііп тұрдық. Лидия Федоровна екеуімізге бір-бір «удовл.» (удовлетворительно – қанағаттанарлық) силады да:

-Осыған риза болыңыздар, - деп кете барды. Біз аңқиып қала бердік.

-Ғаба, рахмет айтпадық-ау... - деді Тоқа бала.

-Рахмет айтуға да бет керек екен, - дедім, оқыс «жаңалық ашып».

(2006 ж.)

ХАЛЫҚ САНАҒЫ

(Серб сықақшысы Бранислав Нушичше)

Келқожа келсаптай қаламын алды да, етектей қағазға із түсіре жөнелді:

Құрметті Бастық мырза!

Сіз тапсырған соң рухтанып, жігерленіп, қайраттанып, күшке мініп, тістеніп, қатуланып, қаһарланып, яки сіз нұсқаған қырық үйді

қыдырып, іші-сыртындағы кісі сиықтыларды шетінен тізіп санап шығуға керемет қызу кірісіп кеттім.

№1 пәтердің есігін қақтым.

-Ол кім? – деген жіп-жіңішке дауыс естілді.

-Жеңгей, халық санақшысы едім.

Есік ашылды... тырна тақілеттес жігіт тұр!

-Дәкументің бар ма? –деді, сұйық қасын секіртіп, жұқа ерінін шүршитіп, дауысы жіңішкере түсіп.

-Бар.

-Кәнеки?

-Мінеки!

Ол санақшылық куәлігімді алып, тақпақ жаттағандай үш рет оқып қайтарды да:

-Пожалуйста, - деп бұрылып жүре берді. Мен есікті жабу міндетімді атқарып, соңынан ердім. Ұзынша дәлізбен барып, оңға бұрылып, кең бөлмеге ендік. «Тырнам» сол жақ бұрышқа қойылған екі креслоның біріне жайғасты да, ортасында тұрған үстелшедегі сигарет қорабынан бір талын шымши суырып, сонсоң босағаны күзетіп қалған маған қарап: - Келіңіз, отырыңыз, - деді. Мен отырғанша әдемі шақпағын әсерлі шағып, саусақтай сигаретін сәндеп тұтатып, құныға екі рет сорып, түгінін мұржадан шыққандай бұрқыратып: - Да-а-а... – деді, менен жайсыз хабар естіген кісіше кіржиіп.

-Сәлеметсіз бе? – дедім, әлі ресми амандаспағанымызды еске алып.

-Темекі тартасыз ба? – деді ол.

-Тарпаймын, - дедім мен.

-Ендеше коньяк ішпейміз, - деді ол, сигаретін тағы сорғылап.

-Онда іске кірісейік, - дедім, портфелімнен керек қағаздарды ала бастап.

-Да-а-а... Халық санағы дегеніміз - өте жауапты саяси жұмыс. Оған бір ғана мемлекеттің мақсатымен қарамау керек. Мен, қаншама санақтан өтіп келе жатсам да, мұны ұмытқан емеспін. Ұмытпау керек, ұмытуға болмайды! Халық санағы...

-Тез жүргізуді талап етеді, – дей қойдым. Сөз-шылбырын тартсын деген оймен.

-Дұрыс айтасыз, бірақ, тез ғана емес, аса жоғары жауапкершілікпен жүргізу керек. Мен оны жақсы түсінемін...

-Отбасыңызда неше адам барсыздар? – дедім, қағаздарымды үстелшеге жая бастап.

-Жас мырза, мәселе онда емес.

-Енді неде?

-Меніңше, сен студентсің, ә?

-Мұғаліммін. Орта мектепте.

-Во как?! Айлығың қанша, неше теңге?

-Оны қайтесіз?

-Жас мырза, мен ештеңені босқа сұрамаймын. Мен... менің саған жақсылық жасауым мүмкін, себебі мен сені ұнатып отырмын, ар-ұятың бар жігіт екенсің. Ал бізде сендей ар-ұятты жастарға қамқорлық жоқ.

-Аға, келген...

-Айналайын, бір минут шыда. Орыстар: «Работа – не волк, в лес не убежит» дейді, олар білмесе айтпайды. Менің білуімше, сенің айлығың 15 мың теңге, одан көп емес, рас қой?.. Келін бар ма, ол қайда істейді, қанша алады?

-Ол да мұғалім еді...

-«Еді»? Жұмыссыз отыр ма?

-Екі баламыз бар, оларды балабақшаға бере алмадық, ақысы қымбат...

-Білем, білем! Ендеше, айналайын, былай болсын: сен маған он мың теңге бер, ал мен сені айына қырық бес мың теңге алатын жерге орналастырамын. Келіншегіңді де ескеремін. Балаларыңды айтқан соң... бала деген... бізде баланы ойлап жүрген ешкім жоқ. Бізде, айналайын, алақанына бірдеңе салмасаң, ешкім ештеңе шешпейді. Бірақ сен мені де сондай деп ойлап қалма, мен сенің арлы азамат екеніңді бірден танып, жаным ашып кетті, сенен алған он мың теңгеден өзім он теңге де алмаймын, сол күйінде әлгі мәселені шешетін мықтының алақанына саламын.

-Сонда...

-Сен жассың, көп нәрсені білмейсің. Шырағым, бізде ақшасыз... қалай десем екен... ақшасыз ешқашан, ешқайда жол жоқ. Сен балабақшаны айттың, «қымбат» дедің, басында отырғанға бірдеңені дұрыстап беріп жіберсең, ол арзандата салады, бәрі де - қолдағы шаруа, айналайын, так что ойлан, бар, келінмен ақылдасып кел, бара

ғой, «работа – не волк», - деп шалқалап күлді. Күлкісі шыңғырғанға ұқсайды екен.

Есік алдына қалай шыққаным есімде жоқ. Қағаздарымның үстелшеде қала бергені ғана есіме түсті...

* * *

№2 пәтер. Есікті доп-домалақ шал ашты. Жиырма-жырмабес тал мұрты, отыз-отызбес тал сақалы бар екен.

-Кім болсаң да, не айтсаң да қаттырақ сөйле, құлағымның жыны бар, - деген хабар-ошарымен қарсы алды. Е, сенімен кәулесем деп, кеңірдегім күйіп кетіп, пішту болып жүрмесем жарады-ау!

-Ассалаумағалейкүм! – дедім,

-Асығыс болсаң, айтарыңды тез айт!

-Бақуаттысыз ба?

-Бақырып сөйлемегенде кәйттем?! Менің жасыма жеткеніңде қалай сөйлегеніңді көрер ме едім! Мен саған бірден айтайын: құлағымның жыны бар, енді кәйт дейсің?

Иә, енді «кәйту» керек? Есігін жабуға көмектесіп, өзін қолтығынан демеп, ішкері бет алдық. Ол:

-Сен Әпшумен сөйлесіп көрсең ғой, ол мүлдем таскерен. Бірақ кәйтсін. Екі ұлы мен бір қызы егер сайтанды таба алса, оны періште деп сатып жіберетін жылпостар, ал әкелерінің құлағын керек қылмайды, емдетпейді, кәйтсін, - деп, бір бөлмеге бастап барып, диванға отырды да, маған жанынан орын ұсынды: -Отыр, кемпір Көкбазарға кеткен, келеді ғой, сонсоң шәй қояды, сен асықпа. Қай баласың? Не шаруамен келдің?

-Ата, мен санақшымын, - дедім, құлағының «жыны» барын ұмытпай, аузымды құлағына кептеп қоярдай тақап.

-Ә, «санақшымын» де. Менің үш балам бар, үшеуі – осында үш үй. Ал бірақ менде де, оларда да ырымға тым құрыса бір тауық жоқ, қала халқының малы мәғзін емес пе, немді санайсың? – деп мырс-мырс күлді.

-Ата, - дедім, аузымды тақай түсіп, - үкімет халық санағын жүргізу туралы қаулы қабылдады емес пе, яғни мал санағы емес, халық санағы.

-«Үкімет» де. Ай қарап отырған үкіметті «үкімет» деді ғой! Азық-түлік, көйлек-көншек дейсің бе, мынау үйдің ыстық суы, суық суы,

сібеті, батриясы дейсің бе, бәр-бәрі жылына үш-төрт рет қымбаттайды, кәне өзің айтшы, мәселеңки, анау қағаз дорбадағы айран былтыр осы уақытта тоқсан теңге еді, қазір жүз сексен теңге! Бұл не сұмдық?! Сибірға шөп орнына алтын-күміс беретін болған ба?! «Пенсияңа қостық» дейді, сенің үкіметің, атасының басы! Ол мың теңге қосса, мәгәзін мен базар екі мың теңге қосады. Ал сөйлес! Мәгәзін мен базарды тежеп ұстай алмайтын үкіметінде ұят деген бар ма?!

-Ата, сөзіңіз дұрыс...

-Кіммен ұрыс дейсің? Дәрменсіз, ұятсыз үкіметіңмен бе? Өй-дөйт деген! Тапқан екенсің ақымақты!

-Ата-ау, мен «ұрыс» деген жоқпын, «сөзіңіз дұрыс» дедім. Мен кісі санағын жүргізуге бөлінген өкілмін...

-«Өкілмін» де. Осы заманда өкілден көп неме жоқ. Қалқоз-сапқоз да, бәбрік-зауыт та қалталы қуларға сатылып, жұмыссыз қазақ көбейіп еді, өкіл деген де қосарлана көбейді. Сен, өкіл бала, солардың бірісің ғой, кімді санауға келдің? Кемпірім екеуімізді ме?

-Иә.

-Баяғыда санағанда көп сұрақ қоятын, сен де сөйтесің ғой, олай болса, кәне, сұрағыңды қоя бер, мен білгенімше жауап беремін, менің білмегенімді кемпір біледі, сол айтып береді, ол көп кешікпей келеді, сен асықпа...

Құлағының «жыны», өзінің бірдеңесі бар шалының, Көкбазардан «көп кешікпей» келген кемпірінің «тұтқынынан» үш сағатта әрең босап, біреу киімшең күйімде суға тоғытып алғандай болып шықтым. «Кәйтейін». Халық санағын жүргізу – аса жауапты міндет!

* * *

№3 пәтер. Есігінің қоңырауын езуледім. Бір емес, бірнеше рет. Шаршасам да, шириғып келдім емес пе. Әлдезаманда есікті нән қарын ашып:

-Кімсің? Не керек? – деп гүр-гүр етті. Содан кейін соп-сопақ, жап-жалтыр бас көрінді: қақырып жіберсең – қайда тайып кеткенін көріп үлгіре алмассың.

-Аға, мемлекетіміз бен үкіметіміздің тарихи шешімі бойынша бізде бүгін халық санағы басталды ғой, мен сол маңызды істі жүргізетін өкіл едім...

-Сен «Көк Тана» партиясына мүшесің бе?

-Жоқ...

-Аһа! Тогда тыңда: мен өзімді де, әйелімді де и балаларымды да, даже ит пен мысығымды да өзіміздің «Көк Танамыздан» басқа любой партияға санатпаймын, ұқтың ба?!

Шеңбірек атқан қарын да, жалтыр бас та ғайып болды. Есік ышқынта жабылды...

ТЕРІМДІ КЕҢІТЕ СӨЙЛЕДІМ

– Өй, Танашпысың?!

– Жәлел-ей, мынау сенбісің?!

– Адасып келгеннен саумысың?

– Сені әдейі іздеп келдім!..

Құдаммен құшақтастым да қалдым. Мың жылдық сары сүйекті көрмегелі көп болған еді, екі-үш кісіге еркін жететін есіл құшағымды бір одан аяп қайтем. Бала-шағам да шұрқырап жатыр. Ауыл иісін бәріміз де сағыныппыз-ау!

Танаш ауыл-аймақтың жаңалық-өзгерісін әп-сәтте қотарып-ақ тастады. Бірақ мен де ашқарақтанып болмадым. Құрбы-құрдастарымның, ағайын-жегжаттарымның хал-жайын жеті мәрте сұрап, өлген-тірілгендерін түгендеп, сары сүйегімнің тілін әбден кептірдім. Сөйтіп, түннің бір жерінде екеуіміздің де сілеміз қатып отырдық. Сұрағыма ілінбей қалған кім барын ойластырып, аулымдағы қора-қопсы атаулыны көз алдымнан өткізіп, бала-шағасына дейін қалдырмай, көгендеп санай бастадым. Енді кім қалды?.. Әлгі анау куды сұрадым... ол бар... ол да бар... Темекісін тістей сала мақтана жөнелетін Сыдық куды жаңа сұрадым. Мәрсен жындыны... ә дегенде-ақ сұраған едім-ау, ол кудың баласының саны оннан асып кетіпті, сірә, ол басқа шаруаны мүлде доғарып тастаған шығар. Ал оған көрші Қыдыр еді ғой, «қыршаңқы Қыдыр», жеңгелері сөйдейтін, оның жай-жапсарын білдім. Оған көршілес...

– Айтпақшы, әлгі Тұрған жынды не істеп жүр, ауылда ма? – деп, иір кара құрбымды жетістіріп еске алдым. Оны қалайша ұмытып отырғаныма өзіме-өзім іштей ренжіп те қалдым. – Бойы екі метр болып жүр ме?

–Е, Тұрған ба? – деді сары сүйегім, таңдайы жыртылардай тыжырынып, аз-кем тамсанып. – Ол аман-есен, өздерің оқыған мектепте мұғалім. Зарлықпен құда болған. Зарлық қазір гараждың құдайы. Машина дегенің қолында, сауырынан сипап жүріп мінеді.

Ей, пендешілік-ай! Қыртысым құп алмайтын Зарлықты сұрамап едім, енді ол машинаны «сауырынан сипап жүріп мінеді» деген желкенді сөзді естігенде көңілімнің көзі сығырайып кетті. Зарлықтан басқа жұрт машинаның маңына жолай алмай жүр ме екен?! Зарлық тоғыз ай, тоғыз күнде келген жарық дүниеге басқалар жылдап жатып әрең келіп пе?! Әй, мың жылдығым-ай, тіліңнің майын кімге тамызуды білмейді екенсің ғой?

– Өзіміз де автобусыңды маңдайынан шертіп жүріп мінеміз, – деп шаңым бір-ақ шықты. Тілімді тістей қойдым. Бірақ енді тістедің не, тістемедің не. Бастаған сөзді аяқтау керек. Зарлықты мұқату керек. Бетімнен қайтпайын. Тамағымды кенеп алдым. Айтқан соң сырбаздап, тұзын сіңіріті айтайын. Бір сөзіме сеніп, бір сөзіме сенбей, сенделсін де отырсын. Әйтпесе есем кетіп жүрер. – Бізде автобусың жүзден астам маршруты бар, – деп сәл аялдадым.

– Ойпыро-о-ой! – деп Танаш тәйкесінен түсті.

– Автобусың неше түрін көресің. Он кісілігі де бар, екі жүз кісілігі де бар...

– Екі жүз кісілігі де бар ма?! – деді сары сүйегім, сиыр көздене бастап.

– Жаңадан шыққан үш білікті автобусымыз бар, соно-о-оу Венгрияның бір мықты заводы жасаған. Соған кейде екі жүз елу кісі мініп жүрміз! – деп тебінтіп қойдым. Мың жылдығым мылқиды да қалды. Мылқисаң мылқи. Төпей түсейін сені, Зарлықты мақтайтын немесің ғой. – Бізде автобуспен ойнауға болмайды, шырағым. Ол білімсіздік, техниканың қадірін білмеушілік деген статьяға жатады. Біздің қаланың автобусы сенің аулыңның митың машинасы емес, келдің – міндің, жүрдің – кеттің дейтін. Жо-о-оқ. Біздің автобустар көрінгеннің қолына түсе бермейді. Әсіресе таңертең мен кешке білесің оның қадірін. Мына менің қызметім, мысалы, таңертең сағат сегізде басталады. Мені өзің білесің, әжептәуір қызметтемін ғой. Ал осы қызметке кешікпес үшін үйден сағат жеті бола бере шығам. Аялдамаға келем. Онда менен де сергек, менен де бұрын келген

жиырма шақты адам тұрады. Бәріміз тұрамыз баяғы. Он минут, он бес минут өтеді. Тағы тұрамыз. Бір кезде бұрылыстан автобус та қасқайып көрінеді, біз де қасқайып қарсы ұмтыламыз. Автобус ыңыранып келіп «уһ» деп тоқтайды. Бас саламыз. Кейбір қалаларда халық жіпке тізілгендей монтиып, кезек күтіп мінеді деседі, ал бізде ол жоқ. Бөгеуді бұзған суша лап қоямыз, Өйткені қалмау керек, қызметке кешікпеу керек. Бұлшық еті білеуленіп қалғандар қармап-ақ жібереді. Айналып кетейін қыз-қырқынды асықтай атып, атой салып алдымен кіреміз. Өзі толып, тәлтіректеп келген бейшара автобусың бәлі қайысып кетеді. «Біз шығайық та, жол берсеңдерші, тоқтаңдаршы!» – деп әлгі сол аялдамада түсуге тиістілер шырылдап тұрады іште. «Жылжыңдар алға, жылжыңдар! Орта тұс тіпті бос қой, жылжыңдар, кәне!» деп мінетін біз сұңқылдаймыз. «Есікті қоя беріңдер, есікті жапқызсаңдаршы!» – деп шофер қырылдайды.

Әлдезаманда автобус жылжиды орнынан. Әлдезаманда есігі жабылады. Сосын кәдімгі:

– Аяғымды бастың ғой!

– Мына дәу сөмке кімдікі, ары тартсаңшы!

– Шынтағың кіріп кетті, өлтіремісің?!

– Түйемді үздің!..

– Ей, ағайын, бұл менің қалтам, не іздеп тұрсың?

– Солай ма еді, кешіре көргейсің, мен билет алайын деп, өз қалтам екен деп... ойпырым-ау, пальтомның өңірі қайда кеткен, бәсе, қалтам қайда деймін...

– Әй, жігітім, сенің мұның не; иығыма шығып кеттің ғой?! – деп «тіл қатысып», таныса бастаймыз. Ақыры мен әрбір аялдамаға төрт-бес минутты садақа етіп, қызметке тура моншадан шыққандай болып жетем. «О, қызылың қызыл, ағың ақ болып, жіпсіп жүрсің ғой? Денсаулық дұрыс, ә? Жөн, жөн. Денсаулықтың мықты болғанына не жетсін!» – деп бастығым жымия сәлемдеседі. Жеке машина мініп жүрген бастығымның көңілі орнықты, бәтеңкесі таза, түймесі түгел.

– Сонда... – деп сары сүйегім бірдеңені таңырқай суыртпақтамақ болып еді, езуін еркіне жібердім.

– Бұл, шырағым, үйден ерте шыққандағы хикаялар. Егер бес-он минут кеш шықшы, қызметіңе бір сағат кешігіп жетпесең, маған кел. Автобустар ол кезде аялдаманың бәріне тоқтайды екен деме.

Жаныңнан зулап өте шығады, шулайсың да қаласың. Өйтпей қайтсін, ішінде саңылау болмай, омыртқасы бізсіз де үзіліп бара жатады. Онда жазық жоқ.

– Сонда қалай, Жәлел-ау, мыналарың қиямет-қайым ғой, Зарлықтың күніне зар екенсіңдер ғой?! – деп Танаш түйреп түсті. Зарлықты мұқатам деп отырып, жанымды жегідей жеп жүрген автобус азабын айтып алыппын. Мұнымды қала транспортының дізгінін ұстап отырған мықтылар естісе ғой, соңыма автобус мініп түсер еді. Өзім де обалсызбын-ақ!

– Пәлі, құдажан, сен тіршіліктен түңіле қалады екенсің, – деп терімді кеңіте сөйледім, – сағат тоғыздан кейін біздің автобустар, тіпті бос жүреді, көшеге шыққан жалғыз-жарым адамдарды теріп алып жүреді, ертең өзін көрерсің...

Терімді кеңіте сөйлесем де, ертең қызметке бару керектігі есімнен шыққан жоқ.

ӘЙ, 1 СОМ!

Орта мектептің «қабырғасын қақыратып, омыртқасын опырып», Алматыға аттандым. Оны да «алыпұрмақпын»! «Қазақ тілі мен әдебиеті» пәнінен төрт жыл бойы дәріс оқып, емтихан сайын не «4», не «5» қойып қолпаштап, миымды майлаған мұғаліміміз Фатих ағай: «Сен Алматыға бар да, ҚазПИ-дің филфагына түс, сенің тіл маманы болып шығуың екі жерде екі – төрттен оңай!» деген. «ПИ-дің», «филфактың» неге екенін құлағыма тұндырып құйып берген. Содан кейін «алыпұрмаққа» неге жұлқынып ұмтылмайын?!

Алматыға аман-есен жеттім. ҚазПИ-ді – Қазақ Педагогика институтын – көп адаспай тауып алып, филфак дегенінің – филология факультетінің – есебіне алынып, емтиханына қатыстым. Қазақ әдебиетінен ауызша сынақ алған қара домалақ ағай қолымдағы емтихан парақшасына «5» қойып, өзінің қолындағыға «3» қойып, институтқа қабылданғандар тізімінен тыс қалдым. Өзіммен «айлас-мұндас» болған қыз-жігіттерге қызына қосылып, емтихан парақшамды үйіре дауылдатып декан ағайға бардым. Ол көп шуылдақтың бірі – мені де алақандай көзімен атып, қолымдағы парақшаны жұлқа жырта жаздап алды да, үстелінің сол жақ бұрышына таман жатқан қалың көк

дәптерді сүйреп әкеліп ашып, оң қолының сұқсаусағымен екі бетін сүзгілеп, үшінші бетіне шыға бере:

-Таптым! - деді, қуанғаны да, ренжігені де құпия дауыспен. Мен әрі-сәрі күй кеше қалып, құлақ түрдім.

-Интересно, интересно, - деді декан ағамыз, дудар шаш басын да екі рет шайқап. Содан кейін қысық көзін маған «жұмсап»:

-Интересно, - деді, үшінші рет.

-Үш «интересноңызды» ұшығы не? - дедім. Басқа не дейін?!

-Ол ма, - деп ол сұқсаусағын дәптерге түйреді де, - міне, қазақ әдебиеті ауызшадан алған бағаң екі түрлі: сенің экзаменационный листіңде «5», ал журналда, міне, «3», так что, жігітім, ауылыңа қайтасың да, келесі жылы қайтадан келесің, - деді...

Сөйтіп, Фатих ағай шығарып берген «екі жерде екім... үш» болып, ауылыма оңбай оралдым. Әкем: «Балам, бас аман болсын. Оқу ешқайда қашпайды. Ертең Өскеменге тартайық. Біздің бірпысық жамағайынымыз сонда облыстық азық-түлік қоймасының құлағын ұстап отыр. «Победа» автомәшіні бар еді, онысын сатып жіберіп, «Волга» алыпты. Соның қоластынан саған бір қызмет табылар. Сөйлесемін ғой. Келесі жылы оқуға аттанғаныңша істей тұр, арғысын көре жатарсың», деді.

Әкенің ақылынан артық не керек, Өскеменге бардық. Жамағайыны Дүйсенбек деген дәу жігіт екен. Әкем екеуі тіл табысқан болар, мені Рахым атты орынбасарына көмекшілікке алды. Онысы мені ертіп алып, қойманың дүкендерін көрсетіп, не істейтінімді ұқтырды. Күнде жүк әкеліп, жүк әкетіп жататындардың ішінде экспедитор деген қызметкер болады екен, солармен бірге жүріп, әкелінген жүктің, әкетілер жүктің фактура деген құжаты бойынша жүктерді түгендеуім керек. Екі-үш күнде игеріп алдым, қиналған жоқпын. Әкем де қуанып, мені бір пәтерге орналастырып: «Ал, балам, жолымыз болды. Сені Дүйсекеңе тапсырдым, одан үлгі ала білсең, ондай болсаң, қор болмайсың!» деп ауылға қайтты.

Арада аяндап айлар өтті. Асықпай жаз келді. Бес жыл парталас болған жолдасым Тұқашты кездестірдім. Өскеменнің пединститутында студент екен. Шұрқырасқан әңгімеміз оның: «Алдағы жексенбіде Сартымбет ауылына барып, қымызға бір тойып қайтайық, менің немерелес ағатайым колхоздың жылқы фермасында бастық, биыл елу бие байлапты!» деп екпіндей сөйлеуімен аяқталды. Екпінді сөз

еліктірмей қоймайды ғой, уәделі күні таңертең аутобуспен барып, күні бойы рахатқа батып, кешкі салқынмен қалаға тайдық.

Ертеңінде жұмыс әредігінде ол рахатымызды Дүйсекеңе дәмдеп айтып беріп едім, ол:

-Ә, қымызы қалай екен? - деді.

-Балдай! - дедім.

-Ә, онда жексенбіде екеуіміз барып қайтайық. Танысып, егер қымызы жақсы болса, алып тұрайын. Қараөзектен алдырушы едім, биылғысы онша емес. «Сартымбет» дедің бе, отыз бірдеңе шақырым ғой, сағат тоғызда үйге келе қал, жарай ма? - деді, қойкөзі күлімдеп.

«Отыз бірдеңе шақырым» дегенің, тәйір-ай, «Волгаға» жиырма минут қана жер екен, зырлатып бара қалдық. Мұқаштың ағасы Мұқан мен жеңгесі Шағи өткен жолы Тұқаш екеуімізге: «Келіп тұрыңдар!» деп бәйек болып қалған. Қазақылықпен сол ашық пейілді малданғанымды мәшіннен түсе бере ғана түйсіндім де: «Аға, әуелі мен кіріп-шығайын, иттері байлаулы ма, бос па, білейін», деп жөнелдім. Құлағын кесіп алсаң қыңқ етпейтін қара төбеттері барын көргенмін, бастығымды бейхабар алып жеткен ұятымды сол хайуанға жүктемеске амалым қалмады ғой.

Мұхаң үйде жоқ, жеңгей асүйде қойдың санын бұзып, тұздап отыр екен. «Ұрын» келгенімді күмілжіңкіреп тұрып айтып едім, жеңгеміз: «Ұят ештеңе де жоқ, қысылма, ағаң қазір келеді, көрші ауылға бір шаруасымен кеткен. Ана кісіге жаппаның астына көрпе төсеп берейін, дем алсын. Сен қысылма, жүр», деп қолын жуып-сүртіп, қалың көрпе-жастығын құшақтап, далаға шықтық. Екеуі сәлемдесті, танысты. Ашық-жарқын Шәкен:

-Аға, ініңіз қазір келеді. Қазан көтерейін бе, әлде қуырдақ жөн бе? - деп жымыды. Дүйсекең маған қарап жымыып:

-Ғаббас екеуіміз қымыз алып қана қайтуға келіп едік, жарайды, қуырдақ пен қымызға тойғанымыз да теріс болмас, ә? - деді. Сол әредікте жирен жорғасын тайпалтып Мұқан аға да келе қалды. Дүйсекең мен Мұқан қымыз іше отырып дойбы ойнауға кірісті. Мен қуырдақ турадым...

Дүйсекең екеуіміз кіші бесінде «Па, шіркін!» болып жолға шықтық. Дүйсекеңнің он литрлік ағаш бөшкешігі бар екен, Мұқан толдырып құйып беріп: «Дүке, ыдысыңыз келісті екен!» деді. «Қанша төлейін?» - деді Дүйсекең. «Ғаббас төледі ғой», деді Мұқан. Литрі елу тиын екен, иә, оңашада сұрап біліп, төлеп қойғанмын.

Даланың үш жүз метрдей ғана қиыс-қисық жолын кібіртіктеп өткен «Волга» Шығыс тасжолына түсіп ала зымырады. Мен жан-жағымыздағы тауға, тоғайға қызыға көз тастап отырмын. Дүйсекең «Шилі өзен» әнінің ырғағын ыңылдап айтып отыр. Жексенбі болған соң ба, әйтеуір, жолда не мәшін, не ат-арба жоқ. Алып тұлғалы Айыртауға жақындадық. Әдемі тау, әдемі-ақ!..

Жолды айтсайшы! Қозының құмалағындай да бүртігі жоқ жолда келе жатырмыз!

Бір сәтте алдыңғы жаққа қарап едім, шамасы жүз елу метр жерде құйтақандай бір баланы арқалаған, төрт-бес жас мөлшеріндегі баланы жетектеген қоңыр көйлекті, көкшіл басорамалды әйел жолды жиектеп кетіп барады. Қуанып кеттім! Шаршап келе жатыр-ау, ала кетеміз ғой!

-Аға, ана кісіні ала кетейік! Екі баламен жаяулап, титықтап, байғұс-ай, нендей жағдайға душар болды екен?.. – дедім, екі көзім үшеуінде болып. Жетектегі балақай екі аяғын сүйрете бұрай басады. Қайтсін-ай, шаршады ғой! Әйел мойнынан құшақтатып қойған арқасындағы баланы бір қолымен бөксесінен демеп, жетегіндегісін екінші қолымен сүйрегендей етіп әкетіп барады. Құдай-ай, бастарына не күн туды екен?! Қатарласа бердік. Мен есікті ашуға ыңғайланып... зымыраған күйі өте шықтық...

-Аға! - дедім, Дүйсекеңе жалт қарап. - Аға, аға! Тоқтаңызшы, ала кетейікші!

Дүйсекең ыңылын үзіп, үшкір ұзын мұрынын көтере мырс етті де:

-Беретін бір сомы да жоқ, - деді.

Төбемнен табаныма дейін дірілдеп кетті ме, денемдегі бар-жоқ қаным ысып кетті ме, білмеймін, тілім байланып, көзім қарауытты...

Құлағыма «Волганың» боздаған сигналы келіп, селт етіп, көзімді аштым. «Әй, анау сволочь жаман мәшінімен қыстырылып қайтеді, ей?!» деген жуан дауысты да естідім. Бастығым алдыңғы жаққа оңкие, сұстана қарап, сөйлеп отыр екен. Ертістен өтетін паромға жетіп те қалыппыз. Тез шығып, жөнеле бердім. «Ғаббас, әй, Ғаббас! Қайда кеттің?» деген дауыс қуып жетті. Жүгіре басып қайықшыларға бардым да, біреуіне отырып кете бардым.

Таңертең пәтер иесімен есеп айырысып, ауылға бір-ақ тарттым...

Содан кейін нән қойманың дөй қожайыны Дүйсекеңді маңайлаған жоқпын.

АЙТАЙЫН БА?

Шынында... айтсам ба екен, айтпасам ба екен?

Айтайын десем—оқыған жан күліп жүрер деп жасқанам. Алайда күлкі шіркіннің де ауы мен бауы бар: кім болса да, менің сөз саптауыма айызы қана: «Бәрекелді, рас қой!» деп күлсе, онда көңілімнің гүлдегені, егер: «Өй, мұндайды мен де жаза салар едім!» деп екі ернінің біреуін қисайтса, онда... ішім білсін...е, айтайын, естімеген күлкіміз қалды ма...

Бір кабинеттегі біздің санымыз үшеу, ал кәсібіміз... өте тіртіптіміз. Қызметке таңертең сағат тұп-тура тоғызда келеміз. Бас изесіп амандасып, аса маңызды бір мәжіліске жиналғандай жып-жинақы болып жайғасамыз. Радио менің тұп-тура желке тұсымда, күндегімше соның құлағын бұрап, «аузын ашып», үшеуіміз соңғы хабарларды ұйып тыңдауға кірісеміз. Сарымсақ сигаретін суырып, газбен жанатын шақпағын шығарып, дүниенің біраз билігі өзіне тигендей-ақ, баптана бастайды. Сигарет пен газ-шақпақ басқамызда да бар, үш үстелден түтін будақтайды бағана. Қайсыбір әскери кинофильмдерде партизандар түнгі орман ішінде алаң сайлап, от жағып, өздеріне келмек ұшаққа белгі беретіні бар емес пе, үшеуімізді сигаретімізді сүлікше сорып отырғанымызды көрген сырт көз бізді сол партизандарға ұқсатар еді. Ұқсайтын, әрине, өзіміз емес, түтініміз екенін түсінген шығарсыздар.

Радионың соңғы хабарлары бітіп, «көмейі бітелген» соң үшеуіміздің соңғы хабарларымызға кезек келеді. Әуелі әлемдегі спорт жаңалықтарынан естіп-білгендерімізді айтысамыз. «Футбол» деп қиырдан бастап, өзіміздің «Қайратқа» әкеліп тіреп, «доп қуғанның бәрі Пеле емес» деген берік қорытынды жасаймыз. Одан кейін шахмат ауылын шарлап, жасөспірім екі қызымыздың дүние жүзіне таныла бастағанын айызымыз қана тағыда қайталап айтып, шахматшы жігіттеріміздің олардай чемпион бола алмай жүргендеріне тағыда ренжиміз. Кеше дәл сондай сәтте:

—Біздің Лайсудың қасиеті күшті, - деп Сарымсақ сөз бетін өз өңіріне қарай оқыс бұра салды. Түні бойы көз ілмей, Лайсуының қасиетін қасықтап зерттеп шыққандай. Оқыстың аты - оқыс-ау, қатар келе жатқан жолсерігің кенет кейін қарай тұра жүгіргендей-ақ, біз

оған жалт қарастық. Сарымсақтың күткені де сол шығар, суырылып жөнелді:

—Лайсудың о басы тұнық, мөп-мөлдір болған, Қазақстанның қаншама жерін сусындатып аққан соң просто лайлана береді. Ал сол лайының өзі керемет қасиетті екен, менің бір аталас ағайыным, өте талантты жігіт, жақында «Лайсудың лайындағы күкірт қышқылы түйіршіктерінің саны» деген керемет кандидатский қорғады. Әкесі Әуселе - әйгілі бизнесмен, сонау жылдары он бірдене жыл бойы қаракөл қой фермасының бастығы болған, баласының тойын «Достық» рестораның үлкен залында өзі жасап, өзі басқарып, ақшаны суша шашты. Біздің жақта одан да байлар бар. Мәжікей деген әйгілі ағайынымыздың өзінде бір «Тойота», ұлында бір «Тойота», қызында бір «Тойота»! Жекеменшік! Ал Нисап деген нағашым бар, бұрын күшті белсенді болған, кейін, пенсияға шыққан соң, молда боп кеткен. Бүкіл ауданды, тіпті әкімнің өзін аузына қаратады, оның жанында Астана мешітінің бас имамын бала дей салыңдар. Сол нағашымның да иномарка машиналары – целый гараж!

—Шеттеріңнен шіріп жатқан миллионер екенсіңдер,ә?! - деп Тоқым таңдайын тақ еттіріп, Сарымсақтың сөзін бөлді. Таңдай қаққанның талай-талай тақысы бар, қаншалықты аңғарымпаз болсаң да, Тоқымның ауа райын болжау қиын. Сондықтан да, Сарымсақ:

—Біздің ауылда қауынның көкесі өседі... – деп Сарымсақ екінші қырдан асып жөнелді. Бірақ, ұзап кете алмады, алдын кіжіне кескестеп Тоқым шықты:

—Оны бәрі біледі, баяғыдан білеміз, тәйір-ай, одан да сен біздің Тостаған-теңіздің анау тусыраған балығын айтсайшы! - деп күжілдеді. Тостаған-теңіздің жағасын жер жаралғаннан бері Тақыр руы мекендеп келе жатқанын, Тақыр руының еркектерін айтпағанның өзінде әйелдері де шетінен жауынгер екенін, баяғы шапқыншылық замандарда атқа жайдақ міне салып, қолына не шоқпар, не найза ала салып, қалың жауға қасқайып қарсы шапқандары көп болғанын қызбалана баяндауға кіріседі.

—Е, ондай қаһарман қатындар біздің Шәмшек руында да аз болмаған! Баяғыда өздерінің сауда керуендерін қалың қол қарақшылардан қорғап қалған әже-апаларымыздың батырлығын аталарымыз әлі күнге дейін жыр қылып айтады! - деп Сарымсақ Кенжеқұлды тобықтан қағып байқады.

АЛДЫ мен АРТЫ

—Салыстырдың-ақ! Керуенді қорғау қалай, жаудың өзіне тура шапқан қалай?! Арасы қала мен ауылдай емес пе?! - деп Тоқым қарқылдап күлді. Сол оңтайлы сәтте иірім-толқынға мен де қарғып кеттім. Сөйтіп, үшеуіміз үш құбыла тауып, тәжікені бастадық.

Мен тамағымды қырнап үлгіргенше Сарымсақ алдыма дік етіп түсе қалып, Астана мен Алматыда өздерінің шошақты руынан неше ғылым кандидаты, неше ғылым докторы, неше академик, неше кандидат, неше генерал, неше полковник, неше полицей барын санап берді. Тақыр өздерінің сәлім руының қазаққа нешеме батыр, ақын-жазушы, министр, офицер, әнші-күйші, таксист бергенін түгендеп шықты.

Е, мен құрауыз отырайын ба?! Менің атым – Айбек, руым – майкесек.

-Әй, мықтылар, кәне, менің көзіме түзу қарап отырып айтыңдаршы: жыраудың да, ақынның да, жазушының да, ғалымның да көкесі біздің жақтан шыққаны бекер ме? Даңқты дипломат ше? Атақта әртис ше? Атап-атап айтып берейін бе, әлде өздерің де білесіңдер ме? – дедім, шәкірттерге шүйілген шаламұғалімдей шоктықтанып. Сарымсақ түсініксіздеу кейіппен күлді. Тоқым орнынан тұрып, терезе жаққа беттеді, сірә, тырсыып барады.

Сол әредікте компаниямыздың президенті Добалқұл мырзаның көз-құлағы мен тіл-жағы Дәмдігүл қарындасымыз келіп:

-Сіздерді Дөкең күтіп отыр, жүріңіздер, - деді.

-«Күтіп отырғаны» қалай? Кеше ескерткен жоқ еді ғой? - деді Сарымсақ, орнынан сиырша созалаңдай тұрып.

-Бастыққа бәрібір, - деді Тоқым, беті бері қарап. Мен көңілден сөйлеп:

-Тезірек барайық, мүмкін алдымыздағы мерекеге күнібұрын силық берер, - дедім. Үшеуіміз үш түрлі күлдік. Дәмдігүл күлмеді.

Президентіміз сыртқы жұрттың алдында көп сөйлейтін де, іштегі біздің арамызда аз сөйлейтін еді, сол дағдысымен:

-Компания филиалдарының өткен тоқсандағы жағдайларын көріп-біліп келу керек, яғни үшеуің танертең командировкаға аттанасыңдар, бұйрық жазылды, сау болыңдар! - деді.

Әрине, сау болғанға не жетсін! Бұйрық дегеніңіз – бұйрық. Дереву тайып тұрдық. Кешегі әңгімеміздің басын, міне, ұшақта қойын дәптеріме түртіп қойып отырмын, аяғын сау болып келген соң айтармын.

Бір күні Беделбай телефон шалып:

-Екеуіміз обләкімге барып қайтсақ қайтеді? – деді.

-Е, не, туған күні ме?

-Жо-ға.

-Әлде түсіңе кірді ме?

-Әкім түсіме кіретіндей, немене, соның арқасында күн көріп жүр ме едім?! – деп Бедекем ызғар жаққа бұлт етті.

-Ендеше неге ентіге қалдың?

-Ойпырым-ау, оған айтатын әңгіме аз ба, аулада күбірлесе бергенше, барып ашып айтайық та?!

-Ол екеуімізді қабылдай қойса, айтқанымызды тыңдай қойса? «Ей, еріккен екі шал, алар зейнетақыларыңды тыныш алып, зерікпей жүре бермейсіңдер ме?!» деп зекіп, барған ізімізге салып жібермесе?

-Сен де сандалады екенсің, көргенсіз кісіні әкім етіп тағайындаушы ма еді? Сөзді қой, барып шығайық.

-О, Бедеке, әміріңе құлдық! - дедім, суыңқырап бара жатқан сөзімізді жылытыңқырағым келе қалып.

Сонымен сөйтіп, Бедеке екеуіміз обләкімге тартар табағымызда не болуы керек, не болмауы керек деген мәселені екеуара елгезек мәжілісімізде жан-жақты талқылап, өлшеп-пішіп алдық та, жымыңдаса жолға шықтық. Бедекең әкімнің көмекшісімен келіссөз жүргізіп те қойған екен, әкім: «Екеуін ертең сағат 15-те қабылдайын» депті. Бәрекелді!

Әкім мырзаға мен айтатын болдым?.. Еһе, не дерің бар ма... мәселен, пәтерақы пәтуәсіз болып барады: ыстық су мен суық су жарысқа шыққандай-ақ ай сайын қымбаттайды, өткен жылдың шаңын шығармай, биылғысын ғана айтсам, екеуі үшін жыл басында айына мың теңге төлеп едік, енді, міне, жыл ортасы болды, ол екі мың теңгеге жетті. Газ да «улап» барады: ай сайын он теңге қосылмаса, «дұрыс жанбайтын» болды. Телефон дегенің, о, пәтшәғар, сөйлесуақының арсызданғанын айтпағада, үйінде телефон тұрғаны үшін ғана былтыр айына үш жүз теңге берсек, ол биыл төрт жүз теңгеге айналды. Облтелекомның ескі бастығы осы «табыстары» есебінен айына жүз елу мың теңге жалақы алып келіпті деп айыпталып, орнынан

тайдырылып еді, жаңа бастық жалақысын оныкінен асырып жіберген шығар, өйткені қымбаттатуы тым-тым қисынсыз. Ауылдарымыздың жағдайы - өксікке толы жыр...

Әкім мырзаға Беделбай не айтатын болды?.. Көшеміз ойқыш-ұйқыш және лас, оның үстіне, қайсысының қай ақшасына алып жатқанын ит білсін, әйтеуір, иномарка дейтін автокөлік күн сайын көбейіп, кеңірдегімізге қоса өңешімізді ыстап ит қылып жүр. Автотұрақ аз ба, әлде қулар ақшаларын аяй ма, әйтеуір, есік алдымыз автокөліктің тегін мекені болды, араларынан әуірімдеп әрең өтеміз. Ол ол ма, иномарка дегенің шыбық тимей шыңқ етердің нағыз өзі: мысықтың құйрығы немесе торғайдың қанаты тиіп кетсе, тіпті бар-ау, жел лүп етсе де: ойбайлап, шыңғырып, қышқырып, ысқырып аттан салып, жүйкемізді жөкесіз ысқылайды. Көше демекші, осы біздің облыс орталығы Өркен қаласында 1934–1938-жылдары Қазақстанды билеп-төстеп, зиялылығымызды қырып тастаған әлгі анау Мирзоянның атында көше бары қалай? Ал жалғыз академигіміз болған Кәкеңе көше аты берілмей, әкімнің молда болған әкесінің атында көше бары қалай?

...Өркенге барып түстік. «Әкім мырзаның көмекшісімін, сіздерді қарсы алуға келдім», деген бір дәу жігіт бізді жалтылдаған дәу қара мәшінге отырғызып алды да, әлдеқайда асыққан болар, зымыратып, құйындатып, маңдайшасында «Резиденция акима Оркенской области» деп орыс тілінде алтындап жазылған жарнамасы бар үшқабатты ғимаратқа апарып түсірді. Дәу жігіт біздің қолымыздағы шағын сөмкелерімізді алып, ішке бастап кіріп, төргі бұрыштағы қып-қызыл нән қоржынүстелдің басында отырған қуыршақтай ғана келіншекке:

-Қонақтар келді! – деді, сүйінші сұрағандай көтеріңкі дауыспен.

-Қош келдіңіздер! – деді келіншек, кәдімгідей қуанып, орнынан ыршып тұрып. Сонсоң дәу жігітке: - Төртінші и бесінші люкс номера, қол жүктерін тоже туда, - деп жылы жымиды да, сонсоң бізге тым-тым жылы жымия қарап: - Сіздер барып орналасыңыздар, бір минутадан кейін бланки апарып, өзім оформить жасаймын, - деді. Беделбайды білмеймін, ал мен тілі бұдыр келіншекке де іштей риза болдым. Мұншама жақсы қабылдар деп ойлаған жоқ едім. Әкімнің алды кең екенінің нышаны ғой! Беделбай екеуіміздің «ғылым докторы», «Аққұм ауданының құрметті азаматы» деген атақтарымыз өзімізден бұрын жеткен де шығар.

Нөмірдегі ақ моншаға түсіп рахаттанып, тегін бесбармақ пен шұбатқа тойып, ұйқыны армансыз қандырдық.

-Иә, Төке, қалайсың? Жұмақ деген осындай-ақ шығар, ә? – деді Бедекем, таңертеңгі тамақтануға баруға шыққанымызда.

-Өкінішке қарай, онда болып көрмеп едім, - дедім. Екеуіміз күлісіп алдық.

Тамақтанып шыққанымыз сол еді, кешегі дәу жігіт қарсы ұшырап:

-Жүріңіздер, әкім мырза сіздерді жарты сағаттан соң қабылдайды, графигін өзгертті, - деді.

Дәу қара мәшінмен он бес минутта барып түстік те, қиғашқас келіншек бізді ол да жылы жымия қарсы алып, әкімнің қабылдау бөлмесінде он минут дем алдырып, бір-бір бокал «Боржоми» минералсу ішкізіп, содан соң: - Жүріңіздер, Наубай Алпысбаевич сіздерді қабылдайды, - деп алға түсті.

Наубай Алпысбаевичтің кабинеті нән екен, жымиып тосып тұрған иесінің алдына жету үшін бір минут жүрген шығармыз. Әкім мырза бізге жылы жүзбен сәлем беріп, қолтығымыздан алып, үшеуіміз оқшау тұрған дөңгелек үстел басындағы үш креслоға жайғастық. Әкім «Нарзан» минерал суының бір бөтелкесін үш бокалға бөліп құйып:

-Құрметті ғалым ағалар, сірә, ыстықтаған, шөлдеген шығарсыздар, іше отырыңыздар. Биыл июнь айы былтырғыдан әлдеқайда ыстық болып тұр, но облыс қиыншылыққа ұшырамайды! - деп жігерлі бастап, ары қарай көңілдене сөйлеп кетті.

«...Облыс әкімдігі ауыл шаруашылығын алға бастыруда. Енді төрт жылдан соң Украинадан сүт, Америкадан астық, Өзбекстаннан жеміс-жидек, Ресейден ет пен картоп сатып алмайтын болады. Қырғызстаннан ішкіім, Түркиядан тон, Түркменстаннан мақта, Ираннан ұйық-шұлық сатып алу тоқтатылады. Ауылшаруашылық техникаларына керекті жанар-жағар майды Малайзиядан сатып алудың тиімсіздігі дәлелденіп, оны Оңтүстік Кореядан алу көзделуде. Сары май мен жұмыртқаны әзірше Белоруссиядан ала тұрады. Өнеркәсіптің де өрісі кеңіді. Құрылыс қарқынды, әкімдіктің жаңа кеңсесін салу жоспарланған, ол он қабатты болмақ. Сатылып кеткен балабақшалардың, жатақханалардың орнына жаңаларын салу енді бес жылдан соң қолға алынады, ол үшін Біріккен Араб эмиратының құрылыс компанияларымен шарт жасалады. Осының бәрі –

тәуелсіздігіміздің, президентіміздің арқасында жүргізіліп жатқан ірі шаралар. Облыстық Геология департаментіміздің жанды жұмысы нәтижесінде облысымыздың оңтүстігінде, Шақпақтас деген түбекте бүкіл облысымызға жетпіс жылға жететін мұнай көзі табылды, Көксу көлінің маңайында жүз жыл жақсаң да таусылмайтын газ қоймасы бары анықталды, яғни соларды игеру жүзеге асқаннан кейінгі жерде облыстың атақ-даңқы көкке өрлейтін болады. Оларды пұшпақша илеп беруге Қытай құлшынып отыр екен...»

Наубай Алпысбаевич осылайша ой толғап болды да, бізге қарап:

-Ал, ағалар, бұған не дейсіздер? Ғалымсыздар, пікір айтыңыздар, - деді, шалқия отырып. Таусылмайтын мәселелерді бір сағат шамасы тәптіштеп айтып беру кімге оңай тисін, шаршаған соң жайланып отырды да.

Келісіп алғанымыздай, Беделбай ауыз ашты:

-Қарағым, қадірлі інім Наубай, атқарылып жатқан, атқаратын істерің туралы жақсы әңгімеледің. Тыңдадық, түсіндік. Облыстық газеттен күнде оқып та жүрміз. Біз өзіңе әдейілеп келдік. Қарсы алған құрмет-қошеметтеріңе ризамыз. Иә, өзіңе айтар пікіріміз бар, аз да емес. Осыдан екі апта бұрын мен өзім туып-өскен, жастық шағым өткен, еңбек жолым басталған ауылымда болып қайттым. Жағдайыма қарай бір айда, не екі айда бір барып тұрам. Ауылдың хал-ахуалы қиын. Жұмыс жоқ болған соң жастар жан-жаққа, қалаларға кеткен. Ауыл зейнеткерлердің қонысы болды. Кешегі дұп-дұрыс колхоз-совхоздарды жолын тауып арзанға сатып алған қалталылар пәлен де түглен деген шаруа қожалықтарын ашып, көбі бас пайдасын көздеп жүр. Қоластына кімді жұмысқа алғысы келсе соны алып, оларға қанша айлықақы төлеуді бір өзі біліп, кәдімгі адамды адам қанауды тірілтіп отыр...

Сол сәтте әкім ұшып тұрды да, есікке дейін неше метр жер екенін өлшеу ойына түскен кісіше, кең адымдап кете барды. Артына карамастан шығып кетті.

-Мұнысы несі? – дедім, оқыс оқиғаны түсінбей қалып.

-Президентке ме, әлде басқа жаққа ма, біреуге шұғыл телефон соғуы керегі есіне түсіп, басқа бөлмесіне кеткен шығар, қазір қайтып келер, - деді Беделбай, бөлме ішін шола қарай бастап.

-Бедеке, сен сөзді қаламыздың көшесінен бастамақ едің, ауылдан бір-ақ шыққаның қалай?

-Қала қайда қашар дейсің, әуелі анау алқам-салқам ауылымыз туралы айтқым келіп кетті.

Есік ашылып, балуан пішінді бейтаныс бір жігіт кірді. Бізге келіп, иегін бір қағып:

-Сіздер боссыздар, шығыңыздар! – деді кіржиіп.

-«Боссыздарың» қалай? Қазір әкім қайтып келеді ғой...

-Наубай Алпысбаевич мырза келмейді, жүріңіздер! – деп, қолын иіріп, жол бастады. Орнымыздан еріксіз тұрып, еріксіз ердік. Қабылдау бөлмедегі қиғашқасқа бұрылып:

-Әкім мырза қайда? – деп едім, ол қарсы алдындағы компьютердің бетіне үңілген қалпын бұзбай:

-Не знаю, - дей салды.

-Жүріңіздер! – деп балуан жігіт сыртқы есікке беттеді. Еріксіз еріп, еріксіз шықтық. Ол бізді шығарып, есікті жауып алды.

-Бұл не? Бұл қалай? – дейді Бедекем, оқыс жалаңаш қалғандай-ақ, маған аңыра қарап.

-Е, мен қайдан білем? – деп жан-жағыма қарадым. Дәу мәшине көрінбейді. – Жүр, резиденциясына барайық. Тосайық. Хабарласар.

-Кімді тосамыз?! Кім хабарласады?! – дейді Бедекем, өзін әкімнің кабинетінен мен қуып шыққандай, маған ежірейе қарап.

-Төбелесіп қалмай тұрғанымызда резиденцияға жетіп алайық, арғы жағын көрерміз, - деп жол бастадым.

Иә, резиденцияға жеттік те, арғы жағын көрдік. Сөмкелеріміз есік көзінде тұр. Ал есік жабық.

ДҰРЫСТАП ҮЙРЕНЕРСІҢ

«Мен бәрін білем» деп білетін ғалымдардың біреуінің біліп айтуынша, ж и н а л ы с дегеніміз —дені-қары сап-сау, шен-шекпені жап-жаңа адамға ақ нан мен минералды судай аса кажет зат есім. Ол біздің жыл санауымызға дейін де болған, жыл санауымыздың жылдарында да болды және жыл санауымыздан кейін де болады! Дені-қары сап-сау кісілерге ғана емес, есі дұп-дұрыс елге де дәп әлгі нарықтықэкономикадай, яғни ғылым тіліне салғанда, базар нарқындай, ал одан хабар-ошары әлі шамалы біздің аузымызға салғанда—қала

атаулыларымыздың қақ орталарындағы көкбазарлардай керек! Біз бүгін «зымыран» деп жүрген кешегі «ракета», біз бүгін «ғарыш» деп жүрген кешегі «космосқа» біз бүгін «кеме» деп жүрген кешегі «корабльді» итеріп шығарып жіберу үшін қандай күш керек болса, жиналыс жарықтық бүгінгі біздің анау көпшіліктің көзіне түсуіміз, аузына алынуымыз, әңгімесіне айналуымыз үшін, әрқашанғыша сол соқпақпен адаспай, шатаспай барып дәулер мен дәйлердің - жердегі «құдайлардың» жылы тізімдеріне жымыш түзілуіміз үшін сондай керек! Мәселенки, жолдас оқырман мырза, сен есебінде аман-есен тұрып (түрегеліп емес!) келе жатқан ұжымның күнделікті жұмысында: кемшілік, қателік, олқылық, ағаттық, жетіспеушілік, жетімсіздік, табыссыздық, зияншегушілік, жеміссіздік, ілгері баспаушылық, керікетушілік, құлдыраушылық, құрдымғақұлаушылық... уһ, торайлауын-ай бетсіздің!— әйтеуір, бәрі түп-түгел бар дейік. Сондайда жиналыс бола қалды бағана! Әне, сол жиналыста сенің қалай сөйлеуің керек? Ұнжырғасыз ұжым сенікі, демек, сөйлейтін - сенсің. Ал, кәне, сен сонда не деп сайрайсың?.. Еркін күлетін кезде езіліп күмілжисің, ә? Жарайды, жарқыным, әскерге шақырылған үйкүшікше үрпимей-ақ қой, мен қалай сайраудың сорабын салып берейін, сен тек құлағыңды оңтайлап ұстап отыруыңды біл. Мына мен — жиналыстың жойдасыз жойқындарын да, сойылды сойқандарын да көрген, е-е-е, асып туған данышпандар мен азып туған далбасаларды да тыңдаған қазақпын! Так что, дорогой, тыңда да ұқ!

Жиналыстыңменкөргенкөпшілігінеұжымдардыңбіріншібасшылары қатысқан емес. Тым жоғарыдағыларын білмеймін, ал сенің, менің, тағы басқалардың жиналыстарында (әлгі банкет-санкеттерін біріншілердің өздері міндетті түрде басқарады ғой, оны қойшы!) жұрттың көкпар лағы екінші басшы, яғни біріншінің орынбасары болады. Айтпақшы, жарқыным, сен маған ренжіп қалма, мен сенің жиналыс атаулыда атау-ахиретсіз лағуға лайықталып алғаныңды білемін. Оныңды әбден түсінемін, біріншіге сүйкенбей-ақ екінші, үшіншіге соқтығудың өзі қауіп-қатерлі. Сен соқтықты екен деп олар солқылдай қоймайды, оны сезіп жүргенің, доңбайтты малданғаның дұрыс-ақ. Әйтсең де, бала, байқа! Күлкілі сөздің көкесі Оспанхан Әубәкіров марқұмның: «мен кейде «езу» деген сөз (адамның езуін айтқан, ауыздың оң жақ, сол жақ «шекарасы» ше?!) «у же» деген сөздің теріс оқылуынан шықпады ма

екен деп жүрегім лоблиды» дегені бар, «у же» сөзін теріс оқығанда «ежу» болады дегені ғой, сол секілді, кейде мен де: «доңайбат» деген сөздің бірінші буыны «доңыз» деген зараздың алдыңғы екі аяғы... то-есть, «доңыз» деген сөздің алдыңғы буыны емес пе екен?» деп ойлаймын. Ондайда менің сол жақ құлағым мүлде естімей қалады! Бірақ, е, мейлі, доңыз байғұстар біздің қазіргі рәкеттердің қасында құр қалбаған тұлып болып қалды ғой, деп жұбанамын да, құрыған құлағым қатарға қайта қосылады. Жә, бұлар ығыса тұрсын, мен саған оралайын. Рас айтам, сен алдыңғы жылғыңмен салыстырғанда былтыр әжептәуір қонданып, доңайбатың кіндік тұсыңа көтеріліп қалды. Енді биыл, иә, былтырғымен шендестіргенде, мықтап жонданып, доңайбатың жотаңа шығуы керек. Ол үшін, әдейілеп сөз іздеп, арнап сөйлем құрап, оларды сылап-сипап сұрыптаудың тфу-піштуге де қажеті жоқ! Сен, жарқыным, әлгі: «Менің естуімше, біздің басшылар әлі ептеп олай-былай секілді», «Мен өзім ойлаймын, осы біздің басшылар қалайда... қалай екенін білмеймін, все же алай ма деймін», «Жұрттың пікірінше, қазіргі кезде біздің басшылар басқалардай емес, ол мырзалардың әлде уақыттары жоқ па, әлде қолдары тимей ме, интересно, олар осындай авторитетный жиналыстарымызға қатынаса алмайды, солары нелеу енді...», «Көпшіліктің бір нете алмай жүрген несі—біздің сол басшылардың онда-мұнда, Қытай мен Түркияға кұнара кететіндері, ортамызда ойқастап жүре бермейтіні, бірақ, әрине, түсінеміз десек те, аздап мозгами шевелить жасағандары денсаулықтарына нелеу болар еді», деп бойжетпеген қызша былқылдаған сөздеріңді бұдан былай талақ қыл, ұмыт, ұмыт! Мынау нарық заманында уфілеу-суфілеу, жалап-жұқтау сықпытты либерализмнің пұты соқыр тиын! Біз әлгі-әлгі жүгеріхандрит Хрущевтің тұсында коммунизмнен, көзі танцавайттаған Горбачевтың тұсында СССР-дан өтіп кеткенбіз. Қазір—қаны да қатқан, жаны да қатқан капиталистерміз! Яғни, бұдан былайғы жыл санауымызда: кесіп, тесіп, орып, тіліп, жарып, жырып, бөксеріп, ойып, жұлып, теуіп, тістеп, шауып, қауып, сорып... - уһ, қоздауын-ай айналайындардың! - қорықпай-үрікпей, шошымай сөйлеуің керек! Мәсәләңки, ұжымның басшыларын сынағың келді екен - жиналыста мінберге шығып ал да (тасқа шығатын ешкі ғұрлы жоқсың ба?!), екіленіп жөнел. Уақытты көп алмас үшін бірінші басшының да, басқаларының да аты-жөнін теріп әуре бол ма, рахатқа бірден, сразу

бат: «алай да былай да деудің не керегі бар, құрметті мырзалар, мен өзім ондайдың кісісі емеспін, так што валяй-шалаяйда шаруам жоқ, менің айтайын дегенім: басшылардың почти жартысы топас, ұятсыз, вот в чем дело!»- деп ышқына бір жөткірініп қойып, қасқиып түс те кет. Да, есінде болсын: менің бұл ұсынған сөйлемдерім көсемнің сөзі емес, бұған сауатыңның жеткенінше толықтауыш, анықтауыш, пысықтауыш, тіпті бастауыш пен баяндауыш, жалғау мен шылау да қосуыңа болады, пожалуйста, тек «басшылардың почти жартысы топас, ұятсыз, вот в чем дело!» дегенімді тырп еткізіп қозғама, қозғасаң-ақ болды - сенің сөзіңнің сәні болмайды, жиналыстың мәні болмайды.

Өткен ғасырдағы бір сәуегей: қазансыз қатын — жетім, депті. Ал бұл ғасырдағы сен одан кемсің бе, қайда, қашан болсын, сарқытыңды ішетін саппас сілекейлестерің бар шығар, соларыңа өзіңнің езуіңді суытпай сайрай жөнелуге міндетті екендерін өсиеттеп қой. Әрбір жиналыстың алдында. Оларың қалай лақса, солай лақсын, ауыз бостандығына сауап, бірақ, сенің жаңағы: «басшылардың почти жартысы топас, ұятсыз, вот в чем дело!» дегенді шімірікпей, шылп етпей қайталап, қатты қақылдайтын болсын, сенің айтқаныңның құнды-құнсыз екеніне жиналыстағы жұрттың да, базардағы бақалшылардың да көздері сонда ғана жетеді. Қазір өзі неғұрлым быттып тұрып батыл сөйлесең, соғұрлым «ол бет қаратпайтын батыл» деп білетін мода шытынап шығып келеді. Так что, сен сондай сөздеріңмен біздің құқықты мемлекет құру жолындағы бүкілхалықтық күресімізге тарихи үлес қосудан үміттен алуың мүмкін, тек сені жерлесіміз Жириновскийдің «оны-мұнысы жебеп жүрсін!».

ПАРОВОЗ бен БАС ВАГОН

Екі отар қой емін-еркін сиятын қора... жо-ға, жоқ!.. Әй, қойлы ауылда өскен барболғырлығым-ай, қаланың «зал» дейтіндерін «қора» деп қалатын аңқаулығымнан құтыла алмай-ақ жүрмін. Міне, тағы сөйттім. Түзетейін-ай, түзетейін: Зал! Зал! Екі отар қой емін-еркін сиятын зал, ойбай! Залда шіреніп, сіресіп, қақиып, қоқиып, шоқиып отырған көптен ұят болды ғой! Бұлардың әрбіреуі өздері ұялмаса да, өзгені ұялтатын немелер, яғни депутаттар! Өне, Қоқаң отыр, қарашы,

бұғағы беліне түсіп. Қатарынан үш рет сайланғанына күні-түні қуанатындықтан шала ұйқы болып жүреді де, осы қора... тфу! – осы залда ғана көз шырымын ала алады. Кеңес өкіметі кезінде отыз жыл бойы сіңбірген... ойпырым-ай, маған не болды, ей?! Біздің ауылдағы бригадир Жаманқараның көк шоқайынша жолдан шыға бердім ғой, а?! «Сіңбірген» емес, «сіңірген»! Енді бүйтіп бір шатассам, айтпады деменіз, қаламымды қағазыма қарш қадап, орнымнан тұрып кетемін! Оған дейін отыра берем, Ноқаңша. Бірақ менде, беліме түспек тұрғай, иегімнен қылтиған бұғақ жоқ. Еңбек сі... нірмеген соң, сайтан әкеп жапсырып берсін бе?! Қоқаң Нұқаң берген. Кеңес өкіметі кезінде екеуі отыз жыл бойы паровоз бен вагон болған. Нұқаң – паровоз, ал Қоқаң – вагон, көп вагонның бірі де емес, паровоздың құйрығынан айырылмайтын бірінші, яғни Бас вагон.

Құлағы түрік, көзі жіті жұртшылық екеуін дамбалбажа деседі, бірақ мен ол жақтарын білмеймін, білгім де келмейді. Менің жатқа білетінім: Нұқаң колхозда бригадир болысымен Қоқаң оған есепші бола қалды. Ары қарай міндет айқын, жол ашық: Нұқаң – ферма меңгерушісі, Қоқаң – орынбасары. Нұқаң – колхоз бастығы, Қоқаң – орынбасары. Нұқаң – ауылсоветтің төрағасы, Қоқаң орынбасары. Нұқаң – аудандық совет атқару комитетінің бөлім меңгерушісі, Қоқаң – орынбасары... Не керек, паровоздың орнына паровоз болып көрмесе де, еліміз тәуелсіздік алғаннан кейінде де Бас вагон мәртебесін сақтаған Қоқаң депутат болып шыға берді. Нұқаң – мұнда да төраға.

Қоқаң – көп сөйлемейтін кісі (ол бесікке бөленгенінен бастап солай). Депутат қылынғаннан бергі үш маусымда үш-ақ рет сөйледі. Бірінші маусымда: «Біз Нұқанды бағалай білуге міндеттіміз. Нұқанның айтқанын ұғып, қолдап, іске асырып отыруымыз керек. Нұқаң – сөздің де, істің де адамы, біз, депутаттар, Нұқаңнан үлгі алып жүруге тиіспіз!» деді. Екінші маусымда: «Мен Нұқанның өзіме екінші рет сенім білдіргеніне ризамын. Сенім деген ол енді қымбат нәрсе, мен оны білемін, Нұқаң да біледі, тойыст, Нұқаң менен бұрын біледі!» деді. Ал үшінші рет сайланғанда: «Біздің Нұқаңа альтернатива жоқ и ешкім альтернатива бола алмайды! Так что біз Нұқаңа шексіз алғыс айтып жүруге просто міндеттіміз! Нұқаң барда – біз бармыз, Нұқаң жоқта... кешіріңіздер, Нұқаң әрқашан бар, бізбен бірге жасай береді, жүз жасасын!» деді.

Сол тапқырлығымен, әне, тырп етпей отыр. Нұқаңына мұнда да Бас вагон, «тойыст», орынбасар. Бұғағы дізесіне түскенше отыратын шығар. Шешілмеген мәселесі жоқ. Анау жылы, колхоз-совхоз саудаға салынып кеп жіберілгенде, туып-өскен аудандарына Нұқаңа ілесе құстай ұшып барып, «кәпейке болып қалған» (Нұқаңның сөзі) азық-түлік дүкені, шаштараз, дәріхана, кітапхана ғимараттарын сатып алған. Одан соң да сатып ала берді, ала берді. Жарты бағасына, ширек бағасына. Әлі де ала береді. Нұқаңы: «Текке алатын да кезіміз келе жатыр» деген, бірақ ол келгенше ала береді. Заманға сенім жоқ, ертеңдер өзгеріп кетсе, тегіні адыра қалып, кәпейкеңе ала алмай жүруің мүмкін.

Ала беруде де Нұқаң - нұрлы үлгі-өнеге. Нұқаң еше демократ, қызғану деген пәледен аулақ. Інілері мен келіндерінен, қыздары мен күйеу балаларынан артыла бастағанды нағашы-жиендеріне, құда-құдағиларына бөліп беріп жүр. Сондай ұлы қамқорлықтың нәтижесінде іні-келіндері Францияның, Түркиәнің курортты жерлеріне хан сарайларын салдыртты. Қыз-күйеулері Англияның тұмансыз тұстарындағы принцтік поместье дегендерді сатып алды. Нағашы-жиендері облыстың шегіндегі санаторийлерді, қала сыртындағы бензинханаларды бөліске салса, құда-құдағилары қала ішіндегі мейманхана, мейрамхана, дәмхана, дәріхана, сұлулық салоны дегендерді басып қалды. «Кәпейкеге»!

Ал Нұқаң болса, Нұқаңның өзі болса, о, Нұқаң кесек турап, кесек жұтатын нұрлы не ғой... әлгі... ғасыр ғұламасы, кемеңгер ғой!..

«САУАП» БОЛҒАН

Күнделікті қызметі қызу да қызық атқарылып, айлық жалақысы апта санап өсіп, пәтеракысы, алдындағы асы мен үстіндегі киімі ай санап арзандап, өкіметтен жыл санап орден алудан да, шет елдерге сапарлап барудан да жалығып жүргенін айта келген әмбебап кейіпкерім Дұғай:

– Шіркін-ай, о дүниеге барып, ондағылардың мұндағылардан қандай артық-ауысы барын көріп қайтар ма еді! – деп аһ ұра армандай қалды. Ай-хой арманы төбесінен табанына дейінгі ұңғыл-шұңғылды

шүпілдетіп толтырған болса керек, іркілдеген денесінің қызуы пенжақ-шалбарынан шығып-ақ тұр! Онысын сезе қойғаным: әлгінде, мәдениетті адамдарша амандасқан сәтімізде, пенжағының жең ұшына қолым тиіп кеткенде, электр түртіп қалғандай-ақ, бүкіл өнебойым дір-дір түршікті.

– Қызуың шапшып тұр ғой?! – дедім, тұмау пәлекеті болып, сонысын жетектей жетті-ау деген күдігім желке жағымнан күбірлеп.

– Көңіл алабұртқанда организм өстиді! – деп ол өсиетті лақ еткізді.

– Түсінікті, – дедім, ештеңе түсінбесем де.

– Фәниден бақиға уақытша барып, біраз зерттеу жүргізіп келсек деген бір арман айттым емес пе, шынымен ұқпадың ба?! – дейді, шатынай бастап.

– Ұққанда, немене, сенімен қол ұстасып баруым керек пе?! – дедім, дертесін қайырып тастауға бұл жолы да дайын екенімді дереу білдіріп.

– Жо-ға... Саған әмбебап кейіпкер болған отыз шақты жылда сенің пәрменіңмен бармаған жерім, істемеген жұмысым, айтпаған сөзім, кимеген тоным қалмады, мына жер бетінде. Енді о дүниеге бір жіберіп алшы! – дейді, жата қалып жалынғанға бергісіз сиықпен.

– Е, мейлің! Тек, байқа, жердің жыртығын жамайтын, аспанның тесігін бітейтін немесің, жұмаққа кіріп кетіп, мұндағы бала-шағанды, бізді, мені тарс ұмытып, сонда күнібұрын қалып қойма! – дедім, көне кейіпкерімсіз тірлігім көктемейтінін көкейіне құйып. Ол көсемнің сөзін тындаған кісіше қол шапалақтап күлді де:

– Сен екеуімізге бір-бірімізсіз өмір жоқ емес пе, бізді ажал ғана бөліп әктер! – деп, көзін кенет төмен жіберіп, күмілжи сөйлегені. Бәтшағардың сөзі құлағымды, сиқы көзімді қажай қалды. Қоңқиған кеңсірігі шалшықтанып кетпесінді ойлап үлгіріп:

– Бара ғой, Дұғеке, екі апта уақыт бердім. Қазір жөнелсең де еркің! Тек хабар-ошар білдіріп тұр, марқұм түрік Әзиз Несин құдаңның Өлген есегі ғұрлы жоқсың ба?! Айтпақшы, бесіктегі сәбиге де ойыншық болуға айналған қалтателефонның біреуін ала кеткің, – дедім. Ол ұшып тұрып, секіріп-секіріп, мені бассалып құшақтап, мұрнымнан құшырлана бір сүйді. Қырқылжың кейіпкерімнің соншама жеңілтек екенін білсемші!

Содан екі аптамыз өтті, ай өтті. Бір емес, екі ай өтті.

Сөйтіп, үшінші айдың үшінші кешінде Дұғекемнің аман-есен

қайтып келгені! Бірақ менің борсиган кейіпкерім Дұғай емес, анау соғыстан кейінгі кинолар көрсеткен әлгі фашистік концлагерьден құтқарылғандардай көтерем Дұғай!

– Оу! – дедім, одан ары аузыма бір сөз тұрғай бір әріп те түспей.

– Әйтеуір... тірі жеттім-ау! – деп жылап жіберді байғұсым.

– Не болды? Қайда жүрдің? – дедім, қолымды қабырғам қайыс ұсынып. Қайран кейіпкерімнің саусақтары сіреңкенің талындай болып қалыпты. Қабырғам қайыса түсті. Омыртқам да «ойлана бастады».

– Сенің командировканмен о дүниеге барып келдім емес пе?

– Өзің сұрандың ғой?!

– Өзіме де со керек...

– Бірер күн дем ал, хиссанды сонсоң айтарсың.

– Жо-жоқ, осы қазір айтуыма рұхсат бер, ақтарып құтылмасам алжасып кетуім мүмкін, – дейді Дұғекем тағы кемседеп.

– Ендеше диванға отыр да... жоқ, жайланып жат та, мә диктофон, ақтар бар-жоғыңды. Мен қазір әкімнің баспасөз конференциясына баруға тиіспін, есікті сыртынан бекітіп кетем, шырқынды бұзар шыбын да болмайды, тәптіштеп теріп сөйле, – деп қалтамдағы диктофонымды ұстатып, шығып кете бардым.

Әкімнің ол жолғы баспасөз конференциясы да бұрынғыларынша ойпаң-тойпаң өтті. Әкімі де, емесі де: «Өйту керек!», «Бүйту керек!», «Иә, сөйту керек!» – деп өздері күнтәртібіне сопитып қойған жалғыз мәселені – «Қала тазалығын» ары теуіп, бері теуіп шаңын шығарып, қызды-қыздымен біреуі қыр асып, біреуі ойға сіңіп кетті. Шытынаған, шіренген шенеуніктер ғой, бәрі де тегін кеткен жоқ, бастапқы мәселеден басқаларын егіздетіп, сегіздетіп, бірі: «Алдағы парламент сайлауында мен өзімді өзім депутат қылуым керек!» деп қырылдап, екіншісі: «Алматының орнына Астананы, ал оның орнына мұны апару керек!» деп сырылдап, үшіншісі: «Қазақстанда орыс тілін мемлекеттік тіл етіп, қазақ тілін ұлтаралық қарым-қатынас тілі жасау керек!» деп бырылдап, төртіншісі... бәрі дөйдалаға «гөләйтпа» кетті.

Мен миым сұйылмай тұрғанда үйге қайтып, дем алуды жөн көрдім. Ертең Дұғекемнің «хиссасын» тыңдауым керек қой!..

Диктофонның тиегін ағыттым:

«Құрметті ием, «сатира сәмпылдамас болар» деп, салақтаған тілімді қысқартқан өзіңсің, келте тұсын керек етсең өзің ұзартып

аларсың. Әлхисса, араға апта салып, о дүниеге есен-сау жетіп, қақпасын қақтым. 500 доллар алып кіргізді. Біздің моллалардың құран-хатымының бағасы. Командировка қаржысына қоса біраз «запас» ала кеткенім әбден дұрыс болғанына қуандым. Құжаттарымды тіркеуші 200 доллар сұрады. Ол – сенің екі айғы пәтерақың. Моншаға түсіп шықпайынша ары қарай аттау жоқ екен, құртша құжынаған көпшіліктің көзіне көрсетпей кезексіз өткізушіге 60 долларым, моншашыға 150 долларым кетті. Олар – сенің мұғалім балаңның бес айғы еңбекақысы. Мұсылмандарға қосу үшін 250 долларымды қақшыды. Ол – сенің кандидат дәрігер балаңның төрт айғы еңбекақысы. «Мұсылманды мұсылмандар тобына қосу үшін ақы алу не сұмдық?!» деп ежірейіп байқап едім, жол иесі дегендері: «Онда кәпірлерге қосып жіберемін!» деп зірк етті. Жүрегім зырк етті. Ары қарай жорғалап жөнелдім. Мұсылмандар қауымына жеткен соң қазекемдерді іздедім. Онда, жалпы, діндестеріміз жеке-жеке ауыл болып қонған екен, шекараларына советский ала бақан орнатып, дуал соғып, қақпаларына ауылдарының атын айқайлатып жазып қойыпты. Айтшылағандай жағалата оқып жүріп кеттім. Қайсысының нешінші ауыл екенін санап та келемін: «Узбекистон», «Қырғызстан», «Тоджикстон»... 28-інші қақпа – «Казахи»... Бұ дүниедегі өздерімізше о дүниедегі қазекемдердің де іс қағаздары орыс тілінде жүргізілетінін түсініп, тілімді тістеп, есігін ақырын қаққылап едім, арғы жағынан: «Кто там?!» деген суық сұрақ сақ етті. Бұ дүниеде де талай естіген сұрағымыз ғой, аты-жөнімді айттым. Ет асым уақыт тостырды. Есік ашылды. Дырылдап-сырылдап: «100 доллар» деді. «Тізде теңге...» – айтып үлгірмедім: «Келген дороганмен қайт!» деді. Баяғыдан таныс өмір. Сұрағанын ұстата қойдым. «Вот офис, иди соған» деп иек қаққан жағына қарасам, Астанадағы әлгі... аты қай тілде еді... ә, иә, «Конгресс-Холл» тәрізді ғимарат тұр екен. Бірден қалай байқамағанмын?! Жүгіре басып бардым. Жап-жалпақ жап-жасыл есігінің маңдайшасында: «Комитет по распределению. Комитет бөлу жөнінде» деген көк бояулы жазу тұр. Есіктің қоңырау түймесін ақырын ғана бір бастым. «Вход со двора. Кіру артқы жақтан» деген шыңылтыр дауыс шықты. Өзіміздің Алматыдағыша екен ғой?! Ғимаратты айнала жөнелдім. «Здесь. Міне» деген қызыл жазу бар тұста терезе көрінді. Үңілдім. Сикынан не еркек екенін, не ұрғашы екенін біліп болмас біреу отыр. Қателеспес үшін

амал ойлап: «Замандас, сәлеметсіз бе? Мені командировкаға жіберіп еді...» деп бөгелдім. «Комитеттен өту 1000 доллар. А если... прямо жұмаққа барғың келсе, тогда маған три бакса гони!» дейді. Онысы – нағашы бизнесмен-демеушінің сенің былтырғы кітабыңды шығаруға берген көмек қаржысының сомасы. Былқ етпейді. «Подумай, асықпа» деп те қойды. Ақылы ақыл-ақ! Онысына рахмет! Ал тамұққа бару қанша екен, біле салайыншы деп ойлап, имене сұрадым. «10 доллар» деді. Жұмақтан пәлен есе арзан, ә?! Біздің көкбазардағы жарты кило қазының құны. Ақылына қарай асықпай ойландым. Қарияларымыздың айтуынша, жұмақ – жан рахаты. Не ішем, не киём демейсің. Жұмыс істемейсің. Хордың қыздары дайын. Шалжиып шалқы да жат. Бірақ... «Өмір – күрес» деп ғұмыр бойы алысып-жұлқысып, тырнасып, тістесіп жүруге дағдыландырылған, алас-күлес, оны-мұнына еріксіз араластырылатын мендей кейіпкеріне тыныш қана жүру сор емес пе, сондықтан өзіміздің бұ дүниедегі өмірімізбен өзектес шығар деп долбарлап, тамұққа барғым келді. Ішімнің пыспағаны дұрыс қой. Ойымды оқып отырған болар ма, терезенің арғы жағындағы еркек-ұрғашы дәл сол сәтте: «Комитет по распределениюден» направление алып срочно барған көп граждане жұмаққа кіре алмай жүр, кто-то жиырма жыл, кто-то бес жыл уже!» деп мырс-мырс күлді, бәтшәғар. «Ол қалайша?» дедім, таңырқағанымды жасырмай. «Біздің қазақтар: – Ей, жұмаққа менен бұрын кіретін кто ты такой?! Сопляк ты! – деп есік алдында бірін-бірі жағадан алып, іштен шалып, сырттан теуіп, почти войнамен суткаларды өткізіп жүр. Так что дұрыс ойлан» деді. «Ал тамұқ...» дей бергенімше, ойымды шынында оқып отырған болды, ол: «Тамұқ круглосуточно ашық, очередь жоқ, направление дайын!» деп тақылдап, жазуы, мөрі бар жарты парақ көк қағазды ұсынды. 10 долларын ұстаттым.

Ал тамұқта... Американдық киноларды көріп жүрсің ғой – тура сондай! Сарт-сұрт. Шақ-шұқ. Қиық-шиық. Гүрр-дүрр. Астаң-кестең. Баж-бұж. Шыжыл-быжыл. Шыңғыру-өкіру. Суша аққан қан... Біздің омондықтарша қап-қара бетперде киген еңгезердей екеу ап-арық, алакөз сап-сары жігітті екі құлағынан шымши көтеріп: «Араққа неге құмар болдың?!» деп зірк-зірк етеді. Біздің Жұтқырбайды сөйтсе ғой! Бетперделі төртеу – тамұқтағы қырыпсалдар шетінен бетперде киеті екен – бытпиған біреуді аяқ-қолдарынан ала төрт жаққа тарта керіп:

«Парақор зәлім болуды қай жылы бастадың?!» деп ақырып тұр. Біздің Көрбайды сөйтсе, шіркін! Енді бір тұста: «Неше әйелді тірі жесіп еттің, неше баланы тірі жетім еттің?!» деп сақал-мұрты сапсиган біреудің тақымына қылбұрау сала бастады. Біздің Безеубайды сөйтсе! Бір жерде: «Әлсізге күш көрсетіп, ақырғы тауығын тартып алуды неге қоймадың?!» деп бір жырықерін жігітті желкелеп тұр. Біздің Шұғайқұлды сөйтсе, ә?! Бір тұста: «Мемлекеттің қаржысын обып, жан-жағыңды өртше жалмағаның қалай?!» деп ұзын мойын еркекті тыржалаңаш тоңқайтып қойып, токішегіне малта тастарды тыққылап отыр. Уай, біздің құлқынбай төбетті тұп-тура, иә, иә, тұп-тура сөйтсе! Тағы бір тұста: «Жүрген жерінді лаңдап, жұртты қырықпышақ еткеннен шыққан мүйізін кәне?!» деп сопақбас біреудің төбесіне ыстық су тамшылатуға кірісті. Біздің Әкрибек шошқаны сөйтсеші! «Қалтасы қалыңға жалданып, жазықсыздарға көр қазып келген қарақшы сен емессің бе?!» деп шапыраш жігіттің кіндігіне істік темір сұққылап тұр. Біздің Батпақбайды сөйтсе!..

Өнебойымдағы шаш, қыл атаулы түп-түгел тік тұрып, полицейлердің... жо-жоқ, тамұқ тергеушілерінің ешқайсысының көзіне шалынбауды қатты ойлап, мысық жүріспен аралап, қызынып, қызтығып, терлеп, шаршап, әлдебір уақытта бір қалтарысқа жетіп, қисая кеттім. Қолаңсы иіс қолқамды қапты. «Қап!» деп, тазарак жер таппаққа тұра беріп едім, қап-қара бетперделі бір дәу тап бола кетіп, жауырынымнан шап беріп, тырбаңдатып ала жөнелді де, қалталарымды қағып, өзімді көрдей үңірейген бір шұңқырға тастап кеп жіберді. Зулап барып, былш еттім. Түбі шалшық зындан екен, құрыған жерім сол болды... и-и-и... Бір ай жаттым. Тергеу жоқ, сот жоқ. Ондай бізде де болып тұрады емес пе – соттамасты бес минутте соттап, сотталуға тиістіні айлап, жылдап күзеттіріп, қою дегенің...

Менің көріме... жо-жоқ, зынданыма әлдекім үш күн сайын бір бөлке қара нан, бір бөтелке су түсіріп кетіп жүрді. Содан бір түні арқан тастап, оны жұмаққа жолдамадай көріп қуана бассалған мені дырылдатып сүйреп шығарып: «Жоғал!» деп гүж етіп, оңдырмай бір теуіп, өзі ғайып болды... Саған, әйтеуір, тірі жеттім-ау!.. Енді ме, енді сенсіз тырп етпеймін!..»

Секектеп кетіп едің, «сауап» болған екен!

ТАРИХИ КЕҢЕС

Алдын ала ескерту:

Кеңеске қатысушылардың кім, қайда, не істейтіндерін, неше жаста екендерін, тіпті ныспысын толық атамаймын. Яғни, керекеткендеріңіз кейіпкерлеріме өздеріңіз ұқсатқан дос-жолдастарыңыздың, таныс-шатыстарыңыздың, көрші-қолаң дейтіндеріңіздің аты-жөнін қойып ала беріңіздер, ол үшін полиция сабамас, сотқа сүйремес. Сонымен...

Анау сөйлеп кетті:

-Мен көріп отырмын, менің аталастарым, сендер түгел жиналдындар. Олай болса, кеңес ашық. Мен күнтәртібіне бір ғана проблеманы қойдым. Ол – «Басқалардың басы бар еркектері мен ұрғашыларын, знашит, атақты кісілерін өзіміздікі, біздің бошақ етіп алу». Қазақтың тарихы да, мәдениеті де, әдебиеті де, ғылымы да, өнері де, экономикасы да, - обшым барлығы, да, барлығы, естисіндер ме?.. - бірі қалмастан барлығы да біздің бошақтан басталған болуы керек! Барлығын жеке-жеке, бір-бір кітап етіп шығарамыз, кино жасаймыз! Мен ақша табам, доллар, евро, тағы немене, мен лубойын тауып беремін! Бізде бәрі бар и жетеді! Түсінікті и ұғынықты. Сұрақ жоқ. Сұрақ – менен, жауап – сендерден. Мен бастаймын:

-Украиндардың анау Клишко деген керемет боксөрін қалай өзіміздің бошақ етіп аламыз?

-Мырке, сіздің ойыңыз просто өте дұрыс! Оларға атақты бизнесменіміз Шүкешті жіберіп, украиндарға білдірмей келіссөз жүргізу керек те, екеуін екі миллиард долларға сатып алу керек!

-Мырке, Боқа ақылды ұсыныс айтты, сөйту керек!

-Қайдағы «ақылды ұсыныс»? Бұл бір Клишкодан «екеуін» деп екі Клишко жасап, «екі миллиард» деп, жартысын баяғы әдетінше өзі жымқырып қалмақ қой, а?!

-Мырке, Кличко біреу емес, олар ағайынды екеу!

-Да?! Ал мен телевизор: «Клишко, Клишко» деп жүрген соңб біреу-ақ екен десем... енді білдім. Олай болса, олар екеу болса, онда, знашит, Клишколар деу керек, онда екі миллиард деген дұрыс.

-Мырке, ол Клишколар ақшаға сатылатын біздің кереметтер дейсің бе? Мен білсем, олар сатылмайды, соны анықтап алуымыз керек.

-Неге сатылмасын? Ақша табу үшін ол... әлгі олар жер-көкті аралап төбелесіп жүрген жоқ па?

-Шүкеш барып сөйлесе, шіркін, біздің Шүкеш оларды ислам дініне кіргізіп қайтар!

-Кіргізіп қана қайтпауы керек. Сол жақтан сразы Меккеге прямы алып барып, қажы етіп алып келсе, бошақ болады да қалады. Украинаның президенті де таласа алмайды!

-Мырке, Өкет мықты айтты, қатырды, ә?

-Маладес! Көрдіндер ме: заңгердің аты – заңгер! Клишконың, тойыст, Клишколардың мәселесі шешілді. Тағы қандай ұсыныс бар, кәне?

-Мырке, мәселе тірілерде ғана ма, әлде бізге өлілер де керек пе?

-Да, панимайыш, мен сендерге ескертуді ұмытып кетіппін, бізге өлілерді көп алу керек. Неге десеңдер, сендер бәрің ұғып алындар, біріншіден, өлілерге ақша жұмсамаймыз, эконоом болады, ал, екіншіден, олармен келіссөз жүргізбейміз, уақыттан ұтамыз. Да, үшіншіден, оларды жоқтап, «біздікі!» деп дауласатын пәлелер бола қоймайды, болған күннің өзінде, знашит, біз оларға бой бермейміз, «Ол – бошақ!» деп айта береміз, айтқыза береміз, жаза береміз, жаздыра береміз! Всө!

-О, Мыркең гениально айтты!

(Ду қолшапалақ.)

-Мырке, менде бір ұсыныс бар. Біздің әл-Фарабимен жолдас болған Аристотельді өзімізге алуымыз керек. Оны бошақ қылу оп-оңай. Мысалы, біздің бошақтан тарайтын арысты деген ру бар ғой, соның түп-тұқияны Арысты деген әулие болған, ол... ары қарай қалай қиыстырсақ екен... ол... айтайық, жиырма тоғыз жасында ағайындарымен суға таласып, жеңіліп қалып, қатты өкпелеп, мұнда бала-шағасын қалдырып, шет жұртқа, Аргентинаға аттанып кетіп, Арыстыұлы сөйтіп Аристотельге айналған дей саламыз!

-Әй, Өкет, Аристотель Грецияда болған.

-Ештеңе етпейді, сен, немене, ешқашан қателеспеген кісімісің?!

-Мыркеңнің замечаниесі жақсы! Мәселе Аргентинада, не Грецияда емес, мәселе Арыстыұлында. Ал бұл мәселемен, меніңше, Қойшық айналысын, Қойшықты бәріміз білеміз, жазғыш жігіт, тез жазады, тарих туралы төрт кітабы бар. Жазушылар одағының

айғырдай арқыраған мүшесі. Алдыңғы жылы Мұхаммед Әлиді бошақ деп үлкен гәзетке жазып, телевизордан, радиодан сөйлеп, дәлелдеп берді емес пе?!

-Е, біздің үлкен гәзетті кім оқиды дейсің, біреу-міреу оқыса, арабтарға: «Мұхаммед Әлиден айрылдындар!» деп жеткізер еді. Мырке, өзіңіз білесіз, жеткізу жағына қазақ елгезек қой. Ал телевизорды, е, оны... мәселен, мен футбол мен хоккейден басқа дәнеңе көрмеймін, көршілерім де мен сияқты.

-Жақсы! Сен, Қойшық, давай, бүгін кештен бастап кіріс. Жазу жұмысына не керек, бәрін тауып беремін! Дұрыс па, мырзалар?

-Дұрыс!

-Әрине, дұрыс!

-Біздің Мыркең әрқашан мировой етіп айтады!

-Қойшық, сен қорғанба, Мыркеңнің сенімін ақта!

-Мырке, мені көптен бері бір жоспар жағалап жүр. Әлгі әйелдерге ғашық ақындар айтатындай, күндіз ойымнан, түнде түсімен шықпайды.

-Нока, Қоқа, нока, айт бізге, кәне!

-Мен өзі, Мыркең біледі, архивтің маманымын. Кейде оны-мұныға ашуланғанда әйелім айтады: «Сол архивіңе көшіп кетсеңші!» дейді...

-Қазіргі әйелдердің шашы да қысқа, ақылы да қысқа!

-О, Раха тура айтты!

-Қоқаның сөзін бөлмеңдер, тыныш отырып тыңдаңдар! Тәртіп керек, тәртіпсіз бірде-бір проблема шешілмейді. Давай, Қоқа, архивің не деді?

-Сонда мен сонау пәленбайыншы ғасырдағы бір журналдың екі бетін тауып алдым. Біреулер жыртқан ба, жоғалып табылғаннан қалғаны ма, но өте ертедегі журнал.

-Өте ертедегі екенін қалай білдің?

-Қағазы өте сарғайып кеткен, бетіндегі жазуының бір жері көрінеді, бір жері көрінбейді, өте ертеде жазылған.

-Ал көрінетін жерінде не деп жазылыпты?

-Иә, сонысын айтшы!

-Американы Малбоггар деген саяхатшы ашқан депті, архивтегі төрт маман кезек-кезек оқып, солай деп шештік.

-Қоқа-ау, «Малбоггарын» не? Ол Малбағар деген қазақтың аты ғой?!

-Мүмкін, ей!

-Шынында солай шығар?!

-Мырке, сізше қалай?

-Мен Қоқа тегіннен тегін архивші болған жоқ, деймін. Өте ескі қағазды оқи алу үшін өте көп оқу керек. Өздерің білесіңдер, Қоқа бір институттың, бір университеттің оқуын бітіріп, қазірде академияда сырттай оқып жүр. Қоқа, сенің Малбағарың мен біздің Шошқабағардың түптұқияны бір болуы керек. Сен соны, панимайыш, көз майыңды аямай анықтап ал да, мақала жаз.

-Мырке, сіздің тапсырмаңыз өте орынды!

-Сөзді бөлмеңдер дедім емес пе?! Мен, Қоқа, сенің мақалаңа бір факт қосайын. Біздің атамыз Малбағар марқұм Америкаға текке барған жоқ, ол Американы ғана ашып қайтқан жоқ, панимайыте?! Малбағар... Малбағар, Мадагаскар... Во! Ол Мадагаскарды да ашқан! Малбағар кейін Мадагаскар болып кеткен. Сен осы фактіні мақалаңа әбизателлно кіргіз!

-Дұрыс!

-Шет елдің кісілері қазақтың атын бұрмалап жаза берген.

-Тоқы, сен шет елді айтасың, өзіміздің орыстар ше? Кеше анау үлкен гәзеттерін шолып отырсам, біздің Уәлиолланы Валиолла деп жазыпты.

-Чуть не валидол деші?

(Ду күлкі)

-Тоқтаңдар! Маңызы өте зор проблеманы талқылағанда өте сериозный болу керек! Күлетін түк те жоқ. Тағы қайсысың не айтасың?

-Мырке, рұхсат па?

-Рұхсат.

-Меніңше, біз сіздің жиналысымызды неткен сөзіңіздегі «еркектер мен ұрғашылар» дегеніңіздегі сіздің «ұрғашыларыңызды» просто естен шығарып алдық. Еркектерді ғана айтып, ұрғашыларды нетпей, просто бір мысал келтірмей отырмыз.

-Салка, сен маладессің! Кәне, сол ұрғашыны өзің нетіп жібер!

-Құрметті туыстар, тарихқа үңіліп отырғанда менің бір

байқағаным: Украинадағы казактар мен біздің казактардың терең, ерте, көне байланысы бар. Казак пен қазақ деу почти бірдей, ғылыми жан-жақты зерттеуді керек етпейтін егіз аттары бұлардың соно-о-оу тас заманында ағайынды кісілер болғанын айтады. Әрине, біздің қазақ - ағасы, ал аналардың қазағы – інісі. Міне, осылай деп нетсек, тура төбесінен түсеміз. Олардың «казак» деген сөзінің басы мен аяғындағы екі әріпте құйрық жоқ та, біздің «қазақ» деген сөзіміздің басы мен аяғындағы екі әріпте құйрық бар. Түкке тұрмайтын айырма ғой, ә?

-Қызық екен.

-Шынында ойға келе бермейтін нәрсе.

-Соны басқамыз қалай байқамай жүргенбіз?

-Салқаның байқайтын жөні бар, ол оны білуге міндетті, себебі ол – филология ғылымдарының докторы!

-Так, Салқа, сен ол мысалыңмен не айтпақ едің?

-Мырке, менің нетейін дегенім... Украинаның қазіргі премьер-министрі ұрғашы ма? Ұрғашы. Оның казактан, иә, құйрығы жоқ казактан шығуы мүмкін бе? Мүмкін. Ендеше, әлгі екі құйрықты есептен шығарып тастап, қазақ пен казактың түбі бір деп ғылыми мақала жазайық та, оны бері алып алайық, ал бері алып алған соң оны бошақ қылу...

-Но, но, Салқа, но! Мен сені бұл мәселеде қолдамаймын. Сен ұрғашыны басқа жақтан тап, оған тиіспе, ол президентімен айтысып, екеуі қырқысып, президент болам деп күрес жасап жүр...

(Мыркенің қалтателефоны әндетті.)

-Әлләу, а?... Мен... ә, қазір, қазір барам, қазір!

(Мырке қалтателефонын қойынқалтасына сүңгітіп жіберді.)

-Нүкең маған: «Тез келсін!» депті, естідіңдер ғой, көмекшісі Аскең айтты. Ал мен кеттім, тараңдар, ертеңге дейін ойланыңдар, мен сендерді ертең қайта шақыртам!

Мырке өңкиіп тұрып, еңкедеп жөнелді. Бошақтың басқалары керіліп-созылып, күбірлесіп-сыбырласып тарай бастады.

ҰЖЫМДЫҚ ҰЙҒАРЫМ

Ноқаң найзаның ұшындай қасын жоғары-төмен секіртіп-секіртіп алды да, биік арқалықты орындығында өзі де бірер ырғалып қойып, сонсоң үстелді екі қолымен бірдей тіреп, шалқып барып тыншып:

-Жиналып болдыңдар ма? Кәне, әлгі не, күнтәртібі қайда? - деді, отыз кісі сығылыспай-ақ сиысатын үстел бойының сонау есік жақ басында отырған, тап-тақыр басы доптай доп-домалақ, көкшілдеу көзі дөп-дөңгелек сап-сары жігтке қарап. Орта бойлының о жақ, бұ жағында ғана дерлік толықша ол жігіт Ноқанды баққан көзін алдында қобырап жатқан қағаздарға «тастап жіберді» де, сайрай жөнелді:

-Бүгінгі кезекті мәжілістің күнтәртібінде қос нүкте бірінші Солтекең, Солтыбай Молтыбаев жолдастың командировка сұраған өтініші нүкте екінші Дүгекең, Дұғақұл Иманқұлов жолдастың делегациялық есебін тыңдау нүкте үшінші Жасекең, Жасқали Кәріғалиевтің еңбегін мемлемемлекеттік сыйлыққа ұсыну i-i-ih-hi-i...

Жұп-жұқа еріні жыпылдап, тілі аузында алашапқын болған сайын қағазға құдия түскен домалақ бас кенет түйіп қалған допша қойқаң етіп көтерілді де, дөңгелек көз Ноқаңа «ләппәй!» деді. Сап-сары жігіт қып-қызыл боп кетіпті. Оның оң қапталындағы маймыл мұрынды қатпа қара «қи-қи» деп күле бере біреу ауызын жастықпен баса қойғандай үні өшіп, жым болды. Неменеге күлмек болғанын, әрине, қатпаның өзі біледі, ал мен күнтәртібін кенезесі қатты кеуіп жеткен кісінің су ішкеніндей үн деместен оқыған домалақбас тұншығып кетер ме екен деп іштей шоши бастап едім, ол «i-i-ih-hi-i» деп еңсесін жазғанда өкпесіне ауа барып үлгіргеніне шын-ақ қуандым.

-Так, - деді Ноқаң, енді екі қолын да үстелдің астына аттандыра итініп отырып, оң мен солдан өзіне жапақтап қараған қауымды көзімен сыпырата сүзгілеп. - Солтекең туған ауылына бармағалы бес жыл болған, давайте, жіберейік, жарты айға, өзі екі апта сұраған, что же, барсын, ауылын көрсін, сөйлессін сондағы... қалай, жолдастар? Біздің мекеме есебінен командировка алады, а? - деп, әлгі қатпа қарадан бір орын төрлеңкіреп жайғасқан дудар шәштіге қысқа кірпікті шегір көзін қадап, төртайлық бөбектің башайындай тісін түгел ашты, сірә, жылы жымиғаны шығар. Дудар шәшті бір қолымен мойынын,

екінші қолымен үстелді сипалады, сірә, ауылына бармағанына бес жыл болғаны, моншаға түсу керектігі есіне түскен шығар.

-Дұрыс, барсын! - деп әлдекім шіңк етті.

-Протоколға жаз! - деп Ноқаң сол итінген қалпы домалақ басқа иек қақ- ты. Онысы қаламын сүйектете жөнелді.

-Енді Дүгекеңді тыңдайық, давай, Иманқұлыш, сөйле, - деді Ноқаң қайтадан шалқайып.

-Иә, тыңдайық, - деп әлдекім қырылдап қостай қойды.

Ноқаңның сол жағында, екі орын төмен отырған төртпақ қызыл жігіт жөтел мен жөткіріністі «будандастыра» бір ышқынды да, кетігінен құлап бара жатқан түйекіріпішше қисая-қисая тоңқайып, үстел астынан астау тақылеттес қоңыр қағаз қорап алып шықты.

-Интересно, - деді Ноқаң.

-Иә, интересно, - деді әлдекім.

-Иә, - десті тағы бір-екеу.

Төртпақ қызыл төрттекшелене түсіп, «астауын» ашуға кірісті. Менің есіме балалық шағымның бір көрінісі орала қалды: біздің ауылда бір ғана орыс шаңырағы бар еді де, онда бізбен жасты бір ұл бар еді, ол мына төртпақпен өндес болатын; сол ұл бізден қалмай, жалбандап кеп жүреді. Соны көрген сайын Ендіғой деген кемпір: «Сібөклә сияқты қып-қызыл мына құдайдан қайт-қырға не жоқ екен?» - деп күлетін.

Ашылған «астаудан» аса көркем бұйым алынды: алтынмен аптағандай әдемі қайық үстінде күміспен күптегендей әсем ауды суға сусытып түсіре бастаған жігіт бейнеленген.

-Ух ты! - деді Ноқаң, оң қолын көтере сүйсініп.

-Иә, керемет!

-Иә, иә!

-Ноқаңа әперіп жіберіңдер!

-Иә, Ноқаңа әперіп жіберіңдер!

Бөлме іші гуілдеп кетті. Ноқаң мен төртпақтың арасындағы екеудің бірі - түлкі бет, мысық мұрт жігіт:

-Шедевр! - деп мәз болып, қолшапалақтап та жіберді. Мәжіліс үстелі басындағы он шақты жігіттің көпшілігі, басым көпшілігі оған қосыла қол соқ- ты. Төртпақ болса, қайықты қос қолдап көтере тып етіп тұрып, орындығын аяғымен ысыра жолын аршып, дереу Ноқаңа қарай

беттеді: екі беті алаулап, екі езуі екі сырғалығынан асып кеткендей. Тыпындап барып қайықты ұсына бере Ноқаңның аузына «ауыз салды». Ноқаң да ауызын алып қашпады, «ауыз салғанның» көкесін көріп жүрген болса керек, екеуі үш мәрте сүйісті. Қол шапалақталып жатыр. Әлдекім: «Уррра!» деп те қалды. Мен қол соғарымды да, соқпасымды да, ураларымды да, ураламасымды да білмедім. Сол жағымда қопандап отырған, шәші сиыр жалағандай жып-жылтыр боп қайырылып жатқан семізшелеу жігітті Эзоп-Крыловтың әлгі айна алдындағы маймылының ақырын түртіп қалып:

-Бауырым, ғафу етіңіз, бүгін Ноқаңның туған күні ме еді? - дедім.

-Жо-ға! Просто біздің бөлім бастығымыз Дұғақұл бастаған делегация, үш кісі, Қытайға командировкаға барып келді, анау - қытайлық достар берген су-венир ғой, қандай красота! - деп мені мағлұматтың астында қалдырды.

-Тәңір жарылқасын, түсіндім.

Сол әредікте Ноқаң:

-Бұл сувенир кеңседе тұру үшін емес, үйде тұру үшін жасалған, а?! - деді, «алтын қайықты жігітті» аспандата көтеріп, алдындағы жұртқа ыржия қарап. Жұрты жамырап қоя берді:

-Ноқа, сіз дұрыс айтасыз!

-Әрине, дұрыс айтты!

-Тауып айттыңыз, Ноқа!

-Ноқаңның вкусы-ай!

-Ноқа, жеңгемізді бір қуантыңызшы!

-Кеңсеге сувенирдің керегі не?!

-Бұл жерден жоғалып кетеді!

-Ноқа, үйіңіздегі жазу үстеліңізге апарып қойыңызшы!

Шәшін «сиыр жалаған» семізше жігіт тіпті ұшып тұрып, құшырлана соқты қолын. Онысыз да шапалақшылар жетіп жатқанда ол, әйтеуір ұшып тұрған соң, Шәмші Қалдаяқовтың «Қайықта» әнін бастап кеп жіберуі керек еді, бірақ өйтпеді, өйтуге ақылы жетпеді, қап!

Домалақбас домалай ұмтылып төртпаққа жетіп барып, оның алдындағы «астауды» қақшып алып, Ноқаңның қасынан бір-ақ шықты. Ноқаң ұсынған «алтын қайықты жігітті» бөбекті ұстағандай өбектеп алып, қорабына сала бастады.

-Байқа, ақырын, - деп төртпақ күңк етті.

-Иә, байқап салған жөн, - деді әлдекім.

-Просто нәзік жасалған, нағыз шедевр! - деді түлкі бет, мысық мұрт, әуелі үш рет таңдай қағып, сонсоң екі рет жұтынып.

Ноқаң домалақбастың қимылын қырғиша бағып отыр. Домалақбас қорапты екі алақанына салып, жер астында қырық жыл жарылмай жатқан снарядты алып шыққан саперша аяғын санап басып, Ноқаңның жұмыс үстеліне апарып қойды. Неге екенін білмеймін, маған: «Бұл кабинетке жолы түскен сувенир атаулының бәрі бұл кабинеттегі дәм-тұзы таусыларда ақырғы минөт-сағатын андағы жалпиған жалмауыз үстелде өткізетін шығар!» - деген оқыс ой келгені.

-У-ух! - деді әлдекім, үстінен замана жүгі түскендей.

-Да-а-а! - деді Ноқаң, бетін енді жұртына бұрып. Содан кейін кенет маған қиықша көзін қыспита қарады. Мен іштей: «ә, сені мыналарға таныстыруды ұмытып кетіппін-ау?!» - дегеніне жорыдым онысын. «Маған кадр бөліміне бастық керек, сен келсең дұрыс болар еді, кел, бізде жұмыс жеңіл, ақша нөпір, кел!» деп қайта-қайта шақырған өзі еді. Сонау бір жылдары. Ноқаң бүгінгідей «бас» емес, «мойын» кезінде, тұтас бір бесжылдық бойы подъезд еншілес болып, есікпесік тұрғанбыз. Кейін ол пәтер жаңартып кеткен. «Бас» та болыпты, мені де ұмытпапты. Кел деген қызметіне бүгін келген едім, бірақ менің жазар өтінішім - ойымда, ал оның жазар бұйрығы - қаламының ұшында. «Ұжымыңның бет-ауызын, сиық-кейпін көрейін әуелі», дегенді мен айтқанмын, «қазір кезекті мәжілісіміз басталады, сені кадр бөлімінің жана бастығы деп бәрібір таныстырамын», дегенді ол айтқан. Мен, міне, оның ұжымының ұнжырғасын көріп отырмын, ал ол, міне, қиықша көзін қыспиган күйінде менен түлкі бет, мысық мұртқа көшірді де:

-Мәселе Жасқали Кәріғалиевта, жолдастар, - деді, екі қолын төсінде айқастыра шалқайып, орындығын сықырлата сағат тілінше тербеле бастап.- Мен... так, мен Кәріғалиев жолдастың жазба жұмысымен таныспын. Мен оны фундаментальный труд деп бағалаймын. Мен оны мемлекеттік сыйлыққа ұсыну керек деймін. Ол мемлекеттік сыйлықты алатын болады. Қалай, мен дұрыс айттым ба? - деп, қасын тағы секірттіп-секірттіп, жанарын салқындаттып, дауысын зорайта жөткірінді.

-Дұрыс нәрсені енді... Ұсыну жөн шығар...

-Өперу қолдан келгенде...

-Еңбек қой, еңбек, әрине...

-Ноқаңша бағалай білсе...

-Иә, Ноқаң білмесе... - деп біріне бірі тіркеле бастаған сөйлемдердің ешқайсысының соңында леп белгісінің жоғы қазақ тілінен хабарсызға да ап-анық еді. Сол бейжай «көшті» жетпес жеріне созбай кідіртейін деп түйді ме екен, Ноқаң шалқайғанын да, тербелгенін де доғарыш, орнынан шапшаң тұрып:

-Мен оны дауысқа саламын. Кім жақтайды, кәне? - деді, өзі қолын көтеріп. - Түсіріңдер. Кім қарсы?.. Кім қалыс қалды?.. Жүз процент жақталды, жолдастар! Дұрыс! Күнтәртібіндегі мәселелер қаралды, жолдастар, шешілді. Мен министрлікке кеттім, одан соң Совминге барамын. Тарауларыңа болады. Мәжіліс протоколы ертең дайын болсын, мен қол қоямын!..

Ал мен...

СОҒҒЫНЫҢ СОҒҒЫ СӨЗІ

Мәртебелі мырзалар! Сонау Қазан төңкерісінен беріде бәріміз жабыла жинаған социалистік-коммунистік сөздеріміздің біразы бүгінде тіліміздің түбінен суырылып алынып, әлгі есіктен итке лақтырылған сүйектің күнін кешіп жатыр. Ой-хой, дүние, десеңші! Басқасы басқа ғой, дәп «жолдас» деген сөз иістенеді деп кім ойлаған?! Ең кішкене, шынашақтай ғана бастыққа өтініш жазғанның өзінде «Пәленбаев жолдасқа» демесек, ол өтінішіміз ары қарай оқылмай, жолы болғанда—басекеңнің алдындағы хат тіркегіш бикеш арқылы архивке кететін, ал жолы болмағанда — басекең ол байғұсыңды ортасынан қақ бөліп, үстелінің қапталындағы қоқыс ыдысына тастай салатын. Әлі есімде, Мықыр атты бір бастық менің өтінішімді сөйтті, айтпақшы, сөйтіп қана тынбады, тегі жыны желкесін тырнап отырды ма, ит білсін, үстіне ышқына қақырып та жіберді.

-Ойбай, оныңыз не?! —деп шырр ете қалмаймын ба.

-Оным сол! «М. Әбілетов жолдасқа» деп прабилні жазбағаның қалай, а? Мен боржойдың тұқымы емеспін, «М. Әбілетовке» дей салатын! Мен—совет, со-вет кад-ры-мын! Маған «М. Әбілетов

жолдасқа» деп жазу керек! — деді бастық шіркін, өзі қара кісі мүлде қарақошқылданып кетіп.

-Олай екенін...

-Қайтадан прабілні жазып әкел, «олай екенін» дегенше. Бара бер, енді уақытымды алма, бар!—деді, орнынан ұшып тұрып, доңыздың көзіндейінен қылпып түсер кездік шығарардай шүйіле қалып.

«Пәледен машайық қашқанда» маған не жорық, шыға жөнелдім, бірақ тек кетпедім, ішімнен: «маймыл сияқты сиқыңды ..!» деп ондырмай шықтым. Содан кейін оның алдына жолаған жоқпын. Себебі ол өсіп кетті. Өзі өскіш, ей! Алматыдан бірдеңе оқу бітіріп, ойнақтап аудан орталығына келіп, көкесінен қалған кеңсеге кіріп ала қойып еді, бірақ мен бір өтініш беріп үлгіргенше облыс орталығына көшіп кетті. Креслосы биіктеп, портфелі «қондана» қалған екен. Біз шөп шабуға кірісе бастағанда ауысқан. Шөпті үйіп болып, енді егін орағына қамдана бергенімізде «М. Әбілетов жолдастың» астанадан бір-ақ шыққанын естідік. Уәйда! Министр болыпты! Жерлесінің министр болғанына жетесіз қу ғана қуанбас. Біз той жасай жаздадық. Егін орағына кірісіп кетпегенімізде жасайтын едік. Сонсон қайтейік, өкіметтің шаруасы шатақ емес пе, тойды кейінге қалдыра тұрдық та, «М. Әбілетов жолдасты», жо-жоқ, Мықанды жерлестерінің атынан шын жүректен құттықтап келуге Жолдыбекті жібердік,— қалай жібергенімізді іштеріңіз білер, ел емеспіз бе! Самолетке екеулеп-үшеулеп отырғыздық.

-Амансыңдар ма?—деп ертеңінде Жолдекеміз түрмеден шыққан кісіше жапақтап келіп тұр.

-Әй, не, иә, қалай барып келдің? Мықана жолықтың ба, сәлем бердің бе? —демейміз бе, жан-жағынан жамырап.

-Сәлемді... бердім ғой, бірақ ол сәлемдемелерінді ғана алды, діземді бүктірмеді,—деп Жолдыбек құдды үйден шыққаннан бері отырмағандай сылқ етті.

-Әй, мынаған не болған?!—деді Сәйдім ақсақал ренжіп.

Жолдыбекке ренжудің өзі жол білместігіміз екен.

Жолдекең астанаға аман-есен барған. Мықанның министрлігін тез тауып алған. Түскі үзіліске шығарларына дәл барып, Мықана сыртқы есік көзінде қарсы ұшырасқан. Сәлем беріп, оң қолын ала жүгірген. Мықан оған сол қолын ұстатып: «Сен мұнда не бітіріп жүрсің?»—

депті, кейіген кеспірмен. Жолдыбек бәріміздің сәлемімізді, құттықтауымызды үйіп-төккен, теңкиген сөмкемізге қарап тұрып.

-Мен қиыншылықта жүргенде қайда қалдыңдар?! Сендерге енді керек болдым ба?! Мынауыңды, әйда, анда апарып салыңдар!—деп Мықан көлденеңдей қалған «Волгасын» тұқыл иегімен нұсқапты. Шофері де ытқып шығып, Жолдыбек екеуі сөмкемізді мәшинеге тоғытыпты. Мықыр да мәшinesіне жайғасып, тұқыл иегін көтеріп, тайып тұрыпты. Жолдыбегіміз жетім бейшараша сопиып қала беріпті. Сонсоң қашанғы тұрсын, бір түкіріп (түкіргенде іштей нендей «дұға қайырғанын» бізге айтпады), аэропорт жаққа қарай аяндапты.

-Пенжағымды киіп тұрғаным жақсы болды,— деді Жолдекең.

-«Киіп тұрғаның» қалай? — дейміз ғой.

-Күн күйіп тұрған. Таксиден моншадан шыққандай болып шықтым да, пенжағымды шешіп, қызыл сөмкенің үстіне салып қойдым. Мықырдың сыртқы табалдырығына сөйтіп көйлекшең бардым. Содан кейін: қой, ыстық болса да киіп алайын, министрдің алдында көйлекшең тұрғаным ұят болар деп ойлап, дереу киіп алдым, дәл сол минөтте Мықыр да шыға қалды,— дейді Жолдекең.

-Пенжағың сөмкеңнің үстінде жатса, «Гитлер капут!» сонда болады екен-ау, ә? — деп Кеңесхан кеңкілдеп күлді.

-Ойбай, айтпа! Шалбарымды қоса сыпырып алып кететін еді, Мықырдың түрі жаман, — деп тіксінді Жолдыбек.

-Қойыңдар. Өзімен кетсін!. Орын-орындарыңа барыңдар, кәне,— деп Сәйдім ақсақал бізді таратып жіберді...

Сол Мықыр—«М. Әбілетов жолдас» бір қиыншылыққа тап болыпты деп естідік, содан кейін он үш жыл өткенде. Өмірінде ешқашан ешбір ауыртпалық көрмесе де, баяғыда Жолдыбекке: «мен қиыншылықта жүргенде қайда қалдыңдар?» дегені есімізге түсіп, есептесіп қайтеміз, өз ауылымыздың бір қара домалағы емес пе еді, біреуіміз барып, жағдайын біліп қайтайық дестік.

-Ел аман, жұрт тынышта «мен қиыншылықта жүргенде» деп өз басына өзі сақина тілеп шатылған еді, соны қайте қоямыз?—деді Кеңесхан, жақтырыңқырамай.

Көпшілік Кеңесханды құптамады. Ағайыншылықты өкпешілдікке айыр-бастамады. «Саттар барып келсін!» десіп, астанаға енді мені аттандырды.

Жеттім Алматыға. Сөмкем «әп-бәрекелді!». Соғымнан сыбаға.

Желтоқсанның орта шені еді. «М. Әбілетов жолдасты» іздеп әлгі министрлігіне барып әуреленіп жүрсем, «М. Әбілетов» жолдас ұшынып кетіпті, ылдидағы бір қызметке жіберіліпті. Министрліктегі бір қайырымды кісі ары іздеп, бері іздеп, бір тозығы жетінкіреген кітапшадан Мықырдың үй телефонын тауып берді. Сол жерден хабарласып едім, «М. Әбілетов жолдастың» өзі алғаны, телефонының тұтқасын. Осылай да осылай, демеймін бе.

-Е, келемін десең... кел енді,—деп керігеді Мықырым, қырылдап. Сондайда сап ете қалатын сайтаным болушы еді, ол да тостырмады, баяғыдағы Жолдыбектің сапары да есіме сарт етті:

-Әй, Мықа! Жерлестеріңнен жеріген болсаң—оны айт. Әйтпесе, саған күніміз түскендіктен келген мен жоқпын, құдай біреуге күнімізді түсірмесін! Ағайынның адал көңілін танитын жаста емессің бе?! Мұнда өзімнің жанашыр жақындарым да толып жатыр, соларға барып, соларды қарық қылар халдемін, құдайға шүкір! — деп, бастырмалата жауған жаңбырдай жіберейін сөзді. Қайдан білейін, тіпті!

-Ұқтым, ұқтым, Сәке, кел!—деп дереу үй әдірісін айтты.

Бардым. «М. Әбілетов жолдас» дін аман. Май тыққан бүйендей жып-жылтыр. Әйелі кеше санаторийге кетіпті. Құдағиымен бірге. Мықыр: мен ертең барам, бүгін бір жұмысым болып қалды, деп мәлімет берді. «Жалғыз ұлымды жақсы үйлендірдім!» деп бір көтеріліп қойды. Құдасының кім екенін мен сұрамасам да өзі айтты—бір мықты екен! Шынымды айтайын, онысын естігенде басым айналып кетіп, орнына әрең келгендей болды. Мықырдың үйі хан сарайындай болмай, қуықтай бірдеңе болғанда бар ғой, басым орнына келе алмай, кеңірдегім жаншылып, құлап та қалуым кәдік еді, ол-ла-һи!

-Ұлың қайда?—дедім сасқанымнан.

-Е, оған төртінші курста жүргенінде-ақ екі бөлмелі пәтер алып бергенмін, сол жылы үйленді, өз үйінде!—деп Мықыр ешкінің тұяғындай жез кебіс-сауытына шырт түкірді. Онысын қолына ұстап отырады екен.

-Басқа балаң бар ма? Нешеу? — дедім.

-Қыз бар еді, күйеуіне кетті, замминистрдің ұлына,—деп «М. Әбілетов» жолдас тағыда шырт түкірді. «Әй, мынаның түкірігі көбейе бастады, ақырында аман болғай!» деп сескеніңкіредім.

Денсаушылығын тезірек сұрап, сыбағасын қотарып беріп, күн бұзылмай тұрғанда тайсам ба екен, деп ойлады. Есіме баяғы сөмкеміз түсіп, соны ала кетсем деген арамзалау жоспар да құрыла қалды көкейімде. Қой, асықпайыншы, байқай тұрайыншы, түкіргенін сиретер әлде, деген адвокат пікірім де қосарланды.

-Мықа, денсаулығың қалай? Қызмет ойдағыдай ма? — дедім.

-Денсаулықты түзеп алғанмын, оған жалобым жоқ! Ал қызмет... қазір рядовоймын, министра Абилетова тоже нет! Бір склочниктер соңымнан қалмай жүр, понимаешь!—деп Мықырым түтігіп, түкіріншесін отырған жуан төртпақ орындығының астына сырғытып жіберіп, орнынан ұшып тұрды. Бірақ, үй ішін кезіп кетпеді, қайтадан отырды. «Әй, мынау түкіргенін қойғанмен, енді орысша сөзін көбейтті, тегі тезірек сырғығаным оң болар», деп түйдім. Босағадағы сөмкемді барып алып, әкеліп аузын ағыта беріп едім, Мықырым оны қолымнан сып еткізіп қағып ала жөнелді. Басқа бір бөлмесіне апарып, онда біраз бөгеліп, сонсоң қайта шығып, солбырайған сөмкемді босағадағы орнына лақтырып жіберіп:

-Бүгін осында қонасың. Екеуіміз ғана боламыз. Ет асып келдім,— деді.

Расында екеуіміз ғана болдық. Таң белгі бергенше отырдық. Етке ілесе «Наполеон» деген бір пәлесі, коньяк дейді, сонысы келген. Мен онымен күш сынасудан бас тарттым. Напекең кім, мен кім?! Ал Мықыр жасқанбады, «андысқан жау атыспаққа жақсы» ғой. «Мен бұдан басқаны не хочу!» деп тағыда орысшалап алып кірісті.

Сол түні «М. Әбілетов жолдас» соңғы екі бесжылдықтағы «архивін» ақтарып шықты. «Архивіндегі» қат-қабат «құжаттарынан» аңғарғаным мынау болды:

оның диплом жұмысын Игнатов деген үздік студент жолдасы жазып берген. Өйтпегенде ше?! Ол Мықаға 570 сом борышты болған. Аузын ашса-ақ ұстата беріпті, әке байлығын аясын ба! Ертеңгі күні күліп қайтарын алдын ала жоспарлаған. Соның арқасында қызыл диплом алып шығыпты. Ауданға, облысқа көп аялдамағаны соның құдіреті көрінеді;

оның кандидаттық диссертациясын Гиллер деген доцент даярлап берген. Өйтпегенде ше?! Мұның әкесі оның әкесін совхозға бас бухгалтер етіп алған. Жақсылыққа — жақсылық;

оның докторлық диссертациясын Акопян және Сикорский дұрыстап берген. Өйтпегенде ше?! Мұның қала басшылығындағы нағашысы Акопянға үш бөлмелі пәтерді кезектен тыс алып берген де, Оқу министрлігіндегі жиені Сикорскийдің ұлын университеттің философия факультетіне оқуға конкурстық қабылдаған. «Алмақтың салмағы бар»;

бұл өзі доктор болып шыққаннан кейінгі жылы ЦэКа КаПэЖа-дағы ағасының таңдауымен министр болып тағайындалған. Өйтпегенде ше?! Ағасы бардың бәрісі бар. Мұның жұмыс саласында бұдан басқа ғылым докторы болмаған -- сирек кездесетін кадрға жол даңғыл;

бұның тілеулестері көп, серіктері көп—өрісі ерекше кең. Ғылым докторы министрдің ауызы уәлі екенін түсінетін ақылдылар жетіп артылып жатады. Қандидаттықтан үміткер қызметкерлері ғылыми еңбектеріне мұны қосалқы автор етуге әзір. Өз еркімен қосалқы автор етпегендерінің еңбектері жарық көрмейді, яғни: бірі кандидат бола алмай, бірі кандидаттан ары аяқ баса алмай қоштасады, қоштастырар тоқпағы бар, керек сәтінде сілтесе—бітті: айтқанға көнбейтіндердің «орнында күлі ғана қалады!» (соңғы төрт сөз бен леп белгісі —«М. Әбілетов жолдастың» жеке меншік «лебізі»);

оның «тепкен тасы өрге домаламақ» тұрғай, Алатаудан асып кеткені министр тағында төрттекшеленіп отырғанында екен. Министрлігіңіз оның жанқалтасында болыпты. Қай бөлімді ашады, қай бөлімді жабады, кімді қайда отырғызады, кімді қайда жатқызады—өзі біледі. Сенген—сенсін. Сенбеген — қойсын. Қазір барып сұраңдар, бәрі-ақ жырлап береді: біреуі күліп, біреуі жылап жырлайды, айырмасы сол ғана;

оның үйі - үй емес, дүние-мүлік музейі. Шетінен - шет елдердікі! «Егер анау склочниктердің жолы болып (конечно, жолы ешқашан болмайды!), менің мына үйімдегі заттарым тізімдеп жазыла қалса, общая сумма перевалит миллиона рублей!», бұл да—«М. Әбілетов жолдастың» жекеменшік сөздері. «М. Әбілетов жолдастың» аузынан ақтарылған және бір сөздер былай: «Баяғыда бір дурачок: «Кадры решают все» депті. Нет и нет! Мен: - Деньги решают все! - деймін! Да! Да! Да! Маған әкелгендер - өсті, ал әкелмеген дурачоктар - өшті! Вот, Саттар, ұқтың ба? Сен де байқа, өшіп қалма! Ұқтың ба?!..»

Ай-хой-ой деген. Неге ұқпайын? Ұқпасыңа қоймаса, ұғуға болмайтынды да ұғады екенсің!..

Таң тақала бере үйінен шыға жөнелдім. Әлдекім қуа шығып, бассалып ұстап алып, бақыртып сабап, қайтадан апарып қамардай, сонау Әбілеттің анау әбілеті тағы «лекция оқырдай» шошына зыттым. Қашан аэропортқа жетіп, са-молетке отырып, самолеттің бауыры жерден қашан ажырағанша шошып отырдым. Ойпырым-ай, соңғы сұмырайдың соңғы сөзі... Оу, «соңғы сұмырай», «соңғы сөзі» дегенім не?.. Шындап шошығандығымнан шығар...

КЕЗЕК ТИМЕЙ ЖҮР ЕКЕН

Иә, сөз тимей, ей, байғұс депутат-ай, қор болып-ақ жүр екен. Бітісін көріп қуанып, сөзін тыңдап...

Обшым былай болды. Пәленінші жылдан бергі құдайы көршім Дұғайдың күйеубаласы Шұғай алпыс алты жасында шетінеп кетті де, осыдан екі күн бұрын қырқы берілді. Көбің Дұғекеннің аптарихатын білесіңдер, «Құндыз» мейрамханасының үлкен жағы жамағатқа лықа толды. Дұрыс қой. Марқұм кісінің аруағына құрмет көрсетпесең, ертен... екінің бірі жүз жасап жатқан заман жоқ, табаныңнан төбеңе дейін жасартатын дәрі ішсең де... Өзіне сөз берілгенде Өзенбике Теңізқызы айтарын тура осы төңіректен тауып: «Жасартатын дәрі ішсең де, жүзге жету қиын» деп бастады. Білетін адамның сөзі. Е, ол білмегенде ше?! Азалы асқа кімнің келіп, кімнің келмегенін шолып, Дұғекене көңіл айтушыларды тізімдеп жүрген Тілеккұл оған әлгі микрофон дегенді апарып тапсырарда: «Келесі сөздің иесі, құрметті қауым, біздің қалада көп жыл сауда қызметін сапалы атқарып, әкім мен министр мырзалардан сан рет ауызша да, жазбаша да алғыс алған, қала саудасының есеп- қисабын жатқа білгені үшін, келешегінен үлкен үміт күттіретіні баршаға белгілі болғаны үшін парламентімізге депутат болып сайланған, содан бері, міне, үш жыл бойы онда мықты отырған жерлесіміз...» деп таныстырған. Мықты отыратын жөні барын, жаңа ғана айтқанымдай, бітісін көрген сәтте түсініп, тура қуанып қалдым емес пе?! Тапал да емес, ұзынтұра да емес бойы бар. Арық та емес, семіз де емес денесі бар. «Торы айғырдың тоқпақ жалындай» шашы бар. Парламенттің депутатынан гөрі сахна әншісіне ұқсап киінген, - әйел болған соң сөйту керек, әрине. Дауысы атакты

Сараның, е-е... Ескендірдің дауыстарына жетпегенмен, әйтеуір, бергі бір жақта сияқты. Ал сөзі...

«Мен Дүгекеңді де, ол үйдегі жеңгемізді де ерекше силаймын. Жаңағы көптен таныс-біліспіз. Шұғай болса, ол ағай жақсы кісі еді, біз бір мектепте оқыдық, ол оныншы сыныпта болғанда біз төртінші сыныпта едік. Білім беру жүйесінің қайраткері болды. Жаңағы жақында елбасымыз Нүрекең білім жүйемізді жетілдіру туралы жақсы-жақсы ой айтты. Елбасымыздың ойға өте бай, іске өте жүйрік екенін осы отырған барлықтарыңыз жаңағы өте жақсы білесіздер. Дүгекең мен жеңгеміз де өте жақсы біледі. Ағай, жеңгей, қайғыларына ортақпын. Шұгекеңнің алды ашық болсын! Біздің елдің алды өте ашық. Елбасымыздың жап-жаңа жолдауынан кейін мәңгілік мемлекет болуға жолымыз кеңінен ашылды. Елбасымыздың 2050 деп жақсы аталған жобасы жаңағы бүкіл дүние жүзін өзіне жалт қаратты жаңағы. Мұндай жоба тарихта болған емес. Ол еліміздің, халқымыздың жарқын болашағы үшін жасалған. Біз оған жаңағы қуануымыз керек. Онда аталған проблема өте көп те, жаңағы өте құнды. Ұлы жобаны бүкіл халық болып талқылап, мақұлдап жатырмыз. Сіздердің әрқайсыларыңыз соған жаңағы үлкен үлес қосуға тиіссіздер. Өздеріңіз, балаларыңыз, немерелеріңіз оны дұрыстап оқып, көңілдеріңізге жақсылап тоқыңыздар! Дүгекеңді силасаңыздар, Шұғай ағайдың аруағын силасаңыздар, үйде де, түзде де жаңағы қазағымыздың тілін силаңыздар! Елбасымыз «қазақ казакпен қазақша сөйлесін» деп ақыл айтты емес пе?! Елбасымыз жаңағы «Қазақстанның келешегі қазақ тілінде!» деп те өте дұрыс айтты. Сіздер мен біздердің ойымыздан шықпауға тиіс жаңағы теориялық үлкен түйін сөз! Бізде экономика өте жақсы дамып, әлемді таңдандырып отырмыз жаңағы. Бізде демократия жақсы. Біз бәріміз еркінбіз! Бұл проблемаға қоса айтылып жатқан өте маңызды проблема – біздің латыншаға көшуіміз. Елбасымыздың ұлы жобасында ол проблема да шешімін өте жақсы тапты. Ол шешім тез орындалғаннан кейін біз, ардақты ағайындар, үлкен ғалымдарымыз, академиктеріміз жазып жатқандай, жаңағы әлемдік көшбасшыға айналамыз! Сондықтан деніміз сау болсын! Жасай берейік, жасара берейік! Дүгеке, жеңгей, көп уайымдамаңыздар, алдарыңызда жаңағы үлкен-үлкен жақсылықтар тұр, елбасымыз бастап, бәріміз сол жақсылықтарда бірге болайық!».

Менің құлағыма кіргені» - осы. Парламентіміздегі депутаттардың сөздерін сұйық-қоюына тиіспей жазатын гәзеттерді мен де шолып, депутаттарымыздың аты-жөндерін түгендеп отырамын. Қайсысының не дейтінін әу дегендерінен білдік қой: көбінің көз алдында президент Нүрекеңнің портретінен өзге ештеңе болмай, Нүрекеңді құдайдың орынбасары етіп сайлауды армандап жүргендей сайрайды. Оларға сенсек, көке мылжың Никита Хрущев жобалап кеткен коммунизм Қазақстанда орнағалы жиырма бір болыпты. Жаңағы Нүрекеңнің арқасында. Алайда бар-ау, сол сайрауықтардың тізімінен «Өзенбике Теңізқызы» дегенді кездестірген жоқпын. Оның орнығып отырғанына, Тілекқұл айтқандай, үш жыл болса да, үш ауыз сөз айтпаған Өзекеш, сірә, «қысыла-қысыла қыз болдым» дегендей, ол жақта сөз тимей, қыстыға-қыстыға қор болып, Шұғай жарықтықтың қыркында армансыз ақтарылған екен ғой?! Қайтсін-ай, ішқұса болып жүру оңай ма, қашанғы шыдасын! Егер мен бірдеңе білсем, мұндай депутаттар үшін мәселе қайда сөйлеуде емес, қалай сөйлеуде. Өзбикеш ойындағысын айтты, онысы әдрісіне жеткен де шығар!

«ТҮСКӨРГІШТЕР ПАРТИЯСЫН» ҚҰРАЙЫҚ!

Пәленбай жыл ішінде түгленбай жұмыс-қызметтің есігі мен төрін көрген кездерімнің бірінде ме, том-том болып шықпай жатқан мақалаларым мен сұхбаттарымның біреуінде ме, әлде бозбала шағымда қыз-қырқынның қалтасына салып жіберген хаттарымда ма, әйтеуір, былай деппін:

«Біздің жақта ауа райының қас-қабағына қарай: көктем мен жазда ай сайын бір партия, күз бен қыста тоқсан сайын бір партия пайда болатын «ғажап дәстүр» қалыптаса бастады. Аттары да «кәнеки, сен тоңқай, мен тебейін!»: Еркін партия; Елес партия; Қала партиясы; Дала партиясы; Демокрпартия; Жемокрпартия; Әділет партиясы; Әбілет партиясы; Аттан-аттанба партиясы; Уақытша партия; Майлы партия; Кешегі партия; Ертеңгі партия; Партияның партиясы; Нұрлы Отан партиясы; Нұрсыз Отан партиясы... Әйтеуір, «16 қыз» партиясы мен «Тотының тоғыз тарауы» партиясынан өзгенің бәрі бар. «Қырық өтірік...», жоқ, ондай жоқ. Жоғы дұрыс, - мынау партиялар онсыз да

тістері түсе жаздап ысқыртып жүр. Айтпақшы, әлде ми шайқаған жұмысбастылықтан ба, әлде ұйқы үймелеткен ермексіздіктен бе, - партиялардың кейбіреулері, әлгі пәленшекең мен қатынынша біресе қосылып, біресе ажырасып, әләуләйлеп қояды. Ал, олармен салыстырғанда, біздің... өзіміздің... бізде, тоқ еттіріп айтқанда, «Түскөргіштер партиясы» болуы керек және ол бүгінгі қаңыраған ауылдың ортасында кеше тарсылдап тұрған тракторға ұқсауы керек!».

Мықтап тұрып осылай деуін деппін де, ол проблема үкіметтің қыруар қаулысынша қысыр қалып қойыпты. Кеше түнде ғана басымды қайтадан тауып, осыны жаздырды. Жазбай болмады, ұлтына, тіліне, дініне, тағы не бар – бәріне қарамастан бәріміз түс көреміз, яғни интернационалды түстерімізді жиып, тіліміздің, ақылымыздың жеткенінше дереу талқылап, дедектеп қорытынды жасауымыз керек! Кеш қалуға болмайды! Мәселенки, менің мына түсімді кейінге қалдыру ортақ ісімізге орасан зиян келтіреді:

Өткен түннің түп-тура ортасы. Тесік дөңгелек темірлерді біліктеп көтеру, яғни ғылым тілінде «штанга» дейді, ерттеп мінген атыңды ары-бері, одан-бұдан секірту, е-е... қылыштасу, найзаласу, тұра жүгіру, шаңғымен, шанамен, қайықпен жүйткү, тағы басқа толып жатқан анау әлгі жержүзілік алыс-жұлыста қазақ неге жоқ, теледидардан ақ пен қараның бәрін көріп жүрміз, ал қазақ көрінбейді, ол қалай деген мемлекеттік және қоғамдық проблеманы күндіз-түні талқылау үшін партия құрыппыз. Онымыз «Түскөргіштер партиясы» деп аталады. Оның жарғысын, бағдарламасын және басқасын кімдер жазғаны есімде жоқ, әйтеуір, жалпыхалықтық сайлауда мен берілген-берілмеген дауыс атаулының 99,99 пайызын алып, кейбір партия-сарттиядағыларша тең төраға емес, кәдімгідей Бір өзі Төраға болыппын. Жұртымды соның кезекті пленумын өткізуге жинаған екенмін деймін. Пленумың күнтәртібіне: «Осы біздің қазаққа спорт керек пе, жоқ па? Егер керек болса, бокс пен борьбадан басқамыз қайда?» деген аса маңызды, өмірлік проблеманы қойыппын. Өзім тәрбиелеген немере інім, дипломат, тарих ғылымдарының докторы, профессор Мәлду Желдуге бәрімізге түсінікті болу үшін орыс тілінде жаздырып алған жарты сағаттық баяндамамды баптанып отырып, иә, мінберге шығып шатаспай, бір сағатта оқып бердім, өйткені партияның патриот мүшелері қайта-қайта ду қолшапалақтап: «Бәрекелді!», «Өте дұрыс!»,

«Біздің Көкең әрқашан тауып айтады!», «Уа, баяндама деп осыны айт!» десіп, менің сөзімді бөле берді. Менің штаттағы кеңесшім Еспе Ерсоқ пен ежелгі досым Олпұл Суемген екеуі бірауыздан: «Біздің партиямыздың Қолбасшысы Көкіман Нұқбай мырза жасасын!» деп, көпшілік орындарынан атқып-атқып тұрып, мен қолсағатыма қарап отырдым, тура жеті минут бойы қол соғып, уралап тұрып алды. Сонсоң отырды.

Баяндамам бойынша сұрақ болмады, өйткені мен: «Кәне, кімде қандай сұрақ бар?» демедім, дереу: «Пікір айтуға көшейік!» деп залға қарасам, партияның пленумының бір кісідей жиналған екі жүз елу мүшесінің қолы найзаша көтеріле қалыпты!..

Пікір айтуды әрқашанғымызша Айбақ Шоқа бастады. Ол бүкіл жер бетін шарпыған экономикалық дағдарыстың себеп-салдарын тамаша талдап айтып, біздің партиямыздың одан зиян шекпегенін қуана мәлімдеп, менің рөлімді жете бағалап, мені Қытай Халық Республикасын дамытып кеткен Дэн Сяопинге теңеді. Айкеңнің физика ғылымдарының докторы екені бекер емес қой!

Мен «Түскөргіштердің» әрқайсысының пікірінен кейін маған - Төрағаларына көрсетілген құрмет-қошеметті тізіп айтпаймын. Біріншіден, көп уақытым кетеді. Екіншіден, ең маңыздысы, халық қателеспейді!

Мінберге екінші болып Қоқа Томар шықты. Географ! Академик! Ол осы ғасыр басталғаннан берідегі уақытта қандай саяси проблемалар болды, қайсысы дұрыс шешілді, қайсысы бұрыс шешілді, дұрыс шешкен кім, бұрыс шешкен кім деген тарихи сұрақтарға ғылыми дәлелмен орынды жауап берді де: «Міне, осындай аспектіде мен біздің Көкемізді әлемдік саясаттағы Магелланға теңер едім!» деді.

Одан кейін пікір айтқан Төте Сәкіш те білімдарлығын тағы көрсетті. Ол дүние жүзі тарихының Тынық мұхиттай терең екенін, біздің халқымыздың тарихы жартысы тұщы, жартысы ащы Балқаш көліндей көрнекті екенін тартымды әңгімелеп, мені Американы ашқан Колумбтай көреген деп атады. Бизнесінің проблемаларымен Америкаға жылына екі-үш рет барып жүр емес пе?!

«Мырзалар! Көкіман Нұқбай мырза күнтәртібіне қойған проблема шын мәнінде өміршең. Оны өздеріңіз атап өтудесіздер. Ал менің қосарым мынау: біздің анау «Барахолка» деген базарда береке жоқ!

СОТБАЙМЫН

Тәртіп болмаған жерде береке қалай болады?! Әкімдіктен тәртіп күтуге болмайтынына көзіміз жетті деп ойлаймын, сондықтан, аса құрметті Көкіман Нұқбай мырза, ол мәселені сіз қолға алыңыз, «Барахолка» сонда ғана адам болады, тойыс, базар болады. Бұл проблеманы дұрыстау үшін Сократтың кеменгерлігі керек! Сіз – біздің Сократымызсыз!» деді Мәлду Желду.

Олпұл Суемген: «Біздің «Түскөргіштер партиямыз» кешегі «КПСС» дегеннен он есе, елу есе, жүз есе артық! Менің Көкім досым рулін ұстап отырған партиямыз кезкелген проблеманы әрі қасқа мерзімде, әрі өте сапалы, әрі ерекше үлгілі дәрежеде шеше алады. Бұған көзіміз жеткен, жете береді де! Көкім – менің досым! Мен досымды мақтаныш етемін!» деп ғажап әсерлі сөйледі.

Балпиған Бәпіш мінберге сиқына сай емес шапшаң қимылмен шықты да, маған жымия қарап:

-Біздің құрметті Төрағамыз! Біздің партиямыздың маған өзіңіз сеніп тапсырған «Ақшам» фракциясы бүгінгі пленумның құрметіне қонақасы дайындап еді, сонымен байланысты менде қазір үш сағатқа үзіліс жариялап, түп-түгел сол қонақасыға барайық, маңызды проблеманың қалған бөлігін содан соң талқылайық деген ұсыныс бар, құрметті Төрағамыз, соған сізден фракцияның атынан рұхсат сұраймыз! – деді.

-Ұсынысың өте орынды, бірақ ол проблеманы мен жалғыз шешпеймін ғой, өзің жақсы білесің, бізде демократия, бізде барлық проблеманы халық шешеді, - деп залға оң қолымды көтере қарай бергенімде халық дереу ұшып тұрып, алақандары сатырлап жөнелді.

-Өте дұрыс!

-Көке, рұхсат беріңіз!

-Біздің партиямыз мәңгі жасай берсін!

-Біздің партиябасымыз Көкіман аға жасасын!.. – деген дауыстар.

-Көкіш, Көкіш! – дейді. Иығымнан ырғайды. Қарадым. Әрине, көзімді ашып. Әйелім екен. – Бүгін қатты ұйықтадың ғой? Тұр, қызметке баратын уақытың өтіп барады, джипің келгелі қашан! – дейді.

Қаншама қатты ұйықтасам да, халықтың көкейіндегі проблеманы түсімде көргенімді қараңдаршы! Партия құруым керек те, бұл проблеманы оның бірінші құрылтайында шешуіміз керек!

Алып-қосар дәнеңе жоқ: менің атым – Сотбай. Біздің ауданда пәленбай жыл прокурор болған нағашым Нарбай тура осылай деп қойыпты. Мен орта мектептен құтылатын жылы о дүниеге аттанып бара жатқан қайран нағашым маған: «Сотбайжан, сен Заң институтына бар, тек прокурор болма, сот бол. Төменде жүргендерді қалай төмпештесең, солай төмпеште, ал жоғарыда отырғандармен даже жағаласпа!» деп өсиет айтып үлгірді. Амал не, «прокурор болма» мен «даже» дегендерінің, «төпеште» мен «жағаласпа» деуінің о жағы мен бұ жағын түсіндіріп үлгірмеді. Алайда мен Нарекеңнің ақырғы тілегін ақтап, сот болып шықтым. Өсиетін орындап та жүрмін. Пәленбай жыл болды.

Ал енді мен сіздерге айтайын: Сотбайжан болу... ә, жоға, сот болу – біздің заманымыздың проблемасының проблемасы. Мен өткізіп жүрген мәжілістердің любойын алып қараңыз, оның жанында «Халықтар ассамблеясының» мәжілісі – совсем чепуха! Менің мәжілісім Біріккен Ұлттар Ұйымының Қауіпсіздік кеңесіндегі кикудан артық болмаса, совсем кем емес! Біріңіздің уақытыңыз барын, біріңіздің уақытыңыздың жоғын ескеріп, жалғыз мысал айтып берейін.

Біріңіз естіген, біріңіз естімеген «Ескіөзек оқиғасының» ең ақырғы мәжілісін кеше өткіздім. Өте ауыр болды. Әйғали деген жұмысшы жігіт әкімді әкесінің аузынан бастап сыбаған ғой. Біздің керосин заводымызды бір ағылшын сатып алғанын біріңіз білесіз, біріңіз білмейсіз. Өте қиын проблема! Әлгі ағылшын, атаңа нәлет сол, бұдан жеті ай бұрын біздің жетпіс жігітті заводымыздан қуып тастапты: «Қысқартылдыңдар!» деп. Қазір өзі солай ғой. Бізге тәуелсіздікпен бірге демократия келді де, басшыларымыз оны қатты қадағалайтын болып, жер жүзіндегі ұлттардың құқын құрметтеп, әнеки, керосинімізді ағылшынға сатты, көмірімізді қытайға сатты, алтын-күмісімізге еврей ие, мысымызға кәріс ие деген сияқты. Демократияға бізден де бай ол пәлелер жыл сайын қысқарту жүргізіп, қазақтарды шығарып, өздерінікін әкеліп кіргізіп жүр. Ондай оңбағандыққа Әйғали да, басқа жігіттеріміз де қашанғы шыдасын?! Бала-шағасын жеті ай бойы сілекеймен асырай ма?!

Анда барып, мында барып, арыз-шағымдарын ауызша да айтады, жазып та береді. Ойпырым-ау, біреу құлақ қақсашы! Бәрі - керек!.. Сөйтіп, төзімі таусылған Әйғали әкімнің алдынан бір-ақ шығады да: - Сен осы өңірдің басшысы емессің бе?! Біздің жағдайды енді қашан түсінесің, соны айтшы! - дейді. Әкім есінеп-құсынап отырып: - Мен шақырмайынша сенің маған келуге правоң жоқ, соны білмейтін дурак екенсің! - дейді. Әйғали күйіп-пісіп, а как же, сволочь әкімді сыбап-сыбап, шығып кетеді. Оны сол күні кеште полиция ұстап, қамап тастайды. «Әкім мырзаның ар-намысына тіл тигізді, өзіне жуан жұдырық жұмсады, кабинетін тас-талқан қылды» деп жасалған алты бет акті бойынша.

Сонымен екі ай бойы жүргізілген тергеу аяқталып, кеше үкім шығарылды. Айыптаушы прокурор алты ай түрмеге жабуды талап етті, ал адвокат ақтауды талап етті. Иә, екеуінің талабы екі түрлі. Екеуі де өзінікін заңды дейді. Мен болсам, екеуінің ортасынан нағыз заңды жолды табуға міндеттімін. Ол дегенің... но демократия барда жол таба алмаған кезім жоқ, әрқашан тауып жүрмін.

Демократияның болмауы жаман. Анау Иракты, кешегі Ливияны, бүгінгі Сирияны айтсаңшы! Бәрі де демократияның жоқтығынан! Бәрінде де бір халық екіге жарылып, қырылысып... Ал бізде олай емес. Сондықтан кеше мен көп қиналмадым. Егескен екі жақтың айтысын тыңдап болып, екі кеңесшімді ертіп алып, үкім шығаруға оңаша кабинетке бардық. Мен көп жылғы тәжірибеме сүйеніп, әкімге телефон шалдым. Менің ол әдетімді кеңесшілерім жақсы біледі. Бірі қасын керіп, бірі жымыып қарап отырды. Мен әкімге тура: «Осылай да осылай, сіздіңше қалай?» дедім. Біздің әкімді біріңіз танысыз, біріңіз танымайсыз, ол – өзінен жоғарыдағы әкім бөлесі сияқты мықты кісі, ешқашан екі сөйлемейді. «Оған - төрт жыл түрме!» деді де, телефонын бұқтыра салды. Түсіндім. Түсінбесем, сот Сотбай боламын ба?! Өзіне де сол керек Әйғалиды төрт жылға айдап жібердік!

Қазақстандық сот – дүние жүзіндегі ең әділетті сот!

ОЛАРДЫҢ ІЗДЕГЕНДЕРІ - ЖҰМЫС

-Шіркін, бір даңғыл жол болса ғой!

-Оны не қыл дейсің? Оның кімге керек?

-Маған, саған, оған...

-Бәсе!

-Бізге, сендерге, оларға...

-Өйдөйт! Сонда қайда апарады оның?

-Қайда барғың келсе—сонда...

-Түрмеге де ме?

-Түрме де—төрі бар бір үйің...

-Оттама!

-Әй, андағы астаудай аузыңа ие бол, өйтпесең, сол түрмеге тығып жіберермін!

-И-и-иә-ә-ә, не үшін?!

-Менің ар-намысыма тигенің үшін!

-Не деп?

-«Оттама!» деп! Сотқа арызды сарт еткізсем, ауызомыртқанды барт еткізер! Қазір өзі кісінің ар-намысына тіл тигізетіндер көбейіп барады, шортым два! Пәленбаев арақпен сауда жасайды дейді, Түгленбаев қантпен сауда жасайды дейді. Еше Анаубаев автотұрақтың бәрін сатып алған дейді, Мынаубаев бензоколонканың бәрін сатып алған дейді...

-Ей, Жәкетай, мақұл, қояйық оны...

-Еше айтады: Сөкөң билікке жақын дейді, Нөкөң халықтан алыс дейді, Шөкөң демократтарды жақтайды дейді, Бөкөң бірдеңе ашқалы жүр дейді...

-Е, олар...

-Сен, Тәкебай, ойланып сөйле, мақұл ма? Әйтпесе, біздің соттар анау «скорая помощь», «полиция» дегендеріңнен әлдеқайда шапшаң, мысалы, мен: «Мынау маған «оттама!» деді, ар-намысыма тіл тигізді!» деп ақиып арыз жазып алып барайыншы, сені, кім екеніңді сұрамай-ақ сол минөтте бес жылға соттап, бес миллион теңге айып салып, тіліңді табаныңа жапсырып тастасын! Біздің соттар сондай!

-Түүһ, Жәке-ай, бір ауыз қалжың сөзім үшін жанымды жапырақтап турай бастадың ғой, қойшы енді, оданда әлгі даңғыл жолыңды айтшы!

-Қайдағы «даңғыл жол»?
-«Маған, саған, оған керек» дедің емес пе?
-Ә, ол ма?.. Онымен саған не айтайын деп едім?
-Білмеймін, әйтеуір, бір проблема айтпақ болғансың.
-Солай ма?.. Ал сонда бүгін Қазақстанда қай проблема бірінші орында тұр?
-Глобализация.
-Ол не пәле?
-Шортанның шабақты жұта салуы.
-Чепуха!
-Еуразизация!
-Ол не пәле тағы?
-Еуропа мен Азияны некелестіру.
-Ерунда!
-Приватизация!
-Оны білем, дым да қалған жоқ!
-Жұмыссыздықизация?!
-О, міне, міне, міне! Мен осыны жоюдың даңғыл жолын таптым!
-Шынымен шын ба?!
-Шын болғанда, шырағым, терезенің шынысындай мөп-мөлдір, бірақ біздің... иә, біздің үкімет оны жоюды бастады да тастады...
-Шындықты жоюды ма?!
-Әй, шындықты жойғандары қашан?! Мен онысын емес, басқасын айтпақшымын...
-«Қазақгейтті» ме?
-Әй, онда нең бар?! Ол екеуіміздей пролетариаттың қолынан келетін шаруа емес, шапшымасаңшы! Мен біздің үкіметтің әлгі жұмыссыздықты жою жайында екі проблеманы шешіп, сонсоң тоқтап қалғанын айтамын дедім ғой!
-Ә-ә-ә...
-Жұмыссыздықты жоюда біздің үкімет шешкен бірінші проблема...
-Сәл тоқтай қалшы, осы бар-ау, «проблема» деп біреудің тіліне жабыса бергенше бір уақ қазағымша «мәселе» десеңдер қайтеді, еріндеріңе ұшық шыға ма, көмекейлерің қотыр бола ма?
-Ха-а! Шет елдердің сөзін, есінде болсын, білімділер ғана айта алады, ал білімділер әрқашан біліп сөйлейді!

-О, ғұлама, тарта бер, үкіметің шешкен екінші проблеманы айт.
-Мен біріншісін айтып бітірген жоқпын ғой?!
-Сола-а-ай ма?
-Сола-а-ай!.. Біздің үкімет сонау бір жылы бүкіл республика бойынша металл сынықтарын жинау проблемасын көтерді, бір кісі бар жердің бәрінде металл сынықтарын қабылдайтын пункттер ашты...
-Е, оны мен де білем! Біздің ауылда он алты пункт ашылып, ауылдағы, ауылдағым не, ауылдың кіре берісіндегі мұсылман зиратының, шыға берісіндегі христиан зиратының темір шарбақтары бір аптаның ішінде түп-түгел аллауәкпәр болған. Тіпті бар ғой, үйіміздің есік-терезелері тұтқа, шегеден жұрдай бола бастаған соң ауламызды күндіз-түні кезекпен күзетіп, ұйқы көрмей, жынданып кете жаздағанбыз.
-Ә, ол ничего, зато қаншама кісіге жұмыс табылды!
-Өйтіп табылған жұмысың құрысын! Жә, екінші проблемаңа көшші!
-Менің проблемам емес, үкіметтікі!
-Дұрыс.
-Жұмыссыздықты жою жайында біздің үкімет шешкен екінші зор проблема—халыққа сотовый телефондардың пункттерін ашып бергені...
-«Сотовыйың» не, білімділер «ұялы телефон» деп, білетіндер «қалта телефон» деп жүр емес пе?
-Маған «сотовый» деу ұнайды, так что сонымен біздің үкімет мыңда-ған, жо-жоқ, жүздеген мың адамға дереу жұмыс тауып берді. Ол ашқызған пункттерде ешқандай проблема жоқ: жаңа телефондар да, ескі телефондар да сатылады и сатып алынады. Нешеуін сатып аласың, нешеуін апарып бересің —еркің. Металл сынықтарын қабылдайтын пункттердегіше бұл пункттердің қожайындары да, сенен анау да мынау құжат-мұжат сұрамақ тұрғай, бетіңе де қарамайды, сенің қолыңдағы телефонға, өзінің қолыңдағы ақшаға қарайды—бітті.
-Әй, үкіметің жұмыссыздық «проблемасын» өйтіп шешкенше, көзін жұмып, мылқиып тыныш отырғаны жақсы.
-Почему?!
-Ол телефонды білдірмей ұрлап алатындар, бақыртып тартып алатын-дар қаптап кетті емес пе?!

-Ну и что?! Оларға да, әне, жұмыс табылды!

-Оны айтам-ау, біздің бір көршіміз сол телефонның түрлі-түрлісін сата-тын дүкен ашқан еді, былтыр, ал сол дүкенін биыл, осыдан екі апта бұрын, біреулер түнде төңкеріп тастап, төрт жүз он төрт телефонын түп-түгел сыпырып кетіпті.

-«Төрт жүз он төрт» дейсің бе? Тоқтай қал, есептейік. Егер пунктке орта есеппен бір штугын он мың теңгеден өткізсе... ох-хох-хо!.. Қаншама табыс, а?

-Полиция ол оңбағандарды әдеттерінше он жылдың ішінде оңай ұстап алса, «табысты» көрсетер еді бәлемдерге!

-Әй, сен де... шетелдіктерге самолет-танк сатып жібергендерді ұстай алмайтын полиция телефон ұрлағандарды... фу-у-у... ұсақ-түйекпен басын ауыртады дейсің бе?!

-Оу, Жәкетай, полицияға жұмыс керек емес пе?!

-О! Сен дұрыс айттың, ей, Тәкетай! Әрине, оларға жұмыс керек! Бізге болмаса да, оларға жұмыс керек!

«СҰҢҚЫЛ»

Біздің жақта ауа райының қас-қабағына қарай: көктем мен жазда ай сайын бір партия, күз бен қыста тоқсан сайын бір партия пайда болатын «ғғғажап д-д-дәстүр» қалыптаса бастады. Аттары да «сен тоқтай тұр, мен айтайын»: Саяқ партия; Саяқ емес партия; Қала партиясы; Дала партиясы; Демокрпартия; Жемокрпартия; Әділет партиясы; Мәлімет партиясы; Социалды партия; Уақытша партия; Майлы партия; Кешегі партия; Ертенгі партия; Партияның партиясы; «Нұрлы Отан» партиясы; «Нұрсыз Отан» партиясы... Әйтеуір, «16 қыз» партиясы мен «Тотының тоғыз тарауы» партиясынан өзгенің бәрі бар. «Қырық өтірік...» Жоқ, ондай жоқ. Жоғы дұрыс, - мынау партиялар онсыз да ысқыртып жүр. Айтпақшы, әлде ми божытқан еріксіздіктен бе, әлде ұйқы үймелететін ермексіздіктен бе, - партиялардың кейбіреулері, әлгі пәленшекең мен әйелінше біресе қосылып, біресе ажырасып, әләуләйләп қояды. Ал, олармен салыстырғанда, біздің «Сұңқыл» партиямыз бүгінгі қаңыраған ауылдың ортасында кеше тарсылдап тұрған трактордай.

Саналарыңызға сіңіру үшін біраз сұңқылдап берейін, қай құлағыңыз естиді – соныңызды берірек бұрыңыз:

«Сұңқыл» - бір қырлы, бір сырлы партия. Егер алдымыздағы жылда жұлдызшыларымыз алжасып, қуаңшылық қағынып кетпесе, егер қажылыққа келесі жылы кем дегенде 1000 қазақ барып келе алса, - ТМД төңірегінде түргінектеп жүрген жетім-жесірлерімізді түп-түгел жинап аламыз да, «Сұқаңның», яки өз партиямыздың тоғыз жылдығын тоқсан жылдықтай қылып тойлаймыз. Ал біздің «Сұқаңның», басқалардан бір несі... – оны жұртшылықтың көбі білмейді... – тоқ етер несі... біздің партия, біріншіден, аталған мынау партиялардың ешқайсысымен аузыңнан садаға кетейін әмпей де емес, атаңа нәлет араз да емес. Екіншіден, «Сұқаң» тоғыз жыл бойы бір ғана мәселемен, халықаралық ғылыми терминмен айтқанда, мәселелердің мәселесімен күндіз-түні шұғылданып келеді. Баяғыда мұртты ма, сақалды ма, таз ба, мысыққұйрық қасты ма... әліппедегі әріптерден де көп көсемдердің біреуі айтыпты ғой: «Түйіншектің бәрін кадр шешеді!» деп. Вот!

Мәселенің мәселесін тағы бір шырайналдыруымыз кеше ғана өткен сенбіде болды. Айтпақшы, бізде: Жарғы, Бағдарлама, Құрылтай, Теңтөраға деген бықи-тықи жоқ, партияның Атасы, оның Мұрагері ғана бар. Атасы – ойда жоқта жұлқынып партия ұйымдастырған, оған бабасы Сұңқылдың атын қойған Ошақ Шопак. Бірақ, амал не, алты минөттей болмаған алты жыл басқарды да, сонсоң о дүниеге кетпеске шарасы қалмаған күні бар-жоқ өсиет-қасиетін өзіне баяғыдан дамбалбажа Бісмілда Сопакқа тапсырып, келмеске кете барды. Соған, міне, тасбақа табанды төрт жыл толды. Соның құрметіне Бісекең бәрімізді өткен сенбі күні тау қойнауындағы қысқы саяжайына жинап алды да (оның жыл мезгілдеріне қарай төрт саяжайы бар және бізді оның қайсысына болсын әр айдың соңғы сенбі күнінде жинап, түгендеп отырады), әдетінше дәу сұрағын ортамызға гүрзіше тастай салды:

-Кәне, қай жерге қашан, қандай кадр керек, естіп-білгендеріңді жайып салыңдар. «Сұқаңның» қай сұңқарына жол ашылып тұр? Тек нақты, біліп айтыңдар! – деді. О, біздің Бісекең өте опер... опера... оперативный и бізді де соған тренировать етті!

-Қаланың салық мекемесіне бөлім бастығы керек, қазіргі орысы

алдағы аптада орнынан алынады, ол жерге біздің Бүкең лайық! – деді Мәкең (айтпақшы, біздің «Сұқана» Ошеке Шошекеңнің жұрағаты ғана мүше бола алады!).

-Облыстың Тәбиғат мекемесінде бір орын босайды, оған мен барсам жарар еді, - деді Тәкең.

-Қойбас ауданының әкімі өрлеп облысқа кетпекші, оның орнына Сүкеңді жіберсек, - деді Бәкең.

-Ақтас ауданындағы Көктас ЖШС-ның президенті ауруханада жатыр, мал болмайтын сияқты, ол орын Түкеңдікі-ақ! - деді Сәкең.

-Қаланың Жемқорлыққа қарсы күрес басқармасында өзгеріс болмақшы, бастығы пара алып отырып ұсталып қалыпты, тәжірибесінің аздығы ғой, енді үстінен қылмыстық іс қозғалды, оған Шүкең барса, - деді Нәкең.

-«Жар-жар» гзетінің редакциясында да бір нәрсе болғалы жатыр, - деді Шәкең.

-Не нәрсе? – деді Бісекең.

-Бас редакторының орынбасары бір айдан соң зейнет жасына жетеді.

-Оған бізден кімнің барғаны дұрыс?

-Мыртай дұрыс қой.

-Ол қайда, осында ма?

-Біс-аға, мен мұндамын! - деп маркақозыдай Мыртайлары ұшып тұрды, төбедей болып отырған Әлидің тусыртынан алақандай екі көзі дереу көрініп.

-Сен әзірше орынбасарлыққа бара тұр, содан соң көп ұзамай басредтың өзі боласың, өйткені басред біздің жақтыкі емес, ол да былтыр байқаусызда келген, кететін уақыты болды, ұқтың ба?

-Рахмет, Біс-аға, жүз жасаңыз!

-Мені жүз жасатып шаршатпай-ақ қой. Ал өзің бүгіннен бастап мынаны ойла: Басред болысымен ұжымға өзімізден кімдерді шақырып алатыныңды қазірден жоспарла. Онда Қазақстанның барлық бұрышынан жиналғандар отыр, сен өйтіп бышырағанды тоқтат, ұжымды ұйымшыл ету үшін өзіміздің «Сұқанның» сұңқарларын жинап ал, жүз пайыз болсын! Құдайға шүкір, бізде жорналшы кадрлар да жеткілікті. Солай ма? – деп Бісекең тағы бір сұрақты топ еткізді.

-Солай!

-Әрине!

-Солай болмағанда ше?! – дестік бірауыздан.

-Бәрекелді! Осы отырған бәрің де биыл бір саты, екі саты өсесіңдер. Қайда да сендердің бірінші басшы болуларың керек! Аруағынан айналайық Ошеке Шошекеміздің түп-тұқияндары мәңгі-бақи аман-есен болсын, партиямыздың жалауы біздің Қазақстанның, бүкіл дүние жүзінің үстінде желбірей түссін! Барлықтарың ертең-ақ бас пен жамбас мүжисіңдер!

-Әумиін!..

-Иә, «жақсы сөз жан семіртеді»!..

-Біс-ағамызға бәрі жар болсын!..

-Біс-аға, жөтелмей, шәшәлмай, қақаламай, алдымызда жүре беріңіз!..

Мінеки, сонымен сөйтіп, мәселелердің мәселесінің кезектегі біраз мәселесі талқыланды. Қорытындысын Бісекеміз көп кешіктірмей жасайды. Біздің партиямыздың үрдісі солай – бесті айғырдай Бісекеміздің тізіміне іліккен сұңқылдардың бәрі ертең-ақ төбе-төбеге шоқиып-шоқиып отыра қалады, вот!

БҮКЕ, ХАЛ ҚАЛАЙ?

Әй, Тықа, егер мен бірдеңе білсем, сұрақ қоюдың қырық түрлі қулық-сұмдығы бар, бірақ сенің мына сұрағың, менің саған ниетімнің түзуі сияқты, сенің маған ниетіңнің түзуін тура білдірді. Мұныға рахметім көп. Эттең, жер шалғай, әйтпесе келіншектей қылып алыпұрып, сақал-мұртың пішендей бет-аузыннан шөлім қанғанша шөпілдетіп сүйер едім. Алматыда: «Оу, Бүке, халың қалай?» дейтін пенде күн санап дефецитке айналып бара жатқанда сенің сонау ауылдан хат жолдағаның, ып-ыстық сұрақ қойғаның үшін сөйтер едім!.. Иә, жер шалғай. Иек астыңды ит өлген жер еткен, майы күйіп біткен ағаш арбаша шиқылдаған заман-ай! Бар-жоғы бір мың шақырым облыс орталығымызға, Тықа, есінде ғой, самолетпен қалықтап бара қалу үшін он екі сом төлеуші едік, енді ұшаққа жиырма бес мың теңге ұстатпасаң... ал ол менің екі айғы нем... әлгі зейнетақым!.. Жә, Тықа, жә! Сен менің халімді қысқаша сұрадың, рахмет, мен қысқаша жауап берейін.

Сол мына жиырма бес мыңның екеуін, яғни елу мың теңгені енесінің қабақ шытқаны құрлы көрмей, барар-қайтар белетті қалтама салып берген Көкімнің 70 жылдығы арқасында елде 10 күн болып қайттым. Көкімге заман берерін берді ғой: колхоз-совхозды апыл-ғұпыл асау-қылғу басталысымен қоластындағы совхоздың теңжартысын құшақтап-арқалап алып, Алматы асып кете барды, ол жағын өзің де білесің. Содан, не керек, қазірде тізімнен әдейі тысқары жүрген миллионер! Но ол чепуха, миллиардерлері көп елге таңсық емес!

Значит, Көкім ауылымызға көрсетерін көрсетті, әкесі де, шешесі де жоқ жетім екенін сездірмеді, молодец! «Менің ауылымнан шыққан шалдарсыңдар ғой, бармасандар болмайды» деп, әзірше аман-есен жүрген Омпай, Қомпай үшеуімізді күрестіретіндей таңдап алған. Асай-мүсейлерін арқалаған он шақты әнші-күйшіні алған, оның төртеуі – ышқыры бар, ауы жоқ шалбар киген қыз-қырқын. Оларға кісі басы қанша төлейтінін білмедім, ал тойын дүрілдетіп жүргізуге жалдап алған белгілі мәскеулік әртис Китиге 5 мың доллар төлеуге шарттасыпты! Маған бұйырғаны ондай болмаса да, оншама кем соқпады. Облысымыздың әкімі өзіміздің Шықайдың ортаншы ұлы ғой, маған жиен күйеу бала. Көкімнің құрметіне арналып ақындар айтысы болады екен, күйеу балам мені сол айтыстың бас төрешісі ете қойғаны! «Өйпірім-ау, Шөкен-ау, осындағы айтулы ақындардың біреуі болсын да, мені қоя-ақ қойшы!» десем, айналайын күйеу балам: «Мың доллар сиятын қалтаңыз жоқ па еді?» деп жымияды. Сөйтсем, кейін білдім, ақындар айтысы дегенің ағып жатқан ақша екен! Біздің Алматыдағы әлгі Бопыш, Нопыш, Топи, Мопидың – парлап-өсімдеп жеккен төрт аттай әйгілі ақындардың Қазақстанның ықпыл-жықпылындағы айтыс атаулыдан құр қалмайтындары сондықтан екен!! «Айтыстың төрешілер алқасы» дейтіннің төрағасына оңтүстік жақ біржарым мың доллар, ал солтүстік жақ бір мың доллар ұстататын көрінеді. Жақсы ақша! Ауыл шалының бір жылғы зейнетақысы!

Тықа, мен атаған мына төрт атты сен... тфу!.. төрт ақынды сен сырттай ғана білесің, себебі – көрген жоқсың. Білетінің өзің оқыған өлеңі, оны-мұны жазғандары болар. Бұлардан менің танитыным, мені танитыны – Топи. Кеңес өкіметі кезінде көп жыл көрші тұрғанбыз. Сол Топекең барған жерінің көбінде айтыстың төрағасы болып жүр

екен, енді ол дізгіннен ойында жоқ сәтте айрылып қалып, жүйкесінің екі-үш тамыры үзіліп кетсе керек, мені оңашалап алып:

-Әй, Бүке, билік сенің күйеу балаңда көрінеді, оған айтшы, сен алқаның төрағасысың да ғой, ол алқа мүшелеріне 600 доллардан беретін болыпты, айтшы, мені аға мүше етіп тағайындасын да, ақымды 800 долларға жеткізінші! – деді.

-Топеке-ау, құдай сақтасын, ондайды айта алмаймын! – дедім, қойныма мұз түсіп кеткендей тітіркеніп.

-Ақын емес, поэзияның өкілі ғана сені төраға еткен сол ғой?!

-Мен ести сала азар да безер болдым, бірақ көнбеді, көпшілік қалап отыр деді, құжат толтырылып кетіпті.

-Мейлі, бірақ сен менің мына тілегімді оған жеткіз, тіліңді алады, бізге құжат әлі толтырылмаған шығар, айт, орындат!

-Топеке...

- Мені силайтының рас болса, тағайындат!

Топекемнің түріне үңілсем – маңдайы жаңа ғана сиыр жалап кеткендей қып-қызыл! Бояуы бетін жауып кетпей тұрғанда жол таппасам...

-Топеке! Топатай! Жетпей тұрған 200 долларды мен берейін, сау-сәлемет кезімізде солай келісейікші! – дедім, шын бар-ау, жылап жібере жаздап. Бояуы өңешіне түсіп кетсе, қайтемін?!

-Шын ба? Ұмытпайсың ба?! – деп, былтыр лотерейден кіржуғыш мәшін ұтып алған кемпірімше жадырай қалды. Маңдайының қызылы дереу құрыды.

-Ұмытпаймын, ұмытпаймын! – дедім, ұсынған бір қолын екі қолыммен қатты қысып.

-О, қолың әлі күшті екен! – деді ол ырсия күліп.

Айтыс өтті. Беретінімізді бердік, алатынымызды алдық, Келісімді Топи ұмытқан жоқ, мен бұзған жоқпын.

Топекеңнің ұмытпаған тағы бір несі... Тойдың соңғы қонақасысынан кейін үйге бет алуға топтана бастағанымызда Топи мені тағы оңашалап:

-Әй, Бүке, облыстың әкімі сенің бөлеңнің баласы деседі, рас па? – деді, күбірлей сөйлеп.

-Ол енді...

-Бәсе, сені алақанына салып жүргені тіпті тегін емесін, әй, сезіп

едім, өзі жақсы жігіт көрінеді, олай болса сен оған оңашада айт, екеуімізге бір жылқы берсін, кейін, соғымға, сонсоң семірттіріп, Алматыға жеткіздіріп берсін, сөйтсін...

-Ойбай-ау, Топи-ау!..

-Мені силайтының рас болса, айтасың!

Топекемнің түріне тағы үңілсем, маңдайы тағы қып-қызыл! Апырым-ай, үйіне аман-сау жетсе жарар еді!..

-Мақұл, Топеке, мақұл, айтайын!

-Шын ба? Ұмытпайсың ба?! – деп бір қолын тағы ұсынды. Мен тағы екі қолыммен қатты қыстым.

-Мен оны жалғыз жемеймін. Ортасынан қақ бөлемін де, жартысын өзім алып, жартысын саған беремін! – деді, ақмоншаның рахатын көріп шыққан кісіше көңілденіп, күлімдеп.

Мен, әрине, обләкімге Топидың ол есебін ескерткен жоқпын, бөлемнің емес, өзімнің балам болса да, өйтпегенім шығар ма! Ал Топи ұмытпасын ұмытпады, ұшаққа кіріп, қатар отырған бетте әлгі «Айна мен маймыл» деген мысалдағыша мені шынтағымен ақырын түртіп қалып:

-Бүке, қалай, ұмытпадың ба, соғым мәселесі шешілді ме? – деді. Құдайдан іштей кешірім сұрадым да:

-Шешілді, - дедім, ұшақтың терезесінен сыртқа қарап.

-Дұрыс! Екеуіміз қақ бөліп аламыз!

Терезе жаққа еріксіз кеткен көзімді Топиға еркімен қайырсам, Топекем пышақ-балтасын сайлап-қайрап үлгірген қасапшыдай күлімдеп отыр...

Міне, Тықа, менің халім осындай.

ЧЯУ! ЧЯУ!

Қазақстандағы жателдік «Нуракинуоро» деген компаниядағы қарақөздерге хат

Қажетсіз компаниядағы құрметсіз қазекемдер!

Зейнетке шыққан кісінің уақыты қисапсыз көп болатынын сендер қашан көргенше айналайын Жер мен Көктің арасындағы болжағыштар бөрідей шулап, таласа айтып, тосып жүрген топан судың келіп

қалуы мүмкін. Ол алқын-жұлқын жетіп келсе, өй, сендерге жақсы болар еді, ә?! Қырық қабырғаларың мен отыз омыртқаларыңды құдайдың құтсыз күні сайын ырситып санап, тырнақтарыңнан су шығарып, көздеріңнен қан шығарып, миларыңды шайқап, тілдеріңді таңдайларыңа жапсырып, аяқ-қолдарыңды түгел сырқыратып, қалталарыңды түгелдей қайып тігіп тастап жүрген атаңа нәлет әбілет президенттеріңнен құтылар едіңдер! Топан су оны сирағы сынған торайша шыңғыртып ала жөнелсе!.. Бірақ... топан су да бір әумесер шығар, сендердің неге сорлағандарыңды, президенттеріңнің не пәле екенін тексеріп бөгеледі дейсің бе, бәрінді бірге алып кетер. Шіркін, бірер тәулік бөгеліп, күндіз-түні тексерсе ғой! Ең әуелі әбілеттеріңді арам майы іркілдеген алқымынан алып: «Кәнеки, господин президент Наубети Зулматс мырза, әдетінше тіліңді тісіңе жанып-жанып ал да сайра! Қазақтың жеріне сона-а-ау Тубумиядан қашан келдің? Неге келдің? Кім әкелді? Бұл үшін сен қанша бердің, ол қанша алды? Еуромен бе? Доллармен бе? Фунтстерлингпен бе? Компанияңа керек 100 инженердің 90-нын, 2000 жұмысшының 1800-ін өз еліңнен еліртіп ертіп келгенің қалай? Жергілікті қазақтардың жұмыссыз сенделіп жүргенін сен шынымен білмедің бе, көрмедің бе?! Әлде сенімен шарт жасасқан Қылғыт білдірмеді ме, көрсетпеді ме?! Жалақаны сенің инженерің мен жұмысшыңнан екіжарым есе аз алуға мәжбүр болып жүрген қазақ құлдарың мен күндерің наразылық ереуілін неше рет жасады және сен оларға... уәй!.. Біздің анау әлгі заңымызда: «Ереуіл жасауға болмайды!» деген ғана бап бар екен ғой!.. Мәселеңки, көшеде он кісі биліктің рұхсатынсыз жинала қалса, полиция жартысын сабап-сабап қалдырып, сабалмаған жартысын мәшінге тиеп алып кетіп, дереу соттатып жіберуге ерікті, ол – сен үшін өз еліңде адамнан сатып, құдайдан сұрап ала алмайтын сый.

Жә, господин президент мырза, соңғы сұрақ: қазақ құлдарың мен күндеріңнің сорымен табылған миллион-миллиард еуро-долларларыңнан біздің мемлекетке бірер мың еуро-доллар ғана салық төлеп жүргенің неліктен? Әлде көбі Қылғыттың қалтасына құйылып жатыр ма? Бірақ, егер менің сауатты екенім рас болса, ол неменің қалтасы господин президент Наубати Зулматс мырзаның қалтасы жанында түйенің жанындағы түлкідей ғана. Иә, түлкідей ғана! Тіпті түлкінің күшігіндей ғана! «Оны қайдан білесің?! Өтірікті өрт

кылма!» деп маған көзіңді ақитасың, ә, господин президент Наубати Зулматс мырза? Сен жателдік бола тұра біздің қазақтарды қандалаша сорып, еліңе ағылтып жүрген қыруар ақшаның ізіне күндіз сығырая қарап, сыңғырын түнде тымырая тыңдап отыратын сексоттар, яғни салпаңқұлақтар – біздікі! Олар сол үшін жалақы алады, өкінішке қарай... жо-жоқ, өкінішке қарай, олар вагондап кетіп жатқан теңгемізді санаудан басқа дәнеңе істей алмайды, иә, өкінішке қарай, жолын кесе алмайды, себебі біздің Қылғыт мырза мен господин Наубати Зулматс мырза жасасқан шартта жатпиғыл мырзаның: «Бергенімді - аласыңдар, бермегенімді - сұрамайтын боласыңдар!» деп, біздің мырзаның: «Бергеніңе - рахмет, бермегеніңе - привет!» деп қойған қолдары бар. Пышақпен жанталасып жонбақ тұрғай, үстіңе бір шөмеле шөп үйіп өртесең де тырп етпейтін тастай шарт!

Однако, салпаңқұлақтарымыз санағандарының қайда, кімге барып жатқанын жыр қылып жазып берген қапшақ-қапшық құжат бар бізде! Оу, қажетсіз компаниядағы құрметсіз қазекемдер, сендерге солардың екеу-үшеуін оқып берейін:

1. Атаңа нәлет әбілеттің (атамыз қазақ мұндайда: «Атаңа нәлет ит қалмақ!» дейді екен, ә?) үлкен ұлы Жытырты анау Ойфранцияның «Малту» кеме жасау зауытын сатып алған. Жекеменшігінде: 1 көлі, 2 өзені, 3 кемесі, 4 қайығы, 5 үйі, 6 мәшіні бар. Әйелі әзірше екеу, баласы да екеу. Е, иә, жерінің көлемі – 9 шаршы келеметр. Оларының бағасы...

2. Ортаншы ұлы Сыдыртс анау Бірдеңебританияда. Сондағы бір принцтің 8 шаршы келеметр жерін күндізгі сарайымен, түнгі сарайымен, фабригімен, сыра зауытымен, мейрамханасымен, бассейнімен, атжарыс алаңымен, 7 мәшінімен, 11 дәретханасымен қоса 179 миллион долларға сатып алыпты.

3. Кіші ұлы Залимк болса, ол Мұзды мұхиттың төрінде. Күніне 1, 5 тонна балмұздақ жасап шығаратын консерн салып алыпты. Ақ аю өсіріп, майынан әйелдердің әжімін құртатын крем, етінен ерлерге күш-қуат беретін котлет, ал терісінен чукчаларға тон тігетін компания ашып, сауда-саттығын тек фунтстерлингпен жүргізіп жатыр. Өзі әзірше бойдақ. 93 миллион евроға салдыртып алған 22 бөлмелі үйі, 31 миллион долларға сатып алған 2 тікұшағы, 50 мың доллар төлеп алған ұялас 10 иті бар. Айтпақшы, капиталы қатпар-қатпар елдердің бірінде

«Мисс-миллионерша Мукичя» деп аталатын ашынасы, не өзінен, не өзгеден екені сәпсім белгісіз бір баласы бар деседі. Әбден мүмкін. Мүмкін болатынның мүмкін болмайтыны жоқ.

4. Жалғыз қызы Долизи – жақында ғана жер бетінің жетпіс жетінші еліне барып түсіпті. Оның дәл қайда тұратынын, нені кәсіп етіп жүргенін біздің салпаңқұлақтар әзірше анықтай алған емес. Күйеуі бар ма, жоқ па, болса – нешеу, болмаса – кімдермен жүр, деген мәселенің де бетін бері қарата алмай әлек. Өйткені Долекең жекеменшігіндегі атақты «Боинг» ұшағының екеуін алмастырып мініп, алыстан алысқа қол бұлғап тарта береді екен. Әйтеуір, барған елде міндетті түрде үш апта болатыны, күндіз көрінбей, түнді бір әнші, бір биші жігіті үшеуі ең салтанатты мейрамханада өткізеді екен. Бізге одан басқа белгілісі: ол жетпіс үшінші елдің әуежайында әсірепысық журналшылардың қоршауына тап болып қалып, арасында біздің «Бейхабар» телеарнамыздың аға тілшісі Майбас бар, біраз сұраққа жүре жауап беріп құтылыпты. Біздің Майбастың: «Аса құрметті мадмуазель Долизи ханум, сіз папаңыз господин президент Наубати Зулматс мырзаның біздің Қазақстанда екенін білесіз бе, білсеңіз не сәлем айтасыз?» дегеніне ол екі езуі екі шықшытына қарай тұра жөнеліп, шанышқыдай қайқы кірпікті шағыр көзі шоқтай жайнап, мықынын таянып бұрала тұрып: «Вай-уай! Менің сүйікті папуляма миллион сәлем айтыңыз! Менің бақытты болып жүргенім – сүйікті папулямның арқасы! Чяу! Чяу!» деп сылқ-сылқ күліп, былқ-былқ басып кете барыпты.

Ех-хе-хе... басқа наубатизулматстардың анау-мынауларын былай қойғанда, чяушілдің сол күлкісі неше мың доллар тұрады екен десеңші!..

Оу, осы мен не жаздым? Ел аузынан естігенімді ме? Фельетон ба? Сықақ әңгіме ме?.. Не болса да, әйтеуір, кейіпкерлерімнің аты-жөндерін, оны-мұнысын шатыстырған жоқ сияқтымын. Әлде шатыстырдым ба?

«ӨЙДӨЙТ» ШАҚЫРАДЫ

Кеше Алматы қаласында жауапкершілігі жоқ «Өйдөйт» акционерлік қоғамы есігін шалқасынан ашты! Келіңіздер! Төріне шығып, шылп етпей көсіліп отырыңыздар!

«Өйдөйт» сіздерге ішкі-сыртқы қызметтің керек түрін түгел көрсетеді!

«Өйдөйт» аптаның жеті күнінде азаннан ақшамға дейін ашық. Қай күні қандай шара болатынын былайша мәлімдейміз (ескерту: зейнеткер әйелзаттылар джинсы шалбар киіп келуге тиіс, оны кимей келгендер дереу кері кетіріледі):

Дүйсенбі. Тоқырау кезінде туып, бықырау кезінде есейгендерге, жыныс айырмашылықтарына қарамастан, екі бөтелке арақ тегін беріледі (ескерту: жылына бір рет, оның туған күнінде). Келушінің қолында құлағының жақсы еститіні туралы анықтама болуы керек, оны Алматы қалалық полиция басқармасы куәләндіруі міндет.

Сейсенбі. Соңғы бес жылда үш әйел алып (үш күйеуге тиіп), үшеуімен де жылап-еңіреп айырылысқан азаматтарға (азаматшаларға) айына 3000 теңге стипендия беруге шарт жасалады (ескерту: төртінші әйелінің (күйеуінің) кандидатурасы анықталғаны жөніндегі анықтама талап етіледі, ол Алматы қалалық электр жүйесі басқармасының мөрімен куәландырылған болуы керек). Шарт жасасқан әрбір еркекке (ұрғашыға) бір тоқаш, бір қол орамал беріледі.

Сәрсенбі. Соңғы бір жылда ұсақ-түйек ұрлығы үшін екі рет сотталғандарды тіркеу жүргізіледі (ескерту: оларға өздері сүйіп оқитын қазақ ақын-жазушыларының көлемі 30x40 см түрлі-түсті фотосуреті табыс етіледі).

Бейсенбі. Соңғы екі жылда 21 (очко!) кісінің үстінен арыз жазғандар қабылданады (ескерту: арызын ағылшын тілінде жазғандарға алпыс алты ақ кірпіш, қырық қызыл кірпіш беріледі).

Жұма. Соңғы бес жылда бастығына ұялмай-қызармай, жалықпай жағымпаздандудың, жарамсақтанудың жарқын үлгісін көрсетіп, көзге көрінеу түскендер тіркеуге алынады (ескерту: оларға тіркеу куәлігіне қоса «Құрметті академик» атағы және жеті шелпек беріледі).

Сенбі. «Мен! Мен! Мен!» деп кеудесін төмпештеп жүретіндердің конкурсы өткізіледі (ескерту: бірінші орынды жеңіп алғандардың

кеуде сүйегі рентгенге тегін түсіріліп, иесіне пленкасы жарты бағасына сатылады).

Жексенбі. Тәулігіне жиырма сағат ұйықтайтындар есепке алынады (ескерту: олардан бір апта бойы «Өйдөйттің» офисінде түнеу талап етіледі). Жиырма бес сағат, немесе одан да көп ұйықтай алғандар жеңімпаз деп танылып, үйіне «Өйдөйттің» автобусымен тегін апарып тасталады.

Құрметті алматылықтар!

Жауапкершілігі жоқ «Өйдөйт» акционерлік қоғамының қызметіне кенелуге асығыңыздар! Салық инспекциясының, ішкі істер басқармасының, прокуратураның, соттың қызылкөздерінен бұрын келіңіздер!

«Өйдөйттің» әдрісі: Алматы қаласы, Ермак көшесі (қала әкімшілігі сүйегі баяғыда қурап қалған қарақшының атын әлі күнге сіресіп әспеттеп келеді. Сенгісі келмейтіндер, «Алматы көшелері» деп аталған әлем-жәлем альбом-кітапты алып қараңыздар), қызыл шатырлы там мен тоғыз қабат қара үйдің арасы, нөмірі алдағы аптада ілінеді. Ескерту: Алмалы аталып іргетасы қаланғанына мың жыл шамасы болған Алматы қаласының 150 жылдығын атау, «Алматыны» қайтадан «Алма-Ата» деп өзгерту салтанаты үстінде Ермак марқұмға «Алма-Атаның құрметті азаматы атағы» беріледі екен деген ғасыр жаңалығы болатын сияқты. Құлақ түре жүріңіздер. «Өйдөйт» одан оны-мұны ести қалса, өздеріңізге дереу хабарлайтын болады. О' кей!

ЖЖӨАҚ Төрағасы – Қ. ҒАББАС.

СОНДА, СОДАН

Қадірлі тыңдарман қауым! Қазақ радиосының негізгі әуеарнасы енді сіздердің назарларыңызға «Министрмен сұхбат» деген тұрақты айдарымыздың кезекті хабарын ұсынады. Біздің бүгінгі мейманымыз – тәуелсіз еліміздің ең маңызды саласының министрі Мытырқұл Мықыров мырза. Құлақ қойыңыздар.

– Құрметті Министр мырза, хош келдіңіз!

– Хош!

– Рұхсат етсеңіз, сұхбатымызды бастайық, а?

– Пожалуйста!

– Тындарман қауымға әуелі өзіңізді таныстырып өтсеңіз.

– Сіз таныстырдыңыз, министр деп, фамилиямды айтып, все! Мені Қазақстан весь знает, все!

– Өмірбаяныңыздан қысқаша мағлұмат берсеңіз жөн болар еді.

– А-а, мен осында туғам, өскен, мектеп, институт деп, содан аспирантура болды, Москвада, онда Советский Союз болды. Мен оқыдым, защитился, кандидат наук, содан сонда научно-исследовательский институтта болдым, жеті жыл. Японияда төрт жыл болдым, работал по специальности. В Казахстан независимый болған соң шақырды, келдім. Екі жыл начальник отдела, үш жыл замминистра, а потом, министр, уже бір жыл... так... так... сегіз ай. Болды, бітті.

– Отбасыңыз туралы да айта отырсаңыз?!

– Отбасы? Ол не? Квартира да? У меня коттедж, двухэтажный.

– Отбасы дегеніміз – семья...

– Ол зачем? Жоқ, керек жоқ, зачем?

– Солай ма?

– Конечно! Мен.. ведь премьер-министр емес, президент те, пока, так что керек жоқ!

– Еркіңіз, министр мырза. Ендеше өзіңіз басқарып отырған министрліктің міндеттерін, табыстарын, кемшіліктерін дегендей, тындармандарымызға жан-жақты айтып беруіңізді өтінемін.

– Пожалуйста! Біздің министр... біздің министрлік, то-есть, қазір... еще молодой. Солай болса да, штат бар, жетеді, почти он мың қызметкер, по республике, олар опытные, қандай задание болсын – жақсы орындайды. Олар міндетті біледі, оқыған, істеген и істеп жүр. Как специалисты, жақсы, бары жақсы, просто.

– Негізгі міндеттеріңіз не?

– Негізгі міндет... значит, основные задачи, да? Біз Президентке, мемлекетке, халыққа қызмет етеміз. Мен пионер болдым... значит... «Будь готов!» – Всегда готов!». Комсомол болдым. А біздің институтта военная кафедра болған, военный лагерьде болдым, а там, сіз білесіз, «Служу Советскому Союзу!» – дисциплина же! Бізде қазір дисциплина күшті, өте күшті! Айтылды – бітті! Орындау керек – все! Қазақстан үшін! Моральный жағдай, материальный жағдай тоже жақсы. Квартира, транспорт, еще что – бары жақсы! Менің жеті орынбасарым бар, олар

коттеджерде тұрады, мені бес иномарки: «Мерседес» и «Тойота» обслуживает, а орынбасарларымды, ну, должносттары бойынша екеуін үш авто, үшеуін екі авто обслуживают, тоже иномарки. Ол жақсы, тез, оперативно, быстро, главное – бары качественно орындалады.

– Кешіріңіз, сонда негізгі жұмыстарыңыз не?

– Сіз не, осында специально шақырасыз, а билетсіз, что ли?

– Бәрін де өз аузыңыздан естігеніміз дұрыс дейміз де.

– Өз ауыз... причем ауыз? А мен айтып отырам! Облыстарда управлениялар бар, қалаларда, аудандарда подразделениялар бар. Олар без исключения жақсы істейді...

– Не істейді?

– Вы подождите, мен барын айтам. Облыстарда управлениялар бар дедім, олар полностью укомплектованы, кадр жетеді, қандай міндет бар – сразу орындайды, качества жақсы, вот что главное сейчас. Молодежь көп, оқыған, істеген, жақсы! Керегі, жақсысы – олар қандай міндет бар, дұрыс біледі, просто без подсказки орындай, а это всех нас радуют просто! А аудандарда, а, мен тағы айтайын, біздің министрде, то есть, министрлікте, облыстардағы управленияларда, аудандардағы подразделенияларда ветерандар да бар, олар керек, біз оларды жоғары ұстап, уважаем, оларда орден, медаль, почетные грамоты бар, и тағы болады. А аудандарда...

– Министр мырза, кешіріңіз, бізге бөлінген уақыт...

– Ой, қайда, қайда? Ну куда торопитесь? Ведь наш советский экспресс остановку «Коммунизм» давно проехал, давным давно, ха-ха-ха!..

– Министр мырза, ол түсінікті ғой, біздің тындармандар сіздің министрліктің немен шұғылданатынын түсіне алмай қалатын болды, жұмыстарыңыздың сипатын ашып айтып беріңіз.

– «Сипат?» Ол не? Качества что ли? Мен айттым, бары качественно, оперативно, тез, дұрыс деп айттым. А аудандарда не бар, қазір айтамын.

– Кешіріңіз, маған ескерту белгі берілді, бір-ақ минут уақытымыз қалыпты, ең соңғы сұрағымды қояйын...

– Пожалуйста!

– Сіз тәуелсіз еліміздің мемлекеттік тілінің, яғни қазақ тілінің мәртебесі дегенімізді қалай түсінесіз?

– «Мәртебе»?! Что это?

– Мән-маңызы, абыройы, беделі!

– А, конечно, конечно, ол жақсы, жақсы! Мен оны на СТО поддерживаю! Школдарды двенадцать класс жасасак, тіл, мәртебе и так далее бары жақсы болады...

– Рахмет, министр мырза, сау болыңыз!

-До свидания!

ҰМЫТПАҢДАР!

Әптішүкірдің айтқаны

Бір алақандай ауылды басқару үшін екі уыс ақыл керек. Шыдамды, төзімді, байсалды болмайынша ештеңе мандыта да алмайсың. Зүкең мені осында әкім қылып тағайындағанда менде тұп-тура осындай қасиеттер барын ескерді. Ал Зүкеңнің өзі ше?! Зүкең, біздің Зүкең... шіркін, Зүкеңдей кадр аз ғой, аз, аз!.. Біздің Зүкең біздің заманымыздың кадры емес, ол... қалай деуге болады... ертеңгі, иә, келер заманның кадры! Біз Зүкеңнің бағасын біліп жүрген жоқпыз, оны түсінбей, дұрыс бағалай алмай жүрміз, ал ертеңгі ұрпақ оны түсінеді, дұрыс бағалай алады. Келешектің көсемі қандай болады десек, ол – бүгінгі біздің Зүкең! Сонда біздің Зүкең қандай кісі, бойында нендей қасиеттер бар?.. Саясаттың сарытістілері айтатындай, бұл - жақсы сұрақ. Ал жақсы сұрақтың жауабы да жақсы болуға тиіс. Ендеше, мен айтайын: біздің Зүкең – ғажап демократ! Бір қызығы: «демократ» дегеннің не, яғни кім екенін бізде де, басқа жақта да екінің бірі білмейді. Олар айтады: «демократ – халықтық билікті жақтаушы» дейді. «Халықтық билік» деген не?.. Олар оны түсіндіріп бере алмайды. Елді халық билеуі керек дейді... Ол не сұмдық?! Сонда елді билеуіміз керек деп шетімізден президент, премьер-министр, министр, прокурор, сот, әкім болуымыз керек пе? Мысалы, мен басқарып отырған ауылда отыз сегіз кемпір-шал, отыз шақты бала, он бес шақты келіншек бар. Он шақты жігітіміздің бәрі өзіміздің, немесе көрші Ресейдің қала-селоларын жағалап кетті. Ауылда істейтін жұмыс жоқ, несіне босқа мәлііп отырады, дұрыс қой, ә?.. Иә, сонда «халықтық билік» деп, немене, жаңағы отыз сегіз кемпір-шал шетінен ауыл әкімі болсын ба?! Олар әкім болмай-ақ тыптыныш жүрген жоқ көрінеді. Көмекшілерімің айтуына қарасам, олар ауық-ауық жиналып алып, ауылдың жағдайын сөз қылатын көрінеді.

Сөздері қайбір жүйелі дейсің, баяғы колхоз-совхоздарды сағынады дей ме-ау!.. Пенсияға шыққандарына 15-20 жыл болған, коллективтен қол үзген, жаңа өмірден кейін қалған немелер. Өткен аптаның бір күнінде солардың екеуі менің кабинетіме жетіп келіпті. Көмекшім Шөкөтай айтады: «Екі ақсақал келді, «кіруіміз керек!» деп тұр, дейді. «Е, «кіруіміз керек!» деп тебітіп тұрса, кіргіз!» дедім. Екеуі емес, отыз сегізі бірдей келсе де, бергеніне шүкір, кабинетім де, бос уақытым да жетеді. Екі шал кірді. Екеуі де бейтаныстау. Аты-жөндері есімде қалмапты дегенім ғой. Сәлемдестік. Менің не істеп жүргенімді білгелі келген шығар, әуелі соны сұратпай-ақ айтып берейін, ал өтініштері болса, содан кейін айтар деп іштей ой түйіп, дереу сөйлеп кеттім:

-Ақсақалдар, бәрекелді, келгендеріңіз дұрыс, өстіп келіп, мән-жайды біліп тұру керек. Ал мен болсам... ендігі естіген де шығарсыздар, мен облыс орталығында болып, обләкім Көкеңнің өзімен әңгімелесіп келдім. Обләкім проблемамызды шешпесе, президенттің тура өзіне бармақ едім, жоқ, обләкім мен алдына қойған проблемаларымыздың бәрін түгел шешіп берді. Ең бастысы – алдағы жылда істелер жұмыстарымызға ақша бөлетін болды. Алдымыздағы жаз шыға бәріңнің үйлеріңнің сырт жағын, яғни көше жақ қабырғаларын әктетеміз, а то не удобно, ауданнан, даже облыстан өкілдер келіп-кетіп жүргенде үйлердің көше жақ қабырғалары аққудың қанатындай аппақ болып тұрмаса, олар не дейді? Содан кейін шатырларыңызды да сөйтеміз. Ақша қалатын болса, онда бәрін түгел аппақ қыламыз! Ақсақалдар, сендер байқадыңдар ма, көшеміздің аты ескірді, «Битқұл Маусымбаев көшесі» деп тұр. Битекеңнің осы ауылдан шыққан академик болғанын білесіңдер. Егер ол біздің елдің тәуелсіздік алғанын аман-есен көрген болса, фамилиясындағы «ев» дегенді сразу, е дегенше жоятын еді. Яғни біз аруақты силауға тиіспіз, көшенің атын жаңалап, «Битқұл Маусымбай көшесі» деп жазғызуымыз керек. Одан кейінге кезекте өзен мәселесі тұр. Ауылымыздың тап іргесіндегі өзенімізді айтып отырмын, оны күнде көріп жүрген шығарсыздар. Соған байланысты кеше маған бір батыл, жаңа ой келді. «Ол не?» дейсіңдер ғой, жауап беремін: - Бұл өзен қашанғы аты-жөнсіз аға береді? Оған ат қоюымыз керек! Мысалы, осы ауылдан шыққан, пәлен жыл министр болған марқұм Сасан Ошақовтың атын қойған дұрыс болады. Әрине, оның да «овын» сразу алып тастаймыз! «Сасан Ошақ атындағы өзен» деген қандай, ә?!

Мен солай деген кезде екі шалдың сақалы ұзыны маған жалт қарап, шаншыла сөйлеп жөнелді: «Әй, Әптішүкір шырақ! Сасан қайын атаң болған соң қабырғаң саған солай деп ақыл берген екен ғой?! Токтай тұр, біз сені біраз тыңдадық, енді сен бізді біраз тыңда, шырақ. Үйіміздің көше жақ қабырғасын өзіміз-ақ әктеп аламыз, ешкімнің ақшасынсыз-ақ жыл ара әктеп те жүрміз ғой! Сен одан бұрын ауылды ауызсуға жарыт. Сәбет кезінде қырық метр тереңнен су тартып беріп тұрған электрқұдық құрығалы он үш жыл болды. «Анау сатып алды, мынау тартып алды» деп тотитты. Сенен бұрынғы төрт әкімге де, саған да айта-айта ауызымыз уылып, тіліміз ісіп, жағымыз қарысып қала жаздап жүр. Бізді бәлду-шәлдүмен енді неше жыл ақымақ қылмақшысыңдар? Ал бастауыш мектеп үйінің сиқы анау! Шатырын былтыр жел жұлып быт-шыт қылған күйі тұр. Пеші жылытпайтынын да айтқанбыз саған. Әлде өзіміз жарымқұрсақ болуға шыдап, пенсиямыздың жартысын берейік пе сендерге? – деді де, жанындағы шалға ажырайып қарады. Онысы жолдасына: «Ендігісін сен айт!» дегені екенін сезе қойдым да, мені сынауға сайланып келген олардың сандырағын одан ары тыңдағым келмей, орнымнан атып тұрып, кабинетімнен шығып кеттім. Сыртқа ере шыққан көмекшіме: «Анау екі шалды бес минуттан кейін қуып жібер. Мені «Астанаға кетті» дей сал», дедім де, джиіме отырып алып, шопырыма: «Әйда, Шұқаңа тарт!» дедім. Шұқаң – көрші ауылдың әкімі Шұңқырбай досым. Ол: «Монша жаққызып қоямын, ертерек кел!» деген.

Мінеки, әкім мырзалар, еріккенде аузына не келсе, соны айтқыштардан құтылудың осындай оңай жолы бар, ұмытпандар.

ЖАҢАШЫЛ

«Уа, халайық! – Баяндамашы пенжағының қойынқалтасынан алған пәлен парақты мінберіне жайып салып, шаңыраққа шалқия қарап азкем тұрды да, айтпақ сөзінің дәмі аузына келгендей, ернін бірер жалап, тамсанып алып, «жайнамазына» үңілді. – Жоғары оқу орындарын айтпағанда, бастауыш мектептің не екенін білмеген, ешбіреудің ақылынсыз да ақын болып шыққан аталарың Абай айтқан ғой, «өлеңге әркімнің-ақ бар таласы» деп. Бірақ сол ақсақал артық-ауыс қателескен. Өйткені, осы өлең жұрағатына таласпай-ақ бір кісідей күн

көріп, ақын болмай-ақ өлең танып, ұйқысы қанып жүргендердің біреуі – мына алдарыңда тұрған менмін. Менде өлең таласына қатысар тіпті уақыт та жоқ. Құнекеңнің баласы ғұмыры конторда отырып қызмет істемеген ғой, ал мен күніне пәл-е-ен сағат сарылып отырамын. Алайда менің о кісіден мықты бір артықшылығым бар: үйімде, кітап шкафымда екі дипломым классиктердің томдарына сүйеулі тұр. Бұл – өлең таласына қатыспасам да, поэзия туралы толғануға, тебіренуге, жөн-жоба айтуға правом толық деген сөз!

Солай, мырзалар, мен поэзия жайында ерекше толғануға тиіспін. Толғанғанда, сол поэзияның сон-о-оу келешегіне көз жіберуім керек. Көз жіберіп қана қоймай, сол поэзияға жаңалық енгізуді талап етемін! Поэзияға жаңалық дегенің таза судай қажет».

Жаңалықтың қажеттігін дәлелдегісі келді ме, әлде судың қадірін көрсеткісі келді ме, баяндамашы бір стакан су сіміріп, біраз тамсанып алды.

«Иә, иә, поэзияға жаңалық енгізу керек! Жаңалыққа жедел көшуіміз керек! Қазір – космос дәуірі. Демек, поэзияны жерден жұлып әкетіп, космосқа шығаруға тиіспіз! Кешегі егіз ұйқас, шалыс ұйқас, тағы немене ұйқастар қазір мүлде ескірді, әбден тозды; шалқыған шабыт шымылдығын, қалай бүктесең де, оның қапшығына симайды, енді ол ескі ұйқастармен ешбір көңіл күйінді жеткізіп айтып бере алмайсың. 7 буын, 8 буын, 11 буын дегендердің де бақайшағын шағу керек, олардың енді қол орамал ғұрлы пайдасы жоқ!

Поэзия дегенің – просто қыз. Кәне, көз алдарыңа екі иығына екі кісі асылғандай, екі езуі екі құлағына жеткен қызды елестетіндерші. Оның аяғында – өкшесі жырты қарыс қан қызыл түфли, қара шұбар шұлық, үстінде – тізесінен үркіп тұрған жасыл юбка, жайдақ жағасы қос апортының орта тұсынан төмен тұрған көк кофта, мойнында – бауырсақтай-бауырсақтай сары-ала моншақ, шала бұйра шашы қоңыр-жирен делік. Қандай әдемі! Қандай келісті! Қандай жарастық! Моданың манаураған көкесі! Міне, поэзия да осындай, дәл осындай болсын! Әрбір өлеңнің бойынан неше буын, қандай ұйқас іздесең – бәрі де табылатын болсын. Өлеңді дәстүр деген дүниеге жетім бузауша телімеу керек! Өлеңді мазмұнға жығып бермеу керек! Өлеңді езгіге салмау керек, қанамау керек! Ол өз еркінше, тәуелсіз өмір сүрсін. Қазіргі ақындардың алдында тұрған ең бірінші міндет осы, ал екінші міндет...».

Айыпқа бұйыра көрмендерші, ақын достар. Ол сендердің алдарына қойған, екінші міндет есімде жоқ. Есімде жоқ деймін-ау, соны тыңдай алмадым да ғой. Екінші міндетін ыңғайлай бергенінде, жан-жағыма қарасам – залда Бодық екеуіміз ғана қалыппыз. Қой, Бодықтан соң қалғаным ұят болар деп ойлады да, жүре есінеп шығып кеттім.

БӘРІ - ӨЗІНКІ

Қалай болғанын білмеймін, әлде көкейіме көктен аян келіп қонды ма, әлде дос-жолдастарымның біреуінің бір кезде, бір жерде айтқаны ойымда жаңғырықты ма, әлде... әйтеуір, былтыр көктемде біртүрлі бола бастадым. Өзім таңдап алған төрт орынбасарыма сеніп, солар дайындаған қаулы-қарарға, нұсқау-мұсқауға, оны-мұны құжат-мұжатқа «Орман-тау облысының Әкімі Болай Толайұлы ЖАЛҚЫБЕК» деген жақсы жазуы бар мәрмәр мөрімді басып, қайталанбас қолымды қойып, тыныш жүре беретінмін.

Орынбасарларымың бәрі – өзімдікі. Тойыст, өзімнің командаларымыз. Біздің елде өз командамен жұмыс істеу керек деген тамаша тәртіп орнағаны белгілі. Біз сияқты жоғарғы басшылар тобы біріне бірі сенбейтін біреулерден құралса, неменеге жари алады? Ештеңеге жарымайды! Соған менің де көзім жетті де, Бәлмен мен Дүрмекті, Жалау мен Олпұлды Көмірлі облысынан Шалқар облысына ала кетіп, одан Орман-тау облысына алып келдім. Әрине, төртеуін бірден сүйрей жөнелмеймін, араларына апта салып, ай салып дегендей. Жалпы қиын емес. Менің орнымды басқан әкімнің өз командасы бар, ол да етек-жеңін тез жинап алуға асығады.

Сонымен... не айтайын деп едім?.. Кеше... жоқ, ол емес. Астанаға... жо-жоқ, ол жаққа емес. Сонда... қызық, біртүрлі... О, өзімнің біртүрлі бола бастағанымды айтпақ болдым ғой?! Бәсе!

Сөйтіп, бір күні облысымың атын, кәніші, жақсы атын шығарғым келіп, әсіресе, түнде басыма сан-сапалақ ой жиналып, мен оларды сортап қиналып, ұйықтай алмай дөңбекшітінді шығардым. Әйелім Бәтикүл: «Әй, төсекте солқылдатпашы! Не әкетіп барады?!» деп теріс қарап жататын болды.

Ойлайтын ойдың көп болғаны жақсы ғой, ақырында облысымың

алыс-жақынға қалай танытудың тәсілін таптым! Сол түні, өй, рахаттанып ұйықтадым-ау! Бәтекем де көңілі көншіді. Әй, өзім-ай!

Ертеңінде облысымың гәзетінің Бас редакторы Саймасай Бақбайды шақырып алдым да:

-Слушай, саған мықты тапсырма бар! - дедім, жалпақ бетінің жартысын алып тұрған маймұрнына әдетімше алдымен көз тастап.

-Айтыңыз, орындаймын! - деді ол, әдетімше лып етіп. Ол – айтқаныңды қойып, айтарыңды қағып алатын әйбәт жігіт. Нағашысы – тындырымды Дүрмек қой.

-Айтсам, проблема мынадай! - деп оң қолымды оған соза төрт саусағымды бұқтырып, басбармағымды шоқиттым. Ол шоқитқаныма жымыңдай қарап, ұстай алғысы келген балаша қипалақтады. Мен қолымды қайырып алып: - Қалт етпей тыңдап, қауашағыңа түгел құйып ал, - дедім де, «лекциямды» бастадым. Бас редакторым басын шұлғып, ернін жалап қойып, тілін тісінен шығармай тыңдады.

-Ұқтың ба? - дедім.

-Ұқтым! - деді.

-Түсінікті ме?

-Түсінікті!

-Сұрақ бар ма?

-Жоқ!

-Онда орында!

-Мақұл!

-Бар, кіріс!

-Мақұл!

-Сау бол!

-Сау-саламат болыңыз!

Ол елпілдеп шыға жөнелді. Мен өзіме өзәм риза болып отыра бердім. Дүрмектің сендіріп айтқаны өз алдына, мәселе менің кадрды таңдай білуімде ғой! Саймасай алдыма алғаш келгенде-ақ оның көрсеткен жолыңнан қия баспайтынның, арқалатқан жүгінді белі шойырылғанша ауырсынбайтынның нақ өзі екенін танығанмын. Сөз қорында: «Не?» деген сұрақтың жоқ екенін, «Мақұл!» деген сөздің көп екенін көріп-білгенмін. Нағашысына тартыпты. «Жігіттің үш жұртының бірі - нағашысы» деген рас.

Ертеңінде Дүрмек келіп:

-Бөке, кеше Саймасайға берген тапсырмаңыз жақсы екен. Керек процесс қой. Ол сіздің сенім артқаныңызға қуанып, құлшына кірісетінін айтты. Қамшы салдырмайды ол! - деді, көтеріле сөйлеп, жымындап.

-Оның кімге тартқанын әу баста-ақ сезгенмін! - дедім. Екеуіміз көсіле күлістік.

ЕСЕП-ҚИСАП

- Жүз мың доллар аз ба, көп пе? – деді Арынхан құдайы бір құрдасы Наушаға.

- Саған біреу сонша ақша бермек пе? – деді Науша ептеп таңданыңқырап.

- Мысалы, бермекші десем?

- Саған берсе – көп, ал маған берсе – аз.

- Қалайша?

- Қалайша? десең... Ей, Ареке, біз ғой екеуіміз де Қазақстан Жастар одағының силығын алдық, ә?

- Бұдан бес жыл бұрынғының басын ауырттып қайтесің?

- Алғанымыз рас қой?

- Рас, рас!

- Сенің бір әйел мен үш баланды жетектеп пәтерден пәтер жалдап жүргеніңе сегіз жыл, ал менің бір әйел мен бес баланы жетектеп тентіреп жүргеніме он бір жыл...

- Әй, сен...

- Тоқтай тұр, Ареке, сабыр ет! Саған үш бөлмелі пәтер керек, ол отыз мың доллар десек, қалтаңда жетпіс мыңы қалады да, оны бесеуіңе бөлгенде әрқайсысың он бес мың доллардан аласыңдар. Маған төрт бөлмелі пәтер керек, ол қырық мың доллар десек, қалтаңда алпыс мыңы қалады да, оны жетеуімізге бөлгенде әрқайсысымыз сегіз жарым мың доллардан аламыз. Сонда сенің он бес мыңың көп емей, немене, менің сегіз жарым мыңым көп пе? Сендер бізден екі есе көп аласыңдар ғой?!

- Кетші, ей, қайдағыны айтпай! – деп Арынхан күлді.

- Оның үстіне сен ақынсың, өлеңдерің гәзет-журналдардың бетінде қойша өріп жүреді, қаламақыны қапшықтап жинап алатын шығарсың. Ал менің суреттерім айына, жылына бір шығады. Енді суретті қойып,

арақ-сыра, темекі, сағыз сатуға кететін шығармын.

- «Бизнесмен Науша!» болмақсың, ә?

- Әй, «бизнес» демекші, бізге анау алыс-жақын шет елдерден келетін, әлгі «эстрада жұлдызы» деп аталатын алабажақ, алас-күлес, бақырауық-қақырауықтарды шақыратын, сахнада жынойнақ жасағаны үшін сол қайыс борбай, қотыр тақымдарға жүз мыңдап доллармен ақы төлейтін «мықтылар» – өзіміздің сол бизнесмендер екен!

- «Өзіміздің» деп өзеуремей-ақ қой, олар саған да, маған да, дәл қазір өле қалсақ та, бұрылып бет сипайтын қазақтар емес!

- Астапыралла!..

«АРТЫ ҚАЙЫРЛЫ БОЛСЫН!»

- О, Бақырбай Бақанұлы, сәлем бердік!

- Е, арты қайырлы болсын, Шәке!

- Немене?! Не боп қалды?!

- Мен шошымасам, сен шошитындай дәнеңе болған жоқ.

- «Арты қайырлы болсын!» дедің ғой?!

- Дедім. Дұрыс.

- Бақырбай Бақанұлы-ау, «арты қайырлы болсын» деп... біреу қайтыс болып па?

- Қайтыс болыпты.

- Кім?

- Сенің қазақтығың!

- Не дейді?!

- «Бақырбай Бақанұлың» не? Сенің әкең Мамырғалимен сөйлескенде қай қазақ «Мамырғали Дәркенбайұлы» деп еді? «Мәке» демеуші ме еді? Сенің атаң Дәркенбайды қай қазақ «Дәркенбай Жалғасханұлы» депті? «Дәке» деген шығар?

- А, вон оно!.. Ұқтым, ұқтым! Қазақтың гәзет-журналдары, телевидениесі мен радиосы әлгі несінде... интервьюде солай деп, әлгі... мысалы, «Алма Тәжібайқызы», «Рахымбай Бердіқожаұлы» деп сөйлескен соң мен де... культура керек болар деп...

- Солай де, Шайырбек Мамырғалиевич?!

АТАҚ САТАМЫН! АТАҚ!..

«Оңашада ояу отырып ойланғанға ешбір қызық-шыжық жетпейді». Бұл - арғы-бергі қазақтың миын маңайламаған мәйекті сөзтіркес. Менің меншіктім! Мақал да емес, мәтел де емес, жаңа сипатты түйін. Менде мұндай ғұламалық нышан мөшек-мөшек. Ал оған айдар таға ат қоя алмай жүргеніме: 1 жыл 2 ай 4 күн 9 сағат 31 минут. Секөнді айтып уақыттарыңда алмайын да, оңашада ояу жантайып жатып (өйтуге де болады!) ойланғаннан тапқан пайдаларымды баяндайын:

Біріншісі. Бүгінде біздің Қазақстан – бизнес-республика. Бизнес дегеніміз – сартылдаған сауда. Ухит-сухитпен уысыңа түскенді бересің да аласың, қосасың да бөлесің. Нені не қылсаң да, ол сенің қолыңнан басқаларға қымбаттап кетіп, басқалардан саған арзандап қайтып келуі керек. Екіарадағы делдал ақша – дедектеген бизнес. Мұны қалай түсінгілерің келсе, солай түсіне салыңдар, ал менің көзімнің әбден жеткені - ақшаның «ар-абыройының» аспандағаны! Қазірде домаланған Жер жарықтықты аңызда айтылатын Көк өгіз мүйізімен тірей көтеріп тұрған жоқ, - ол қат-қабат төселген Ақша-төсекте жатыр, яғни тағдыры – Ақшаның қолында.

Иә, бүгінде біздің Қазақстан – түймеден тауға дейінгісінің бәрін сататын республика. Ұжымшар мен кеңшар, зауыт пен фабрика, көл мен өзен, алтын мен темір, ағаш пен көмір, мейманхана мен жатақхана, наубайхана мен асхана, мектеп пен балабақша... бизнес базарына шығарылғалы 20 жыл... өй, бұлар «ұсақ-түйек» қой, - бышыраған ба, бығырланған ба, «бардақ» па, әйтеуір, бірдеңе болған біздің билік былтырдан бері институт-университеттерді, академияларды (Бас академиясының саудасы біткелі қашан!) ақшалай... тойыст, саудалай бастады да, өнебойы қалта болып кеткендер қарқылдап жатыр. Уәй, Ақша!..

Екіншісі. Әлі күнге естеріңізде шығар, сонау 2000-жылы «Жер мәселесі» парламент Мәжілісінің опақ-сопақ отырысының күнтізбесіне кіргізілгенде онда тізіліп отырған «көзір тұздар» мен «көзөл корольдер»: «Жер – біздің Анамыз! Жерді сатқаның – Анаңды сатқаның! Кәнеки, Жер-Ананы сатып байқаңдар, атаңа нәлет ит... немелер!» - деп 1 күн айқайласып, ию-қию болысып, ертеңінде «Жер жалға да берілісін, сатылсын да!» деп бірауыздан қаулы қабылдағалы, иә, 15 жыл. Бірақ

ол қаулының бір жерінде әлде жыртық, әлде тыртық болса керек, биыл жыл басында Жерді сату, жалға беру жайында түзеткіштер туралап берген «тын» қаулы шығып, онда әлгі жыртық жамалмай, тыртық жазылмай, керісінше ұлғайтылып жіберіп, Атырау – Семей аралығындағы қалың жұрт ол заңсымаққа қасқайып қарсы тұрып, билік бұға қалып, президент Н. Назарбаев мараторийін ала жүгірді. Біздің билікте халыққа қажет қаулыны халықсыз шығара салатын, ал халық ренжи бастағанда түлкіқұйрық бола салатын «дәстүр» бар. Оны бәріміз білуіміз бе?.. Білеміз) Пайдалы! Ал «жамап-жасқаудың» жаңа жолы ізделіп (уақытша болса да), жердің ауыр мәселесін жеңілдету жөнінде үкіметтің опай-топай комиссиясы жасақталғанын, оның ой мен қырда алас-күлес жұмыс жүргізіп жатқанын, айтшылап Алматыға да келіп қайтқанын менсіз де білесіңдер ғой десем, әй, онысы Астанада апта сайын өткізіліп тұратын Бүкіләлемдік жиын-тойлардың көлеңкесінде қалып қояр-ау деген күдігім бар.

Үшіншісі. Бүгінде біздің Қазақстанда сатылмайтын бір ғана нәрсе қалғанын білдім: ол – өкпемізге тәулік бойы кіріп-шығып жүретін ауа! Таза ма, лас па, мәселе онысында емес, мәселе оның кірсе шықпай, шықса кірмей қоятын қырсығы жоқтығында. Уай, сол қасиетімен ол да көп ұзамай бизнестің мүлкіне айналар-ау! Менің оңаша ойлап білуімше: бизнесшілер оны сорттап салып, өлшеп сататын арнаулы ыдысты жасайтын хас шеберді таба алмай әуре-сарсаң бола бастапты. Үлгі-өнеге атаулыны шет елдерден іздеп, олардың қаңсығын таңсық етіп алуға шеберлендік қой, сол ғадетпен біздің «іскерлер» Қытайға топ-топ болып шапқылап барып, онда таза ауаны дорбалап сататын тәсіл табылғанын көріп келіп, өздері де солай істемекші екен дегенді естідім. Ал мен оларша аспанға өрмелемей-ақ, саны аз болса да сапасы мировой, өте қарапайым, өте тиімді жап-жаңа бизнес бұйымын таптым. Әлемде жоқ! Бізде, өздерің менсіз де білесіңдер, құрғақмақтан мен қуәтірік айтарда сабынды сөзімізді «Әлем» деп бастаймыз ғой: «Қазақстандағы қаптаған жетістік пен жамыраған жаңалыққа әлем еріксіз таңданып, таңдайына безеу шығып жатыр!» дегендей. Вот, сол бұйымды мен ешқайда бармай, ешкімнен сұрамай, Қытай мен Ресейге жалтақтамай, өз үйімде отырып, өзім ойлап таптым! Оным – АТАҚ! Адамның адам болғаны атақты ойлап тапқан күнінен басталған ғой, солай емес пе? Иә, солай! Ал мен жап-жаңа

атақ шығарған жоқпын, бірақ, қазекемше айтқанда, атақты «алтынмен аптап, күміспен күптеп» саудалайтын жап-жаңа бизнес ойлап таптым. Құлақтарыңды қаңтарып күнә арқаламай, айтып берейін. Нендей атақ сататынымды осы ай туа Бас Бизнес Орталығына тізіп жазып апарып, мәңгілікке заңдастырып алдым. Мәңгілік елдің азаматымын ғой! Бұл тапқырлығым мен талантыма сенбегендеріңді әлемде жоқ бизнесіммен тандандыра аламын!

Сонымен, менің сужаңа бизнесімде сататын атақтарым: «Данышпан», «Дана», «Ғұлама», «Кемеңгер», «Көреген», «Әулие», «Әлем адамы», «Аса көрнекті», «Ерен атақты», «Қайталанбас тұлға»... Әзірше осылар. Ал бұлар ып-ыстық күйінде дереу өтіп кете бастаса, онда ано-о-оу жылдары сатылып біткен: «Мыңжылдықтың адамы», «Жүзжылдықтың адамы», «Ғасыр ғұламасы», «Алтын адам», тағыда не болып еді, солардың үлгілерін іздеттіріп, тауып алып, қайтадан жаңаша жасатып, әдетімізше бағасын екі есе өсіріп, Астана мен Алматының бас алаңдарына шығарамын, өйткені атақ іздегендердің көбі сол маңда.

Өзім Әдебиет ауылының тұрғыны болғандықтан әуелгі сатар атағым – «Ұлы». Соңғы жылдары Жазушылар одағымызда көзі тірі ақын-жазушының мерейтойы болса, марқұм ақын-жазушының мүшелтойы болса, оған себепкер адамды, яки мерейтой мен мүшелтой иелерін, той мен астың баяндамашылары бастап, жарыса сөйлеушілер қостап, шетінен «ұлы ақын», «ұлы жазушы», «ұлы драматург», «ұлы сыншы», «ұлы аудармашы»... десіп, тірісінің өзін, марқұмының аруағын, Қожанасыр әпендіше Айға бір шығарамыз! Күнге де шығарар едік, бірақ... баяғыдағы «көсемдеріміздің» бірі – мұртқасты Л. И. Брежнев жолдас: «Америка Айға адам қондырды, енді біз олардан озып, Күнге қондыруымыз керек!» дегенде Ғарыш орталығының басшысы: «Күннің қызуына төтеп бере алмаймыз ғой?» депті. Сонда Леонид Ильич оған мұртқасын секірте қарап: «Ештеңе етпейді! Түнде ұшырыңдар!» деген екен. Сол сияқты...

Сонымен, саудамызды бастайық.

Мен «Ұлы» деген атақтың бағасы... та-а-ак... оны... жо-жоқ, тоқта, тоқтай қал! Бұл атақты Әлихан Бөкейханов пен Ахмет Байтұрсынов ағаларымыз сол кезде-ақ: «Қазақтың Бас ақыны», «Қазақтың Ұлы ақыны» деп Құнанбайұлы Абайға еншілеткен, ендеше, екеуінің аруағынан аттаудан, Абай атамның дәрежесін базарлатудан бізді құдай сақтасын! Және айтарым, егер мен бірдене білсем, Абайдан

кейінде қазақта Абекеңнің деңгейіне жете алған ақын жоқ! Жүз жасаған жырауымыз Жамбыл атамның өзі: «Мынау тұрған Абайдың суреті ме, ұқсаған өлең сөздің құдіретіне?!» демеді ме? Деді! Олай болса, «... өзі де рас, сөзі де рас» Алла ерекше жаратқан Абайымыздың «Ұлы ақын» атағын саудаламайық, онымыз күнә болады! Ал Абекеңнің ізіне ілескен үлкен-кіші ақындарымызға: «Классик ақын», «Көрнекті ақын», «Аса көрнекті ақын», «Талантты ақын», «Аса талантты ақын», «Белгілі ақын», «Аса белгілі ақын»... деп айдар тақсақ, иншалла, лайықты болмақ. Жазушыларға да, драматургтарға да.

Айтпақшы, соңғы жылдары біздің андай-бұндай айдары бар қайсыбір қаламұстағаштарымыз: «Егер Абай бүгін тірі болса, кітабын шығара алмай жүрер еді»; «Егер Абай бүгін арамьзда болса, гәзет-журналдарға өлеңдерін өткізе алмай сенделер еді»; «Егер Абай бүгін тірі жүрсе Жазушылар одағына мүше болудың кезегінде тұрар еді»... деп жазып жүр. Шіркін-ай, солардың базданған бастарын түп-түгел қосып, «Сандалбайлардың сасықсөз одағын» құрып берер ме еді, - жатсын шіріп!

Жә, бизнесіме оралайын.

Бизнесімнің басы – «дана». Жо-жоқ, «данышпан». Бұл екеуі ағайынды атақ болса да, екіншісінің бірінші тұруға құқы бар: 4 әрпі артық, - оның нарқы 1.000.000 доллар да, «дана» - 900.000 доллар. Иә, доллармен бағалауым керек. «Нұр Отан» партиясының соңғы сиязында партия басшысы Н.Назарбаев мырза: «Долларды ұмытыңдар!» десе де, АҚШ аман-есенде, оның 1 доллары біздің 400 теңгені көздеп тұрғанда, оны қалай ұмытпақпын?!.

Келесі атақ – «әулие». Яғни оны бірінші етіп... иә, ол қымбат... иә, діни сипаты бар... әй, бірақ, оның 1.000.000 долларға өтпеуі мүмкін, себебі: «сөйлер сөзге келгенде» алдында ешкім жоқтай болып жүрген Мырзатай Жолдасбеков деген білгір «әулие» тегін таратқалы қашан! Сенатор жазушы Әбіш Кекілбайдың жасы 70-ке толғанда (бүгінде марқұм, топырағы торқа болсын!) ол, М.Ж., құлшына құттықтап сөйлеп, Маңғыстаудың әулиелерін санап шығып, Әбішті сол бабаларының тізіміне тіркеп, «әулие» атағын берген. Іле-шала «Әулие» деп етектей етіп мақала да жазған, - мен білгенде, ал мен білмейтін «шүлен таратуы» қалай екенін... айтпақшы, ол, М.Ж., «НО» партиясының биылғы сиязында Н. Назарбаев мырзаға «кемеңгер»

атағын тарту етті. Оу, оның президентке: «данышпан», «дана», «батыр» атақтарын бұдан он шақты жыл бұрын бергені де есіме енді түсті! Оның ол атақтарды қайдан, кімнен, қаншаға алғанын ешкім білмейді. Демек, менің әлемде жоқ деп отырған бизнесім Астанада бар болып шықты-ау, ә?! Базар нарқы билеген заман-ай!..

Оңаша ойымнан туындаған қымбат әңгімем арзандауға айналды ма, қалай, а?.. Дефицит болар атақтарды М.Ж., тағы басқалар сауда айналымына салып жібергендерін кеш білгенімді қарашы!..

Алайда бизнес бұзық болса да, ниетім түзік, мен де ілгері аттай берейін. Менің алдымдағы атақбергіштердің жалаулары үздіксіз желбірей бермес. Астанадағылардың да бизнесі, артқан жүктен белі майысса да, құлағы салбырап жүре беретін есек емес қой.

Әйткенмен, «1.000.000 доллар», «900.000 доллар» деген аузымды ептеп жабыңқырап, 800.000 доллардан бастайтынымды хабарлаймын. Яки, құрметті атаққұмар мырзалар және өзінің бала-шағасынан бұрын солардың тілеуін тілеп жүретін жалбақайлар, Алматының жайма базарында жүздесейік! Сіздердің қай атақты таңдағандарыңызға қарай олардың әрқайсысын таразыға тартып көреміз. Енді «данышпанды» 800.000 долларға бағалауға мәжбүр болсам, басқаларын кезегіне, сипаттамасына, кім алатынына қарай 10-20.000 доллар арзандатып байқаймын. Желім оңынан тұрса, әлемде жоқ... түүһ, бар болғыр! – Астанада бар, Алматыда жоқ бизнесім оңалып, белес-белес жол кешіп, Алатауды алты айналып, Астанаға бет түзең, сондағы кәсіптестеріммен қалта қағысып, қирата жеңіп, «Бәйтеректің» басына бір шығу жоспарым бар!

... СОДАН ШЫҚТЫ ШАТАҚ

«Содан» деп отырғаным – «Жас алаштың» жақында ғана, тамыз айының 4-і күнгі санында, шыққан «Атақ сатамын! Атақ...». Редакциядағы тапқыш журналшы жігіттер мен қойған төбедей тақырыпты таудай еткен екен, сол үшін алғысымды айтуға телефоныма қол соза бергенімде ол менің тарбия тақалған саусақтарымнан шошып кеткендей-ақ шыр-шыр етті. «Жаны шығып кетпесінші» деумен тұтқасын дереу алып, дені дұрысырақ оң құлағыма оңтайлай қойып едім, сымды бойлап жеткен сылқ-сылқ күлкі естілді. Жып-жылы

күлкі. Қосыла кетсем бе екен деп қызыға қалсам да, себеп таба алмай аңырыңқырап едім, күлкінің соңы сөзге айналып:

- Ғаббас, мен ғой. «Жас алаштағы» кешегі сатираға өте керек деталь қалып қойыпты, қап! – деді. Танымал тарихшы Шәкәрім аға екен. Сәлеміме сауалымды тіркеп:

- Ол нендей деталь? - дедім.

- Ол ма? «Сөйлер сөзге келгенде алдында ешкім жоқтай болып жүретін» кейіпкеріңе: «Қай әулиенің қашан, қай жерде, кімнің қолын сүйгенін көріп едің?» деуің керек еді.

- Шынында...

- Айтпағым сол еді, - деп Шәкең тағыда сылқ-сылқ күліп алып: - Дұрыс! Сиретпей жаза бер, сау бол! - деді.

Телефонымның тұтқасын өзіне қайтарып, жаңа Шәкең айтқан, шын бар-ау, бүкіл қазаққа мәлім «детальді» қалайша ұмыт қалдырғанымды ойлай бастайын бағана. Бірақ «ұзаққа шаба алмадым», - тағы бір шырыл жетіп келді... одан соң үшінші... оның зыңылын суытпай төртінші... бәстескендей-ақ бесінші...

Жарапазан... кейінгі кезде ғалымдардың бірнешеуі: «Естеріңде болсын, «жарапазан» деу жөн емес, «жарамазан» деу керек, себебі ол – рамазан айының айт жыры» десіп жүр, солай да шығар, иә, бұл түзетуге дейінгі сол жарапазанды ауылды айтып жүретін бала шағым көз алдыма келе қалды. Іңірде бес-алтауымыз қол ұстаса қыдырып, әр үйдің терезесін шерткілеп, әндете жөнелетінбіз. Үйінен: қант-кәмпит, құрт-сүзбе, бауырсақ алып шығушы қыз-келіншек кешеуілдегенде: «Әр үйде мұнша тұрсақ, таң атады...» деп қағытатынбыз. Сол сияқты, әр шылдырдың «өмірбаянын» айтар болсам, «Жас алаштың» оқырмандарын жалықтырып алармын. Ендеше, сол күнгі пәленбай шылдырдың «шырындарын» теріп айтайын:

- Сен «данышпан» деген атақты Мырзырбайға сат. Ол: «...Мен әрдайым Елбасының атасынан арыстан боп туған батырлығына, анасынан данышпан болып туған ақылдылығына қайран қаламын... Нұрсұлтан - тарих толғатып туған ғасырдың тұлғасы... әлем мойындаған, жаһанға атағы жеткен, жер жаһанға сөзі өгіп, айтқанын істетіп отырған бүгінгі заманның лидері; тумысынан кие дарыған қайраткер; табанды күрескер; гуманист, туған халқының Бәйтерегі, Көсемі, Кеменгері. Елінің аманатын арқалаған тірегі, алтын дінгегі» демеді ме?!.

-Сен «данышпан» деген атақты Суемгеновке сат. Ол: «В Казахстане построена успешная современная экономика, основанная на рыночных принципах и названная в мире «Моделью Назарбаева!» демеді ме?!»

-Сен «данышпан» деген атақты Шербайға сат. Ол: «Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев адамзатты топансудан алып шыққан Нұх пайғамбарға ұқсап, Қазақстанды сонау 90-жылдары Тәуелсіздік жолында басталған күресте аман алып шығып, ел қылды!» демеді ме?!»

-Сен «данышпан» деген атақты Аспанбаеваға сат. Ол: «Мен айтар едім: қазақтың саяси көсемі - Әлихан Бөкейханов, рухани көсемі – Ахмет Байтұрсынов, рухтық көсеміміз – Абай. Ал қазіргі таңда сол үш көсемнің рөлін атқарып отырған бүгінгі көсем – Нұрсұлтан Назарбаев!» демеді ме?!»

-Сен «данышпан» деген атақты Долбаевқа сат. Ол:
«Ұлы істерден тапқан дәйім мұратын,
Бар өмірі ірілік пен ерліктерден тұратын,
Сіз, Нұреке – халқымыздың бақыты,
Тәуелсіздік сәулеткері – ұлы ақын!» демеді ме?!»

-Сен «данышпан» деген атақты Шөлбаевқа сат. Ол:
«...Жер бетіндегі бірінші қазақ,
Мен саған басымды ием...
Бал бұлақтар көзінің жасы дерсің,
Қаншама есік ашып ғасыр енсін.
Бір сенен басталған бірінші қазақ
Үш жүздің ұрпағының басы дерсің!» демеді ме?!»

-Сен «данышпан» деген атақты Білгірге сат. Ол Нұрекеге қарата: «Тұлғаның тұлғалық қасиеті арада уақыт салып барып ашылады. Мұны мен емес, Пифагор айтып кеткен. Оған көзім жетті. Оның тегін адам еместігі қазір де белгілі. Оның табиғаты бөлектеу. Алдына барған адамның мысы басылып, қауқарынан айырылып, қанаты қайырылып қалады. Елбасымыздың алдында өтірік айту мүмкін емес. Ол алдындағы адамның өзін алдауына жол бермейді. Мен мұны онымен жақын жүздескен жан ретінде айтып отырмын!» демеді ме?!»

-Сен «данышпан» деген атақты Шарапатовқа сат. Ол: «...Н. Ә.

Назарбаев ұлттық көшбасшы ғана емес, сонымен бірге қазақтың маңдайына біткен данышпан перзенті. Мұны мен емес, Сократ айтты деп ойлаңыздар!» демеді ме?!»

Ойпырым-ай, ағыл-тегіл де арзан ақылды тыңдаудан жүйкем қызып, құлағыма құлық толып бара жатқандай жағдайға ұшырап, жалғызсыраған бөріше ұлып жібере жаздап, сол сәтте Шарапатовты ұсынғанға шақ еттім:

-Жаңа ғана біреу Пифагорды қалқан етіп еді, ал сен Сократты қалқан етіп сайрадың. Екеуіңнің қайсысың ақылдысың? Пифагор мен Сократтың қайсысы білімдар? Кәне айта қойшы!

-Оу, саған не болды? – деді анау.

-Сендерге не болды?! Біріңнен соң бірің, уже он шақты болдыңдар, маған «данышпан» атағын кімге сату туралы нұсқау берумен басымды қатырдыңдар! Одан басқа атаққа лайықты ешкімдерің жоқ па? Оның үстіне бәрің өз сөздеріңді емес, біреудің сөзін айтасындар, ал ол біреулердің айтатындары – Нұрсұлтан Назарбаев. Оу, Астанада Нұрекеңнен басқа тірі жан жоқ па?! Нұрекеңді тілдеріңнің жеткен-жетпегенінше қолпаштап, атының алғашқы буынын – «нұрды» анау да мынау ат-атаудың алды-артына жапсырып жүрсіндер, ұялмай! Тіпті «Отан» партиясын соған апарып тіркеп: «Нұр Отан» дедіндер! Отанның нұрлысы, нұрсызы барын алты қабат аспанға шығып, әлде жеті қабат жер астына түсіп көріп-біліп келдіңдер ме?! Жә, енді анау-әлгі... мұрты білектей премьер-министр қайда? Қолдарынан келмесе де қоныштарынан басып жүрген көдедей көп министрлер мен төрағалар Арқадан ауып кетті ме?! Кәне, соны айтшы, айтқыш болсаң! – деп «ат шалдырдым». Шарапатовшылым шаршамай тыңдап, пышағын қайрап отырса керек:

-Сен жазғаннан басқа дым да білмейді екенсің! Бізде Елбасы біреу-ақ па? Біреу-ақ! Олай болса, одан өзгені қайдан ізде дейсің? Іздегенмен, таба алмаймыз, - рас қой? Рас! Жаңа өзің санап отырған он шақтының менің Шарапатовыма дейінгі бәрі де «данышпан» атағына кімнің лайық екенін айтты ма? Әрине, айтты! Солардың кандидатураларының ешқайсысы менің Шапағатовымнан артық емес! Ол Сократты оқып өсті! Ал сен өзің Сократты білесің бе?! - деп алқына аялдады. Оның алқынысы маған асық иіргендей қызық әсер етті де:

АРТЫҚ АҚЫЛ

-Біздегі облыс әкімдерінің бірінің аты Сократ деуші еді, сен, тойыст, сенің Шарапатовың соны айты ма? - деп «шымшып» қалдым.

-Әй, сен Сократты ғана емес, Пифагорды да, тіпті Нұрсұлтан Назарбаевты да білмейтін біреу екенсің! – деді анау.

-Әй, шампанның тығынынша атылмақ тұрғай, шайтанның айғырына мініп атойлап шауып келсең де, «данышпан» атағын сенің Шарапатовыңа сатпаймын! Оған сатқанша, патша Путинге силаймын, ол, кеше бір гәзеттен оқыдым, бізге, Қазақстанға, былтыр мен биыл, әуе шабуылынан қорғанатын жиырма шақты қондырғыны тегін беріпті...

-Атаңның басы! Тегін беретінді тапқан екенсің! Ол неме онысын он есе етіп қайтарып алады! – деді анау.

-Сенімен сырласқан екен ғой? -деді мен.

-Білетін адам білерін ешкіммен сырласпай-ақ біледі! - деді анау.

-Не дейді-ау?! Әй, сен мақалдың сужаңасын суырып салып айттың, әлде «Данышпан» атағын саған тарту етсем бе екен, а? - дедім мен.

-Кетші, ей, сөйлей бермей! Сен Назарбаевқа да, Путинге де қарсы екенсің, соныңды жазамын! Сен екеуіміз кездесетін жерде кездесеміз әлі!-деп телефонын тұншықтыра салды.

Өйдөйт деген!.. Ай-хой атақ! Содан шықты шатақ!

«Кездескішпен» кездескенге дейін құлағым құрғасын деп ойлап, телефонымның «дизгін-шылбырын» жиып тастадым.

Нешауа!.. «Қазақстанның тәуелсіздік алатыны туралы түсті бірінші болып мен көргенмін!»; «Зайырлы ел болатынымызды бірінші рет мен айтқанмын!»; «Экономикамыздың әлемдік деңгейге жете дамитынын бірінші мен түп-түгел есептеп шығарғанмын!»; «Демократиясы гүлденген дархан ел болатынымызды бірінші болып мен білгенмін!»; «Әлемнің ең бай он елінің ортасынан ойып орын алатынымызға ең әуелі мен сенгенмін!»; «Алаш арыстарын ақтап алуға мен бірінші кірісіп, ұлы ақынымыз Мағжан Жұмабаевты ақтауға ерекше құлшынып, толық мағнасында тарихи еңбек еткен мемлекет және қоғам қайраткері - менмін!»; «Тың және тыңайған жерлерді игерудің шежіресін мен жаздым!»; «Семей атом полигонын жалғыз өзі жапқан қаһарман – мына менмін!», «Мен - Астана қаласының №2 сәулетшісімін!»... деп жүрген үлкен-кіші ағайындар аман-есен болса, бизнесім ертең-ақ бел-белестерден асып, тура тартып жүре береді!

Жасы үлкенді жұмсауға болмайды

Бір үйдің жанынан өте бере баршамызға таныс бір жәйтті байқадым. Томпиған ұл бала қол добын лақтырып жібереді де, алдында арсалаңдап тұрған итіне: - Марс, жүгір, алып кел! – дейді. Екі құлағы қалбақтап, құйрығы бұлғалақтап тұра жүгірген иті алып келеді.

Бұрылып барып, біраз қызықтап тұрдым да, балаға:

-Атың кім? – дедім.

-Тоқтар, - деді, орнынан тұрып, маған басын сәл қисайта, бір көзін сәл жұма қарап.

-Жасың нешеде?

-Алтыда.

-Итіңнің аты жақсы екен, сен мұның жасын білесің бе, неше жаста?

-Тоғыз жаста, білем, папам айтқан.

-Бұл тоғыз жаста, ал сен алты жастасың, солай ма?

-Иә.

-Сонда Марс сенен неше жас үлкен?

-Үш жас.

-Өзіңнен үш жас үлкенді жұмсап жүгіртіп отырғаның дұрыс емес, - дедім де, жөніме жүре бердім. Өзілімнің әсері қандай болғанын білгім келіп, он шақты қадам ұзаған соң елеусіздеу бұрылып көз тастап едім, итін мойнынан құшақтап алған Тоқтар соңымнан қарап қалыпты.

Бағаның бәрін алу керек

Балдызымның қызы Дана үшінші сыныпта оқиды. Бір күні үйлеріне барып отырып:

-Дана, сабақ қалай? Бүгін қандай баға алдың? – дедім.

-Ана тілінен «бес» алдым, - деді.

-Тағы «бес» алған екенсің ғой? – дедім, ренжігендей үнмен. Ол маған аңыра қарады. Бірінші сыныптан бастап тек «бес» алатынын жақсы білетін менің «оқыс наразылығым» таңданғаны. Басымды шайқап қойып, салмақтана қарап сөйлеп:

-Осы сен «бестен» басқа бағаны қашан аласың? Басқа балалар неше түрлісін алып жүреді, «төрт» дейсің бе, «үш» дейсің бе, «екі» дейсің бе, «бір» дейсің бе – бәрін алады. Сол дұрыс. Мектеп бағаны

неше түрлі етіп неге шығарды? Шәкірттер таңдағанын алсын деп шығарды. Сондықтан, Дана-жан, бағаның бәрі жақсы, бәрі керек, бәрін де алатын бол! – дедім. Ол томсарып сәл-пәл отырды да:

-Жоқ, алмаймын, папам ұрсады, - деді.

ЖАҒА

Барболдың қойнында жатқан... тфу!.. қойын қалтасындағы телефоны қаңғырлай қалды. Дереу алып, бетін ашса, – «Көкбұлақ» шипажайына кеткен ағасы Көпболдың қалтателефонының нөмірі жетіп келіпті! Түртіп қалды – Көпекең сөйлей жөнеліп: «Уа, інішегім! Мәжілісімізге свежий депутат болып сайланғаныңмен құттықтаймын! Ал енді сен маған осы қазір қайыра шылдырлат, мен – ескі депутатпын, маған ақша проблема бола бастады, сен – жаңа депутатсың, саған ақша проблема болмайды, давай шылдырлат!» деді де, жоқ болды, «... көрген түстей, сағымдай».

Кісі бойы айнаның алдында тұрған Барбол да, «егізі» де жымындасып, көз қысысты да, Барбол бұрылып, іргелес бөлмеге беттеп, сондағы диванға жантая кетіп, ағасының айтқанын істеді, давай шылдырлатты.

Інісі:

-Аға, мен...

Ағасы:

-Иә, сенсің. Мен сені жаңа құттықтадым, енді, інішегім, аузыңды жапта, мені тыңда. Сен Мәжілістің депутаты мандатын әлі алған жоқсың, менен қалған жылы орынға әлі қонжиган жоқсың, оған дейін, иә, депутаттық төрт жүз мың теңге айлығыңның авансын әлі уыстап үлгірген жоқсың, сондықтан, сен, сірә, алып жүрген 65 мың теңге айлығыңның жартысын асап та қойған шығарсың, қалған жартысын үнемде, яғни телефоныңды тұралатпа, сөзімді бөлме, айтқанымды көкейіңе кілкітіп құйып ал. Дүрекең сенің көзіңше маған берген уәдесін жүз пайыз орындады, сені депутат қылды! Енді Астанаға, парламентке барасың, оның мына мен сегіз жыл отырған Мәжілісінде отырарсың, менің орнымда. Егер менше сегіз жыл, тіпті, егер Мәжіліс осы жолғыша мерзімінен бұрын таратылып жібермесе, он екі жыл отырғың келсе, мендей сабырлы бол, депутатқа

сабырлылық ақ нан мен сары майдай, сүт пен қызыл шайдай қажет. Сен алғашқы бір айда ешқандай сөзге, іске араласпа. Мәжілістің төрағасы да, екі жағындағылары да: «Барбол Жайдақұлы мырза, сіз бұған не дейсіз?» деп мазалай қоймас. Жалпы онда не мәселе қаралса да, мазасыздану, мазалау бола бермейді, себебі өңкей сабырлылар жиналады. Сен залдың ішін шолып, ол кең де әдемі, әбден көріп ал, одан кейін төңірегінде тізіліп отырғандардың бет-ауыздарына қарап, олар да саған ұқсас, яғни дүрекендері депутат қылған еркектер мен ұрғашылар, тойыст, дұрыстап қарап, долбарлап меже жасап ал, одан кейін үзілістерде сәлемдесіп, танысып үйрен. Танысқанда, өзін білесің, бала емессің, «әй, осы мықты-ау, бірде болмаса бірде керек болады-ау!» деп жобалағандарыңмен бұрынырақ таныс. Ол жағын өзгеден сұрай қоймайсың, мен білем ғой, так што... Отырыста қай күні нендей проблеманы талқылау болатынын Мәжілістің төрағасы немесе оның екі орынбасарының біреуі күнде таңертең ауызша хабарлайды, жазбаша таратып та береді. Мен сегіз жыл стажым барын айттым ғой, өзін де жақсы білесің, сол сегіз жылда біздің күнтізбемізге депутаттар жақ-жақ болатын мәселе, егер мен тарс ұмытып қалмасам, қойылған емес. «Мәжілістің міндеті – заң қабылдау» дейді. Бізде не көп, - қабылданбай жатқан заң көп. Біз күн сайын солардың он шақтысын бірауыздан қабылдап жүрдік. Төраға: «пәлен заң», «түглен заң» дейді. Түске дейін баяндама жасалады да, түстен кейін оны талқылау басталады. Бізде не көп, - «сөйлеп үйренген ауыз көп», еркегі бар, ұрғашысы бар, бірі трибунаға шығып, бірі орнында отырып сөйлейді. Мені өзін білесің, мен – сөздің адамы емеспін, істің адамымын. Төраға немесе орынбасары: «Давайте голосовать! Кто за?» деп қолын көтергенде мен де көтере саламын. Көтермесем де, бірауыздан қабылданатынын білем. Сол білгендігімнің арқасында сол сегіз жылда трибунаға шығып төрт рет, орнымда отырып бір рет сөйледім. Сонда нені айтқаным қазір есімде жоқ. Сөздің адамы емеспін, істің адамымын ғой. Ал есімде қалғаны – біздің қазақша бірауыздан қабылдап, орысша қатырып жазған қалың қаулылардың Сенатқа жіберілгендері. Одан ары қарай қайда жіберілгендерін білмеймін. «Біз қабылдаған пәлен қаулының нәтижесі пәлендей болды» дегенді естіген емеспіз, естімеген соң қалай білеміз? Мен мұны саған неге айтып отырмын? Білсін, ұқсын деп ағалықпен айтып отырмын. Сен де сөзге салынба. Талқыланатын проблема сенсіз де талқыланады, қабылданатыны сенсіз де қабылданады.

АЙРАН ТӘТТИ МЕ, АРМАН ТӘТТИ МЕ?

Әлдекімше желікпей, килікпей отыра біл. Атамыз қазақ: «Бірінші байлық - денсаулық» деді емес пе, сен соны бір минөт те ұмытпа. Депутаттықты әйтіп-бүйтіп, аударып-төңкеріп, айналып, орап өтіп дегендей, алуға болады, мәселен, Дүрекеннің арқасында, ал денсаулықты қайдан, қайтіп, кімнен, кімнің арқасында ала аласың? Ешкімнен и ешқашан! Так что... тағы не ақыл айтайын деп едім... Ә, иә, атамыз қазақ: «Екінші байлық – ақ жаулық» деген, өзің білесің. Сен, інішек, соны ойлап көрші! Ауылдағы келінді екі баламен Астанаға сүйреп қайтесің? Ол ауылда отыра берер. Төрт жүз мың теңге айлығыңның, ол биыл мүмкін бес жүз мың теңге болып қалар, бізге әлгі дағдарыс дегеннің пұты беш тиын деп жүрміз ғой, соның жүз мың теңгесін салып тұрсаң, мұндағыларға сол жетеді, ал сен сол жақтан бір мықтының қызын... тоқта, тоқтай тұр, сонсоң айтарсың, егер айтарың болса, иә, бір мықтының қызын, кем дегенде министрдің қызын, тіпті күйеуден қайтып кеп отырғаны болса да, немесе туған қарындасы болса да, егер материалдық жағдайыңның жақсы, өте жақсы болғаны керектігін адамша ойлай білсең, солардың бірін иемденіп ал да, Астанада қал! Кейін қызметің де қатып кетеді. Тәуекел етпей іс бітпейді. Біздің депутаттардың арасында өзі Астанада тұрып, Алматыда, Шымкентте тоқал ұстап, оларына пәтер, иномарка аутомәшін алып бергендер болған, ондай іскерлер сендерден де шығады, так што... Атаң қазақ айтқан: «Үшінші байлық – он саулық» деген, «қатын алма, қайын ал!» деген, өзің білесің, сонда ол мәселе де ойдағыдай шешіледі. Солай, қымбатты інім, «Мәжілістің депутатымын!» деп копаңдаушы болма, тыныш отыр. Менсіз де өркендеген Қазақстан сенсіз де өркендейді. Міне, сайлау өтті. Сен сайландың, айтпақшы, Дүрекеннің жақсылығына жақсылық жасауды ұмытпа, ол жағын менімен ақылдас. Ә, иә, сен залға кіргенінде оның оң қол жақтағы орындықтарының алтыншы қатардағы нөмір жетіншісіне отыруды ұмытпа. Онда мен сегіз жыл отырғанмын. Өте удобный жер. Ішің пыса бастағанда не «Жас алашты», не «Датты» жасырын оқып отыруға оңтайлы-ақ! Ал, айналайын, мен болдым. Телефонның талай теңгенді қылғытқан шығар, ренжіме, сау бол! Сұрағың болса, тағы хабарласарсың. Мен қазір анализ тапсыруға барамын. Сайлаудың қорытындысы бүгін-ертең шығатын болар, сендер парламент жаққа бүрсүгүні аттанарсыңдар, жолың болсын! Алтыншы қатардағы жетінші нөмірлі орынды ұмытпа! Давай сау бол!..

Барболдың құлағына жапсырған қалтателефонының жағы қарысты.

Дүние шіркіннің өзі тұз мен қант болып қақ жарылып жайрап жатқанда ненің ащы, ненің тәтті екенін іздемек тұрғай, ойлау да – бекершілік. Алайда, жуан жұдырығың барда жұмсап қал деген сияқты, уақыт барда миыңның күндіз о тұсын, түнде бұ тұсын бүлкілдете жүру де керек. Менің тәтті туралы толғануым сондықтан. Жазушыларға сыншылар айтады екен: «Өмірдің өзегінен өкіртіп ойып алып жазсаң, өкінбейсің» деп. Мен сол данышпандық ақылды малданып, ненің тәтті екенін айраннан бастап отырмын, себебі біз, ауыл баласы, айранға, оның көкесі – қатыққа тойып өстік. Айналайын әжем: «Балапаным, оразанды ақпен ашып жүруді ережеткенде де ұмытпа» деп, қатықты сырлы тостағанға толтыра алып келетін. Өй, жарықтық-әй!.. Әжемді айтамын. Қатыққа да айтуға болар, өйткені Американы сүтке тұншықтырып өлтіруге серт берген, бірақ өзі тұншығып кеткен әлгі әбілет Хрущевтің тұсынан бергі ұрпақ, қатық қайда, дәмі дұрыс айран ішіп көрген жоқ. Біз ғой, беті білем-білем болып тұратын аппақ қатыққа тойып өскен! Тәтті еді-ау жарықтық, тәтті еді-ау!.. Көк сүттің айранындай бірдеңе ішіп жүрген бүгінгі күні оны армандауды мүлде ұмыттық та. Бірақ бізде басқа арман... ас та төк, яғни кісі басы... пәленбай данадан. Мысалы, мына менде... ойпырым-ау, менің сол пәлені бүгінге дейін ең болмағанда бір рет санап көрмегенімді қара! Алайда да, қалайда да, әлі кеш емес шығар, бастайын:

Миллионер болсам! Жоқ, миллиардер болсам! Бізде миллионер болу етікші болудан да оңай, ал тіпті миллиардер болып жүргендердің менен несі артық? Бойы ма? Дауысы ма? Артығы болса: арыда – қулық-сұмдығы; беріде – тамыр-таныстығы. Мойшалайдікіндей. О, Мойшалай!.. Тәуелсіздікке дейін тәулігіне жарты тонна қорғасын өндіріп, бүкіл КСРО-ның көзірі болған зауытымызды үш мың жұмысшымен бірге үш жүз мың долларға сатып ала салды. Біз білетін заңды құнын – үш жүз миллион долларды адыра қалдырды. Құдамның құдасының құдасы Мойшекеңе: «Не істедің? Қалай болды?» десем, ол мысық мұртын секірте күліп: «Зауытты сатуға қаулы шығарып, мөрін басып берген дөкейлеріңді – Құқайды миллионер қылдым!» дейді. Ай, зәлім! Мойшалайды айтам. Оны сығып алған түйетабан мөрлі Құқай да зәлім, ә? Бірақ сығылғандардың бәрі, мәселен, Ишбай да, Шойынбек те, Мысыққұл да қаусап-қаңсап қалмады, үш-төрт

жыл өтер-өтпесте мынау жер бетіндегі миллиардерлерді әйгілеген халықаралық тізімнің төріне шығып алды. Айтпақшы, Мойшалайды жымымен жүрген олар да Құқайды қоқитып миллионер қылды деседі, – ә, солайы даусыз ғой, даусыз! – сонда Құқай кім болды, не болды?..

Облыс әкімі болсам! Бізде не көп, кім көп? Не көп екенін әлгі миллиардерлердің санына қарап-ақ біле бересің, ал кім көп дегенде... біреулер: «Қара қытай көп, олар 2030-жылы қазақты сары орыспен жылап көрістіреді» деп ақырын ғана жөткірінеді. Екіншілер: «Қажы көп. Қазіргі қарқынмен кете берсек, 2030-жылы қазақтың қақ жартысы қажы болады» деп басын изектетеді. Үшіншілер: «Бізде Құқай көп» деп тыжырынады. «Оу, Құқай жалғыз емес пе?» деп таңдансам, үшіншілердің әрбір үшіншісі түсін де, дауысын да тоңазытып: «Әкім атаулының бәрі – Құқай!» деп ежірейеді. Е, Ежірейе берсін! Немене, жан білмейтін жаңалық ашты ма?! Мен әкім көрмей жүр ме екенмін?! Жиенімнің бөлесінің жездесінің өкіл атасы Қалмақхан – әкім! Туған күндерімізде тост көтерісіп жүрміз! Құқайдың тура өзіндей деп күпір сөйлемейін, бірақ білем ғой, облысты оң жамбасына келтіріп алды. Біздің Майшелпек облысымызда Қалмақхансыз аузын ашып, көзін жұматын бірде-бір мақұлық жоқ! Онсыз тіпті әтеш те шақырмайды. Рахат! «Рахат» деп біреу-міреудің атын айтып адасып отырған жоқпын, Қалмақханымыздың жағдайын ымдап отырмын. Шынында рахат. Баяғы бірінші басшылардың төбе шашын санаған партия, алды-артын ораған кәсіподақ, комсомол да, саптыаяқтың сабында отыратын партиялық бақылау мен халықтық бақылау да тәуелділікпен бірге кетті ғой?! Еендеше, солардың бәрінің міндетін бір өзі атқарып отырған Қалекенсіз, кәне, сіңбіріп көр, қайтер екен! Мұрныңның жобасын орнында қалдырып, тесіктерін желкеңнен шығарып берсін! Мен де, сен де, анау мен мынау да көріп-біліп жүрміз...

Министр болсам! Бірақ министрдің қызметі, әй, қиямет пе деймін. Мысалға ауылшаруашылық министрін алайық. Ауыл азайды, қартайды, түтіні сиреді. Етектен төскейге шығатын, төскейден етекке түсетін малы жоқтың қасы. Ұжымшар мен кеңшар көкпар болып, әміршінің құшағында, ақшалының қалтасында кетті. «Миллиард пұт астық», «жиырма бес миллион қой» деген сөздер қырық бірдененші өтірікке айналды. Олай болса, осының бәрінен айрылған министр не істеп, не қоярын білмей, ертеңді-кеш креслосын сықырлатып,

портфелін сипалап отыр-ау. Адамды от пен суға қатар салғандай-ақ қинайтын пәле – жұмыссыздық. Құзырында қылаяғы не тышқак тоқты-лақ, не тоқымдай жер, не бір литр-кило жанар-жағар май қалмаған Ауылшаруашылық министрінің көрген күні... Зауыт-фабриктен жұрдай Өнеркәсіп министрі, шыбын-шіркейше қаптап кеткен шетелдіктердің қайда, не салып жатқанынан мақұрым Құрылыс министрі, дәрі-дәрмексіз қалған Денсаулық сақтау министрі, аттестат-дипломы саудаға түскен Білім министрі... заңнан безінген анау заң жағындағылар... қайсыбірін айтайын, құдай сақтасын, солайша тотифан жұмыссыз министр болуды армандамай-ақ қояйын!..

Депутат болсам! Парламентке не партияластарым сайлап, не президент тағайындап, қалайда тырнағымды бір іліктірсем, шіркін!.. Бірақ министрлері әләуләй, өзі хәләуләй мемлекетте депутат болу дегенің депутат еместердің Алатаудың тасы неше тонна, Ертістің суы неше шелек екенін өлшегені жанында... Сенаттың да, Мәжілістің де күйін анда-санда байқатып: қай депутаттың сканворд шешіп шекесі тершіп, қай депутаттың тәуелсіз газеттерді жасырып оқып көзі талып, қай депутаттың түні бойы жұмысбасты болып келіп қалғып отыратынын, қай депутаттың төрағаның аузын күзетіп шұлғып отыратынын, қай депутаттың аптасына мөлшермен неше кило салмақ қосатынын көрсетіп қоятын телеарна құрыған соң (әрине, құртқан соң) депутаттың дардай ісін біле алмайтын болдық қой. Тек кейбіреулерінің президентті атамаса аузының дәмі келмей, атай қалса – оның атын анау әуежайға, мынау қалаға берейік деп шырылдамай отыра алмайтынын көріп үлгірдім. Қайтсін-ай, сенімін ақтау керек. Ал депутаттың айлығы 3000 доллар екен («Естіген құлақта жазық жоқ» және әркім-ақ алуға жанталасатын сома!). Ол көп пе, аз ба? Кім білсін. Мәселе немененен өлшеп білуде. Топ ортаға таразы қойып, оның бір табағына бір ғана депутаттың айлығын салып, шошығандай шошаң етіп көтерілген екінші табағын төмендету, яғни анаумен теңестіру үшін оған не 15-20 дәрігердің, не 25-30 мұғалімнің айлығын тұтас салу керек. Маған мұны парламенттің бухгалтериясындағы балдызым шимайлап шығарып берді. Өне, депутат болсам деген айрандай арманымның қағынуына сол себеп болды. Оның алдында ойлантқан бір факт бар еді. Бір газеттен оқығанмын. Біздің кәдімгі парламентіміздің кәдімгі бір депутаты он жыл ұйықтаса да түсіне кірмейтін байлыққа бұйырып (ол байлыққа

бұйырды не, байлық оған бұйырды не, – әдин шорт емес пе?! 30 000 000 теңге кіріс кіргізіпті! 30 000 000 теңге! Шіркін-ай, қағаздай алды ма екен, темірдей алды ма екен?! Қағаздай алса, неше қапшық болды екен, темірдей алса, неше вагон болады екен?! Ақылы жетсе, темір теңгемен алған шығар. Темір жолды төңіректен жұмыс істеп көрген жоқпын, не керек, әйткенмен, университет дипломын маған да текке бермеген болар, егер ол депутат, айтпақшы, аты-жөні Ромин Мадиев екен, әлгісін темір теңгемен алған болса, неге вагонды толтырғанын есептеп бере аламын. Мәселен, 100 теңгелік темірдің салмағы 3 грамм десек, мен оны ойша есептеп жіберсем: ананы аншаға көбейтем – анша болады, мынаны мыншаға көбейтем – мынша болады, оншаны оншаға көбейтем – онша, соншаны соншаға көбейтем – сонша... ой-бо-ооо---ой... көп, сұмдық көп! Бір пойыз!.. Ал соның бәрі жалғыз сөздің жалмауыздай бағасы болыпты. Тәуелсіз газеттердің бірі «Мадиев – латифундист» деп жазып қалып (оның не сөз екенін: күшіңнің аты ма, мысықтың аты ма, оны мен білмеймін), депутат мырза: «Мен латифундист емеспін, мына газет ар-ұятыма күйе жақты, қайын жұртым жаққа қарай алмай қалдым!» деп сотқа жүгіріп, біздің әлемдегі ең әділ сотымыз оны құда түсе келгендей басына көтере күтіп алып, «латифундистін» өтеуі деп газетке 30 000 000 теңге айып салып, «құдасын» жарылқап тастапты. Қал-л-лай екен?! Мен де сөйтіп бір қарық болсам ғой?! Депутаттық айлығымды алмай-ақ қояр едім, халыққа қайтарып берер едім, бірақ... сонша ақша ұстап көрмеген халық оны қайтеді?!

Премьер-министр... өй, соны қойшы! «Қажеке-ау, күні құрысын ұрғашының, билігі болмаған соң бір басының!» деп ақын апамыз Сара марқұм айтқандай, президенттің түшкіруін күтіп, ұйықтағанда да «жәрәкімалла!» деуге дайын жататын соны... оданша... о!..

Президент болсам! Әп, бәрекелді! Арманымды содан бастауым керек еді, ә?! Тәуелсіз республикада президент болу деген!.. Ел де сенікі, жер де сенікі, халық та сенікі, қазына да сенікі. Тәуелсіз кездегі төрелеріміз – тышкекенді аңдыған мыскекендей мыстан Мәскеу жоқ, сыбыр-күбірінді естіп қоятын паразит партия мен саяси бюро, КГБ жоқ! О, шіркіе-е-ен! Көрпе өзіндікі! Анау да мынау себеп-салдармен ауа райын бұзылған күні жұмыссыз үкіметті сілкілеп-сілкілеп алып, қырда отырған министрін ойға түсіріп, ойда отырған министрін қырға шығарып, уһх!.. алақаным қышып кеткенін қара! Бірақ ол ұсақ-түйек ермек қой, маған кесек-

кесек қимыл-қозғалыс керек. Ну, канешни, халықаралық деңгейдегі! Мәселен: Ойпат облысының орманын Анголаға, Тәйке облысының таскөмірін Австралияға, Маңдай облысының мұнайын Люксембургке, Қиыр облысының газын Мавританияға, Өкпе облысының өзен-көлдерін Гренландияға, тағы-тағы басқаларымды тағы-тағы басқаларға 99 жылға салға беріп, бәлемдерді қақтап сауып, үрім-бұтағымды майға бөктіріп қойсам, ә?! Содан кейін дәрігерлеріме жасымды 100-ге жеткізудің амал-айласын таптырып, сонымды тойлап, орныма төрт тоқалымның кішісінен туған ұлымды отырғызып кетсем!.. Бірақ заман біртүрлі бола бастады, анау жақтан, мынау жақтан тіл алмайтын айқай-ұйқайшылар шығып: «демократия керек!», «жұмыссыздық жойылсын!», «сыбайлас жемқорлар жазалансын!» дей ме-ау, қайдағы-жайдағы бірденкелерді айтып жүр, өздері еше көбейіп барады... соларды тепкілеп тауысу керек, ә?!.

Жағымды жазғыш болсам! Тура кіріп-шығатындардың көршісіне жақпайтынын, сыбырламай сөйлегендердің қайын жұртына жақпайтынын біле тұра ашық айттым, мінеки! Оның үстіне бұл өзі – оқумен келетін мамандық емес, миыңа, ол арқылы қолыңа туа даритын мамандық. Тек үстей, дамыта, еселей білсең болғаны. Ол мамандықтың иесінің тұлпары тұрсын, тулағы да бәйге бермей жүр. Бүгінде. Бізде. Мысал дегенің... Облысымыздың олжасы – әкім Қалмақханды қарық қылып бес дастан жазған Омпай одан силыққа бес бөлмелі пәтер алып, ойнақтап шыға келді. Жер бауырлап жатқанды көкке шығарып жіберу жүз грамды жұта салудан қиын емес екен. Ал Қомпай: «Біздің бақытымызға қарай, Қалмакеңнің қызыл жолбарыс киесі бар!» деп бес жүз бет хикая жазып еді, таудай «Тойотаға» қонжия салды. Қомпакең сол жолбарыстың құрйғынан ұстап өскен сияқты. Шомпай болса: «Біздің облысымыздың іргетасын тұңғыш қалап, шаңырағын тұңғыш көтерген көсеміміз – Қалмекең!» деп жарты сағаттық кинофильм түсіріп еді, жарты тәулік өтер-өтпесте облыстық мәслихатқа сайланып, ертеңінде мәслихаттың төрағасы бола салды. Құрылғанына 80 жыл болған облыстың іргетасын 65 жастағы Қалмақханның қалағаны енді... әлгі... неменелеу. Ал Дымқылбай Қалмақханның қыркынан шыққаннан бері қарайғы «ғаламат тарихи» қылықтарын моншақша теріп эпопея жазатынын мәлімдеп, бірінші томын шығара қойып еді, өй, Қалмакең де көзсіз неме емес пе, Дымқылының басына – коттедж,

астына – «мерседес», әйеліне – алтын сәукеле, ұлына – ферма, қызына – ресторан силап дегендей... А как же?! Тырнағын алмастан тарихта қалатын болды! Енді «Халық қаһарманы» атағын алып береді екен деген қауесет бар. Бізде қауесет шықпасын, шықты екен – пажалыста!..

Міне, осы армандарымның бәрін бір қосып, бір алып, бір көбейтіп, бір бөліп, яғни арифметиканың төрт амалынан түгел өткізіп көрдім де, әрине, алгебраға о бастан жоқпын, сонымен, Жағымды Жазғыш болуға бел байлап отырмын. Дұрыс қой, а?!

ӘКІРИ

Әкіри айкайдың арғы-бергі ата-бабасын жиып отыр. Жынын шақырған бақсыдай. Көк телефонына «жайдақ мініп алып», азаннан бері руластарын, құдаларын, көзтаныс-жүзтаныс атаулыларын «аралап келіп» еді, бұ қырсықты қойсаңшы, енді, міне, Әзірбайдың Кенені атамыздың «жамандатқыр көкшолағынша», Әкіридi әбден құртты! Телміріп қалды! Жерге бір қойсаң да, тіпті, «зыңңң» дейтін емес.

-Әй, Сұрсұлу! - Әкіри баж етті.

-Ойпырым-ау, не боп қалды?! - Әйелі асүй жақтан дыбыс берді.

-Әй, мынаған не болды?!

-Кімге?

-Телефонға! «Кімге» дейді ғой!

-Е, оныға не пәле жабысқанын мен қайдан білемін? Таң атқаннан бері алдыға алып аймалап отыр емессің бе?

-Әй, сенің шашың да қысқа, ақылың да қысқа!

-Сенікі-ақ ұзын болсын, миымды ашытпа! Мен жұмысқа кеттім!

-Жер-көктегінің бәрі банкроттап, жабылып, қысқарып жатқанда осы сендердің жаман кәнтөрлерің-ақ жабылмайды екен, сен-ақ қысқартылмайды екенсің!

-Жағыңа... - Сұрсұлуы арғы жағын «қысқартып», үйден шыға жөнелді.

-Қап!- Әкіри қолындағы тұтқасымен телефонын көсіп қала бере, ең соңғы секөндте ол ойын кілт өзгертіп, не тұтқасы, не телефоны күйрейтінінен шошып кетіп, бірақ қолының екпінін тежей алмай, өз шабын езі былш еттіріп перді де қалды. - Әй, әкеңнің ауызын..! -

деп бүктетіліп, ырсыып біраз отырды да, «бүктелуін» ептеп жазып, телефонын еденге ептеп қойып, диванына ептеп жантайды. Іскер кісі емес пе, бекер қарап жатпай, ептеп ойлануға кірісті. Ойланғанының өзі өзгеше екен, намаз оқығандай күбір-күбір: «Не істесем екен? Кімге барсам екен?.. Серкекұлдың септігі тимейтін болды, септігі құрысын: «Екеуімізге депутаттықтан не пайда, жалғыз қатынымызға тілімізді алдыра алмай жүріп, жұртқа не айтамыз?» - деді ғой. Қызталақ ештеңенің мәнісін білмейді. Депутат қайтсе біреуге жөн айтуға тиіс пе екен? Бұзаубай, әне, депутат болып отырған жоқ па? Үш жылда үш сөз шықты ма анау апандай ауызынан? Шыққан жоққ. Түні бойы преферанс ойнайды да, күндіз мәжілісте ұйқысын қандырып алатын көрінеді. Тым құрыса көппен бірге қол көтергенді де білмейді екен, ал жүз сексен мың теңге айлығы үкімді күні қалтасына өзі келіп түседі екен! Серкекұл сәбәкі: «Екеуімізге не пайда?» дейді. Маған Өгізхан да сенбеді. Институтта қол ұстасып итшілеген жылдарымыз есінен шығыпты. Қаржы министрінің қызын алып, өзгеріп-ақ кетті. «Конспектіңді бере түршы, көшіріп алайын!» деп сүмендеп жүруші еді соңымда. Қатын дегенде, қапысыз ақылдысын-ай! Өгізхан помещик болады деп кім ойлаған?! Мейрамхананың үшеуін, автотұрақтың төртеуін сатып алып, «мерседес» пен «тойотоны» кезек-кезек мінеді. Айтпақшы, қатынында - сужаңа «форд!» Шашын бояп, шалбар киіп алған онысы біздің сұлуға жолыққан сайын шетелдердің курорттарын сипаттап сайрайтын көрінеді. Ауылдағы шал-кемпірлерінің шала құрсақ жүргендерінде байы екеуінің де шаруасы жоқ... Ал Дұғайдың қатыны не дейді десеңші? Алматыдағы балаларына келіп қайтқан сайын біздің қаткеңе телефон соғып (екеуі институтты бірге бітірді ғой): «Әй, мен мұнда балаларға ғана келген жоқпын, әлгі депутат құрбыңның көйлегі де, шалбары да ай сайын тарылады, осындағы тігіншілерімізге заказ бере келемін» дейтін көрінеді. Дұғайы үш жылда елу бес кило қосыпты, өй, шошқа сол! Жұмысы «қиямет» болғаны да! Ол есіме түскен сайын бір анекдот та есіме түседі: Алматының көшесінде кездесе қалған екі таныстың бірі әңгіме арасында: «Әй, Алматыңда шүйдесі шығыңқы, қарыны салпыңқылар азайып қалған ба, қалай?» десе, екіншісі: «Е, парламент Астанаға көшіп кетті емес пе депті?!»... Шіркін-ай, мен де депутат болып, Астанаға көшсемші!.. Жағдайымды жақсартып алар едім! Шұғай құрлы жоқпын ба? Ол депутаттығынан бұрын асаба

болып, Астананың шілдеканаларын, мерей тойларын өткізіп, шылқып жүр... Мәжілістегі Мәжібай мен Төребек, сенаттағы Құдағали мен Пірімқұлдың бірі Астананың футбол командасында, бірі каратэ, бірі теннис, бірі шахмат командасында кеңесші екен. Ақыл айтып, артық ақша алады екен. Қандай рахат! Парламенттің жұмысы оларсыз да өніп жатыр: заң қабылдағаны қой тоғытқандай, бюджет қарағаны балабақша концерт қойғандай. Бір мәселеге бүгін келісіңкіресе, ертеңінде бірауыздан құптап, өкімет пен үкіметтің айтқанын істеп береді. Осы жақында зейнетақыны жою жөнінде ұсыныс түседі деседі, оны да жүз процент мақұлдап, құлыптап берер! Сондай маңызды, тарихи шешім қабылдайтындардың арасында жүрсем ғой!..»

Әкіридің де арманы, «асқақ», ә?!

ҚАЗАҚЫ ҚАЛЫП

Ұзыны молдау, көлденеңі тапшылау бөлмеде төрт үстел тұр. Төрт үстелдің басында төрт жігіт отыр. Төрт жігіттің алдында: ашық-жабық жатқан кітап, журнал, газет, жазулы-жазусыз ақ қағаз парақтары, ұшталған-ұшталмаған қарындаштар, бір-бірден автоқалам. Төрт жігіттің ешқайсысы да қол қусырып бейжай отырған жоқ, әркім өзінің қалаулы қызметін атқарып, ортақ сөзге уақыт таба алмай отыр...

– Интересно, осы біздің қалада тұрғын үй мәселесі шамамен қай жылы толық шешіліп болар екен? – деді газет оқып отырған жігіт, басын шайқап қойып.

– Кім білсін, приблизительно енді бір жеті-сегіз жылда шешіліп қалар, – деді әлдене жазып отырған жігіт жөткірініп қойып.

– Левитанның картинасы, он әріп, қайсың білесің, айтып жіберіңдерші! – деді «Смена» журналының сөз-жұмбағына шүйіліп отырған жігіт.

– Обед әперсең айтайын, – деді шынашақтай бәкісімен қарындашын ұштап отырған жігіт.

Пыррр етіп ұшқан торғайларша төртеуі бірден күлді.

– Обедке ақша шығармай тірідей байығың келіп жүр екен-ау! – деді әлдене жазып отырған жігіт, жазуын жалғай түсіп.

– Арман алға жетелейді, – деді газет оқып отырған жігіт.

– Білсеңдер айтыңдаршы, он әріптен тұрады, – деді сөзжұмбаққа қайта шүйілген жігіт.

– Левитаныңды да, бізді де әурелемей әлгі кеше барам деген дүкеніңе бармайсың ба, сағат он бір боп қалды, – деді қарындаш ұштап отырған жігіт.

– Ойбу! Кешігіп қалдым ау, ә?! – деп сөзжұмбақшы жігіт үстелінің үстіндегінің бәрін абыр-сабыр жиыстырып суырмасына тоғытты да, тұра жөнелді. – Мені іздей қалса, дәрігерге кетті дей салыңдаршы, жарай ма?

– Жарайды, бара бер.

Бөлмеде үш жігіт қалды.

– Енді сөзжұмбақ шешетін өнер тапқанын қайтерсің, бір жеріне қарамай! – деп мырс етті, газет оқып отырған жігіт.

– Өзі тым-ақ дүкеншіл. Күнді құр жібермей шабады, не алып, не беріп жүргенін ит білсін. Сендерге бірдеңе әперіп көрді ме жаңағы? – деді әлдене жазып отырған жігіт.

– Бізге бірдеңе әперсе, сен де көресің ғой. Біреуге бірдеңе әперетіндей онда не шама бар? Құр пысықсып, құр сайрап жүрген судыр емес пе?! – деді қарындаш ұштап отырған жігіт.

– Нән кеуде байғұстардың бірі емес пе? Өстіп ел қатарында жүргені жетеді оған, – деді газет оқып отырған жігіт.

– Бірақ өзі жиналыста сөйлегенге мәстір. Өйтуіміз керек, бүйтуіміз керек деп сайрап жөнелгенде қарасын көрсетпей кетеді, ә? – деді әлдене жазып отырған жігіт.

– Е, ондай белсенділігі бар, жиналыс болады дегенді естігенде өз-өзінен жымыңдап, шашын тарағыштап, орнында отыра алмайды, бөтелкенің төбесін көрген алқаштарша жұтынып, – деді газет оқып отырған жігіт, газетін аударыстырып.

– Бұл қудың бір мықтысы бар шығар, әйтпесе бізбен бірдей жалақы алмақ тұрғай, бұл кеңсенің маңына жолауға правосы жоқ, қырықтан асқанша институтта сырттай оқып тентіреп. Бірақ... қазіргі заман қызық қой, бір мықты бір таққа отыра қалса, төңірегіне ит пен мысығына дейін түгендеп жинап алады, – деді әлдене жазып отырған жігіт. Сол сәтте есік ашылды:

– Түке, сізді бөлім бастығы шақырады, – деді келген қыз бала. Газет оқып отырған жігіт газетін бүктеп-бүктеп жан қалтасына салып алды да, қыздың соңынан еріп кетті.

Бөлмеде екі жігіт қалды.

– Газетін тастап кетсе біреуіміз жеп қояды деп ойлайды ғой деймін, – деді қарындаш ұштап отырған жігіт мырс етіп. Қарындашының ұшы сынып қалып, қайтадан ұштай бастаған.

– Со газетінде сол шұқшиып оқитындай дәнеңе жоқ. Өзі со газеттен басқа бірде-бір газет, бірде-бір журнал жаздырып алмайды, онысын мен жақсы білем ғой, бірақ со жалғыз газетін де күні бойы оқып тауыса алмайды, не сиқыры барын ит білсін, – деді әлдене жазып отырған жігіт, соңғы сөйлемін сызып-сызып тастап.

– Онысын үйінде оқымай осында алып келетінін қайтерсің, Меккеден әкелгедей етіп, – деді қарындаш қайтадан ұштап отырған жігіт.

– Өмірінде үйінен ұзап көрмеген бұның кәсібін айтсаңшы. Бастық шақырып алып тапсырма бермейінше шөп басын сындырмай отырады ғой, байқадың ба? Бұл бейбақ со газетінің әрбір бетінде неше әріп, неше нүкте, неше қос нүкте, неше үтір барын санайды-ау деймін! – деп мырс-мырс күлді, әлдене жазып отырған жігіт.

– Неше тырнақша, неше жақша, неше сызықша барын да санайды деші! – деп кеңкілдеп күлді, қарындаш ұштап отырған жігіт.

– Өзінің үйіне қонақ келгенін көрген емеспін, екеуіміз үш жыл көрші тұрдық қой, не өзі қонақ шақырмайды, не өзі қонаққа бармайды, – деді әлдене жазып отырған жігіт.

– Өзі ешкімді қонаққа шақырмайтын кісіні кім шақырады?! Аузы желкесіне біткен сараң десеңші! Ақшасын сүрлеп жатқан ғой! – деді қарындаш ұштап отырған жігіт.

– Бұл қуың «Осыған ісім түсер-ау» дегендерін ғана силайды, зәлім, зәлім! Сен екеуімізді макулатураға тапсырып жібереді! – деді әлдене жазып отырған жігіт, жазылған парақтарды жинастырып, үстелінің суыrmасына салып, орнынан тұрып терезе алдына барып.

– Бүкең өзін күнара шақырып алады, осыны старший еткелі жүрмесін. Серікболов пенсияға кетеді деседі ғой? – деді қарындаш ұштап отырған жігіт.

– Серікболов кетеді деп кім айтты?

– Осының, жаңағының өзі айтты кеше.

– Ендеше, мұныңды өсті дей бер. Айттым ғой зәлім деп. Бұлар шеттерінен пәле, әлгі «бұзауларыңа дейін преферанс ойнайды» демекші, бұлар шеттерінен алаяқ! – деді терезе алдына барып тұрған

жігіт, сыртқа көз тастаған қалпы. Ол қол сағатына қарады. Қарады да:

– Әй, уақыт боп қапты ғой! Кеттім! Мектепке жетуім керек, ата-аналар комитетінің мүшесімін ғой. Баратынымды кеше Бүкең айтқанмын, рұқсат еткен, – деді де жел қуған қаңбақша жөнөп берді.

Бөлмеде бір-ақ жігіт қалды.

Ол қарындашының ұшын тағы сындырып алды да, онысын босаға жақ бұрыштағы тоқыма кәрзеңкеге лақтырып жіберіп, шынашақтай бәкісін бүктеп, сүртіп, қалтасына салды. Сөйтті де орнынан тұрып, төрт үстелдің арасында керіліп-созылып жүре бастады. Сәлден соң жаңағы мектепке барғалы кеткен жігіттің үстеліне барып, суыrmасынан оның жазғандарын алып оқыды: «Бүгін күн жұма. Жұма. Бүгін күн ашық. Ясный день. Ясная погода. Ертең – суббота. Суббота. Сенбі. Сенбі. Раз, два, три, Раушан, Раушан. Ол... ол қызғаншақ. Молодая жена. Молодая. Молодая жена. Кино. Тәп-тәуір кино, бірақ кейбір тұстары түсініксіз, маған түсініксіз, соңы бір түрлі, бәрі орын-орнына келе қалады, әйтпесе кино бола ма! Гараждай емес, одан көп төмен, оған жетпейді. Гараж қызық, маған... Левитан, Ле-ви-тан, қай Левитан, мынаның сұрап отырғаны? Ле-ви-тан... ком-позитор ма еді, суретші ме еді, әлде ақын ба еді?... Обед әперсең... қатырды, сол керек! Великий кроссвордист нашелся!...» Әй, мынау жұмыс жайында бірдеңе жазып отырды ма десем, шалшық кешіп отырыпты ғой?!

Ол екінші параққа көз жүгіртті: «...Дұғай – магазин, Дұғай – магазин. Пысығын өзінің, пысығын, пысығын! Магазин – дефицит, иә, иә, магазинде жоқтың бәрі – дефицит... танысың болса, әрине, аласың, болмаса... саған бәрі дефицит! Міне, мәселе қайда, қайда, қайда, қайда!...» Әй, данышпаным-ай! Бұл да кәдімгі көкмылжынның өзі екен ғой! Жұмысының қаттысын қарасаңшы! Жиналыстың протоколын жазғандай тізбелепті.

Ол үшінші параққа үңілді: «Аузы желкесіне біткен сараң десеңші... аузы желкесіне біткен... қыршаңқысын көрдің бе? Тілінің қыршаңқысын! Сараң болса бола берсін. Сараң. Сараңды сабағанмен жомарт бола ма? Қазір жомарт кім бар?... Сенің бір ғана жомарттығың бар, күніне бір қарындашты қор қыласың, көшеде қарындаш шашылып жатқандай-ақ! Қарындаш ұштау да жұмыс болыпты. Қызмет пе, ермек пе? Әлде әдет пе?... Жұмысы жоқтың... Бұл кімнің өлеңі еді? Өлең бе, мысал ма? Өлең, өлең, мысал, мысал, мы-сал... Өлең, ө-лең, ө-ө-ө-лең...»

«Қарындаш ұштау да жұмыс болыпты» дейді! Өзі не қиратып жүр екен?! Настоящий бездельник, ішірткі жазатын дүмше молдаларша бірдеңелерді шатпақтап жазып отырғаны үшін ұялмай жалақы алады, не деген бетсіз десеңші, ә?! Серікболов кетеді дегенді естіді, енді бұл жанталасады, Құрекенін, Дүрекенін, Шорекенін жауып жібереді. Серікболовтың орнына қонжисам дейді, бұл оны істейді, бұның тұла бойы бықып тұрған блат қой. Сол блаттың арқасында ілініп-салынып жүр, көшке ерген бұралқы итше итиіп. Мұның орнында басқа біреу болса, баяғыда-ақ жарамазан айтып кететін еді!

Ол жарамазан айтып кетуге тиістінің жазбаларын жылы орнына сұға салды да, қол сағатына қарап қойып, сыртқа беттеді.

Бөлмеде төрт үстел, төрт орындық, бір кәрзеңке қалды.

КЕЛІҢДЕР, АЛЫҢДАР!

Тіл мамандары мен жанашырларына «Үндеу»

Осы бізде, Алматыда, «Барахолка» деген базар бар (басқа қалаларда да быжынап жатқан шығар). Түймеден компьютерге дейінгі түрлі-түрлінің бәрі түп-түгел сатылады. Бір шетіне жетіп, көзінді ары қарай қыдыртып жіберсең, өйдөйт: құмырсқаның илеуіндей ме, әлде одан да бетер ме, әйтеуір, айтар жоқ бірдене! Анау тұста – дабыр-дұбыр; мынау тұста – шытыр-бытыр: сонау тұста – у да шу...

-Мынау қанша?

-Қырық бес мың теңге.

-Астапыралла!

-Астау астында тыпырла!

-Бұ дүниеден бәтіңкесіз өтсем де, дәп сенен алмадым ғой!

-Мен саған бергелі тұр едім!

-Әй, сен... бәтіңкең қымбат, сөзің арзан неме екенсің?!

-Сенің-ақ сөзің алтын болсын!

-Жә, қойыңдар! Екеуің сөз саудасын бастадыңдар ғой?! Жақан, ей, жүр, ары қарай кеттік, болды!

-Е, қайдан білейін, тіпті...

«Сөзі арзан» орнында қалып, «сөзі алтын» одан арыға кетті. Сөз саудасы жалғасады, ендеше. Ал егер, қадірлі де құрметті тіл мамандары

мен жанашырлары! Осы біз: «Тіл! Тіл! Қазақ тілі! Мемлекеттік тіл!» дей бергенше, заманның бөркін баса киіп алып, тіл-сөз саудасымен айналыссақ қайтеді? Базаршылап быршымай, үйімізде жырғап отырып-ақ, сырттай саудалассақ, а? Құдай біледі дейін, араларыңда кезінде тегін жоғары оқу орнының филология, журналистика дейтін факультеттерінде сырттай сыдыртып оқып, қос алақандай дипломды терлеп-тепшімей-ақ құшақтап шыға бергендер бар, әне, солар жалпы сырттайдың сәпсем рахат екенін жақсы біледі.

Сонымен сөйтіп, бастайық сырттайды, а?

Тауар иесі мен болайын, алса да, алмаса да саудаласуды сұханы сүйетіндер сендер болыңдар.

Міне, бірінші тауарым – «ЖАНҰЯ» деген сөз. Жасалған жылы, - әдетімізше орысшаны қыстырсақ, «срок изготовления», - еліміз тәуелсіздік алғанға дейінгі оныншы жыл. Ал қай жылға дейін жарамдылығы, орысша айтқанда, «срок годности», қазір... так, так... е-ей, жоқ қой?! Кеше ғана тұр еді, қалай өшіп қалған?! Әлде біреу-міреу әдейі үйкелеп тастады ма?! Дәп оған келіп-кетер дәнеңесі жоқ еді ғой?! Е, мейлі, «срогы» кеше өшпек тұрғай баяғыда өтіп кетсе де, біз уланып қалатындай, бұл шетелдік консерві емес.

Жарайды, ары қарай тыңдаңдар. Әлдебір тоңмойынның үстел тартпасында қалып қойып, еліміз тәуелсіздік алғаннан кейінгі оныншы жылы жарыққа шыққан бұл «жанұя» не деген сөз?.. Иә, дұрыс, «жанның ұясы» деген сөз. «Жанды» өздерің білесіңдер, оны зерттеген де, зерттемеген де ғалымдар айтқан және әлі айтып жүр, айта береді де, ол – шыбын жан. Кәне, өзімізден, өзіміздің қазақ тілімізден мысал келтірейік. Қазақ айтқан: «шыбын жаным шырқырады» деген, рас қой? Рас. Оның қайда екенін, яғни адам жанының адамның қай жерінде екенін де айтқан. Не деп? Былай деп: «кеудемде шыбын жаным шырқырап», «кеудемде шыбын жаным барда», «кеудемнен жаным шыққанша» деп. Сөйтіп, немене?.. Иә, дұрыс, адамның жаны адамның кеудесінде екен! Ал осыны біз неттік? Тәуелсіздіктің арқасында жаңарттық! Иә, иә, «ОТБАСЫ» деген көне сөзімізді заманымызға лайық етіп «реформалап», «жанұя» дейтін болдық. Жанымыздың ұясы бала-шағамызбен, ит-мысығымызбен бірге ұйқтап- оянып жүрген пәтеріміз, үйіміз болып шықты. Бірақ оның дәп қай бөлмесінде, қай жерінде екені және қайсысы қайсымыздікі екені әзірше белгісіз. Енді бір «шырқырағанында» біліп, тауып, танып

алармыз. Оған дейін, кәне, бүгінгі базар нарқы бойынша, «жанұя» қаншаға бағалануға тиіс?.. А?.. Әрине, доллармен, әрине!.. Айтпақшы, біздің бұрынғы тіл мамандарымыздың арасында жаңадан сөзжасағыштар болған, сендерде де бар ғой, ендеше, айта салыңдаршы: «отбасын» орап-бүркеп тастап, орыстың «семья» сөзіне ұйқастыра «жанұя» дегенді ойлап тапқан мамандарың біздің ай-хой-ой ақындарымыздың бірі емес пе екен?.. Ал сендер бұл сауалыма жауап қайтарғанша мен бағасын айта отырайын: 1 «жанұя» - 2 доллар!

Екінші. Сендер жатқа білсеңдер де, мен жарнамалап айта салайын, соңғы жылдардағы ең өтімді сөз - «ЖАҢАҒЫ». Әсіресе, қақалып-шашалып сөйлейтін қазақтарымыз – анау аудан әкімдері бастап, мынау парламент депутаттары қостап – бәрі дерлік өзінің әрбір үш сөзіне төртінші етіп «жаңағы» деген сөзді тіркеп сөйлемесе, ауызының дәмі кірмейтіндей, «жаңағыны» құрттың малтасына ұқсатып, екі ұртына кезек-кезек қуалап: «жаңағы... жаңағы...» деп жақтарын ойнатып отырғандары!

Сендер, әлбетте, бізде өтімді тауардың бағасы көтеріле беретінін білесіңдер, тойыст, «жаңағыны» бүгін-ертең алып үлгірмесеңдер, одан арғы күні екі-үш есе қымбаттап кетуі мүмкін. Ағайыншылықпен ақырын айта отырайын: егер бүгін 10 «жаңағыны» толайым алсаңдар, 1 «жаңағыны» тегін қосып беремін. Алматының сыраханаларында: «2 құлақбас сыра алған кісіге 3-нші құлақбас тегін беріледі!» деген әшекейлі ха-ха-хабарландыру ілулі тұр, ендеше, немене, олардан біздің өзіміз кембіз бе, сөзіміз кем бе?! Кәне, келіңдер, алыңдар: 1 «жаңағы» - 3 доллар!

Үшінші. «ҚҰРАЙДЫ» деген не сөз?.. Дұрыс-ақ! «Құрау» деген сөзден шыққан сөз: мен құраймын; сен құрайсың; ол құрайды. Ескі сөз. Алайда «жаңашыл тіл мамандарының» біреуі оны орыстың «составляет» сөзіне теліп және басқа бір сөздерге қосақтай қойып еді, жаңарып шыға келді. Мәселен, «Менің бір айдағы пәтерақым – айлық зейнетақымның үштен бір бөлігі» дегенді енді: «Менің бір айдағы пәтерақым айлық зейнетақымның үштен бір бөлігін құрайды» дейтін болдық. «Пәлен бөлігі, түглен пайызы...» деп келгенімізді енді: «пәлен бөлігін құрайды», «түглен пайызын құрайды» дейміз. Олай болса: - «құрайды» сөзінің бұрынғы бағасы қазіргі бағасының жартысын құрайды», тездетіп талап алыңдар!

Төртінші. «БРЕНД» деген не деген сөз? Мысалы, мен білмеймін. Түбі қазақтың сөзі емес, қай жақтан қаңғып келгені белгісіз, бірақ

қазақ гәзеттерінің бетінен түспейтін болды, сондықтан оны біреуіңе сата қояйын деген арам оймен «барахолкаға» әдейі шығарып отырмын. Құны қымбат емес, оңай келісерміз. Ал «қазақ гәзеттерінің бетінен» дегенге оралу керек болса, айтайын. Алақандайларда емес, шапанның етегіндей гәзеттерде: «Қазақтың киіз үйін әлемдік бренд етейік!», «Қазақтың қазы-қартасын әлемдік брендке айналдырайық!», «Қазақтың домбырасы әлемдік бренд болсын!», «Қазақтың кілемі әлемдік брендке сұранып тұр!», «Қазақтың мақал-мәтелі әлемдік бренд болуға лайық!», «Қазақтың сақал-мұрты әлемдік брендтің бірегейі бола алады!» дегендейлердегі «брендтің» не пәле екенін түсіне алмай, оқыған сайын түкірігіме шашалып шаршап жүрмін. Бұл сөздің біреуін сатып алғандарыңа бесеуін тегін беремін!

Бесінші. Осындай оқыралаған сөздің тағы бірі – «МЕНТАЛИТЕТ». Білімі көбіректер көп айта бастаған бұл сөз не деген сөз? Қайдан келіп жетті? Саудалау үшін қыр-сырын білуім керек қой деп топшылап, өздеріңдей тіл мамандары мен жанашырларының біразына сауын айтып, сұрау салып едім, академиктеріңнің бірі: - Тоқ етерін айтқанда, ол – «мінез-құлық» дегенді білдіреді, әрқайсысымыздың мінез-құлқымыз халқымыздың мінез-құлқын құрайды, түсіндің бе? - деді. «Түсіндім». Әсіресе, «құрайды» деген соң түсінбегенде ше?! Ал ғылым кандидаттарыңның бірі: - «Менталитет» деген – менталитет, ол қазақ тіліне аударылмайды! - деп телефонын жаба салды. Онымен саудам бітті! Академик пен кандидаттың арасында кім-не дейтін оқымыстылар барын іздеп көрейін, солардан біліп алайын деп бірер оқталдым да, «оқымыстылық менің не теңім?!» деп өзімді өзім мұқатып, жанымның жағдайын күйттедім. Қайда да, қашан да түсініксіз сөз қымбат болады: 1 «менталитет» - 5 доллар!

Алтыншы. Алайда тілдің майын ішіп жүрген мамандарды және оларды жағалап жүрген майсыздарды ойымда ұстап, мәселен, доценттердің біріне жүгініп, гәзеттеріміздің бетіндегі митыңжорға «МИТИНГ» деген сөздің қазақша мәнісі – «жиын» екенін құптатып алғым келіп еді, саудалау үшін бағасын білуім керек қой, ал ол: - «Митингті» «митинг» деп жаза беру керек, одан қазақ тілі кедейленбейді! - деп кете барды. Сөйтіп: «салтанатты жиын» «салтанатты митинг», «қаралы жиын» «қаралы митинг» күйінде қала берді. Мен болсам, «митингтің» біреуі неше доллар, оны неше доллар

екенін біле алмай омалып отырмын. Сауданың ебін білетіндерің жәрдем жасағайсыңдар! Қол ұшын ұстатқандарыңа бес «митингті» жарты бағасына беретін боламын!

Жетінші мүлкім – «ДӨҢГЕЛЕК ҮСТЕЛ». Басқалар: төрт текше үстелді, сопақ үстелді, биік, аласа үстелді білсе, менің саудаламағым – дөңгелек үстел. Орысшасы – круглый стол. Мұным, рас, мекеме атаулының бәрінде бар, бірақ олар менше сатпайды, әңгіме-дүкен құруға пайдаланады да, ол шаруаларының мән-жайы гәзеттерде жарияланып жатады. Әуелде, мәселен: «Дөңгелек үстел болып, маңызды мәселелер қаралды», деп жазылды. Орыстардың: «За круглым столом рассматривались важные проблемы» дегенін қазақшалап айтқаны. Мен шіркін ол жойдасыздыққа шыдамай: «Әу, ағайындар! Орысшадан бассалып көшірмей, қазағымызша «Үстел басы әңгіме болып» демейсіңдер ме? Үстеліңнің дөңгелек, сопақ екенін кім керек етті?» дедім. Жөн сөзге жүгінуді өтінгенім ғой. Сөйтіп, менің ол өтінішімнен соң, оған дейін «Дөңгелек үстел» деп тырнақшаға алып, бас әріппен жазатын қазақтар енді тырнақшасыз, жай әріппен, мысалы: «Кеше дөңгелек үстел болып өтті, онда...» деп жазатын болды. Осыны жөнге келтіріп бергендеріңе дөңгелек үстелімді дереу сатамын, оншама пұлдамаймын: 1 дөңгелек үстел - 3 доллар!

Сегізінші. Сатпақшы сөздерімнің арасындағы арзаны – «МЕЗГІЛСІЗ». Сендер былай тұрыпсыңдар, мектеп есігін ашпаған балақай да білетін көп сөздің бірі. Қазақтың өзімен бірге жасасып келе жатқан жуас сөз. Алайда, несін жасырайын, «жуастан жуан шығады» деген рас, бұл «мезгілсіз» кейде менің төбемнен табаныма дейінгі қан қысымымды қаңғытып жібере жаздайды. «Қалайша?!» дейсіңдер ғой? Былайша: көп жылдарғы жайсаң көршім, жұртшылыққа жақсы мәлім Мәшікбек Марғауұлы алдыңғы күні кенеттен қайтыс болды. Біздің гәзет Мәшкеңнің «семьясына» көңіл айтқан азахабарында: «... Мәшікбай Марғауұлының мезгілсіз қайтыс болуымен байланысты...» депті. Марқұм көршіме жаным ашып кетті: - Мәке-ай, неге мезгілінде қайтыс болмай, мезгілсіз қайтыс болдың? «Мезгілсіз қайтыс болды» деп біреу-міреудің жазғырынын шынымен білмедің бе? - деп іштей мезгілсіз қиналдым. Құрысын, бұл сөзді шынайы керек еткендерің келіндер де алыңдар, бағасы - беш тиын.

Тоғызыншы - «ҚЫП-ҚЫЗЫЛ КҮЛКІ». Бұл – біздің қазақшасымақ

телеарналардың қазанында бір қайнатылып, желкөбігі шала алынып, жырық табаққа кеше ғана түсірілген... «сөзтіркес». Қазақы күлкісі там-тұм бағдарлама егелерінің бір шетелдік телебағдарламаға еліктеп-солықтап тапқандары. Бұны бүгіннен қалдырмай сатып алыңдар. Құр қалып тотимандар! Бұл – қазақ тілінде бұрын кездеспеген, енді де кездеспейтін «сөзтіркес», баяғы «қып-қызыл өтіріктің» реформаланған түрі. Алыңдар да, қыран-топан күлкіге, е, иә, «қып-қызыл күлкіге» емес, қыран-топан күлкіге батыңдар! Есепке тұп-тура етіп 100 данасын сатып алғандарыңа, бағасын келісе жатамыз, әуелі сол телеарнадағы «Жынойнақ» деген... тфу, кешіріңдер, «Күлкі ойнақ» дегеннің бесеуін тегіннен тегін қосып беремін!

Оныншы...

Иә, мырзалар, осылай да осылай...

«Бәрін ай та бірін айт...» (Бейімбет Майлин), ана тіліміздің «жырын» айт. Үлкен-кіші гәзет-журналдарымыздағы мақала, сұхбат... атаулының ішін қойып сыртында, тойыст, тақырыптарында: конгресс, форум, финал, инвестиция, инновация, имидж, коммуникатив, брифинг, электив, анимация, ипотека, тренд, девальвация, доктрина, пафос, феномен, проблема, рекорд, лимит... секілді шұбырып келген, келіп те жатқан шетелдік сөздерге қазақ тілінде балама іздеп миды мазаламай шыдай тұрыңдар. Оқу өтіп кеткен қазақтармен бастап отырған мына мезгілсіз саудамды дөңгелек үстелден өткізіп алайын.

БІР МЫСҚАЛ КҮРСІНІС

Осы біздің қазақ туралы қандай ғана сөз жоқ?! Ерінбей, жалықпай тізіп жазар жан табылса, қалыңдығы бармақелі кітап болар еді. Мен соның бірер бетіне жетерді айта алатын сияқтымын, бірақ олардың қалай, нешеуі өзімдікі, нешеуі өзгенікі екенін білмеймін, - тұтас шатысып жатқан қоғамдағы бір менің шатысқаным кінә да, күнә да бола қоймас. Сонымен:

- қазақ қойдан да жуас, басын басып кетсең де қыңқ етпейді;
- қазақтың ағайынға қайырымы жоқ;
- қазақ барыңда – көре алмайды, жоғыңда – бере алмайды;
- қазақ байыса, қатын алады;

-қазақ жоғарыдағынының балағынан тартады, төмендегінің төбесіне түкіреді;

-қазақ бір кебісті бір кебіске сұқпай отыра алмайды.

-қазақ қолынан келгенде қонышынан басады, келмегенде, - тойып отырып қарны ашады;

-қазақ жалқау: жатса – тұрғысы жоқ, тұрса – жатқысы жоқ;

- қазақ...

Жә, осы жерде аялдайын да, қалғанын айтпақ әңгімемнің о тұсы мен бұ тұсына сыналап отырайын. Ал айтпағыма себепші болған пенде – жер-көктегі жалғыз жездем Жалпақбас шал. Шіркін-ау, басының аты затына сай болсашы, - қайдағы Жалпақбас?! Бізбен іргелес елдердің біреуіндегі президенттің... қап, елінің де, президентінің де аттары есіме түсер емес, сірә, қартая бастағаным рас шығар. Е, мейлі, бүкіл Қазақстанда мен ғана қартайдым ба... ә, иә, әлгі елдің сол президенті ешкібас қой, менің жездемнің де басы дәл сондай, кәдімгі ешкібас! «Қазақ баласын ат қоя алмайды». О, міне, қазақ туралы тура сөздің бірі осы! Мысалы, менің құдамның құдасының балдызының жиені былтыр тұңғышына - қыз балаға «Саммит» деп ат қойды. Мен оған телефон арқылы «Балаңның бауы берік болсын!» айтып: «Ау, жиен, «Саммитің» не деген сөз?» десем, ол: «Мәскеуде жиырма елдің президенттері халықаралық саяси жиналыс өткізді емес пе? Ондайдың «саммит» деп аталатынын шынымен білмейсіз бе? Мен қызымның атын соның ашылу құрметіне «Саммит» деп қойдым! – деді, мен түсіне алмас біртүрлі үнмен. Қызық, ә? Мен ішімнен: «Е, ешкібастардың сөз жәрмеңкесі десеңші?» дей салдым...

Ал жездекем телефонының тұтқасын жарып жібергісі келгендей бір жөткірініп алып:

-Кешегі «Дат» гәзетінің алтыншы бетінде шыққан «Биліктегілердің бизнес-империяларын халық біле ме?» деген материалды оқыдың ба? – деді.

-Жоқ.

-Қазақ гәзет оқымайды, кітап та оқымайды! – деді, құдай біледі, ежірейіп және қазақ туралы екі сөзді біріне бірін тіркеп айтып. Әй, жездеке, қызықсың, ә?

-Әйтеуір, Жалпеке, бәрін оқитын қазақ өзің ғанасың, кәне, оқып жіберші!

-Шының ба? – Жалпекеңнің дауысы жарықшақтанып шықты.

-Шыным болмаса да, расым.

Жауабымда шаруасы болған жоқ, гәзетті құшақтап отырса керек, оқи жөнелді. «Жөнелді» жай сөзім ғой, кетеуі кеткен «кетік-тыртық-жыртық» жолға түскен ескі жүкмәшінше дарылдап-барылдап, сүтпісірім уақытта ақырғы ноқатына жетті-ау!

-Жездеке, жүз жаса! Тыңдадым, түсіндім. Енді телефоның да, өзің де дем алыңдар, аман-сау болыңдар!

-Жо-жоқ, тоқта, тоқта! – деп Жалпекең баж-бұж етті, құдды маған қарай жүгіріп келе жатқандай-ақ. Қызық, ә?

-Е, не болды? Пойызың кетіп бара ма? – дедім, еріксіз күліп.

-Мен, немене, мынаны текке оқыдым ба? Сенің ойыңды білейін деп әдейі айтып, әдейі оқыдым, кәнеки, қалай жазыпты, дұрыс па, бұрыс па, давай, ойыңды айт! – деді, дауысының «жарықшағы» жымдасып болғандай таза үнмен, әрі шапшаңдау сөйлеп. Қызық, ә?

-Өзіңше қалай?

-Дұрыс жазылған, екі рет оқыдым!

-Солай ма? Ендеше бір рет қана тыңдағанның пікіріне шеміршек құлағыңды түр, тек сұрағыңды сұққыламай отыр. Бұрыштаманы содан соң соғасың, келістік пе, жездеке?

Ол үндемеді. «Қазақ ішін бермейді». Мен «жолға шықтым»:

-Жалпеке, саған жауабымды мен де әнші Роза апамыз «ақ патшалар» кеткен кісіден бастайын. Ол андағы мақаланың тысында болмаса да, астарында бар. Однако, өзің де білесің, қыздары мен күйеубалаларын жарылқамаса, несіне әке, қайыната болады? «Мұхаммед пайғамбар да күйеубаласын силаған». «Қазақтың гүлі – қызы». Бәріне жол ашып берді, қолдарына ілінердің де, ілінбестің де бәрін жиып-теріп алып, жалтақтамай, жасқанбай, қорғанбай тайрандай беруге тиіс екендерін, өздеріне өзінің тасқамал қорған болатынын ұқтырды. Менде сондай «крыша» болса, баяғыда-ақ біздегі анау миллиардерлердің алдына шығып, зейнетке шықпай қояр едім! Ал інілерімді ұшпаққа шығармасам, аға болып әурем не?! «Қазақтың ағасы – жағасы да, інісі – тынысы». Күйеубалаларының да есеп-қисабы түзу болған, кімнің қызына қызығуды, «екі жерде екі – төрт» екенін құйрықтарын басқан кезде-ақ білген шығар, институттың есігінен шыға бере миллиардер болды емес пе?! «Қазақ қатын алмаған, қайын алған». Сондай-ақ, мақалада «ақ патшаның» жиендерінің де шылқып жүргендері

айтылыпты. Шылқуларына жәрдем жасамаса, нағашылығында не сән бар?! Қызық, ә? «Қазақтың бір өрісі – жиені». «Қазақтың үш жұртының бірі – нағашысы». Түсінікті. «Аузыңа шайнап салып бергендей»!.. Содан кейін ол кісі кейбір министрлеріне, әкімдеріне ерекше бас-көз болуда деген сыңай бар. Әй, қазақ, қызықсың, ә? Өйтпесе, президенттігінде қасиет бола ма?! Ал министрлері, әкімдері балаларын тез байытын жерлерге тықпалап жүр деп жазыпты. Қызық, ә? Оу, бақа екеш бақа да, солардың жаратылысын зерттеуші ғұламалардың айтуынша, көкшақа бақашығына жылы шалшық идеяді екен, егер анау министрлер мен әкімдер балаларының бай болуын көздеме, министр, әкім болғандарынан не пайда? Жалпы бар ғой, Жалпеке, тырп етпей тындап отырсыз, рахмет, ендеше, жездеке, біздің бүгінгі сонау билік басындағылар мен айналасындағылардың миллиардер, миллионер болғандарын, сондай-ақ, болатындарын бәріміз аяқ-қолымызды бірдей көтеріп қостауымыз, қолдауымыз керек. «Неге?» десеңіз, ашып айтайын, «қазақ кейде турасын айтады»: егер билік басындағылар, олардың қойын-қонышындағылар шылқа бай болмаса, халқының жартысы кедей болып отырған Қазақстанның экономикасы қазіргідей дамып, дүние жүзін қызықтыра алар ма еді? Қазақстан жер бетіндегі аса бай он елдің ортасына ертең еніп кетуге бүгін дайын отырар ма еді? Ал, кәне, құрметті Жалпеке, ендігісін өзіңіз айтыңызшы!

Жездем телефонының тұтқасына бір мысқал күрсініс салды да:

-Сен президентіміздің жолдауларын, сұхбаттарын, одан бұрын анау әлгі... оң жақтағы ма еді, сол жақтағы ма еді... сол елдің ешкібасының сөздерін тыңда, оқы, мәселе сонда, - деп күбірледі де, телефонын бұқтырды. Қызық, ә?..

БІРЕУДЕН ЕКЕУ...

Иә, біреуден екеу көп екенін балабақшадағы бармақтайлар да біледі. Олардың қайсысына болсын екі алақаныңның біріндегі бір кәмпитті, екіншісіндегі екі кәмпитті көрсетіп: «Қайсысы көп?» деші, ол жып-жылы жымындап, екінші алақаныңды не көзімен, не иегімен нұсқап: «Анау!» деп күліп жіберсін. Алайда бізге, жасамыстарға, осы оп-оңай «жұмбақтың» шешімін табу кейде қиын болады. Мысалы,

иә, мысалсыз сөйлесең – мысың құриды, сондықтан, мысал етіп Маусымбектің сондай қиындыққа неге тап болғанын айтып берейін. Ол – республика парламентіне біздің ауданнан сайланған депутат. Біз сайладық па, басқалар сайлады ма, әлде өзі сайланып алды ма, - ол жағын мен жақсы білмеймін, ал менің жақсы білетінім – өзімнің дауыс беруге бармағаным. Соңғы жиырма жылдың алғашқы он жылында анау сайлау мен мынау сайлау дегендердің бірде-бірінде дауыс беруге қатыспап едік, әйелімді қоса айтып отырмын, онымыз әлгі... «әдеттің озығы бар, тозығы бар» деп жазылып жүргендей, озық әдет болып шықты: сайлау қашан өтетінін, сайлау участөгі дейтіннің қайда екенін, кімді қайда, не үшін сайлау керектігін бір-бірімізден тіпті сұрамайтын да болдық, - ауыз ерікті, құлақ бос, жүйке тыныш, рахат-ақ!

Шіркін-ай, қазақтан сөз қалған ба: «сынықтан басқаның бәрі жұғады» деді-ау! Біздің әдетіміз оң-солымыздағы, алды-артымыздағы алпыс шақты көршімізге түп-түгел жұғып, олар да әлектенбейтін болды. Қазекемнің тағы бір сөзі бар ғой, «әркім көргенін істейді, білгенін айтады» деген, Тамызбай деген ежелден етікші көрші шалымыз, биыл ғой деймін, бір күні есігінің алдында: «Әй, бүкіл аудан дауыс бермесе де, сайлануға тиістілер сайланады! Так што бері кел, насыбай атайық!» деп күлі-і-іп отыр.

Жә, ол езуін еркіне жіберіп отыра берсін, мен Маусымбегімді маңайлайын. Маусекең осыдан екі апта бұрын жора-жолдастарымен, иә, өзіндей депутаттармен бірге әлгі кезекті кәникүл дегендеріне шығып, аудан орталығында, ауданымыздың әкімі балдызы Тойханның үйінде тапжылмай он күн жатып, тойға бергісіз думан жасады. Қайтсін, шаршап келді ғой. Депутаттардың жұмысы біздің әкелеріміздің екі өгіз жеккен ағаш соқамен жер жыртқандарындай секілді екен. Гәзет оқитындар солай дейді. Халықтың еңбектеген сәбиінен еңкендеген кәрісіне дейін бәрінің кешегі, бүгінгі, ертеңгі хал-жағдайын қалай жақсарту керектігін ойлап, иә, егер шын болса, күніне он шақты қаулы қабылдайтын көрінеді, иә, қаулы қабылдаулары қапысыз деседі жұрт. Әрбір қаулыны әуелі орыс тілінде жазып, сонсоң мемлекеттік тіліміз - қазақ тіліне аударып, әрине, қателесіп кетпес үшін, содан кейін ғана ортаға қойып, әйда, қызу талқылайды екен. Ол дегенің, шырағым, қайдан жеңіл болсын, - ағаш соқа өртеніп-ақ кетер!

Қай қаулыны болсын, оны да бәрін білетіндерден естіп жүрміз,

қызу талқыламау мүмкін емес екен. Өр-ылдидан жиналған, біріне бірі ұқсамайтын ері бар, әйелі бар, оқу өтіп кеткендері мен оқу жетпей қалғандары бар, академиктері мен әләулайлары бар дегендей, көптен кім шықпайды, оның үстіне өздерінің ұзын саны екі жүз бен үш жүздің арасы болса, кезкелген мәселені сөз қылғандарында бірден тіл табысу қайда?! Бірақ осы жолғы дөңкиген, алакөз жаңа төрағалары мәмілесудің жолын тез тауыпты. Ол Алматыда бес жыл, Мәскеуде төрт жыл, Вашингтонда үш жыл, Египетте төрт жыл, Қытайда жеті жыл оқып, өйткені, қытайдың жазуы тым қиын деседі, көріп жүрміз ғой, сынадан сарай салғандай, обшым, ол оқуға әдеттеніп алған ғой, сол төрағалары таққа отырғаннан төрт күннен кейін: «Құрметті мырзалар мен ханымдар, тойыст, депутаттар! Барлығымыз мектепте оқыдық, класс жетекшімізді силай біліп, оған бағынып, тіртіпті болып өстік. Ызнашит, мен – сендердің класс жетекшілеріңмін, сендер – менің класс оқушыларымысыңдар. Олай болса, сендер мені силай біліңдер, тәртіп сақтаңдар! Мен сөз бергенде – сөйлендер, мен сөз бермегенде – сөйлемендер! Мен проблеманы қостап қол көтергенде – сендер де көтеріңдер, ал мен көтермегенде – сендер де көтермендер. Дұрыс па? – деп көзәйнегінің үстінен қараған кезде залдағылар бірауыздан: «Дұрыс! Дұрыс!» депті. Мектеп көргендік, оқушы болғандық қой! Оның үстіне жұмыстары жеңілдеді – ойланып омалмайтын болды. Күніне он шақты емес, отыз шақты қаулы қабылдай салуға да болады!

Әрине, Маусымбек мұнда он күн бойы бүк түсіп алып жатпады. Бір мезет көшеге шығып, таза ауамен дем алып та жүрді. Көшеге шыққан сайын, иә, сайлауда өзіне дауыс бергендердің кейбіреулерімен ойда жоқта кездесіп қалатын болды. Олардың бірі аудан орталығындағы аурухананың жабылып қалғанын айтса, бірі жалғыз моншаны жөндеу басталғалы екі жыл болғанын, биыл да бітер түрі жоғын айтты. Енді бірі аудан орталығынан жеті шақырым жердегі ауылы ауызсусыз отырғалы бес ай болғанын, ал келесісі ауданның бұрынғы әкімінің атасы атындағы жетіжылдық мектептің шатырын жел жұлып әкеткелі жарты жыл болғанын, одан кейінгі бірі Астанада, Алматыда шығатын пәленбай бет гәзеттерге бастықтардың биыл да еріксіз жаздырып, онсыз да уақтылы ала алмайтын зейнетақыларын жырымдағандарына күйінсе, көпшілігі ауылдарды жұмыссыздық жайлап, қымбатшылық қыспаққа алғанын түйіле айтып, бәрі де: «Ай, Маусымбек! Парламентке депутат

болып тіркелгеніндегі кеште, салтанатты жиналыста, саған осының бәрін ондауды аманат етіп айтып едік қой, есінде ме?» дегендерінде Маусекен: «Есімде, көке, есімде!», «Есімде, ата, есімде!», «Ұқтым, апатай, ұқтым!» деп, бәріне: «Мен бұл мәселені алдағы мәжілісіміздің күнтәртбіне қойып кеткенмін, көп кешікпей талқылаймыз, бәрін реттейміз!» деп құшақ-құшақ уәде үлестіріп құтылды...

Құрметті депутаттардың құрамы туралы алғашқы ресми ақпарат ашық мәлімдегендей, халық сенген өкілдердің сексен пайызы – қаланың кадрлары. Міне, гәзеттердің жазуынша, солардың қырық пайызы шет елдердің курорттарына қалжырап жетіп, ес жиып, ойнап-күліп емделіпті. Әрине, күш-қуаты артып, жұмысқа құштарлығы күшейіп келіпті. Ал өзімізде қалған жартысының бірінші жартысы республика курорттарында аунап-қунап, екінші жартысы ауылдағы әке-шешелеріне, туыс-тумаларына бас көрсетіп қайтқан...

Кәнікүлдері бітіп, депутаттар парламент ғимаратына қайтадан жиналды.

Шұрқырап табысқан депутат мырзалар мен ханымдардың мәжіліс әредіктеріндегі әңгімелері әрқилы болады екен, мысалы, бірде: АҚШ президенті Обаманың бір жиында сағыз шайнағанынан басталып, Астанада масаны құртудың ғылыми тәсілі табылғанымен аяқталса, бірде Африкада 84 жастағы шалдың 25 жастағы қызға үйленгенінен басталып, Қытайда аюдың «панда» деп аталатын түрін үйде өсіру қолға алынғанымен аяқталыпты. Білгенге дауа жоқ қой, депутаттарымыз бірде Австралия деген елде қойдың көптігі соншама, халқының жан басына шаққанда біржарым мыңнан айналатынын айтысса, енді бір жолы дүние жүзі мұхиттарындағы ең үлкен киттің ұзындығы пәлен метр, салмағы түглен тонна деп таласып қалып, цифры аз біреуі цифры көп біреуінің жағасына жармасыпты. Әнеки, шындық үшін жанпида!

Біздің депутаттар – ауылдан Астанаға дейін – жалпы халықаралық мәселелерді сөз етіп дағдыланған ғой, мәжілісте де, оның әредігінде де сол дәстүрлерінен жаңылмай жүр. Дұрыс. Халықаралық үлкен мәселелерді қызу айтыспайынша республика, облыс деңгейіндегі кіші мәселелерге мән беру ыңғайсыз. Оны Маусымбек те, басқа депутаттар да «беске» біледі. Білген соң мәжілістерінің күнтәртбітерінде кіші мәселелердің болуын керек етпейді. Мысалы, төрағаның хабарлауынша, осы айда өткізілер мәжіліс күнтәртбінде қырық мәселе

тұр. Маусымбек солармен танысты да, әдетінше, ойлануға кірісті: «Біздің аудан орталығындағы аурухананың жабылып қалғанын қырық бірінші мәселе етіп күнтізбегіне ұсынайын... ұсынайын ба, әлде... маған сайлаушыларым тапсырған аманат қой... бірақ... әлде төраға ренжіп жүре ме... жаңа адам... келіспей... да, «келісіп пішкен тон келте болмайды» деген... иә, қоя тұрайын, сайлаушыларым да шыдай тұрар».

Басқа депутаттар Маусымбектен кем бе екен?! Олар да алды-артын ойлай алады. Өйтпесе, депутат болғаны неткені! Мәселен, Мырышхан ауылының ауызсуға зарығып отырғанына жеті ай болғанын айта дабыл қағуға міндетті екенін білді де... «жоқ, ауызсуды қаладан тасып ішіп отырған ауыл жалғыз біздікі емес, олай болса, ол мәселені әуелі басқалар көтерсін, мен қосыла салам ғой» деп іштей шешім шығарып алды.

Ал Тегісқұл ше? Ол ауылындағы мектептің құлағалы тұрғанын естіді. Е, неге құлағасын, өзі бірінші сыныптап бастап оқып бітірген мектебі. Одан бері бір емес, бес мектеп құлайтын уақыт болды. Барып көруге Тегісқұлда мұрша жоқ, депутаттық жұмыс онысыз да қауырт. Яғни, мектепті күрделі жөндеуден өткізу мәселесін қашан өзі келесі каникулдарында барып, асықпай көріп қайтқанынша қозғау дұрыс болмайды.

Анауғали бұлардың екеуінен де арырақ ойлады. Өзін сайлаған поселкеде электр жүйесі құрып кеткелі екі жыл. Себебі белгісіз. Соны маңызды мәселе етіп мықтап көтеруге Анауғали міндетті болғалы бір жыл, бірақ көтермей жүр. Себебі белгілі. Дүние жүзінде бар мемлекеттердің бәрі экономикалық дағдарысқа ұшырап жатқанда бір поселкенің жоғын жоқтау ұят емес пе? Әрине, ұят! Есі бар парламент қиыншылықты кезеңде мұндай ұсақ-түйекпен шұғылданбауға тиіс.

Ал әлгі... жә, осы үшеуі жетер. Бір парламетке мүше бола тұра пікірлері бірыңғай болуын білмесе, несі депутат, солай емес пе?! Президенттің, премьер-министрдің, министрлердің айтуынша, біздің мәңгі ел әлемдегі шылқа бай он елдің ортасынан не биыл, не келесі жылы ойып тұрып орын алады. Ендеше, пәлен ауылда ауызсу мен монша жоқ, жарық пен жылу жоқ, аурухана мен телефон жоқ, оның есесіне жұмыссыздық бар, айлық жалақы тым аз, зейнетақымызды уақытында бермейді дегендей көди-сөдиді көбейтпеу керек, біздің мәңгі елді тыпыршып тосып отырған анау он елден ұят болады!

Иә, көди-сөдиді, мәселен, депутат емес Маусымбек айтса, е, мейлі, ал депутат Маусымбек айтса, ол енді жараспайды-ақ!

Яғни бізде Маусымбек екеу. Сайлаушыларына уәде үлестіріп кеткен Маусымбек бар да, парламенттің залында «әдеп сақтап» жүрген Маусымбек бар. Ол ғана ма, Мырышхан да, Анауғали да, Тегісқұл да. басқалар да екі-екіден. Олай болса, біреуден екеу көп емей немене?!

БЕЙТАНЫСЫМ КҮЛЕГЕШ ЕКЕН

Үйіме телефон шалып, «журналистпін» деп сырттай танысқан бір жігіт, иә, жігіт шығар:

-Хал-ахуалыңыз қалай? - деді.

-Хал-ахуалым солай, - дедім. Ондай жауапсыз жауапты күтпеген ол інім сәл-пәл аңтарылып, содан кейін, сірә, «жел жағынан жетіп барғаным бұрыс болды-ау, енді дұрыстап, ық жағынан жақындайын» деп шешім жасаған шығар:

-Жазып жүрсіз, оқып жүремін, қаламақыңыз жеңгемізден жасырып ұстауға жетіп жатыр ма? - деді қуақы үнмен.

-Өзімнен жасырып ұстар да дәнеңе жоқ, - дедім. Ол тағыда «ат шалдырып» алып:

-Е, неге? Үкімет жақта: «Баспатабағына жүз отыз мың теңге ме, жүз қырық мың теңге ме, әйтеуір, қаламақы мол төленетін болады» делініп еді ғой? - деді.

-Е, «төленетін болады» дегелі төрт «бесжылдық» өтті, үмітіміз үзілген, қайтадан жалғана қоймас.

-Астанадағы үлкен гәзеттер көп төлейтін көрінеді.

-Білмеймін. Ол гәзеттерде шаруам жоқ.

Бейтанысым берекесіздеу күлді де:

-Аға, сіз Иосиф Сталинге қалай қарайсыз? - деді.

-Тірісіне ме, өлісіне ме?

Ол тағыда күліп алып:

-Жалпы дегенім ғой, - деді.

-Жалпы дұрыс қараймын.

-Ол кісінің қаламақы туралы айтқан қызық сөзі бар екен, соны әнеугүні бір танысым «қызық» деп айтып бермекші болып,

жолдастарының бірінен естіген екен, ұмытып қалған ба, шала-мала бірдеңе айтты, қызық ештеңесі болмады, сіз білесіз бе?

-Кімді, нені?

-Стекеңнің қаламақы туралы айтқанын.

-Білемін, құлағың таза болса, түре ғой, айтып берейін, ол кір құлаққа қонатын сөз емес.

-Қызық екен.

-Өмірде қызық-шыжық көп. Ал тыңда: Совет Одағының Қаржы министрі Зверев деген болған, сол бір күні Сталинге мәлімдеме жазып: «жазушыларға көп қаламақы төлеу дұрыс болмай барады, совет жазушыларынан миллионер шықпауы керек қой?» депті. Содан үшінші күні ол Сталиннің қабылдауына шақырылады. Сталин жылы шыраймен қабылдап, есен-саушылық сұрасқан соң.

-Жолдас Зверев, мәлімдеңізді оқыдым. Жазушылардың миллионер болуы сұмдық қой, а? - дейді. «Сұмдықтың» орысшасы «ужасно» ғой.

-Иә, сіз дұрыс айттыңыз, Иосиф Виссарионович, иә, сұмдық! -дейді министр.

-Мәлімдемеңізге пікірімді жаздым, сау болыңыз! - дейді Сталин. Министр іштей риза болып шығып, коридорда папкасынан мәлімдемесін алып үнілсе, Сталин, қазір оқып берейін, міне, былай деп жазыпты: «Ужасное другое, товарищ Зверев, что у нас так мало писателей-миллионеров. Писатель – это память нации. Разве память будет хорошо работать, если живет впроголодь?».

-Аға, андағы қай кітаптан оқып отырсыз?

-«Сталин шутит» деген кітаптан, тауып алып оқығын, өкінбейсің.

-Қызық екен. Жазушылар туралы басқа да айтқандары бар ма? -деді бейтанысым, жаңа ойыншықты көре қалған бала мінезденіп.

-Ай, інім, саған кітапты оқып бере алмаймын, енді екеуін тыңда, содан кейін «до свидания!» деселік, жарай ма?

Ол мээ бола күлді де:

-Жарайды, аға, құп. Айтып жіберіңіз! -деді.

-Біріншісі. Кино режиссері Юлий Райзман Кремльде өзінің «Пойыз шығысқа кетіп барады» деген комедиясын көрсетуге кіріседі. Фильм сюжетіне орай пойыз кезекті бесінші ме, алтыншы ма, бір стансаға тоқтайды. Сол кезде Сталиннің:

-Жолдас Райзман, мынау қай аялдама? – деген дауысы естіледі.

Райзман қапыда не дерін білмей сасады. Фильм Сібірдің: Иркут, Омбы, Новосибирь қалаларында түсірілген-ді. Мынау соның қайсысы екенін бажайлай алмаған Райзман:

-Жолдас Сталин, бұл Омбы аялдамасы, - дейді.

Сталин орнынан тұрып:

-Менің аялдамам екен ғой, түсейін, - деп есікке беттепті. Екіншісі. Грузия Жазушылар одағының басшысы Сталинге телефон шалып: «Иосиф Виссарионович, біз «Грузия поэзиясының антологиясын» шығармақпыз, соған сіздің өлеңдеріңізді енгізуге келісіміңізді берсеңіз» дегенде Сталин: «Менің өлеңдеріме мұқтаж болсаңыздар, грузин поэзиясының күні батуға айналған екен» депті.

Бейтанысым тағыда көңілдене күліп алып:

-Аға, рахмет, көп-көп рахмет, сау болыңыз! -деді.

АСТАНАДА АУЗЫ БОС АДАМ ЖОҚ

Бұл 1 пікіріме кемінде 10 пікір «жау жеттілеп» қарсы шығып, арсыл-гүрсіл боларын сеземін. Олардың «аттаны» былай басталар:

-Өй! Сен не деп отырсың, ә?! Сонау Қытай тұрғай, мынау Ресейден де ешқашан қаймығып көрмеген и көрмейтін біздің мүлдем тәуелсіз Қазақстан Республикасының астанасы – Астана қаласында тұратын 300 мыңнан астам адамның ешқайсысының аузы бос емесі қалай? Сен, немене, сол 300 мыңнан астам кәрі-жастың аузын қашаннан және қалай бақылап жүрсің? «Бос емес» дегенің қырқынан шықпаған бала сақылдап күлетін сөз ғой?! Әгәрәки ол естісе: «Біз тәулігіне 12 сағат ұйықтап, қалған 12 сағат бойы жабысып еміп жата ма екенбіз?! Жалған сөз жазған аташқамыз ішіп жүретіннен сау ма?» дер. Оның солай дегенін папа-мамасы, апашка-аташқасы дереу қолдап:

-Өйдә! Сонда қалай, тамақ ішкеннен басқа уақытта аузымызға су құйып қоямыз ба?! Күлейін-ай! - десер.

Ал келесісінің:

-И-иә-ә-ә, бұл не сөз? Бүгінгі тәуелсіздігінің төтеден келгеніне ғасырдың төрттен бірі толарын тырағайлап тойлауға толайым-түгел дайындалып жатқан Астанамыздағы ауыз атаулыны санап, олардың оймақтайы да бар, итаяқтайы да бар, бәрінің бос емесін білген мынау ғасыр ғұламасы кім және қайдан шықты? Бұл адасып және әдейі адастырып көйтіп отырған

мәселенің мән-жайына екі көзіңді бірдей жеткізу үшін... әй, әркімнің аузы өзінікі заманда бүйтіп есеп-қисаппен айналысу ауыз иелерінің құқын аяқасты ету емес пе?! Әрине, солай!.. Әй, өйтіп еріккенше, қоғамға пайдалы бірденені айтпай ма? Мысалы, «Астанада бос қол жоқ» деп. Иә, солай десе, оның солайында, солай емесінде кімнің шаруасы бар? Өткен аптада бір гәзет жазды ғой, «ресми дерек бойынша, біздің республикадағы жұмыссыздардың саны 500 мыңның о жақ, бұ жағы» деп. Е, соның не «о жағындағысы», не «бұ жағындағысы» Астанада шығар, соны айтпай ма, әне?! Да, егер ауызы өзінікі болса?! Әлде Астанада пәтер үлесіне жазылып, қарызданып-қауғаланумен алғашқы пайызын - 200-300 мың теңгені қосып, 10-15 жыл бойы үмітін үкілеп тосып, содан соң пәтер де жоқ, ақша да жоқ сорлап қалған жүздеген жұрт ләм-мим демеске ант беріп жүр ме екен?! – дейтіні даусыз.

Одан кейінгісі...

Жә, маған сұрақ қоюдан аузы босамастарды – Астанада аузы бос адам жоғын өздері-ақ дәлелдеп беретіндерді әскерге шақыратындай тізімдемейін де, олар жаратар-жаратпас жауабымды орталарына салайын:

-Ардақты астаналықтар! Сіздердің жекеменшік ауыздарыңызға қатысы бар пікіріме, кәнеки, бәріміз жұмыла жүгінейікші!.. Мәселенки, «Жығылсаң, жығыл нардан...» ғой, президентіміз Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевты кәрі-жастарыңыз, үйінде болмасаңыздар да, көшеде, кеңсесінде, көгілдір экранда күнде көріп жүрсіздер, ал ол кісінің аузын тарс жауып, тымырайып алған сәтін байқадыңыздар ма? Азанда аузын анау бір жылы өзі «бардақ» деп айдар таққан, сол бардағы «баянды» болып келе жатқан үкіметтің мұрттылары мен мұртсыздарынан кеше не тындырғандары туралы есеп алумен, ертең не істеу керектерін түсіндірумен ашады да, содан ақшамға дейін жаппайды. Жапқысы келетін-ақ шығар, бірақ, әгәрәки өйтсе, бар шаруа тоқтап қалады ғой?! Біздің елде бүгін-ертең реттеу қажет проблема шілденің қара шыбынынан да көп. Оны азайту үшін шыбынұрғыш қалақша емес, сонау көмейден сарқырап шығар сөз керек: анау министрдің құлағына мынау мәселені, мынау әкімнің құлағына анау мәселені құйып беру қажет. Пәлен компанияның президенті, түглен бірлестіктің төрағасы, жоғары-төменді оқу орындарының ректорлары мен директорлары, ауруханалардың бас дәрігерлері, супермаркеттердің жас перілері, әлгі генералдар, академиктер, мәдениет пен өнердің, ғылым мен спорттың

қайраткерлері, халық жазушылары, халық жазушысы еместер... көп қой, көп-ақ, әне, солармен ерінбей-жалықпай сөйлесіп, проблемаларын все в порядке етіп беру қажет. Оларға: өзінің қыздары мен күйеубалаларының, інілері мен келіндерінің, құда-құдағиларының, бөлелерінің, нағашы-жиендерінің, жеңге-жезделері мен балдыздарының, дос-жолдастарының, көрші-қоландарының... олар да нөпір ғой, нөпір, - солардың да бәрінің есеп-қисабын тәртіптеу... Құрметті оқырман, Құдай Сіз бен менің басымызға салмасын, ол дегенің он саусақпен окоп қазғаннан да қиямет шығар!.. «Окоп» демекші, Ұлы Отан соғысындағы жеңістің 70 жылдығы былтыр Астанада ерекше күшті тойланды, ал сондағы күшті шаруаның ең күштісі сол соғыс ардагерлерінің әлі тірі оншақтысының үшеу-төртеуіне 1-2 бөлмелі сужана пәтердің кілттерін тапсыру болды! Ғажап, ә?! Облысына жеңіспен оралғандарына 70 жыл толғаннан кейін, жастары 90-нан асып кеткендеріне қарамай тауып алып, қамқорлық жасау дегенің... айтар жоқ қой, айтар жоқ!.. Қалғандарына қамқорлық биыл, Жеңістің 71 жылдығында, одан соң 72-73... жылдығында жасалады. Ал қалай? Бұл проблемалар бос ауызбен шешіле ме?! Әйтеуір, президенттен жоғарыда құдайдан басқа ешкім жоқ, ал егер алда-жалда біреу-міреу болып, ертеңді-кеш төбеңе төніп қарап отырса... мәселенки, сіз бен біз аузымыздың қайда қалғанын білмей сорлар едік!

Астанадағы: министр, әкім, төраға, тағы басқалардың да ауыздары солайша бос емесі өзінен өзі түсінікті. Олар да – өздерінің иелігіндегі жайлау-қыстаулардың президенттері! Алды-арттарындағы көпшілікке көздерін алакеуімде әупірімдеп ашқаннан қызыліңірде әреңдеп қайтадан жапқанға дейін ағылтып ақыл айтады: анаусына былай, мынауына алай жол сілтейді, нұсқайды, түсіндіреді, сұрақ қояды, пысықтайды, мақтайды, боқтайды және министрліксіз, әкімшіліксіз мипалау болмайтын мәселе аз, пәленшекең мен түгленшекендерге кейде есінеп, кейде жымыңдап, кейде кіжініп отырып звондайды, бірде ашуға булығы бақырады, тепсіне қорқытады, бірде жайма-шуақтана жарамсақтанады, жалынады, алдайды, ақырында, қайсысымен болсын, қаншаны алу мен соншаны беруді келіседі.

Апырым-ай десеңші, қолында биліктің жұғыны барларға шейін кекіріп, жөткірініп, сіресіп, сайқалданып, бұ дүниеге халықтың байлығын өзінің шайлығына айналдыру үшін келгендей сөйлейтін сухит атаңа нәлеттердің құжынап бара жатқандарын қайтерсің!

АЛМАТЫДА БОС ҚҰЛАҚ ТА ЖОҚ

Міне, жарты ай болды, жер дауы дуылдап, Астанада ғана ма, бүкіл Қазақстандағы ауыз қатты қимылдап тұр... Анау жылы ғой, биліктің ымымен қазақ жері мәселе болып, сату, жалға беру қолға алынып, әрине, әу баста халыққа айтпай-ақ, талқылатып шаршатпай-ақ, ләппәй парламент өзіне сызып берілген жобаны сенат пен мәжілістегі жүздеген ауызға салып беріп, онсыз да бос емес ол жүздеген ауыз оны екі күн ертеңді-кеш екі ұртына құрттың малтасынша кезек-кезек жүгіртіп, езіп бітіріп, жұтып, зуылдасып заң шығарып, президент дереу бекітіп, сонсоң, ол заң биылғы жыл туа, сірә, күндіз-түні бос болмайтын «уәлі» ауыздардың бірі: «Бүйту керек!» деген шығар, парламенттің түйе-күйе қазанына қайта салынып, қайнатылып, заңшылдарға тәтті, халыққа ащы болып тағы қабылданып, тағы қол қойылып, әне, көзі ашық көпшіліктің қарсылығына ұшырап, президент, иә, Нұрсұлтан Назарбаев мырза «түн ұйқысын төрт бөліп», «мараторий!» деп сөйлеп кетті. Е, кімге мараторий, кімге санаторий боларын кім білсін!

Астанада бәсекеңдердің ғана ма, бағыныштылардың да ауыздары бос емес. Бейбақтар бірі үйінде не ыстық судың, не суық судың күнара тамбай қалатынын, бірі жылудың жетпей жатқанын, енді біреулері: электр бағасының еліріп кеткенін; ауласын қоқыс басқанын; айлық жалақысының азайтылғанын; зейнетақысын уақтылы ала алмай жүргенін; көпбалалы отбасына берілер жәрдемнен жұрдай болғанын, жалпы жұртты бүгінгі тұрмыс қымбатшылығы қылқындыра бастағанын, көшелерінде күзде жаңбырдың, көктемде еріген қардың лай суы көлкіп тұратын үйлерінен шыға алмайтын болғандарын, өртке тап болғанда үйінен қашып-пысып жүріп мертіккенін... е-е-е... көп қой, көп, - сол азабына құлақ қоюға тиіс шенеуніктерге айта-айта ауыздары уылған соң, «ақиқаттың ауылы» деп парламентті іздеп барып, өздері сайлаған депутаттарға хал-жағдайларын қалжырағанша айтқылары келсе де, сұлу ғимараттың сұсты күзетшілері ішке бас сұққызбайды, ал мұңлы мағлұматтарын айтуға атап-атап шақырған депутат мырзалары сыртқа аттап шықпайды, өздерін халық емес, көкесі сайлағандай есінеп-құсынап отырады. Сөйтіп, көңілдерін көң басқан тұрғындар жан ашуын сөзден алып, сөйлей-сөйлей тарайды.

Күнде жиын, күнде той Астанада күнде осындай ахуал. Ендеше, мұнда үндеместердің бәйгесін жариялап, бас жүлдеге «Байтеректі» тіксе де, бос ауыз табылуы мүмкін емес!

Жайлы орынға жайғастым да, пенжағымның сол жақ жеңін сәл-пәл түріңкіреп, қолымды көзіме қарай доғаша иіңкіреп, білексағатыма көз жібердім. Оң жағымдағы шикіл сары жігіт менің қимылымды менен кешірек қайталаса да:

-Он сегіз сағат жиырма минөт, - деді, менен бұрын. Құдды мен сағатсыз біреу болып, одан уақыттың қанша екенін сұрағандай-ақ.

-Қазір тұп-тура он сегіз сағат жиырма екі минөт, - деді артқы жағымыздағы әлдекім, гүжілдей сөйлеп. «Өй, мұндағылар менің аузымды бағып, не шығарын асыға күтіп отырғаннан сау ма?» деп іштей өзімше қулана күліп, мойнымды гүжілдек жаққа бұрып үлгіргенімше ол: - Тұп-тура он тоғыз сағатта қауышамыз, тырп етпе! - деді. Уәйда! Мойным бұрылуға жарамай қалды. Естияр болғанымнан беріде естімеген бейтаныс гүжілдектің «тұп-тура» менде несі бар? Тіпті «қауышамыз» деді.

-Пәтерақының ай сайын қымбаттауы жазылмаған заңға айналды емес пе, оның несіне таңданасың? Бізде бәрі де толькo қымбаттай беретінін білмейсің бе? Тоже мне! - деп қалды сол әредікте келесі «кейіпкер». Өй, гүжілдек пен пәтерақының...

-Мен ғой. Еттерің бітті ме?.. Осында, бізде біреу оптым сатады, келосы бір мың үш жүз теңгеден, керек десендер айтайын, а то мэгэзінде екі мың, көкбазарда екі жарым мың теңге. А?.. Хорошо.

-Бағана айтайын деп ұмытып кетіппін, Бөлкебай ертең келін түсіреді, пригласительныйды бүгін әкеліп береді. А?.. «Алтын шаңырақ» рестораны бар ғой, сонда, сағат он сегіз нөл-нөлде. Асықпай барамыз ғой, қазекемнің бас-аяғы жиналғанша сағат он тоғыз, жиырма болар, көріп жүрсің ғой. Давай, пока.

-Иә, дорогой, қалай ұйықтадың, не түс көрдің?..

-Әй, кетші ары, шатпай! Болтун!

-Нөке, маған бір ой келіп, содан кейін беспокойт етіп отырмын. Сен оның сұрағанын бер, кейін орнын толтырып аласың, ведь место-то, сам знаешь! «Не подмажешь, не уедешь» дейді орыстар, олар текке айтпайды. Бізде де солай болып кетті, өзің білесің. Кім?.. Ладно. Менен привет оған!

-Әй, слушай, мен «Жайдары жаз» деген жаңа ресторанның ашылу кешінде болдым. Сен неге келмедің, шақырыпты ғой?.. А?.. Интересно.

Ол супермаркет қалай аталған?.. «Алтын құшақ»?.. Здорово!.. Кругом - алтын! Кімдікі екен?.. Во как?! Слушай, «Алтын көрпе» деген анау мейманхана да соның жекеменшігі дейді, сонда... конечно, миллионер-миллиардерлердің қалталары лықа толы, очколары түп-түгел. Солар сатып алмаған, бөліп алмаған не қалды бізде?!

-Мен ғой... сөйлестіндер ме?.. Қанша, қанша?.. Онекі мың доллар?! Ты что?! Аурухана оның жекеменшігі емес қой?! Нөмір сегізінші ауруханаға... а?.. Тоғызыншыға ма?.. Олар не деді?.. Онүш мың доллар?! Әй, олар, не, жынданған ба?! Баяғыда, өзің білесің, менің тесілуге тақаған оң жақ өкпемді тегін алып тастады ғой, тіпті жүрекке операция жасау да тегін болатын, енді... не?.. барлық ауруханада операциялар ақылы?.. үкіметтің қаулысы?.. «құртты» десеңші?!

-Алло, доча, как дела? В школе все в порядке?.. Ну, хорошо, я где-то через минут сорок...

Дәп сол «сорокта» біреу бүйірімнен түртіп қалғандай-ақ селт етіп: «Ей, кейіпкелері бет-бетіне бышырап сөйлеген бұл қай спектакль? Мен «Құда мен құдағи» спектакліне келдім емес пе? Ойпырым-ау, құдамыз қайда? Құдағиымыз қайда?! - деп жан-жағыма жалт-жұлт қарасам, - бәрі де қалта телефонын құлағына жапсырып алған! Жалмажан ұшып тұрып, алды-артыма қарасам, - басқалардың да құлақтары телефондарына жапсырылып қалыпты: біреуі ыржалақтап, біреуі түксініп, біреуі терезеден көшеге қарап, бірі екіленіп, бірі ежіктеп сөйлесіп отырған жұрт! Театрда емес, театрға бару үшін аутобусқа мінгенім есіме түсе қалып, тұра ұмтылып:

-Ау, кондуктор жігіт, қайдасың? Қазір қай аялдама? - дедім.

-Мен мұндамын! Қай остановка керек? - деді ол. Ортаңғы есіктің тұсындағы орындықта отыр екен.

-Республикалық Мәдениет сарайына баруым керек!

-Абаяда түсу керек еді, енді Калининада түсесіз, - деді ол, пенжағының қалтасында шырылдай қалған телефонын алуға қолын сұға бере.

«Калининада түсесіз» деген соң, әрине, сонысында түсіп қалдым. «Төрт дөңгелекті сахна» «Ленинаны», тойыст, «Достық даңғылын» құлдап кете барды...

«Алматының Мәдениет сарайы, қайдасың?» деп аяқты жебей бастым. Менің асыққанымды, қайтсін, қалтателефоным безектей қалды, - дереу алып, құлағыма жапсырдым: «Алло!..».

О Б С Е

Құрұлтанның кеңірдегі кеңи бастаса керек, дауысы зорая түсті:

-...Қайталап айтамын: менің бұл ерекше баяндамам біздің облыстың ғана емес, бүкіл ТМД-ның проблемаларына сай дайындалды. Иә, бүкіл ТМД-ның! Әзірше бүкіл дүние жүзінің демеймін, ал олай дейтін күнім де алыс емес, келесі, яғни алдағы сессияда оны да қамтитын боламын. Ал бүгінше не айту керегін мен көп, ұзақ ойландым. Маған керек фактілерді менің мамандарым өте зор жауапкершілікпен іріктеп берді. Олардың көп ізденумен тапқан фактілерін мен ғылыми ой-өрісіммен өлшеп, екшеп, нақтылап, байытып, міне, сендердің алдарыңа жайып салып тұрмын. Баяндамамның бірінші жартысы, өздерің дұрыс байқағандай, екінші жартысына, яғни енді айтатындарыма әзірлік болды. Солай ғой? Солай! Ендеше, құлақтарыңа құйып, жүректеріңе түйіп алыңдар да, өздеріңнің аса жауапкершілікті қызмет орындарыңа барысымен іске кірісіп, менің программамды халыққа түсіндіріңдер, яғни іске асырыңдар. Біздің қоғамның қазіргі кезеңінде оқу өтіп кетпеген нағыз қайраткерлер, былайша айтқанда: адаспай айтатындар мен жаңылмай жазатындар жеткілікті. Солар, тыңдап отырсыңдар ма, «қазақ - әлі ұлт болып қалыптаспаған халық» дейді. Кәнешно дұрыс айтады! Егер қазақ бүгінгі осы жерінде баяғыдан және өзі ғана отырса, ол қалыптасар еді. Өкінішке қарай, бір үлкен оқымысты айтқандай, қазақта шекара болмады, ал бүгінгі шекарасында мемлекеті болмады, яғни мемлекеті болмаған халық ұлт болып қалай қалыптаса алады? Оның үстіне, понимайш, басқа халықтармен араласып кеттік, біздің қазақ: татардан, орыстан, еврейден, ұйғырдан, өзбектен, қырғыздан, тіпті кәрістен қатын алып, қыздарын да соларға үлестірді. Бұл процесс, әрине, интернационализм, ол керек, онсыз болмайды. Соңғы онбес жылда, мысалы, біз, өзіміздің ақшамыз жетпейтінін қатаң есептеп шығардық та, жеріміздің асты мен үстіндегі байлығын игеруді америкаға, қытайға, үндіске, керіске, тағы басқаларға тапсырдық. Бұл да – интернационализм! Ал олардың ақшасы көп, өздеріне де, маған да, мына отырған сендерге де жетеді. Біз солармен де араласып жатырмыз. Мысалы, менің екі орынбасарымның біреуінің ұлы Парижден француздың қызын алып келді де, екіншісінің қызы ағылшын жігітіне әйел болып кетті. Бұл да – нағыз интернационализм!

Сондықтан халықтың жағдайы қиын, кез келген проблеманы түсіне салмайды, оларға айтып-айтып, просто әбден түсіндіру керек!..

Құрекең баяндамасынан басын көтеріп, шалбарының оң жақ қалтасына қол салып, орамалын суырды. Онысы шәліге бергісіз мол екен, сонысымен екі көзін, екі шекесін, екі бетін, екі езуін екіқайтара сүртіп, сонсоң шәлісін төрт бүктеп, мінберінің оң жақ шетіне қойды да, сол тұста тұрған шамасы жарты литрлік шыны құлақбастағы сарғыш сусынды дем алмастан сыңғытып, екі рет тамсанып, екі ерінін екі саусағымен сүрте салды. «Уах!» деп бір күрсініп, қағазына қайта үңілді. Қалай ғана күрсінбесін?! Көл-көсір баяндаманы көз майын ерітіп тұрып оқу оңай ма?! Егер онысын өзі жазып шыққан болса, онда тіпті қиын, ендеше, оқымай тұрып, қысқа мерзімді демалыс алып, айталық, Түркийәнің Анталиясына барып, аунап-қунап келуі керек еді...

-Сонымен, мырзалар, жаңа ғана айтқанымдай, мәселе халықта. Ұлт болып қалыптаса алмаған халықты, тағы бір оқымысты айтқандай, тобыр деуге болады. Бірақ, мысалы, менің программамды орындайтындар мына отырған сендер емес, сендер – басшылық жасауларың керек кадрларсындар, бәрін сендер - кадрлар шешесіңдер, ал программаны кім орындайды? Кәнешно халық! Ендеше оларға мынаны толық түсіндіру керек: біздің облысымыз – бай облыс. Бізде «не бар?» дегенді айтудан гөрі «не жоқ?» дегенді айту жеңіл, өйткені бізде бар нәрсе көп те, жоқ нәрсе аз. Барды санап айту қиын, жоқты санап айту оңай дегеніміз, бұл – теория! Мысалы, бізде мұнай бар ма? Бар! Газ бар ма? Бар! Алтын бар ма? Бар! Күміс бар ма? Бар! Басқа да бағалы металдар бар ма? Толып жатыр! Ал астық ше? Балық ше? Электр ше? Көмір ше? Ағаш ше? Кірпіш ше? Тас ше? Бәрі бар! Бүгін мына бізге де, балаларымызға да, ертең немере-шөбере-неменелерімізге де жетеді! Естіп отырсындар ғой, барды айту оп-оңай. Ал бізде не жоқ? Мен не жоқ екенін даже айта алмаймын. Но бізде... темекі жоқ, Ресейден алып жүрміз. Күріш жоқ, Өзбекстаннан алып жүрміз. Картоп жоқ, Қырғызстаннан алып отырмыз. Киім-кешек аз, Қытайдан алудамыз. Егер ет, сүт десек, нешауа, көрші облыстардан ала береміз. Кәнешно бәрі айырбас...

-Тары жоқ! - деп қалды залдан әлдекім.

-Ол проблема емес, ал біз тауық емеспіз! - деді Құрекең қатқыл үнмен, қағазынан көзін ажыратпастан.

-Жүгері жоқ! - деп қалды залдан және біреу. Дауысы жуан екен.

Құрекең елең етіп, басын қалт көтеріп, залға жалт қарады да, кеңкілдеп күле бастады. Мінбердің артқы жағынан балдызы келіп қытықтағандай қисаландап тұрып күлді. Залдан бірнешеу қосылды. Сәлден соң Құрекең күлкісін тиып, басын екі рет изеп:

-Жаңағы «жүгері жоқ» деген мырза менің есіме бір анекдотты түсірді. Соны айтып берейін. Бір күні іңірде Микоян Хрущевқа телефон соғып, екеуі дос болған: «Никитушка, жаңа ғана Сталин тіріліп, табытын лақтырып тастап, Кремльге қарай кетіпті!» - дейді. «Ан-ас-та-а-ас, ол мені, мені іздеп ба-барады ғой, мен, мен қайтем, не, не істеуім керек?» - дейді Хрущев бажылдап. «Сен жер-көкке түгелдей жүгері ектірдің ғой, тезірек зыт та, солардың арасына кіріп кет, сені одан сайтан да таба алмайды, өзің де қайтып шыға алмайсың!» - депті Микоян. Қатырған, ә?! - деп Құрекең тағы кеңкілдеді. Зал қарқылға толды.

-Так, - деді Құрекең кенет салмақтана қалып, қағазына қайта үңіліп. – Қандай программаны болсын арнаулы комиссия құрмайынша шешуге болмайды. Менің программам да солай. Алдағы жиырма жылда біздің облыстың халқы ТМД көлемінде ең көп жалақы, ең көп зейнетақы алатын, ең көп иномарка мінетін болуы керек! Біздің әрбіреуімізде екі-үштен пәтер, екі-үштен коттедж болуға тиіс. Біз облыстың ішінде омалып отыра бермей, Вашингтон, Лондон, Париж, Берлин, Токио, Женева, Анталия, тағы басқа қалалардан бүгін балаларымызға, ертең өзімізге керек болатын поместье сатып алуымыз керек! Халықаралық маңызы, атағы бар курортты жерлерге вилла салдырып алуымыз керек. Міне, естіп те ұғып отырсындар, мұндай кең масштабты программаны жүзеге асыру үшін, екінші рет айтамын, арнаулы комиссия құруымыз керек. Мен өзім басқаратын ол комиссияны ОБСЕ деп атауды дұрыс деймін. ОБСЕ – Облыс Басшылары Сыбайласуға Ерікті деген төрт сөздің қысқарған несі... өздерің мектепте оқығандай, қысқарған сөздер бас әріппен жазылады, ұқтындар ма?

-Иә!

-Иә, ұқтық!

-Сыбайласу керек, ол жақсы, ол - біріккен басшылар біріне бірі сөзсіз сенуге тиісті, сенулері керек деген сөз. Ал соны анау әлгі жазатындар... журналистер, писателістер дұрыс түсіндіре алмай

келеді. Жалпы, мен ойлаймын, кім болса да, өзі білмегенді басқаларға білдіре алмайды. Теорияда солай. Ұғып отырсындар ма?

-Иә!

-Иә! Ұғып отырмыз!

-Ұқсандар, сол! ОБСЕ-нің құрамын алдағы аптадағы баяндамада айтамын. Может оған дейін облыстық гәзеттің редакторын шақырып аламын да, интервью беріп, соған айтқызамын. Боссындар, тараңдар!..

ОЙБАЙ, «НОБАЙ»! О, ТОБА-АЙ!

Сұлтанпұл Нағызбаевтың 4 кейісі

1. Ұйқым қанбай жүр

О, түбі жоқ Аспан, домаланған Жер! Екеуіңнің қайсына сырымды сарқа арыз айтсам екен?! Қайсың жадыратып жауап бересің? Әлде біздің жоғары-төмен билік-силіктегі шенеунік-менеуніктерше жауап қайтармай қаңғып жүресіңдер ме?.. Не деді?.. Қайсысы?.. «Шағымынды шайқай бермей, әуелі айтып байқа» деді, ей?! Е, айтпағанда ше?! Айтқанда мен айтайын, ал тыңдаңдар:

Басыма бақ, астыма тақ берген кешегі анау кеңес өкіметі кезінде әр аптаның бес күнінде сегіз сағаттан қызмет істеп сілем қатса да, ұйқым тәтті болды. Азаннан ақшамға дейін бес уақыт намаздың орнына бес рет тамақ ішіп аламын да, ұйықтай саламын. Ұйықтау дегенің бұ жарық дүниеде қарының сықа толғаннан кейінгі екінші рахатизм қой! Тыңқиып жатып түс көргенді айтсаңшы, шіркі-і-ін!.. Мен өзім, жасыратын не бар, еліміз тәуелсіздік алғанға дейін түсімде көбінесе қыз-қырқынды көріп жүрдім. Қай ғұлама екені есімде жоқ, әйтеуір, шет елдердің бірінікі, біздердікіне ондайды айту қайда, сол данышпан айтқан екен, өңінде не істесең, түсіңе сол кіреді деп. Тұп-тура ғой, тұп-тура! Мен сенбі, жексенбі күндері әйеліме жоқ сылтауды құшақтатып, жылыстап кететінмін де, сұлулардың ізіне түсетінмін. Однако тәуелсіздіктің де обалы кәні, қазірде де сөйтіп жүрмін. Бүгінде, өздерің білесіңдер, керек еткен кісіге сылтау нөпір ғой. Советский сегізсағаттық жұмысы бар кеңсе жоқтың қасы. Төңірегін толы – тәуелсіздік, еше шетелдік компания. Екеуі де керек - еркін. Ал мен алыс-жақындағыны алас-күлес жекешелендіруге еркіндік берілісімен бұрын өзім он бір

жыл директоры болған зауыттың кіріс-шығысындағы тиын-тебенді тентіретпей басып қалдым. Рас, ондай күрделі операцияны, кім болса да, жалғыз өзің қатырып істей алмайсың, сондықтан мен оның үштен бірін бұрынғы партком, кәсіподақ, бухгалтерия жақтағы үш сы-сыма... сы-сырласыма бөліп бердім. Өз үлесім өзімнің жекеменшік саудасаттық компаниямды ашып алуыма әбден жетіп жатты және қалған копейкасына «Жырбанкті» сатып ала салдым. Өй, рахаттың рахаты болды- ау! Кеңсемде бір сағат отырамын ба, бес минут отырамын ба, тіпті төбемді көрсетпей-ақ қоямын ба, - оны түгендеуге ешкімнің құқығы жоқ. Себебі мен - президентпін. Өзімнің компаниямның президенті өзіммін. Әзірше, Кейін жоғары жақты да көрерміз. Жұмысым жүріп жатыр, кірісім кіріп жатыр. Атқарушы директорым - Ди деген кәріс жігіт. Таңдап тауып алғанмын. Пысықтың көкесі. Жердің жыртығын жамағанды қойып, аспанның тесігін бітей алар мәстірдің нақ өзі! О, айналайын Аспан, садаған болайын Жер! Мынау сөзді аңдамай айтып қалғаныма ренжімегейсіңдер! Сендерде жыртық-тесік жоғын жақсы білем ғой... Екеуіңе жалбарынып отырып... байқаусызда, аңдамай... шаршаған соң... ұйқысы қанбаған кісі шаршамай қайтеді. Екеуіңе соны сыр етіп, жыр етіп айтпақ едім ғой. Енді көп созбайын, айтып берейін.

Түсіме бұрынғы қыз-қырқындарым сәпсем енбегелі екінші ай. Жылыстап кетуім жиілей түссе де, шетелдік данышпандар да шатысады екен, күндіз көргенім түнде түсіме жоламайтын болды. Ол реформа, егер мен де шатыспасам, осыдан екі жыл бұрын басталды. Біртүрлі. Түсіме түрлі-түрлі орден-медаль, силық кіреді. Арғысы: әлгі Америка, Азия, Африканикі, бергісі: Еуропаникі дегендей. Кіреді де, шықпай қояды. Шала ұйқымнан оянғандай болғанымша шықпайды, не істейсің?! Талтақтап тұрып киінгенімше омырауымды, ал киінген соң қалтамды сипалай беретін болдым.

Әрине, құр сипалап жүре бермедім. Тірі емеспін бе?! Компаниям да қампайып барады. Желім оңынан соғып, Диім маған Мешокович деген менеджер тауып берді. «Менеджер», меніңше, қазақтың «мына жер» дегені. Мешокович қышыған жерімді «ана жерім, мына жерім» дегізбей тура табатын болды. Өзіміздің нелерімізді кімге, қашан, қаншадан сатуды, олардың нелерін қашан, қаншадан алуымызды арифметиканың алу-қосу амалымен-ақ шешіп тастай береді. Іштен оқып туған ғой. Басқалармен айқыш-ұйқыш байланысты оп-оңай орнатты да тастады.

Израильдің «Өлі теңіз» компаниясымен шап-шұп шарт жасасып, біз оларға маралдың мүйізін сатып жүрміз, олар бізге атақты көлінің он үш түрлі ауруға шипа болатын батпағын сатып келеді.

Мен өз компанияма «Барыс – Табыс» деп ат қойып, өзімнің сызу-жобаммен «Барыс – Profit» деген медальді таза қоладан құйдырғанмын. Жер-көкті ағылшын тілі жайлап алды емес пе, енді он шақты жылдан кейін қазақ та ағылшынсыз өмір сүре алмас деп болжап, «табыс» деген сөзімді әдейі ағылшын тілінде жаздырдым. Сөйтіп, мен еврей компаниясының президентін өзімнің сол медаліммен марапаттап едім, ол мені өзінің, қазақшаға қотарып айтқанда, «Біздің теңіз» медалімен марапаттады. Содан соң біз Францияның шампан зауытымен байланысты бастадық. Оларға бал беріп, олардан шампан алып жүрміз. Мен олардың президентін де өзімнің медаліммен наградтап едім, ол менің омырауыма «А ля шампань се ля ви» деген медалін тақты.

Адам да, хайуан да тайрандауды тәй-тәйләудан бастайды, біз де сөйттік. Ди, Мешокович, Шодька, Ибрштейн, Олпас, Михи, Кулиб сияқты тарландарым есеп-қисапсыз күш жұмсап, тәй-тәйдан тез өтіп, тайрандауға кірісіп кеттік. Өзіміздей отыз жеті компаниямен шише тоқылып, нағашы-жиенше тоқайластық. Менің өнбойыма сән беріп жүрген отыз жеті медаль – соның тарихи куәсі. Е, ол ғана ма, шет жұрттардан мына атаған өкілдерім арқылы айырбасқа алдырған құрмет грамотасы, құттықтау-мақтау хат және жүзік, бөрік, кездік, таяқ, тәспих, сағат, фотоаппарат, күлсалғыш, компьютер, қалтателефон дегендерің коттеджіме симай барады, сірә, мұрағатжай салдырып, сонда сақтамасам болмас. Алайда, жаңа айтқанымдай, менің ұйқымды екі ай бойы қандырмай жүрген проблема бұлар емес. Ол... мына қызықты қара... қызық па, қырсық... жо-жоқ, қырсық емес, оның беті ары, ол емес... бейнет шығар, иә, не қызық, не бейнет, екеуінің біреуі. Әуелі бейнет, ал қызық одан кейін. Бейнет, тіпті қатты болса, қалтамды сынап көрер. Мейлі.

Айтайын дегенім: Шоция деген елде жер бетіндегі қайраткерлерге екі жылда бір рет қос жұдырықтай алтын силық беретін халықаралық комиссия бар дегенді естідім де, бір күні Мешокович пен Шотканы солай қарай жорғалатып жібердім. Олар барлап келіп, баяндап берді. Менің қалқан құлағым дұрыс қаққан екен, Шоция да, силығы да, силығының «Нобай» деген алтын медәлі де бар болып шықты.

«Нобайы» не деген сөз екенін екі досым біле салмапты. Әлде, орыстың «новыйы» ма? Бірақ Шоция орыстың елі емес қой, Ресей қайда, ол қайда?! Әлде біздің «нобай» деген... кім білсін. Оны кейін анықтаймын. Анықтамай тыншымаймын!

Обшым, ол Шоцияң сықпыты біздің облыстай ғана ел дейді. Мешоковичтің есептеуіне қарағанда, оны тотытып толайым сатып алуға менің екі-ақ қалтам жететін сияқты. Өне, ұйқымның қанбайтыны соны білген күні басталды ғой. Өй, қос жұдырықтай алтыны бар болсын, онысын комиссияның төрағасына силай саламын, маған медәлі керек, медәлі! Шотканың мәлімдеуінше, ол медәлді омырауының оң жағына таққан қайраткерге, мысалы: ауру-сырқау, өсек-аяң, пәле-жала жоламайды екен. Бұрын одан-бұдан артық-ауыс алып, ішіп-жеп қойғаның бойыңа жұғып, өзіңнің есіңнен де, өзгенің де есінен шығып кетеді екен. Сөйткен соң адамның тұлабойы балқып, жаңарып, жасарып, кемінде жүз жасайтын көрінеді. Менің кемінде жүз жасағым келеді! «Ойбай, бұл Сұлтанпұл Нағызбаев – желіккен жемқор! Ол - дәнйккен коррупционер!» деп аттандап жүргендерді шаңыма қақалтып, орта жолда шокитып кетсем деймін!

Сол медәлді алсам, бәлем, мені өзеурей өсектеп жүргендер естерінен айрылар еді. Бірі: «Нағызбаевтың Қырымда төрт қабатты коттеджи бар!» деп, бірі: «Назбанбаевтың Қапқазда бір үйі, бір мейрамханасы бар!» деп; бірі: «Ойбай, Сұлтанпұлдың Түркияда вилласы бар екен!» деп; тағы бірі: «Нағызбаев Мәскеудің ең үлкен банкіне біржарым миллион доллар салып қойыпты, сонша ақша әкесінен қалып па?!» деп, өй, жұртты жұлқындырып жүрген свольштарға сауап болар еді! Менде солардың не шаруасы бар, ей, ә?! Өй, айтқандарыңның бәрі бар менде, бар, ал, не істейсіңдер?! Жәкем мен Сәкем аман-есенде мені ешбір жау ала алмайтынына көздерің жетіп жүріп, ақымақ қазақтар, ауыздарыңды жаппайсыңдар. Тоқтай тұрыңдар! Мен Нобайдың медәлін алып алайын, содан кейін Франциядағы анау атақты мұнараның жанына мейманхана, Американың теңіз жағасындағы анау әйел ескерткіші жанына бес жүз мәшін сиятын гараж салдырып, Канаданың оңтайлы жеріне жылқы фермасын орналастырып, Алманияда қымызхана ашамын! Вот, сендермен, қазақтар, сонда, ұйқым қанатын болған соң, сөйлесемін, егер сөйлескім келсе!..

О, түбі жоқ Аспан, домаланған Жер! Қайдасыңдар?!.

2. Алдағы жылда алмай оңбаймын!

О, түбі жоқ Аспан, домаланған Жер! Бір сырымды екеуіңе құлай сеніп, құпияламай-ақ айтып едім, «Ұйқым қанбай жүр» деп, - сендер менен адасып қалдыңдар ма, - хабар-ошар болмады ғой?! «Маған Нобайдың алтын медәлі керек!» дедім. Екеуіңе де, Мәкем мен Сәкеме де сендім. Алайда... и-и-ә-ә-ә, қалайда сендерден қайыр неғайбыл екенін сезген сияктанып едім, соным көрегендік болғанын қарашы! Өзіме ғана сенгенімді есіме түсіріп отырмын. Өзіме сену өзімнің ішкі шаруам еді. Солай болған соң қазына қамбамның қалыңдығы жыртақарыс болат есігінің жартысын ашып, алты қап алтынды Ыдыр мен Қоқайға, Сыдырқұл мен Олпасқа, Мүтәик мен Сүтбайға құшақтатып, алты «Боингке» отырғызып, Вашингтон мен Нью-Йоркке, Лондон мен Парижге, Шоция мен Тель-авивке құстай ұшырдым. Бәріне тастемірдей етіп бір-ақ тапсырма бердім, ол - сол жақтарда мысықтабандап жүрген мешоковичтеріме қосыла күндіз-түні жан алып, жан беріп, Нобайдың бетін бері, маған қаратып, медәлін алып келу! «Алтын көрсе, періште жолдан таяды» деген... но мынадай бір мәтел бар (ойлап шығарған – мен!): «Заманына қарай мәтелі, велесепетіне қарай педәлі» деген. Солай болып шықты.

Менің арнаулы өкілдерім, кәнешно, әдейілеп барған соң аянған жоқ. «Нобайға» апарар жолды, медәлін әперер қолды іздеп, ұйқы мен күлкіні қайтар жолдарына қалдырып, иттей арсалаңдап аласұрды. Ығынан Нобайдың ісі шығатындардың қалталарын кірпік қақпай андып, қайткенде толтыруды (неменемемен екенін өздеріңіз нобайлап отырсыздар) ойсырамай ойлап, сәті түсе қалғанда қолдарынан сүйіп, мен үшін жанып-күйіп жүрді. Ол жақтағылардың қалталары біздің қалтамен салыстыруға татымайды екен: әрі аузы тар, әрі түбі таяз екен. Сүтбай жіңішке қолын жылмиып сұқса да, толтырып жарымапты, таязға не не сиып, не тұрушы еді?! Ал Қоқайдың алақаны табанынан жалпақ екен, онысын мен қайдан білейін, нобайшылардың қалталарына Қоқайдың сұқсаусағы сиса, басбармағы батпай, басбармағы батса, сұқсаусағы симай сорлапты. Жалғыз саусақ пен жалғыз бармақ жеке-жеке жүріп не тындыра алушы еді?!.

Арада алты апта өткен күні Сүтбай Шоциядан телефон соғып: «Әке, көке, Сүлеке... болмай қалды... силықты салмақтайтындар не есіктерінен, не терезелерінен сығалатпай қойды, қайтейік... кешіріңіз,

Сүлеке, кешіре көріңіз! Алтауымыз да, міне, егіліп, бүгіліп отырмыз, айналайын көке, садаған болайық! - деп еңіреді.

Не істеу керек? Бұл қызыл тілінің қызығын көрген талай-талай шешен мен көсемнің аузынан шыққан сұрақ. Менің де аузымнан шықты. Да, маған енді не істеу керек?! Мұнда қалған нөкерлерімді түп-түгел жинап алып, осы өмірлік сұрағыма дереу жауап берулерін талап еттім.

-Әй, қазақпайлар! Сендерге Сұлтанпұл Нағызбаев керек пе, жоқ па? - деген сұрағымды да суырып алып, қосып кеп жіберіп едім (ашуланған адамның айтпайтын сөзі де, қоймайтын сұрағы да болмайды), бәрі қол қусырып, дізерлеп отыра кетіп:

-Керексіз, Сүлеке, керексіз!

-Сүке, сізсіз күніміз қараң!

-Құрметті Сүлеке, сізді бізге құдай берген!

-Сүке, сіз - біздің пайғамбарымызсыз!

-Біздің әулиеміз - өзіңсіз, Сүлеке!

-Сіздей кемеңгері бар біз бақыттымыз!

-Көкетай, сіздің жолыңызға менің жаным құрбан!.. - деп жамырай жылдарман болғанда құлағыма шу толып, басыма бу толып, әлгі... басжазғым келгендей болып, жыным жұдырығыма жинала қалып, емен үстелімді екі рет періп-періп жіберіп:

-Маңырамаңдар! Мені сендерге құдай бергенін де, сендердің менсіз жан сақтай алмайтындарыңды да, ал өзімнің кемеңгер, әулие, пайғамбар екенімді де білемін! Бірақ мұны анау Нобайдың медәлін бергіш албастылар білмеді. Енді не істеу керек?! Кәне, тілімен көктегі бұлтты иіргіш қазақтар, менің осы сұрағыма жауап іздеңдер! Кәне, адамша дұрыс отырыңдар да, ойланыңдар, бес минут берем! - дедім. Демегенде ше?! Ынжық болып тұмаған соң, ынжық боп өлейін бе?

Мені баяғыдан білетін байғұстарым бұл жолы біле түсті. Мен өздеріне бес минут уақыт емес, ату жазасын беретіндей бәрі алақтап, қибыжықтап, екеу-үшеуден өзара ымдасып, сыбырласып, күбірлесіп, маған жапақтап қарап қойып, төрт минуттан соң Мырықтай орнынан сүйретіле тұрды да, кеңірдегін қасып, аузын ашты:

-Атаңыздай қайратты, анаңыздай айбатты Сүке, айналайын көке, біз ақылдастық, өзіңіз көріп отырсыз, аянбадық, сөйтіп... сізге мынадай ұсыныс жасауды келістік: «Нобайдың» алтын медәліне сізден лайықты ешкім жоқ еді, бірақ, амал не, бұйырмаған... былай

кетеді, енді алдағы жылғысын алуымыз керек, ол үшін іске кірісуіміз керек. Үгіт-насихат жұмысын өте кең жүргізуіміз керек. Жаны басқа болса да қаны бір ағайындарымызды, тіпті алыс-берісіміз бар алыс-жақындағы таныс-білісті түгел қамтуымыз керек...

-Әй, Мырық, сен «әйту керек, бүйту керек» деп, немене, үкіметтің түкке тұрмайтын қырық-елу бет қаулысын жатқа оқып тұрғаннан саусың ба? - деп жекіп қалып едім, Мырықтай мықырайып қалды. Солай боларын біліп, күтіп отырғандай Дөкен ептеп қолын да көтеріп, өзі де көтеріліп, қиғаш көзі жыпылықтап:

-Сұл-аға, егер рұхсат етсеңіз, мен... жаңа... біздің ұсынысымызды мен айтып көрейін, - деп маған әрең қарады.

-Сөйле! - дедім. Ол сөйлеп кетті:

-Құрметті Сұл-аға, біз келістік, Бүкең, Түкең бар бәріміз, былай істейік дедік, пропаганда масштабымыз өзіміздің бүгінгі жұмысымыздай кең болсын дедік. Мысалы, Бүкең Мәскеудегі пунктымыз арқылы... өзіңіз «менің қақырықбасым» дейтін Горшочковке шықса, онымен өзіңіздің сөйлескеніңіз нелеу ғой, сіз кішіреймеңіз, Бүкең оның тілін табар, яғни «қақырықбастың» командасы сіздің кандидатураныңды қолдап құжат жасап берсе, жаңа Мықаң айтқандай, алдағы жылғысын алуға, Сұл-аға, сіз ғана лайықсыз! Түкеңнің де ұсынысы бар, - деп Дөкен Түктіханға қарады. Жиын дереу жынданып... тойыст жанданып, ұсыныстар ұсыныла бастады:

-Сүлеке, Дөкештің сөзінің жаны бар... - дей берген Түктіханға:

-Оның сөзін қайтесің, өз сөзіңнің тоқ етерін айт! - дедім.

-Мақұл, Сүке, айтайын. Тоқ етері: қырғыз ағайындарымыздың Бішкек қаласында менің құдам тұрады, Ғылыми-зерттеу институтында, өте беделді несі, мен сол құдамның ұжымынан сіздің кандидатураныңды қолдаған құжат алумен айналысайын.

-Дұрыс! Менде де ұсыныс бар. Мәселен, менің чешен достарым көп, Ваха деген досым орталықтарында - Грозный қаласында тұрады, өте крутой бизнесмен, бәрін бағындырып жүр. Сүке, вот менің сол Ваха досым мен не тілесем, соны орындайды, қолымды қақпайды, - деді Жұқағали.

-Сүлеке, өзіңіз білесіз, Минск қаласында менің нағашы ағам тұрады, министрдің орынбасары, ол да, сөз жоқ, сізді қолдайды! - деді Әпелбек.

-Менің жиен інім Тәшкент... жо-жоқ, Науаи қаласында ректор, үлкен оқымысты, өте принципиальный, университетінің қаулысын шығарып береді, без никаких! – деді Мұсақұл.

-Құрметті Сұлтанпұл Нағызбаев мырза, менің ұсынысым былай: біз бұл жерде ұсынысты көбейтіп, сіздің қымбат уақытыңызды алмайық, біз «Нобай» силығының алтын медәліне алдағы жылы сізді ұсыну жөнінде қазір, осы жерде оргкомитет құрайық та, сөзден іске көшейік. Ол комитетті мен басқара аламын, комитетте бес кісі болсақ, жетіп жатыр, - деді Жалаубай. Жұрт:

-Дұрыс!

-Бәрекелді!

-Жәкең біледі ғой! - десіп бірден риза болды.

-Сүке, мырзалар! Менде бір түзету бар. Жәкең жақсы сөйледі, бірақ, меніңше, комитетті «Нобай» силығының алтын медәліне алдағы жылы сізді ұсыну жөнінде» деп емес, «Нобай» силығының алтын мәделін алдағы жылы сізге алып беру жөнінде» деу керек, конкретный болсын, - деді Парымбет. Жұрт ду қолшапалақтады. Өзім де сөйттім.

-Конкретный болған дұрыс! Сендер былтыр конкретный болмай, мен ала алмадым. Енді биыл конкретный болсаңдар, келесі жылы өлсем де аламын!..

3. Тағы тотисам, онда...

Осы қазақ деген жұрт қызық өзі. «Ет дегенде бет бар ма?» депті. Жалпы дұрыс, бірақ дұрыс емес. Жақсылап айту керек қой?! Бір қазақ соны айтқан кезде жанында ақын болмаған ба, немене?! Мен – ақынмын! Сондықтан оны былай айтамын: «Ох, ет! Ет дегенде жоқ бет!». Қалай? Айтысып жүрген ақын болмасам да, жақсы айттым, ә?! Егер айтысқа қатыссам, мен де «Ауди», «Мерседес» алар едім. Менің бірінші әйелім айтысқа жиырма рет қатысып, понимайш, жиырма «Ауди» алды. Мен соған қырсығып, айтысқа қатысқалы жүрген жерімде қатыспай қойдым. Одан бір «Ауди» кем алып қалсам, ұят қой?! Еркек емеспін бе?! Намыс керек! Но оның есесіне мен биыл «Нобай» силығын аламын! О, ол мировой силық! Ол мировой адамдарға ғана беріледі. Оның бәйгесіне де қатыса беру керек. Мен екі рет қатыстым, бірақ бір жері келмей қалып, мен содан тәжірибе жинақтап, биыл барлық жерін келтірдім.

«Нобай» силығын беретін комиссия, әлде комитет пе.., но бәрібір ғой, біздің айтыстардағыдай анаусы жақсы мен мынауы жақсы алқа-салқа емес, олар өте қатал! Мысалы, мен алдыңғы жылы Нобайға өзімді ұсындырғанда бірінші орынбасарымның құжатты қисық толтырып қойғанын байқамай, мен өзі сенгіш қайраткермін, сөйтіп сеніп қалып, мықынымды мытып тындым.

- «Қисық толтырып қойғаны» қалай?» - деп сұрағалы отырсындар ғой, жауап берейін: «Бірінші орынбасарым, яғни Босақ Курсин... әкесінің аты Күрсін болған... адамға сөйтіп ат қоя ма екен? Күрсінді жүру жақсы емес, кішкентай баласын аямай неге солай атаған, а?.. Ал Босақ тәуелсіздік алғаннан кейін, бәріміз де алдық қой оны, Курсин дегенінің «ин» дегенін алып тастайын деп еді, онда Курс па, Күріс пе, қызық-шыжық бірдеңе болып қалады екен, содан соң өзі де, әйелі де – бәрі де бауыр басқан Курсин күйінде жүре берді. Сол Курсин менің құжаттарымды «Нобайдың» комиссия-комитетіне жібергенде, ондағылар құжаттың тек ағылшын тілінде жазылғанын қабылдайды екен, менің қазақ фамилиям Нағызбаев болса, ағылшындарға Наргиспаева болып барыпты! Құжатта жапсырулы фотокәртішкемде өзім көзі жайнаған еркек болып отырамын да, фамилиям әйелдікі болып шығады. Сұмдық қой! Менің естуімше, құжаттарды тіркеп отыратындардың біреуі: «Мынау Наргис... өте күдікті. Мұны интерполға жіберу керек!» депті. Интерполды білесіңдер, ол – дүние жүзіне авторитетті қылмыскерлерді іздеп табатын халықаралық полиция. Менде қайдағы дүниежүзілік авторитет?! Мені өзімнің облысым ғана біледі. Егер Нобайдың алтын медәлін алсам, онда пожалыста, дүние жүзі білетін болады. Сонымен сөйтіп, Республикалық ішкіштер... өй, ішкі істер басқармасындағылар шақырып алып, құжаттарымды өзіме қайтарып, қиқылдап-шиқылдап күліп қалды. Ал мен келе сала Курсинді орнынан алып, күрсінтіп қоя бердім.

Силықты былтыр ала алмағанымның да тұп-тура себебі бар. Естерінде болсын, «Нобайға» ұсынылудың тәртібі қатаң. Айттым ғой, біздің айтыстағыдай емес дедім ғой. Былтырғы себеп, әрине, алдыңғы жылғыдан басқаша. Алдыңғы жылы Облыстық орман шаруашылығы ұжымының атынан ұсындырсам, былтыр Облыстық омарта басқармасының ұжымына ұсындырғанмын. Сонда құжатымда

тағы бір «но» кеткені. Оны тапжылмай толтырған Облыстық әділет басқармасының бас маманы да көрмепті, өлердей қадағалаған өзім де көрмей қалыппын. «Омарта» деген сөзіміз ағылшын тіліне аударылмай, өзімізше жетіп барған, понимамайш?!. Сөйтсем, Әділет басқармасында ағылшын тілін білетін тірі жан жоқ екен. Бізде, өздерің жақсы білесіңдер, командалық басқару жүйесі бар: кім қай жерге бірінші бастық болып барса, сол жерге өзінің командасын ала барады. Әділет басқармасына тарих ғылымының кандидаты төраға болған екен, ол командалық тәртіпті бұзбай, төрт орынбасарын да, бес бөлім бастығын да тарихшы таныстарының ішінен таңдап алған. Олар омартаның ағылшын тілінде не делінетінін қайдан білсін?! Соның зиянын мен шектім. Соған күйіп-пысып, штатыма ағылшын тілінің дипломды екі маманын алып, «уһ!» дедім.

Жалпы бар ғой, бізде ағылшын тілін жоғары көтеру керектігі дұрыс ойластырылып жатыр, ә? «Мектептің бірінші сыныбынан бастап оқыту керек» дегенді ойлап тапқан адамымыз - данышпан! Егер ол «Ағылшын тілін балабақшадан бастап оқыту керек!» десе, онда сәпсем кемеңгер болар еді! Да, ағылшынсыз адам болмаймыз, болмаймыз! Біздің басшылар әлгі Тони Блэр деген ағылшынды, олардың бұрынғы үкімет басшысын кеңесші етіп шақырып алып еді, күніне 5 миллион теңге беретін болып, көрдіңдер ме, оған дейін бізде ай сайын қымбаттайтын азық-түлік, дүние-мүлік Тониекең келгелі біржарым айда ғана қымбаттайтын болды. Жетістік пе? Жетіскенде қандай! Алқымымыздан кіретін жел енді ауымыздан кіретін болды!

Иә, біздегі бар-жоқ мәселе ағылшын тілінде. Өйдөйт! Биыл мені «Нобай» силығына Облыстық діндарлар ассоциациясы ұсынды, ал ондағылардың жартысынан көбі ағылшын тілінің чемпиондары... өй, шеберлері. Шетте оқып келгендер ғой. Сол шеттен келгендер менің құжаттарымды қатырып жасады, итпен іздегіштер де бір қате таба алмайтындай етіп жіберді. Ассоциацияның атаманы... өй, қалай еді... атасы... жоқ, төрағасы ма? Әлде президенті ме?.. Бізде қазірде не көп, президент деген көп. Е, мейлі, сол жігіт менің құжаттарымды аллауакпарлап поштаға тапсырып келгеннен кейін: - Сұлеке, биылғы «Нобай», анау журналшыларша айтқанда, сіздің қанжығаңызға байланады! Алдын ала «жумайсыз» ба? - деді, жұдырықтай жұтқыншағы жоғары-төмен жортақтап. Кабинетімді тозаң да кіре

алмастай тарс жауып алып, келер «Нобайымды» жымындасып «жуып» тастадық.

Да, «Нобайды» алсам!.. Онда мен айтысқа қатысамын! «Нобайдың» лауреатына бас бәйгені бермей көрсін, егер мына жап-жарық дүниеде жүргілері келсе!

Осы қазақ жұрты шынында қызық, ей! «Жаман айтпай, жақсы жоқ» дегенді де айтыпты. Үшінші әйелімді «Нобай» силығын алатыныммен қуантайын деп әдейі түн ортасында сүйінші сұрасам, өйдә-ә-ә:

-Атамыз қазақ: «Жаман айтпай жақсы жоқ» деген, Сұлтаным-ау, «Нобай» биыл да бұйырмаса, қайтесің? - дегені! Ашу қатты қыса қалса да, ақын емеспін бе:

-Атам қазақ әйелді:

«Шашы ұзын, ақылы қысқа» деген-ді.

Ал мен мына сені:

Шашы да, ақылы да қысқа бұл енді

Емес ақынның теңі деймін! –

дедім де, сразу теріс қарап жаттым. Оның «Сулка, бала да – бір, ақын да – бір, шын өкпелеп қалдың ба?» дейтіні болушы еді, тағы сөйтеді ғой десем, ол көрпесін қымтанып:

-Сол «Нобайды» қайтесің, өлеңінді жазып, өгізаяңмен жүре берсеңші, - дегені. Өй... Шашы да, ақылы да қысқа болып шыққанын қарашы! Егер ба ғой, оның сандырағы келіп, тағы тотисам, онда төртінші әйел алғаннан басқа амал жоқ!

4. Ну, «Нобай», погоди!

Тотидым-ау, тотидым тағы! Құрып кеткір «Нобайын» бермеді ғой, бермеді! Енді не істесем екен? «Осы жолы тотисам, төртінші әйел аламын!» деп едім, жо-жоқ, байқадым, тайпақ мандай қауға басымды шайқадым, - бес қатын алсам да, бәтшәғарлар бері бұрылар емес, ойбай, «Нобай»! Не қыл дейді маған?.. Мешокович бастаған достарыммен ақылдасып, облысымды өркендеттім ғой! «Нобай» үшін! Тракторшылар мен соқашыларға, шөпшілер мен комбайншыларға керек жанар-жағар майды және бәрімізге ауадай қажет кітап-гәзет-журналды Ресейден, желаяқ аутомәшіндерді Жапониядан, электрлі асай-мүсейді Оңтүстік Кореядан, азық-түлікті Малайзиядан, жеміс-жидекті Өзбекстаннан, көйлек-дамбалды Қырғызстаннан, картопты

Беларуссиядан, жиһазды Украинадан, дәрі-дәрмекті Германиядан, демократияны АҚШ-тан тасып жүрміз ғой! Жиырма жыл бойы мен ойдағыдай басқарып отырған облыс халқына бұлайша жақсы жағдай жасау үшін облыс бюджетіндегі қаржының жыл сайын сексен пайызын осындай тамаша шараларға жұмсап келемін. Менің облысымның халқы оны түзу түсініп, анау-мынау жұмыстарына тиесілі ақыларын уақытынан жарты жыл кеш алса да ләм демейді. Біздің қазақтай ғажап төзімді, ғажап түсінгіш халық жер жүзінде жоқ қой, жоқ! Шіркін-ай, үлкені де, кішісі де: «Құдай аштан өлтірмейді!» деп қалғып-шұлғып отырудан ешқашан шаршамайды, шалдықпайды. Арғы жағын айтуға просто тіл жетпейді! Облысымның орталық мешітіне: «Мен тірі тұрғанда, сені жау алмайды!» деп өзім сайлаттырып қойған ешкібас имамымның да көзі ашық, азаннан ақшамға дейін жұртқа: «Сендерге құдайдың өзі де түзу, көзі де түзу. Басқаның көздеріне қарамандар!» деп өсиет таратудан жалықпайды.

Өзімнің бала-шағама, туған-туысқандарыма, құда-құдағиларыма да көзқарасым дұрыс. Төрт қызымның біреуі – ректор, академик; біреуі – директор, ғылым докторы; біреуі – доцент, миллионер; біреуі – кандидат наук! Екі інімнің біреуі – кеденші, доктор наук; біреуі – сантехник, миллионер, кандидат наук! Ал келіндерімнің екеуі де – сауда саласының қайраткерлері! Үш күйеубаламның біреуі – кеденші, полковник; біреуі – салықшы, подполковник, миллионер; біреуі – чемпион! Үш құдамның біреуі – замминистра, доктор наук; біреуі – сенат депутаты – академик; біреуі – мәжіліс депутаты – тоже доктор! Осындайы бар маған «Нобай» силығын бермеу дегенің, понимамайш, - күннің қай жақтан шығып, қай жаққа бататынын білмеу и айдың қайдан келіп, қайда кететінін білмеу! О, айтпақшы, құдағиларымды ұмытып отырмын, а? Не хорошо, не хорошо... Тұңғыш құдағиым – «Корпорация сети салонов красоты» дегеннің президенті! Онда бәрі – президент. Жалпы бізде президенттен көп неме жоқ қой, ал республикамызға солардың қайсысының пайдасы көп, қайсысының зияны көп, ол жағын енді черт знает. Но ортаншы президент құдағиымнан бәрімізге пайда бар, ол – облаптеканың құдайы, тоже доктор наук. Ол біздің бәрімізге керек дәрілерді айтқызбай біліп, беріп жүреді. Просто Мария... тойыст, просто молодец! Кенже құдағиым – хирург, кандидат наук, ол да керек. Міне, осыны біле тұра маған «Нобайды» тағы бермеді!.. Оны мендей кадрларға беруге

пайыз қымбаттады», «...қымбаттады ...баттады ... ады-бады» дегенді естіген сәтте сонау Топекеннің Қарекене: «Түзелетін дүние жоқ, көрерсің» дегені есіме түсе қалады да, бүгінде аутомәшіні ығы-жығы көшемізге атқып шығып, сол, меніңше, сәуегей шалдың әуенімен: «Дүние қымбаттай береді-ай-и-и-и-и...» деп «әндеткім» келіп кетеді. Бірақ, құлақ-құлықсыз заман кімнің әні мен зарын тыңдап жатыр, қой, жалғыз кеңірдегімді аяйын, кәрі көзімді де оны-мұны бірдеңе оқып шаршатпайын деп, қазақы телеарналарымызды түгендеуге кірісемін. Сол-ақ дейін, көңіл шіркінім алты қабат аспанның бері қойғанда бесіншісіне қарғып кете барады. Неге қарғымасын-ау! Көретінім: телеарнамыздың бәрінде сан алуан салтанатты жиын, әр күні әртүрлі және қырық рудан, тойыст, «дүниенің төрт бұрышындағы» есепсіз елден жиналған, ағы бар, сарысы бар, қарасы бар, қоңыры бар, мынаусы сықиып, анаусы қызыл-жасыл киінген еркек-ұрғашы жұрт. Конгресс, ассамблея, конференция, симпозиум, кездесу дей ме, - шетінен дүниежүзілік! Баяндама ма-ау, жарыссөз бе-ау, пікірлесу дей ме-ау, әйтеуір, екі-үш отар қой еркін сиятын залдар сөзге лықа толады. Өзіміздің қазағымыз бен орысымыздың сөздерін өздерінен, өзгелердің сөздерін орысшаға судай тілмаштарынан естимін. Аспанның астыңғы жағында қазақтың Астанасынан кең қала жоқтай, басқа жұрттар жұмыстан бас ала алмай, қазақтар жұмыс таба алмай ерігіп жүргендей... әй, бұл да бір дәурен ғой, «күнде жиын, күнде тойға» не жетсін бұл кірпіктей қысқа ғұмырда, не болса да, бірдеңе болып жатқаны керек те, ә?! Жиналып алып, жымыңдап-қутыңдап жүретіндердің ауыздарына қарап отыра берейікші! Оны-мұныға кедейміз десек те, сөз бен жиын-жиналысқа баймыз ғой, уақытымыз артығымен жетіп жатыр, бізді өзі іздеп келген сөзді «үйірімен үш тоғыз» деп тыңдай берейік те, кәнеки:

-Қазақстан Республикасы –шексіз бай ел! Оның бар байлығын бұл ғасырда есептеп бітіру мүмкін емес!

-Қазақстанның мұнай қоры таусылмайды! Таусылар болса, соңғы тамшысы қашан тамары белгісіз!

-Қазақстан Республикасының газы –дүние жүзіндегі ең сапалы газ! Үрлеп қалсаң, лап ете түседі!

-Қазақстан аса құнды түсті металдарының молдығы жағынан әлем елдерінің ең алдында! Ал гәп әлем елдерінің санында емес, сол қазынадан құралақан өмір сүруші қазақтардың санында!

-Қазақстан Республикасы тәуелсіздік келмей тұрған жылдары өзінің электр қуатын көрші елдерге сатып, өзі де қарық болатын, көршілерін де қарық қылатын! Тәуелсіздік келгеннен кейін электр қуаты, көршілерін қойшы, өзіне де жетпей, оның есесіне Ресей екеуі, бір күні кәресінге қарап қалмас үшін, біздің Балқаш жақта атом электр стансасын салатын болды! Сірә, анау әлгі Чернобыль апатымен айқасқан қазақстандықтардың саны жыл сайын кеміп бара жатса керек!

-Қазақтың жері шексіз кең-байтақ! Мысалы, жер шарын мекендеп жүрген қытайлар түгел көшіп келсе де, емін-еркін керіліп-созылып жата береді!

-Қазақстан – отыз күн ойыны бар қырық күн тойдың республикасы. Астана деген қаласы – оның аштары жоқ, тоқтары көп астанасы. Жылда мұнда «Қала күні» әлемде жоқ жомарттықпен тойланады, әр тойына жүздеген миллион теңге жұмсалады. «Дұрыс!». Қаладағы үйсіз-күйсіздер «отряды» шагоммарштап жүре тұрсын!

-Астана – әлем қаласы!

-Қазақстан Республикасы келесі жылы дүние жүзінде бар діндердің дінгегіне айналады! Діндар бозбалалар мен бойжеткендер жазда да оранып-қымтанып, ал дінсіз жігіттер, тойыст, мігіттер мен сояушаш, бояуқөз қыз-қырқындар жазда жалаңаш жүретін болады! Ол күнге, әсіресе, қыз-қырқын атаулының дайындығы қызу, - қазірдің өзінде омыраулары ашық, шаштары шашық!

-Қазақстан экономикалық дамуда басқа елдердің бәріне үлгі болуда! АҚШ, Қытай, Жапония, Англия, Франция, Алмания, Оңтүстік Корея, Малайзия, Сингапур «Экономикалық дамудың қазақстандық жолын» жанталасып зерттеу үшін арнаулы академия ашуға кірісті!

-Әлем Қазақстаннан тәлім алуда!

-Қазақ елі – Мәңгі ел, оған бүкіл әлем көз тігіп отыр! Әсіресе оның құрылыстары күндіз-түні қызып жатқан 20-30 қабатты ғимараттарына! Республиканың баспанасыз ондаған мың отбасы соны мақтан етуде!

-Қазақстан Республикасы алдағы 5 жылда бүкіл жер шарының халықтарын достастырады! Ешқайсысы есігіне құлып салмайтын, терезесін темір шарбақпен торламайтын болады!

-Қазақстан – түрік дүниесінің алтын қазығы! Қазықтың ұзындығы қырық кез, жуандығы жиырма кез болатыны жобаланыпты, енді

оның салмағын халықаралық стандартқа сай ету үшін халықаралық конференция шақырып, бүкілтүркілік комиссия құру керек!

-Қазақстан Республикасы - Орта Азияның шаңырағы! Ондағы басқа республикалар уық болады, ал керегесі Ресейден келеді!

-Қазақстан алдағы 10 жылда жан басына шаққанда мал өнімдерін өндіруде анау Америка Құрама Штаттарын ғана емес, мынау Қырғызстан мен Белоруссияны да қуып жетіп, басып озатын болады!

-Қазақстан Республикасы жөбішөңкі оқ өтпейтін аутомәшін шығаруда алдағы 15 жылда Жапония мен Алманияны көз жетпейтін алысқа тастап кетеді! Иә, өзі шетке айдап жатқан мұнайының әрбір он бөшкесінің бір бөшкесі бензин болып қайырылып келген соң!

-Қазақстан алдағы 20 жылда екі, не үш Ғылым академиясын ашуды жоспарлап отыр! Президенті - ғасыр ғұламасы, премьер-министрі - қалың қап-қара қасты, қара мұрты елдің дамылсыз дамыған ғылымына одан басқа дауа жоқ!

-Қазақстанның жоғары оқу орындары алдағы 25 жылда Біріккен Ұлттар Ұйымы мен ЮНЕСКО-ның алтын-күміс медальдарымен, бірде-бірі шет қалмастан, түп-түгел маратталады деп күтілуде! Ал марапаттың көкесі Қазақ елінде!

-Қазақстан Республикасында алдағы 30 жылда бала бақшаларына шейін іс қағаздарын ағылшын және қытай тілдерінде жүргізуге жетісу науқаны алдағы жаңа оқу жылында басталатын болады! Министрлері 15-20 ай сайын ауысып жататын елде олай болмағанда ше?!

-Қазақстанда алдағы 35 жылда ой еркіндігі мен сөз бостандығына шек қою мүлде жойылады, ал тарихи ол шараға сенгісі келмейтін жеке тұлғалар мен ұжымдар адам құқығы мен зайырлы мемлекет тәртібін түсінбейтіндер ретінде қазірдің өзінде қатаң жауапқа тартылып жатыр, тартыла береді де! Бәрекелді!

-Қазақстан Республикасында алдағы 40 жылда әрбір жұмысшының айлық жалақысы орта есеппен не 60000 доллар, не 70000 юань болатыны сөзсіз! Теңгемен есептеп бас қатырмаған дұрыс!

-Қысқасы: Қазақстан 2050-жылы әрбір елуінші адамын – миллионер, әрбір жүзінші адамын – миллиардер етуді жоспарлауда!..

Ойпырым-ау, аутомәшіннің төбесіне тауық жұмыртқалары сөзсіз сол заманды мен көре алмай, «...қымбаттады ...ады-бадыда» қала берсем де, уа, немере-шөбере-шөпшектерім көретін болды-ау!..

Мақтаныштың ыстық желі өне-бойымды кеулеп, кернеп, байғұс басым үйтіле жаздады ма, жанып кете жаздады ма, білер жоқ, әлде күбірлеп, әлде сыбырлап, әлде айқайлап па, оны да білмеймін: «А, Құдай! Бізді тіл-көзден сақта!» деп жалбарына бастадым...

БІЗГЕ ЕНДІ НЕ ҚАЖЕТ?

Осы бар-ау, өмір мен тағдырды шатыстырып жүретін әдетті біз қашан, кімнен және қалай жұқтырып алдық екен?.. Әрине, білмейміз. Білмейтініміз көп, мысалы, білмейтініміздің өзі немен, қалай саналатынын да білмейміз. Әйтеуір, біресе: «өмір – қызық, тағдыр – шыжық», біресе: «тағдыр – қызық, өмір – шыжық» дейміз. Оның да анық-танығында шаруамыз жоқ, парламентіміздегі кейбір депутат мырзаларша айтпағымыздың бас-аяғын ауыстырып, есі дұрыс екінің бірі ұға алмайтын етіп, былымықтап сөйлей береміз. Ал екінің бірі, жо-жоқ, екінің екеуі де екі жерде екі = төрттей білетін, түп-түгел түсінетін сөздеріміз – «Елбасымыз атап көрсеткендей» деп тураланып, «әлемде» деген анықтауышпен тұздықталып, жер бетіндегі жетістік, жақсылық, жаңалық атаулының бәр-бәрі біздің тәуелсіз Қазақстанда дейтініміз. Ол да аз: «Міне, жиырма бес жыл болды, Қазақстан дүние жүзінің қауіпсіздігіне кепіл болып келеді!» деп те көсіліпті бір депутат, - бұл мерзімде қайсыбір мемлекеттердің өзара қақтығысуы, соғысуы былай тұрсын, ешбірінің көшесінде жаяутөбелес те болмағандай. Тыңдап, оқып отырасың да: Міне, өмірде не болмайды, сонау Хрущев «көсемнің» кезінде коммунизмді көре жаздап, бірақ, тағдыр қызық қой, ол «көсем» орнатуға шақ қалған коммунизмін өзі де көре алмай, бізге де көрсете алмай тоңқалаңасты, ал ол көкесін тоңқалаңастырған Брежнев «көсем» коммунизмге баса-көктеп жетіп бармай, әуелі оның коридорынан – «дамыған социализмнен» өтіп алу керектігін өсиеттеп, ол да онысының не екенін өзі де білмей, бізге де білдіре алмай, жағы түсіп, кете барды. Өмір ғой! Ол екеуінен кейін пайда болған «таңбалыбас Михаил» - Горбачев «көсем» көкелері ен таққан «коммунизм» мен «дамыған социализмді» дереу «қайта құруға» кірісіп, күндіз-түні тұрып та сөйлеп, жатып та сөйлеп, өзінің көбік сөзіне өзі шашалып, Америкадан ем-дом алып, «КСРО» деген

байтақ елді әлгі-әлгі «коммунизмнен» де, «дамыған социализмнен» де азат етіп, шаңырағын шағып, сол сөйлеген күйі, өмір мен тағдырдың екіортасына сіңіп жоқ болды.

Сол тағдырларды ойлап, өзіміздегі бүгінгі өмір туралы толғауларға құлақ түремін де, билігіміздің бұқаралық ақпарат құралдары тәулік бойы айғақтап жатқан жаңағы жетістік, жақсылық, жаңалық, қауіпсіздік атаулының бәрі өзімізде екеніне, «дамыған социализм» Есіл өзенінің оң жағасында, ал «коммунизм» Есілдің сол жағасында екенін көріп отырғанымызға сенемін. Сенбегенде ше?! Бісмілләсі «Елбасымыз атап көрсеткендей» деп басталатын үлкен-кіші мақаланың кез келгенін оқысаң: біздің Қазақстанның ауыл шаруашылығында, өнеркәсібінде, мәдениетінде, иә, бүкіл тұрмыс-тірлігінде шіркейдің кірпігіндей мін жоқ-ау, жоқ! Әлемді таңданып, тамсандырып отырмыз. Әлемдегі бай делінетін елдерде, ырғын «ғұламаларымыздың» ілгерірек біреуі айтқандай, қайсысы екені есімде қалмапты, көдедей көп қой олар, иә, солардың бірі айтқандай, сол елдерде Қазақстанның экономикалық әлемдік дамуының кодын (кілтін) зерттейтін арнаулы институттар құрылыпты. Әнеки!..

Әйткенмен, қай ғасырда, қай мемлекетте болсын, жұртқа бірдене жетпей жатады және оның не екенін білу әрқашан қиямет болады. Бізде де солай сияқты. Шіренген шенеуніктердің алғы-артқы шептерінде жүрмесем де, соның не екенін ұйықтап ойлап, оянып ойлап, соңғы айда салмақ жоғалта бастап едім: «Уәй, өмір-ай!» ма, әлде «Уәй, тағдыр-ай!» ма, әйтеуір, менің де көкейімдегі «Енді не керек?» деген сұп-сұйық сұраққа қоп-қою жауап табыла қалғаны: Есілдің үстіне көпір..., тойыст, сағат орнатылыпты! О, әне, бізге жетпей жүрген сол болатын! Ойпырым-ай, ойлана-ойлана жүйкемнің неше талшығы жұқарып, неше талшығы үзілді екен?! Е, мейлі, керегіміз табылғанының өзі қаншалық!

Рас айтып отырмын, көп ойландым. «Қазақта шекара болмағанына» «бүгінгі шекарасында мемлекеті болмағанын», «Қазақстанның тарихы 1991-жылдан бастап жазылуы керек екенін», тағы сондай әлду-дәлдулерді түгел қоса ойлап, азан мен ақшамның және ақшам мен азанның арасын метрмен де, литрмен де, килограммен де өлшеп... әй, өзім де қызық-шыжықпын ғой... республикалық есеп-қисап агенттігіне тыпырлатып телефон шалып, бізде: нанның, сүттің,

айранның, майдың, еттің 1992-жылғы мен бүгінгі бағаларының айырмаларын салыстырып сайрап айтып берулерін өтініп едім, ондағылар: «Елбасымыз атап көрсеткендей», ұсақ-түйек сұраққа жауап іздер уақытымыз жоқ, бәрінің де бағасы орта есеппен 100 есе өскенін әуелде 4 теңге 70 тиын тұрған доллардың қазірде 340 теңгеге жеткенімен долбарлай бер! Әлде саған шет елдердің нешеуінен жылына қанша ет сатып алып жүргенімізді айтып беру керек шығар?!» деп шақылдады. Өй, қызылкөздер-ай! Пәледен әлгі немене қашқан деуші еді, мен, немене, солғұрлы жоқпын ба, аузымды тақияммен тарс жаба салдым. Бірақ ойлануды доғармадым.

Ойлана білген жақсы ғой, Есілді әлемге танытқан, бетінің жалпақтығы 17 метр анау сағаттан басқа тағыда бірдененің жетіспейтінін сездім. Сонда бізге енді не керек? «Елбасымыз атап көрсеткендей»... жо-жоқ, ол кісі ненің жетіспейтінін атап көрсеткен емес. Әлемге, иә, әлемге, айдар тағылғаны бар, тағылмағаны бар, елу шақты миллионер-миллиардерді беріп отырған біздің елде ненің жетіспейтінін ойлау ол кісіге ыңғайсыз ғой! «Елбасымыз атап көрсеткендей», тобырдың, бізше - халықтың қатарындағы біз ойласақ та жетіп жатыр. Мысалы, мен: республикамызда неше жүз мың жұмыссыз барын; алдымыздағы тамағымыз бен үстіміздегі киіміміз, пәтерақымыз және басқасы жылына ай сайын неге қымбаттайтынын; жүйкелері елден бұрын тозатын мұғалім мен дәрігерге 50-60 мың теңге ғана айлықақы бұйырып, парламент пен мәслихаттарда, ассамблея дейтінде қалғып-шұлғып отыратын, тым болмаса жылына бір рет селт етіп: «Қымбатты мырзалар, біздің ауылда, ауданда қылаяғы ауыз су жоқ, ол қалай?» дей алмайтын «халық қалаулысы» 2-3 мың доллар айлықақы алатыны не үшін екенін жиі ойлаймын. Немесе 1986-жылғы желтоқсанның 17-18-і күндері Алматыда жастардың көтерілісі болғанына кеше ғана 30 жыл толды, бірақ жоғарғы-төменгі биліктің басшы-қосшылары ләм-мим демеді. Ешбір жерде ресми жиын өткізбеді. Мән-маңызы зор ол Көтеріліс болмағандай. Соны да қинала ойлады. Әрине, мен ғана емес, мыңдар ойлады. Бұл ойларымыз бізде бірдененің жетіспейтінімен байланысты емес пе әлде? Мүмкін, бізде бәрі де мүмкін. Ойланғанымыз үшін ертеңдер жауапқа тартылуымыз да мүмкін. Ендеше...

Иә, ой еркіндігіміз болып тұрғанда ойлана берейін...

МАЗМҰНЫ

Қиялдайыншы3
 Деді... десін...7
 Дұғай-ай!10
 Екен де екен13
 Ауламыздың «ажары»15
 Әләу!.. Әләу!..16
 Бажеке, я не знаю19
 Байғұстар21
 Көкемнің арқасында22
 Кейбір ақын25
 Бұйрық пен құйрық28
 Ғалымдарда ес аздау.....29
 Біздің қазақ қандай өзі?.....32
 Ешқайда жоқ силық34
 Жылына 2 рет тойлау керек!35
 Жігіттер-ау, қыздар-ау!39
 Зәре жоқ40
 Қалллай?!43
 99-дың төрін жайла!46
 Сегіз емес, сексен «қыр»48
 Майлыбайдың беті49
 Мен – оймын52
 Базар...54
 Мырзыр57
 Не бітірдік62
 Несіне кинала берем?65
 О, кей!71
 Обал болар74
 Бұлбұл79
 Әдеби жанр84
 Сол қу айтқандай88
 О, Толғақбай!.....91
 Құртқалы кетті.....93
 Мұртсыз сақалдым.....95

Есіл өзенінің суын тұщытуы мүмкін ол сағатты орнатуға неше миллион теңге жұмсалды екен?.. Сірә, он шақты ауылға ауызсу жеткізіп беретін жүйе жасауға жұмсалар қаржыдан әлдеқайда көп шығар, ә? Әрине!..

Әйткенмен... әй, Астанаға сол сағаттың пайдасы аз емес. Меніңше, бірінші пайдасы: «Міне, біз мынадай сағат орнаттық! Гиннестің рекордтар кітабына жаздырып, «Әлемдегі ең үлкен сағат – Қазақстанда!» дегізіп, уәй, эне!» деп шешініп тастап мақтануымызға себеп бар (себепсіз де мақтана беруге төселіп алдық қой!).

Екінші пайдасы: алтынмен апталып, күміспен күптеліп жатқан ай-хой Астананың, иә, қаулымен қапталып, қаңырап жатқан ауылдың емес, өзіміздің Астананың шәкіртінен министріне дейінгі бірде-бір тұрғыны мектебіне, кеңсесіне, мейрамханасына, театрына, түнгі клубына, дүкеніне, базарына бұдан былай бір минөт те кешікпейді! Сырттан, сонау шет елдерден келіп-кетіп жататын меймандарымыз да есіл уақыттарын біздің Есілдегі осы мәртебелі сағатымызбен есептейтін болады! Так что...

Сонда бізге енді не керек? Оны ойлан... О, «ойлан – тап» деген, мен таптым: бізге жетпей тұрғаны – Қоңырау! Да, да, **НАСТОЯЩИЙ ҚОҢЫРАУ!** Оны да Есілдің ең көрнекті тұсына орнату керек! Алтыннан ба, күмістен бе, қоладан ба, титаннан ба... неден жасатуды билік біледі, орнаттыратын да - өзі. Әйтеуір, Ресейдің Патша-қоңырауынан әлдеқайда үлкен етіп жасату керек! Әрине, Путин В.В. мырзаны ренжітіп алмай.

Ол қоңырауымыз да Гиннесс кітабына жазылып, әлемге айғақталса, астаналықтар тағыда бір жасап қалар еді! Әсіресе, айналайын шәкірттеріміз бен студенттеріміз сабақ-лекция арасындағы үзіліске уақтылы шығып жүрер еді!

Солай, ағайындар! Біздің Қазақстанға енді бір ғана керек нәрсе – осы, Қоңырау! Жетіспейтініміздің орны сонымен лықа толады! Алдын ала айта отырайын: **ҚОҢЫРАУЫМЫЗ ҚҰТТЫ БОЛСЫН!**

2017 ж.

Орным қайда?.....	97
Ұқтым	99
Төкесінің көлеңкесі.....	102
Бәсе!.....	104
Иә, оңалмассың!.....	106
Сен де бір ит екенсің.....	109
«Бүйенбай пұшпағындағы» бірер күн.....	111
Бейнетсіз де зейнетсіз.....	119
Намыс-қамыс.....	121
Бес мінездеме.....	124
Өң мен түс	129
Рас-ау!	135
Алдекең мен Қожекең кездесе... ..	139
Өрелі өсиет	141
Қошқар	142
Сауда	143
Әй, жапонда-а-а-ар!.....	146
Өрт	152
«Мен бар... Мұхаң бар...»	155
Баспалдақ	159

Әзіл-сықақ әлемінде

Күлкіден айырмасын!	164
Үмбекеңнің үнін айт	175
4 том күлкі	190
Өзіміздің Ермахан	192
«Қызық кісі»	197

Мақала тәмам. Әңгімеге оралалық

Неміс тілі.....	200
Халық санағы	202
Терімді кеңіте сөйледім	207
Әй, 1 сом!	210
Айтайын ба?	214
Алды мен арты	217
Дұрыстап үйренерсің	221

Паровоз бен бас вагон	224
«Сауап» болған	226
Тарихи кеңес	232
Ұжымдық ұйғарым	237
Соңғының соңғы сөзі	241
Кезек тимей жүр екен	247
«Түскөргіштер партиясын» құрайық!	249
Сотбаймын	253
Олардың іздегендері – жұмыс	255
«Сұңқыл»	258
«Бүке, хал қалай?»	261
Чяу! Чяу!	264
«Өйдөйт» ашылды!	268
Сонда, содан... ..	269
Ұмытпандар	272
Жаңашыл	274
Бәрі – өзінікі	276
Есеп-қисап	278
«Арты қайырлы болсын»	279
Атақ сағамын, атақ!	280
Содан шықты шатақ	284
Артық ақыл	289
Жаға	290
Айран тәтті ме, арман тәтті ме?	293
Әкірі	298
Қазақы қалып	300
Келіндер, алыңдар!	304
Бір мысқал күрсініс.....	309
Біреуден екеу	312
Бейтанысым күлегеш екен	317
Астанада аузы бос адам жоқ	319
Алматыда құлағы да бас адам жоқ	323
ОБСЕ	325
Ойбай, «Нобай»! О, тоба-ай!.. ..	328
А, құдай, бізді тіл-көзден сақта!	341
Бізге енді не қажет?	345

Ғаббас ҚАБЫШҰЛЫ

ҚҰЛҚИМ - ҚЫМБАТ БІР МҰЛҚИМ

Редакторы

Т. АЙТБАЙҰЛЫ

Беттеген

Д. ТАЛҒАТ

Басуға 10.06.2017 ж. қол қойылды.

Қалыбы 60x90 ¹/₁₆. Шартты баспа табағы 21,5.

Есептік баспа табағы 22. Таралымы 50 дана.

«Тоғанай Т» баспасы: Алматы қ-сы, Қожамқұлов көшесі 128-39.

Тел.: +7 727 233 62 23, факс: +7 727 390 41 03.

e-mail: ToganayT@mail.ru